55
К38


Жайық қоңыр

ҚАНЫШ АҒА



55(574) 479957
К 38 Қанық аға
1989 15=
28.12.03. Габдуллин Р. ТРЦК
17.03.04. Гусарова 10 9
5.04.04. ВРЦ-ік семинар.

479957



Сәтбаева Шәмшиябану
Қанышқызы семьясының
Университетке сыйлаған
кітаптарының бірі



55 (574)
К-32

Жайсаң Жандар

ҚАНЫШ АҒА

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВ
ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1989

ББҚ 33 г
Қ 34

Редакция алқасы:
А. АБДУЛЛИН, А. МАШАНОВ, Қ. НАЙМАНБАЕВ, Ш. СӘТБАЕВА, М. СҚАҚБАЕВ, П. ТӘЖІБАЕВА, Ш. ШӨКИН.

Құрастырып, түсінік жазғандар:
Ш. Қ. СӘТБАЕВА, Ғ. О. БАТЫРБЕКОВ, Ә. Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ

Пікір жазғандар: *А. К. Қаюпов, З. К. Кабдолов.*

Редактор *Қ. Қасымбеков*

Қ 34 **Қаныш аға:** Естеліктер (Құраст. Ш. Қ. Сәтбаева, Ғ. О. Батырбеков, Ә. Қ. Жармағамбетов; (Ред. алқасы А. Абдуллин, ж. т. б.)— Алматы: Жазушы, 1989.—400 бет., портр, суретті.

Бұл кітапта аса көрнекті совет ғалымы, СССР және Қазақ ССР Ғылым академиялары академигі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы естеліктер жинақталған. Олардың көпшілігін Қанекеңмен қызметтес болған ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жазушылар, біразын ғалыммен кездескен, оның еңбектерінен, қызметтерінен әсер алған адамдар жазған. Бұл кітап академик Қаныш Сәтбаевтың ғылымдық, творчестволық, қоғамдық, ұйымдастырушылық еңбегін, орасан зор талантын, шалқар болмысын, таңтамаша рухани келбетін, үлкен адамгершілік қасиеттерін жұртшылық терең түсінуге септігін тигізбек.

К $\frac{4603020100-042}{402(05)-89}$ 193—89 ББК 33 г

ISBN 5-605-00244-9

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің кітапханасы
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова
117951

©«Жазушы» баспасы, 1989

Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ЕСІМІН МӘҢГІ ЕСТЕ САҚТАУ ТУРАЛЫ

Советтің геолог-ғалымы, академик Қ. И. Сәтбаевтың зор еңбегін ескере отырып және 1989 жылы оның туғанына 90 жыл толуына байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақ ССР Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде академик Қ. И. Сәтбаевтың мемориалдық музейін ашу туралы, жаратылыстану ғылымдары жөніндегі таңдаулы ғылыми зерттеулер үшін Қ. И. Сәтбаев атындағы екі сыйлық белгілеу туралы республика Ғылым академиясының ұсынысын қабылдауға қаулы етті. Сыйлықтарды беру правосы Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумына беріледі.

Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми сессиясын өткізу ұйғарылды.

Алматы қалалық атқару комитетіне мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, конкурстық негізде Алматыда Қ. И. Сәтбаевтың ескерткішін жасап, орнату тапсырылды.

Оқудағы, ғылыми және қоғамдық, қызметтегі табыстары үшін техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарының студенттері үшін жыл сайын беріліп отыратын Қ. И. Сәтбаев атындағы үш стипендия белгілеу туралы Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің ұсынысы қабылданды.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті мен республика Ғылым академиясына 1989 жылға қарай Қ. И. Сәтбаев туралы ғылыми-көпшілік әдебиет, сондай-ақ оның ғылыми еңбектерін басып шығару мәселесін шешу тапсырылды.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына қарай оның өмірі мен қызметі туралы деректі фильм жасап шығару ұсынылды.

(ҚазТАГ).

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Біздің халқымыздың Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі тамаша тағдыры тудырған құбылыстардың бірі — еліміздің өндіргіш күштерін дамытып, өркендеуіне ықпал ететін совет ғылымының ғажап өкілдерінің өмірі мен қызметі. Коммунистік партия мен Совет өкіметі елімізде жаңа өмір орнатып, социализм құрылысы өрістей бастаған жағдайда совет ғалымдары тәрбиеленіп, қайнаған өмірге белсене араласты. Олар даркан дарыны, өзгеден озық тірлік-тынысы арқылы өз бойына заманының тәжірибесі мен жетістіктерінің ең құнды жақтарын жинақтады. Сондықтан да олардың өмірі де, ісі де, қызметі де қымбат қазына, маңызды мұра, сол мұраны бойына ілтипатпен сіңірген ұрпақ прогресске ұмтылу жолында жемісті нәтижелерге жетпек.

Аса көрнекті ғалым және қоғам қайраткері, СССР Ғылым академиясының және Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — совет заманы тудырған ғажап құбылыстардың бірі. Ол сирек талант, дарын екендігімен қоса жаңа дәуір жемісі, елімізде социализм орнату мақсат-мұраттары дүниеге әкелген совет ғылымының тамаша өкілі, интернационалист ғалым. Елімізде социалистік құрылыс өрістей бастаған кезде Қ. И. Сәтбаев енді кемеліне келе бастаған жігіт болатын. Содан бері ол туған елінің игілігіне мол қабілетін, зерделі зейінін, сергек санасы мен қайсар қайратын аямай ерен еңбек етті. Бойындағы қадір-қасиетін, қажырлы қайрат-жігерін Отан үшін жұмсап, ұлан-асыр ғылыми және мемлекеттік қызметінің бар жемісін халық игілігіне арнаған, шарапатын көпке тигізе білген үлкен ғалымның өмір жолы, ерлік еңбегі — ғибрат, тағлым. Ғалымның парасатты қызметі халқының көз алдында өтті, оның әрбір әсерлі қадамы замандастардың есінде қалды. Сондықтан академик Қ. И. Сәтбаевтың ғажап өмірі, ғалымдық жолы тірі кезінде де өнеге еді. Енді оның дүние салған уақыты алыстаған сайын халқының ардақты адал перзентінің өмір жолының мәні мен ғибраттылығы, ұрпақ үшін қажеттілігі бұрынғыдан да ұлғая, биіктей түскен тәрізді.

Академик Қ. И. Сәтбаевқа арналған бұл жинақ онымен араласып, жақын жүріп қызметтес болған ғалымдардың, ғылыми мұрасын зерттегендердің, жазушылардың, журналистердің, жүзбе-жүз кездесіп әсер алған адамдардың естеліктерінен құралды. Жиналған материалдардың ішінен сұрыпталып, екшеліп алынғандары — академик Қ. И. Сәтбаевтың ғылым мен қоғамдағы сан-

алуан еңбектерінің кейбір қырын едәуір ашатын құнды естеліктер.

Академик Қ. И. Сәтбаевтың бүкіл өмірі совет ғылымының тарихымен, туған республикамыз дамуымен, Қазақ ССР Ғылым академиясымен тығыз байланысты. Сондықтан да жинақта келтірілген материалдар, есте қаларлық кездесулер, ғалымның өмірбаяны мен ғылымдық ұйымдастырушының қызметіне қатысты пікір-тұжырымдар совет ғылымының, Қазақстанның тарихын зерттеу үшін қажетті, құнды материалдар болып саналады.

Ғылымның әр саласындағы мамандардың академик Қ. И. Сәтбаев туралы жазғандарының енді бір құнды қыры сол — оларда ғалымның өмірі мен қызметі туралы пікір-тұжырымдар мен өмірбаяндық кейбір қызық фактілерден басқа Қ. И. Сәтбаевтың еліміз дамуының жолдары мен ерекшеліктері туралы, сан алуан проблемалар туралы бұрын беймағлұм болып келген, баспасөзде жарияланбаған толғам-түйіндері, ой толқындары келтіріледі. Мұның өзі ғалым мұрасын, жазба еңбектерін молайта, қорландыра, жүйелей түсері хақ. Академик Қ. И. Сәтбаевтың ұланғайыр мол мұрасы енді ғылыми жүйеде терең зерттеле бастады, оған ғылымның әр саласындағы мамандар білгірлікпен, жанашырлықпен қатынасуы қажет.

Партиямыз бен үкіметіміздің көк байтақ қазақ жерінің таусылмас қазына қоймасын туған Отанның игілігіне жарату міндет-мақсаттарын іс жүзіне асыруда, ғылым мен практиканы үйлесімді жүргізуде Қ. И. Сәтбаев аянбай еңбектенді. Ал бұл еңбек озық совет ғылымының бай тәжірибесіне сүйену қажеттігін туғызды. Қ. И. Сәтбаев еліміздің ең көрнекті геолог, металлург, геофизик, геохимик, географ, астрофизик ғалымдарымен, тағы да басқа салалардағы мамандармен мәжілістес, пікірлес, жылы қарым-қатынаста болды.

Аса көрнекті совет геологы және географы, академик, Социалистік Еңбек Ері, Лениндік және Мемлекеттік (екі мәрте) сыйлықтың лауреаты Владимир Афанасьевич Обручевпен Қаныш Имантайұлы сонау Томскіде студент болып жүрген кезінен таныс болған, лекцияларын тыңдаған, В. А. Обручев Томскіде профессор болып қызмет істегенде ұғымтал, зерек, ақылды, жігерлі студентіне назар аударған. Профессордан жас айырмашылығы көп (36 жыл) бола тұрса да, сол кездерде басталған жылы қарым-қатынастар, кейін, СССР Ғылым академиясының академиктері ретінде қатар еңбек еткенде нығая түсті. Ұстаз бен шәкірт арасындағы адам қызығар ғажап үйлесімділіктер мен қарым-қатынастар ғылым қажеттеріне қалай ықпал, әсер еткенін академик В. А. Обручевтің академик Қ. И. Сәтбаев туралы жазған «Мен үшін ол зор мақтаныш» деп атаған тамаша естелігінен көруге болады. Мұндай естелік — ғылыми-танымдық және тәрбиелік маңызға ие.

Сол сияқты енді бір топ құнды естелік материалдар—академиктер Виктор Амазаспович Амбарцумян, Мстислав Всеволодович Келдыш, Николай Васильевич Мельников, Дмитрий Васильевич Наливкин, Владимир Иванович Смирнов, Федор Васильевич Чухров жазбалары, СССР Ғылым академиясының Президиумы мәжілістерінде, сессияларында, конференцияларында, ресми емес мәжілістерде Қ. И. Сәтбаев советтік ғылымның жұлдыздары — академиктермен жиі кездескен, әңгімелескен, пікірлескен, сыйласқан, құрметтескен.

Советтік ғылымның интернационалдық сипаттарының бір тармағы, бір қыры — Одақтас республикаларда ғылым саласының мейлінше өркендеуі, ғылым ордасы — академиялар, филиалдар, ғылыми зерттеу орындары ашылуы. Қазақ ССР Ғылым академиясының басшысы, президент ретінде де, білгір маман ретінде де академик Қ. И. Сәтбаев одақтас республикаларда ғылым дамуына көмек көрсетіп, үйлестіру жұмыстарын шебер іске асырып отырғаны белгілі. Осы бір күрделі саладағы академик Қ. И. Сәтбаевтың еңбегінің кейбір қырлары, мысалы, осы жинақтағы СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелері Мухамед Сайфитдинович Асимовтың, Сағид Рауфович Рафиковтың, СССР Медицина ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі Иса Кунаевич Ахунбаев сол сияқты бірнеше ғылыми қызметкерлер мен журналистердің естеліктерінде, очерктерінде көрініс тапқан.

Жинақтың жартысынан көбі дерлік республикамыздың көрнекті ғалымдары, жазушылары, қоғам қайраткерлері, ғылымның әр саласындағы мамандар, практиктер жазған естеліктер. Олардың басым көпшілігі осындай жинаққа кезінде арнайы жазылуымен де академик Қ. И. Сәтбаевтың ғалымдық бейнесін, тұтас алып тұлғасының кейбір жекелеген қырларын танып, білуге дәнекерлесетіндігімен де қымбат. Академик Қ. И. Сәтбаевпен замандас болып, көп жыл бойы қызметтес қатар жүріп, іштей түсінісіп, бірін-бірі қадірлеп, бірегей мақсатта жан аямай еңбек еткен аяулы азаматтар: Ә. Бектұров, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Русаков, М. Галузо, А. Жұбанов, С. Мұқанов, М. Горяев, С. Бәйішев, Ө. Байқоңыров жазған естеліктер, мақалалар аса құнды.

Жинаққа Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылымның әр саласындағы мамандар дайындауға ерекше көңіл бөлгендігін, ағалық қамқорлығы мен мейірімін, адамдармен қарым-қатынаста, сөйлескенде, істің байыбына барғанда аса бір адамгершілік жылылығын, қарапайымдылығын ашуға дәнекерлесетін естеліктер енгізілді.

Академик Қ. И. Сәтбаевтың есімін мәңгі есте сақтау шараларының бірі Марс пен Юпитер аралығында Күнді айнала қозғалатын планетаға Қ. И. Сәтбаев атын беру туралы Халықаралық планета орталығының шешімі отандастарымызды зор қуанышқа бөлеген еді. Осы уақиғаға байланысты талантты, белгілі ақын, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хамит Ерғалиев «Ғарыштағы Қаныш» балладасын жазуы жұртшылықты дән риза етті, толқытты. Бұл жинаққа осы балладаны енгіздік.

Жалпы, бұл жинақ мазмұны жағынан жан-жақты материалдарға бай. Олардың біразы бұрын баспасөз бетінде, көбіне, орыс тілінде жарияланғанмен қазақ тіліне алғаш аударылды. Көптеген материалдар тыңнан қосылып, оқушылар назарына тұңғыш ұсынылып отыр. Академик Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толу қарсаңында жеке кітап болып, қазақ тілінде алғаш рет ұсынылып отырған бұл жинақ ұлы ғалымның тамаша өмірі мен ұланғайыр қызметі туралы жан-жақты мағлұмат беретін, оның өшпес жарқын бейнесін өрнектейтін, болашақпен ұштастыратын құнды еңбек екені аян.

В. А. Обручев

МЕН ҮШІН ОЛ — ЗОР МАҚТАНЫШ

Қажымас іздемпаз әрі қабілетті ұйымдастырушы Қ. И. Сәтбаев жаңа Қазақстанның шаңырағын көтерушілердің алғы сапында көзге түсті. Ең алғашқы геологиялық жұмысын ол Қарсақбай ауданының темір кен орындарын, Жезқазған мен Атбасардың мыс кендерін және ағылшын иелігінде болған Спасск өндірісін зерттеп, олардың болашақ мүмкіндіктерін анықтаудан бастады. Солардың ішінде оны, әсіресе, Жезқазған кені өте-мөте қатты ойлантқан еді: Атбасар мен Спасскі аймағының ірі де өнімді мыс кендеріне қарағанда түкке тұрмайтын секілді, бірақ мына ұп-ұсақ кен жарықшақтары, тау жыныстарының ара-арасына шашырап түскен кішкене-кішкене жылғалар тереңге бойлаған тәрізді, көп жылдарға созылар зор байлықтың жыршысы болғандай: үлкен өндірісті ұзақ мерзім бойы жарылқар кен көзінің алғашқы белгісіндей еді. Иә, жас зерттеуші өзінің алғашқы қадамында-ақ осындай бір абыройлы да, жансақ бассаң — азабы көп, қиын да қияметі мол, жауапкершілігі үлкен үміт-болжамға тап болған еді. Бірақ Қ. И. Сәтбаев осы жылдарда өз маңына қиыншылықтан қорықпайтын қажырлы көмекшілерді топтастыра білді, жұмысшы кадрларды алыстан іздемей-ақ жергілікті қазақтар арасынан тауып, оларды алуан өнерге өзі баулыды, техникалық құралдармен, басқадай да қажетті нәрселермен жабдықтау үшін қажымай-талмай жұмыс істеді, табандылықпен, тіпті қайсарлықпен ақырына дейін шыдап, өз жолында кездескен барлық қиыншылықты жеңіп отырды, осындай қиын-қыстау кезеңдерде ол тапқырлық, орасан зор ұйымдастырушылық қабілет танытты. Сөйтіп осы жылдарда ол Үлкен Жезқазғанның мыс, минералды шикізат қорларын жан-жақты зерттеп, алғашқы үміт-бол-

жамның шындық екенін айна-қатесіз дәлелдеп шықты. Осы зерттеулерден соң Үлкен Жезқазған айналасындағы көршілес аймақтармен қоса орасан алып мыс қазаны деп танылып, дүние жүзінің аса ірі кен орындарының алғашқы тобына қосылады, зерттеушілердің табысы мұнымен ғана шектелмейді: қорғасынның аса ірі қоры ашылды, кобальт, никель, алтын, молибден, ванадий сияқты металдарды қоса өндіру мүмкіндігі анықталды. Отқа төзімді мәйектік және құрылыстық материалдарды іздеп тауып, қорын анықтады; Байқоңыр мен Қияқтыдан көмір тапқан да осы топ. Отан соғысы жылдарында мыңдаған зеңбіректер, снарядтар, танкілер мен самолеттер жасау үшін қыруар мол металл қажет болған қиын-қыстау кезеңде, бұл міндетті қазыналы Орал көтере алмай қиналған сәтте, Жезқазған сияқты алып кен орны ашылып, жан-жақты түбегейлі зерттеліп, өндірісінің басталуы маңызы өлшеусіз іс болды. Жезқазған кеншілері өз мойнына түскен ауыр міндетті толық түсініп, жанқиярлықпен атқарып шықты: кен өндіруді, мыс балқытуды соғыс қажеттері үшін еселеп арттырды.

Кривой Рог қазбаларына ұқсаған Қарсақбай темір кенін барлауда да Қ. И. Сәтбаев қыруар еңбек сіңірді: сол кездегі байыту әдістері игере алмайтын жұтаң кендер мұнда баршылық еді, олардың ішінен құнарлырақ кен қабаттарын іздеп табу қажет-ті. Қ. И. Сәтбаев тынымсыз ізденіп жүріп, осы күнгі Атасу темір кендеріне тап болды, көп ұзамай-ақ жаңа кен орнының қоры есептеліп, өндіріс ұйымдастыруға қажетті анықтама-ұсыныс берілді.

Ал, СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырылған кезде Қ. И. Сәтбаев геология институтының директоры және филиал президиумының председателі міндетін қоса атқарды. Ғалымның ұйымдастырушылық қабілетінің жаңа бір биіктен көрінуі де осы шақ. Ол жаңа ашылған ғылыми-зерттеу коллективтерін жан-жақты шыңдап өсіруде ұшан-теңіз жұмыстар істеді: геология институты директорының тікелей араласуымен Қаратаудың ванадий кендерін барлау және зерттеу ұйымдастырылып, кенді өндірістік жолмен игеру мәселесі шешілді; бұл жұмыстардың бүгінде нақ сол кездегі болжам-жоба бойынша жүзеге асып отырғаны таңқаларлық құбылыс, шын мәніндегі ғылыми көрегендік. Нақ сол жылдарда геология институтының

зерттеушілері Қ. И. Сәтбаевтың жетекшілігімен қазақ даласынан никель, кобальт, молибден және басқадай да сирек металдар кендерін ашты. Қолайлы географиялық, әрі экономикалық тиімді жағдайда сирек кездесетін түсті металдарды өндіру идеясын да тұңғыш рет академик Сәтбаев ұсынған-ды. Кендірлі аймағының жанғыш сазы мен көмірінен сұйық отын ағызу, Қазақстанның алунит жыныстарынан күкірт қышқылын өндіру мүмкіндігін де ол кезінде өскерткен болатын.

Институттың директоры әрі СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы президиумының председателі бола жүріп, Қ. И. Сәтбаев филиалдың құрамына еліміздің көптеген ірі ғалымдарын тарта білді, соның нәтижесінде аз жылда-ақ ол ғылыми қызметкерлерді даярлау жұмысын жолға қойды, ұлттық кадрларды іріктеп алып батыл жоғарылатуда, оларды ғылыми өсіріп баулуда айтулы жұмыстар атқарды. Оның тікелей басшылығымен филиал аз уақытта-ақ он алты институт пен бірнеше жеке секторларда ғылыми жұмыстар жүргізіп, Қазақ республикасындағы ғылыми ойдың орталығына айналды. Филиалдың ғылыми табыстары мен қызметкерлер құрамының әйгілі болғаны соншалық, 1943 жылдың өзінде-ақ Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советіне оны жеке дара ғылыми академия етіп құру туралы мәселе көтеруге мүмкіндік берген еді. Шынында да бұл мәселе кейін солай шешілді. Жаңа академияның алғашқы Құрылтай сессиясында, әрине, Қ. И. Сәтбаев оның тұңғыш президенті болып бірауыздан сайланды.

Қ. И. Сәтбаев уақытының денін Қазақстандай алып республиканың әр алуан кен қазбаларын геологиялық барлау мен зерттеуді ұйымдастыруға жұмсады; жиналған материалдарды өңдеп, қайта қарау және шарт; геология институты мен ғылым академиясының филиалындағы оның тікелей қатысуын күтіп жатқан ұшы-қиырсыз әкімшілік қызметі тағы бар; бұған лекция, баяндама және консультация ретінде ғалымға жүктелетін көптеген үгіт-насихаттық, ғылыми-көпшілік жұмыстарын қосыңыз. Оның қаламынан шыққан барлық ғылыми еңбектері Қазақстанның геологиясына арналған, дені қазба байлықтарын шығаратын кен орындарын сипаттайды. Жезқазған мен Атбасар мыс кендерін, Қарсақбайдың, Атасу мен Аят аймағының темір кенін,

...ары қоры
...ының түбегейлі зерттеулері бұл ретте ерекше көзге түседі. Тағы бір еңбектерінде ол туған өлкесінің жекелеген аудандарының, кейбір зерттеулерінде бүкіл Қазақстанның алға қарай өркендеу жолын, геологиялық-экономикалық өсу мүмкіндіктерін күрделі түрде зерттеп шешуге ұсыныстар жасаса, енді бір жазбаларында Қазақ республикасының ғылыми жетістіктерін, филиалдың жетекшілік ролін қорытындылайды. 1942 жылы Қ. И. Сәтбаев Жезқазған ауданының кен орындарын зерттеудегі зор еңбегі үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. Ғылыми еңбектерінің маңыздылығы мен өрісінің аумақтылығына байланысты оған ешқандай қорғаусыз-ақ геология-минералогия ғылымының докторы деген атақ берілді. 1943 жылы ол СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1946 жылы толық мүшесі болып сайланды.

Мені жұрт Сібір геологтары мектебінің ірге тасын қалаушы деп атайды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та осы мектептен тәрбие алып, қанатын осы ұяда қомдаған дарын иесі. Мұндай зерделі шәкірттің ғылым көкжиегіне таң шолпанындай жарқырай шығып, сөнбес нұр шашуы, ұстаз атанған барша ғалымға үлкен қуаныш болса керек, ал мен үшін көңілге нұр құяр зор мақтаныш.

М. В. Келдыш

ТАМАША ГЕОЛОГ ЕДІ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еліміздегі тамаша геологтардың санатына енеді. Геология саласындағы аса көрнекті ғалымдардың бірі болып табылады. Ол геологиялық теорияның дамуына орасан зор үлес қосты және оның зерттеулері еліміздің бай табиғат қорларын, тап айтқанда, Қазақстанның мол табиғат қорларын шуға көмектесті. Ол ұзақ уақыт бойына Қазақ рес-

...ғылым академиясының президенті бо
...істеді және онда ірі ғылыми орталық құрды. Ғыл
...ның көптеген салаларын дамытуға жәрдемдесті. Қан
Имантайұлы Сәтбаев біздің еліміздегі барлық ғыл
ды ұйымдастыруды дамытуда үлкен роль атқарды.
көп жылдар бойына СССР академиясы президиу
ның мүшесі болды. Оған өмірге деген, Отанымызд
күш-қуатына деген, идеяларымыздың әділдігіне, к
мунизмнің жеңіп шығатындығына деген терең сен
тән болатын.

М. Әуезо

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЗОР ҒАЛЫМЫ

Қай халық болса да өз ортасынан ғалым өсірге
дәрежеге жеткенде, жалпы мәдениет тарихына өзінің
елдігі мен өсуі туралы тың жаңалық мәлім еткен ха
лық болады.

Қазақ тарихында қазақ ғалымдарының шыққандығы — тарихтық үлкен нышанның бірі. Барлық елдер сияқты, қазақ халқы да бұрынғы өткен дәуірінен өзінің елдігін қадірлейтін әр алуан асыл азаматын атай алады. Сол қатарда, ақын Абай, Жамбыл сияқты ел мақтаны болған азаматтарын айтады. Халық қамқоры, ер қайраткері Аманкелдіні айта алады. Орыс мәдениетінің қазақ сахарасына берген алғашқы жас балдырған жемісі — Шоқандай оқымыстыны, Ыбырайдай үлгілі еңбек иесі, білім, тәрбие қайраткерлерін айта алады.

Елдік қасиетті бойына жиған шешен-ділмар, ағылтегіл ақындар, бармағынан бал тамған күйшілер, әсем сазды әншілер болғанын ескі тарихымыз да баян етеді.

Советтік Қазақстанның бүгінгі өнерлі жұртшылығы, бұрынғы мұралардың ең асылдарын, пайдалыларын өзінің жарқын жолды социалистік мәдениетінің қорына қосып, бүгінгі керекке жаратады. Шын бағалы ардақтысын мақтан ете біледі.

Бірақ сол бұрынғы иелер жақсы деген қадірлі ұл-

дарының қатарында қазақ халқы бұрын атай алмайтын топтар болушы еді. Әрбір сапалы тарих пен саналы елдіктің үлкен сыны болатын бір топтан құралақан болатын. Ол — өзінен шыққан үлкен оқымыстыны қатарға қосу, қадір тұту жайы. Баяғыдан бергі өткен сансыз көп шөл ғасырлар қазақтан оқымысты тудыру түгіл, бастауыш оқу, шала сауаттың шамасынан да құр қалдырып, өгей етіп келді. Тек, Ұлы Октябрь берген, Лениндік ұлт саясаты жеткізген социалистік мәдениет, коммунистік жаңа тәрбие ғана халқымыздың тарихтарын өзгертті. Жетпегенін жеткізіп, тумағанын тудырды. Бұрынғы замандарда болмақ түгіл, болжауға батыл бармас жаңа болмыс келтірді. Бұл күнде Советтік Қазақстан саясаттық, әлеуметтік тірлікте, шаруашылық, өнер табыста, мәдениеттік жарыста қай өнерлі халықтардан да қалыспайтын боп, алдыңғы қатарға ілесті.

Ұлы орыс халқының туысқандық басшылығымен, қазақтың социалистік жаңа ұрпақтары сан биік тұрғылардың көп өмір саласындағы көрнекті шыңдарының басына самғады. Бабындағы қырандай шарықтап «Мені көр» дегендей танылып жатыр.

Данышпан Ленинның халықтар тарихына бас болған, бағыт айтқан ұлы пікірлерінің бірінде «қазақ сияқты мәдениеттен бұрын кенже қалған, патшалық Россияда теңсіздікте келген елдер, капиталистік даму дәуіріне соқпай, социализмге төте етеді» деп еді.

Осы ойдың өмір, тарихта толық орындалғанын Қазақстан тірлігі сан саласының өзі-ақ көрсетеді. Құмшөлдерде туып, түрленген әлденеше қалалар, одақтық, дүниелік даңқы бар алып өндірістер, сансыз көп заводтар, егін далалары, жоғары мектептер, үлкен өнерлі театрлар, гүлденген әдебиет, музыка — бәрі де зат байлығы мен интеллект байлығын танытатын айғақтарымыз. Бүгінгі Қазақстан картасына, кең көлеміне көз тастасаңыз, бірінен-бірі қызғылықты боп, шарықтап өсіп жатқан табыстарымыз көп мұнарадай бой жасап тұрады.

Осы табыстар қатарында, бүгінгі гүлденген Қазақстанда ең алдымен аталатын анық асыл айғақ — соңғы жылдар туған Ғылым академиясы. Тездігімен тарихтың өзін таңырқатқандай кереметтей табыстар арасында, совет адамының өзі бір төбе. Оның өзгеше, жиын атының өзі «қасиет» деп аталғандай. Бар табыстың

иесі — совет адамы жаңа тарихтың жаңа бетін ашты.

Қеше, қырық жыл ғана шамасында, алғашқы балалық шақтағы көшпелі ауылда, оқу-білімсіз, қараңғы ата-ана қасында, мал соңында, бақташылар ортасында туып өскен бала, бұл күнде кім болып отыр? Сол бір адам, жеке адам (ұл болсын, қыз болсын) қазақ халқының жаңа нәсілінің үлгілі өкілі. Осындай білімді адамның шыққандығы — бақытты дәуірдің ең қызық, қымбат айғағы болды. Қазақтың советтік буындарының ең алдыңғы қатарында, жұртшылық мақтаны боп, толып өскен ғалым азаматтың ең алдыңғы сапында қадірлі орын алатын кісінің бірі — Қаныш Сәтбаев.

1926 жылдан санағанда, табандай 15 жыл бойында Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттейді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқаратын өнерпаз болумен қатар, Қаныш сол жылдардың өзінде де қазақ халқынан шыққан жас инженер геологтарды баулып, өсіре жүреді.

Үлкен талантпен қанаттанған талабының жемісі өз республикасына да және Ұлы Отан көлемінде де танылa бастайды. Қызықты еңбегі өркештеніп, Қаныш атын мол жұртшылыққа даңқтандырады.

Жік салмай, желісін үзбей, 15 жыл бойы оның зер салғаны бір мұрат еді. Сол ұзақ 15 жыл бойында бар еңбек, қайратын, барлық жиған білім құралын, бар өмірін бір ғана жөнге жұмсады. Жұмсады да жеңіп шықты, жетіп шықты.

Бұрынғы көшпелі ел жайлаған далада, Сарыарқада, тек киіз үйді ауылдар ғана мезгіл-мезгіл кезіп өтіп жүрген бір түкпірге зер салған. Сол жерден әлем білмеген байлық табамын деген еді.

Ол өлке туралы осыдан 2400 жыл бұрын грек тарихшысы Геродот бір сөз айтып кетіпті: «Арал теңізінің алқабында сақ, массагет деген елдер бар. Қола мен жездің молы соларда. Өз жерлерінен қазып алады» деген. XIII ғасырда соғып өткен бір кезбе: «Мұнда байлық жатыр» деп кетіпті. Сол үлкен ата-конысты мекен еткен өзіміздің Бағаналы жер атын — Жезқазған қойыпты. Кай атасы қазғанын кім білсін!

Қарсақбай, Жезқазғанды жалдамаға алып, өз меншігі еткен шетел байлары 1916—1917 жылдарда, жездің молдығын «пәлендей» деп, бір меже қойған Жабыса жалмағаны жез еді. Бірақ алғаны аз, тапқаны тамтық екен. 1917 жылы өзі де кетті.

Сол Жезқазғанда 1926 жылы қызу жұмыс басталады. Сарыарқаның өз баласы, беті-жүзі келбетті, жас шырайда жарқыраған көркі бар, білім-сана нұры бар, жиырма жеті жасқа келген жігіт келді. Аз тобымен іске кірісті.

Еңсесін салған еңбекпен жыл өтті... Жігіт өсіп, жігіт ағасы бола бастады. Жым-жырт жатқан Жезқазған сол жаңа жылдардың ішінде қайта туа бастады. Жаңа жастық тапқандай. Оны көп жерде, көп жан білуге айналады. Бес жыл деген бір бел еді, ол өткен. Сол кезеңге келгенде, шетел байлары мен мамандары межелеген кен байлығы мұнда қалды. Жігіт еңбегі жеңіп келеді екен. Алдыңғылар айтқан мөлшерден отыз есе артық кен орын тауыпты. Тапқанын тығып жатқан жоқ, бар Одаққа даңқ етіп білдіре түсіп, іздеп жатты. Іздегенін ізерлеп, ғылымдық еңбек етіп жазып та жатты. Үздіксіз еңбек үстінде жігіт өсіп, ер-азамат болды. Тағы бес жыл кеткен еді. Енді, Жезқазған көп жұрт аузына ілінді, шетел мамандары тапқан межеден кен мөлшерін алпыс есе асырды.

Тағы бес жыл өтті. Жігіт жер ортасы жасқа қарай басты. Емдеп кеткен еңбегінің 15 жылға толған шағы еді. Жезқазған жаһанға мәлім ат алды.

Қаныш жалғыз жезді зерттеп келген жоқ, сол 15 жыл ішінде Арқаның Жезқазған, Қарсақбай атты атырабында талай да талай басқа қазына да ашты. Сол өлкеден Байқоңырдай, Қияқтыдай көмірді өзі тапты. Еспедей, елеусіз жерден есілген тағы талай қазына ошағын тапты. Қалың қатпар қорғасын мен күміс тапты. Болар заводқа мол қор болардай қара темір, марганец кенін ашты. Үй, дүкен салар тасты, топырақты заттың асылын, тағы талай бұйым тапты. Мыс қорытқанда қоспа боп, себі тиетін тағы бірнеше қосымша кен затын тапты. Алтын мен молибден де бұғып қалған жоқ. Оны да ашты.

1940 жылы Отаны ер еңбегін бағалап, Қанышқа Одақтың ең жоғарғы сыйы — Ленин орденін берді. 1942 жылы бүкіл Отандағы білгіштердің ғылымдық табыстарын бағалаған қорытынды болып еді. Сонда «Жезқазғанның мыс кендері» деген кітабы үшін Қанышқа мемлекеттік сыйлық бұйырылып, лауреат атағы берілді. 1943 жылы Совет Одағының зор ғылым ордасы — Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі деген үлкен ғылымды атақ тағы алды.

Бұл жылдарда Қаныш Алматыға ауысқан еді. Көп тәжірибелі ғалым, мойымас қажыр, қайрат иесі, басшы қызметкер Қаныштың ендігі еңбегі өзінің сүйікті республикасының партия, үкімет басшылығы оны Алматыға ауыстырғанда, Бүкілодақтық Академияның Қазақстандық филиалына бастық етті. Сонымен қатар геология институтының директоры болып істеп тұрды.

Қазақ халқының абыройын асырып, совет елінің мақтаны болған асыл азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жаңа орынға келісімен Қазақстан жеріндегі кен байлықтарының бәрін зерттеп, табысқа табыс жалғап, молайтумен болды. Әсіресе, ел-жұрттың жауыз-дұшпаны — неміс басқыншыларымен болған Ұлы Отан соғысы шағында, Қаныш бастаған ғылым орындарының көмегі аса зор болды. Майданға керек болған кен қазынаның бәрін тез тапқызып, мол алғызып отырды.

Самғағыш самолет, тозбас танк, мойымас мылтық, өрттей оқ жасауға керек заттың бәрін беруде Қаныштың әрі отаншыл басшылығы, әрі білгір мамандығы, жіті қырағылығы, қажымас еңбегі өзгеше орын алды. Осындай еңбектерінің халық үшін қадірі артқандықтан, 1945 жылы Одақтағы Ғылым академиясының тарихи ұлы мерекесі болған күндерде, Қаныш екінші рет Ленин орденін алды. Сол жылы Бүкілодақтық Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланады.

Әрі ғылым қызметкері есебінде, әрі сол ғылыми қызметін басқара білетін талантты ұйымдастырушы ретінде Қаныш еңбегі республикада және Одақ көлемінде айқын көрініп, үлкен баға ала бастады.

Халқымыз өзінің сүйікті ұлы Қаныш Сәтбаевты 1946 жылы СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайлады.

Қазақстанның Одақ көлеміндегі тарихи дамуы неше алуан еді. Шаруашылық жөніндегі ұлы өсулер, ғылым, мәдениеттің өркендеуі және әсіресе, әр ғылымның саласында үлкен өріске жетіп піскен, өскен ғылым қайраткерлері қазақтың өзінен шығып, ғалым-мамандардың көбеюі байқалып еді. Осы жылдарда Одақтық Ғылым академиясы болсын, Қазақстан партия, совет басшылығы болсын енді қолда бар ғылымдық, мәдениеттік күш-қуатты таяныш етіп отырып, Қазақстанның өзіне арналған зор ғылым ордасын орнатуды талап етті.

Қазақстан Ғылым академиясы орнап, өркендесе

Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы
Научная библиотека Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова
Н79957

екен деген асыл мұрат алға қойылып еді. Тәжірибеге қарағанда, ондай академиялардың жасалуына негізгі шарт — кадрлар. Өзіне бөлек Академияны ойдағыдай жүргізіп кетуге жарайтын ұйымдастырушы керек, ғылымдық терең зерттеу ісіне тәжірибесі жеткілікті, ой шалымы, басшылық, білім, өнері жеткілікті, үлкен сенімді қайраткер керек еді. Әрі өзі ғалым, әрі ғылыми басшысы, сенімді, соқталы азамат керек болды.

Одақ Ғылым академиясының сол кездегі президенті академик Комаров, қазіргі президенті академик Вавилов сияқты адамдар Қазақстанда Ғылым академиясын ашу деген ойды қуаттап, Қазақстанда өз Академиясын ашарлық оқымыстылардың жалпы әзірлігі жеткілікті деді. Қазақстандағы Академияның жақсы бастап жүргізіп кете аларлық өнеріне де берік сенімді болысты.

Қазақстанның партия, совет басшылығы, барлық мәдениет қайраткерлері, соның ішінде, әсіресе, ғылым қызметкерлері, Қазақ академиясы ашылатын болса, оның бірден-бір сенімді басшысы Сәтбаев қана бола алатындығына толық сенімді болысты.

Сонымен, 1946 жылдың июнь айында Советтік Қазақстан тарихында мәңгілік орын алатын өзгеше дәуір белгісіндей, советтік буындардың, ұрпақтардың мақтаны боларлық бір жаңа туыс пайда болды. Ол — Қазақстан Ғылым академиясының жасалуы еді. Бұрынғы еңбектерінің барлығы Қазақстан жұртшылығына үлкен сенім білдіріп, қадірлі болған Сәтбаев осы Академияның ең қалаулы, ең таңдаулы басшысы болып сайланды.

Содан бері Қаныш Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясының президенті болып істеп келеді. Сонымен, ғылымдағы үлкен еңбек нәтижесінде зор бедел, абырой, сенім тапқан Қаныш қазіргі күндерде Қазақстанның жас Академиясының қайраткері болып, талмай басшылық етіп келеді.

Қаныштың Қазақ Ғылым академиясындағы президенттік қасиеттерінің ең зоры — ол аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы. Бұл жөнінде, Қаныш өзі, геология сияқты үлкен күрделі ғылымның терең білімді маманы болғандықтан, ұйымдастырушылық, басшылық істі үнемі ғылымдық жолмен жүргізеді. Сан ғылымның басы қосылған күрделі еңбек үстінде өсіп келе жатқан Академияның ісін, ғылымдық жолдармен, сан саламен өрбітіп, гүлдендіре білу — кімге де болсын оңай жұмыс емес. Аса жауапты жұмыс болуының үстіне, сан сала білімнен көп дерегі, білімі бар адам болуы керек. Қаныштың бір үлкен ерекшелігі — ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Және сол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа мойымайтын үлкен ісшілдік те бар. Өз басының білімін өсіруде жанжақты, кең өрісті ғалым болуда тынымы жоқ ізденуші Қаныш Қазақстан Ғылым академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш.

Ғылымдағы ұйымдастырушылық талантының тағы бір өзгешелігі — кадрларды өсіру жолындағы талап-қайратынан аса айқын көрінеді.

Әрбір ғылым саласында жаңа туып келе жатқан ғылымдық талап соңында жүрген азамат болса, оқып жүрген жақсы зейінді ұл-қыз болса — бұлардың Қазақ Ғылым академиясының президенті Сәтбаевтан ақыл алмай, достық көрмей, көмегіне сүйенбей жүргендері жоқ деуге болады. Жылдан жылға қанат жайып, өрлеп өсіп келе жатқан Қазақстандағы ғылым докторлары, кандидаттары, аспиранттары — барлығы да өздерінің өсіп, қалыптасу кезеңдерін алғанда, олардың ғылымдық еңбектерінің нәтижелі болып шығуы дәуіріндегі саты-саты ізденулерін алғанда Қаныштан басшылық көмектің қайсысы болса да алып отырады.

Ал ғылымдық дәрежелерін алып, Академияның арнаулы институттарында, секторларында, филиалы мен базаларында немесе ғылымдық экспедицияларында алған білім, мамандығын іс жүзінде сарапқа салатын болғанда Қаныштан олар алатын үлгі-өнегесі де көп.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның соғысқа керек болатын көп қорларын кен іздеп, мол табуына басшылық еткен Академия қазірде де жылдан-жылға етек алып, ендеп, күрделі еңбек ордасы болып келе жатыр.

Қаныш басқарған Ғылым академиясы — Ұлы Отанның, соның ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы, өндіріс, ғылым, мәдениетті өркендеуіне ең алдымен қажет болатын жайларды зерттеп, ізденуші ойға үнемі

басшылық ете білді. Бүкіл Академияның жиын еңбегі қадірлі Отанымызға арналған қасиетті еңбек болатын болса, көп тарамдары арқылы сол Отанмен нық қайнасып, берік байланысып өсіп келе жатқан советтік ғалымдардың бойындағы отаншылдық қасиетті Қазақ Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев әрдайым айнымастан биік көтеріп ұстап келе жатыр. Қадірлі еңбек туы, қасиетті азаматтық туы! Осы сипаттары арқылы Қаныштың Академия ішінде барлық үлкенді-кішілі қызметкерлерге қадірі, беделі, абыройы да зор. Ол өзі де Академияның барлық ірі қызметкерлерінен бастап, жас мамандарына дейін, жай қатардағы қызметкерлеріне дейін, маман емес адамдарына дейін — барлығының да қызмет жайын, еңбек бағасын орын-орнымен өте жете біледі. Қызметкерлердің ғылым жолында өсуіне көмектесуден басқа, олардың күнделікті жай, жеке тұрмысының өзі туралы да көп қамқорлық етеді. Бұл да, советтік басшы адамның адамгершілік, шынайы жақсылық қасиетін асыра түсіретін сипат.

Міне, осындай ірі ғылымдық басшылықта, әрі адамгершілік істерінде озық біткен асыл сипаттары бар Қаныш Советтік Қазақстан ұрпақтарының ішінде Совет дәуірінің ардақты тәрбиесін алып, мемлекет қайраткері дәрежесіне жетті, ең үлгілі, ең асыл азаматының бірі болды. Жұртшылық оның елу жасқа толғанын шын еміреніп, аса бағалап, қадірлеп қарсы алды.

Н. В. Мельников

ПАРАСАТ ЖЕМІСІ

Еліміздің аса ірі геологы, тамаша адам Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен арамызда 20 жылдан астам уақытқа созылған іскерлік достық қатынас болды.

Қаныш Имантайұлы екі класты ауыл мектебінің оқушысынан Қазақ ССР Ғылым академиясының басшысына дейін үлкен де қиын жолдан өтті.

Сонау жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Томск мемлекеттік технология институтының профессоры М. А. Усов студент қазақ жігітінің өте зор қабілетіне назар аударады. Усов шәкіртінің бойына геологияға деген құштарлық дарытып жатпайды. Ол тек қана соны әрі қарай дамытады. «Көбінесе,— деп еске алады Сәтбаевпен бірге оқыған академик М. П. Русанов,— екі сағаттық лекция тыңдағаннан кейін де Қаныш: «Осы лекциялар қалай тез бітіп қалады? Сірә, қоңырауды ерте соғатын болулары керек»— деп азырқанып тұратын». Усовтың өзі Сібірдің қазба байлықтарын жетік біліп, оларды игерудің қызу жақтаушысы болғанда, оның шәкірті Сәтбаев та туған Қазақстанның жер қойнауларында есепсіз мол қазына жатқанына кәміл сенетін. Сөйтіп жүргенде оқу аяқталып, жас ғалым туған еліне қайтады.

Қазақстан — байтақ өлке. Күнге қақталған шетсіз-шексіз сары дала Каспийден Алтайға дейін, Транссібір магистралінен Тянь-Шань тауларының бөктеріне дейін созылып жатыр. Сол далада кейде суы сортаң бірен-саран құдықтар мен түйе керуенінің сүрлеу-соқпағы ғана кездесетін жерлер болады.

Кен инженері Қ. И. Сәтбаев бұрын концессия арқылы ағылшындар кәсіп еткен жерлерде геологиялық барлау жұмысына кіріседі. Концессионерлер сүттің қаймағын сыпырғандай, аса бай рудалардың беткі қабатын ғана алып, сонан соң кен орындарын тастап кете берген. Бізге әбден салдама болған үш бұрғылау қондырғысын ғана қалдырып, өзге жабдықты өздерімен бірге алып кеткен. Қиындық деген көп болды, соның ішіндегі ең бастысы — Жезқазғанда мыс рудаларының аса мол кеніші бар дегенге ешкімнің сенгісі келмеді. Көп адамдар ағылшындардың болжауына сүйеніп, күмәндана бастарын шайқады, терең қабаттардан барлау скважинасын бұрғылауға рұқсат бермеді. Сәтбаев не де болса тәуекелге бел буып, өз жорамалының дұрыстығына жаңа дәлелдер тауып отырды.

«Үлкен Жезқазғанды» барлау ісі баяу ілгеріледі: адам керек болды. Қабілетті қазақ жігіттері мен қыздары Ленинградқа курсқа жіберілді, сөйтіп бір жылдан кейін-ақ шағын да болса күшті, іскер коллектив пайда болды.

Арада жылдар өтті, содан бір кезде қазақ ғалым-

дарының ашқан жаңалығы дүние жүзіне мәлім болды: кені аз деп саналып, жабуға ұйғарылып жүрген кеніш —«Үлкен Жезқазған» дүние жүзіндегі ең бай кен орындарының бірі болып шықты. Содан кейін Сәтбаев Қарсақбай темір рудасының кенішін зерттеді, оны Кривой Рог кенішінің «туған інісі» деп атады, қоңыр көмір қабаттарын тапты.

«Жезқазған руда кеніші» деген ғылыми еңбегі үшін Қ. И. Сәтбаев Ленин орденімен наградталды, оған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты деген атақ берілді.

Біраз уақыттан кейін геология-минералогия ғылымының докторы Қ. И. Сәтбаев Алматыдағы Геология институтының директоры болып тағайындалады, СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының председателі болып сайланады.

1942 жыл аяқталып келе жатқан кез. Уралдың болат қорытушыларына марганец жетіспейді: Никополь фашистердің қолында қалып, Чиатурадан марганец рудасын жеткізу өте үлкен қиыншылыққа айналады. Қандай амал бар? «Жезді,— деп ойлайды Сәтбаев,— марганец деген сол!» Кереметтей қысқа мерзімнің ішінде ол стратегиялық шикізат шығару ісін жолға қояды, сөйтіп мыңдаған автомашиналар Магнитогорға қарай марганец рудасын тиеп ағылады. Соғыс жылдары СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы 350 экспедиция ұйымдастырды, онда талдап жасалған мемлекеттік маңызы бар 160 практикалық ұсыныс үкіметтің қарауына тапсырылды. Соғыс аяқталғаннан кейін филиал дербес Қазақ ССР Ғылым академиясы болып қайта құрылды, Қ. И. Сәтбаев оның президенті болып сайланды. Президент Сәтбаевтың басшылығымен Қазақстанда ғылыми мекемелерінің кең жүйесі бар ірі ғылым орталығы құрылып, оның қызметі республикадан тыс жерлерге де мәлім болды.

Қ. И. Сәтбаев 1943 жылы СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылы толық мүшесі болып сайланды.

Қаныш Имантайұлы дарынды адам еді. Оның бойында практикалық геолог-теоретиктің, мемлекет және қоғам қайраткерінің таланты ұштасқан еді.

Егер геологияны ғылыми және практикалық білімдердің жүйесі деп қарайтын болсақ, Қаныш Имантайұлы соның екі бөлігінде де аса көрнекті роль атқарды. Ол Қазақстанның аса ірі кен орындарын, ең алдымен

бірегей Жезқазған мыс кенішін барлады, бұған 15 жыл бойғы еңбегін арнады, ал теориялық жағына келетін болсақ — ол жаңа методологиялық негізге құрып, Орталық Қазақстанның металл жинысты болжамдық картасын жасады. Мұның өзі геология ғылымына қосылған ірі үлес болды.

Қ. И. Сәтбаевты білген адамдардың бәрі де оның ғылыми мүдделерінің кеңдігін атап айтады — ол өзінің мамандығы — геология ғылымын ғана емес, сонымен бірге ғылымның басқа да көптеген салаларын — археологияны, тарихты, тіл білімін, әдебиетті терең білетін.

Сәтбаевтың ғылыми мұрасында екі жүзден астам кітаптар мен мақалалар бар. Сондай-ақ ол химиялық өнімдер алу үшін жергілікті шикізатты пайдалану жөнінде де бірқатар проблемаларды көтеріп, инициатива білдірген болатын. Жалпы алғанда Қазақстандағы ғылым мен жоғары білім саласындағы елеулі бастамалардың ішінде Сәтбаев белсене қатыспаған бірде-біреуі жоқ деуге болады. Сонсоң Қаныш Имантайұлы кабинетте ғана отырып жұмыс істейтін ғалым емес еді: практикамен үнемі байланысты болуды және өнеркәсіптің қажеттерін еске алып отыруды ол басты мәселе деп санайтын. Ғылымды елдің өндіргіш күштерін дамытудың қуатты қайнар бұлағы деп білді. Жас ғалымдарды даярлау ісімен жүйелі түрде шұғылданып, тек өз мамандығы бойынша ғана емес, Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытуда маңызды роль атқарады-ау деген барлық ғылымдар бойынша талантты жастарды барынша қолдап, өсіріп отырды. Москваның, Ленинградтың ғалымдарымен тікелей өзі келісіп, қазақтың қабілетті деген жас мамандарын соларға оқуға жіберіп отырды. Менің де Қазақстаннан келген шәкірттерім болған, солардың бәрі де дарынды, еңбекқор адамдар болғанын атап өтудің өзі бір ғанибет. Қазақ Ғылым академиясындағы негізгі ғылыми қызметкерлердің ұйтқысы Қ. И. Сәтбаевтың күш салуымен жасалды десек асырып айтқандық болмас деп ойлаймын.

Қаныш Имантайұлы мейлінше парасатты кісі еді, тек қана жолдастарға ғана емес, белгілі бір мәселемен өзіне тілек білдірген адамдардың бәріне мейлінше зейінді, ізетті ықылас танытушы еді. Өз халқының тарихын жақсы білетін, оның жарқын болашағына сенетін, Қазақстанды дамытудың алыс перспективаларына

көз жеткізіп, минерал-шикізат базасының басым маңызын терең түсінетін. Оның геологиялық жұмыстарында әрдайым айқын мақсат болатын, өзінің басшылығындағы институттардан ең алдымен практикалық қайтарым болуын талап ететін.

Елуінші жылдардың аяғында, Одақтағы аса ірі Соколов-Сарыбай кен-руда комбинаты салынып жатқан кезде, Қ. И. Сәтбаев маған Рудный қаласында бірлесіп ғылыми конференция өткізуді ұсынды. «Жергілікті мамандарға арнап баяндамалар жасайық,— деді ол,— ал ең бастысы, олардың ғылыми талап-тілектерін білейік. Конференцияда Қазақстаннан, Москва мен Ленинградтан ғалымдар шақырайық».

Біз конференцияны өткіздік. Қаныш Имантайұлы құрылыс пен руда сынау станциясының барлық учаскелерінде болып, көп материал жинады. Қазақстанның ғылым академиясы — мен бұл жерде оның институттарын, әсіресе Кен ісі институтын айтып тұрмын — Қостанай облысындағы аса ірі темір-руда кенішін тез игеруде маңызды роль атқарды. Кен-геология жағдайларының күрделілігіне қарамастан, Соколов-Сарыбай комбинаты кен кәсіпорындары бұрын-соңды көріп білмеген өнімділікпен қысқа мерзімнің ішінде салынып болды. Комбинат директоры Николай Фадеевич Сандригайлоның бірде: Қазақстан Ғылым академиясының президенті өз институттарының ұсыныстарын жіберіп тұрғаны былай тұрсын, тіпті белгілі бір жұмыстың жайымен жиі-жиі телефон да соғып тұрды,— деп әңгімелегені бар.

Қ. И. Сәтбаев Қазақстан кеніштерінің кен-техникалық ерекшеліктерін тамаша білетін, бұл жөнінен ол энциклопедист болатын. Кен қазудың жаңа жүйелері мен техникасын іздестіру жөнінде кеншілермен бірлесіп жұмыс істеуді тәуір көретін. Оның ұсынысы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында Алматыда Кен ісі институты құрылып, республикада кен шығару өнеркәсібін дамытуға елеулі үлес қосты. Қ. И. Сәтбаевтың ұсынуымен Ғылым академиясында академиктер мен корреспондент мүшелерден кен ісіне маманданған күшті ұйтқы құрылды.

Қ. И. Сәтбаевтың кен істері проблемаларын терең түсінетіндігі кенші ретіндегі маған әрдайым ұнаушы еді. Бірде мен одан: кен ғылымы деген бір қанаты — жаратылыс тану ғылымдарына, екінші қанаты — техникалық ғылымдарға ұштасып жатқан комплексті ғылым емес пе, сіз осыған қалай қарайсыз?— деп сұрадым. «Әрине, солай,— деді ол,— өйткені кеншілер кен орындарын пайдалану барысында оларды зерттеу ісін жалғастыра береді, атап айтқанда, олар заттардың — руданың, көмірдің құрылымы мен құрамын, кен қабаттарын қоршаған жағдайды бес саусақтай біледі. Мен кен жынысының сан түрлі өмірін айтып тұрмын. Сол зерттеудің барысында, әлбетте, жаратылыс тану ғылымдарына жататын геологияны байытарлықтай аса маңызды мәліметтер алынады».

Одан әрі мен геологияның көптеген тараулары — көмір қабаттары мен жыныстарының құрамында газ болатындығы, газды сүзу, газдың жұтылуы және қайта шығуы, кен жыныстарының тынышсыз жағдайының, кен соқтығысының, көмір және газ атқылауының сипаты мен салдары — өздерінің дамуы үшін кен ғылымына қарыздар ғой дегенді айттым. Кеніштер мен кенді аудандарды қатты, сұйық және газ түріндегі фазалардың өзгеруі тұрғысынан алғанда комплексті түрде, бәлкім, кеншілер ғана білетін болар. Руда заты туралы білік-мағлұматтың тереңдеуіне байланысты технологияның геотехнология деп аталатын жаңа бір саласы пайда болды, кеніште скважина арқылы балқыту, сілтіден айыру, буландыру әдісімен пайдалану соған жатады. Менің бұл сөзіме Сәтбаев былай деп жауап берді: «Расында да солай. Мен Қазақстанның практикасынан мысал келтірейін. Өзіңіз білесіз, Қарағандыда кен инженері, ғылым докторы Жамал Қаңлыбаева деген қазақ әйелі жұмыс істейді. Сол кісі көмір қабаттарын қазып алған кездегі беткі кен жыныстарының қандай күйде болатынын радиоизотоп әдісі арқылы дәл анықтап берді. Бұрын кен жыныстарының қозғалысын жер бетінің ойы-суына қарай тек жорамалдап қана келсек, Қаңлыбаева соның анық көрінісін көз алдымызға елестетті. Тағы сол Қарағандыда Москва кен институтының ғалымдары жердің бетінен скважина арқылы өте тереңдегі көмір қабатын сумен бөлшектеу және метан газынан айыру жөнінде тәжірибе жұмыстарын жүргізуде. Сонымен бірге олар, әрине, табиғи жағдайдағы сүзу процестерін егжей-тегжейлі зерттеуде. Мұндай мысалдар көп. Бұл сияқты жұмыстарды геологтар ескеруге тиіс».

«Ал енді Сіз, Қаныш Имантайұлы, кен ғылымынан

«Инженерлік кен геологиясы» деген пәнді ажыратып шығару мүмкіндігіне қалай қарайсыз?— деп сұрадым.— Григорий Ильич Маньковский осындай ұсыныс енгізіп жүр. Ол кісі айтады: кеңішті аймақта жүргізілген кен жұмыстарының нәтижесінде адам қызметінен туындайтын геологиялық процестер болып жатады, ал жаңағы жаңа пән кен қабатының қатты, сұйық және газ түріндегі өзгеруінің заңдылықтарын ашуға тиіс, әрбір құбылысты жеке-дара алмай, комплексті түрде қарауға тиіс,— дейді». Сәтбаев ойланып қалып, мынадай жауап қайырды: «Мұндай пәннің немесе кен ғылымы тармағының болуы орынды. Оны жасау идеясы В. И. Вернадскийдің ионосфера туралы ілімінен туындайды. Менің ойымша, бұл жерде қызықты нәтижелер алынуы мүмкін.

Өзім мүдделі болып жүрген әңгімені мен жалғастыра түстім: «Кен ғылымының техникалық ғылымдарға қарай жанасатын қанатына келетін болсақ, тегінде, бұл мәселе айқын болса керек, өйткені кен ғылымы кеңішті пайдаға асырудың және жаңа техника жасаудың ғылыми негіздерін іргелі және техникалық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып жасайды ғой». Осыны айттым да, Қаныш Имантайұлынан: қалай ойлайсыз, бұл әңгімені мен не үшін көтеріп отырмын?— деп сұрадым. Ол күліп былай деді: «Кен ғылымының сипатына баға беру жөніндегі бұл әңгімені Сіздің неге көтеріп отырғаныңызды мен түсініп тұрмын. Кейбір академиялық топтарда, тіпті теоретик-геологтардың ортасында да: кен мамандығы — түгелдей инженерлік мамандық деген пікір орын алып жүр ғой. Олар тек геологияны ғана іргелі ғылым деп таниды. Бірақ бұл көрінеу қате пікір. Кен ғылымы жөніндегі теріс көзқарасты менің де естігенім бар, бірақ бұл өмірден, практикадан қол үзген адамдардың сөзі. Карпинский, Обручев, Федоров, Мушкетов, Заварицкий және басқа көптеген аса көрнекті геологтар кен инженерлерінің арасынан шыққан. Геохимик Курнаков та кен инженері болған. Мен сіздің көзқарасыңызға қосыламын,— деп аяқтады сөзін Қаныш Имантайұлы,— кен ғылымы — комплексті ғылым, оның бір жағы жаратылыс тану ғылымына жатса, екінші жағы — техникалық ғылымға жатады».

Қаныш Имантайұлы қажырлы кісі еді. Өзінің ауыр науқасқа шалдыққанын біле тұра, соңғы рет кездесе-

німізде маған былай деп еді: «Міне, Алматыға қайтып барамын. Бізде бір тамаша медик қазақ жігіті бар. АҚШ-қа барып тәжірибе алып қайтқан. Сол мені кобальт зеңбіректен біраз атқылап алады».

Мен Алматыға барып, Ғылым академиясының Президиумына немесе геология институтына кірген сайын ылғи өз Отанының ғылымы мен өндіргіш күштерін дамыту үшін соншалықты көп жұмыс тындырған аса ірі ғалым және жарқын жанды адам Қаныш Имантайұлын еске аламын.

Ә. Марғұлан

ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙГЕН ҰЛЫ

Қаныш — аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат.

Қаныштың туып-өскен, бала күнінде ойнақ салып қызықтаған жері Арқаның бір сұлу өлкесі — Баянауыл тауының сыртқы бөктері, Аққелін. Бұл тауларды орай ағып өтетін өзенді Ащының суы дейді. Оған құятын екі сала бар: бірі — Айырық, бірі — Сарықамыс. Қаныш сол Айырық сайының биік жағасында, ерте заманнан келе жатқан өзінің ата қыстауларында, 1899 жылы апрель айының 12 күні жарық дүниеге келеді.

Қаныштың өз әкесі Имантай — ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын. Көп жасаған өмірін ол кісі ескі заманның әділетсіз зұлымдық істеріне қарсы қойып, жәбірленген, жапа шеккен адамдарға көмек көрсетуді зор мақсат еткен. Имекеңнің бұл жақсы қасиеттерін ол кісімен істес болған кедейлер — Қозыбағар мен Қасен жақсы білетін. Олардың бүгінгі ұрпақтары совхоз жұмысшылары Заир мен Нұрлан да ол қасиетті әлі күнге ұмытпаған.

Имекең ғылымды, ой жұмысын жақсы көретін,

оның сол қасиеті жас ұрпақтарға үлкен әсер етеді. Революциядан бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. Олардың ішінде Қаныштың ағасы Әбікей Сәтбаев Омбының семинариясын бітіріп, сол кездің өзінде орыс тілі мен әдебиетінің бірінші маманы болып шығады. Бүгінгі Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарынан шыққан жастардың Әбікейден оқымағаны кемде-кем болуы керек. Қаныштың екінші ағасы Қәрім Сәтбаев та семинарияда оқыған, жүйрік, білгіш адамның бірі, жан күйі өнерді, музыканы сүйген кісі болады. Қаныштың емшектес ағасы Ғазиз (Бөкеш) домбыра тартатын күйші, сүйіп оқитыны Абай, Пушкин, Лермонтов еді, «Евгений Онегин» романын жастарға әңгімелеп отырғанын көргенім бар. Қаныш та сондай кішіпейіл кісі еді. Әңгімелескенде: «Бөкежанның қасында мен түк емеспін. Оның жүйріктігі менен асқар таудай биік тұратын» дейтін.

1925 жылы жаз күні Мұхтармен бірге Абай ауылында болғанда уақытымыз сол жердегі шешен қариялардың сөзін тыңдаумен өтті. Ол революция екпінінің толқыны әлі басылып болмаған, қуаныш лебі әрбір адамның жарқын жүздерінен ашық көрініп тұратын кез болатын. Бір күні әңгіме «талант» туралы болды. Мұхтар да қойдан қоңыр, кішіпейіл кісінің бірі еді, өзінің асқаралы талантын, білгіш-жүйріктігін жұртқа көрсеткісі келмейтін. Ойға батқан тұңғиық қара көзін қасында отырған Тұрашқа тастап:

— Сіз қырдағы жаңа дәуірлеп келе жатқан жастар арасында кімді озық талант деп түсінесіз?— деді. Тұраш қасқау қарап:

— Бұл қыр аймағында озық талант Имантайдың екі баласы. Бүгін де олардан озық жас бар деп өзім түсінбеймін. Ол екеуінің алапаты бүтіндей басқа. Жаратылыс білімді де, ақыл мен ойды да оларға ерекше берген. Олардай саңлақ кісі бүгінгі жастар арасында өте сирек кездеседі,— деді.

Қаныш туралы мұндай жарқын ойларды кейінірек көп еститін болдық.

Мен Қаныштыбала күнімнен білетінмін. Өйткені оның туып өскен ауылы біздің ауылдан онша қашық болмайтын, екеуі де Баян тауының төңірегін қоныстайтын көршілес ауылдар болатын. Жазды күні жайлауға шыққанда олар біріне-бірі тіпті жақын келіп

отыратын. Өйткені Баянауыл дуанына қарайтын сегіз болыс елдің жаз жайлайтын өлкес ұзыннан аққан Шідерті өзенінің бойы. Ол 300 шақырымға созылып, жаз күні оның өн бойы қаз-қатар тізіліп отырған мыңдаған ауылдар болатын. Қаныш туған ауылдар Шідерті өзенінің бас жағын, Бала Шідерті, Батпаққөл, Сұңқарқия дейтін өрістерді жайлап, қысқа қарсы Аққелін тауының баурындағы Айырықты қыстайтын. Ол қыстау Баян қаласынан 80 шақырым күнбатыста тұрады. Революциядан кейін жас студент Қаныш аулын Батпақ көлге көшіріп, ол арада бірінші рет колхоз ұйымдастырып, қала салу, мектеп ашу, кооперация құру жұмысымен шұғылданды.

Павлодар мен Семейде оқып жүрген кезінде Қаныш каникулға қайтқанда Айырықтағы қыстауға бармай, Шідерті өзенін өрлей шығып, біздің ауылда талай рет тыныс алып жүрді. Оның қасында ағасының балалары, қарлығаштың балапанындай қара көзі мөлдіреген осы күнгі Райхан мен Раушан болатын. Имекеңнің айтуынша, Қаныш бала күнінде өте момын, тұңғиық болып өседі. Төрт-бес жасқа келгенде асық, топай ойынымен құмарланады, өзеннің жағасынан әдемі жылтыр тастарды көп жинайды. Айырықтағы Қаныштың асық ойнау үшін жылтыраған алаңын қарт кісілер әлі күнге ұмытпаған.

Қаныш алты жасынан бастап Аққелін болысының орталығынан ашылған ауыл мектебінде оқиды (1905—1911), оның оқытушылары Омбыда, Семейде, Павлодарда білім алған, бірталай сауаты бар адамдар болады. Олардың ішінде ең білімдісі — Шоқанның ұрпағынан Бексұлтан Уәлиханов, Б. Жуанышбаев, тағы басқалар. Оқу қазақ тілінде жүреді. Ауыл мектебінде арабша хат танып, араб тілін үйреніп, нақу оқиды, парсы, түркі (шағатай) әдебиетінің үлгілерімен танысады. Қаныш мұсылманша өзге жерде оқымаған. Оның араб, парсы, шағатай әдебиетін бірталай жақсы түсінуіне негіз болған бір ғана осы мектеп.

Араб пен парсы тілінен хабары барлығы кейінгі кездің өзіне дейін — оның әзілдеп айтқан сөздерінен ашық көрініп тұратын. Шығыс әдебиетімен бірге бұл мектепте орыс тілі қатар жүрген. Қанышқа бірінші рет орыс тілін үйретуші Г. В. Терентьев деген кісі. Қаныш осы мектептің өзінде орыс тілін жақсы оқып, өзге пәндерден де басқа балалардан жеке қара озық отыра-

ды. Қанышпен бірге бұл мектепте оқыған кісілер әлі күнге бар. Олардың айтуынша, Қаныш мектепте тұрып оқымаған. Ол қыстауы Айырықтан Ағаш үйге күн сайын салт атпен келіп оқитын болған. Бұл екі қыстаудың арасы жеті шақырымдай. Мектепке келіп жүргенде Қаныштың астына мінгені кер ат, үстіне кигені шидем күпі, аяғында саптама етік, басында елтірі тымақ. Осы түрінде Қаныш ауыл мектебінде бес-алты жылдай оқып, одан жақсы білім алып шығады.

1911 жылы 12 жасар Қаныштың ағасы Әбікей Павлодарға апарып, ондағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түсіреді. Әбеңнің ол мектепте орыс тілі мен әдебиетін оқытып жүрген кезі. Қаныш қиындық көрмей жеңіл түседі. Мектеп оқушылары, олардың ішінде бүгінде 90-ға таянған қарт мұғалім Н. Е. Алексеев Қаныштың алғырлығына, оның ауыл мектебінен көп білім алып келгеніне таң қалады. Өзге балалардан Қаныштың ерекше артық отырғанын көрген соң, педсовет оны бірінші класта босқа ұстамай, қыс ортасында келесі класқа көшіреді. Қаныш пен ағасы Әбең бұл мектептің жарық жұлдызы болып көрінеді. Оқу мен бірге екеуі қосылып, өзге балалармен сауық кешін өткізіп, ән салып, скрипка, гитара, домбыра тартып, Абай мен орыс ақындарының жырынан қызықты үзінділер оқиды.

Қаныш Павлодар мектебін 1914 жылы бітіріп, жазды өзінің аулында, Шідерті өзенінің бойында сауықпен өткізді. Бірақ оқудың дәмін жақсы татқан бала орта жолда қалып қойғысы келмейді, ілгері оқуды көксеу ойын елегізітіп, есінен шықпайды. Июль айы туысымен әкесі Имекеңнің алдынан дабыл қағып, август айының басында Семейге оқуға жүруге дайындық жасау керек екенін күн сайын есіне түсіре береді.

— Ол жылы аса бір қиын жыл еді,— деді Имекеңмен әңгімелескенде.— Қыс ел жұтап шығып, жаз шыға соғыс дүмпуі халықтың сұрқын қашыра бастаған еді. Мен Қанышжанның егіле айтқан сөзіне ақыл айтып, бір жыл қасымда болғанын тәуір көрген едім. Байқасам Қанышжан не тамақ ішпейді, не кісімен сөйлеспейді, бүгіліп ойға түсе бастаған. Әбікеймен сөйлесіп, ақылдасуға болмады. Ол Өскемен — Зайсан жағына шығып кеткен. Бірнеше күн ойланып толғанғаннан кейін:

— Қой, баланы бұлай жүдетуге болмас. Неде болса жалғыздың өзіне тапсырдым,— деп, август айының басында Қанышты ертіп Керекуге аттандым,— деді.

Имекеңнің қасына оның айнымас достары Бақай мен Қозыбағар ереді. Төртеуі бір жұма жүріп Ертіс бойына жеткенде, Қаныш арбаның үстінде отырып:

— Ата, мен Павлодарға бармай-ақ қояйын, онда барсам тағы да кешігіп қалармын. Мені осы Қызылшырпыдан кемеге отырғызып жіберіңіз дейді. Жолаушылар Семейге баратын кеменің келуін күтіп Қызылшырпыда (қазір Ермак) бір жұмадан аса жатады.

— Бір күні шай ішіп отырғанда,— деді Имекең,— келе жатқан кеменің даусы естілді. Жүрегім су ете түсті. Қаныш бұдан былай жалғыз кетеді. Өртеніп тұрған соғыс жылы, ел арасында ауру-сырқау көбейе бастаған, он бес жасар баланың тағдыры не болады,— деген ой кеудені кернеп барады. Ауылға қайтадан алып қайтуға болмайды. Оған Қанышжанның еш көнетін түрі жоқ. Бұл екі ортада Қозыбағар атты жегіп, нәрсені артып қойған. Қанышжан алдымда, үнсіз арбаға отырып кемеге келдік. Билет бұрын алынып қойған. Біз кеменің аузына келгенде ол жүруге белгі берді. Қанышжан билетін көрсетіп тез кіріп кетті, бізді кіргізбей, сыртта қалып қойдық. Тірі адамды тірі адамнан айырған — мұның өзі бір ауыр жүк екен. Біраздан кейін кеме жүруге айналды. Қанышжан кеменің үстіне жүгіре шығып, бізге иіліп тәжім еткенде, қасымда тұрған Бақай мен Қозыбағар көздерінен жасын мөлдіретіп «аман болғай да»,— деп тұр екен. Өзім де ішімнен олардың тілегіне қосылып, елге қайтып кеттім.

Содан Қаныш Семейдің семинариясына түсіп, онда төрт жыл (1914—1918) оқыды. Бұл семинария қыр округіндегі оқу орындарының бір тәуірі болатын. Кейін революцияға қатынасқан қазақ жастарының көбі осы семинариядан оқып шықты. Семинарияда қазақ балаларына білім беруді шын жүрегімен мақсат еткен бірнеше прогресшіл, саңлақ адамдар, олардың ішінде, әсіресе, ағайынды А. Н., В. Н. Белослюдовтар, Н. Я. Коншин, Н. П. Ильинский, Попов, Сулима-Грузинский, В. М. Морозов болды. Оқушы жастарға олар әдебиеттен, тарихтан, саяси экономиядан, географиядан осы күнгі пединституттар көлемінде білім беріп, олардың ой санасын аса байытып шығаратын.

Қаныштың кезінде бұл семинарияда Мұхтар Әуезов те оқитын еді. Қаныштың айтуынша Мұхтар, Же-

кей деген бала үшеуі бір пәтерде тұрып, бір кезде бітіріп шығады. Оқумен қатар олар география қоғамына үздіксіз барып, онда қазақ тарихы, Абай, Шоқан, Ф. М. Достоевский туралы оқылған лекцияларды тыңдайды. Екінші жағынан география қоғамымен бірігіп, қалалық театрда қазақша сауық кешін өткізеді. Сондай үлкен кештің бірін 1915 жылы 13 февраль күні өткізген. Оны бастап қоюшы семинарияның оқытушысы Назифа Құлжанова. Кеш төрт бөлімнен құралады: 1. Біржан мен Сараның айтысы; 2. Батырлардың сайысы; 3. Қазақ әндері; 4. Абай өлеңдерінен ән, декламация («Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып», т. б.). Бұл кеште Қаныш аз роль ойнамаған. Ол сайыста біріншіден Қобыланды батыр болып шықса, қалған екі бөлімдегі әннің көбін орындап шығады, оның ішінде Жарылғапбердінің әні, Мұстафаның әні «Топай-көк», «Баянауыл», «Көзімнің қарасы», тағы басқалар. Жекей Біржан сал болып шықса, Назифа Сараның ролін атқарады. Кеш халықтың жүрегінде ұмытылмайтын әдемі сурет қалдырады. Бірінші рет қазақ тілінде өткізген кештің Семей жұртшылығына әсер етуінің күшті болуы сонша, ол кештің суретін ол кезде шығатын орыс газеттерінің көбі басып шығарады («Семипал. телеграф», «Сибирская жизнь»).

Семинарияны бітірген соң 1918—1919 жылдары Қаныш Семей қаласындағы екі жылдық педагогика курсының оқытушысы болып тағайындалып, онда жаратылыс пәнінен сабақ береді. Бірақ семинариядан алған білімге көңілі көншімей, енді жоғары білім алуды көксейді; қандай оқуға бару туралы ағасы мен екеуі көп толғанады. Ағасы Әбікей Сәтбаев — Қаныштың аса жақсы көріп, қадірлеген адамының бірі. Қаныштың есеюіне, білім алып, маман болуына ол кісінің сіңірген еңбегі аз болмаған. Революция қарсаңында Әбеңнің Томск университеті профессорларымен байланысы өте жақсы болатын еді. Университет профессорларының Алтайға, Қарқаралы, Баянауыл тауларына экспедицияға бара жатқандарының Семейдегі Әбеңнің үйіне соқпайтындары кемде-кем болатын. Олардың ішінде Г. Н. Потанин, В. В. Сапожников, М. А. Усов, А. В. Адрианов, А. В. Анохин, тағы басқалар болатын. 1918 жылы Әбең олармен кездескенде інісі Қаныштың қай жерде оқытуды айрықша білгісі келеді. Профессор М. А. Усов бұл кісінің үйінде қонақтап жатып, жас жігіт Қанышпен танысып, оның жоғары оқуға баруға талаптанғанын қатты ұнатады.

— Бұл іниіздің оқитын бір-ақ жері бар,— дейді профессор М. А. Усов.— Ол Томскідегі технология институты. Соған түсірейік, жақсылап дайындаңыз. Ол институтқа түсу үшін жас абитуриент математика мен физиканы еркін білуі керек, геологиядан хабары болуы керек.

Біраз дайындықтан кейін Қаныш комиссия алдында қасқая емтихан тапсырып, институтқа түседі. Бірақ бір қыс оқыған соң денсаулығы бұзылып, академиялық мерзім алып, емделуге еліне келеді. Бұл кез Қазақстан даласында совет өкіметінің жаңа құрылып жатқан кезі еді. Тарихи оқиға Қаныштың қаратып жатқызбайды. 1920 жылы ол Баянауыл ревкомының құрамына кіріп, мәдениет, оқу жұмыстарын басқарады, екінші жағынан сот қызметін атқарады. Ол кезде Қаныш сияқты білгіш маман кісі тіпті аз болатын, сондықтан оған бірнеше жүк көтеруге тура келді. Әкімшілік қызметінде жүргенде Қаныш соңына түскен ғылымды еш уақыт есінен шығарған емес. Баян тауының тастарын, оның ішінде Қалмақ қырған, Әулие-Қызыл тауды аралап, ондағы тарихи белгілермен, мүсін тастармен, ескі кен орындарымен танысады. Ол тастарға енді есейген көзбен тесіле қарап, қай жерде не барын тексере бастайды. Кейде зерттеген тастарына қашап атын қалдырып отырады. Жұмысының көбін Екібастұз, Майқайың кендерінің қасында өткізіп, олардың өндірістік маңызына көз салады. Өкпе ауруынан айыққан соң, 1921 жылдың күзіне қарсы Қаныш оқудың соңына түседі. Институтта аса жарқын оқып, ол кездегі атақты профессорлар: М. А. Усов, В. А. Обручев, Н. Н. Горностаев, А. В. Лаврскийлердің көзіне түседі. Оны ең жақсы көрген, әсіресе, М. А. Усов еді. Бұл кісі мен Қаныш жыл сайын қырға шығып, тәжірибе жұмыстарын өткізеді, геологиялық зерттеу жүргізеді. Жаз бойы дала кезіп, Алтай, Қарқаралы, Баянауыл, Шыңғыс тауларын аралайды. Қаныштың тау-тасты, жер бетін жүйрік білуі профессор Усовтың үмітін арттырып, оның тамаша геолог болуына сенім туғызады. Қаныштың аса жақсы көргендіктен кей жылдары аяулы ғалым үй ішімен Қаныштың аулында жаз бойы қонақтап жатады. Қанышпен бірге қаршыға, түйғын салып, тазы

жүгіртіп, қанша қызыққа батады. Далада геологиялық зерттеумен қатар, Қаныш өзге тәжірибе жұмыстарын тегісімен атақты кен орындары — Кузнецк, Салайыр, Екібастұзда өткізді. Семейге оқуға бара жатып студент Қаныштың Екібастұздың көмір шахтасында қапқара болып жүргенін бірнеше рет көрген едік.

Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана ой санасын байыту мәселесіне жұмсады. Көп уақытын Томск университетінің кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған мәліметтерді үніле оқиды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындайды. Қаныштың бастауы бойынша Томск университетінде Шығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған Томскіде оқитын студенттердің көбі қатынасады. Үйірмеде якут, бурят, хакас, тұңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндамалар тыңдалады. Қаныштың өзі де қазақ әдебиеті, этнографиясы туралы бұл үйірмеде бірнеше рет баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан талай рет сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән-күйлерінен, жыр-өлеңдерінен айрықша концерт жасап отырады. Бұл сауық кештерінде де Қанекең қазақ халқының ән-күйлерін жақсы көрсете алған.

Қаныштың студент кезіндегі бір игілікті ісі қазақ тілінде тұңғыш рет алгебра жазып шығару еді, бірақ ол алгебра жарық көре алмай, қолжазба күйінде қалып қойды.

Технология институтын бітіріп, инженер-геолог атағын алған соң Қанекең Атбасар түсті металл серіктігіне келіп, көп заман Қарсақбай заводында отырып геология зерттеу жұмысымен шұғылданады. Жезқазған, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын емін-еркін кезіп, кен шығатын қазына қақпаларын іздейді. Сол зерттеудің нәтижесінде Ұлы Жезқазғанның байлығын анықтайды, топтаған кен орындарын ашады, оның ішінде темір, марганец кендері, толып жатқан түсті металл кендері, силикат, құрылыс, басқа түрлі өндіріс кендері бар еді. Он бес-жиырма жыл ішінде Қаныш ашқан байлық қазыналары ертегімен бірдей.

Ол байлықтың тізбегіне кіретін: алтын, күміс, жез, мыс, мырыш, қола, қорғасын, никель, кобальт, молибден, вольфрам, висмут, мышьяк, сүрме, теллур, сиркон, магнезит, ванадий, марганец, темір, титан — қысқасы,

осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге академик Қаныштың халық шаруашылығын өркендетуде істеген істері тіпті орасан. Оның мысалына Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындарын, Қарағандыдағы темір балқытатын заводты, Қарағанды-Ертіс каналын келтіруге болады. Осының барлығына Қаныштың білгіш ойы мен оның сезгіш жүрегі қатынаспай қалмаған.

Қаныштың Қазақстан өлкесінде ғылымның негізгі ошағын жасаудың атасы деуге болады. Біріншіден, ол Қазақ республикасы Ғылым академиясының бірінші президенті болды. Ол президент болып тұрғанда ғылымның толып жатқан бірнеше саласын жаңадан құрып, олардың өркендеуіне саралап жол салды. Оның үстіне Қазақстанда өндірістің бір топ саласын көркейтуге қатынасты, әсіресе, ауыр өндіріс орындарын ұйымдастыруға негіз жасасты, ауыл шаруашылығын жаңадан құруға қатынасты. Мұның бәрін партия мен үкімет еске алып, Қаныштың бірнеше ордендермен наградтап, Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын берді. Қазақ халқы оны СССР Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлады.

Қанекең жұмыстан бос, демалыс кезін аса қадірлеп, оны көптеген әдеби кітаптар, қызықты романдар оқумен өткізетін, Қанекең мен оның ағалары Әбең, Ғазиз, Қәрімнің ерекше жақсы көріп, рухани азық еткендері халық поэзиясы, музыка, ән, күй, би болатын. Егер геологияның соңына түспей, бірыңғай әдебиет саласымен кетсе, Қаныш аса талантты жазушының бірі болар еді. Оны Қанекеңнің жас кезінде жазған новеллалары, әдебиет, музыка, би өнері туралы жазған мақалалары, Абай, Жамбыл, Мұхтарға арнап жазғандары айқын бейнелейді.

Қаныш пен оның ағаларының өнерді, әдебиетті, музыканы қадірлеуі — оларға әкелерінен мирас болған іс. Имекеңнің өзі де жас күнінде әнші, серінің бірі болған. Ол кісінің ауылында Жарылғапберді, Атубайдың Әбжаны, Әубәкір, Сұр Омар деген бірнеше атақты әншілер болған. Олардың кейбірі Имекеңе еріп бірнеше рет Көкшетауда, Омбыда болып, ол жақтың әнін («Топайкөк, «Көкем-ай») Баян, Қарқаралы төңірегінде шырқап, бұл жақтың әндерін («Баянауыл», «Жеңеше», «Алтыбасар», «Балқадиша», «Ырғақты», «Сармойын»)

ол жақта құйқылжытады. Қаныш бала күнінде осы қарт әншілердің шырқап салған әндерін тыңдап өседі, олардың домбыра тартуын үйренеді, олардың әдісімен айтылатын кейбір тамаша әндерді есіне берік ұстайды («Алтыбасар», «Мұстафа», «Ырғақты»). Павлодар мен Семейде оқып жүрген кезінде, Қаныш ағаларына еліктеп, домбырамен қатар гитара, скрипка, мондолина тартуды үйреніп, қазақ әндерінен концерт береді. Бұл жағынан Қанышқа әсер еткен, әсіресе, Кәрім Сәтбаев еді. Павлодар мен Семейде болған қазақ кештерінде Кәрім мен Қанекеңнің, Әбекеңнің бірігіп қойған концерті өзінің терең мазмұнымен, көркем ойнау әдісімен халыққа ерекше әсер етеді. Бұл концертті ағайынды музыканттар қырға каникулға шыққанда ауыл жастарына көрсетіп, оларды оқуға, мәдениет дүниесіне талпындырады. Музыкамен қатар Қаныш өнердің бір түрі — биді де қатты қадірлейтін. Полька, мазурка, вальс билерін ол кездегі қазақ жастарында бұлардай ешкім билемеген. Соңғы жылдардың өзінде Кисловодскіде дем алып жатқанда бұл билерді Қаныштай ешкім әдемі билемеген. Сондықтан Горький атындағы санаторийдің карнавалында бірінші жүлдені оған тартады. Қаныштың би өнерін жақсы көруі сонша, Кисловодскіге барған сайын осы күнгі жаңа билерді — фокстрот, танго билерін үйреніп, оларды да әдемі билейтін болды.

Қаныштың Қазақ әдебиетін, оның халық әндерін терең білетіндігі оның «Қазақстанның ұлт театры туралы» деп 1927 жылы жазған алғашқы мақаласының өзінен айқын көрініп тұр. Бұл мақалада қазақ әндерінің құрылысы туралы, оларды шалқытып айтқан ескі әншілер туралы Қаныш аса мағыналы, әдемі ойлар айтқан. Онымен бірге Қанекең Европа музыкасы мен би өнерінің теориясын жүйрік білетіндігін мұнда айқын көрсете алған.

Қысқасы — Қаныш сегіз қырлы, бір сырлы кісі болған. Кішіпейіл, еңбек сүйгіш, қауым жұмысына жанын аямай салумен бірге, мәдениет дүниесін тануға да уақыт тауып, оның жарқын түрлерінен ләззат ала білген. Ғылым жүзінде ұстаз болуымен қатар, Қаныштың дүние тану, өнермен шұғылдану жағынан да бүгінгі жастарға үлгі болатын ұстаздық қасиеті аса зор.

Қаныш тек қана халық үшін жаралған, халықтың шын сүйген адал ұлы еді. Қазақстанның қай түкпірінде болсын, ондағы жұмысшы мен шопандардың Қанышты зор мақтаныш етіп, оның істеген ісіне, ұстаздық, кемеңгерлік мінезіне сүйсініп, қуанып отыратындары тіпті аз болмайтын. Ұлытау, Жезқазған, Сарысу, Есіл бойын аралай жүргенінде ондағы қарт жұмысшылар мен шопандар Қанышпен бір жолығып мажыраласуды өзіне бақ санайтын.

— Көптен бері бұл жаққа келуін қойды. Оны енді көреміз бе, көрмейміз бе? Жасымыз болса таянды. Келмеген соң сағынамыз,— деп, көзінен жасын мөлдіретіп отырған қарт шопандар мен жұмысшыларды талай рет кездестірдік.

Торғай даласын аралап жүргенде, сексеннен асқан кәрі кенші Рахмет Жаппасбаев:

— Қарағым, талай инженерге жолдас болып, қазақ даласын, Орта Азия тауларын тегіс аралап, Қашғарға дейін барған едім. Бірақ Қанышқа еріп жүрген күндерім өз алдына бір дәурен сияқты болды. Онымен еріп жүрген кезімде кәрілікті бүтіндей ұмытып, әбден жасарып алдым. Қаныштың істеген ісі, жүрген жүрісі, айтқан сөзі кісіні жасартпай қоймаушы еді. Ең ақыры далада машинаға отырғанның өзінде ең тыныш орынды маған ұсынып, өзі селкілдеп жоғарыда отыратын. Ай далада бір жерге бөгеліп тыныстағанда:

— Раха, сіз жатып дем алыңыз. Шайды өзіміз дайындаймыз,— деп шоферы мен екеуі тезек теріп, шай қойып, одан босанған кезінде карта мен қағазға төнетін. Қашан ол жерден кеткенше жазумен болатын. Бір жылы Қанышты ертіп Жыланшық бойындағы Сырлытамды көрсеттім. Қаныш соны көрсетіңіз деп талай рет айтқан еді.

— Аркадағы сәулет мұраларының мынау бір келістісі екен. Мұны жақсылап зерттеу керек,— деп әлгі жерде бір күн жатып, Сырлытамның жобасын қағазға түсіріп, ол туралы халық аузында сақталған аңыз-әңгімелерді жазып алды.

Қанышпен ақылы, күші, жаны араласқан, әсіресе, Қарсақбай, Жезқазған, Ұлытау төңірегіндегі кен жұмысшылары, колхозшылар, шопандар, Қаныш пен олардың өзара ынтымағы неше күн айтса таусылмайтын қызықты бір ертегі. Оны жыр қылып айтатын, әсіресе, Қарсақбай, Жезқазған жұмысшылары, олардың ішінде ағайынды Тәжі мен Әжібек Дәрменовтер.

— Мен албырт жас жігіт едім,— дейді бүгінгі қарт

Базыл.— Қарсақбай кені дәуірлеп көтеріле бастағанда жұрттың көпшілігі ағылып сонда бара бастады. Жұмысқа түсуді үміт етіп мен де бардым. Қарсақбайдың бас геологі Қаныштың алдына барып, қара жұмыс істеуге дайын екенімді білдірдім. Ауызба-ауыз сөйлесіп отырғанда Қаныш маған тура қарап:

— Біздің жұмысымыздың барлығы қарамаймен араласып отырады. Сен мына түріңмен бізде жұмыс істей аласың ба?— деді.

— Сіз қарамайға былғанып жүргенде мен немді аяймын. Сіз не болсаңыз мен де соны істеуге дайынмын,— дедім. Содан Қарсақбайдың жұмысшысы болып, көп жыл Қаныштың қарамағында істедім. Қаныш көп уақытын мыс балқытып жатқан жұмысшылар ортасында өткізіп, мыстың қалай балқып жатқан техникасын зерттеуші еді. Ол кезде жұмысшының негізі ауылдан келген қазақтар, заводтың іші өте ыстық. Қаныш маңдайынан терін төге тұрып, тыныс кезінде ылғи жұмысшылармен әзілдесе бастайды:

— Бала, қалай, бүгін келін жақсы шай бере алды ма?— деп жаспен әзілдеседі, енді бірде жұмысшыға қарап:

— Нөкені темір мен мыс балқытудың алыбы деуге болады. Нөкең сияқты алып күш бізде аз емес. Сендер болмасаңдар Қарсақбай ешқашан ілгері баспас еді. Сендердің бұл айбынды істерің жұртшылық алдында ешқашан ұмытылмақшы емес,— деп, жұмысшыларға рух беріп отыратын. Олар Қаныштың айтқандарын әулиенің сөзіндей көріп, жұмысты жанын сала істейтін.

Жұмысшы мен колхозшылардың есінде көбірек сақтағаны Қаныштың дала кезіп жүрген сағаттары. Бұл туралы «Қаракеңгір» совхозының шопаны Дүйсенбай Кендірбайұлы былай дейді:

— Бір күні түс ауа, бұрынғы «Қарадыр» (қазіргі Көкбұлақ) колхозына Қаныш келіп, машинасын Қарсақбайға жіберіп, өзі ауылда жаяу қалды. Бірнеше күн дала кезіп, Арқалық, Терісаққан, Қарақойын — Қашырлыны зерттеп, боксит, вольфрам, көмір, тағы басқа кендер іздеген. Енді бірнеше күн осы арада болып, бұл жердегі кен байлығын байқап білмекші. Ұзақ жолдан шаршап келген кісі ауылда біраз әзілдесіп отырып, шай ішіп жан шақырған соң, бұдан сегіз шақырым тұрған Күтірлішатқа жаяу тартып кетті. Қаныштың көп кезген жері, әсіресе, осы Арғанаты, Күтірлішат, Ешкіөлмес, Жантелі еді. Машинамен, не атпен неге бармайсыз?— дегенде, Қаныш басын шайқап:

— Ол болмайды, ол тек басын шалып, түбінде не жатқанын білмей өте шығу болады. Оның үстіне Күтірлішат деген сөздің өзі машинамен жүрудің пайдасыз екенін көрсетеді.

Күтірлішаттың қия тастарын екі-үш сағат аралап кешке жақын үйге келді. Шай ішіп отырып:

— Осы арада ерте кезде қазған жердің орны бар ма, білесіздер ме?— деді.

— Білеміз, ол ағылшындардан қалған жер, осы біздің қасымызда,— дедік. Оны есту-ақ мұң екен, шай ішуді тоқтатып:

— Олай болса, маған сол жерді көрсетіңдер,— деді. Апарып көрсеттік. Күн батып бара жатқан кез еді. Қаныш ерсілі-қарсылы жүріп, ол жерді көз байланғанша айналдырды. Ең соңында сөмкесін сол жердегі қия тасқа іліп, өзі біздің үйге келіп қонақ болды. Ол жылы Күтірлішат сайында сары маса сондай қалың еді. Қаныш төсекті сөмкесін қалдырған қыраттың басына салдырып, екеуміз сонда түнеп шықтық. Таң ата беті-қолын жумай, Күтірлішаттың қия тастарын еміне-еркін аралап, оның қуыс-қуысында бармаған жері қалмады. Одан кейін көп айналдырғаны — ескі кен зерттеген жер.

Кейбір шопандар өздері тапқан кен тастарын көздің қарашығындай сақтап, Қанышқа көрсетуді зор мақсат етіп, оның келуін күтіп жүреді. Арғанаты тауында Кішібай деген бір шопан:

— Қарағым, Қанышқа сақтап жүрген бір қадірлі сыйым бар еді. Соны қалай тапсырудың есебін таба алмай жүрмін. Ол сый — алтын шығып жатқан бір жер. Оны осы күнге дейін бір жанға білдіргенім жоқ. Ашылып жатқан жерлерін таспен, топырақпен жауып Қаныш келгенше терең сыр қылып ұстап жүрмін. Осыны сол кісіге жеткізсеңіз жақсы болар еді,— деді.

Ұлытау, Жезқазған, Торғай бойындағы қарт шопандар мен жұмысшылардың әңгімелеп айтуынша, олардың Қанышқа жолдас болмағаны, оның сөзін естімегені кемде-кем-ақ. Көп шопандар өзінің Қанышқа ерген күндерін қызықты дәурен санап, кешке жақын әңгіме етіп айтып отырғандарын естігенде, алдыңнан таусылмайтын бір қызықты сурет елестейді. Олардың әңгімесі бір ғана Қаныш пен жер туралы, оның байлы-

ғы, ол жерді ертеден қоныстаған ел туралы. Қаныш соның барлығына көңіл қойып, жерді, тау-тасты, тарихи мұраларды жүйрік білетін кемеңгер қарттармен жиі әңгімелесіп отырады. Шопандардың айтуынша, Қаныш олардың ортасына келгенде — ол халыққа тәрбие беретін, білім сәулесін шашатын, олардың ұстазындай көрінетін болған. Күтірлішат бойында отырған қарт шопан Жайлаубай Кеңесұлы былай деген еді:

— Қарағым! Қаныш Арғанаты тауына келгенде, жұрт бақ құсы келгендей қуанады. Ол келгенде жүрек қуанып, көз шайдай ашылып, бір білім сарайына кіргендей боламыз. Қаныш осы Ешкіөлмес, Қарадыр, Күтірлішат, Мық бойынан жаз бойы шықпай, адам білмейтін бір кендерді іздеп жүреді. Біз бұрын жер астында мыс пен жез, қола мен темір, күміс пен алтыннан басқа дүние бар деп ойламаушы едік. Қаныштың айтуына қарағанда, жер астының байлығы ұшан-теңіз көрінеді ғой. Қаныштан бұрын Ұлытау, Арғанаты, Терісаққан, Торғай бойында не барын бір пенде білмейтін еді, онда қандай қазына барын енді бес жасар баланың өзі білетін болды. Мен өзім Қанышқа он бес жылдан аса жолдас болып, даланың көп жерін араладым. Сол жолдас болуымның арқасында кен шығатын тастың түрін, оның қасиетін Қаныштың күн сайын, сағат сайын айтып ұғындыруынан жақсы түсініп білдім. Қай тас вольфрам, қай тас ванадий, қай тас қорғасын, қай тас марганец, жез, қалайы, темір екенін қазір жақсы айыра білемін. Ондай тастар Арғанаты тауында жиі кездеседі. Қаныштың айтуынша, Арғанаты тауының ішінде ерте кезде кен шығарған орындар аз болмаған. Бірақ олардың кен байлығы онша емес дейді.

Қаныш тек қана тасты зерттеп қойған жоқ. Өзің сияқты тарихи заманнан сақталып келе жатқан сәулет мұраларына да көбірек ой бөліп, ерте замандағы қаланың орнына, егін суарған арық, тоғандарға ойысып отырды. Ондай тарихи мұралар Ұлытау мен Арғанаты төңірегінде өте көп...

Тарихи мұралардан Қаныштың аса қызығып, көңіл қойған белгінің бірі — жерден шығып тұрған мүсін тастар. Оның жойқын түрде жолығатын жерлері, әсіресе, Едіге мен Арғанаты тауларының жазық етегі, Жетіқыз бен Бозай өзенінің бойлары. Оларды көргенде Қаныш мүсін тастардың екі алуан түрде кездесуіне таң қалып, «екеуі екі заманның белгілері емес пе

екен?» деп ойға бататын. Мәселен Ұлытау мен Арғанаты жазығында кездесетін мүсін тастар ылғи мұртты, қылыш асынған, алапатты алып батырлардың тұлғасында суреттелсе, Жетіқыз бен Қозай өзендері бойындағы мүсін тастар көбінесе басына сәукеле киген қыз-келіншектерді әліптейді.

Бұл келтірілген мысалдың барлығы Қаныштың аскан патриот, Отанын, халқын ерекше сүйген кісі екенін көрсетіп, дәуірлерден келе жатқан тарихи мұраларға айрықша мән берген, білгіш ғалым екенін сипаттайды.

Халық пен Қаныштың сүйіспеншілігі таусылмайтын қызықты бір ертегідей.

Қанышқа көп жыл еріп, даланы онымен бірге талай рет кезіскен қарт Мейрамбай Кеңгір өзенін жағалап келе жатқанда, бір көгалды жерге тоқтатып:

— Қараңыз, Әлеке, осы арада Қанышпен бір түнеген едік. Бұл жердің суы терең, әрі тұщы. Қаныш оны жақсы біледі. Граниты бар жердің суы тұщы болады,— деп ылғи сондай жерге тоқтайтын. Бұл жердің балығы да көп, ылғи білектей шортандар. Өзеннің жағасы толған жиденің бұтасы. Осы араға тоқтап, Қаныштың еске түсірейік,— деді. Жігіттер түнеу қамына кіріскенде Мекең мені ертіп жүріп:

— Міне, Қаныштың шатыр тіккен жері — мынау. Ана жерде кешке жақын мосыда үлкен қара шайнегі асылып тұратын. Қаныш тұщы судан қайнатқан шайды сондай жақсы көретін еді.

— Меке,— дейтін,— жапан түзде дала кезіп жүргенде шай адамға дәрімен бірдей. Күні бойы ыстықта шөлдеп, денең құрысып, бас ауырып, ерін кезерсе, шай оны бір сағатта айдап шығады. Ондай кезде қымыз бен шайға жететін еш нәрсе жоқ. Бұл екеуі — дала кезіп жүргендер үшін адам ақылы тапқан игі нәрселер.

— Түнеген жерде Қаныш шатыр тіккенмен, онда жатпайтын, ашық ауада жататын. Шатырға, тек дауыл, жел тұрса, не жаңбыр жауса ғана кіретін. Қаныштың тұлғасының өзі бүтіндей өзгеше ғой. Қейде жас болса да жүрген жүрісі, істеген ісі, мінез-қылығы көзіңе ерекше көрініп, иненіп отырасың. Бірақ ол тіпті кішіпейіл еді. Сол көрікті тұлғасымен, сол ақыл білімімен алдыңда өз баландай иіледі. Ылғи «Меке, Меке» дейді. Жалғыз маған емес, жұрттың бәріне істейтіні сол ғой. Сондықтан ол Қанышты кім жақсы көр-

месін. Қаныш сипатты адам бола береді дейсің бе? Анау жүз, анау айдын, анау ақыл жұрттың бәрінде болса, ол зор бақыт қой. Оны тудырған ата-анасынан айналсаңшы. Бұл жаққа көптен бері келмеген соң, кісі оны сағынып, бір көруді арман қылады екен...

* * *

Қаныш дүниеден көшпелі дәурен сияқты өте шықты. Бірақ ол өткенімен оның ұлы адамдық бейнесі халық көңілінен еш уақытта кетпек емес. Оның халық үшін істеп кеткен асқаралы ісі, ұрпағына мирас етіп қалдырған ғылым қазынасы халық есінде, тарихта мәңгі қалмақ.

Д. В. Наливкин

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Халықтар тарыхында белгілі бір жеке адамның ролі оншама зор емес. Бірақ кейде, мүмкін жүз жылда бір рет, өз халқының даңқын шығаратын аса көрнекті, тамаша адамдар — әскери көсемдер, кемеңгер сәулетшілер, ақындар шығады. Ақыр соңында, жаңаны жасаушы, Аспан әлемін зерттеуші ғалымдар бар.

Егер бұдан жүздеген жыл бұрын өмір сүрсе, Қаныш Имантайұлы кім болар еді, мұны кесіп айту қиын. Ал оның ақын болмайтыны күмәнсіз еді. Өйткені бұған оның тым құнтты, тым іскер, тіпті мен айтар едім, тым ақ-жарқын болуы сай келмейтін. Ол үшін өмірдің өзі жаңа, творчестволық, терең ізденістің қуанышты оқиғасы, сарқылмас қайнар көзі, жаңа факторлардың, жаңа мүмкіндіктердің, жаңа құбылыстардың орасан зор жиынтық бейнесі болды. Өзін қоршаған шексіз-шетсіз әрқилы нәрсе атаулының бәрін ол өмірінің соңғы күніне дейін тынбастан зерттеуге, игеруге, оның ағысын адамдарға соншалықты көп пайда келтіру мақсатына бағыттауға тырысты. Жоқ, Қаныш

Имантайұлы тіпті де лирик-ақын болмас еді. Бір кезде ол қиын-қыстау күндерді бастан кешірді, өмірдің ауыр да өкінішті сәттеріне тап болды. Бірақ ол сол кезде де *өзін жұбатамын деп айнала қоршаған нәрсенің* бәрін ұмытқан жоқ, қайта, керісінше, солармен бұрынғыдан да зор байланыс жасап, творчестволықпен беріле, мақсатты еңбек етті.

Бәрінен де оған жаңа қалалар құрылысы, зәулім биік, алып ғимараттар салу сай келер еді. Бірақ бұл да толық сай еместін. Қайткенмен де құрылыс — тар өрісті мамандық қой. Қаныш Имантайұлы кең өрісті, жан-жақты мақсат-мүдденің адамы еді. Оны табиғат өзінің барлық алуан түрімен, барлық жұмбақ сырларымен қызықтырды. Егер бұдан әлдеқайда көп жыл бұрын Орта Азияда Ғылым академиясы болса, ол, әрине, оны басқарар еді.

Иә, Қаныш Имантайұлын тек бір ғана рольде — ғылым басшысы ролінде тануға болар еді. Ол тек осындай жолды — халық игілігі үшін жасампаздық пен творчество жолын таңдап алар еді.

Қаныш Имантайұлы ғылымның нағыз басшысы болды. Қандай жұмысты бастаса да, оның көлемі қандай болғанына қарамай, ол әрдайым сол жұмыстың сөзсіз басшысы болды, сондықтан да жұмыстың құны арта түсті.

Тіпті жас шағында-ақ ол Жезқазғанды — сол кезде әлі тың, беймәлім, бірақ көп үміт артуға болатын кеніштi зерттей бастады. Зерттеу партиясының жай бастығынан ол барлық жұмыстардың жетекшісіне дейін өсті, бұларды ол тек ұйымдастырушы ретінде ғана емес, сонымен бірге теоретик ретінде басқарды. Бұл кеніштің пайда болу тегі туралы оның түсініктерімен таласуға да, келісуге болатын еді, бірақ бұл түсініктер өз дегенін істеді, ғылыми базаға айналды, одан үлкен Жезқазған өсіп шықты. Ал, ең басты жұмысты Қаныш Имантайұлының өзі істеді, немесе оның басшылығымен істелді. Жезқазған деген сөз әрқашан Сәтбаевтың есімімен байланысты болмақ.

Қазақстанда геологияның төтенше, тіптен, өзгеше дамуы теориялық база жасауды керек етті. Осы жауапты міндетті Қаныш Имантайұлының басқарғаны өзінен өзі түсінікті. Оның басшылығымен Қазақстан Ғылым академиясының Геология институты пайда болып, өсіп өркендеді, сөйтіп, Совет Одағының аса ірі ғылыми

орталықтарының біріне айналды. Қ. И. Сәтбаев аса көрнекті кадрларды іріктеп алды, өзіне лайықты көмекшілер тапты, материалдық база жасады.

Қазақстанда бір ғана геология өзгеше қарқынмен дамыған жоқ, қазақ халқының әл-ауқаты мен мәдени өркендеуіне байланысты барлық ғылым дамыды. Бұл ғылымдарды біріктіру керек еді, ғалымдарға басшылық ету керек еді. Сөйтіп, жаңа Ғылым академиясы — Қазақ ССР Ғылым академиясы пайда болған. Әрине, оны Қаныш Имантайұлы басқарды. Бұл ерекше қызметте ол өмірінің соңғы күндеріне дейін істеді, қатты науқастанып жүріп істеді, оған бар күш-жігерін сарп етті.

Осы қызметте — қазақ ғылымының басшысы қызметінде ол дүние салды.

Ы. Жақаев

АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Адам өмірге келеді, зейнет іздейді, бақыт табады. Дүниенің шалқар теңізін өктем адыммен кешіп өтпестен тұтқиылдан соққан асау толқын жаңқа секілді жағаға лақтырып тастайды. Сондықтан әрдайым бекем, әрдайым берік болуың керек. Өмір сенің еркелігіңді көтермейді. Әр адамның өмірлік мұраты, мақсаты болуы тиіс. Өзіне жүктелген міндетті дұрыс ұғыну қиын нәрсе, ал оны қалтқысыз атқару — одан да қиын. Сол себепті де әркім дүниеге ашық та ойлы көзбен қарауға, өзінің адамдық парызын жете түсінуге міндетті. Бұлай болмайынша негізгі мақсатқа жету мүмкін емес.

Мен самолетте осылай ойладым.

...Ой көп, істелетін іс одан да көп. Бір күн қарын тойса, қырық күн аш болғанын естен шығаратын небір кержалқау диқанды көрген едім. Бүгінін емес, ертеңін, ертеңін емес, екі жылын күн ілгері ойламаған диқан — диқан емес.

Менің осы сапарымның өзі болашақ қамы. Отанымыздың жүрегі — Москваға бара жатсам да, менің бар зейінім, ықылас-ойым өз аулымда, өз жерімде қалды. Москваға мені ұлы мақсат әкеле жатыр. Мен сүйікті партиямның жиырма үшінші съезіне келе жатырмын. Менің бұл сапарым — болашаққа сапар. Өйткені, партия тек болашаққа бастайды.

— Ыбеке, сіз дәл осы отырғанда болашақ жайлы ойлап отырсыз.

Мен селк еттім. Бұл көршім — қазақтың аяулы ұлдарының бірі академик Қаныш Сәтбаев еді, ол Алматыда самолетке отырарда әлдекімдермен келісіп, мені өз қасына отырғызып алған.

— Ыбеке, көрші болайық. Сөйлесейік. Әңгіме айтыңыз,— деп қолқа салды ол.

— Сөйлей білген жақсы, тыңдай білген одан да жақсы,— дедім мен сәл қалжыңға шаптырып.

— Әрине,— деді Қаныш қарқылдап күліп,— «Жақсының сөзінен — тас балқиды, жаманның сөзінен — бас қаңғиды» деген. Сіз әңгіме айтсаңыз, тыңдауға ерінетіндер табыла қоймас.

Егер мен сол бір жақсы інімнің көп ұзамай көз жұматынын білген болсам, айналайын қалқаммен мауқымды басып құшақтасып, көңілде жүрген ойларды ағын судай ақтармас па едім. Жазық маңдайынан құшырлана иіскеп, жан баламдай бақыл айтпас па едім. Әттең, әттең!.. Жазылған сөз сақталады, айтылған сөз ұмытылады демекші, Қаныш інімнің еліне, жеріне арнаған талай еңбегі артында қалды. Оның маған қоштаса тұрып айтқаны:

— Күзден қорқ — соңынан қыс келеді, қыстан қорқпа — соңынан көктем келеді,— деген сөзі әлі құлағымда, әлі жадымда.

Қанышпен бірге Москвада он күндей болдым. Көп сөз айтылды, көп сөз айтылмай қалды...

— Москва!— деген қуанышты дауыс мені селт еткізді.

— Ыбеке, Москва!— деді Қаныш.

Сөйтті де, көйлегінің сәл ағытулы түймелерін қайтадан сала бастады.

Қимылдары сабырлы, көздері жіті. Сақалы саусақтары да үлкен сабыр иесі екенін сездіріп тұр. Екі ығын қомдаған кезде, тұғыр үстінде отырып, шыдамсыздана шаңқ еткен қыран бүркітті көз алдыма келтірді.

— Ыбеке, мен әділдікті де осы қаладан таптым, ақылдың кені болған ұлы адамдарды да осы қаладан көрдім,— деген еді ол.

Мен де көп игілікті жақсы нәрселерді осы шаһарда көрдім...

М. П. Русаков

ЖАСТАЙЫНАН БІРГЕ ӨСКЕН

1921 жылды еске алсам сұңғақ бойлы, сымбатты, бойына шақтағанда жұқалтаң дерлік, ашық өңді, кең маңдайлы, бұйралау қалың қара шашты жас жігіт көз алдыма келер еді. Иә, жас Сәтбаев осындай болатын, 1921—22 жылдардың қысында Қаныш Имантайұлын профессор (кейін академик) Михаил Антонович Усовтың лекцияларында жиі көріп жүрдім. М. А. Усовтың педагогтік және лекторлық таланты алдында бас иген мен Ленинград кен институтынан кейін Томскіде де оның барлық лекцияларын тыңдайтынмын. Сонда Қаныш Имантайұлы М. А. Усовтың аса қызғылықты да әсерлі лекцияларын қаншалықты құмармен, бір сөзін қалт жібермей тыңдап отырғанын көрсеңіз ғой. Әлі есімде, жалпы геология бойынша екі сағаттық лекция аяқталғаннан кейін, Қаныш Имантайұлы күрсініп қойып: «Қоңырау ерте соғылған жоқ па екен, лекция тез аяқталған сияқты», деген еді.

Марқұм М. А. Усов жас Сәтбаевтың жер туралы, геологиялық процестер туралы, жер қыртысының тарихы туралы, оның қойнауларындағы байлықтар туралы білімге аса құмар екенін бірден аңғарды. Маған ол Томскіге сонау Баянауылдан келген қазақ халқының жас ұлына уақытын да, назарын да көбірек бөлетін сияқты болып сезілді. Институттың екінші курсын аяқтар кездің өзінде-ақ Қаныш Имантайұлы геологиялық пәндерге қанығып, геологияны жақсы түсінетін болды.

1923 жылы, июль айының жайдары бір күнінде Бесшоқы тоғайында тұрған біздің лагерьге екі көк атқа

салт мінген жолаушылар келіп түсті. Олардың бірі: «Геолог Русаков осында істей ме?»— деп сұрады. Енді қарасам, келіп тұрғандардың бірі — Қаныш Имантайұлы. Туған жерінің кәусәр ауасында өңі әрленіп қалыпты. Біздің геологиялық партияға М. А. Усовтың кеңесі бойынша практикадан өту үшін келіпті.

Бесшоқы мен Баянауыл арасы 400 километр, осынша қашықтықты екі жүргінші төтесінен, жолсызбен, талай тау мен қырдан өтіп, қадірлі ұстазы ұсынған геологиялық партия мен геологты іздеп келіп тұр екен.

Геологиялық суретке түсіру, бірсыпыра мыс және басқа кен көздерін қарау жөнінде бірлесіп жұмыс істеген бір айдың қалай өтіп кеткенін де сезбей қалдық. Егер Томскіде, лекцияларда Қаныш Имантайұлы геология ғылымының теориялық тасын қалай беріле қашаса, осы арада, далада, Қызылтас бас суарғышының геологиялық аса қызықты бөлегінде, әр түрлі үш бассейнге жататын Нұра-Шерубай, Сарысу өзендерінің бастауларында да жас геолог алакеуімнен қас қарайғанға дейін кен жыныстары мен рудаларды табиғи жатқан жерлерінде зерттеумен болды. Баянауылда жүрген бала кезінде-ақ тас көрсе қадала қалатын Қаныш Имантайұлы Орталық Қазақстанның геологиялық құрылымына кіретін метаморфикалық жыныстарының күрделі де сан түрлі комплексімен, шындап келгенде, осы жерде танысты. Оны алдымен рудалар, олардың минералогиясы, сақталу жағдайлары қызықтырды. Сондықтан да Қаныш Имантайұлы руда көздерінде түн қараңғысы түскенге дейін жүре беретін.

Бірлескен геологиялық маршруттар бойынша сапар шегіп келе жатқанымызда Қаныш Имантайұлы таулардың, тоғайлардың, өзен-көлдердің қалай аталатынын, неге олай деп аталғанын, мұнда жер бедерлерінің немесе тарихи оқиғалардың әсері бар, жоғын ұдайы сұрастыра жүретін-ді.

Қазақ халқы географиялық атауларда белгілі бір жердің, таудың, шоқының, тоғайдың және басқаларының ерекшеліктерін қаншалықты шебер бейнелейтінін мен кейін ұқтым.

Енді, міне, ширек ғасыр өткеннен кейін, Қаныш Имантайұлын бір ғана геология қызықтырмағаны есіме түсіп отыр. Жаздың аптабында күні бойы жол жүріп келіп ауылға қонғанымызда, әсем табиғат пен малшылардың еңбек өмірі сергіткен Қаныш Имантайұлы киіз үйдегі от басында отырып, ауыл ақсақалдарымен

ұзақ әңгімелестің, көпті көрген көне көздердің өткендегі заман туралы, даладан тауып әкелген әр түрлі заттары туралы, оларға құпия болып көрінген табиғат құбылыстары туралы әңгіме тыңдайтын. Қаныш Имантайұлының археологияға деген, туған халқының фольклорын біле түссем деген ынтасы сол кездерде туып еді.

Мен түнде төсекте жатып та киіз үйдің сыртынан Қаныш Имантайұлының өтініші бойынша қазақтың жігіттері мен қыздары шырқаған әнді талай естігенім бар.

Біз 1923 жылдың августында бір-бірімізге деген аялы сезіммен ажырастық. Бірақ ол кезде біз қайта басымыз қосылып, тағы да қызметтес боларымызды білмеп едік.

Келесі жолы біз 1927 жылы, Қаныш Имантайұлы институт бітіріп, геолог-барлаушы деген диплом алып, Жезқазғанда жұмыс істей бастағанда кездестік. Ол кезде бұрынғы Геологиялық комитеттің геологтары И. С. Яговкин, П. М. Никитин, тағы басқалары Жезқазғанда зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан-ды. Мен Жезқазғанның рудалы даласымен және мысты құм көздерімен алғашқы рет таныстым. Біріншіден, Жезқазғанның жалпы перспективасын бағалауда ағылшындық концессионерлер сияқты, тек мол рудалар ғана есепке алынатын минималистік тенденция, екіншіден, Геологиялық комитет қызметкерлерінің мұнда ағылшындардан кейін жүргізіліп жатқан геологиялық-барлау және барлау-бұрғылау жұмыстарының (небары екі-үш бұрғылау станогы ескі әдіспен, баяулап жұмыс істейтін) көлеміне қалай болса солай қарайтыны бірден көзге түсті.

Жезқазғанға Қаныш Имантайұлы келгеннен кейін бұрынғы Геологиялық комитеттің жұмысымен қатарласа мұнда Қаныш Имантайұлы бес-сегіз және одан да көп бұрғылау станогын іске қосып, бұрғылау жұмысын кең көлемде өрістету, бір станокқа шаққанда айына проходкалау нормасын ұлғайту, өзінің жөндеу шеберханасын, қоймаларын, мыстың және басқа компоненттердің құрамын жылдам анықтай алатын химиялық лабораториялар салу үшін саналы түрде, батыл бағыттап отырған мамандандырылған геологиялық-барлау қызметі туа бастады.

Қаныш Имантайұлы бұрғылау кадрлары — аға және сменалық бұрғылау мастерлерін, бұрғылау жұмысшыларын, сондай-ақ коллектор кадрларын, лабораторияның техникалық қызметкерлерін және тағы басқаларын даярлауға қызу кірісіп кетті.

Әрине, Жезқазғанды барлау жөніндегі барлық осы жұмыстардың жаңа жетекшісі — Қ. И. Сәтбаев мыңдаған емес, талай ондаған және жүздеген мың метр тереңді бұрғылау арқылы анықтауға болатын және анықталуға тиіс Жезқазған қойнаулары мысының перспективалық қорларының көлемін өте дұрыс және осы рудалы өлкенің тарихында алғаш рет айқындағанын мойындамасқа болмайды.

Қаныш Имантайұлының қажу білмес қайраты және оған партия ұйымдарының қолдау жасап отыруы нәтижесінде 1927-28 жылдары орын алған Жезқазғандағы барлауды ұйымдастырудың өте ауыр сәттері мен бөгеттері ақыры жойылды. Марқұм Серго Орджоникидзе Жезқазғанды барлау ісіне назар аударды, сөйтіп 1930-31 жылдары мұнда зор көлемді жұмыстар қызу қарқын алды. 1931 жылы Қаныш Имантайұлының шақыруы бойынша мен Жезқазған мен Қарсақбайға екінші рет бардым. Бұл кезде Жезқазған рудаларында советтік мыс балқыту заводы жұмыс істеп тұрған.

1931 жылы Жезқазғанды оның 1927-28 жылдардағы көріністерімен салыстыру қиын еді. Оннан астам бұрғылау станоктары жұмыс істей бастады. Жұмысшылардың жалпы санының жартысына жуығын қазақтар құрайды екен, олар орыс жұмысшыларымен, мастерлерімен тығыз ынтымақтасып кетіпті. Қаныш Имантайұлы еңбегі арқасында қазақ жұмысшылары білімге де, тәрбиеге де қанықкан. Химиялық лабораторияларда да, механикалық шеберханада да, коллекторлық бөлмелерде де, Қаныш Имантайұлы ұйымдастырған Жезқазғандағы алғашқы микроскоптармен және басқа аппараттармен жабдықталған ғылыми-зерттеу ячейкаларында да өмір қайнап жатты. 1925—27 жылдардағымен салыстырғанда бұрғылау станоктарының айлық еңбек өнімділігі шұғыл арта түсті.

Содан бері көп жыл өтсе де, Қаныш Имантайұлы Жезқазған рудалы далаларының бәрін, өзі құрған коллективтің ынталы еңбегі арқасында шаршы километрлермен емес, сан жүздеген шаршы километрлермен өлшенетін кенді алқаптарды маған қаншалықты қызыға,

зор энтузиазммен көрсеткені есіме түссе әлі қуанышқа бөленемін.

Қаныш Имантайұлы Жезқазғанмен қатар, 1931 жылы (тіпті одан да ертерек) Жезқазған — Ұлытау ауданын комплексті зерттеу, оның қойнауындағы байлықтардың бәрін анықтау мақсатымен Қарсақбайдың темір рудаларын, Жездінің марганецін, Қияқтының қоңыр көмірін, Болаттаманың пиритті лигниталарын, руда емес шикі-заттың сан түрлі комплексін барлаумен айналысты.

Осы жерлер мен объектілердің бәрін — Жезқазғанды, Қарсақбайды, қорғасынды, Жездіні, Найзатасты және басқаларын 1931 жылы Қаныш Имантайұлы екеуміз қарап шығып, минералдық байлықтарымен қоса алғанда Жезқазған — Ұлытау ауданының индустриялық болашағы зор екен, оған темір жол тартылысымен-ақ бұл аудан Қарағандыға, сол арқылы бүкіл советтік халық шаруашылығына қосылады екен деген жалпы қорытындыға келдік...

Сол 1931 жылдың күзінде Южцветметтің арнаулы комиссиясы геологтардың бір тобын (Логачев, Наследов, Никитин, Русаков, Сәтбаев, тағы басқаларды) Қазақстан мен Орта Азиядағы түсті металл руда базаларын бағалау жөніндегі жауапты жұмысқа қатыстырды. Бұл топ Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы, Орта Азиядағы бірсыпыра кен көздерін зерттеді. Аса ірі және әр түрлі үлгідегі мыс кені көздерін кеңінен қамту жолында, оларды салыстыра сипаттау мүмкіндігі жолында, сол жерлердегі геологиялық барлау жұмыстарын сын көзімен қарап, бағалау жолында қазақтың кең-байтақ даласын шарлаған менің және жолдастарымның — комиссияға қатысушылардың есінде бұл сапар ешқашан ұмытылмайды. Әрбір объектіде қор мөлшерін есептеп, қорытындылар мен протоколдар жазып, үш-төрт күн жан сала жұмыс істегесін, біздің топ келесі кен көзіне жетуге асығатын. Ылғи осылай еді. Жол үстінде қиыншылық кездессе, ойнап-күліп жүріп, түзеп жіберетінбіз. Графикті сақтау үшін бізге күндіз-түні бірдей жол жүруге тура келді. Осындай түнгі сапар кезінде Қаныш Имантайұлы бізді ми шарлаған геологиялық ауыр ойлардан, концепциялардан, шытырман схемалардан сейілтіп отырушы еді. Қазақстанның және қазақ халқының тарихына жақсы қанық, ескі аңыз-ертегілерді көп білетін ол кейде жүк

машинасының үстінде селкілдеп отырған жолдастарына тамаша әңгімелер шертетін.

Осы кезден бастап мен Қаныш Имантайұлының жан-жақтылығына, туған халқына, туған еліне, оның өткендегісі мен бүгінгісіне деген зор махаббатын түсіндім. Поэзия мен музыкадан да көп хабардар Қаныш Имантайұлы автомотордың бейнебір сүйемелдеуімен өзі ән салып, бізді қазақ әндерімен таныстырушы еді. Бір жарым айға созылған бұл сапар Жезқазған мен басқа жерлерді салыстыра алатын мол материал берді, бәрінен де артық көріне беретін Жезқазғанға деген оның ынтықтығын арттыра түсті, ақыры бұл сапар он бес жыл бойы жинақтаған, өзінің геологиялық және геологиялық-экономикалық қорытындылар жасаған зор көлемді материалдарын тезірек жазып, жариялауға мүмкіндік туғызды. Бұл сапар Қаныш Имантайұлын бірқатар геологтармен мәңгілік достастырды. Сол достарының көбі (Русаков, Барукаев, Новохатский, тағы басқалары) қазір де Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық институтында қызмет істеп жүр.

1932 жылы Қ. И. Сәтбаевтың еңбегі «Жезқазған мыс рудалы ауданы» деген атпен жеке кітап болып баспадан шықты...

...1939—1942 жылдар арасындағы кезеңде мен Совет Одағының барлық рудалы аудандары бойынша сарапшы-консультациялық жұмыспен айналысып жүрсем де, ал Қаныш Имантайұлы Жезқазғанда мыстың дүние жүзілік қорын «жасап», барлық минералдық ресурстарды анықтап жатса да біздің жолымыз талай рет түйісті.

Москва мен Ленинградта, бірде металдар бойынша конференцияларда, бірде СССР Ғылым академиясының мәжілістерінде, бірде СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінде, тағы бірде қор жөніндегі Бүкілодақтық комиссияның мәжілістерінде біз жыл сайын дерлік кездесіп тұрдық.

Мен оны қай жерде кездестірсем де Қаныш Имантайұлы өзінің бүкіл өмірін арнаған Жезқазғанның тағдыры туралы, оның қорын молайту туралы, мыс кенін өнеркәсіптік игерудің формалары мен жолдары туралы, ұлттық кадрларды даярлау туралы, барлау техникасын жетілдіру, ғылыми зерттеулердің жаңа тәсілдерін қолдану туралы ойлап, жұмысбасты болып жүретін.

Қор жөніндегі Бүкілодақтың комиссияда маған Қа-

ныш Имантайұлымен бірге Жезқазған және басқа кен көздері жөнінде көптеген идеялар мен цифрларды табандылықпен қорғауға тура келді.

Орталық Қазақстанда көп жыл жұмыс істеген Қаныш Имантайұлы өзі жақсы білетін нәрсеге зиянды да қате көзқарастармен большевиктік келіспеушілік, табандылық танытатын, қаншама ақкөңіл болса да бұл қасиетін ол өмір бойы сақтады. Қаныш Имантайұлының осы қасиеті Қазақстан қойнауларының минералдық ресурстарын анықтау саласында пайдалы көмегін тигізді.

1942 жылы Қаныш Имантайұлының инициативасы бойынша мен Қазақ ССР үкіметінен үлгісі мен құрамы әр түрлі рудалы кен көздерін тексеруден өткізіп, өнеркәсіптік баға беру ісінде толғағы жеткен міндеттерді шешу үшін Қазақстанға жұмысқа ауысу жөнінде ұсыныс алдым. Жұмысты қазіргі ССР Геология министрлігінің Қазақ геологиялық басқармасында қызмет істеуден бастаған мен СССР Ғылым академиясының 1941 жылдан Қаныш Имантайұлы басқарып келе жатқан Қазақ филиалы жүйесімен әрдайым тығыз байланыс жасап тұрдым. Ауқымды да ақылды, фактілерді, идеяларды, цифрларды, саяси және экономикалық тұжырымдарды терең талдайтын ойлы, геологияны ғана емес, сондай-ақ ғылым мен мәдениеттің басқа салаларын да біле түссем екен деген ынтасы зор, мемлекеттік көлемдегі мәселелердің бәрінде де өте принципті, инициативалы, мемлекет мүддесіне зияны тиетіннің бәріне қарсы тұрар большевиктік табандылық, туған елін, біздің ортақ социалистік Отанымызды шексіз сүюші — соңғы жылдары менің санамдағы Қаныш Имантайұлы бейнесі, міне, осындай. Мен 1921-23 жылдардан білетін Сәтбаев ірі ғалым және мемлекеттік қайраткер болып қалыптасты. Сонымен қатар Қаныш Имантайұлының өте қарапайымдылығы, лауазымына, жасына, ұлтына қарамастан адамға деген қатынасы ерекше көзге түсіп тұрады.

Қаныш Имантайұлының жұрт өнеге тұтар табандылығы мен іскерлігінің бір мысалы — Ұлы Отан соғысының алғашқы ауыр жылдарында оның үкімет пен Қорғаныс комитеті алдына сол кезде қорғаныс үшін жұмыс істеп жатқан Орал қара металлургиясы аса зәру кен көздерінің бірі ретінде ұсынған Жезді марганец кені болатын.

Көптеген геологтар мен экономистердің үмітсіз пікіріне қарамастан Жезді марганец руднигі құрылды да, оған темір жол тартылды. Бұл кен көзі елімізді жаудан қорғау ісінде орасан зор роль атқарды.

В. А. Амбарцумян

ҮЛГІ АЛУҒА ЛАЙЫҚТЫ БЕЙНЕ

Аса көрнекті совет ғалымы және мемлекет қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қызметі, мамандығы, лауазымы және қоғамдағы орны жағынан ерекше оқшау тұратын адамдар қатарына жататын еді.

Тек қазақ халқы үшін ғана емес, барлық совет елі үшін туған аса ірі геолог, Қазақстанның табиғат байлығын зерттеуші, Коммунистік партияның адал перзенті шын мәніндегі дарынды ғалымы еді. Оның бір өзі біреге құбылыс болатын. Оның бейнесін, оның мейірімді жүзін, оның достық көңілмен жымиып күлетінін мен ерекше бір тебіреніспен және шексіз құрмет сезіммен еске алып отырмын.

Көбіне біз Москвада, Ғылым академиясының мәжілістерінде, ғылыми конференцияларда кездесіп жүрдік, ал мәжіліс аралығындағы үзілістерде екеуара пікір алысатынбыз және әрқашан одақтас республикалардағы ғылыми зерттеулерді барынша жоғары дәрежеге көтеруге қайткенде жетуге болады деген тақырыпты тілге тиек ететінбіз.

Ғылыми талқылаулардың бәрінде де оның сөйлеген сөзі көзқарас ауқымының кеңдігімен ерекшеленетін, ғылыми зерттеулердің тереңдігін олардың Совет мемлекетіне неғұрлым мол пайда әкелетін бағыттарымен ұштастыруға жету мақсатына толы болатын. Оның ешбір әзірліксіз, бірақ әрқашан сабырлы да нысаналы сөйлеген сөздерін тыңдаған адам, Қаныш Имантайұлының ғылымды, ең алдымен геологиялық ғылымды дамыту туралы, осының негізінде өндіргіш күштерді одан әрі дамытуды қамтамасыз ету туралы ғана ұдайы ойлап жүретініне еш күмән келтіре алмайтын.

Қаныш Имантайұлы өз өмірін тұтас ғылымға және оны іс жүзіне қолдану проблемаларына арнай тұрса да, ол қарапайым адамдармен, өзінің ақыл-кеңесі мен жәрдемін алғысы келгендермен қарым-қатынас жасап тұру үшін әрқашан уақыт таба білетін. Ол өте қарапайым да ақжүрек адам еді. Академик Қ. И. Сәтбаев сынды төрт құбыласы сай келген адамдар туралы ойлағанда бала кезінде алған тәрбие ғана басқа адамдармен қарым-қатынаста мұншалықты биязы және ізгі жанды қалыптастырып шығара алмас еді-ау деген ойға қаласыз. Оның зор табиғи дарыны ғылым саласында алға жылжуына ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеуіне, жетілдіруіне де көмектесті. Сондықтан да мен үшін және көптеген басқа адамдар үшін академик Сәтбаев әрқашан үлгі алуға лайықты бейне болып қалады. Ол тек жақсы ғалым болғысы келгендерге ғана емес, сонымен бірге Ұлы Отанымыздың лайықты азаматы болуға ұмтылған миллиондаған жастарға да үлгі.

А. Жұбанов

ӨНЕР ҚАМҚОРЫ

Күні кеше алдымызда асқар таудай болып отырған ағамыз — Қанышекең туралы естелік жазамыз деген кімнің ойында бар. Қай уақытта барсаң да есігі ашық, бейілі кең, қырағы ойы үнемі алдағыны болжап отыратын, сенің барып отырған жұмысыңның шамасын байқап отыратын. «Анау олай депті, мынау бұлай депті» дейтін әңгімелерді иттің етінен жек көретін. Сондықтан Академия ішіндегі жұрт Қанышекеңнің басын ондай әңгімелермен ауыртпауға тырысатын. Қанышекеңнің барлық сыр-сипатын, тіпті сыртқы көрінісінің өзін, оның қашан көрсеңде жүзінен өміршеңдік кейіп көрініп тұратынын суреттеу үшін біз сияқтылардың шамасы жетпейді. Ол үшін кешегі Мұқаң сияқты әдебиеттің нары керек.

Отызыншы жылдардың басында-ақ біз Қанышекеңнің атын есіте бастадық. Бері келе оның Геология ғылымының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болғаны жалпы халықты аса қуантты. Жүзін көрмегенмен, оның үлкен білімпаз күшті инженер екендігін естіп жүрдік. Оның атының Жезқазғанмен байланысты екенін біз сияқты техникалық ғылымдардан алшақ жүрген адамдар да білетін. Қанышекеңнің жұмыс нәтижелері социализм құрып жатқан халыққа ұлы игілікті жарна екені де білінген. Кейде ол кісінің мақаласын оқып қалғанда, «әттең, өзін көрсек!» деген ой келе беретін.

Бейбіт өмір құрып, үлкен-кіші демей еңбекке, өнерге, ғылымға жұмылып жатқанда, кенет өмірдің дауылы соқты. 1941 жылдың июнь айында Отан соғысы басталды. Ұлы Ленин партиясы тәрбиелеп, баулыған совет халқы, сол бейбіт күндердегі ауыз бірлікті, ынтымақты, еңбексүйгіштікті бұрынғыдан бірнеше есе арттырды. Майданда жауынгерлер гвардиясы, тылда еңбеккерлер армиясы күн-түн демей қанқұйлы жауды жеңуге бар күшін салды. Алматы алыста болғанымен, соғыстың зардабы үнемі білініп тұрды. Совет халқы өндіріс, ауыл шаруашылығымен қатар ғылымын, мәдениетін, өнерін ілгері өрбіте берді. Театрлар, концерт орындары өздерінің ежелгі алдарына қойылған міндеттерін атқаруда болды. Киностудия өзінің негізгі міндеті — фильмдер жасауды бір мезгіл де тоқтатқан жоқ. Мектептерде сабақ жүріп жатты. Ғылым мекемелерінде негізгі лабораториялық жабдықтаулар бұрынғыдай болмағанымен, іздену екпіні ешбір бәсеңдемеді. Тек бұрынғыдай қаланың көшелерінде машиналар зырылдап, сапырлысқан қозғалыстардың көрінбегені болмаса, жалпы еңбек, жұмыс тынысы, сырттай қарағанкісіге, болып жатқан оқиғаның салқыны жоқтай болып көрінді.

Ұмытпасам, 1942 жылдың басында киностудияда бір мәжіліс болып, сонда бірінші рет Қанышекеңді көрдім. Ол кезде Қанышекең СССР Ғылым академиясының Алматыдағы филиалының председателі. Мәжілісте кинонын, театр, музыка өнерінің үстіміздегі жағдайдағы міндеттері жайлы әңгіме болды. Бәріміз де білгенімізді айтып болғаннан кейін Қанышекең сөйледі. Ол өнердің түрлі салаларының үстіміздегі уақытта қандай роль атқаратынын, мақсатын, халықты рухтан-

дырудағы оның орнын өте байсалды, ақылды түрде айтып берді. Отырғандардың бәрі де Қанышекеңнің аузына қарап қалды. Әсіресе, эвакуация арқылы орталық қалаларымыздан келген үлкен режиссерлар, актерлар Қанышекеңнің әрбір сөзін жібермей, әрпін санағандай аңырысты. Ал, біздің өнер айналасындағы, әдетте кітапты көп оқып, көздерінің майын тауыса қоймайтын замандастар, Қанышекеңнің бұл салада да аса көп білетінін, әдебиеттен де, өнерден де айтатын үлкен сөздері бар екенін көріп таң-тамашаға батты. Мен ішімнен: «Па, шіркін, келбетің мен ақылың, білімің сай келген екен! Жасай бер, қазақ халқының бақытына!» деумен отырдым. Тап осы бір сәтте ондай ой үстінде болмаған адам аз болар-ау!

Осы бір күннен бастап мен Қанышекеңнің етегінен ұстауды, соның айналасында жүруді арман еттім. Өйткені адам алға қадам басқысы келсе, өзінен ақылды, өзінен білімді ортаға тырысу керек. Тез өз бойындағы барынды беріп, өзіңнен аз білетін адамдардың мақтауын күнде есіткенмен, ондай «рухани көпшік» бәрі бір сені жоғары көтере алмайды. Ал Қанышекең сияқты адамның «етегіне жармасу»— үлкен талап, жаңа бір қадам сияқты болып көрінді де тұрды. Біздің бақытымызға Қанышекең филиалдың мәжілістеріне, конференцияларына сессияларына бізді шақырып тұрды. Құрманғазы атындағы оркестр арқылы мен сахнаға үнемі шығып тұратынмын. Ал сахнадағы адам залда отырғандардың бәрін көре бермейді, залдағылар керісінше, екі көздері сахнада болады. Сондықтан болу керек, Қанышекең танысқанымызда мені білетінін айтты. Ол өнердің адам өмірінде үлкен орны бар екенін айтып, біздің шүйдемізді біраз көтеріп тастаған. Мақтауды тәуір көретін өнер адамдары, үлкен кісінің аузынан ондай сөздер есіткенге тіпті көтеріліп қалдық. Бірақ Қанышекең мақтаумен бірге біздің өнеріміздің іс жүзінде өсіп бара жатқанын, сонымен қатар өнер зерттеу мәселелерінде біздің артта қалып қойғанымызды ескертіп өтті. Бізге ұнаған осы бір ағалық қамқоршылығы, ғылымның қай саласы болса да өзінің төл ісіндей көретіні болды. Мәжілістерде, не басқа жағдайларда болсын, енді Қанышекеңмен кездесуді үнемі тілеп тұратын болдым. Қандай болмашы себептер кездессе де, сол кісінің тағы да бір ауыз сөзін есту менің болашағымның жолы сияқты болып көріне берді.

1942 жылдың аяғында филиалдың бір сессиясы болды. Одан кейін Жазушылар одағының пленумы өтті. Осының бәрінде де Алматының мәдениет майданындағы қайраткерлердің бәрі жиналатын. Міне, осы мәжілістерде Қанышекеңмен бұрынғыдан да жақын таныстық. Әңгімелесетін болдық (бұған дейін мен ондайға бата алмайтынмын). Қанышекең өзінің қарапайымдығын көрсетті. Ол үлкен екенмін демей, кей кездерде біздің ақылға аса терең болып кездесе бермейтін әңгімелерімізге де құлақ қойып тыңдайтын. Асықпай-саспай өзінің ежелгі мейірімділігі, мәдениеті бойынша түсіндіруге тырысатын.

Осындай бір әңгіме арасында Қанышекең менің филиал жұмысына бұдан былай белсендірек араласып жүруім керек екенін айтты. Мен ондай ұсынысқа қатты қуанып, енді осы ғылым жолына қалай барар екенмін деп жүргенімде, мынау сияқты әңгіме есту маған бақыт еді. Енді филиалға жиі барып тұратын болдым. Көптеген Қанышекең басқаратын мәжілістерде отыратын болдым. Оның өзі бір мектеп қой. Өйткені, Қанышекеңнің білімпаздықпен қатар үлкен масштабтағы ұйымдастырғыш адам екендігін бәріміз де білеміз. Міне, осы бір жағы да біздің жаңа қадам басып келе жатқан ғылымымызда үлкен роль ойнады. Ал, мен әрбір мәжіліс соңында Қанышекеңнің үлкен парасатпен, өз жұмысын терең түсіне отырып, талқыланған мәселені әбден пісіруіне таң қалатынмын. Ол кісіде біз сияқты, шолақ қайырып қалатын, үлкен мәселеге ұсақ мінез кірбіңін араластыру деген кездеспейтін. Әсіресе, сол арада қанша кісі отыратын болса да, соның бәрінің аты мен әкесін жаңылмай атап отыратын. Бұл, әрине, шешуші мәселе болмағанымен, адамның есіне тұту дәрежесінің жоғары екенін және үлкен мәдениетін көрсетеді.

Сол жылдың аяғында менің «Қазақ композиторлары» атты кітабым шықты. Ол кітап тез уақытта тарап, оқушылардың назарынан орын алды. Қанышекеңе де қатты ұнап, ол кісі кітаптың бірқатар қасиеттерін маған айтып берді. Мен Жамбыл атындағы филармонияда көп жыл жүргенде, халық әншілері мен күйшілерінен есіткен-білгендерімді тергенімді және оның үстіне бірқатар қазақтың музыкасы жөнінде жазып кеткен орыс этнографтарының мақалаларын оқыға-

нымды, солардың нәтижесінде бұл еңбектің жарыққа шыққанын айттым.

1943 жылдың көктемінде біздің қоғамдық ғылымның «қара шаңырағы»— тіл және әдебиет институтының ғылыми советі бұл кітапты өзінің мәжілісінде талқылап, ғылыми дәреже сұрауға ұсынды. Ол ұсынысы филиалдың президиумында қаралып, толықтырылып, бірқатар өзгерістер енгізіліп, Москва консерваториясының ғылыми советінің қосымша талқылау, ұсынысы арқылы жоғарғы орындарға жіберілді. Осының бәрінде де үлкен инициатива Қанышекеңнен келді. Ол кісі кітаптың өнер зерттеу саласында бірінші екенін ескертіп, оған аса жоғары баға берді. Мұның бәрі де менің енді ешқайда бұрылмай, түгелдей ғылымға қарай бет бұруыма себеп болды. Ол үшін филиал құрамында өнерді зерттейтін мекеме болу керегі келіп шықты. Қанышекең де кездескен сайын осы мәселені менің алдыма қойып, қандай кадрлар бар екендігінен хабардар болып жүрді. Бұл мәселе Қанышекеңнің аузына іліккесін-ақ біз — өнер айналасындағылар бұл талаптан нәтиже шығатынына күмәнданғанымыз жоқ. Бірақ әр нәрсенің өз уақыты бар...

1944 жыл келді. Отан соғысы майданында біздің айбынды күштеріміз жауды өкшелей бастады. Олар дүрліге қашты. Халықтың көңілі біраз көтеріңкілікке көшті. Барлық өмір саласында бұрынғыша жұмыс қызып жатты. Ғылым соғыстың тарихи беттерін зерттеуді бастады. Бұл сияқты адам баласының басына келген үлкен трагедияның түрлі жайларын білу, қағазға түсіру, біздің үлкен ерлік, тарих таңқалатын қимыл жасаған еліміз үшін керек болды. Міне, осы жұмыста да Қанышекең өзінің қырағы ойын, үлкен ақылын, кеңінен толғайтындығын көрсетті.

1944 жылдың басында ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің бір тобын жинап, филиалдың үйінде «И. В. Панфилов атындағы Гвардиялық 8-і дивизияның жауынгерлік жолы» деген тақырыпта лекция тыңдатты. Алты күнге созылған 30 сағаттық лекцияны тап соның алдында ғана майданнан аз уақытқа демалысқа келген, сол дивизияның командирлерінің бірі, И. Панфиловтың сүйікті адамы, біздің аты аңызға айналып кеткен полковнигіміз Бауыржан Момышұлы оқыды. Соғыста жинақы, тәртіпті болып қалған Бауыржан, біз сияқты майдан шебінен аулақта, жайбарақат,

«ұзын арқан кең тұсау» болып, минут дегенді уақыттың елеусіз бір өлшеулері деп түсініп жүрген кісілерді белгілі тәртіптің тар корсетіне сыйғызды. Бастығы Мұқаң болып, бірлі-жарым минут кешіксек, бірінші кластың балаларындай, мұрнымызды тартып есік сыртында қалып қоятынымызды біліп, пысылдап, жүгіріп, бірнеше күн аяқтың талайдан бері өтелмей келе жатқан «тән садақасын» бердік. Ал біз осылай сүрініп-қабынып жүргенде Қанышекең әлдеқашан келіп, өзінің жарастықты орнында жымиып күліп отыратын. Бауыржанның шындыққа толы, есіткен емес, өз көзімен көрген, жанымен сезген, басынан кешірген оқиғаларды, жазушыға тән кейбір психологиялық бұрылыс, айналмалар арқылы айтып беруі біз үшін үлкен ғылым, тіпті алдымызда киноның экраны тұрғандай болды. Сол отыз сағаттық лекцияны Қанышекең бір әріпне дейін қалдырмай стенографиялық жазуға түсіртіп, Отан соғысының қанмен жазылған талай кезеңдері, тарихы бар деректерді, үлкен ұқыптылықпен сақтауға береді. Бұл осы жүрген біздің тыныштығымыз, тірлігіміз үшін жанын қиған сабаздардың рухтары үшін баға жетпес іс болды.

Осындай, бірінші қараған кісіге төтен, өткінші бір шара сияқты болып көрінетін, бірақ үлкен тарихи мәні бар жұмыстарды арасында жүргізе отыра, Қанышекең үлкен ғылым талабына сай өзінің жұмысын жүргізе берді. Бір жағынан Алматының өзінде, екіншіден Москва, Ленинград қалаларында қазақтың кандидат және докторларын даярлауға кірісті. «Осыдан бір нәрсе шығады» деген адамдарды, бар жағдайды туғыза отырып, бірнеше жылға жіберді. Филиалда, басында геология институты мен тіл және әдебиет институты ғана болса, Қанышекең жұмсаған күш-жігері арқылы 1945 жылдың аяғына дейін тағы бірнеше институт жаңадан қосылды. Сол институттардың бәрінде де қазақ кадрлары көріне бастады. Ұлт кадрларын даярлауда Қанышекең біздің Ұлы Партиямыздың саясатын бұлжытпастан орындап отырды.

Өнер зерттеу саласындағы үлкен жетістігіміздің бірі Қанышекеңнің үлкен әкелік жәрдемімен ашылған өнер зерттеу секторы болды. Оған тікелей жолбасшылық беріп отыру үшін, түрлі мүдделері болса, баспалдақтап жүрмей, бірден тиісті басшылыққа тез жетіп отыру үшін секторды Президиумның өз қарамағына

алды. Сектордың жұмысында бірінші күннен бастап, осы жолдардың авторы, белгілі музыка зерттеушісі Б. Ерзакович және басқалар болды. Аз ғана уақыт ішінде сектордың адамдары он беске толды. Онда музыка, театр, бейнелеу және кино өнерлерінің өкілдері болды. Сектор бірінші күндерден бастап қазақтың музыка, театр бейнелеу өнерлерінің деректерін жинады. Ол деректердің бәрін бірдей салған жерден ғылыми тұрғыдан зерттеп, дамытып алып кететін күштері болмаса да, ғылымдағы негізгі дерек — бірінші, бастапқы аттайтын табалдырық екенін ескерді. Қанышекең осы бір жаңа дүниеге келген сәби мекеменің тағдырына үнемі араласып отырды. Қандай тілегіміз болса да, ол ешуақытта қолымызды қақпады. Осы сөздердің айғағы есебінде бір болған жайды айталық.

1945 жылдың жазында СССР Ғылым академиясының 220 жылдық тойы болды. Басқалармен қатар мен де сол тойға барушының бірі болдым. Осы салтанат кезінде де Қанышекең үнемі өзінің бастап жүрген ісінің болашағын ойлаудан бір минут та босаған жоқ. Салтанат мәжілістерінің арасында ол менімен бірге Александр Затаевичтің үйін іздеп барды. Жолшыбай Қанышекең А. Затаевичке 25 шамалы ән бергенін, А. Затаевичтің үлкен тарихи бағалы еңбек істеп кеткенін, біздің оның рухы алдында әр кезде де бас июіміз керектігін, А. Затаевичтің бұл ісінің орыс халқының прогресшіл өкілдерінің қазақ мәдениетіне берген қолқабысы, екі халықтың достық айғағы екендігін айтты. А. Затаевичтің зайыбы мен (ол кезде тірі болатын) қызы Қанышекеңді аса жылы қарсы алды. Біз келген жұмысымызды айттық. Ол А. Затаевичтің өзі көзі тірісінде жарыққа шығарып үлгере алмай кеткен қолжазбасы жайлы болатын. Қызы бізге музыка оқушылары арқалап жүретін жібек бауы бар үлкен қара папканы алып келді. Оның ішінде қазақтың, қырғыздың, ұйғырдың, корейліктердің, дүңгеннің, татардың, монғолдың, қалмақтың, тувалықтардың әндер жинағы бар екен. Жалпы саны 670, оның ішінде көпшілігі қазақ әндері. Қанышекең бұл сияқты үлкен тарихи қазынаға тиісті бағасын беріп, оны Қазақ филиалының қорына алды. А. Затаевичтің бұл мұрасын осындай үлкен адамның келіп алғанына зайыбы да, қызы да қатты қуанды.

1946 жылғы 1 июнь күні Қазақ ССР Ғылым академиясы ашылды. Қазақ халқының тарихында бұрынсоңды болмаған үлкен білім ордасы құрылды. Бұл біздің Партиямыздың ұлт саясаты жөніндегі үлкен табысының бірі болды. Академияның басында Қанышекеңнің өзі болды. Бүкіл халық болып ол кісінің мұндай игілікті, сәтті істі ақтағанына алғыс айтты. Академияның құрамында ғылыми мекемелер енді жылдап қосыла берді. Аз жылдардың ішінде Қазақ Академиясы Одақтағы үлкен ғылым ошағының біріне айналды. Ол жұмыста да Қанышекеңнің еңбегі үлкен. Өйткені Қанышекең бар білімін, бар ойын, денсаулығын осы орданың көркеюіне жұмсады. Бар жігер-қайратын, барлық ғылымдық талантын, ұйымдастырушылық қабілетін сол Академияның игілігіне берді. Мемлекеттік істі өз ісіндей етіп орындаудың жоғарғы үлгісін көрсетті.

Қанышекең ешуақытта да өнер саласына қамқорлығын үзген жоқ. Ол бірінші жетіжылдықтың жоспары жасалғанда 1965 жылы Академия құрамында өнер институтын ашуды енгізді. Оның өміріміз үшін керек екендігін тайға таңба басқандай етіп анықтап ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Біздің күн санап өсіп келе жатқан өнеріміздің ғылыми негіздеуді керек ететінін түсіндірді. 1961 жылы Академия құрамында әдебиет және өнер институты ашылғанда да Қанышекең бұрынғы бір ғана сектор орнына екі бөлім ашуды мақұл көріп, ол ойын жүзеге асырды.

Бұл баяндалғандар сияқты үлкен мемлекеттік жұмыстарда ғана емес, адамның қасиеттері көзге түсіп қалатын өмірдің «ұсақ» кезеңдерінде де Қанышекеңнің рухани, моральдық бойы аса биік еді. Ол басқа адамдар байқай бермейтін бір кезеңдердің өзіне тиісті нәтиже шығаратын. Сол 1945 жылдың 24 июні күнгі жеңіс парадында тұрғанымызда, Қанышекең маған:

— Бұл жеңіс тек қарудың емес, ғылымның жеңісі, бұл арада да ғылымның орнын біліп отыру керек. Ғылым, ғылым, ғылым!— Өзінің жайдары күлкісімен қалжыңдағандай етіп айтты. Я, ол қайда жүрсе де, қайда тұрса да, үнемі жүрегі «ғылым» деп соғатын. Сондықтан өз қара басы жеткен, және жалпы Қазақстан болып жеткен ғылым табысын Қанышекең дүние жүзіне әйгіледі.

Қанышекеңмен бірге үлкен орындарға консерватория жұмыстарына байланысты мен бірнеше рет кірдім. Ол әрқашан да «үлкендерге» келу алдында, сұрайтын

болмайды. Қанышекеңнің біздің үйде болуы, менің бала-шағамның оны жақын жерден көруі, ондай үлкен адамның біз сияқты қарапайым адамдардың үйінен дәм татуы, енді ойлап қарасақ, біз үшін үлкен бір мақтаныш. Оның рухани бойы стол басында да үнемі биікті. Әдетте, кексе жасқа келгенде, көбіміз тамақ ішіп, әңгіме айтып немесе бір топ болып бөлініп преферанс ойнау сияқты үнемі тапжылмай отырып алудан аспаймыз ғой. Қанышекең болса ол Күләш, Шара, Жамалмен бірлеп, арасында, өзінің кезегі келгенде, бас тартпастан, өзінің жақсы көріп айтатын «Бүркітбайын» орындайтын. Қанышекеңнің әдемі баритонды-бас даусы мақпалдай жұмсақ, біртүрлі жылы, жаныңа тиетіндей әсерлі болатын. Оның сол бір ән айтқан үнінің өзінде жәй кеудеден шығып тұрған физикалық құбылыс емес, үннің өзі терең мағыналы, сырға толы, қазақтың байтақ даласындай кең кеудеден шығып тұрған дара туған адам үні екені білінетін еді. Мен қалжыңдап:

— Қанышеке, сіз музыкаға кеткен болсаңыз осы кезде Үлкен театрда Борис Годуновтың ролін емін-еркін ойнап жүрген болар едіңіз!— дегенімде, Қанышекең миығын тартып күлді де, жауап қайтарған жоқ. Осы күні ойласам, менің қалжыңым — сол бір сәттің әсерінен туған, ондай адамның ірі тұлғасын ұсақтататын, оның кең шеңберін тарылтатын, бір ғана әннің аумағында өмірде бір әншінің ғана орнында жүру керек деген, шолақ қайтарылған ой екен. Әрине, Ф. Шаляпин де тарихта қалды. Орыстың өнер даңқын көтеріп кетті. Бірақ Қанышекеңнің Қазақстан жағдайындағы ісінің аумағы, көлемі, мәні өзіне әзір теңеу таппайтын іс. Өзімен бірге ала кеткенімен қатар, бізге қалғаны да мол.

Сол мәжілістердің бәрінде де Қанышекең ұлы жазушымыз Мұқаңмен, Ғабитпен, Сәбитпен сөйлесіп отырғанда олардың әдебиеттегі жетістіктерінің ғылым үшін үлкен мәні бар екенін, ол адамдардың ғылым мекемесіне жақындай түсуін әңгіме ете беретін. Қанышекең сол бір жәй үйдегі стол басы әңгімесін де ізсіз қалдырған жоқ. Біздің әдебиеттегі мақтанышта-рымыз Академияға келді. Өздерінің үлкен талант-тарын, білімдерін, тәжірибелерін олар Академияның гүлденуіне жұмсауда.

Енді байырғы ғылым қайраткерлері, әдебиет, өнер

озықтары болып, сол Қанышекең бастап кеткен дәстүр, салып кеткен жол бойынша барлық күш-қуатымызды, ақыл-талантымызды коммунистік ғылым, өнер жолындағы үздіксіз еңбекке жұмсалық!

Д. И. Щербаков

ІРІ ГЕОЛОГ, КӨРНЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Қ. И. Сәтбаев туралы айтқанда, мен жан-жақты мемлекеттік ақыл-парасатқа кенелген, байсалды, қажыр-қайраты мол адамды көз алдыма келтіремін. Қ. И. Сәтбаев ғылыми дүние танымы әбден қалыптасқан, дұрыс жолды таңдап алуға зерделі және алға қойған мақсатына тайсалмай жетуге қабілетті еді. Қазақстанның шетсіз-шексіз даласында туған ол тіршілік етуге және жеңіске жетуге деген ерік-жігер үшін күрес дағдыларын қалыптастыратын оның қатал табиғат белгілерінен нәр алды. Ол өзінің туған өлкесін жан-тәнімен сүйіп, онда жасалған геологиялық процестердің құдіретті қуатын мақтаныш етті және оның қойнауының ұшан-теңіз байлығына кәміл сенді.

Томск технология институты геология кафедрасының тамаша дәстүрлері оны ғылыми міндеттерді практика мәселелерімен тығыз ұштастыра шешуге дағдыландырды. Ол Жезқазған мыс кенішінде кен геологының байыпты мектебінен өтті, сөйтіп, алдағы жұмысында өндіріс мүдделерін әр уақыт есте ұстады.

Қ. И. Сәтбаев негізінен руда кеніштерін зерттеумен және металлогения мәселелерімен ынта қоя шұғылданды. Өзінің ұстазы профессор М. А. Усов тәрізді, ол да эндогениялық руда кеніштерінің магмалық жыныстарымен генетикалық байланысын күмәнсіз деп санады, ал магманы руда құрайтын ертінділердің бірден-бір қайнар көзі деп қарады. Ол гранит типтес магмалар күрделі тектоникалық жағдайда қатпарлардың аяқ шенінде немесе тіпті кейінірек, геосинклиналық тиелу аймағында пайда болады, ал жер қабатындағы магма-

ның бұдан былайғы қозғалысы тектоникалық құбылыстарға байланысты деп санады. Палингенез бен анатексис гранитті магмалардың құралуының негізгі формалары болып табылады, бірақ магмалар, әсіресе негізгі магмалар зор терендіктердің жарылуға жету жағдайында пайда болуы мүмкін. Магма алғашқы бір немесе екі магмадан тумайды, қайта әр түрлі заттардан құралуы мүмкін, ал бұл заттар геосинклиналар майысқан кезде балқу аймағына барып түседі.

«Магма,— деп жазды Қ. И. Сәтбаев 1960 жылы,— М. А. Усовтың дұрыс есептегеніндей, полифилетикалық болып табылады және әрбір ірі тектоникалық қозғалыс кезінде пайда болып, өз құрамы жағынан осы қозғалыстың қуаттылығы ретінде де, сол сияқты жер қыртысының төменгі қабатының құрамы ретінде де оған сай келеді. Демек, әрбір магманың өз құрамы жағынан, сондай-ақ өзінің туынды эманациялары мен гидротермдерінің құрамы жағынан ерекшелігі мен өзгешелігі бар. «Екі заманның интрузиялары өзінің ең басты құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайды»,— деп үйретті М. А. Усов. Сондықтан ол руда кеніштерін зерттеген және іздеген кезде бірінші міндет алдымен интрузияның жасын әрі өзіндік ерекшеліктерін анықтау болып табылады». Бұдан кейін Қ. И. Сәтбаев мынадай ой қосады: «М. А. Усовтың осы кемеңгерлік пікірлері барлық жерлер мен барлық замандар үшін магматизм мен металлогения көрінісінің бірсарынды схемалар» қолданушылықтан әлдеқайда аулақ жатыр, бірақ амал не, бұл мәселеде жаңсақ пікірлер біздің металлогенистердің белгілі бір тобының арасында әлі де кездеседі».

Міне, осы соңғы сөздерден Қ. И. Сәтбаевтың негізгі жетекші ойы айқын көрінеді, ал ол ең алдымен қашан да нақты геологиялық жағдайды есепке алып, өз байқағандарынды күні бұрын ағат геологиялық схемаларға бағындырмау керек деп санаған еді.

Орталық Қазақстанның геологиясынан үлкен тәжірибесі бар және оны жетік білетін Қ. И. Сәтбаев осы орасан зор территория үшін металлогениялық болжам карталарын жүйелі жасауға тұңғыш рет кірісті. Өз жұмысында ол және оның басқаруындағы геологтар М. А. Усовтың идеяларына сүйеніп, бұл идеяларды творчестволықпен дамытты. М. А. Усов тіпті 1933 — 1935 жылдарда бір кезде өзі дәлелді сынаған Линдгрен-

Эммонс тектеуінің орнына эндогениялық кен көздерінің жаңа тектелуін талдап шешті, ал, мұның негізіне материялық комплекстердің терендігі жөніндегі идея алынған болатын.

Металлогениялық болжам карталарын жасау кезінде Қазақстан геологтары М. А. Усовтың тектеуі мен металлогениялық идеяларын кең қолданды. Металлогениялық болжам карталарын іс жүзінде тексеру нәтижесінде олардың жоғары ғылыми және практикалық құндылығы анықталды. «...Практика — кез келген ғылыми ақиқаттың дұрыстығының түпкі сыры,— деп жазды Қ. И. Сәтбаев,— Орталық Қазақстанның мысалымен Усовтың металлогениялық идеяларының дұрыстығы тамаша дәлелденді».

...Қ. И. Сәтбаевтың аса үздік ролі мынада: ол болжам карталарын жасау үшін геология ғылымының, сондай-ақ геофизика мен геохимияның барлық тармақтарын қатыстыру қажеттігін түсіне отырып, геологиялық білімнің әр түрлі салаларындағы қызметкерлердің, сондай-ақ практик геологтардың басын біріктіре білді.

«Тек ғылым мен практика қызметкерлерінің тығыз творчестволық ынтымағы ғана,— деді Қ. И. Сәтбаев 1959 жылы бұл жөнінде,— біздің ұлан байтақ Отанымыздың жер қойнауында жатқан ұшан-теңіз минералдық байлықты нысаналы, әрі жоспарлы түрде аша алады. Ол еліміздегі коммунизм құрылысының ұлы ісіне тез де толық жарату жөніндегі совет геологтарының тиімді күш-жігерінің кепілі».

Сонымен бірге Қ. И. Сәтбаев геологияны дамыту үшін қазіргі физика мен химияның ең соны жетістіктерін есепке алып, бұларды геологтардың ғылыми-зерттеу жұмысына енгізудің маңызды екенін жақсы түсінді. Геологиялық формациялардың абсолюттік жас мөлшерін анықтау жөніндегі Комиссияның XI сессиясын аша келіп, ол былай деді: «Енді біз геологияның, физика мен химияның қазіргі жетістіктері негізінде жаңа ғылым — радиогеология дамып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл ғылымның болашағы зор екенінде ешбір күмән жоқ, демек, ол келешекте геологиялық білімнің әр түрлі саласында барған сайын өте-мөте зор маңыз алатын болады. Пайдалы қазбалар жөніндегі ілімде радиогеология, атап айтқанда, геология ғылымының қазіргі аса маңызды проблемаларының

ның бұдан былайғы қозғалысы тектоникалық құбылыстарға байланысты деп санады. Палингенез бен анатексис гранитті магмалардың құралуының негізгі формалары болып табылады, бірақ магмалар, әсіресе негізгі магмалар зор терендіктердің жарылуға жету жағдайында пайда болуы мүмкін. Магма алғашқы бір немесе екі магмадан тумайды, қайта әр түрлі заттардан құралуы мүмкін, ал бұл заттар геосинклиналар майысқан кезде балқу аймағына барып түседі.

«Магма,— деп жазды Қ. И. Сәтбаев 1960 жылы,— М. А. Усовтың дұрыс есептегеніндей, полифилетикалық болып табылады және әрбір ірі тектоникалық қозғалыс кезінде пайда болып, өз құрамы жағынан осы қозғалыстың қуаттылығы ретінде де, сол сияқты жер қыртысының төменгі қабатының құрамы ретінде де оған сай келеді. Демек, әрбір магманың өз құрамы жағынан, сондай-ақ өзінің туынды эманациялары мен гидротермдерінің құрамы жағынан ерекшелігі мен өзгешелігі бар. «Екі заманның интрузиялары өзінің ең басты құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайды»,— деп үйретті М. А. Усов. Сондықтан ол руда кеніштерін зерттеген және іздеген кезде бірінші міндет алдымен интрузияның жасын әрі өзіндік ерекшеліктерін анықтау болып табылады». Бұдан кейін Қ. И. Сәтбаев мынадай ой қосады: «М. А. Усовтың осы кемеңгерлік пікірлері барлық жерлер мен барлық замандар үшін магматизм мен металлогения көрінісінің бірсарынды схемалар» қолданушылықтан әлдеқайда аулақ жатыр, бірақ амал не, бұл мәселеде жаңсақ пікірлер біздің металлогенистердің белгілі бір тобының арасында әлі де кездеседі».

Міне, осы соңғы сөздерден Қ. И. Сәтбаевтың негізгі жетекші ойы айқын көрінеді, ал ол ең алдымен қашан да нақты геологиялық жағдайды есепке алып, өз байқағандарынды күні бұрын ағат геологиялық схемаларға бағындырмау керек деп санаған еді.

Орталық Қазақстанның геологиясынан үлкен тәжірибесі бар және оны жетік білетін Қ. И. Сәтбаев осы орасан зор территория үшін металлогениялық болжам карталарын жүйелі жасауға тұңғыш рет кірісті. Өз жұмысында ол және оның басқаруындағы геологтар М. А. Усовтың идеяларына сүйеніп, бұл идеяларды творчестволықпен дамытты. М. А. Усов тіпті 1933 — 1935 жылдарда бір кезде өзі дәлелді сынаған Линдгрен-

Эммонс тектеуінің орнына эндогениялық кен көздерінің жаңа тектелуін талдап шешті, ал, мұның негізіне материялық комплекстердің терендігі жөніндегі идея алынған болатын.

Металлогениялық болжам карталарын жасау кезінде Қазақстан геологтары М. А. Усовтың тектеуі мен металлогениялық идеяларын кең қолданды. Металлогениялық болжам карталарын іс жүзінде тексеру нәтижесінде олардың жоғары ғылыми және практикалық құндылығы анықталды. «...Практика — кез келген ғылыми ақиқаттың дұрыстығының түпкі сыры,— деп жазды Қ. И. Сәтбаев,— Орталық Қазақстанның мысалымен Усовтың металлогениялық идеяларының дұрыстығы тамаша дәлелденді».

...Қ. И. Сәтбаевтың аса үздік ролі мынада: ол болжам карталарын жасау үшін геология ғылымының, сондай-ақ геофизика мен геохимияның барлық тармақтарын қатыстыру қажеттігін түсіне отырып, геологиялық білімнің әр түрлі салаларындағы қызметкерлердің, сондай-ақ практик геологтардың басын біріктіре білді.

«Тек ғылым мен практика қызметкерлерінің тығыз творчестволық ынтымағы ғана,— деді Қ. И. Сәтбаев 1959 жылы бұл жөнінде,— біздің ұлан байтақ Отанымыздың жер қойнауында жатқан ұшан-теңіз минералдық байлықты нысаналы, әрі жоспарлы түрде аша алады. Ол еліміздегі коммунизм құрылысының ұлы ісіне тез де толық жарату жөніндегі совет геологтарының тиімді күш-жігерінің кепілі».

Сонымен бірге Қ. И. Сәтбаев геологияны дамыту үшін қазіргі физика мен химияның ең соны жетістіктерін есепке алып, бұларды геологтардың ғылыми-зерттеу жұмысына енгізудің маңызды екенін жақсы түсінді. Геологиялық формациялардың абсолюттік жас мөлшерін анықтау жөніндегі Комиссияның XI сессиясын аша келіп, ол былай деді: «Енді біз геологияның, физика мен химияның қазіргі жетістіктері негізінде жаңа ғылым — радиогеология дамып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл ғылымның болашағы зор екенінде ешбір күмән жоқ, демек, ол келешекте геологиялық білімнің әр түрлі саласында барған сайын өте-мөте зор маңыз алатын болады. Пайдалы қазбалар жөніндегі ілімде радиогеология, атап айтқанда, геология ғылымының қазіргі аса маңызды проблемаларының

бірін шешу — минералдық шикізат көздеріне ғылыми болжам жасауды, геологиялық және іздеу-барлау жұмыстарына тиімді, әрі мақсатты бағыт-бағдар беруді жеңілдете алады». Бұдан кейін тағы былай дейді: «Біздің алдымызда қазір осы заманғы геологияның орасан зор жаңа келелі саласы — радиогеология ашылып отыр, ал оның әдістерін ғылыми талдап шешу үшін және одан барынша мол практикалық пайда табу үшін күллі еліміз геологтары мен радиогеологтарының күш-жігерін онан әрі топтастырып, тығыз үйлестіру өте-мөте қажет-ақ!»

Ол өзінің практикалық тәжірибесімен СССР Ғылым академиясының Геология-география ғылымдары бөлімшесінің жұмысына көмектесуге тырысты. Ол геология мен минералдық шикізат саласында жергілікті жерлерде ірі ғылыми-зерттеу орталықтарының ұйымдастырылуына байланысты Одақтас республикаларда болып жатқан елеулі өзгерістер туралы айтты. Геологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу мекемелері Совет Одағының бірқатар республикалары мен облыстарында бар. Көп ретте бұлар әр түрлі пайдалы қазбалар мол аудандарда орналасқан. Осыған байланысты орталықтағы геологиялық ғылыми-зерттеу мекемелерінің ролі айтарлықтай өзгереді, бұлар өз тақырыптарын өзгертіп, мүмкіндігіне қарай, региональдық зерттеулерден бас тартуға тиіс, сонымен бірге жаңа пайда болған ғылыми-зерттеу мекемелерімен ынтымақтасудың, үйлесім табудың және кооперациялаудың жаңа формаларын табуға тиіс.

Сондай-ақ ол орталықтағы көптеген геологиялық мекемелердің практикалық қайтарымы әлі өте аз екенін атап көрсетті. Мұның өзі көбінесе олардың комплекстік зерттеулерге, сондай-ақ қысқа мерзім ішінде шешілуге тиісті теориялық сипаттағы зерттеулерге жеткілікті көңіл бөлмейтінінен болып отыр. Сондықтан тек өз күштерімізбен ғана емес, сонымен бірге жергілікті жерлерде жұмыс істейтін ғалымдар мен практиктерді міндетті түрде қатыстыру арқылы шешілетін бірқатар ірі проблемаларды қою тұрғысынан әдеттегі жоспарлар қайта қаралуға тиіс.

1959 жылғы сентябрьден бастап, СССР Ғылым академиясын қайта құруға байланысты СССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері жүйесінде геология және география ғылымының орны туралы, оның Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің салалық институттарымен өзара қарым-қатынасы туралы, бөлімшенің геологиялық мекемелерінің бұдан былайғы қызметін бағыттау және олардың таяудағы міндеттері туралы мәселе туды. Өткен кезеңде бұл мекемелердің қызметі ірі теориялық мәселелерді шешуге бағытталды, ал бұл мәселелер жер қабатын дамытудың жаңа геологиялық теориясын жасауға жағдай жасар еді. Бірқатар проблемаға бағытталғанмен де тақырып әлі де бытыраңқы күйінде қала берді. Алайда талдап шешілетін проблемалардың саны әлі де едәуір еді. Сонымен бірге бұлар бір-бірімен жеткілікті түрде қабыспайтын. Ведомстволық мекемелермен ынтымақ мүлдем нашар болатын.

Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, РСФСР Бас геология басқармасымен және басқа геологиялық мекемелермен байланысты нығайту үшін Қ. И. Сәтбаев қандай да болсын ірі мәселелерді бірлесіп шешуді ұсынды. Сондықтан ол академик Н. С. Шатский ұсынған, өзінің геологиялық тарихының ерекшеліктеріне байланысты СССР территориясындағы пайдалы қазбалар кеніштерінің пайда болу және орналасу заңдылықтары туралы проблеманы қызу қостады. Ол бұрғылауды, сондай-ақ зерттеудің геофизикалық және геологиялық әдістерін қолдана отырып, бұл міндетті комплексті түрде шешу қажет деп санады.

Қ. И. Сәтбаев Геология-география ғылымдары бөлімшесінің ұйымдастыру қызметі тұтас алғанда СССР-де геология және география ғылымдарының дамуына әлі де жеткілікті ықпал жасай алмай отырғанын талай рет атап көрсетті. Институттардың басшылары мен қызметкерлері әлі де жаңа тақырыптарға, ғылымның әр түрлі тармақтары бойынша жинақталған еңбектерге көшу қажеттігін онша ұғынған жоқ.

Ғылым дамуының қазіргі болмысын есепке ала отырып, Қ. И. Сәтбаев геология бағытындағы ғылымдарды бір бөлімшеге шоғырландыру, сөйтіп, оны Жер туралы ғылымдар Бөлімшесі етіп қайта құру туралы идея ұсынды. СССР Ғылым академиясы қайта құрылғанға дейін Жерді, оның құрылымын және оның бетінде, оның қойнауында болып жататын процестерді зерттеуге байланысты институттар бір-бірімен ұйымдық жағынан қабыспайтын төрт бөлімшеге кірген еді. Жылға жуық уақыт СССР Ғылым академиясының ғалым-

дары Жерді және оның қабыршақтарында болып жататын құбылыстарды зерттеумен шұғылданатын ғылымдардың өзара іс-қарекеті туралы мәселе талқыланды. Әр түрлі пікір айтылды: бір ғалымдар физика-математика Бөлімшесінің геофизика институттарын және химия Бөлімшесінің Геохимия институтын геология-география ғылымдары Бөлімшесінің ескі институттарымен біріктіру жолымен Жер туралы ғылымның жаңа бөлімшесін құруды ұсынды; енді біреулер жаңа бөлімше аралық проблемалар мен олардың Советтерін ойластыруды ұсынды.

Қ. И. Сәтбаев өзі жүргізген ірі комплексті зерттеулердің тәжірибесіне сүйеніп, Жер туралы ғылымның жаңа бірлестігін құру қажеттігін дәйекті әрі табанды түрде дәлелдеді. Оның пікірі СССР Ғылым академиясы қабылдаған Жер туралы ғылым Бөлімшесін құру туралы шешімде зор роль атқарды. Оған Геохимия институты мен Жер физикасы институты кірді. Бұл қайта құру 1963 жылдың екінші жартысында болған еді.

Қаныш Имантайұлымен бірге біз Жер құрылымы мен дамуының жалпы заңдылықтарын ашу негізінде геологиялық теорияны түбегейлі жаңарту қажеттігін талай рет талқыладық. Мұнда біз әр түрлі пайдалы қазбалардың құралу және орналасу заңдылықтары Жердің геологиялық даму тарихымен айқындалатындығы жөнінде қағида ұсындық. Демек, бұл іргелі проблеманы шешуде әрдайым жетекші рольді негізінен салыстырмалы-тарихи әдіске арқа сүйейтін геология үлесіне тиетін еді.

Қазіргі уақытта геологиялық теория мәселелерін күллі планета туралы ілімді тұтас есепке ала отырып, яғни, планеталық шеңбердегі жан-жақты салыстырмалы геологиялық зерттеулерді дамыту негізінде талдап шешу қажеттігі туды.

Геологияның алдында тұрған міндеттер енді комплексті шешілуге тиіс, ал бұл СССР Ғылым академиясының өз ішінде болсын, не одан сыртқары жерлерде болсын, әр түрлі мамандықтарды кең түрде біріктіруді талап етеді.

Жер қабатының терең сырларын зерттеуге байланысты туындайтын көптеген мәселелерді шешу үшін арнаулы эксперименттік зерттеулер керек. Сондықтан СССР және одақтас республикалар ғылым академия-

ларында эксперименттік минералогия мен петрография жөніндегі зерттеулерді шұғыл күшейту қажет.

Қ. И. Сәтбаев жетімсіз фактілерге негізделген догмалық пайымдауларға, Жердің барлық құрылымына еріксіз телінетін ойдан шығарылған схемаларға әруақыт батыл қарсы шықты. Тек қана фактілерге, геологиялық суреттер мен карталарға сүйеніп, оның өзі және оның көмекшілері Орталық Қазақстанның металлогениялық ерекшеліктері туралы маңызды қорытындыларға келді. Қ. И. Сәтбаев былай деп жазды: «Біз нақты геологиялық уақыт пен кеңістік шеңберінде фактілерді талдау және соның негізінде Орталық Қазақстан металлогениясының шынайы табиғатын ашу жолымен жеке кезеңдердің металлогениялық мамандырылуының өзіндік сипатын белгілеуге жақын келдік. Қолда бар күллі іс жүзіндегі материалдарды пайдаланып және оларға талдау жасай келіп, біз бірте-бірте ілгері қадам басқан сайын Орталық Қазақстанның геологиясы мен металлогениясын алты сипатты кезеңге бөлдік».

...Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ірі геолог, ғылымның аса көрнекті ұйымдастырушысы, тамаша жолдас, әрі дос еді.

С. Мұқанов

ДАРА ШЫҚҚАН ДАРЫН ЕДІ

Қаныш тек қазақ халқының ғана мақтанышы емес, ол — бүкіл совет ғылымын шырқау биікке шығарғандардың бірі.

Көз алдыма Қаныштың бейнесі қайта-қайта келе береді. Сонау алғашқы табысқан жылдардан бергі білгендерімнің бәрі ойыма орала береді. Сол сәтте Қаныш тек жақсылығымен, үлкендігімен, дарындылығымен даралығымен, асқан адамдығымен алдымда тұрғандай болады. Солай да еді.

Мен 1928 жылы Қарсақбайға барған болатынмын.

Қазақстан кеншілерінің қажырлы еңбегін, қайнаған өмірін, жер астының жасырын сырларын жалықпай ақтарып жатқан халқымыздың ардақты ұлдарын көрсем деп барғанмын. Сол сапарда Қаныш Сәтбаевпен Қарсақбайда геологиялық-барлау партиясының бастығы едім.

Сол сапарда Қаныштың қасында бір ай жүрдім. Қазақстандағы жер астының байлығы туралы, алуан кеннің сырлары туралы көп әңгімені, көп жайды содан алған едім.

Қаныш асқан ғалым еді. Бұған қоса жан дүниесі бай адам болатын. Кейбір ғалымдар өз саласын ғана жете біліп, өзге дүниеден азғантай мағлұматтармен жүре береді ғой. Ал Қаныш олай емес еді. Ол жанжақты ғалым болатын. Көркем әдебиетті көп білетін, өнердің сан-саласына ой жіберіп, жақсы пікірлер айтып отыратын. Жалпы Қаныш сөзге сараң кісі еді. Ол өз білгенін орынсыз айта бермейтін. Ал кездесулерде, үлкен жиындарда, бас қосуларда басқалардан озық шығып, ойлы келіп отырады. Ғылымның бар саласынан бес саусақтай хабардар еді, бәрін де жете білетін. Әркім одан жақсы ой, пайдалы пікір, әдемі әңгіме, алуан жаңалық есту үшін баратын.

Мен осындай дара шыққан адамның бейнесін көптің алдына үлгі етсем деп жүруші едім. Өзімнің «Есею жылдары» деген кітабымда «Қарсақбай сапары» деген үлкен бөлім бар. Сол үлкен бөлім Қанышқа арналған. Мен осы бөлімде өзімнің ол туралы ойға түйгендерімді айтқанмын. Осы бөлімде мынадай бір пікір бар. Бұл сол Қарсақбай сапарына барғанда Қанышпен қоштасар алдындағы пікір болатын. Мен: «Қоштасарда Қазақстанның жер астындағы бар байлығы осы кісінің басында сияқты көрініп кетті. Расында да солай еді»,— деп жаздым.

Осы ойымды тағы да қайталап отырмын. Ол — дара шыққан дарын еді.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

1943 жыл. Қыс айы. Соғыс кезінде Алматы қаласына уақытша тұрақталған «Мосфильм», «Ленфильмдердің» Қазақстан жазушы-әдебиетшілерімен біріккен мәжілісі болады деп, қазіргі 8 март көшесіндегі «Қазақфильм» үйіне әдебиет-өнер жұртшылығы жинала бастады.

Жазушылардан М. О. Әуезов, С. М. Мұқанов, Ғ. М. Мүсірепов, Ғ. М. Мұстафин тағы басқалар қатысып отыр.

Жұрт тегіс жиналып, жиналыс енді басталуға ыңғайланғанда академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев келіп кірді. Сәлем беріп, сәл ғана ұялыңқыраған пішін көрсетіп, өте бір сыпайы кішіпейілділікпен кешірім сұрады. Жиналыс бастығы Ф. М. Эрмлер:

— Жоқ, кешіккен жоқсыз, дәл келдіңіз, қаныш Имантаевич,—деп қипалақтап қалды да, Эйзенштейннің қасындағы бос орындықты ұсынды.

Үстінде мол пішілген қара костюмі, кіршіксіз ақ көйлек, қара галстугі бар өзінің зор денесін еркін ұстап, Қаныш Имантайұлы ешбір қысылу, қымтырылусыз көрсеткен орынға отырып, көпшілікпен бас изеп амандасты.

Әрқашан ол кісіге ынтыға, сүйсіне қарайтын жастар жағы Қаныш Имантайұлынан көз айырмай, әр қимылын көздерінен таса етпей бақылаумен болды. Бірақ олар үлкен адамнан ешбір мін таба алған жоқ. Өйткені Қаныш Имантайұлы өзінің табиғи салмақты мінезін өзгертпестен, басқалар сықылды сөйлеушінің сөзін күткен кескінде жай, байсалды қалыпта отыр. Сөзді Ф. М. Эрмлер бастады:

— Жолдастар, біз соғыс қырсығынан Қазақстанға, сіздерге қонақ болып отырмыз. Қазақстан үкіметіне де, қазақ халқына да кино коллективі қатты риза. Қонақжай қазақ халқы бізді құшағын жая қарсы алып, әлдеқайда алыстан оралған, аңсап көрген ұл-қыздарындай қарсы алып отыр. «Жақсылыққа—жақсылық», осыған бір орай жасауға біздер әзір екенімізді білді-

ріп, Қазақстан ірі өндірістері туралы кинофильм жасамақшы едік. Біз мұнда жаңа тұрғындармыз... Қазақ әдебиеті мен өнерінде өндіріс жайлы не бар, не жоғын білмейміз. Қазақстан өндірісін, оның еңбек ерлерін жақсы білетін қазақ жазушыларымен бірлесе отырып, фильм жасағымыз келеді. Бүгінгі біріккен мәжілістің мақсаты — осы жайлы пікір алысу, ең алдымен ірі өндіріс туралы әдебиетте не бар, не жоқ, қандай еңбек ерлері бар, осыдан бастағанымыз жөн болар. Қалай қарайсыздар?— деп, Эрмлер сөзін аяқтады.

Шешен қысқа сөйлесе де, тап басып, әдемілеп сөйледі. Не алуан көркем эпитет, теңеу, ұтымды күлдіргілер де оның сөздігінен мол орын алды.

Мұндай алқалы топ және даңқ пен бедел, шешендер мен шешендіктің түйіскен жерінде көсемсу кімге де болса қиын. Мәселе қанық, нысана айқын болса да, жастар үлкендерге, үлкендер жасқарға қарасты. Жұрт дағдарып қалды.

Мұндайда іле жөнеліп, алғашқы адымында кібіртіктеп, булығыңқырап, сәлден кейін есе жөнелетін, мол қамтып, кең шолып, өз ойын бұлыңғырлата, тыңдаушыларының білетін жағын қалпы шаншып, білмейдіау, осыған таныс емес-ау деген тарихи, әдебиеттік жайларды баса айтып, тереңге бұлқитын Мұқаң да, мәселенің негізіне дәл түсініп, қырламай да, сырламай да, барды бар, жоқты жоқша, ашық, батыл сөйлеп, сөз арасында өз аулында болған бір оқиға немесе қызықты бір анекдотты қоса сөйлеп, кейде жорта бір сөзді білмей қалған болып, білгішсінген біреу ол сөзді айтып жіберсе, «осындайды қайдан біле бересің?» деп оны әжуаға айналдыратын, өзінің келелі пікірлерін тыңдаушыларына қалжыңын араластыра сөйлеу арқылы жеткізетін, сол әдісімен тыңдаушыларын тез билеп алатын Сәбең де сөйлемеді.

Аудитория тым-тырыс. Бір минут та болса, жұрт көңілсіздене қалды. Сөйлегісі келсе де, жүрексінген біреулердің беті қызарып, мандайы терлей бастады.

Тап осы кезде, Қаныш Имантайұлы тамағын бірер кенеп алды да Эрмлерге қайырылып, күліңкіреп сөйлеп:

— Жазушы, әдебиет мамандары кейін сөйлер, оқушылар атынан бір-екі ауыз сөз айтуға лұқсат етіңіз,— деді.

Отырған жұрт тегіс Қаныш Имантайұлына бет бұрды. Таңданған кескін білдірді. Академик-геолог әдебиет туралы не айтпақ деген ойға келгендей. Бәрі де аңырысып қалыпты.

Ол алып денесін баяу қозғап орнынан тұрды да, тіп-тік қалыпта: «неден бастасам екен» дегендей сәл кідіріп, тағы бір рет «ым-ым» деп, тамағын кенеп алып, сөзіне кірісті.

Жазып келген еш нәрсесі жоқ екен. Әйтсе де, ол қысылған да, қымтырылған да жоқ. Таныс аудиторияға лекция оқыған кәнігі профессорларша жай бастап, жалпақ алдыра сөйледі. Қаныш Имантайұлы сөйлеген сайын жұрт ұйып тыңдады. Оның орысша тілінің тазалығына, логикасының мықтылығына, ойының терең, әр сөзінің мағыналығына сұқтана қарасты. Үлкен зал үнсіз. Шыбынның ұшқаны естілердей.

Біреу сөйлеп жатқанда, қолын қасындағылардың құлағына тосып, «пыш-пыштап» отыратын жыбырлақтардың да үндері өшкен. Бүкіл залда тек Қаныш Имантайұлының ғана қоңыр даусы естіледі.

Мұндайда жәй адамдарда жиі ұшырайтын тыңдаушыларды өзіне бағындыру мақсатымен қолын ербеңдету, бетін құбылту ол кісіде болған жоқ. Аудиторияны ол сөздерінің мәнділігі, салмақтылығы, логикасының күштілігімен ұйытты. Айтатынын күні бұрын жазып алып, әбден тәкіралап оқыған адам да Қаныш Имантайұлының тап қазіргісіндей сөйлей алмас еді. Бір сөзінің не артық, не кемі жоқ — бәрі де орнында. Тек анда-санда ғана бір-екі рет «ым-ым» деп қояды. Ол өзіне жарасатын да сықылды. Түйдек-түйдегімен келіп жатқан сөз тізбектері әлдене бөгетке килігіп, сәл тоқтап қалғандай да, жаңағы бір дыбысты шығарғанда, бөгетін бұзған су ағыны тәрізді сөз артынан сөз келіп, ағытыла жөнелетінге ұқсайды.

— Қазақстан территориясына,— деді ол бір кезде,— Англия, Франция, Испания, Австрия, Бельгия, Голландия, Дания тәрізді жеті мемлекетті орналастыруға болады. Ол тек өзінің шетсіз, шексіз кендігімен ғана емес, кен байлығымен де әлемді таң қалдырады. Қазіргі Қарсақбай, Жезқазған, Қоңырат, Қарағанды, Шымкент қорғасын заводы, Ақтөбе химкомбинаты — Бүкіл Одақ көлеміндегі алыптар сапында. Сонау Ұлы Отан үшін күрескен қан майданда жауға атылған ажал оқтарының оннан тоғызы Шымкент қорғасын заводында өндіріледі. Қазір фашистердің оғы өте алмайтын

танктер соғыска араласты. Ол табысқа да Қазақстан ортақ. Бұл тек үлкен істің бастамасы ғана...

Қазақтың асқар Алатауы, бұйра құмы, кең байтақ жазығы — алтын мен күміс, жез бен мыс, көмір мен қорғасын. Бір кезде Бетпақтың шөлі атанған, «құстың қанаты, аттың тұяғы күйетін», құлазыған қу дала — қазір сарқылмас кен қазынасы. Бүкіл Одақ көлеміндегі сандаған ірі өндірістердің қазығы мен азығы болып отыр. Ел тағдыры таразыға түсіп, Герман фашистері «айдарлымызды құл, тұлымдымызды тұл етпек» болып, елімізді оққа байлап, жерімізді отқа беріп жатқан сұрапыл кезеңде Қазақстанның кен байлығы — ел тынысы, майдан жеңісі.

Орыс ғылымының атасы М. В. Ломоносов бұдан екі ғасыр бұрын Россия жерінде сан жетпес байлық бар жер-ана, оның сырын ашып, шырынын ала білу тек ғылымның ғана қолынан келеді десе, оның ұрпақтары, бүкіл совет халқының мақтаны, даңқты академиктер: А. Д. Архангельский, И. М. Губкин, В. А. Обручев, А. Е. Ферсман, проф. М. А. Усовтар ескі Палеозой эрасынан бері қарай жер-анамыздың сатылап сақтаған асыл қазыналарын қалай танып, қалай табудың жолдарын көрсетті. Қазақстанда ашылып отырған кен байлықтар, келешегі мол ірі өндірістер, жыл санап қаулап өсіп келе жатқан қазақтың ғылым қайраткерлері — жас мамандар — бәрі де орыс ғалымдарының ұлы еңбектеріне сүйенеді. Сол ғалымдардың жер сырын жете тексерулері негізінде ашылып отырған жаңалықтар арқасында, кешегі көшпелі ел, шексіз шөл Қазақстан, бүгін, ол — кен, ол — сан алыптар ірге тепкен ірі өндіріс, қайнаған еңбек, мың-мыңдаған жұмысшылар бар, жаңа өмірдің ордасы. Қазіргі жеңіс тетігі, ертеңгі коммунизм құру істерінде Ұлы Отанымыздың мығым тіректерінің бірі.

Бүгінгі қойылып отырған мәселеге біздер осы тұрғыдан келсек, толғағы жеткен, ғасырлар бойы аңсаған халықтың ұлы арманы мен бүгінгі ерен ерлігін, қызықты келешегін экранда көрсетуде, қазақ өмірі, Қазақстанның ірі өндірістері мен онда істейтін сан мыңдаған еңбек ерлері адам баласы тарихында бірінші рет көздесіп отырған және ол тек совет елінде ғана мүмкін — үздік құбылыс. Сондықтан бұл дер кезінде қойылып отырған мәселе,— деп академик Қазақстан өндірістерінің сол кезде айтылуға тиіс тарихы мен та-

быстарына тоқтала келіп, сол жылдары даңқы жер жарған қарт шахтер Күзенбаевтан бастап, орыс, қазақ тағы басқа ұлттардан шыққан көптеген еңбек ерлерін атады. Бір ғажабы, солардың барлығының аты-жөнін айта келіп, кімдердің қандай істермен еңбек ерлері болғандығын баяндай сөйледі.

Қаныш Имантайұлының өндіріс, кен байлығын, онымен байланысты ғылымның әр алуан саласын терең білетіндігі, оның әр тарауымен шұғылданушы ғалымдардың аттарын үлкен бір ізет, терең сүйіспендікпен атауы өз алдына, жиналысқа қатысушыларды ерекше таң қалдырған нәрсе — соншама фактылар, сандаған еңбек ерлері, көптеген ғалымдардың өз аттары мен әкелерінің аттары есінде сақталуы. Екінші — академиктің мейлінше кішіпейілділігі.

Қаныш Имантайұлы өзінің ең бір қызықты кезі — жігіттік шағын Қарсақбай, Жезқазғанда өткізді.

Ол студент кезінен (1921—1926) бастап-ақ рюкзагін иығына асып алып, тау-тасты кезумен болды. Өзіндей бозбалалар жаз демалысқа келгенде, әсем киім, жақсы атты машығы етіп, ел аралап, бозбалалық құрса, ол тау аралап, тас терді. Неше алуан түсті тастардың сырын ашып, тегін тануға, қай тас қандай текке жататындығын айырып, солардың негізінде жер астында не жатқанын білуді арман етті. Ол кейде сәтсіздікке де кездесті. Асылы — жасық, қымбаты — арзан болып шыққан шақтары да болды. Әйтседе, ол тас теруден жалықпады.

— Сәтбайдың Қанышынан ештеңе шыға қоймас. Өйткені тау мен тастан басқа еш нәрсені білмейді. Тіпті, білгісі де келе ме екен?— деп, кекете сөйлеушілер де аз болған жоқ.

Жаратылысында мінезге бай Имекең баласының осы бір істерін іштей ұнатпаса да, әлгіндей қаңқу сөздердің талайын естісе де еш нәрсе ұқпаған адамдай кескін білдіріп, баласына да, жұртқа да тіс жарып сөз айтпай, өзінің байсалды қалпында қала беретін.

Әрбір жүріс-тұрысы, мінез-құлқынан жаны рақат табатын мейірімді ана — Нұрым апай ұлының не үшін тасқа құмарлығын ұғынбаса да, бетіне жел болып тиген емес. Ол әрекеттерін ішінен балалықтың бір салдары шығар деп ойлайтын. Жұрт шырт ұйқыда жатқанда, орнынан тұрып, рюкзагін ыңғайлай бастаған ұлымен ана бірге оянып: «Құлыным Қанышжан-ау,

тамақ ішсейші, қарның ашып қалар, қалқам»,— деп, үйдегі дәмді тамағын аузына ұстап, жолына керек азықтарды рюкзактің қалталарына нығыздай салатын. «Болады, апа»,— десе де тыңдамай: «Жарайды, жаным. Енді салмайын»,— деп, аузы айтса да, жүрек әмірін орындаушы ана байғұстың қолы тағы да бірдемелерді рюкзакқа салып жатады.

Мейлінше қатты сыйлайтын жақсы ананы ренжітіп алам ба деп, студент қарқылдап күледі де, рюкзагін ығына аса бастайды. Әрдайым үйден ас әкетіп, таудан тас әкелетін көнетоздау рюкзак екеуінің де ескі танысы. Ол кезде талдырмаштау, кең маңдай, бұйра шаш, ұзын бойлы келген ақсары жас жігіт рюкзагін арқалап үйден шыққанда, ана байғұс көзімен ұзатып, ұзақ қарап тұратын-ды. Ананың не ойлап, не тілеп тұрғанын кім білсін? Ана жүрегі үлкен ғой. Әлде амандық, әлде табыс, әлде Ғабдулғаниінің (Қаныш) үлкен адам болуын, әлде бәрін де тілеп тұр ма? Әйтеуір ұлы әбден ұзап кеткенше, ол кісі үйге кіріп көрген емес. Шіркін, ана махаббаты шексіз ғой!

Кей кездерде тас терудің қызығына түсіп кетіп, ұлы екі-үш күндей келмей қалса, қорқынышы мен күдігі араласқан ана, өзінің сүр сақтайтын кебежесінен әр кезде Қанышжаны жинаған тастарды алып, кейбіреулеріне сүйсіне қарайтын. Тіпті, кейбір әдемі тастарды жүрегіне басып, сүйіп те қоятын. Өйткені ол тастарда Қанышжаны қолының ізі бар ғой.

Қаныш Томск технология институтының тау-кен факультетінің барлаушылық жүргізетін бөлімін бітіріп, кен инженері атағын алып, әуелі Атбасарға, кейін Қарсақбай, Жезқазғанға келгенде, ол өлкеде ескі өмірдің әлі қаймағы бұзылмаған, құлазып жатқан қу дала болатын.

Таудай талап, ұлы арман, халқына қызмет етіп, пайдалы адам болса, ғасырлар бойы сан байлықты ішіне бүгіп жатқан жер сырын біліп, кен көзін ашсам деген үмітпен институттан алып шыққан білімнен басқа, оның қолында еш нәрсе жоқ. Сан қиындық көз алдында кесе көлденең тұрса да ол таймай іске кірісті. Бетпақтың ыстығына күйіп, суығына тоңа жүріп, Қарсақбай, Жезқазғанның сарқылмас кен байлықтарын ашты.

Қазақстанның басқа ірі өндірістеріне сарқылмас азық тауып берген де осы қарсы алдымызда сөйлеп

тұрған ұзын бойлы, зор денелі, ақсары адам. Оның сол тұрысының өзіне-ақ көз құмарың қанып, көңілің риза болғандай.

Әрі ойлы, әр мейірімді көзі, рақымдылық нұры орнаған жүзі, қарыс жарым кең маңдайы — бәрінде де ерекше бір жылылық бар. Әсіресе, сонау қылау шалған әдемі қара бұйра шашы мен маңдайының түйіскен жерінің оң жағы сәл төменде, сол жағы биіктеп барып тоқтауы айырықша көз тартады. Басқаларда кездеспейтін осы бір кішкене ғана ерекшелік оның келісті келбетінің әдемілігін арттырып тұрғанға ұқсайды. Қай кезде көрсең де байсалды, мінезінің бір қалыптан өзгермейтіндігі өзін сыйлатарлық, басқалардан әрдайым беделі жоғары тұратын топырағының ауырлығын көрсетсе, өзінен кіші адамдарға да: «Сәке», «Қажеке», «Мәке» деп ізетпен сөйлейтін кішіпейілділігі ол кісіге деген басқалардың жүрек жылылығын артыра түсетін тәрізді.

Қазір ол трибунада, көпшілік алдында тұрса да, өзінің дағдылы мінезін зәредей де өзгерткен жоқ. Бар ынтасын сала, ұйып тыңдаушы көпшіліктің абайы да, құрмет, ізеті де оны селт еткізе алмады. Үлкен адам өзінің ежелгі әдеті — кішіпейілдік қалпында қала берді. Жоғарғы айтылғандардай талай ұлы еңбектерді өз қолымен істеп, өндіріске де, ғылымға да, үлкен-үлкен үлестер қосса да, «мен» не «менің басқаруыммен» деу былай тұрсын, «қатысуыммен» деген сөз де ол кісінің аузынан шықпады. Ол Қазақстанның кен байлығын, өндірістерін өте бір жақсы білетін көлденең адам қатарында сөйледі.

Жұрт Қаныш Имантайұлының сөздерін сүйсіне тыңдап, кішіпейілділігіне сұқтана қарады. Советтік Ұлы Отанның Қаныш Имантайұлындай ғалымдарына мақтанғандай кескін білдірді. Өнеге алар жас болса, үлгісі алдында тұр деген қорытындыға келді.

Академик Қарсақбай, Жезқазған тарихы туралы шолуын аяқтады да, тамағын тағы бір кенеп алып, әдебиетке көшті.

— Кино мамандарының,— деді ол,— жазушылармен бірлесе отырып сценарийлер жазу, заманымызға сай фильмдер жасау идеясы — құптарлық та, қуанарлық та жұмыс. Фольклор да, әдебиет те — халықтың сан ғасырлар бойы жақсы өмір аңсаған ұлы адамдарының сәулесі. Олардан кино үшін үлкен идея да, қызықты

оқиға желісі де, образдар да табылады. Қазақ, жалпы шығыс фольклорында, әдебиетінде тіпті сонау ескі замандардан үзілмей келе жатқан өзек, үлкен бір оптимистік идея бар. Ол — табиғаттың мылқау күштерінің сырын білу, оларды өз күштеріне бағындыру.

Мысалы, үнді халқының эпосы «Махабхараташың» бас қаһарманы Рамаяна жер жаннаты Цейлон аралын жайлап алып, адам баласын аштық апатына ұшыратушы жын патшасына қарсы күрес ашып, өзінің ерен күші, айла, амалы арқылы жеңіп шығып, азап шеккен халықтың бақытқа қолын жеткізуі, жер жүзіндегі жауыз күштерді түгел адақтап, көк тәңірлеріне қарсы майдан ашатын «Осетин — нарт аңызының» денесі құрыштан жаралған қаһарманы — Батрадэ, жеті жыл жер астында болып, ен байлық, асыл қазынаға кездесетін, соның бір айғағы есебінде, теңіз түбінен алтын қазанды атына өңгеріп шығатын қазақ аңызының бас кейіпкері Ер Төстік, қасиетті суды (живая вода) өзі ішіп тірі қалудың орнына, ол сумен елін, жерін көгертіп, дүние салған башқұрт аңызы «Урал батырдың» қаһарманы бәрі де халық армандарының сәулесі. Табиғат күштерін адам баласының жеңу, өзіне бағындыру идеясын мегзейді.

Башқұрт аңызында Урал батырдың сүйегі асыл тас, алтынға, қаны мұнайға айналады. Қандай тамаша мегзеу! Бұл біздің ғалымдарымыздың Урал тауындағы таусылмас кен байлықтарды ашудан әлденеше ғасыр бұрын туған аңыз. Ендеше, ауыз әдебиетіндегі ертегі әңгімелер мен эпостардағы ерліктердің бәрі бірдей қиял дүниесінің жемісі емес, олардың негізінде өмір шындығы, тіршілік тәжірибесі жатқандығы аңғарылады. Кинофильм жасаушыларға бұл жайттар, бізше, керекті де, пайдалы да.

Ал қазіргі қазақ совет әдебиетінде кинонық кәдесіне жарарлық не бар, не жоқ десек, ол туралы да көп нәрселер айтуға болады.

Қазақ совет әдебиеті Совет өкіметі кезінде туып, онымен біте қайнап, бірге өсті. Партия мен үкіметіміз тарапынан жүргізілген саяси, шаруашылық шараларды іске асырудағы халқымыздың қаһармандық қимылдарын жырлауға белсене ат салысып келеді.

Жиырмасыншы жылдар қазақ даласында құрыла бастаған өнеркәсіпті — фабрика, заводты, қырды жаңғырықтырған машина, тракторларды тақырып етіп, ел

өміріне ұлы өзгеріс кіруін ақындарымыз шабыттана, шаттана жырлап, техниканың тілін білу, таяқты қайлаға, тұлпарды машинаға айырбастауды үндеді.

30-жылдардан бастап бұл мәселеге ерекше бет бұрылды. «Жүйткі, қара айғырым», «Көмір — коммунизм», «Құрылыс», «Түрксиб түйіскенде», «Нефстан» тәрізді өлең, поэмалар, «Менің құрдастарым», «Завал», «Өмір мен өлім» тағы басқа повесть және көптеген қысқа әңгіме, очерктер әдебиетімізге елеулі үлес болып қосылып отыр.

Өндіріс — қазақ ақын-жазушылары үшін жаңа өмір, жаңа тақырып. Оның өзіне тән ерекшеліктері бар. Ақын, жазушыларымызға бұрын таныс емес соны мәселені бір дегеннен неге баурап алмайсыңдар деу — әділетсіздік болар еді. Бұл туындыларда өндіріс процесінің ішіне кіре алмай, тек сыртын суреттеп, өздерінің жақсы ниеттерін ғана машықтаушылар да жоқ емес. Сонымен қатар кинофильм жасауға негіз болардық, оқиғасы қызық, өндіріс өмірінің кейбір жақтарын жақсы бейнелейтін, жаңа адам, жаңа ой-сезімді көрсетіп, ескілік пен жаңалықтың күресін, идеялық, психологиялық жайттарға құрған повесть, романдар да бар. «Өмір не өлім», «Менің құрдастарым», автор мен режиссерлардың ынтымағын күтіп отырған бүгінгі күн тәртібіне сай келетін шығармалар тәрізді. Жаңа заманның жаңа адамдары, совет мектебінен коммунистік тәлім-тәрбие алып өскен Еркін, Рахмет, Лиза, Дәмелі, Алексей, Шәктібайлар — тек бүгіннің емес, келешектің де күрескерлері, коммунизм идеясының туын көтерушілер. Оларға қарсы Сойдақтіс, Лисициндер сықылды ұнамсыз образдар көшпелі дәуірдегі белгілі бір қоғамдық топтың келіссіз кескінін көрсететіндігі сөзсіз.

Бірақ біз, оқушылар, әдебиетіміздегі бұл табыстардың жеткен жері осы-ақ екен деуден аулақпыз. Бұларды тек үлкен істің бастамасы ғана деп білеміз. Біздің Мұхтар Омарханұлы, Сәбит Мұқанұлы, Ғабит Махмудұлы сықылды жетекші, ірі таланттарымыз өндіріс тақырыбына әлі кіріскен жоқ. Олар келешекте өздерінің аттарына сай үлкен туындылар беретіндігіне оқушылардың сенімі мол. «Мосфильм», «Ленфильмдерде» істеуші бүкіл халқымыз сүйетін режиссер, сценарист, халық артистерінің Қазақстан жазушыларымен біріккен бүгінгі мәжілісі — нәтижелі болуына біз

тілектесіз және солай болатындығына берік сенеміз,— деп, академик сөзін бітірді.

Ол сөйлеген сайын демдерін ішінен алып, зор сенімге бөленген халық, терең сүйіністің бұйыруымен еріксіз қол шапалақтап жіберді. Әркім қасындағы жолдастарына Қаныш Имантайұлы туралы өздерінің адамдық махаббат, жүрек жылылықтарын айтысып, жаңа ғана тым-тырыс отырған жұрт гүілдесіп, кейбіреулер таңдана, бас шайқап, ризалық күліс кескінін аңғартты. Бір сағаттай жым-жырт боп, бір ауызды баққан аудитория енді қайта жанданды. Трибунадан түсіп, Қаныш Имантайұлы Эйзенштейннің қасына отыра бергенде, аты шулы режиссер Қаныш ағайдың қолын қатты қысып, үлкен ризашылық, құттықтау ізетін көрсетті. Қаныш Имантайұлының беті сәл қызғылт тартып, өзінің шалқайыңқырап, рақаттана күлетін дағдылы әдетімен бір күліп алды да, Эйзенштейннің ізетіне алғыс айтып, оған өзінің әдебиет маманы емес екендігін, режиссердің сөзін тек көңіл делбеу қатарында ғана қабылдайтындығын ескертті.

Гүілдеп, бет-бетімен жайыла бастаған көпшілікті жиылыс бастығы қаламымен графинді тықылдатып, тәртіпке шақырды. Жұрт тыныштала бастады.

— Тағы кім сөйлейді?

Ешкім сөз сұраған жоқ. Көпшілік қайта тынды. Осы дағдарысты пайдаланып, Қаныш Имантайұлы жиылыс бастығы Эрмлерге сыбыр ете түсті. Ол көпшілікке қайрылып, Қаныш Имантайұлының тығыз шаруасы барлығын, рұқсат сұрайтындығын жариялады да:

— Жолдастар, жұмысының көптігіне, артық уақытының жоқтығына қарамастан, халықтық мәні зор, мына игілікті іске ат салысу үшін келуі және Қазақстан ірі өнеркәсібінің тарихы, өсу, дамуы, қазақ әдебиеті туралы аса бағалы пікірлер айтқандығы үшін академик Қаныш Имантайұлына біздің коллективтің және осы жиналысқа қатысушылардың атынан үлкен рақмет айтуға рұқсат етіңіздер!— деді.

Жұрт тағы қол шапалақтады. Қаныш Имантайұлы жиылыс басқарушылармен қол алыса қоштасып, көпшілікке ерекше бір сыпайылықпен бас иіп, есікке қарай жүрді. Жиналыстағылар Қаныш Имантайұлына бет бұрып, көздерімен шығарып салды. Кімнің болсын

мейлі, оған деген ризашылығы мен жүректеріндегі жылылықтары көз нұрларынан байқалғандай.

Жиылыс қайта басталып, Эрмлер «сөйлеушілер бар ма?» деп жазушы, әдебиетшілерге көз қырын тастады.

Жарға жанамалатып қойылған орындықта отырған Мұқаң жан-жағына қарады да, сөйлейтін кісі жоғына көзі жетіп, қол көтерді. Жұрт тағы тына қалды.

Өзінің дағдылы әдеті бойынша «әп» дегенде Мұқаңның сөздері шашыңқы шығып, кібіртіктеңіңкіресе де, сәлден кейін, есіле жөнелді. Жиналыстың мақсат, міндетін мол қамтып, кеңінен шолып, актуалды мәселе көтерушілерге алғысын айта келіп, Қаныш Имантайұлының сөзіне тоқталды.

— Әдебиет маманы болмаса да, академик Сәтбаев жалпы әдебиетті, әсіресе, өндіріс тақырыбына жазылған көркем туындыларды, меніңше, біздің жазушы, әдебиетшілерден кем білмейтіндігі көрінді. Қаныш Имантайұлының сөздерінен: ол шығармалардың оқиғасының қызықтылығы, идеялық, мінез, тіпті психологиялық қақтығыстарының қиыннан қиысқан шиеленісулері мен адамдар арасындағы тартыстардың кинофильмдер жасауға ұтымды жақтарының молдығы да аңғарылады. Әсіресе, шығыс фольклоры, эпостары туралы айтқан ойлары кино сценарийстерін қызықтыратын, аса бір құнды, айырықша көңіл аударарлық келелі пікір деп ұғамын.

Академик Сәтбаев қазіргі әдебиетіміздегі табыстарымызға шын жүректен сүйсіне, кемістіктеріне күйіне сөйледі, біздердің де кемшіліктерімізді сынады. Әділ айтты. Мына Сәбит те, Ғабит те, мен де өндіріс тақырыбына әлі терең бара алғамыз жоқ: әрқайсымыздың әр кезде, әр жағдайға байланысты жазған қысқа әңгіме, желе жортқан очерктеріміз бар. Бірақ олар өзімізді де, оқушыларды да, заман тілегін де қанағаттандыра алмайды. Өндіріс тақырыбы — келелі тақырыптардың бірі. Емірене барып, етегіміз толып қайтарлық өміріміздің ең бай саласы. Ел тағдыры, сонау ұлы майданда, жан беріп, жан алған ерліктер арқылы шешілуде десек, оның тірегі тыл, елдегі фабрик, завод, өндіріс ерлерінің ерен қимылдарында. Ендеше олар туралы жазу — біздің өтелмеген парыз, келелі міндеттеріміз. Осы тұрғыдан бүгін мәселе қойып отыр. Бұл әр жазушы, әрбір сценарист, режиссерларды ойлантарлық та, толғантарлық та жайт.

Қаныш Имантайұлы — Қазақстандағы өндіріс, әсіресе, қазіргі соғыста шешуші орын алатын ірі өндірістердің тарихын да, өсу жолдарын да жақсы білетін, солардың құрылуына, дамуына белсене ат салысқан данқты ғалымдардың бірі.

Оның өндіріс туралы айтқан ойлы, өнегелі, ұтымды пікірлеріне біздің қосарымыз жоғы былай тұрсын, әдебиет жайлы да керекті мәселелерді толық қамтыды. Өз басым академик Сәтбаевтың әдебиет туралы айтқандарына толық қосыламын және құптаймын,— деді. Басқа жазушы, әдебиетшілер де:

— Дұрыс. Біз де осылай ұғамыз,— десті.

Мұқаң сөзін қайта жалғастырып, өндіріс тақырыбына фильмді қалай жасау жөнінде өзінің ойларына, творчестволық жоспарларына тоқталды. Онан кейінгі шешендердің бәрі де желпінбелерін Қаныш Имантайұлының сөздерін, ойын жалғастырудан бастап, сөз аяғын ол кісіге үлкен алғыс айтумен бітірді.

Әдебиетшілердің ешқайсысы желпініске шыққан жоқ. Қатты қадір тұтатын ғалым ағаның ел сынарлық, ер сынарлық алқалы жерде үстеріндегі өте бір ауыр жүкті күшті иығына салып арқалап кеткендігі үшін өздерін бақытты санады. Мол қамтып, терең бойлай пайымдаған Қаныш Имантайұлының сөзінен кейін мамансынған әдебиетшілердің сөйлеуінің қажеті болмай қалды. Сондықтан да ешкім сөз сұраған жоқ.

Жиылыс бітіп, жұрт үйді-үйіне тарады. Олар Қаныш Имантайұлының өзін ойларында, сөздерін саналарында сақтап, өздерімен бірге ала кетті.

Москва, Ленинград адамдары орталықтан шалғай жатқан қазақ даласынан шыққан мына тәрізді энциклопедиялық білімді ғалымның бар екендігін өз көздерімен көріп, әрі таңданған, әрі Совет елінде болу мүмкіндігіне шәк келтірмес сеністік сезімінде болса, ол кісіні бұрыннан жақсы білетіндер, осындай замандасы, ағасы, әкесі алдында тұрғанда «төсі жайлау, төбесі қыстау» тәрізденді.

«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деген ескіден келе жатқан мәтел бар. Қазір секундына нәлен километр алатын ұшқыштармен салыстырғанда, көңілдің, қиялдың жүйріктігін көк дөненмен салыстыру — күлкі. Бірақ ол өз кезінің жемісі. Бұдан жүз жыл бұрын қазақ даласында көк дөненнен жүйрік не болмақ?! Әр нәрсенің өз жағдайы, өз кезі бар. Заманына қарай

адамы. Әр адам өз халқының бір кішкентай бөлшегіне ұқсас. Біреу оның жақсы жағын, біреу жаман жағын бейнелеуі мүмкін. Менің қиялымда Қаныш аға қазақ халқының кең пейілдік, жомарттық, ақ жарқын аңғалдық, сабыр салмақтылық, бір нәрсеге берілсе, құлай берілушілік, еңбек сүйгіштік сықылды жақсы қасиеттерін түгел қамтып, орыс, батыс, шығыс мәдениеттеріне де емірене барып, етегі толып қайтқан, олардың да тек жақсы жақтарын өз бойына сіңірген және осы қасиеттерін коммунизм құрушы халықтар игілігіне жұмсауға өзіне өзі іштей серт етіп, іске бел буған ұлы адамның бейнесін көзге елестетті.

В. Г. Фесенков

ОНЫҢ ЕСІМІ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылы Алматыға, 1941 жылғы 21 сентябрьдегі толық күн тұтылуын байқауға келген совет астрономдары эвакуация жағдайына душар болды, өйткені біз өз жұмысымызды бітіргеннен кейін қайтып кете алмай қалдық. Әйтсе де біз қысылып-қымтырылмай, өзімізді еркін ұстадық, себебі СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының басшылары тарапынан, әсіресе Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тарапынан толық қолдау-қошеметке бөлендік. Ғылыми жұмысты ойдағыдай жалғастыра түсу үшін СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы жанынан Астрономия және физика институтын құруды ұсындық. Бұл ұсынысты Қ. И. Сәтбаев белсене қолдады. 1941 жылы октябрьде Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінде оның жасаған баяндамасынан кейін үкімет қаулысы шығып, институтты, оның астрономиялық обсерваториясын ұйымдастыруға және оның қызметкерлеріне қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік туды.

Әуелде институттың бар болғаны Қазақ филиалындағы бір бөлмеде тұрғанына қарамастан, онда белсенді ғылыми жұмыс басталды. Әр жұма сайын ғылыми жиналыстар өткізіліп, қызметкерлеріміз баяндамалар жа-

сады, бұларға ауық-ауық Қаныш Имантайұлы да қатысып жүрді.

Обсерватория құрылысының ойдағыдай жүргізілуіне, әр түрлі ғылыми шаралардың өткізілуіне, сондай-ақ қызметкерлерді материалдық жағынан қамтамасыз етуге Қ. И. Сәтбаевтың әруақыт көмектесуге дайын тұратының сипаттайтын көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Арнаулы диссертация ұсынбай-ақ, орындалған немесе жарияланған еңбектердің жиынтығы негізінде институт қызметкерлеріне физика-математика ғылымының докторы ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы принциптік мәні бар өте қиын мәселе туған кезде Қ. И. Сәтбаев біздің өтінішімізді қолдап қана қойған жоқ, сонымен бірге бұл жөнінде Москваға барып, жоғары білім министріне екеуміз бірлесіп өтініш айтайық деді. Қ. И. Сәтбаевтың жеке өзінің сөйлесуі нәтижесінде мәселе толық реттелді. Көп ұзамай институт қызметкерлерінің бірі Д. А. Рожковский Штернберг атындағы Мемлекеттік астрономия институтына он жыл бойы Каменское платодағы обсерваторияның үлкен менисковтық телескопында орындалған өз жұмыстарын ұсынды, бұлардың жиынтығы бойынша оған ғылым докторы дәрежесі берілді.

Қ. И. Сәтбаевтың Қазақстандағы астрономия ғылымының дамуына жасаған ұдайы көмегінің басқа да мысалдарына тоқталмай-ақ, оның Қазақ ССР Ғылым академиясында Аспан әлемі мен Жер туралы ғылымның арнаулы Бөлімшесін құру ісіндегі инициативасын ғана атап өткім келеді.

Осы уақытқа дейін барлық ғылым академияларында астрономия мекемелері физика-математика ғылымдарының Бөлімшесіне кіріп келгені белгілі, өйткені астрономдар қолданған ғылыми жұмыс әдісі көбінесе физиктердің әдісіне сәйкес келетін-ді. Соңғы он жылда астрономияның қарыштап өркендеуі және космостың игерілуі әр түрлі жаратылыстану ғылымдарының анағұрлым тығыз ынтымағын талап етеді. Мұндай ынтымақ әсіресе Жер туралы ғылымдармен — геологиямен, геофизикамен және геохимиямен өте-мөте қажет.

Қазіргі астрономия екі үлкен тармаққа: аса қарапайым — атомдық және аса күрделі — молекулалық тармақтарға бөлінеді. Біріншісі — жұлдыздар, элементарлық бөліктер және жоғары ионды атомдар саласы, ал мұнда энергия шығаратын әр түрлі атомдық және

ядролық реакциялар жүріп жатады; екіншісі — молекулалар — бейтарап су тегі, космос тозаңы мен тым қарапайым органикалық қосындылар саласы; ал, мұнда жұлдыздар мен планеталардың пайда болуы жүріп жатады. Бұл екі бағыт үздіксіз бір-бірімен өзара қимыл жасайды. Алайда бұлар жеке дара дамуға тиіс.

Сондай-ақ Жер туралы ғылымның өкілдерімен ұдайы ынтымақ жасау біздің планетаның физикалық қасиеттерін жақсылап тану үшін де өте-мөте пайдалы екен. Осыған сәйкес СССР-де астрономия тұрғысынан геологияның әр түрлі проблемалары талай рет талқыланды да.

Қ. И. Сәтбаевтың құнды ұсынысы бойынша 1963 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясында Аспан әлемі мен Жер туралы ғылым Бөлімшесі құрылды, оған Астрофизика институты мен физика-математика ғылымдары Бөлімшесінен бөлініп шыққан ионосфера секторы кірді.

Бұл шараның көкейкестілігі мен өміршеңдігі планеталардың пайда болуы мен олардың термикалық дамуы проблемасы жөніндегі ғылыми сессияда айқын көрінді. Сессияны 1963 жылы жаңа бөлімше ұйымдастырды. Онда астрономдар, геологтар мен геохимиктер бас қосты. Қ. И. Сәтбаев бұл сессияның жұмысына өте-мөте белсене ат салысты. Астрономияның ең жаңа табыстары арқасында қазіргі уақытта Жердің және басқа планеталардың, сондай-ақ Айдың физикалық қасиеттерін салыстыруға мүмкіндік бар. Мәселен, бірақ уақыт өткеннен кейін 1964 жылғы майда Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк Ғылым академиясы Айды зерттеуге байланысты геология проблемалары жөнінде халықаралық конференция өткізді...

...Қ. И. Сәтбаев өзіне тән өй-өрісінің арқасында қазіргі кезеңде Жер туралы ғылымды Аспан әлемі туралы ғылыммен тығыз тұтастыру қажеттігін айқын түсінді және бұл үшін қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізді.

Қ. И. Сәтбаев ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы болды. Оның қызметі, оның адамдармен қарым-қатынасы кейінгі ұрпақтарға лұғатты өнеге болуға тиіс.

С. Бәйішев

АБЗАЛ АДАМ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Ел, халық тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан ұрпаққа тарайтын, өмірге бейне-бір үлгі-өнеге болатын абзал адамдар болған және бұдан былай да бола бермек. Бұлардың ортасында жүріп замандасы болған, талай тамаша істерін көзімен көріп, құлағымен естіген әрбір адал жан оларды әрқашан зор мақтаныш сезіммен айтып жүреді, жас ұрпақ алдына үлгі етіп тартып отырады.

Мұның өзі, әрине, әбден табиғи нәрсе, адам атаулыға біткен көп жақсы қасиеттердің бірі. Мұның нәтижесінде еліне, халқына жан-тәнімен адал қызмет атқарған адам өлгеннен кейін де ғасырлар бойы ел тарихында, халық санасында сақталып жүреді. Осындай адамдардың бірі — қазақ халқының адал ұлы, білімпаз уәкілі академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді.

Өзінен бұрын да, өз тұсында да кездескен осындай ардақты адамдардың орны мен еңбегін бағалай келіп, қазақ халқының алып ақыны Абай кезінде былай деген екен:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған.

Ал қазақ халқының қазіргі аса дарынды ақыны Ә. Тәжібаев жасы кіші болғанымен академик Қ. Сәтбаевпен замандас болған, өмірлік ісін көрген, ұстаздық сөздерін өз құлағымен естіп, тоқыған адам, сол себептен де ол өзінің «Монологтар» деп аталатын поэмасында Қ. Сәтбаев аузынан шыққан бейнебір өсиеттік мәні бар сөздерді былайша шебер жырлайды:

Қадірлеңдер әр сағатын уақыттың,
Әр сағатты бір өмір деп қараңдар.
Қадірлеңдер, бір-біріңді, аяңдар,
Бір-біріңді бауырым деп санаңдар.
Ауырмасын ауыр сөзден жүректер,
Көңілдердің көркі сола қалмасын.
Қуанышқа мұздай тамшы тамбасын,
Күлкілерге күйік таңба салмасын.

Академик Қаныш Сәтбаевпен замандас та, көп жылдар бойы қоян-қолтық істес болғандардың қатарында өзім де болып едім. Сондықтан Қаныш Сәтбаев жайындағы көрген-білгендерімді, онымен жақын істес болған шағымда, естігендерімді — өз аузынан шыққан талай тамаша терең ой-пікірлерді, ұстаздық сөздерді ортаға салуды, жас ұрпаққа арнап тартуды өзімнің азаматтық борышым деп есептедім.

I

Бұл арада біз алдымен әңгіме еткелі отырған уақыт 20-шы жылдардың екінші жартысы еді. Тарихқа мәлім: ол кезде бүкіл еліміз, барлық совет халқы, бейнебір бір кісідей, бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, шаруашылықты социалистік жолмен қайта құруды қолға алып жатты. Бұл барынша терең, іргелі өзгерістің, революциялық шаралардың алғашқы алып адымы бүкіл елді социалистік жолмен индустрияландырудан басталды. Ұлан-байтақ еліміздің барлық түкпірлерінде — орталығында да, шет аймақтарында да — бірінен соң бірі жаңа өнеркәсіп ошақтары — фабрикалар мен заводтар, шахталар мен рудниктер, электр станциялары мен темір жол тораптары салына бастады.

Елді социалистік жолмен жаппай индустрияландырудың процесі біздің өлкемізге де — қазақ даласына келіп жетті. Коммунистік партия мен совет мемлекетінің қазақ халқына деген, оның шаруашылығы мен мәдениетін мейлінше өркендетуге деген қамқорлығы мен шексіз көп көмегі арқасында дәл сол тұста Қазақстан жерінде ұзындығы 1500 километр нағыз алып дерлік (сол дәуір үшін) Түркістан-Сібір темір жолы — Түрксиб — салына бастады, өлкедегі мол қазба байлықтары (көмір, мұнай, түрлі түсті кендер) негізінде өнеркәсіп орындарын өркендету қолға алынды, империалистік және азамат соғыстары салдарынан тоқтап қалған кәсіпорындарын жаңа негізде қайтадан пайдалану көзделді, өлкедегі тұнып жатқан табиғи байлықтарды барлық жағынан бірдей терең зерттеу шаралары белгіленді. Бұл тәрізді асқар таудай алып жұмыстарды атқаруға бүкіл республика күші жұмсалды. Қайтадан құрылып, қатарға қосылғалы жатқан кәсіпорындарына да, жаңадан шаңырағын көтергелі жатқан кәсіпорындарына да еліміздің түрлі түкпірле-

рінен топ-тобымен жұмысшылар да, инженер-техник қызметкерлер де келіп жатты.

Дәл сол кезде бүкіл халық болып қолға алған өнеркәсіп орталықтарының бірі — Қарсақбай мыс заводы, Жезқазған мыс руднигі, Байқоңыр көмір шахтасы болатын. Бұларды қайтадан қалпына келтіруге, одан әрі мықтап өркендетуге, сөйтіп, елімізге аса қажет мысты мейлінше мол өндіруге көптеген жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер, алдымен коммунистер мен комсомолецтер, жалынды жастар келді. Сол алғашқы қарлығаштардың бірі 1926 жылы Томск қаласындағы тау-кен технология институтын (қазіргі политехника институты) ойдағыдай бітірген жас тау-кен инженері Қаныш Сәтбаев болды. Мұнда ол алдымен Қарсақбай мыс заводы үшін мыс кені қорын іздейтін геологиялық экспедицияда қатардағы инженер-геолог, кейін бас инженер-геолог болып қызмет атқарды. Сол кезден бастап инженер-геолог Қ. Сәтбаевтың бүкіл Жезқазған өңірінің қазба байлығын жан-жақты зерттеу-тексеру, сөйтіп ел қажетіне пайдалану жөніндегі баға жетпес қызметі, нағыз ерлікке тең еңбегі өріс алады.

Жаңа ғана жоғарыда аталып өткен Қарсақбай мыс заводын социалистік жолмен қайта құрып, қатарға қосу ісіне қатысу үшін өлкелік комсомол ұйымының шақыруы бойынша келесі 1927 жылдың жазында бұған комсомол жастардың тағы бір тобы келді. Солардың қатарында Ташкенттегі қазақ жастары арасынан келген токарь Әшір Бүркітбаев (кейін ол Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің бірінші секретары қызметіне дейін көтерілді, одан соң Свердловск қаласындағы Орал өнеркәсіп академиясын ойдағыдай бітіріп, 1934 жылы Алматыда ашылған кен-металлургия институтының (қазіргі В. И. Ленин атындағы политехника институты) тұңғыш ректоры болып қызмет атқарды), Қазалы қаласынан келген слесарь Сергей Строжков (бұл да кейін Ленинградта институт бітіріп, 1941 жылға дейін жауапты инженерлік қызметте болды) және Ақтөбе облысындағы Темір қаласынан келген, осы естелікті жазып отырған өзім болдым. Реті келгенде мұны жазып отырған себебім: Қарсақбай заводына келген кезден бастап осы үш жігіт завод жатақханасының бір бөлмесінде жарты жыл бойы бірге тұрып, заводтағы жұмыстарымызға бірге барып жүрдік, бір атадан

тумағанмен нағыз туғандай дос болып кеттік. Оның үстіне арамыздағы жас жағынан ересегіміз Әшір Бүркітбаев менің кейін Қ. Сәтбаевпен кездесуіме, жүзбе-жүз сөйлесуіме тікелей себеп болған еді.

Менің өз басым Қаныш Сәтбаев есімін 1936 жылдан бастап «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінде жарияланып жүрген оның мақалалары арқылы сырттан естуші едім. Ал 1928 жылдың басында Қарсақбай мен Жезқазған кен байлығын зерттеу мақсатымен инженер-геолог болып қызмет істеп жүрген Қ. Сәтбаевты Қарсақбай комбинатының директоры Р. Дрейман жолдас жүргізген бір өндірістік кеңесте (ол кезде мен Қарсақбай аудандық комсомол комитетінде қызмет істеуші едім) тұңғыш рет көріп, кеңесте сөйлеген сөзін тыңдадым.

Бұдан соң бірнеше күн өткеннен кейін бізбен бірге тұрушы Ә. Бүркітбаев жатақханамызға Қ. Сәтбаевты ертіп келді. Сонда бір кеш бойы бірге отырып әңгімелесіп, өзімізше бірсыпыра танысқан болатынбыз. Бұл арада айтпай кетуге болмайтын бір жағдай мынау: жұмысшылар жатақханасының бір бөлмесінде тұратын үш жігіттің (Ә. Бүркітбаев, С. Строжков және мен) қарамағында бір ескілеу қазақ домбырасы мен бір мондолина болатын. Бұл музыкалық аспаптарымызды көріп, Қ. Сәтбаев: «жігіттер, сірә, өнерпаздар да боларсыз» деп әзілдеді. Одан соң ол Әшірге қарап «сіздің әкеңіз аты Бүркітбай екен, қарсылығыңыз болмаса, осы есімге байланысты бір ән айтып берейінші деп, ел арасында көп тараған «Бүркітбай» әнін домбыраға қосылып, қоңыр дауыспен айтып берді, көңілімізді көтерді. Сонда-ақ Қ. Сәтбаевтың көркем әдебиет пен халық өнері жайында да хабары мол екенін байқап қалғанбыз.

Еліміздің ежелгі әдеті бойынша, осы алғашқы кездесуіміз тұсындағы әңгімемізде алдымен, әрине, жөн сұрастық, әрқайсымыз білгенімізше еліміз-жұртымыз, басымыздан өткен азын-аулақ өмір жолымыз жайында айтып жатырмыз.

Ұмытпасам, бұл кездесуден есімде қалғаны мыналар еді: Қаныш Сәтбаев ол кезде мен үшін өте алыс, қиыр шет болып көрінетін Кереку (қазіргі Павлодар) мен Семей өңірінен шыққан жігіт екен. Нақ туып-өскен мекені, туған туысқандарының тұрып жатқан жері Баянауыл тауы, көлі болып шықты (бұл жер-су атау-

ларын сонда тұңғыш рет естуім еді). Жоғарыда бір рет атап өткеніміздей, сол кездесуімізден екі жыл бұрын ол Томск қаласында институт бітіріп, алдымен «Атбасцветмет» (Атбасар атауынан алынған) трестінде инженерлік жауапты жұмыста болып, енді Қарсақбай — Жезқазған — Ұлытау айналасын, қысқаша айтқанда, Орталық Қазақстан жерінің байлықтарын жан-жақты зерттеуге келген екен. Бұл салада істелетін жұмыстардың ұшан-теңіз екенін баяндай отырып, өзінің Сібір қаласындағы институтта қалай оқығанын, өзі оқытқан ұстаз-мұғалімдерін аса зор мақтаныш сезіммен жыр етіп дерлік айтып берді.

Өзінің айрықша қадірлі ұстаздары арасынан Қ. Сәтбаев алдымен профессор М. А. Усов (кейін ол СССР Ғылым академиясының академигі болды) есімін атады. Байқасақ, мұның өзінше сыры бар екен. Профессор М. А. Усовтың тікелей басшылығымен ол ылғи студенттік ғылыми жұмыстарға араласып жүрген, өзі жүргізген ғылыми жұмыстары жайында студенттер арасында дүркін-дүркін баяндамалар жасап отырған. Өзінің бір курстан екінші курсқа өтердегі жазба жұмыстарында, әсіресе, дипломдық еңбегінде Батыс Сібір өңірінің жаратылыс байлығы жөнінде, геология мен тау-кен өндірісінің талай тың мәселелері жайында ғылыми да, практикалық та мәні бар нақты ұсыныстар жасаған. Қ. Сәтбаевтың бұл жұмыстарын институт оқытушылары, ғалымдары сол кездің өзінде-ақ аса жоғары бағалаған, жас студент бойындағы айрықша қасиеттерге көзі жеткен институт оқытушылары мен ғалымдары Қ. Сәтбаевтың болашағынан зор үміт күткен.

— Егер сол ұстаздарымның үмітін ойдағыдай ақтамасам, артқан ауыр жүктерін өз орнына апарып қоймасам,— деді әңгіме арасында Қ. Сәтбаев,— онда оқу жолына, жоғары білім алу ісіне жұмсаған көп еңбегім мен уақытымның зая кеткені болмақ.

Қ. Сәтбаевтың бұл сөздері сол кездің өзінде-ақ маған ұстазға деген нағыз адалдықтың айнасы, ұстаздар алдында айтылған ант тәрізді болып көрінді.

Сондағы, Қарсақбайдағы, жас инженер Қ. Сәтбаевпен тұңғыш рет кездесуімнен, азын-аулақ пікір алысуымнан алған естен шықпас әсерім осындай еді. Әрине, ол кезде Қ. Сәтбаев маған әрі аға, әрі білімнің биік құзында тұрған бейнебір қол жетпес бәйтерек тәрізді болып көрінді. Ұзын бойлы, әлі толыса қоймаған

сұңғақ, киген киімі қазіргі тұрғыдан қарағанда мейлінше жұпыны болып көрінгенімен, Қаныш барынша сұлу да, сымбатты да, кемеліне келген, үлкенге де, кішіге де орнымен ақыл беретін, нағыз ел жігіті, ел азаматы сияқты болды. Қонақ аз отырып, көп сынайды дегендей, сол алғашқы кездесуімде-ақ Қаныш Сәтбаевтың өлшеніп шыққан ойынан да, сұрыпталып айтылған сөзінен де асқан әдептілігі байқалды, басқаша айтқанда, барлық жүріс-тұрысы, жарқын жүзі, ішкі сыртқы сыры бірімен-бірі жарасып, арасынан ине-жібі өтпестей қабысып тұрды. Сол сапарда Қ. Сәтбаевты көргенде алған әсерім де, көңілімді кеулеген мақтанышым да қазақ жігіттерінің, қазақ азаматтарының бәрі осындай сегіз қырлы, терең сырлы, ғылымда ойлы, істе икемді болса, біз қандай өрісте, қандай құз шыңында, қандай тарихи белесте болар едік деген ой туды.

Ал кейінірек, өзім де білім мен ілім ортасына араласа бастағанымда, атақты орыс жазушысы А. П. Чеховтың «Адам бойындағы нәрселердің бәрі: жүзі мен киімі де, ішкі дүниесі мен ойы да бір-бірімен жарасып, тамаша болуға тиіс», «ақыл-ойы жағынан айқын, адамгершілгі жағынан таза, дене құрылысы жағынан тартымды болуға тиіс» деген өнегелі сөздерін оқығанымда, осы қасиеттердің бәрі Қаныштың бойында түгелдей дерлік бар ғой деген пікір маған берік орнады.

Мұның өзі мың да бір дұрыс болып шықты. Мұны Қ. Сәтбаевтың одан бергі өз ісі түгелдей растады. Демек, онымен алғашқы кездесуімізден алған әсеріміз бен жоруымыз әбден дұрыс болды. Мұның да өзіне тән, әңгіме етіп отырған адамымыздың табиғи қасиетіне тікелей байланысты сыры бар-ды. Кейінірек, Қаныш Сәтбаевтың өмірбаянына, әсіресе, жас кезіндегі өз ортасында, ауыл-аймағында алған орнына көз жіберсек, жаңағы жоғарыда айтып өткен сөздеріміз бен берген бағамыздың сыры өзінен өзі ашылады. Бақсақ, Қаныш Сәтбаев әуелден-ақ аса әдепті, ақылды бала ретінде ел аузына ілінген екен. «Ақыл жастан, асыл тастан» дегендей, Қаныш мектепте оқып жүрген кезінен бастап-ақ өнер мен білімге ынталығы байқалады. Ол жас шағында-ақ жаратылыстың сырын жете білуге тырысады, ел аузында айтылып жүрген әдебиет пен өнер үлгілерін теріп-жинаумен айналысады, өз халқының басынан өткен ауыр арпалыстың соқпақты жолдарын зерттеумен шұғылданады.

Осылардың барлығының нәтижесінде Қаныш Сәтбаевтың білімге деген бейімділігі мен берілгендігі, ғылым мен техникаға деген құштарлығы, іс атаулыға икемділігі мен тапқырлығы 20-шы жылдардың ортасында, жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде-ақ көзге түседі.

Мұны Қ. Сәтбаевтың көп ұстаздарының бірі атақты академик В. А. Обручев та кезінде былайша баяндаған-ды.

«Білімге құштар жас жігіт мансап қуып, ауыл маңында қала алмады, кіндік қаны тамған туған өлкесіне тиімдірек еңбек сіңіру ниеті оны жетелеп келіп, Томск қаласындағы технология институтының қабырғасынан бір-ақ шығарды. Бұл институттың кен бөлімін ол, инженер-геолог деген мамандық алып, 1926 жылы бітіріп шықты, сол шәкірт кезінде-ақ оның алғыр қабілеті профессор, кейінірек академик болып сайланған М. А. Усовтың назарына ілініп, ұстаздық ілтипатын көріп, жетілген еді. Туған еліне қайта оралған Қ. И. Сәтбаев тұл бойындағы барлық күш-қуатын, өнерін қазақ жерінің қазба байлықтарын зерттеуге құлшына жұмсайды.

Мені жұрт Сібір геологтары мектебінің ірге тасын қалаушы деп атайды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та осы мектептен тәрбие алып, қанатын осы ұяда қомдаған дарын иесі. Мұндай зерделі шәкірттің ғылым көкжиегіне таң шолпанындай жарқырап шығып, сөнбес нұр шашуы, ұстаз атанған барша ғалымға үлкен қуаныш болса керек, ал мен үшін ол — нұры сөнбес зор мақтаныш».

Бұл — әбден тауып айтылған әділетті баға. Бұған бұл арада еш нәрсені қосып айтудың қажеті бола қоймас.

2

20-шы жылдардың аяғындағы Қарсақбай комбинатында Қ. Сәтбаевты бірінші көруім, әрине, жалпы алғанда тек біліс ретінде ғана өтті. Онымен екінші жүзбе-жүз кездесуім мен әңгімелесуім отызыншы жылдардың ортасында болды. Мұның өзі екеуіміздің шын мәнісінде танысуымыз бен табысуымыздың берік желісі, негізі болды. Халқымызда айтылатын: бір көрген біліс, екі көрген таныс дегеннің мәнісі де осындайдан тараған болу керек.

Шығында да
йында дерлік Қаныш Сәтбаевпен өндіріс саласында да, қоғам қызметтерінде де, ғылым майданында да қол ұстасып еңбек етуіме ұласты. Мұны өзім үшін бастан өткен өмір мектебінің үлкен жолы, жемісті еңбектің бір емес, бірнеше биік белесі деп білемін.

Ол тұста, отызыншы жылдары, жұртқа мәлім, еліміз халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды, социалистік индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді жаппай іс жүзіне асырып, бесжылдық жоспарларды бірінен соң бірін ойдағыдай орындап жатқан-ды. Еліміз тарихындағы осындай асулы кезеңдердегі іргелі істерге, түбірлі әлеуметтік экономикалық өзгерістерге, яғни, елімізде социализм жеңістерін қамтамасыз ету жолындағы қаһармандық күреске Қ. И. Сәтбаев белсене араласты.

Ол кезде Қ. Сәтбаев Қарсақбай мен Жезқазған өңірінде тынбастан ізденуші-инженерлік қызмет атқарып жүріп-ақ республикалық және орталық газеттер мен журналдарда үзбестен талай тың мақалалар жариялап, ойларын ортаға салып отырды. Оларда жалпы алғанда Қазақстанның, жекелеп алғанда Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін өркендету, жер астында тұнып жатқан жаратылыс байлықтарын барынша мол пайдалану жөнінде де талай-талай тиімді, ақылға қонымды ұсыныстар енгізді, бүкіл ел назарын, барлық дерлік ғалымдар күші мен назарын қазақ өлкесінің экономикасын өркендетуге аударды. Қ. Сәтбаевтың тікелей ұсынысы мен ынтасы арқасында отызыншы жылдардың ортасында СССР Ғылым академиясының бірнеше көшпелі сессиясы Қазақстан өндіргіш күштерін өркендету мәселелерін, әсіресе, Жезқазғанда, Алтайда, Ембіде социалистік өнеркәсіпті өркендетудің болашақтарын жан-жақты қарап, талдады. Бұл жұмыстарды ұйымдастырудағы, шешуін күтіп тұрған өзекті мәселелерді талдаудағы Қ. Сәтбаевтың қажымай-талмай атқарған қызметі орасан мол болды.

30-шы жылдардың екінші жартысынан неміс фашистерінің баскесері Гитлер әкеліп таңған соғыс басталғанға дейін маған республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде редактор болып қызмет атқаруға тура келді. Сол кезде газет бетінде республикамыздың экономикалық проблемалары, өндіргіш күштері жайында мақалалар, нақты ұсыныстар жиі-жиі жария-

ланып жүрді. Бұған ғалымдар, инженер-техник қызметкерлер, шаруашылық басшылары белсене қатысты. Бұлардың алдыңғы қатарында Қ. Сәтбаев болды. Ол Халық шаруашылығының аса күрделі мәселелері жайында бірнеше маңызды мақалалар жариялады. Солардың бірі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 6 ноябрьдегі Қазақ ССР-інің 20 жылдығына арналған санында «Қазақстан — түсті металл қоймасы» деген атпен жарияланды. Онда, мәселен, былай деп жазылған:

«Республикамыздың ен-байтақ даласы әр алуан кендерге, сирек кездесетін металдарға өте бай. Қазақстан мыс, қорғасын-мырыш, никель запастары жөнінде Советтер Одағында бірінші орын алады.

Шығыста Алтай алабы, оңтүстікте Қаратау қойнауы, Орталық Қазақстанның кенге мол жотасы, батыста Маңғыстау түбегі — міне, осылардың бәрі түсті металл қоймасы. Мұнда, әсіресе, Жезқазған маңы кенге өте бай...

Жезқазған маңындағы толып жатқан түрлі кен байлықтарын комплексті түрде пайдалану нәтижесінде Жезқазған Қазақстанның, бүкіл Совет Одағының өте ірі индустриялы орталығына айналмақ».

Қ. Сәтбаев ойынан шыққан, қолымен жазылған мұндай мақалалар, тұжырымды пікірлер, болашақты болжаушылық мейлінше мол болатын. Сол кездің өзінде-ақ —40-шы жылдардың басында-ақ, Қ. Сәтбаев қоғам өмірінің, экономика мен мәдениеттің, өндіргіш күштердің проблемаларын тереңнен талдайтын, алыстан аңғарып болжайтын нағыз ойшыл ғалым, қоғам мүдделерін әрбір талшығына дейін түсінетін өрелі қайраткер екенін танытты. Сондықтан да партиямыз бен үкіметіміз 40-шы жылдардың басында Қ. Сәтбаев жолдасты дербес жауапты ғылыми қызметке тартты, Алматыда ашылған геология институтының тұңғыш директоры етіп тағайындады. Мұнымен қатар ол сол тұста және төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысының ұзына бойында СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалын басқарды, оның бастығы болды.

Сонымен, 40-шы жылдың дәл басында Қ. Сәтбаев түгелдей ғылыми жұмыспен айналысып, оның сан алуан күрделі де, қиын да мәселелерін шешуге білек сыбанып кірісіп кетті. Бірақ ол өзі 15 жыл бойы үзбестен еңбек еткен Жезқазған өлкесінің мәселелерін екі елі

есінен шығарған емес. Жалпы алғанда бүкіл Қазақстанның, жекелеп алғанда Қарсақбай — Жезқазған өңірінің өндіргіш күштерін одан әрі өркендете беру мәселелері Қ. Сәтбаевтың барлық ғылыми да, практикалық та, қызметінің бел ортасынан орын алып отырды. Басқаша айтқанда. Қ. Сәтбаев бұрынғысынша Жезқазған өңірінің, онда ірі индустриялы өнеркәсіп орталығын жасаудың нағыз қамқоршысы болды.

Қ. Сәтбаевпен екінші рет кездесіп, істес болуымнан, бірсыпыра жыл бойы республика мәселелерін шешуге бірлесіп қатысуымнан есте қалған кейбір жағдайлар осындай еді.

Қ. И. Сәтбаевпен келесі кездесуім 40-шы жылдардың қақ ортасында — гитлершіл Германияға қарсы ашылған Ұлы Отан соғысының зор жеңіспен аяқталған тарихи 1945 жылда болды. Мұны да айтып өтудің бір қажеті мынадай: 1941 жылы неміс шапқыншылары бейбіт жатқан елімізге опасыздықпен тисіп, жер-суымызды басып ала бастағанда мен, өз жасымдағы барлық совет адамдары тәрізді, Отан қорғауға аттандым. Содан төрт жыл бойы армия қатарында, майданда болып, өзімнің азаматтық борышымды атқарып жүрдім. Осыған байланысты, әрине, Қ. Сәтбаевпен байланысымда, бірлесіп жұмыс істеуімде азын-аулақ үзіліс болды.

Жаңағы айтылған тарихи 1945 жылда армия қатарынан, жауды талқандаған сан мың совет жауынгерлерімен бірге елге оралғанымды, алдымнан шыққан, жеңіспен құттықтаған, құшақтап көріскен жерлестерімнің алдыңғы сапында Қ. Сәтбаев болып еді. Бұл да Қаныш Сәтбаев жаратылысына біткен көп тамаша қасиеттердің, аса жоғары адамгершіліктің бір айқын көрінісі, алтындай таза айнасы еді. Мұны мен қалай ұмытармын, мұны мен ұрпаққа айтпай қалай отыра алармын!

Соғыстан кейінгі кеңшілікте, жаңа жағдайдағы кездесуімізде Қаныш Сәтбаев алғашқы әңгімесін: «Сақа», деп алып (жасым анағұрлым кіші болса да, мені әрқашан, ресми жерде болмаса осылай атайтын. Өйткені ол сөйлескен адамының есіміне — үлкен болсын, кіші болсын — әрқашан «аха», «еке» деген жалғаулар қосып еркелетіп сөйлейтін. Тіпті ең аяғы өзінің немересі Нұрланды да Нұреке деп атайтын. Бұл да үлкен мәдениеттіліктің белгісі еді. Республикада, соғыс жағ-

дайының ауырлығына қарамастан, партия мен үкіметіміздің қисапсыз көп көмегі арқасында, ғылымның қалайша дамып отырғанын, ғылым кадрларының қалайша өсіп келе жатқанын баяндады. Бұл арада, әсіресе, аспирантура арқылы ғылым кандидаттарының көптеп даярланып жатқанын, 30 шақты талапты, болашағынан үміт күтуге болатын ғылым кандидаттарының Москва мен Ленинградқа докторантураға жіберілгенін баса айтты. Сөйтіп, көп ұзамай республикамызда дербес ұлттық академия құрылатынын аңғартты.

— Сонымен, Сақа,— деді Қ. Сәтбаев, әңгімесін одан әрі жалғастыра отырып,— сіз де енді білек сыбанып ғылыми жұмысқа кірісерсіз деп қатты сенемін. Республикадағы ғылымымыздың дәл жас бөбек тәрізді алысшалыс аяқ басып, алға қарай ұмтылып келе жатқан шағында сіздер сияқты өмір жолынан өткен тәжірибелі, білімді азаматтарымыздың көмегі әбден қажет болып отыр. Ғылым саласында еңбек ету үшін өз басыңызға қажет көмекті іркілмей көрсетуге біз әзірміз.

Шынын айтқанда, Қ. Сәтбаевтың бұл сөздері ғылым жайында бұрыннан көкірегімді кернеп жүрген ойларды бұрынғыдан бетер бекіте түсті, ғылымға белімді берік байлатты. Сондықтан да тиісті орындардан сұраған бірінші тілегім — ғылыми жұмысқа бару болды.

Сонымен, тілегім түгел қабыл болды. Армиядан оралысымен-ақ ғылыми жұмысқа әбден араласып кеттім. Бұл — өз өмірімдегі іргелі өзгеріс. Қ. Сәтбаев сияқты теңіздей терең ғұлама ғалыммен қол ұстасып қызмет атқаруымның алғашқы адымы болды.

Соғыстан соңғы бұл дәуір қоғам өмірінің барлық салаларында да, солардың ішінде ғылым саласында нағыз тарихи кезең болды. 1946 жылдың жазында республикада ғылым ордасы — Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды. Ғалымдар жұртшылығы Қ. И. Сәтбаевты бірауыздан Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті етіп сайлады. Мұның өзі Қ. И. Сәтбаевтың республика өндіргіш күштерін өркендетуге, әсіресе, Орталық Қазақстанның, оның ішінде Жезқазғанның қойнауында жатқан байлықтарды зерттеу ісіне қосқан зор үлестерін, республикада ғылым дамытудағы еңбегін жоғары бағалағандықтың белгісі еді.

Ал, одан соң көп ұзамай-ақ Қ. И. Сәтбаев СССР Ғылым академиясының да толық мүшесі — академигі

болып сайланды. Бұл — академик Қ. И. Сәтбаевтың саналы өмірінің, түгелдей ғылым саласында істеген жемісті еңбегінің ең шешуші де, ең тарихи да кезеңі болды. Ол дәуірде академик Қ. И. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанда ғылым құлаш жая өсе бастады, гүлдене түсті. Ғылымның республика өңірінде бұрын болып көрмеген салалары іргесін қалады, олардың сан-алуан кадрлары даярланды, халық арасындағы күні кешеге дейін байқалмай келген таланттардың қатары өсті, ғылым мен техникада көптеген тың жаңалықтар ашылды. Мұның мәнісі — ғылым үлкен күш, бұл заманда ғылымсыз бір адым да ілгері басуға болмайды, ғылым енді тікелей өндіргіш күш деген сөз еді. Сондықтан да академик Қ. И. Сәтбаев ғылымға басшылық ету жұмысында В. И. Ленинның бүкіл ғылым мен техниканы меңгере білу керек, барлық білімді, өнерді пайдалана білу қажет, әйтпесе біз коммунистік қоғамдағы өмірді жолға қоя алмаймыз, деген нұсқауын екі елі есінен шығарған емес.

Ол дәуірде, 40—50-ші жылдарда, Қ. И. Сәтбаев бұрынғысынша талапты жастардан болашағы мол ғалымдар тәрбиелеп шығаруға айрықша көңіл бөліп отырды. Ғалымдар алдында, әсіресе, жас ғалымдар арасында сөйлегенде: «Білімнен қуатты ешқандай күш жоқ, біліммен қаруланған адам еш нәрсеге жеңдірмейді... Адам әрқашан әлі де өзі жете алмаған нәрсеге құштар болуға тиіс. Сонда ол күннен күнге өсіп, жоғары қарай тырмыса береді»,— деген М. Горькийдің тамаша сөздерін жиі келтіріп отыратын. Мұның мәні өзінен өзі түсінікті еді. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген мақал да осы ойлардан шыққан-ды. Сол себептен де ол әрқашан өз халқыңды, өз Отаныңды, коммунистік қоғамыңды шексіз сүйе біл, бұдан артық қасиетті іс жоқ, бұл сіздерді ғылым үшін, мәдениет үшін, қоғамдық прогресс үшін әрқашан рухтандырып отырады, деуші еді.

Мұның бәрі Қ. И. Сәтбаевтың өз өмірінен, өз тәжірибесінен алынған ақиқат дүние. Мәселен, Қ. И. Сәтбаев өз өмірбаянында мынадай бір жағдайды айрықша атап көрсетеді:

«Өзімнің ғылыми, материалистік-философиялық көзқарастарымды, дүниеге қоғамдық-саяси тұрғыдан қарауымды, халық үшін қалтқысыз қызмет етуімді ең алдымен маркстік-лениндік теориядан, коммунистік

партияның басшылығынан үйрендім, өйткені партия мені бастан-аяқ мәпелеп тәрбиеледі, менің ғалым да, қоғам қайраткері де болып өсуіме әрқашан нағыз аталық қамқорлық көрсетіп отырдық»,— дейді.

Бұл дұрыс та, тауып та айтылған қағида. Ол шынында да маркстік-лениндік революциялық ғылымның заңдарын шебер пайдалана білетін, ғылымның сан алуан мәселелерін ылғи творчестволық тұрғыдан шешіп отыратын, маркстік-лениндік революциялық теорияны практикалық іске нақты басшылық етіп қолданатын.

Академик Қ. И. Сәтбаев — шын мәнісінде біздің советтік заманымыздың энциклопедиялық білімді ғұлама ғалымы болды. Ол қазіргі заманғы сан алуан салалар мен тарауларға бөлінген ғылымның бәрінен де хабардар еді, әрбір білім тарауларының тілін де, заңын да білуші еді. М. Әуезов тауып айтқандай, академик Қ. И. Сәтбаев химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, тілші-әдебиетшімен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе білетін.

Ал өз мамандығы — геология ғылымымен тығыз байланысып жатқан тау-кен, металлургия, экономика ғылымдары жайында айтпаса да түсінікті. Бұл ғылымдардың заңдары мен ерекшеліктерін ол бес саусағындай білетін. Қ. И. Сәтбаевпен экономика ғылымы, республиканың өндіргіш күштерін өркендетудің мәселелері жайында маған талай рет сөйлесуге де, ақылдасуға да тура келді. Осыған байланысты бір нақты фактыны баяндап өтейін. 1957 жылы Қостанай қаласында СССР Ғылым академиясы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Солтүстік Қазақстан өндіргіш күштерін өркендету проблемаларына арналып, бірігіп жүргізілген көшпелі сессиясы болды. Бұл сессияны жүргізу жөніндегі барлық даярлық жұмысты бір жыл бойы Қ. И. Сәтбаевтың өзі басқарған болатын. Бірақ бұл ғылыми сессияның нақ қарсаңында ол аяқ астынан қатты сырқаттанып қалып, сессияға бара алмайтын болды. Сонда ол сессияны басқаруды маған тапсырып (ол тұста мен Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті болатынмын), қандай проблемаларға алдымен айрықша назар аударудың қажеттігін айтып, өз қолымен жазып берген болатын. Бұл проблемалардың бірінші қатарына Солтүстік Қазақстан жеріндегі қазба байлықтарды (темір рудасын, бокситті, көмірді және басқаларын) толық және тиімді пайдалану, металлургиялық өндірісті өркендету, бұл өндірістерді сумен қамтамасыз ету, өндірістің барлық түрлерін экономика жағынан ұтымды етіп ұйымдастыру мәселелерін қойды. Бұлар шынында да сол өлкенің өндіргіш күштерін өркендету жолындағы нағыз келелі, нағыз көкейкесті мәселелері еді. Бұл ғылыми сессия Солтүстік Қазақстанның, мұның ішінде әсіресе Қостанай облысының өндіргіш күштерін өркендете түсуде үлкен роль атқарды.

Осындай жағдайлардың өзі-ақ Қ. И. Сәтбаевтың экономика мәселелеріне, өндіргіш күштер проблемаларына мейлінше жетік екенін көрсетті. Осы себептен де ол өзінің бірде-бір еңбегінде экономика мәселелеріне оралмай өтпейтін. Осылардың бәрін жинақтап айтсақ, қазақ ұлдары арасынан шыққан тұңғыш академик Қ. И. Сәтбаев — ақыл-ойдың жұлдызы, айрықша сипаттағы ғұлама ғалым, XX ғасырдағы ломоносовтік типтегі ғалымдардың дәл өкілі. Өткен XIX ғасырда Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығысты зерттеуде бірақ рет жалт етіп сөне қалған жұлдыздай болса, айналасында ешкімі жоқ жалғыз шыққан теректей бір ғана ғалым болса, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев XX ғасырдағы ғылымның асқар таудай алыбы, ғылыми еңбектің бірден-бір шебер ұйымдастырушысы, советтік құрылыс тұсында қазақ жерінде ұйымдасып, өсіп-өркендеген ғалымдар армиясының бүкіл халық таныған қолбасшысы болды. Қ. И. Сәтбаев — қазақ халқының, қазақ совет ғалымдарының зор мақтанышы, ардақты абыройы.

Бұлармен қатар Қ. И. Сәтбаевтың қадірлі есімі, артында қалдырған ісі, жалпы алғанда, барлық совет ғалымдары ұрпақтарына, жекелеп алғанда, қазақ совет ғалымдарының қазіргі мен болашақ ұрпақтарына үлгі де, өнеге де болмақ. Ол ғұлама ғалымдығымен қатар нағыз нәзік жанды тәрбиеші, адам жанының зергері еді.

Үстіміздегі 1979 жылдың көктемінде қазақ халқы, республика жұртшылығы, олардың ішінде, алдымен, мәдени және ғылыми қауымы өз арасынан өсіп шыққан, өз тарихының орта белінен мәңгі өшпес орын алған, ардақты да, сүйікті өкілдерінің бірі — академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 80 жыл толу мерекесін шын мерейімен, жылы сезімдерімен атап өтпек. Бұл, әрине, әбден заңды құбылыс, өз еліне, өз

Коммунистік партиясына өмір бойы адал қызмет еткен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, совет ғылымы майданында қырықтан аса жыл бойы қыруар қызмет атқарған тұңғыш академик Қаныш Сәтбаев сынды өкіліне көрсеткен зор құрмет болмақ. Мұндай жаппай халық құрметі мен сүйіспеншілігіне академик Қ. Сәтбаев өзіне біткен зор талантымен, өнегелі өмірімен, өмірде өшпес із қалдырған істермен ие болды.

Қазақ халқының да, басқа барлық халықтар тәрізді, ерлігі мен еңбегі, өнері мен ойшылдығы арқылы өздеріне де, өзгеге де аты шыққан, даңқы тараған ұлдары мен қыздары аз емес. Ерте заманды еске алмайақ, соңғы бір-екі ғасыр жүзінде бүкіл әлемге істері мен есімдері тараған Сырым батыр мен композитор Құрманғазыны, Исатай мен Махамбетті, Шоқан мен Ыбырайды, Абай мен Сұлтанмахмұтты, Біржан мен Сараны, Аманкелді мен Әлібиді, Сәкен мен Бейімбетті, Мұхтар мен Сәбитті, Ахмет пен Әбілханды, Қалыбек пен Құрманбекті, Күләш пен Жамалды айтсақ та жетіп жатыр. Өз халқын, өз елін барша әлемге барған сайын жан-жақты танытып келе жатқан қоғам мен мемлекет қайраткерлерінің, ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер өкілдерінің санын біздің қазіргі нұр үстіне нұр жаудырған, барша халықты бақытқа бөлеген жаңа заман — социализм заманы айрықша асырды. Еш уақытта ел есінен шықпас осындай ардақты адамдардың бірі — біздің заманымыздың перзенті, қазіргі қазақ совет адамдары ұрпақтарының жанашыр замандасы, ақылшы ағасы, Қазақстанда совет ғылымының отауын өз қолымен тіккен академик Қ. И. Сәтбаев.

Сондықтан да Қ. И. Сәтбаевты бүкіл ел, барлық халық барынша қадірлейтін, оны жұрт әдетте, көбінесе, «Біздің Қаныш», «Қаныш аға», «Қанеке» дейтін. Мұның өзі зор халық құрметінің, ел сүйіспеншілігінің айқын белгісі еді. Бұл сүйіспеншілік әлі күнге дейін ел ішінде толық сақтаулы, Қ. И. Сәтбаевты тірі кезінде көрген-білген адам да, немесе сырттан естіп-білген адам да күні бүгінге дейін өз әңгімелерінде жоғарыдағыдай қадірлеп атайды.

Бұл әбден табиғи нәрсе. Артында өшпес із, мұра қалдырған абзал жан, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің есімімен әлі де талай адамдарды, талай ұрпақтарды өмірге, еңбекке үйрете береді.

ЖАРҚЫН ДА СҮЙКІМДІ БЕЙНЕ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғылымның аса көрнекті ұйымдастырушысы, белсенді мемлекет және қоғам қайраткері еді. Ол республикамызда ғылымның барлық саласын қалыптастыру мен дамытуда терең із қалдырды. Қазақстанда химия ғылымы мен химия өнеркәсібін ұйымдастыруға көп күш-жігер жұмсады.

Ой-өрісі кең, ғылым мен техниканың әр түрлі саласынан ғұлама білімі бар Қаныш Имантайұлы бұлардағы жаңа келелі бағыттарды тез айқындап, ғалымдар мен өндірісшілер коллективінің күш-жігерін өмір мен ғылым дамуының барысы ұсынған ірі міндеттерді шешуге жұмылдыра білді, республика мен еліміз үкіметі мен жоспарлау органдарының алдына Қазақстан ғылымы мен халық шаруашылығының түбегейлі проблемаларын қоя білді.

Республика шикізат ресурстарының асқан білгірі (бұларды барлау оның тікелей басшылығымен және қатысуымен жүргізілген болатын) Қаныш Имантайұлы қажетті шикізатты өте-мөте зәрулік сезілген жерлерден табу үшін не керектің бәрін істеді.

Қаныш Имантайұлы білікті маман және тәжірибелі кадрларды қатыстыра отырып, ғылыми проблемаларды комплексті түрде талдап шешуге зор маңыз берді. Ол басқарған Қазақстан Ғылым академиясы осы принципке құрылған-ды. Мәселен, аса ірі минералдық ресурстар бөлімшесіне ең бай пайдалы қазбаларды іздестіру, өндіру мен өңдеу мәселелерін шешумен айналысатын бірқатар институттар кірді. Сондай-ақ мұнда энергетикалық өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындарының проблемаларын талдап шешетін Энергетика институты бар еді.

Қаныш Имантайұлының инициативасы бойынша және оның басшылығымен республиканың ірі-ірі өнеркәсіп аудандарында Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі ғылыми сессиялары жиі ұйымдастырылып тұрды, бұларға көрнекті ғалымдар, республикамыз бен бүкіл еліміз халық шаруашылығының әр түрлі салаларының өндірісшілері мен басшы қызметкерлері кең

қатыстырылды. Бұл сессиялар Үлкен Алтайдың (1947 жыл), Батыс Қазақстанның (1949 жыл), Орталық Қазақстанның (1949 және 1958 жылдар), республиканың тағы басқа аудандарының өндіргіш күштерін зерттеуге және комплексті игеруге арналды. Сессияларда химия өнеркәсібін дамыту үшін шикізат, энергетикалық және су ресурстарын зерттеуге айрықша зор көңіл бөлінді. Сессиялардың материалдарын кейін директивалық органдар халық шаруашылығын өркендетудің алдағы ондаған жылдарға лайықталған перспективалық жоспарларын жасау тұсында пайдаланды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Үлкен Алтайдың өндіргіш күштерін зерттеуге және игеруге арналған, 1947 жылы июльде өткізілген сессиясында жасаған өзінің баяндамасында Қаныш Имантайұлы бұл ауданның әр түрлі химиялық шикізатқа бай екенін ерекше атап көрсетті...

Қазақ ССР Ғылым академиясының Гурьевте болған көшпелі сессиясында (1949 жылғы январь) Батыс Қазақстанда әр түрлі минералдық тұздардың қоры ұшан-теңіз екені айтылды. Сол сияқты Батыс Қазақстанда фосфориттің, хромиттің, әктің және басқа химиялық шикізаттың бай көздері барланды. Міне, мұның бәрі Батыс Қазақстанда химия өнеркәсібін жанжақты өркендету үшін қолайлы алғы шарттар жасайды. Мұнда ең алдымен Қазақстан мен Орта Азия республикаларының ауыл шаруашылығы үшін минералдық тыңайтқыштар өндіруді ұйымдастыруға болатын еді. Бұл сессияда Батыс Қазақстанда мұнай өңдеу газдарын пайдалану негізінде органикалық синтез өнеркәсібін өркендету қажеттігі атап көрсетілді. Сессияда сөйлеген өзінің кіріспе сөзінде Қаныш Имантайұлы Маңқыстау түбегінің сан алуан, әрі бай минералдық ресурстарын, атап айтқанда мұнай қорын зерттеу қажеттігі туралы мәселе қойды.

Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеуге арналған Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессияларында Қаныш Имантайұлы Орталық Қазақстанда, ең алдымен Қарағанды металлургия заводының кокс-химия цехтарының және Павлодардағы мұнай өңдеу заводының, түсті металлургия заводтарының қосалқы өнімдері негізінде ірі химия өнеркәсібін ұйымдастыру үшін зор мүмкіндіктер бар екенін атап көрсетті.

1958 жылғы сессияда Қаныш Имантайұлы «Орталық Қазақстан республикамыз бен елімізде синтетикалық материалдар мен химия өнеркәсібінің басқа да түрлерін өндіру жөнінде жетекші аудандардың бірі бола алады»,— деді. Бұл ауданда негізгі органикалық синтез өнеркәсібін, оның ішінде пластмасса мен жасанды талшық өнеркәсібін құрудың базасы — Қарағанды синтетикалық каучук заводының қалдықтары, сондай-ақ жергілікті шикізатпен жұмыс істейтін Қарағанды металлургия заводының кокс-химия цехының газдары мен сұйық өнімдері.

Қаныш Имантайұлы орталық және республикалық баспасөзде бірқатар маңызды ұсыныстармен, атап айтқанда: Ақтөбе химия комбинаты мен Гурьев мұнай өңдеу заводын жергілікті шикізат базасына көшіру туралы; кокс-химия және пластық метан негізінде жоғары сапалы жүн мата мен жібек мата алу үшін қажетті синтетикалық талшықтың — нитронның ірі өндірісін ұйымдастыру туралы; негізгі органикалық синтез мақсаттары үшін Батыс Қазақстанның табиғи және ілеспе газын пайдалану туралы; Ақтөбе хромит кеніштері негізінде республикада ірі хромит өндірісін құру туралы мақалалар жазды.

1963 жылғы 9 октябрьде Алматыда өткізілген химия өнеркәсібі қызметкерлерінің республикалық кеңесінде Қаныш Имантайұлы Қазақстанда химияны дамыту жөнінде көптеген маңызды мәселе көтерді. Ол Қазақстан СССР халық шаруашылығын химияландыру ісіне елеулі үлес қоса алады деп атап көрсетті, өйткені республикада геологтардың еңбегі арқылы химиялық минералдық шикізаттың барлық түрлерінің: мұнайдың, газдың, жанар сланецтің, көмірдің, фосфориттің, калий, магнезиал, ас және басқа тұздардың, хромиттің, бариттің, күкірттің т. т., орасан мол қоры анықталды... Қаныш Имантайұлы еліміздегі ең ірі Қаратау фосфорит бассейнін кең пайдалануды ұсынды.

Қ. И. Сәтбаев ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практика жүзінде қолдануға, атап айтқанда ауыл шаруашылық химиясы саласында қолдануға зор көңіл бөлді. Ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын (ең алдымен тың жерлерде) арттыруға ерекше маңыз бере отырып, ол таяу жылдардың ішінде ауыл шаруашылығын арзан фосфор тыңайтқышымен қамтамасыз ету қажеттігін еске салды.

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде химияның жетекші ролін, сондай-ақ оның орасан зор халықшаруашылықтық маңызын бағалай келіп, Қаныш Имантайұлы Қазақстанда химия ғылымын дамытуға, химик кадрлар даярлау мен тәрбиелеуге баса назар аударды. Мәселен, оның инициативасы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясы жүйесінде республиканың барлық негізгі өнеркәсіп аудандарында химиялық ғылыми мекемелер желісі құрылды. 1946 жылы Алматыда химия ғылымдары институты, 1958 жылы Орталық Қазақстанда—Қарағанды химия-металлургия институты, 1959 жылы Батыс Қазақстанда Гурьев мұнай және табиғи тұз химиясы институты ашылды, сол жылы Оңтүстік Қазақстанда — химия ғылымдары институтының Шымкент бөлімшесі және Орталық Қазақстанда — Қарағанды институтының Теміртау бөлімшесі ұйымдастырылды. Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми мекемелердің ең жаңа құрал-жабдықтармен материалдық-техникалық жағынан жарақтандырылуына, олардың жұмыс алаңдарымен қамтамасыз етілуіне көп көңіл бөлді. Осы барлық мекемелерінің негізгі міндеті республика химия шикізатының аса бай қорын өңдеудің тиімді әдістерін талдап шешу болды...

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тамаша өмір сүрді, оны бүтіндей халыққа, республикамыз бен еліміздің ғылымы мен мәдениетіне бағыштады. Қаныш Имантайұлының ғаламат еңбегі босқа кеткен жоқ, қайта әр уақыт жемісті болды. Оның шабытының өнегесі мен қайнар көзі — коммунизм орнатып жатқан совет халқының қаһармандық қимылы, оған партия мен үкімет көрсеткен қалтқысыз қамқорлық.

Қаныш Имантайұлының жарқын да сүйкімді бейнесі еш уақытта біздің жадымыздан кетпейді, қайта жүрегімізде мәңгі сақталады.

ЕСІМДЕГІЛЕР

Мен әлі күнге дейін өзімнен үлкендеу адамды көрсем «Қаныш аға» дегім кеп тұрады. Бірақ амал не, ондайлар сирек кездеседі ғой. Біреу қуланып жымиса, біреу сұмданып күлімсіреген болады. Ал енді біреулер қасқыр бетінен қарлы-мұзды ызғар тептіргенін айбын көретін сияқты...

Мен Қаныш ағамен 1931-жылы Қарсақбайда таныстым. Алғашқы көргенім, алғашқы қол алысқаным әлі есімде. Сонда мен көптен аңсаған, бірақ кездестіре алмай жүрген қымбат адамымды тапқандай қатты қуанған едім. Асыл ағадан сол жолғы алғаш алған әсерім, сол жолғы естіген әңгімем «Еңбекші қазақта» очерк түрінде басылып шықты...

Үйде кездесеміз, түзде кездесеміз... Күндіз кездесеміз, түнде кездесеміз. Мен ағамен кездескен сайын өсіп, жетіліп қалғандай сезінер едім... Айлы түнде Кеңгір өзенінің бойында жантайып жатқанымыз есімде: анадай жерде шай қайнатқан жігіттер күліседі, олардан әріде шатырлар ағарандайды. Біз жай ғана сөйлесудеміз.

— Шаршайсыз ба, аға?

— Күндіз аздап...

— Түнде ше?

— Түнде өте жақсы тынығамын.

Күндізгі күшті жел сынғалы бері бұлт та сиреген, ай да біраз бізге жақындағандай еді. Қаныш сәл ғана ойланып кідірді де қайтадан тіл қатты:

— Әбес, Абай өлеңдерінен оқып жіберер ме едіңіз,— деді. Мен бөгеліңкіреп, қысылған кісідей көрініп қалсам керек, Қаныш бір түрлі ыңғайсызданғандай басын көтеріп алды. Мен сол кезде оқи бастадым:

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жанырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің
топырағы,

Құлпырған жасыл жер
жүзі...

Оқып болдым. Үн-түнсізбіз. Екеуміз де қасымыздан Абай ыңырсып өткендей, соған құлақ асқандай тына қалыппыз: екеуміздің де ішімізге қазақ тілі жаңа бір жарық, жаңа бір жылу алып кіргендей, бақытты сезінгендейміз... Кеудемізде тағы ырғақ оянды...

Қараңғы түнде тау қалғып
Ұйқыға кетер балбырап...

деп енді Қаныш аға бастады. Дыбыс келісімдерін, әуен ырғақтарын жетік сақтай білетін қоңыр дауыс ерекше бір сырбаз естілді. Абай әні мен өлеңіне қосылған ыстық ғашықтық, жастық құмарлық үні жарыса сөйлегендей... «Осындай түнімнен айналдым, осындай тауымнан айналдым», дегендей күңіренеді...

— Ұйықтаймыз ба, Әбес?

— Мейліңіз, аға.

Ұйықтау қайда мұндайда. Жарық түндей жарық ойлар теңізіне батыппын да кетіппін... Мен Қанышты бұрын да сыйлайтынмын, оның «Едігеге» жазған сөз басы қандай еді, сонда ол үлкен әдебиетші болып сөйлеген-ді. Міне, енді жай ғана ән салғанын есіттім.

— Қаныш аға, жазған өлеңдеріңіз сақтаулы шығар...

— Оны қайдан шығардыңыз,— деді күліп,— мен өлең жазып көрген емеспін.

— Кешіріңіз.

Иә, ол кешірімді адам, менің жеңілтек сұрағыма да кешірім еткен болу керек. Адамның үлкендік белгісінің бірі кешірімділігі емес пе? Әрине. Бірақ мен Қанштың ұлы ақындарымыздың бірі екеніне бүгінге дейін шектеніп көрген емеспін. Рас, ол ұлы ақын еді. Ол желдің, судың тіліне түсінетін, далада жатып жер жүрегінің қалай соққанын тыңдайтын, тереңдегі мұнайлар шуылын естетін. Оған тас сөйлеп сыр шертетін, темір ән айтатын.

Мен осы кездескеннен кейін Қаныш ағаның ақ шатырлары туралы өлең жаздым: ғажап геологтың шатырлары өшкен жұртында жаңа қалалар өседі дедім. Ойым, айтайын дегенім әсем-ақ еді, бірақ ақындығым әлсіз соққандықтан өлең де әлсіздеу шықты.

Алып адамдардың көңілдері жарық, күшті қолдары ұзын келеді ғой. Олар қауым тірлігінің барлық саласына да араласып сәулесін түсіріп, жаңағы ұзын

қолдарымен көмектесе жүреді. Қаныш жалғыз ғылымға ғана емес, әдебиетімізге де болысушы, қолма-қол жәрдемдесуші еді. Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы шыққанда қандай қуанғаны, қандай ірі сөздер айтқаны бәріміздің есімізде.

Ғажап адам ақырғы деміне дейін ұлы Отан үшін еңбектенді. Мен «Монологтар» дейтін драмалы поэмада Қаныш ағаға да сөз бердім. Ол жарық дүниеге соңғы рет көз тастап тұрып:

— Бір-ақ нәрсе қиналарым
— қимасым:
Бар еді ғой алдымда көп
арайлар,
Бар еді ғой жарқын үміт
қарайлар,
Бар еді ғой жарқылдаған
жаңа ойлар...—

деп күрсінеді.

Ол қайрымды замандастарымен ақылдасып тұрып ақырғы өсиетін айтады.

— Қадірлендер әр сағатын
уақыттың,
Әр сағатты бір өмір деп
қарандар,
Қадірлендер бір-біріңді,
аяндар,
Бір-біріңді бауырым деп
санандар.
Ауырмасын ауыр сөзден
жүректер.
Көңілдердің көркі сола
қалмасын,
Қуанышқа мұздай тамшы
тамбасын,
Күлкілерге күйік таңба
салмасын,—

дейді. Мен бүгін де Қаныш ағаның өсиетін тыңдап отырғандаймын. Ол нағыз Адам еді ғой.

...— Қаныш аға қандай еді.

— Аппақ ақ боздақ, найзадай тіп-тік жігіт емес пе еді?

— Қаныштың алғашқы Алматыға келіп қайтқаны есіңде ме?

— Әрине, Ленин орденін алған жылы еді ғой.

— Есіңде ме сондағы үш күн?

— Есімде,— деймін сол бір жылға үңіле қарап.

...Мұхтар Жанғалин аса бір қуанышты ажармен кірген біздің үйге.

— Ертең Қаныш Имантаевичті күтеміз. Иә, оқы,— деп телеграмманы ұсынған.—«Келемін» депті. Маған да сәлем айтыпты.

Тап осы жолы Қаныш бізге үш күнін берген. Алғашқы күнді Мұхтар Жанғалин үйінде, екінші күнді біздің үйде, үшінші күнді Абат Әлібаевтың үйінде (Абат пен Қаныш Мұхтардың үйінде танысып, ертеңінде біздің үйде де бірге болған) өткіздік. Қаныш осындай бір жас қауымды көруге аңсап келгендей боп танылды маған. Жаратылысында жазушының қабілеті де мол байқалатын Қаныш қазақ әдебиетінің жайын көбірек сұрастырды, мемлекет баспасының екінші бастығы боп істейтін Абат қазір шығып жатқан, кейінірек шығатын кітаптар туралы көптеген жаңалықтар айтып, Қанышты қуантып тастады.

Кең даланың тереңдерімен тілдесуге дағдыланған, кен байлықтары туралы мемлекеттік деңгейде сөйлеп, сол деңгейдегі ойлар айтатын Қаныш, ақжарқын думаншыл да кісі екен, ештеңеден жиреніп, жатырқаған жоқ.

— Мен осылай тыныққанды ұнатамын,— деді, «шаршаған жоқсыз ба», деген менің сұрауыма күлімсірей жауап беріп:— Маған жақсының бәрі ұнайды. Жақсы дастарқан, жақсы шарап, жақсы ән-күй адамның жарты өмірі емес пе деген.

Мен Мұхтарға деген Қаныш ағаның ерекше ілтипатын сол жолы тереңірек аңғардым. Екеуінің ағалы-інідей бір сапарға ақылдасып аттанғанын, Москва мен Ленинградта айдан артық уақыт өткізгендерін маған Мұхтар Қарсақбайдан көшіп келген бетінде-ақ (ол Қарсақбай мыс заводында директордың кадр жағын басқаратын орынбасары боп істеген) айтқан-ды. Бірақ ол көбінесе көңілді өткізген әдемі кештеріне, сауық-сайрандарына байланысты (жастың жасқа айтатын сырлары ретінде) баяндайтын-ды. Ал Қаныш сол сапардағы үлкен іс мұраттарына байланысты ұғындырды.

Ойланып, асықпай сөйлейтін, ойларын бөліп-бөліп нақ айтатын Қаныш сөздерінен көп нәрсе аңғардым.

— Мұқасы өте асыл жігіт, үлкен болашақ иесі,— деп айтып қалған-ды, содан соң оның бойына біткен, туа біткен сабырлылығы мен сыпайылығын да недәуір

көтеріп сөйледі.— Ол үлкен қауымдарда, жауапты жиналыстарда өзін биік ұстай біледі екен, деп тағы да бір түйіп қойды.

Қаныш жас досы туралы мұндай ойларын, оңаша тұстарда сенетін адамға айтылған сыр ретінде ғана аңғартады.

— Біз маған ұстаз болған қарт ғалымдардың үйлеріне де бірге барып жүрдік, Мұқасы олардың аузымен де өте сүйкімді аталды. Әсіресе,— деді Қаныш барынша жарқын күлімсіреп алып,— қыз-келіншектері бар үйлерге сіңімді боп жүрді... Әзіл сөздері мен салмақты ойларын жеңілдетіп алмағысы келген Қаныш бұдан әрі күлкілі кеңестерін созған жоқ. Ол жүзіндегі достарға деген мейірімін кемітпей отырып, сол сапардағы ірі жұмыстарға Мұхтардың жақсы қатынасқандарын әңгіме етті:

— Болашақ Үлкен Жезқазғанға қажет кадр мәселесін шешуді алдын ала кеңеске салу — басты проблемалардың бірі болатын,— деді Қаныш бізге түсіндіріп,— осы мәселе главкада талқыланғанда Мұхтар өте байсалды сөйлеп, қолма-қол жәрдемдесті. Көп уақыт бойы есептеп, әзірлеген ойларымызды ол әбден пысықтап дәл цифрлармен дәлелдеп отырды. Мұхтар Омаровичтің ол сөздері «Түсті металл» журналында да көлемді мақала боп жарияланды.

— Қаныш ағаға ердім де, геолог боп кете жаздадым емес пе?— деп Мұхтар да араласа кетті.— Бәрін есептеген ағаның өзі, бәрін дәлелдеген де өзі, менікі әншейін қосшы баланың қызметі болатын.

Маған Мұхтардың бұл көрінісі де ұнады. Өзі туралы ғалым ағаны көп сөйлетпей, бөліп кеткені дәл сол арада өте жарасымды шықты.

Ойлай берсең ой ұзақ, бұралаң жол секілді шақыра береді алысқа. Алыстай берсең бір суреттен соң бір сурет шығады алдыңнан. Кейде мен қабырғадағы сағаттың шықылдаған үнін де қайта естігендей, оның жариялап тұрған мезгілін де қайта көргендей боламын. Тіпті жаспыз-ау сонда біз, шетімізден — оптимиспіз теңі жоқ, үміттен қанат тағынып, келер қуаныштарды сағынып, бірімізге біріміз, бәріміз бірлесіп болашаққа да күлімсірей қараймыз. Көзіміз қандай көреген, құлағымыз қандай ғажайып, қиялдағыны шалып қаламыз, Қырымдағыны есітеміз. Соның бәрінен айырыламыз, жұтаймыз деген ой болсайшы...

Онда біз галстук тақпаушы ек, жағамыз жайлауда дегендей білегімізді де түрініп отырамыз. Көрсетпейікші, қымтайықшы деген кетік-кемтігіміз болмайтын. Біздің үйде де дәл осылай отырдық. Дәл осылай отырып Шалқаров Мәжиттің әнін тыңдағаным да есімде.

— Тәжібай баласы, мына жігітті танып қой. Операға жаңа кірген жас әнші, мен бірдеңе білетін болсам, театрдың бір босағасы осы Мәжит болады,— деп Мәскеуге жүрерінде Шахмет әкеп таныстырған. Содан кейін маған еншілес інідей боп кеткен Шалқаров апамның да кіші баласындай боп кеткен-ді.

Адамға үйірсек, нар тайлақтай елпілдеп тұрған әнші жас аға тұтынған адамдарына еркелей, әнтек қана күлімсірей қарайтын. Оның осындай мейірімді жүзін Қаныш аға да кездескен жерде ұнатқандай болып, өз қасынан орын ұсынған-ды. Сәлден кейін-ақ ол Мәжиттің үнін тыңдай бастады.

Әнші ауылдан жаңа келген, әлі қала қауымының мақтау-даттауын басынан көп кешірмеген, жұрттың қошеметтеп қол соққанынан гөрі тыныш тыңдағанын ұнататын жас еді. Ол домбыра қағып, оның құлағын бұрай бастағаннан-ақ қос ішектің ішкі үндерін сыртқа алып шығуға, бірімен-бірін жалғастыруға терең үңілгендіктен перне басуында ешқандай жалған ойнақылық нышан берген жоқ. Ол ана бір ысылған, ыстал-ған, қасын-көзін ойнатушылардан да ештеңе алмапты. Ол мына отырған біздің атақсыз жас әншіге іштей сынампаз боп қарайтын әдетімізге де зер салған жоқ. «Мен өз ісімді өзім білемін. Сендердің міндеттерің түсінгендеріңше ән тыңдау болу керек»,— дегендей қоңыр күңгірлеген даусын боздата бұралған домбырағa қоса бастады.

Қаныш сәл қозғалақтағанға да сезіктене қарайды, үнсіз ғана астыңғы ернін аз жымыра ұстап басын шайқайды.

Әнші домбырамен «Қаракесекке» ауысып кетті. Жаңа ғана қозғалақтап, алаң-құлаң боп отырғандар ілезде судай тынып қаппыз. Мәжит тіпті ән айтып отырғанға ұқсамайды. Ол ішкі зығырданын ең жақынына сыр түрінде мұңдылау үнмен шағынатын сияқты. Сол мұңды дауыста ашу-ызғар бар, дауылға, дүлейге айналғалы тұрған екпін бар. Міне, енді сол екпін асқақтай көтеріліп қаһарлы қайырымға айналды. Бірақ ол ән қайырмасы емес, қайта бір оралып соққан, алысқа бастауға шақырған арман қайырмасы сияқты. Біз осы асқан ашулы арманның алдындағы асқар белдерді, жүйрік жолдарды көреміз. Темір торлы абақты көз алдымызда талқандалып, шаңы аспанға шыққан тәрізденеді.

Мәжит «Қаракесекті» айтып болған соң қозғалмай, үндемей отырып қалды. Ол есін жиып, басын көтергенше өзіміз де селт етпедік.

— Жақсы әншілер осылай айтады,— деді Қаныш әлден кейін салқындап қалған шайын бір жұтып алып.— Мәжитті мен айтушы емес, осы көз алдымызда отырып әнді шығарушы есебінде қабылдадым. Сан естіп жүрген «Қаракесегіміз» ғой жаңағы ән, бірақ сол естігендерімізге ұқсай ма?...— Өзгеміз түгелдей басымызды изесіп, Қанышты қостайтынымызды білдірдік. Ал Мәжит үнсіз қызарып отырды.

— Қарқаралыдан боларсыз?— деді Қанекең Мәжитке сүйсіне қарап.

— Қу ауданынанмын, аға.

— Солай шығар,— деп Қаныш екі сөзбен ойын қорытты.

— Таусылмайтын кен — жердің кеудесінде, ән менен жыр — елдің кеудесінде. Осының бәрін жарық күннің астына, өсер ұрпақтың көз алдына алып шығуымыз керек. Біз әлі іздейміз, қаза береміз, қаза береміз,— деді Қаныш бізге жымия қарап алып. Ол маған шәкірт балаларына сабақ оқытып отырған мұғалім сияқты көрініп кетті. Жаңағы ұшып өткен алтын қанат әннің сыңғыры мен сылдыры көптен кейін ғана басылғандай, ән көкжиектен әрі асып ғайып болды. Қаныш аға тағы бір ырғалып қойып, мойнын әншіге бұрды.

— Бір әніңді ұзатып салдық, Мәжікен,— деді, бала жігітке аға назымен еркелете қарап.— Мен «Бүркітбайды» қолқалағалы отырмын.

— Болады, ағатай, айтып көрейін,— деп Мәжит домбырасын қайта қаға бастады.

Мәжит бұл жолы мол кетті... «Бүркітбайдан» бастаған жігіт ән аралықтарын әсем ырғақтарымен байланыстыра, бір әннен екінші әнге өте нәзік түрде ауыса отырып, «Хорланды», Естайдың «Назқоңырын» да айтып өтті.

Ән дүниесін әркім өзінше аралап, өзінше танығаң болу керек. Бәріміз де сөйттік. Біздің кішкене бөлме кеңейіп, шағын ән театрына айналды да кетті. Жап-

жас мөлдіреген Мәжит тыңдаушыларын сан қилы өмірге араластырды да жіберді. Ол сан қилы жан күйлерін басымыздан өткергізді.

Біздің есімізде «Баласы Бүркітбайдың Мұстафа атым» деген төрт сөз ғана қалыпты. Екінші ретте ән осылай басталған-ды. Содан кейін дайым дерліктей көптен сағындырған сүйікті бір жандарымызбен сырластық та отырдық. Бірде өрге шапқандай, ұранға ұмтылғандай сезінсек, бірде қияға құлаған өзен тасқынынан шыға алмай, еріксіз ағып бара жатқандаймыз. Жаңа ғана ғашығына жалбарынған жігіт үзіле сөйлеп, жалына сыбырлағандай еді, енді, міне, арманына жеткендей терең дем алады. Сылдырлаған шолпы дауысы, сылқ-сылқ күлген жастық сұңқылы айдың көлдің толқынына араласып алыстай береді. Ал екінші боздақ сабыр иесі, сезімін салмақты ұстаммен тең ұстайтын сырбаздығын танытқандай. Ол күтуге төзімін жеткізетін, көлде құрақ, шөлде шыраққа айналуға әзір екенін айтады, себебі, қанша шыдам керек болса да шыдаған мақұл. Жыламай, еңіремей, жарқылдай, жалындай отырып күту керек. Өйткені: «Жігіттің арманы жоқ Хорланды алған».

Өзгеміз сияқты Қаныш аға да барлық ой-сезімін әнге ғана беріп, өзі де әнге айналғандай-ды. Ән тоқтаған соң да ол недәуір уақыт жаңағы алған әсерлерінен босана алмағандай үнсіз отырды.

— Жарадың, Мәжікен,— деді бір кезде Қаныш әншінің арқасынан қағып. Содан соң шалқайыңқырап отырып, өзгемізді де мейірімді көзімен шолып өтті.— Маған бұрын «Бүркітбай» ойлы, сезімтал, өз тағдырына өзі барынша ырза, сүйген жанын мақтан көретін, соны қызықты, қызу айтатын адамдай еді. Бүгін ол тануым тіпті өзгерді,— деді күліп.

— Енді қалай өзгергенін айтыңыз,— деп Мұхтар жабыса кетті.

— Маған «Бүркітбай» француз әдебиетіндегі халықтық геройлар сияқты елестеп кетті. Жай ғана қатардағы қарапайым, сүйгеніне шексіз берілген адам. Ол өзі сүйгендіктен, сүйіктісін мінсіз, ең шадыман адам етіп жырлайды. Бірақ өзін сол сүйіктісі жарата ма, жоқ па, оны білгісі де келмейді. Осыдан барып оның жан түкпіріндегі әрең естілетін құпия драматизм аңғарылады. Адамның зор таза махаббаты, оның тақапар мінезімен келісе алмағандай ма, қалай... Таза ма-

хаббат, өр тақаппарлығын жеңген, тізе бүктірген сияқты.

— Тамаша айттыңыз, аға,— деп мен де қостап қалдым.

— Қайдағы тамаша,— деп Қаныш қызарыңқырап басылды. Ол өз сезімдерін өте жатық, көрікті әңгімеге айналдырып жібергеніне ұялған сияқты, қымсыныңқырап сөйлейді.— Айту оңай ғой, қызыл тілде буын бар ма,— деді естірте күліп.— Әркім өзінше бағдарлай салады. Мәселе әншілікте емес пе.

Біздің үйдегі сол мәжілістен кейін қанша мезгіл өтті. Маған Отан соғысында ерлікпен қаза болған әнші Мәжит әлі тірі сияқты. Мен оның тереңнен боздай шыққан сұлу үнін бүгін де есітемін.

Маған Мәжит әнін жанымен тыңдап, барлық сезімімен түгел қабылдаған Қаныш та тірі, дәл қасымызда сияқты.

* * *

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қайтыс болды. «Апырмау, бұл несі!» деймін ойланып... Ойлану ғана емес, діңкелеу, әлсіз лоблығу сияқты. Көптен білуші ем-ау, көптен сүюші ем-ау Қаныш ағаны.

Менің көз алдымда оның Қарсақбайдағы пішіні тұр: жел сүйген, күн сүйген бейнесі оны жігіттің шыңындай, ерекше, қайратты, ерекше айбынды көрсететін...

Мейірімді еді, берік еді, ақылды еді, аптықпаушы еді, білімді еді, жарқылдамаушы еді. Туған жерінің ішін де, сыртын да жақсы білгендіктен бе, сол жердің өзі сияқты салмақты да, кең еді, ойы бір жатқан ұшантеңіз кен еді.

Түз кезеді, жер байлығын іздейді. Оның шатыры қонып өткен жердің бәрінде жаңа өндірісті қалалар өседі. Мен оған аңыздағы қасиетті адамдардай қызығып қараушы ем, сол сөзімді кезінде өлең етіп те жаздым. Бірақ ол алғашқы сүйсіну, алғашқы қызықтаудың үстірт әсері ғана болатын. Қаныш аға туралы жүздеген асыл жырлар, ағаның өлмес бейнесіне лайық жырлар жазылуға тиісті.

Ардақты аға өз өнерінің ұлы ақыны еді: оның жазған жырларының ең зор эпопеясы — алып Жезқазған,

әлі біз біліп болмаған ғажайып сиқырлы дүниелер... соның бәрі Қаныш атымен бірге жасайды, бірге жаркырайды.

Қараша үйде туған ерді, қазақ елінің даңқын көтерген ерді — Қаныш аға деуші едік. Соған да бір жасап қалушы едік. Ол домбыра мен әннің де, халық жырының да досы еді, бәрін білуші еді, бәрін сүюші еді.

Енді оның құдіретті жүрегі туралы симфóниялар, дастандар ғана сөйлесін.

...Мықтылық керек адамға сынбас емендей
Өзіңді билер мықтылық керек, жігіттер.
Көзіңді билер мықтылық керек, жігіттер,
Төзімді билер мықтылық керек, жігіттер!

Ең мықтылардан үйрену керек әманда,
Тәжірибе деген қашан да қажет адамға.
Біреуге беріп, біреуден алмай бола ма,
Жүрген соң жасап адамзат деген қоғамда.

Қарашы, әне, Имантайұлы Қанышқа,
Болашақ үшін болдырғанынша алысқан.
Көргісі келіп ертеңінің қандай боларын
Қарап тұр әлі жіберіп көзін алысқа.

...Есімде менің бейнесі сонау Қаныштың,
Құйынмен бірге үйіріле кезген даласын,
Жүзімен оның балауса күннен таныспын,
Өтіпті-ау соған жарты ғасырдай шамасы.

Тыңдайтын жердің тереңнен жеткен дауысын,
Ұғатын тілін сыңғырларынан металлдың.
Алтындар, мыстар кезекпен сөйлеп жарысып,
Баяндаушы еді қат-қабаттарын Отанның.

Тотығып Қаныш аңызағынан даланың,
Сіміре жұтып сусынға қазақ шалабын.
Он жылдар бұрын ұсынып қойған жоспарын
Кеңгірді бойлап өсетін жаңа қаланың.

Көрген жоқ Қаныш өз басын ғана ойланып,
Отырған емес жан күйіттеп титтей жайланып.
Күн сайын тастар шағылып қанттай жататын,
Күн ұзақ алмас қашаулар тынбай қайралып.

Не деген көп сан!
Емес ол ұсақ қиқымдар,
Сөз сөйлеп бейне жатқандай жерде сиқырлар.
Ұрпақтың ертең алатын темір салмағын
Айтатын елге Қанекең жазған цифрлар.

Сондайда Қаныш ұйқысы шайдай ашылып,
Тұратын түнде төсектен тура асығып.

Керіліп тұрып қарайтын түнгі аспанға,
Туған аспанға — жұлдызы жатқан шашылып.

— О, аспаным, жұлдызды менің аспаным,
Менің оттарға толы, шоқтарға толы аспаным.
О, менің туған далам,
Зеңгір тауларым, ормандарым,
Тек сендерге құрбандық болғай жас
шағым,

— Тек сендерге арналғай барлық жас шағым,
Барлық өмірім менің, барлық болашағым.
Тек саған қиылсын, тек саған құйылсын қаным,
Менің мейірбаным — менің алтын ошағым!

Дейтұғын Қаныш, қуанып кейде жылайтын,
Тағдырдан ол тірлікті ғана сұрайтын.
Күн ұзақ Қаныш, жыл ұзақ Қаныш қимылдап,
Қанша рет сынып құлайтын жерде шыдайтын.

Есімде менің өткізген түнім сол күндер:
Айлы түн еді, жағасында едік Кеңгірдің,
Шаршаған аға алсын деп көздің шырымын
Өзім де жаттым, оны да әрең көндірдім.

Жатқанбыз қатар, кенеттен күліп жіберді,
— Тұрыңыз, Әбе, ұйықтамай өтірік тұр енді!
Ән айтайықшы, өзеннің бойы жаңғырсын
Сілкіндірші бір қатырмай босқа сілемді.

Бастады өзі күмбірлеп қоңыр үнімен,
Қосылып кетті Арқаның мөлдір түнімен.
Аңсады жігіт сағынтқан сонау Хорланын
Жап-жарық сырын жасырмай жақын іниден.

«Хорланым, менің Хорланым» деді сол түнде,
Сілкінді сонда Қанекем, ғажап сілкінді.
Құшақтай алғам ағатайымды бауырым деп,
Тоқтата қойып жаңағы жеңіл күлкімді.

Не деген ғажап сағыныш еді, сол түнгі!
Бауырым менің неліктен сонша сілкінді.
Үнінен оның үзіле жаздап жүрегім,
Көзімнің жасы төгіле жаздап іркілді.

Көзімнің жасы төгіле жаздап іркілді,
Ұмыта алмаспын сондағы сұлу бұл түнді.
Ән болмас сірә, қыз болмас сірә «Хорландай»
Тағы бір, бауырым, қайталар ма едің шіркінді!

Жап-жарық сырын жасырмай жақын іниден
«Хорланын» айтты қоңыраулы даусы түнімен,
Тыңдадым ұзақ ғашығын іздеп жылаған,
Мәжнүннің әнін — Мәжнүннің отты мұңымен.

Ол мәжілістер нысаналылық пен бағыт берушіліктің үлгісі, ғылыми басшылықтың және үлкен проблемаларды шешу үшін ғылыми күштерді реттеудің жақсы мектебі еді.

Республиканың өнеркәсібі мен ғылымының өркендеуіне Қаныш Имантайұлының тікелей басшылығымен өткізілген көшпелі ғылыми сессиялардың әсері ойдағыдай болды. Бұл сессиялар еліміздің ірі ғылыми күштерін біріктірді. Сондықтан сессия материалдары көп жылдар бойы халық шаруашылығын өркендетудің көптеген мәселелерінде анықтама ретінде қолданылып, басшылыққа алынып келді. Мұндай сессиялар Қарағандыда, Қостанайда, Жезқазғанда өткізілді.

Үлкен ғалымның сан алуан таланты Қ. И. Сәтбаевқа жаңаның өркенін үнемі көре білуге мүмкіндік берді, оның көңіл бөліп қамқорлық жасауы арқасында мұндай өркендер арқаулы ірі ғылыми бағыт ретінде өсіп, дербес ғылым маңызына дейін көтерілді. Ғылыми-зерттеулердің дамуындағы аса үлкен болашақ әр түрлі ғылымдардың тоғысуында екенін Қ. И. Сәтбаев дарындылықпен болжай білді. Сондықтан ол Жер туралы ғылымға физиканы, химияны және математиканы енгізуді, сондай-ақ физика-химиялық лабораториялар мен математикалық-есеп орталықтарын құруды мейлінше қолдап отырды. Алғашында шағын ғана болып көрінген осындай ғылми ұялардың көбі кейін Қазақ Ғылым академиясының ірі ғылыми институттары болып өсіп шықты.

Қаныш Имантайұлы кадрлар туралы әрқашан мықтап қамқорлық жасай білді. Ғылымның алуан саласының сан ұлттан шыққан адамдары, егер олар Қазақстанның ғылым майданында жұмыс істегісі келсе, одан мейлінше қолдау тауып отырды. Міне, сондықтан да Ғылым академиясында жергілікті ұлттың негізгі кадрларын өсіруге бірінші дәрежелі көңіл бөлінгеннің өзінде, мұнда Москвадан, Ленинградтан және Одақтың басқа да ірі қалаларынан келген Совет Одағының 40 ұлтының өкілдері ойдағыдай жұмыс істеп жүр.

Совет Одағының ауыр индустриясы құрылған жылдарда Қ. И. Сәтбаев және ол ұйымдастырған коллектив еліміздің мыс руласы базасын жасауға баға жеткісіз үлес қосты. Оның нәтижесінде қазіргі уақытта Жезқазған дүние жүзілік ірі объектілердің дәрежесіне дейін көтерілді.

Қ. И. Сәтбаевтың басшылығымен және оның тікелей қатысуымен басқа да аса маңызды пайдалы қазба кендерінің тұтас комплексі (марганец, темір және молиметалл рудалары, отқа төзімді шикізат, құрылыс материалдары) анықталып барланды, мұның өзі Ұлы Отан соғысы кезінде және онан соңғы жылдарда елімізге баға жеткісіз қызмет етті.

Қаныш Имантайұлы Қазақстанда қара металлургияны жасауда үлкен роль атқарды. Ұлы Отан соғысы жылдарында оның тікелей қатысуымен Қазақстанда қара металлургияны қайта өңдеу заводы жоспарланып, оның құрылысы іске асырылды.

Қ. И. Сәтбаев қара металлургияның шикізат базасын жасауға да үнемі мықтап көңіл бөлді.

Маңқыстаудың аса бай мұнай ресурстарын ашу, кенді Алтайдың жаңа өнеркәсіп аудандарын дамыту, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның индустриялық перспективасын ұлғайту, республиканың аса маңызды өнеркәсіптік аудандары мен игерілген тың жер үшін жер астындағы су қорларын іздестіру Қаныш Сәтбаевтың көп жылғы ғылыми еңбегімен тығыз байланысты.

Ол 1941 жылдан бастап соңғы уақытқа дейін Қазақ ССР Ғылым академиясының геология институтын басқарды. Оның басшылығымен Орталық Қазақстанның металлогениялық болжау картасын жасау жөнінде үлкен жұмыс істелді. Бұл карта 1956—1958 жылдары жарияланды. Картаны жасаушыларға Лениндік сыйлық берілді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тамаша адам еді. Ол — совет ғылымының ең ірі қайраткерлерінің бірі, отандық металлогениялық ғылымы қазақ мектебінің негізін қалаған, бұл еңбек үшін туған жерімізде, шет елдерде де даңққа бөленген адам, аса көрнекті ғалым-коммунист, елімізде коммунизм орнату ісінің қажырлы күрескері.

Е. Букетов

СӨНБЕС ЖҰЛДЫЗ

Өмірі мен ісі халықтың өнегелі қазынасына айналған адамдардың тіршілігі мен харакеті жөнінде жазудың өзі тіпті қиын. Ол ол ма, кейде тіпті қауіпті ме деп те ойлайсың. Өйткені адал ізгі ниеттен ешбір ауытқымай жазып отырғанның өзінде шындықтан алшақ кетіп қалу оп-оңай.

Үлкен адамдардан қалған рухани мұраға жеңілжелпі қараушылықтың өзі жақсылыққа апармақ емес. Өмірі халыққа өнеге болған қайраткерлердің тұңғиық терең ойын, серпінді шабытын, кең мейірімін өзінің шалшықтай тайыз ойына, құлаштауға келмейтін шабыт серпініне, таяз мейіріміне сыйғызам деп әлек болған жазғыштардың қаламынан шындыққа сыйыспайтын талай жазбалар шығатынын көпшілік біледі. Сонда да игілікті ісімен халықтың есінде қалған адамдар туралы біз жазуға тиістіміз. Өйткені үлкен адамдар туралы жазу дегеніміз олардың өмір тарихын зерттеу болып табылады. Олардың игілікті істерін, тіршіліктегі ғибратын кейінгі буындар тек ойланып, жіті зерттесе ғана іске асырып, бойына сіңіріп, өз игілігіне пайдалана алмақ. Өнегелі адамдардың өмір тарихында өз кезіндегі тіршілік жетістері тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибені мейлінше пайдаланбайынша халықтар алға қойған мақсатына жету жолында ойдағыдай жедел ілгерілей алмас еді.

Октябрь революциясынан кейін қалың бұқара ғылым арнасына ұмтылуының арқасында халқымыздың өмір-тіршілігіне шұғыл өзгерістер енді. Бұл шұғыл өзгерістер, әрине, бәріміздің де дүниелік көз қарасымызда: дәстүрімізде, бағытымызда атам-заманнан орын алған кейбір ерекшеліктерге, психологиямызда қалыптасқан қасиеттерге қайшы келіп, қиыншылыққа соқпай өткен жоқ. Оған мысал ретінде Октябрь революциясы туғызған жағдайдың нәтижесінде ой мен зейін қызметінің нәрін татып, бір сусындап алған осы кездегі жас жігітті алайық та және де мұндай зейінге байланысты қызметтің өзгешелігінен хабары аз оның айналасындағы жақындарын, туыстарын алайықшы.

Міне, осы жағдайда сол жігіт өз тағдырын қалай шешпекші?! Өзінің сүйікті әрекетіне қалай кіріспекші? Айналасындағы қарама-қарсы кедергілерді қалай жеңбекші? Оның үстіне ғылым салаларын өрбітуге арналған жердің өзінде бұрын мардымды ештеңе болмағанын да ескеру керек қой. Міне, осы жағдайда біздің халқымыздың ескіден келе жатқан табандылығы, жаңаға, ақиқатқа деген ұмтылысы сол бір ардагер ұлдарының іс-әрекеті арқылы білінуге тиісті еді ғой.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі мен іс-әрекеттерін топшылаған кезде, міне, осындай ойлар келеді. Өйткені бұл кісінің өмір тарихы кеше ғана құлазыған даламызда ғылымның өніп-өрбуі, дамып қалыптасуы арқылы, сол ғылымның жемістерін халық игілігіне пайдаланып, ғылымды қоғамның өндіргіш күшіне айналдыру ережесін іске асыру жөніндегі белсенді іс-әрекеттері, сансыз ойшылдық бастамалары бірден-бір өнегелі тәжірибе емес пе...

«Мен қиыр далада, көшпелі қазақ үйінде тудым». Академиктің қол жазба қорынан оның балалық шағы туралы деректер іздестіргенімізде тапқанымыз жалғызақ осы бір сөйлем. Академик өзі туралы айтуға, жазуға тура келгенде, сөзге тым-ақ сараң болса керек.

Ол кезде, көшпелі тұрмыста адамның тууы мен некеленуі сияқты азаматтық әрекеттерді қағазға түсіріп отыратын мекемелер болмаған ғой. Бірақта біз ғалымның туған күнін осы кезде дәл білеміз. Бұл үшін болашақ академиктің әкесінің ықтияттылығына ырзашылығымызды білдіруіміз керек. Баласының туған күнін ол кісі үйдегі құранның мұқабасының ішкі жағына жазып қоюды ретті деп тауыпты. Сол жазба былай деп оқылады. «Доңыз жылында, яки, жаңа, есеппен 1899 десек, наурыз айында, яки, марттың 31 жұлдызында жаппар жаратушы Имантай деген құлына ұл берді. Нәрестенің есімін Ғабдұл-Ғани деп қойдық».

Болашақ академик бала кезінде қандай болды екен? Өзінің құрбы-құрдастарының арасында ерекшелігі болды ма екен? Қалай өсіп, қалай адам бола бастады екен? Бұл жөнінде хронологиялық тәртіппен сақталған деректер қалмаған. Қанекеңмен бірге өскен жас жөнінен шамалас құрбы-құрдастары — кішіпейіл еді, момын еді, мейірімді еді — деп қана қояды. Келтірер оқиға-деректер аз. Болашақ ғалымның балалық шағы жөнінде деректер жинау ісін совхоздың пенсия-

ға шыққан жұмыскері, Қанекеңнің немере ағасы Әкімтай деген кісі өзінше тұжырымдады. Ол кісіден журналистердің бірі Қанекеңнің балалық шағы жөнінде не айтар едіңіз деп сұраса керек. Қартайып кетсе де, сөзге шешен Әкімтай былай деп жауап беріпті. «Иә, мен Қаныш інімді жақсы білемін. Біз Сәтбайдан тараймыз. Менің әкем Жәмін мен оның әкесі Имантай бірге туған кісілер. Інімнің іс-әрекетін, беделін, адамгершілігін менен артық мақтан ететін кісі аз болар. Бірақ, құдай ұрсын, Қаныш мен сияқты жұпыны шапаты адам болып қана қалмай, ертең осындай Қаныш болатынын сол кезде білсем, басқан ізін есептеп, аузынан түскен сөзін аңдып, соңынан қалмай жадыма тоқып отырар едім ғой. Ең жаманы — сол кезде бірдебір адам Қаныштың Қаныш болатынын білмеген ғой. Мен Қанекеңнен аз да болса үлкен едім. Соның өзінде, кейде үлкендігімді білдіргенде, айтқанымды тапжылтпай істейтін, сол үшін жақсы көруші едім. Өзге еш нәрсе есімде қалған жоқ. Қаныштың ана басқа жолдастарынан сұраңдар. Көрмегенін көргендей қылып айтатындар да бұл ауылда табылуы мүмкін, сақ болыңдар».

Дегенмен академиктің рухани сипаттамасындағы кейбір ерекшеліктерін болжап көру үшін балалық шағынан қолға түскен деректерді келтірмей де болмас. Қазіргі тұрғыдан қарағанда, Ғабдұл-Ғанидың Қаныш болып аталып кетуінің өзі бір қызық сияқты. Ендігі балалардың атын, туғанындағы куәлік қағазға бір жазылып қойғансын, өзгертуге келмейді. Қанекең туған кезде, одан бұрын да балалардың атының өзгеріп кетуі оп-оңай екен.

Еліміз көшпелі өмірдің қандай қиыншылығы болса да, балаларды әлпештеп өсірген ғой. Әрбір бала сол туған үйдің баласы емес, бүкіл ауылдың баласы болып, ауылдастарының әрқайсысы баланы әлдилеп, өзінше ат тағатын болған. Сол тағылған аттардың көбі әуелі аталған аттың маңында болса, кейін тіпті өзгеріп те кетіп отырған. Кейін тағылған аттардың баланың мінез-құлқына лайықтысы қалып, тіпті азан айтылып қойылған аты ұмытылып та қалатын болған. Ғабдұл-Ғанидың Қаныш болып аталып кетуі, міне, осындайдан екен. Қазір зерттеп келсе «Ғани» деген сөзден барып «Қаныш» шыққанын табу да қиын-ақ. Сол сияқты ұлы ақынымыз Абайдың азан айтып қойған аты Ибрагим

екенін, ал, ардақты Шоқан Уәлихановтың азан айтылып қойған аты Мұхаммед-Қанапия екенін, егер ол кісілердің өмір тарихы жөніндегі анық деректер болмаса, ешкім білмес еді. Сол бастапқы ат, кейін, тіпті, ұмтылып та кетеді екен. Қанекеңнің туған ағасының аты Ғабдұл-Ғазиз кейін Бөкеш болып өзгерген.

Қазіргі уақытта балалар емханада туады да, оның кіндігін кескен адамда ешкімнің жұмысы болмайды. Қанекең туғанда оның кіндігін кескен Құлжан апай кіндік-ана деген құрметті атақ алған. Сол кездің ғұрпындағы ұйғарынды бойынша, жаңа туған нәрестеге кіндік-ананың ықпалы өз анасының ықпалынан кем болмаған сияқты. Мысалы, баланың өсе келе байқалған мінезіндегі кейбір ерекшеліктерін әңгіме еткенде: «Кіндік-анасы бәленше ғой, соған тартқан ғой деп»— отыратыны есімізде. Осы ғұрып бойынша, балаға кіндік-ананың мейірімі қандай болса, баланың да мейірімі кіндік-анасына сондай болған. Құлжан апасы Қанекеңе тіпті жақын екен. Өйткені туған анасы, Қанекең пайда болғанда, қатты науқас күйінде болса керек. Сондықтан кіндік-анасы, өзі де соның алдында нәрестелі болған екен, бір емшегімен кіндік-ұлын асырапты дейді. Кейін еліне келген кездерде, бойшаң, денелі академик-ақсақал, кеуіп қалған бұта сияқты кішкентай ақ кемпірдің жанына барып отыра кетіп,— кәне, балаңа не сақтадың, сақтағаныңды әкел,— деп қалжыңдай бастайды екен.

Ғабдұл-Ғани әкесінің елу алты жасында дүниеге келіпті. Имантайдың көп күткен бірінші баласы Қаныштан төрт-ақ жас үлкен екен.

Әке балаға сыншы дейтініміз сияқты, балалардың қайсысын да болса жанындай жақсы көретін Имантай ақсақал кенжесі Ғабдұл-Ғани-Қанышқа әсіресе көп көңіл бөлсе керек. Өйткені, ол заманның тәртібі бойынша, әке-шешесінің қолында, ата шаңырақта қалып, қарттарды күтетін кенже бала ғой. Үлкен балалар, бөлініп отау болып шығады да, әрбірі өз үйінің қамын жеп, көбіне қарттарға көңіл бөлу жөнінен салқындай бастайтыны да белгілі екен. Кенже бала неғұрлым ақылды, көнтерлі, қамқоршы болса, солғұрлым қарттардың да жайы жақсы болмақ. Әкекеңнің басы үлкен, маңдайы кере қарыс, жүріс-тұрысы, қимылы баяулау осы бір баласы ақсақалды ерекше елжіретуші еді деседі. Аппақ беті, қиық ұштарында күлкілі қылығы

жиналған, жанары жайдары, қара көздері Әлимаға ұқсайды екен. Үлкен ауырлау денесі мен қалыңдау қабағында Сәтбай тұқымына тән салқын жігер нысанасы байқалыпты. Шығыңқылау шекесі маңдайын кенейте түскен сияқты екен. «Шекесі торсықтай»— деп осындай шекені айтса керек. Бұның өзі ақсақалға тым ұнапты деседі. Кейін осы торсықтай шеке күлкілі жағдай туғызыпты. Дәрігерлер оқымыстыға көзілдірік киюдің керек екенін ескертсе керек. Бірақ көзілдіріктің қаншасын өлшесе де, сабағы жетпей әуре етіпті. Академиктің семьясында бұл жағдай қалжыңға тақырып болса керек. Бірақ академик: «Баяғыда құрдас балалар мені қазанбас деп мазақтаушы еді, енді сендер мазақ ететін болдыңдар ғой. Бірақ кенже баласын ақылды Имантай аталарың осы қазанбасы үшін ерекше жақсы көретін!»— деп күліпті.

Академик Сәтбаев әкесі Имантайды ақылды қарт деп бекерге атамаған. Имантай ақсақал шынында да олқы адам болмаған. Академик Әлкей Марғұлан Сәтбай ауылында студент, аспирант шағында талай болған көрінеді. Сол кісінің айтуы бойынша, қартайса да бұрынғы сымбаттылығынан айрылмаған Имантай қарт өте көп біледі екен. Ақсақал өз елінің тарихын, қазақтың ауыз әдебиетін, ақындардың көптеген шығармаларын, түрік нәсілдес тілдегі шығыс әдебиетін көп білетіндігі сондай, тіпті сағаттар бойы ешбір жалықпай тыңдауға болатын еді деп айтады Әлкей Марғұлан. Имантай ақсақал өз төңірегінде аса сауатты адамдардың бірі болып есептелген. Жобасы, Имекең мұндай сауаттылыққа өз бетімен жетсе керек. Өйткені, біздегі деректер бойынша, ол кісінің оқығаны аз болған. Бірақ, академик Әлкей Марғұланның айтуы бойынша, бұл кісі Омбыда Азия мектебінде аздап оқыса керек. Орыс тілінде де азды-көпті сауаты бар ақсақал өткен ғасырдың аяқ кезіндегі бүкіл россиялық елдегі халық санағы ісіне белсенді кірісіпті. Оның үстіне, Имекең орыстың географиялық қоғамының корреспонденті болып, халықтың ауыз әдебиеті шығармаларын жазып алып жіберіп тұрған. Имекеңнің осы тарапындағы қызметін Шоқан Уәлихановтың атақты досы Н. Г. Потанин көп пайдаланған. Жобасы, бұл кісі кенже баласының зейінділігін ерте сезсе керек те, оқудан үзбеуге тырысса керек.

Сол кенже баласының оқығанынан үміт еткен. Кейін академик жақын адамдарымен сырласқанда, үлкен ағасы Ғабдұл-Ғазиз (Бөкеш) анағұрлым зерек еді, ғылым-білімге ұмтылысқа жітілеу еді,— дейді екен. Дегенмен, ғалымның осы бір пікіріне онша сенбеуге де болар, жанындай жақсы көретін ағасы ертерек қайтыс болғанын және де үлкен адамдардың өз қабілеті мен мүмкіншілігін кеміте есепке алатынын ескерген жөн ғой. Өйткені екі баласын да ілгері оқытуға мүмкіншілігі бірдей бола тұрғанда, Имантай ақсақалдың, әсіресе, осы кенжесін оқытуы жайдан-жай емес шығар деп топшылауға болады.

Жобасы, көргенін, білгенін, естігенін жадында тоқуға ынталы Қаныш жас кезінде әрі білімді, әрі шешен әкесінің ықпалында болмады деуге ауыз бармас. Қалай айтса да елінің өткені мен қазіргісі жөнінде болашақ ғалым осы әкесінің әдемілеп тақпақтап, талай ғақлия нақыл сөздермен өрнектеп, ақындардың өлеңдерін қосып көркейтіп, Асан Қайғы мен Бұхар жырау сияқты халық даналарының, Шығыстың талай ғұламаларының сыйымды тұжырымдарын келтіріп айтқанын ұғымтал бала тыңдап, жадына тоқымады деп кім айтар. Академик Сәтбаевтың бойындағы тек өзіне ғана тән тартымды өзгешеліктерді айтатын болсақ, ол кісі өскен даланың бар тартымды қасиеттерін бойына сақтап, кейін сол қасиеттерді орыс, Европа білімімен аса бір ұтымды түрде тоғыстыра білген дер едік.

Қанекеңнің туып, өсіп, балалық шағын өткізген жері — Орталық Қазақстанның ең бір әдемі, шұрайлы жері екенін ұмытпаған жөн. Баянауылдың қатпар тау, ну орман, мөлдір көлдері адамның көзін қызықтырып, жанын жадыратпай тұрар ма.

Баянауыл табиғаты саясында талай дарындар өсіп, халық игілігіне қайратын жұмсап, көзге түскені белгілі. Қанекең туардан бұрын халыққа әйгілі болған адамдардың атын атамай-ақ қояйық. Қанекең олардың ісі мен ерлігі жөнінде халық аузынан естіп, жадына тоқыған-ды. Қанекеңнің туған жері қиыр даланың бір түкпірі десек, сол түкпірде жасынан осыншама көп ғұламалары өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген балалар аз-ақ болар. Қанекең бұл жөнінде жасынан бақытты болған. Қанекең, мысалы, халқымыздың дарынды ақыны, ғұлама ойшылы Сұлтанмахмұтты көріп, тыңдап, жанына да ерген. Өйткені ол кісі Қанекеңнен бес-алты-ақ жас үлкен еді. Әрине, жасынан науқас

болған ақын, жиырма жеті жасқа толмай дүние салса да, сол сырқау, әлсіз күйінде бүкіл халқымызға әйгілі боларлықтай іс істеп кеткендігіне Қанекең қызықпады деуге болмайды. Имекеңнің ауылында талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізсе де, бір мойымай әнін шырқап, халықты аузына қаратқан атақты Жаяу Мұса да талай болған. Сол кездегі кітап біліміне мейлінше жетік болған пәлсәпшіл ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Қанекең ауылына көршілес тұрған. Ол кісі Имекеңе талай келіп, сәлем беріп, қонақ болып кетеді. Даланың екі білгішінің ұзақ әңгімелерін Қанекең қанығa тыңдаса керек.

Қиыр далада, көшпелі елде өскен қазақ баласының Сібір институтына келіп, студент қатарына қосылуының өзі ол кез үшін таңдай қағып, таңданарлық оқиға болса керек: бұрынғы патшалық Ресейдің шеткерідегі артта қалған ұлттарының арасынан жоғары оқу орындарында, әсіресе, техникалық жоғары оқу орындарында оқыған жастардың аздығы сондай еді. Қанекең оқыған институттың көрнекті профессоры Л. Л. Товенің Ленинградта тұратын қызына бір корреспондент «Сәтбаев жөнінде не білесің» деп сауал қойғанында, А. Тове мына жауапты жазды: «Сәтбаев институт бітірген еді дегеніңізді оқығанымда, көненің көнесі екенім есіме түсіп, бір мұңайып, бір күлдім. Сіз ол кісінің институтты бітіргенін ғана білесіз, ал менің ғой Сәтбаев студент болып келген бетінде атының бірінші аталуы есімде. Менің марқұм ағам Петр Львович бір күні үйге ентіге кіріп: «Мама, бізде ұржаңа студент пайда болды, кім екенін білесің бе — қырғыз! Қандай ақылды, қандай зерек, қандай қабілетті десеңші, бәрін бірден біліп алғысы келіп тұр, мұғалімдердің аузынан шыққанын қағып алып отырады!»— деп мамама айтқан сөздері әлі құлағымда. Қазіргі түлектер үшін Сәтбаев тұлғасы түсініксіз-ақ. Ол кезде (Петр Львович институтты 1926 жылы бітірген) қазақ дегенді білмейтінбіз, оның үстіне Қаныш бірінші нацмен еді ғой. Қазір бұған ешкім таңданбайды».

Жедел дамыған республика өмірінің көптеген салаларына өзінің беделді пікірімен батыл ықпалын тигізген оқымысты және қоғам қайраткері, ақыл-парасатқа бай академик Сәтбаевтың өмірі мен творчестволық жолын зерттеу ісі енді-енді басталуда. Сәтбаевпен істес болғандардың ішінен оның жеке басына бейтарап

пікірде қалғандар сирек-ақ кездесер. Сондықтан да Қаныш сияқты ерекше тұлғалы адамның тындырған іс-әрекеттерін оймен бірден шолып, толық жан-жақты қамту — оның замандастарының қолынан келе бермес. Алайда, Қанекеңнің әріптесі белгілі академик Д. В. Наливкиннің жуырда айтқан мына бір пікірі талассыз ақиқат сияқты. «Егер Қаныш Имантайұлы бұдан жүздеген жылдар бұрын өмір сүрген кісі болса, кім болғанын айту қиын. Әрине, ақын болмас еді. Өйткені, ол тым нақтылы істің адамы еді. Жаңа қалалар салу, аспанмен тілдескен үлкен, алып құрылыстар тұрғызу — міне, бұл сияқтылар Қаныш қабілетіне лайық келетін. Бірақ бұ да оны қанағаттандырмас еді. Ол ұланғайыр ой-білімнің, ауқымы зор талаптардың адамы болатын. Оны шексіз-шетсіз құпия сырлары бар барша табиғат қызықтыратын. Сондықтан да оған бір ғана қызмет — ғылымға басшылық ету ғана лайық еді. Қаныш Имантайұлы сол ғылымның нағыз басшысы болды да. Қандай жұмысты бастамасын, жұмыс қандай көлемді болмасын, ол үнемі соның талассыз жетекшісі бола қалатын да, жұмыстың құндылылығын арттырып жіберетін».

Бұл адамның іс-әрекеті зор, қарекеті сан алуан. Ақындар ол туралы өлеңдер жазса, жазушылар оның парасатты бейнесіне қызықты, ал халық оның есімін аңызға айналдырып жіберді.

Өзге балалар асық ойнағанда кішкентай Қаныш таспен ойнауды жақсы көреді екен және түсі өзгешелеу тас кездессе, содан көз айырмай үңілгенде, кең маңдайы қатпарлана бастаушы еді деп, бірде оның құрбыларының еске алып отырғанын естіп ем. Кішкентай кезінде. Қаныш Имантайұлы өзге балалардай бәрін ұмытып, асық та ойнаған шығар, қозы қуып, құлын-тайға мінген де болар, ойын қуанышына беріліп кетіп, суық жел өтінде тоңуы мүмкін; сондықтан тас қасиетін түсіну үшін оның ерекше ойлана қалуы неғайбыл нәрсе секілді. Бірақ қарапайым халықтың қалтқысыз көңілінен туған әңгімелерге кешірімді болайық. Өйткені, халық өзінің сүйікті ұл-қыздарын сирек ұшырасатын ерекше қасиеттерге бөлеп сөйлемей тұра алмайды. Қаныш Имантайұлының халыққа бола және халық үшін жасаған батырлығы мен батылдығы, табанды еңбегі мен әрекеттері, кеңге құлаш серметкен шабыты мен көрегендігі бүгінгі біздер үшін үлкен өнеге.

Біз бұл тұста бірінші академигіміздің есімімен және қызметімен тікелей байланысты үш нәрсеге соқпай өте алмаймыз. Алдымен айтарымыз — еліміздің мыс қоймасы — Жезқазған, Ұлытау кен ауданы. Геологиялық барлау жұмыстарының білгір ұйымдастырушысы және қажымас геолог-іздестіруші есебінде Қаныш Имантайұлының асқан қабілеттілігі бірінші рет осында көрінді. Сосынғы сөз — Қазақ ССР Ғылым академиясының геология институты. Осы өзі ұйымдастырған институтта Қаныш Имантайұлы ғұлама ғалымдығын танытты және жатпай-тұрмай Жезқазғандағы он бес жылдық тәжірибе жұмыстарында кезіккен көптеген деректерді жинастырумен болған-ды. Бір кереметі, сол деректердің арасындағы сезілер-сезілмес байланыстарды тауып, талай ғылыми қорытындылар жасай білгенді. Осының бәрі кейін, институттың ғылыми жұмысына дербес бағыт беріп қана қоймай, зерттеу, іздену жұмыстарын кеңінен өрістетуге, институтты белгілі ғылыми мекемеге айналдыруға жол ашты. Үшінші айтарымыз — Қазақ ССР Ғылым академиясы. Сәтбаев республикадағы ғылыми ойдың осы бір ордасын еліміздің ең құрметті ірі ғылыми орталықтарының біріне айналдырған көптеген бағалы бастамалардың рухани жетекшісі болды.

Республикамыздың Жезқазған, Ұлытау аудандарында (Жезқазған қаласы қазір солардың екі аралығында) революцияға дейін мыс пен көмір алынып келгені мәлім, бірақ олар жердің бетінен кездейсоқ табылған кендер еді. Осыларға қарап, кені бар жерлердің халық шаруашылық маңызы туралы айта қоюдың тіпті мүмкіншілігі жоқ еді, өйткені бағалы қазба байлықтарының қорын да, кендегі бағалы металдардың үлесін де, жатқан тереңдігі мен түр-түсін де ешкім білмейтін. Егер мұндай жұмысқа күрделі техниканың (бұрғылау станоктары мен оларға қажет жөндеу жабдықтары, механикалық қызмет, тағы басқалар), маман кадрлардың, жағдайдың керек болғанын есепке алсақ, үзіліссіз жүргізілетін барлау жұмыстарының қаншалықты қиындайтынын көз алдымызға келтіруге болады. Орталық Қазақстанның осы сілеміндегі аса күрделі қабат-қабат тау жыныстарын зерттеу үшін апталар мен айлар жетпес еді, жылдар керек еді. Оның үстіне жазы аңызақ, қысы сақылдаған сары аяз боп келетін шөл-далалы бұл аймақ ең жақын деген темір жол бо-

йынан төрт жүз шақырымнан да артық қашықтықта жатқандығын еске алған жөн.

Жас инженер осы қиыншылықтардың бәрін жеңген болатын. Жергілікті тұрғындар бұрғылау ісін үйренді. Тасымалмен жететін құрылыс ағаштарын керексінетін үлкен құрылыстар орнына станоктар төңірегіне киіз үйлер тігілді. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс басталғаннан кейін екі-үш жыл өткен соң талас тудырмас нағыз ғылыми деректер алынды, сол деректер біздің елімізде үлкен Жезқазғанның негізін қалады. Дүние жүзіне мәлім рудниктер, байыту фабрикалары мен мыс балқыту заводы бар Жезқазғанның Сәтбаев атындағы кенметаллургия комбинаты республикамыздың социалистік индустриясының үлкен орталығы — Жезқазған қаласында іске қосылып тұрғанда, жас геологтың сол кездегі үміт-арманын қазір көз алдымызға елестету оңай. Бұл үміт-арман Сәтбаевтың 1932 жылы жарияланған «Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералдық байлықтары» деген алғашқы еңбегінде қорытылып, нақтылы техникалық-экономикалық дәлелдермен әрі түсінікті, әрі қысқаша баяндалған. Геологиялық іздестірулер жүргізген алғашқы жылдарда-ақ барлау жұмыстары нәтижелерінің орасан маңызы болатынына Қаныш Имантайұлының көзі жеткен. Сондықтан да «Жезқазған болашақта дүние жүзіндегі мысқа ең бай өлкелердің қатарына қосылады да, тіпті көп кешікпей Американың белгілі мысты аймақтарының көпшілігі-ақ бірінші орынның жүлдесін Жезқазғанға амалсыздан береді» дегенді көрегендікпен батыл айтқан.

Әрі жаңа, әрі батыл бастама алғашқыда көпке түсінікті бола қоймайтыны мәлім. Бетпақдаланы бұрғылау агрегаттарының шуылымен жаңғырықтырып, Орталық Қазақстанның аңызақтан қаңсыған шөлейтті жерлерін ерсілі-қарсылы шарлап жүрген талапты жандардан тым алыста отырған кейбіреулер дала кезген геологтың айтқандарына шүбәлана қарап, оның әрекеттерін жастық шақтың қызбалығына балайтын. Сәтбаев жыл сайын, тіпті кейде жыл ішінде әлденеше дүркін келіп, жұмысты онан әрі кең көлемде ұлғайта жүргізу қажеттігін дәлелдеп, қаражат сұрауға мәжбүр болушы еді. Бұл үшін асқан төзімділік пен сабырлылық, табандылық пен қайсарлық керек болса, соның бәрі Қаныш Имантайұлынан молынан табылатын. Сәт-

баевтың басшылығымен Қазақстанның геологтары, басқа да көптеген мамандар коллективі орасан жұмыстар атқарды. Өмір тәжірибесінде қатал логика ұстанған, талассыз дәйектемелерді бәрінен де артық бағалайтын осы сергек мінезді, ақиқатшыл адам ғылым мен техниканың өзекті мәселелеріне келгенде, сол мәселелердің халық игілігіне тиімді екенін сезгенде шын жүректен тебірене білетін және шабыткер ақынша толғана білетін. «Ұлытау үстінен тұңғыш рет завод гудогының үні естілгенде, Қазақстанның түкпір-түкпірінен оған сөзсіз қуатты үн қосатындар табылады. Бұл жаңғырығуды күшейтетін Ұлытаудың шар тарапқа жайылған тарихи атағы мен орталыққа орналасуы, қазақ халқының білім құштарлығы мен табиғатынан әншілік өнерге, әсіресе, жаңа әндер шығаруға бейімділігі, торығу мен зарығу әндерінің орнын енді басқаша әндер, батырлық пен күш жігерге толы әндер басады. Олар өрге көтеріп келе жатқан Қазақстанның, индустриалды жаңа Қазақстанның әндері болып шырқалады»— деп жазып еді ол.

Жас геологтың жанына дамыл бермей, үздіксіз мазасын алған іс — өз республикасын индустрияландыру ісі еді, сол іске жас геолог үлес қоса да білді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оқымысты геолог қана емес, қандай ілім саласында болсын, ойлауға қабілеттілікті керексінетін таза ілімдер деп аталатындардың бәрінен де хабардар ғұлама еді. Нағыз шынайы таланттың қашан да жан-жақты келетін әдеті ғой. Ол терең толғауды тілейтін теориялық ойлардан, жекелеген ғылыми-техникалық мәселелерді шешуден күрделі мәні бар зор көлемді мәселелерді қорытуға қысылмай көше беруші еді. Республикамызды индустрияландыру тарихындағы елеулі оқиға — Үлкен Жезқазған мен Жезқазған—Ұлытау кен аймағын зерттеудің өзі-ақ ұлы істердің қатарына, тамаша адамдар өмірі қатарына қосуға жетіп-ақ жатыр. Ал біздің бірінші академигіміз үшін бұл тек алғашқы қадам ғана болған. Жезқазғандағы ойдағыдай жүргізілген жұмыстарында айтарлықтай көп деректер жинастыра білген, сол деректер жайлы көп ойланып, толғана білген тәжірибелі геолог СССР Ғылым академиясы Қазақстан филиалының геология ғылымдары институтын басқару қызметіне ауысып келгенде, оның бұрынғы геологиялық ізденістері ғылыми қорытындылар, тиянақты ғылыми пікірлер туғыза берерлік деректі бастамаға айналды да, алдағы ісі соның табиғи жалғасы болды. Геология ғылымдары институты жүргізген зерттеу жұмыстарының аса жемісті болғандығын осыдан деп білу керек.

Ғылыми институтта жұмыс істей жүріп және өсіп келе жатқан зерттеушілер коллективіне басшылық ете отырып, Қаныш Сәтбаев металлогения деп аталатын ғылымды жасаушылардың бірі болды. Бұл ғылым Сәтбаевтың зерттеулері арқасында пайдалы кен жер үстінде қай алқапта, қай нүктеде шоғырлануы мүмкін екенін анық болжауға және геологтарға кені бар жерлерді іздестіру ісін көп жеңілдетерлік болжамды карта шығаруға мүмкіндік берді.

Металлогения негізінде жатқан идеялар жемісті боп шықты. Соның нәтижесінде геология саласындағы басқа күллі ғылымдардың дамуы барысында металлогения ғылымы көрнекті орын алды. Сәтбаев өзін ұстазы академик Усовтың идеясын жалғастырушымын деп қана түсінді. Бірақ белгілі профессор Ф. И. Шахов 1960 жылы Сәтбаевтың тірі кезінде-ақ: «Сәтбаевтың «Күрделі структуралы регионалдық металлогениясының тәсілдері» бағыты жөнінен М. А. Усов жасаған схемамен үндес болғанымен, бірақ одан әлдеқайда жетігірек, ілгерірек жатыр» деп жазғаны бар.

Міне, Сәтбаев сықылды көрнекті ғалымның, металлогения ғылымының басшысы болған ғалымның ілімдерді қаншалықты терең меңгере білгендігін, қандайлық зор ұйымдастырушылық қабілеті болғандығын осылардан-ақ түсінуімізге болады.

Жалғыз Үлкен Жезқазған ғана емес, республикамыздағы көптеген қазба-кен байлықтарының ашылуы және пайдаға асырылуы, әсіресе, Орталық, Солтүстік Қазақстан және Қенді Алтай Қаныш Сәтбаев есімімен байланысты. Оның тамаша серіктері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері Р. А. Борукаев, И. И. Бок, А. К. Қайыпов, Г. И. Щерба, Е. Д. Шлыгин, республика Ғылым академиясының корреспондент мүшелері Г. Ц. Медоев, П. Т. Тәжібаева тағы басқа көптеген ғалымдар Сәтбаевтан үйрене жүріп өскендер.

Геология ғылымдары институтында ғылыми зерттеулерге басшылық ете жүре Сәтбаевтың оқымыстыбасшы, оқымысты-ұйымдастырушылық қабілетін толық танытқанын айтудың керегі бола қояр ма екен? Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылып, оның бірінші пре-

кен жұмыстарды бастаушылардың әрекеттері танданған көзге кейде бірыңғай жеңіс боп та көріне береді. Ал шындығына келсек, олар тек жеңіп қана қоймай, қиыншылықтар мен жеңілістерге ұшырап та отырған. Бірақ қиыншылықтар мен сәтсіздіктер үстінде ұлы адамдар күш-жігерлерін шыныктырып, ақыл-ойын жетілдіре түседі, өздерін қоршаған оқиғаларды қабылдау түйсіктерін өткірлей түседі. Республикада Ғылым академиясының басшылығымен бұл кезеңде халық шаруашылығына көп пайдасы бар ірі-ірі зерттеу жұмыстарын күшейту және онан әрі ұлғайтумен бірге жалпы ғылыми мәні бар іздестіру, ілгері бастыру істерінің негізі қаланды, физика-математика бағытындағы (ядролық физика, математика, механика және басқа институттар) дәлме-дәл ғылымдарды өркендету үшін материалдық-техникалық база жасалды. Осы жағдай Ғылым академиясын табиғат құпияларына адам ақыл-ойының тереңдеп араласып отырған алдыңғы шебінен шығарды. Сонымен қатар Сәтбаев академиялық ғылымның Қарағанды, Өскемен, Гурьев және республикамыздың басқа да облыс орталықтарында қазір ойдағыдай өсіп-өркендеп отырған ірі-ірі мекемелерін құрудың бастаушысы да болды.

Академик Н. И. Веселовский қазақтың тұңғыш оқымыстысы туралы: «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Шығыс зерттеу ілімінің көк жиегінде құйрықты жұлдыздай жарқ етті де сөнді. Орыс ғалымдары оны бірауыздан үлкен ақыл, парасат үшін жаратылған жан деп тауып, түркі тұқымдас халықтардың тағдыры туралы одан елеулі-елеулі ұлы жаңалықтар ашуды күтетін еді» деп жазған болатын. Октябрь революциясы мен лениндік партияның басшылығы арқасында бірінші академик Сәтбаев пен оның шәкірттерінің тағдыры үлкен бақытқа бөленді. Олар «құйрықты жұлдыздай ағып өтпей» Қазақ совет ғылымының аспанында тұрақты жұлдыздарша жарқырай шоғырланды. Ал Сәтбаев, осы аспан әлемінде таң шолпанындай жарқырайды, сол шолпанның сәулесі кейінгі ғылыми буындардың игілікті еңбегі мен әрекетіне әрдайым жарық жол көрсетіп тұрмақ.

В. И. Штифанов

КӨЗ АЛДЫМДА БЕЙНЕСІ

Содан бері де елу жылдан аса уақыт өтіпті-ау өзі. Бұл Қанекеңді тұңғыш көргеннен кейінгі өткен мерзім. Өзімнің лұғатты ұстазыммен алғаш кездесуім 1935 жылы болатын. Онда Қазақтың кен-металлургия институтында үшінші курста оқып жүрген кезім. Мені өндірістік практикаға Қарсақбайдағы Жезқазған геологиялық барлау конторына жіберді. Шынын айтсам Қазақстанның осы бір құлазыған аймағына келгеніме алғашқыда қуанғаным да жоқ. Өйткені алдымнан Қанекең секілді үлкен жүректі, жылы жүзді адам қарсы алар деген ой үш ұйықтасам түсіме де кіріп көрген жоқ.

Мен қателескен екенмін. Барлау конторының табалдырығын аттаған мені қарапайым жазу столында отырып, қолындағы кен кесегіне үңіле көз салған толқынды бұйра шашты, келбетті, жүзінде жайдарлылықтың сөнбес табы бар адам жылы қарсы алды. Менің жүдеу тұлғама жіті қарап шықты ол. Сол бір сүреңсіз кездегі студенттік өмірдің ащы-тұщысын өз басынан өткерген Қанекең менің жадау жүзіме ойлы көзін қадап көп отырды. Мені ол өзіне бірден баурап алды. Хал-жағдайымды нақ бар жақынымдай тәптіштеп сұрап жатыр. Мен бұрын-соңды мұндай орыс тілін таза, өз нақышында сөйлейтін қазақты кездестірмеген едім. Міне, сол алғашқы кездесуден бастап-ақ ол жақын ағамдай сезілді. Жанашырым болды. Алғашқы күннің ертесінде-ақ Қанекең сол уақыттағы кен барлау бөлімінің қаржыға тапшылығына қарамастан маған күзгі киімдер алып киюіме көмектесті. Інісіндей қамқорлығына алды.

Мені Қанекең Жезқазған руднигіндегі барлау жұмыстарына жіберді. Мен осында тұңғыш рет жер астына түстім. Жер асты кенін барладым. Барлау жұмыстары мені қызықтырмай қойған жоқ. Әсіресе, Қанекеңмен жер астында барлау жұмыстарын жүргізген кездерім күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Ол кісі әр іске мұқият зер салып отыратын. Сол кездің өзінде-ақ ғалым Жезқазғанның мыс қорының байлығын бізге қызықты етіп баяндайтын-ды.

— Көрерсіңдер бұл Жезқазған мыс қоры жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ кеніш болады,— дейтін Қанекең.

Тамаша ұстаз, қарапайым да кішіпейіл басшымен жұмыс істеу мені жалықтырған жоқ. Қайта ширай түстім. Теориялық білімім практикамен ұштасып, барлау жұмыстарына деген көзқарасым да кеңейе түсті. Жезқазған жерінің мені қызықтырғаны сонша мен сол жылы тиісті екі айлық демалысымның өзін осы кен барлау жұмыстарымен айналысумен өткіздім. Соның көбі үлкен жүректі, абзал адамның қасында өтіп жатты. Менің Қанекеңмен туысқандық, достық, замандастық қарым-қатынасым, шәкірттік қызметім осылай басталды.

Осыдан бір жыл өткеннен кейін мен диплом қорғадым. Ғылыми жетекшім, мемлекеттік емтихан комиссиясының председателі Қ. И. Сәтбаев болды. «Кресто-Централь өнірін нақтылы барлау туралы» деген тақырыптағы диплом жұмысымды өте жақсы деген бағамен қорғап шықтым. Мен бұл жерде мақтанудан тіптен аулақпын. Бұл салада Қаныш Имантайұлының ағалық, ұстаздық қамқорлығын сөз етпек ниетім бар. Менің тақырып таңдауыма, оны ойдағыдай жазып шығуыма Қанекең қосқан үлес үлкен. Ғалымның осы бір қамқорлығын ақтай алдым ба, жоқ па деп соңғы кездері ойға шоматыным да сондықтан.

Институт бітіргеннен кейін мені жолдамамен Уралға жібермекші болды. Бұл жерде де Қанекең маған қол ұшын берді. Жоғары орындарға Жезқазғанның мол мыс қорын барлауға кадр жетіспейтіндігін айтып, мені өз қарамағына алды. Сөйтіп, менің бақытыма орай Қанекеңмен қоян-қолтық жұмыс істеуіме тура келді. Біз Жезқазған мыс қорын барлау жұмысымен сол кездердегі қиындықтарға қарамастан жан сала айналыстық.

Қанекең отызыншы жылдары Жезқазған кенін күн-түн демей барлаумен қатар ғылыми еңбектер жазуға да уақыт тауып жүрді. «Жезқазған мыс кені ауданы және оның минералдық ресурстары», «Жезқазған екінші бесжылдықта» деген кітаптарын біз, барлаушылармен қатар, қалың көпшілік қауым жылы қарсы алды.

Мен Қанекеңмен қоян-қолтық еңбек еттім. 1941 жылы Қанекең Алматыға жұмысқа ауысты да мені өз орнына қалдырып кетті. Лұғатты ұстазымның игілікті

ісін одан әрі жалғастыру міндеті маған жүктелді. Қолымнан келгеннің бәрін жасауға сол күннен бастап-ақ бел буып, білек сыбанып кірістім. Аға айтқан ақылдан, ол мегзеген даңғыл жолдан таймауға серт еттім.

Бұл июнь күндерінің бірі болатын. Біздің барлаушылар партиясы Жезді аймағындағы марганец кенін барлау жұмыстарымен айналысып жүрген-ді. Жұмыс уақытының соңында біз Қанекеңді Алматыға шығарып салуға жиналдық. Қанекең бізге бұрынғысындай Жезқазған жайлы әсерлі де қызықты етіп ұзақ әңгімеледі. Бұл аймақта үлкен қала орнайтындығын, Жезқазған еліміздегі ең үлкен мыс ошағы болатындығын айтты. Бұл болжамға сенімсіз қарағандар да табылды арамыздан. Ғалым пікіріне ашықтан-ашық қарсы шықпағанмен олардың сондай кері тартпа пікірде екенін біз қайсы біреулердің көзқарасынан-ақ аңғарып қалдық. Қанекең сөзінің соңында Жезқазғанның ірге тасын қалап жатқан абзал адамдардың еңбегіне табыс тілейтіндігін білдірді.

Бұл қаладан жырақта болған-ды. Біз сол күні фашистердің біздің шекарамызды бұзып кіргені жайлы хабарды Қанекеңді қалаға шығарып сала келген сәтте естідік. Сол күннен бастап-ақ Отанымыздың мыс кенін деген қажеті күн санап арта түсті. Барлау жұмыстары да ерекше қарқынмен жүргізілді. Қанекең Жезқазғаннан жырақта тұрса да оған деген қамқорлықтан тыс қалған жоқ. Оның болашағына ғылми көзқараспен қарады. Өсіп өркендеп, алып кәсіпорындар қатарынан саналуына көп еңбек сіңірді.

Жезқазғанға деген ғалымның қамқорлығы өзі Қазақ ССР Ғылым академиясын басқарған кездерде өсе түспесе, бұрынғысынан кеміген жоқ. Бірнеше рет өзі қолмен тұрғызған қалаға келіп, оның жаңа кәсіпорындарымен, олардың сол кездегі тынысымен кеңінен танысты. Әрине келген сайын комплексті кен барлау экспедициясының жұмысымен де терең танысып отырды. Келген сайын біздікінде қонақта болатын.

Мен өзімнің қимас ұстазыммен соңғы рет Москвада кездестім, бірнеше күндей бірге болдық. Қанекең 1961 жылғы Қазақ ССР Ғылым академиясының Жезқазғанда өткен арнайы сессиясынан кейінгі қала кәсіпорындарының жаңалықтарын қызу сұрап жатыр. Мен бүгінгі Жезқазған туралы мақтанышпен баяндаймын. Ғалым сүйсіне тыңдайды.

Біздің комплексті кен барлау экспедициясының төрінде КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС, ВЛКСМ Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты 50 жылдығына байланысты берілген Ескерткіш туы тұр. Мен ол туды күнде көрем. Көрген сайын осы бір үлкен құрметте, тамаша табыста Қанекең үлесі де бар деген ойға келемін.

М. С. Асимов

ҚҰРМЕТТІ АКАДЕМИГІМІЗ

1951 жылғы 14 апрель күні Тәжік ССР Ғылым академиясы құрылуының салтанатты рәсімі болып өтті. Онда академияның тұңғыш президенті мен алғашқы академиктері сайланды. Сонымен бірге Тәжік ССР Ғылым академиясының құрметті академиктері болып сол кездегі даңқты ғалымдар А. Н. Несмеяновтың, Е. Н. Павловскийдің, Қ. И. Сәтбаевтың сайлануын республика ғылыми жұртшылығы үлкен ілтифатпен қуана қостады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тәжік халқының мәдениет тарихында ерекше орын алатын сол даңқты оқиғаға байланысты өткізілген салтанатқа құрметті қонақ, әрі туысқан Қазақстан ғалымдары делегациясының басшысы ретінде қатысты. Тәжік ССР Ғылым академиясының архивінде сол кездің көптеген ескерткіштері, фотопленкалар сақтаулы. Сонда түсірілген суреттерден біз Қаныш Имантайұлының салтанатты жиналыс президиумында отырғанын, мінбеде сөйлеп тұрғанын, республика ғылым академиясы Президиумының алғашқы мәжілісіне қатысқанын көреміз.

Қаныш Имантайұлы Тәжікстандағы ғылымның даму болашағы, әсіресе, геологияның өркендеу жайын тәптіштеп сұрады. Қ. Сәтбаевтың инициативасы бойынша біздің республикамызда пайдалы қазба байлықтарының орналасу заңдылықтарын анықтау және металлогениялық карта жасау жөніндегі зерттеу жұмыстары басталды. Бұл жұмысты ұйымдастыруға ол тікелей көмек көрсетті, ал Қазақ ССР Ғылым академиясы Геология ғылыми институтының қызметкерлері ол жұмыстың жемісті түрде жүзеге асуына игілікті әсер етіп отырды.

Қазіргі кезде Геология басқармасының геологтары Тәжік ССР Ғылым академиясы Геология институтының ғылыми қызметкерлерімен бірлесе отырып республика металлогениялық картасын жасады, ол карта пайдалы қазба байлықтарының әркилы түрлерін барлау жұмыстарында кеңінен қолданылуда.

Қ. Сәтбаевтың Орта Азия мен Қазақстан геолог кадрларын даярлауға көп көңіл бөлгені белгілі. Сол ізгі дәстүрді қазір оның шәкірттері жалғастыруда. Соңғы жылдарда ғана Қазақ ССР Ғылым академиясында біздің республиканың бірнеше жас ғалымы геология-минералогия саласынан докторлық диссертация қорғады.

В. И. Ленин атындағы Тәжік Мемлекеттік Университеті минералогия және петрография кафедрасының меңгерушісі А. Хасанов, Душанбе педагогтік институты геология кафедрасының меңгерушісі, геология-минералогия ғылымының кандидаты Н. Мадалиев; республика академиясы Геология институтының ғылыми қызметкері М. Ахунов және басқалар академик Қ. Сәтбаев пен оның шәкірттерінің мектебінен өтті.

Қаныш Имантайұлының инициативасы бойынша қалыптасқан Қазақстан мен Тәжікстан ғылыми мекемелерінің творчестволық байланысы бүгінде жемісті түрде жалғастырылуда. Бұл ынтымақты іске геологтармен бірге биологтар да белсене ат салысуда: екі республиканың сейсмологтары тұтас бір жүйеге келтірілген жоспар бойынша жұмыс істейді. Тарихшыларымыз бен филологтарымыз өзара берік байланыс тапқан.

Академик Қ. Сәтбаевтың совет ғылымын, әсіресе, геологияны дамытуға, Қазақстан мен басқа да туысқан республикалардың экономикасы мен мәдениетін өркендету ісіне қосқан үлесі орасан зор. Ғұлама ғалым, ғылымның аса көрнекті қайраткері-ұйымдастырушысы академик Қ. Сәтбаевтың 90 жылдық торқалы тойын сүйініштi сезіммен мерекелейтін бақытты шақта қазақ халқының ұлы перзентінің сом тұлғасы алдында тағзым етеміз.

Ш. Шокин

ҒЫЛЫМНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты совет халқы, советтік озық ғылымымыз мақтан тұтады. Аса үздік ғалым ретінде ол елімізден тысқары жерлерге де кеңінен мәлім еді. Ол шын мәнісінде көптеген ғылымдар саласында энциклопедиялық терең білімі бар ғұлама ғалым болатын. Қ. И. Сәтбаев адамдарды өзіне баурай білетін ерекше қабілетімен ерен көрінетін. Ол еліміздің халық шаруашылығының, ғылымы мен мәдениетінің игілігі жолында ғалымдардың еңбегін ғажап ұйымдастыра білді.

Қаныш Имантайұлы институтты бітіргеннен кейінгі 15 жыл өмірін Жезқазған—Ұлытау аймағының кен байлығын айқындап-анықтауға жіберді. Ол келешекке батыл көз тастайтын, өзінің арманы үшін күресе білетін талантты инженер және басшы болды. Қазіргі Үлкен Жезқазған — Қ. И. Сәтбаевтың жүзеге асқан арманы еді.

Сол кездің өзінде-ақ Қаныш Имантайұлы өзін тек инженер ретінде емес, парасатты ғалым ретінде көрсете білді. Ол кенді аудандардың геологиясын комплексті зерттеу жайлы өз еңбектері негізінде Жезқазған мыс кенінің орналасу заңдылықтары хақында байсалды қорытындылар жасады, оның зор келешегін көрсете білді. Бұл жайлы ол Москва мен Ленинградтың ғалымдарын хабардар етіп, Совет Одағының өкімет басшыларына баян етті, сөйтіп, одан әрмен геологиялық зерттеу жұмыстарын кеңейтуге және ұлан-байтақ Жезқазған кен қорын іс жүзінде игеруге жол ашты.

Қанекең Григорий Константинович Орджоникидземен жеке кездесіп, оған Үлкен Жезқазғанды құру жайлы идеяны баян етті. Аталған ауданның дамуында бұл кездесудің маңызы ерекше болды. Совет Одағының ғылыми жұртшылығы арасында Қ. И. Сәтбаевтың Жезқазған жайлы геологиялық зерттеулері кеңінен мәлім болды.

Сол жылдары Қаныш Имантайұлы Жезқазғанды геологиялық тұрғыдан зерттеумен қатар бүкіл Қазақстан территориясындағы, соның ішінде орталық және

шығыс аудандардағы зерттеу жұмыстарының қарқынын арттыруда белсенді қызмет көрсетті.

Еліміздің минералдық шикізат қорын ұлғайту мақсатына орай Қазақстан территориясындағы геологиялық зерттеуді біраз кеңейту керек болды. Бұл жұмысты ұйымдастырып, басшылық жасауға Қ. И. Сәтбаев бірден бір лайықты кандидатура деп танылады. 1941 жылы ол СССР Ғылым академиясы қазақ филиалының Геология институтының директоры болып тағайындалады. Бұл жұмыста ол өзін аса көрнекті ұйымдастырушы, ірі ғалым ретінде көрсете білді де, 1942 жылы СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының председателі болып бекіді.

1938 жылы ұйымдастырылған СССР академиясының қазақ бөлімшесі ол кезде бар болғаны 132 ғылыми қызметкері, оның сегізі ғылым докторлары мен профессорлар, 29-ы ғылым кандидаттары мен доценттер бар шағын ғана ғылыми мекеме еді. Бөлімшенің құрамына екі институт пен бірнеше сектор кіретін. Сондайақ, сол кезде республиканың азғана жоғары оқу орындары мен Ленин атындағы Бүкіл одақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының қазақ бөлімшесінде де шағын ғана зерттеу жұмыстары жүргізілетін. Сөйтіп, соғыстың алдындағы жылдарда ғана Қазақстанда жаңа бүр жара бастаған ғылым ісін кең қанат жайдыру осыған орай және 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысымен байланысты біраз қиыншылықтарға кезікті. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың республика ғылымының іскер де жігерлі басшысы ретіндегі қызметі дәл сол соғыстың қаһарлы жылдарында басталған болатын.

Терең білім мен зерек ойлылық Қ. И. Сәтбаевқа соғыс кезіндегі ғылымның міндетін дұрыс та дер уағында түсінуге, оның нәтижелі шешімдерін айқындап, өзі басқарған Қазақстан ғалымдары отрядын фашист басқыншыларына қарсы совет халқының біртұтас майданы сапына қосуға мүмкіндік берді. Бөлімшенің тематикалық жоспары жедел қаралып, еліміздің қорғаныс қажетіне керекті Қазақстанның табиғи ресурстарын жаппай жұмылдыру проблемалары бірінші қатарға шығарылды. Экспедициялар соғыс жағдайында практикалық маңызы бар объектілерге ғана жіберілді.

Соғыстың алғашқы айларында-ақ еліміздегі ең ірі марганец кен орны Никопольді дұшпанның басып ал-

ғаны белгілі. Мұның өзі қорғаныс өнеркәсібіне аса қажетті сапалы болат өндіру ісінде көптеген қиыншылықтар туғызды. Қазақстанда Қ. И. Сәтбаев инициативасымен марганец кені жедел іздестіріле бастады, соның нәтижесінде Жезді кен орны ашылды. Уралдың металлургиялық заводтары дер кезінде қажетті шикізатпен қамтамасыз етіледі. Ал мұның өзі Ұлы Отан соғысының жеңісіне қосылған үлкен үлес болды.

Сол жылдарда Қазақстан ғалымдары өсімдіктердің шикізат қорын анықтап, қажетке жаратуда (каучук, тағамдық және тағы басқа бағалы өсімдіктердің), егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін көтеру жолында біраз қызмет атқарды. СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы өзін ғылым алдында тұрған келелі мәселелерді шешуге қабілетті ғылыми мекеме ретінде көрсете білді.

Ғалымдар ашқан пайдалы кен орындары соғыс кезінде Қазақстанда көптеген индустриялық орталықтардың құрылуына себепкер болды. Бұл республика ғалымдарының елімізді қорғауға қосқан елеуге тұрарлық нақтылы үлесі болатын.

Тау-кен істері саласында мыс пен полиметалл кен орындарын ашу және пайдаланудағы нәтижелілік жүйелері жетілдірілді.

Филиал ғалымдары Қазақстан өнеркәсібінің негізгі саласы — түсті металлургия үшін байыту фабрикаларынан шығатын қалдықтардан бағалы бөлшектерді бөліп алу және металлургиялық заводтардан шығатын күкіртті газдарды пайдалану проблемаларын зерттеді.

Химиктер негізгі күшін Қазақстанның орасан бай химиялық шикізатын халық шаруашылығында пайдалануға жұмсады.

Энергетика саласында республиканың гидро және жылу энергетикалық көздерін зерттеп, оны пайдалану жолдарын анықтау басты мақсат болды.

Биология саласындағы ғылыми мекемелер Қазақстанның жер қыртысы, өсімдіктері мен жануарлар дүниесін жүйелі түрде зерттеумен айналысты.

Қоғамдық ғылымдар саласындағы тақырыптар да сан қырлы болды. Қазақ халқының орасан бай фольклорлық мұрасы, оның ішінде оның музыкалық творчествосы да жиналып, жүйеге түсірілді, екі томдық орысша-қазақша сөздік құрастырылды, «Қазақ әдебиетінің тарихы» дайындалды. 1943 жылы «Ерте дәуірден

қазіргі күнге дейінгі Қазақстан тарихының» бірінші басылымы жарыққа шықты.

Ғылыми мекемелердің зерттейтін тақырыптарының аясы үнемі кеңейіп, тез арада СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы Қазақстан ғылыми ойлау жүйесінің шын мәнісіндегі орталығына айналды.

Ғалым ретінде филиалмен бірге Қаныш Имантайұлы да сақайып, ересек тартты. Оған 1942 жылы диссертация қорғамай-ақ, геология-минералогия ғылымдарының докторы деген ғылыми атағы, Жезқазған-Ұлытау аймағының қазба байлықтары жайлы үлкен монографиясы үшін СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Келесі жылы Қ. И. Сәтбаев СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

1944—1945 жылдары жаңадан көптеген ғылыми-зерттеу институттарының құрылуы республика ғылымының дамуында ерекше бір кезең болды. 1945 жылдың аяғына таман СССР Ғылым академиясының қазақ филиалында 15 ғылыми-зерттеу институты (геологиялық ғылымдар, тау-кен ісі, химиялық ғылымдар, металлургия және байыту, энергетика, астрономия және физика, топырақ тану, ботаника, зоология, эксперименттік биология, физиология, өлкелік потология, клиникалық және эксперименттік хирургия, тарих, археология және этнография, тіл мен әдебиет) мен өз алдына жеке жеті сектор (математика мен механика, география, экономика, право, транспорт проблемалары, өнертану және архитектура) жұмыс істеп тұрды.

Соғыс уақыты жағдайындағы қысқа мерзім ішінде жаңадан ғылыми мекеме құрып, оларды қажетті мамандармен толықтырып, өндірістік жұмыс орнымен, қажетті құрал жабдықпен, приборлармен, және т. б. қамтамасыз ету үлкен күш-жігерді талап ететіні белгілі. Жаңадан құрылған осы институттардың арқасында ғылымның негізгі салалары бойынша кен ауқымды комплексті зерттеу жұмыстары жүзеге асты.

1943 жылы СССР Ғылым академиясының президенті академик В. Л. Комаров басқарған Уралдың, Батыс Сібір мен Қазақстанның қорларын соғыс мүддесіне жұмылдыру мақсатымен СССР Ғылым академиясының комиссиясы құрылды. Құрамына еліміздің аса көрнекті ғалымдары — академиктер А. А. Байков, И. П. Бардин, К. А. Скочинский, В. А. Обручев, Л. Д. Шевяков, В. Н. Образцов, Э. В. Брицке, Д. Н. Прянишников,

В. И. Вейц және басқалар енген бұл комиссия, СССР Ғылым академиясы қазақ филиалының ғалымдарымен бірлесе отырып Қазақстан халық шаруашылығының негізгі салаларының (көмір өнеркәсібі, түсті металлургия және басқалар) өндірістік қуатын арттырудың жолдарын белгіледі. Қаныш Имантайұлы бұл комиссияның жұмысына белсенді араласа отырып, оның алға қойған міндеттерін жүзеге асыру жолында қолдан келген жәрдемін аяған жоқ.

Қ. И. Сәтбаев соғыс кезінде республика ғылымын басқара отырып, халық шаруашылығы мен мәдениетінің келешегін ғажап аңғара білді және соған орай республика ғылымының алдына дұрыс міндеттер қоя білді. Қаныш Имантайұлы филиал атқарып жатқан кең ауқымды зерттеулермен қатар, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметінің тапсыруы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясын құруға орай орасан зор дайындық жұмысын жүргізді. Академияны ұйымдастыру — сол уақыттарда халық шаруашылығы тұрғысынан да, саяси маңызы жағынан да республика алдында тұрған басты мақсаттардың бірі болатын.

Бұл жұмыстың барысында Москва мен Ленинградтан және еліміздің басқа қалаларынан Қазақстанға уақытша қоныс аударған ғалымдар баға жетпес көмек көрсетті. Бұл ғалымдар жоғары дәрежелі ғылыми қызметкерлерді дайындаудың, әсіресе, қазақтардан ғылым докторларын шығарудың практикалық шараларынан іске асыруда, негізгі ғылыми бағыт пен проблемаларды айқындауда, академияның ашылу қарсаңына дайын болып, ашылуға мүмкіндігі бар ғылыми мекемелердің тізімін айқындап, республиканың өркен жайған ғылымының талаптарына сай келетіндей келешек академияның тұтас бір құрылымын белгілеуде елеулі жәрдем етті. Әрбір институтты ұйымдастырудың дайындық жұмыстары (мамандарды дайындау, өндірістік-эксперименттік база мен қажетті құралдармен жабдықтау шаралары) жүргізілді. Қаныш Имантайұлы бұл шараларды жүзеге асыруда филиалдың барлық қызметкерлерін осы шаруаларға шебер тарта отырып, орасан зор қызмет атқарды.

Ғылыми мамандарды дайындау саласында іс жүзінде шешуші маңызы бар көптеген шаралар жүзеге асырылды. Ғылымның негізгі боп есептелетін барлық са-

ласы бойынша аспирантура ұйымдастырылып, оған негізінен ұзақ уақыт жұмыс тәжрибесі бар өндірістік мамандар тартылды. Ғылым докторларын дайындау барысында барлық кандидаттар есепке алынып, әрқайсысымен әңгіме өткізіліп, олардың докторлық диссертацияларын дайындауы үшін белгілі шаралар жүзеге асырылды. 24 адамды СССР Ғылым академиясының докторантурасына жіберу туралы шешім қабылданды. Қазақстанның ғылыми мекемелеріне ғылыми мамандар дайындауда еліміздің көптеген көрнекті ғалымдары айрықша көмек жасады.

Қаныш Имантайұлы әрбір докторантқа ілтипатпен, қамқорлықпен қарап, істеп жатқан жұмысының егжей-тегжейіне дейін анықтап, қолдан келген көмегін көрсетіп отыратын. Диссертациялардың жұмыс барысы филиалдың Президиумында сан мәртебе талқыланып жүрді.

Осы шаралардың барлығы өзінің жемісті нәтижесін берді. Соғыстың аяғына таман филиалда 900-ге жуық маман жұмыс істеді. Олардың алтауы СССР Ғылым академиясының академиктері мен корреспондент мүшелері, 70 профессорлар мен докторлар, 200-ге жуығы ғылым кандидаттары және 350 кіші ғылыми қызметкерлер болатын.

1941 жылмен салыстырғанда филиалдың ғылыми қызметкерлерінің саны бес есе артты. Ұлттық ғылыми кадрлар пайда болды. Олар шамамен ғылыми қызметкерлердің 30 процентін құрайтын. Бұлардың арасында тоғыз ғылым докторы мен 45 ғылым кандидаты бар-ды.

Қазақстан ғылымының келешектегі даму мүмкіншілігін көрсететін жоспарды жасауда да қазақ филиалының президиумы мен Қаныш Имантайұлының жеке басы ерекше үлкен жұмыс атқарды. Бұл істе де, ғылымның бірінші кезектегі проблемалары мен алға қойған міндеттерін айқындау жолында да Қ. И. Сәтбаев іскерлік таныта білді. Мұнда оның ғылымның әр саласынан да жете білімдар ғұламалық қасиеті ерекше байқалатын. Қаныш Имантайұлының жаңа ғылыми мекемелерді ұйымдастырып, олардың беттерін айқындау үшін айрықша маңызды болған — кейбір жекелеген ғылым салаларындағы мамандармен әңгімесі менің есімде. Ұлы Отан соғысының жеңіспен біткен ақырғы кезеңіне қарсы Қазақстанда республикалық Ғылым

академиясын ұйымдастыру үшін қажетті барлық жағдай жасалған болатын.

Қазақ ССР Ғылым академиясының өмірге келіп, өрге басуы жолында советтік ғылымның аса көрнекті қайраткерлері академиктер В. Л. Комаров, С. И. Вавилов, И .П. Бардин, Г. М. Кржижановский, В. А. Обручев, Д. В. Наливкин, К. И. Скрябин, Е. Н. Павловский, И . И. Мещанинов, А. М. Панкратова, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелері Г. А. Тихов, С. Е. Малов және басқалар баға жетпес көмек көрсетті.

Қаныш Имантайұлы республика ғылымының даму мүддесіне бұл ғалымдардың назарын аудара білді және үнемі олардан қолдау тауып отырды.

1945 жылдың октябрінде СССР үкіметі Қазақ ССР академиясын құру жөнінде шешім қабылдады. Республика академиясының ресми түрде ашылуы 1946 жылдың 1 июнінде болып өтті. Бұл — қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің даму сатысының биікке шырқап шыққандығын көрсететін үлкен саяси маңызы бар тарихи уақиға еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бірауыздан сайланды. Оның мұндай биік қызметке ұсынылуы кездейсоқтық емес-ті. Республиканың ғылыми жұртшылығы — осыған дейін өзін ғылымның тамаша ұйымдастырушысы, дарынды ғалым ретінде көрсете білген Қ. И. Сәтбаевтың Қазақстан ғылымының көшбасында тұруға бірден бір лайықты адам екенін жақсы білетін. Геология саласындағы еңбектерімен, қазіргі ғылымның барлық саласындағы өзінің кең ауқымды білімдарлығымен Қаныш Имантайұлы еліміздің ғалымдарының заңды құрметіне ие болған жан болатын. Қ. И. Сәтбаевтың 1946 жылы СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайлануы оның ғылыми қызметіне берілген жоғары баға еді.

Жаңа құрылған жас академия өзінің бірінші қадамын — еліміздің бейбіт өмірге көшкен кезеңінде бастады. Соғыстан күйреген шаруашылықты қалпына келтіріп, социалистік экономиканы жедел өркендетуді қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрды. Осы мәселелерді жүзеге асыруда Қазақстан негізгі орында тұрды. Қара металлургия мен химияға негіз қалай отырып, осы салаға бөлінген орасан мол күрделі қаржыны игеруі қажет еді, түсті және сирек металдарды, көмір мен мұнай өндіруді арттыра отырып, ауылшаруашылығы өнімдерін бұрынғыдан да мол алуды қамтамасыз ету керек болды, мәдени құрылыс саласында да ауқымды программаны жүзеге асыру қажет еді.

Академия ұйымдасқан бірінші күннен бастап-ақ Қаныш Имантайұлы жалынды жігермен қызу іске кірісті, коллектив ғалымдарын совет ғылымының алдында тұрған міндеттерді шешу жолында тығыз топтастыра білді. Ол әрбір ғылыми мекеменің жаңа кезеңдегі негізгі бағытын анықтап, ғылыми жұмыстарының дұрыс жоспарлануына көп көңіл бөлді. Ең бастысы ол күрделі проблемаларды жан-жақты зерттеуді республиканың өндіргіш күштерінің дамуымен байланысты деп білді.

1946 жылдың июлінде өткен Қазақ ССР Ғылым академиясының бірінші сессиясында Қ. И. Сәтбаев былай деді: «Қазақстан совет одағының негізгі ауыр өнеркәсіпті аудандарының бірі болды және бола бермек; Қазақстан ғылымының алдында республиканың сан алуан, аса зор табиғи байлығын жедел зерттей отырып, оның барынша нәтижелі әдістерін халық шаруашылығында игеру секілді міндеттер тұр».

Қаныш Имантайұлы өндіріс мұқтажын жақсы білетін. Ол үшін жыл сайын республика кәсіпорындарына ұзақ уақытқа командировкаға шығу бұлжымас заң болатын. Академияның өндіріспен, еліміздің жобалау және ғылыми зерттеу мекемелерімен тығыз байланысты болуы, оның көптеген іргелі зерттеулерді орындап, біткен жұмыстарды өндіріске енгізуіне мүмкіндік туғызды. Жыл өткен сайын республиканың экономикалық және мәдени дамуында академияның ролі арта түсті.

Металлогения және қазба байлықтардың кен орнын болжау, тау кендерінің комплексті механизациясы, түсті және сирек металлургиядағы жаңа процесстер, сондай-ақ, энергетика, астрофизика, жем микробиологиясы, лимфатикалық жүйенің физиологиясы және тағы басқа ғылыми бағыттар бойынша Қазақстанның ғылым академиясы елімізде ілгергі орындардың біріне шықты.

Қазақстан халық шаруашылығының асқақ қарқынмен алға басуы республика ғалымдарының алдына жаңа міндеттер қойды, мұның өзі ғылыми жұмыстың жаңа формасын талап етті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың инициативасымен

Қазақстанның күрделі өндіргіш күштерін өркендету мәселелеріне арналған көптеген көшпелі ғылыми сессиялар өткізілді. Олар 1947 жылы Өскеменде, 1949 жылы Гурьев пен Қарағандыда, 1957 жылы Қостанайда, 1958 жылы Қарағандыда және 1951 жылы Жезқазғанда өтті. Бұл сессияларда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлауда академик Қ. И. Сәтбаев негізгі деп есептейтін комплексті зерттеулер принципі жүзеге асты. Қаныш Имантайұлы сессиялардың программасын жасауға белсене қатынасып, жұмыстарын ұйымдастырып отырды. Әдетте ғылыми сессиялар Қ. И. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен өтетін. Сессияларда қойылған проблемалар жан-жақты талқыланып, белгілі бір аймақтардың табиғи қорларын тиімді және комплексті пайдалану жайы халық шаруашылығының даму жоспарына сәйкестендіріле қарастырылатын. Көшпелі сессиялар ғылым мен өндірістің байланысын нығайта түсуде, ғылыми жұмыстардың үйлесімділігі мен жоспарлануын жақсартуда, барынша тиімді нәтижелер беретін.

Академик Қ. И. Сәтбаев академияның жетекші ғалымдарымен бірлесе отырып Қазақ ССР халық шаруашылығы дамуының келешек жоспарларын дайындауға да белсенді араласып отырды. Оның басшылығымен Қазақстанның халық шаруашылығының негізгі салаларын өркендету хақында, жаңа заводтардың, кен орындарының, электростанцияларының, су қоймаларының, каналдардың құрлысына байланысты, сондай-ақ республиканың ірі-ірі тау-кен, химиялық және металлургиялық мекемелерінің технологиялық процестерін түбірлі жақсарту жайлы ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар жоғары орындарға жүйелі түрде түсіріліп отырды. Бұл ұсыныстардың барлығы да Қазақ ССР халық шаруашылығы дамуының келешектегі жоспарларын дайындау барысында мұқият ескерілетін-ді.

Қ. И. Сәтбаев республика территориясын геологиялық тұрғыдан зерттеуге аса зор үлес қосты. Әсіресе, қазба байлықтардың жаңа кен орындарын тез анықтап, минеральдық шикізат қорын молайту проблемасымен тығыз байланысты кең ауқымды комплексті металлогендік зерттеулерді елімізде бірінші болып ұйымдастырған оның еңбегі тіптен айырықша.

Қаныш Имантайұлы геологияда металлогендік бағыттың негізін салды. Ол ғылымда қазақстандық металлогендік мектеп деген атпен белгілі болды. Ал оның негізін салған кісі оған басшылық жасады. Ол кен орындарын болжау және жер қыртысы дәуірлестігімен байланысты металлогендік талдаудың комплексті методын жан-жақты зерттеп, жетілдірді.

Осы методқа сүйенген Қ. И. Сәтбаев басқарған коллектив бірсыпыра елеулі металлогендік жұмыстар атқарды, ал мұның өзі Қазақстанның геологиялық іздеу және барлау жұмыстарының нәтижелілігін күрт жоғарылатты.

Орталық Қазақстанның кен орындарын жан-жақты зерттеу мақсатында академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев басқарған академия геологтары республиканың өндіріс коллективтерімен бірлесе отырып металлогендік болжамдар картасын жасады. Бұл картаның іс жүзінде де, ғылыми маңызы тұрғысынан да бағалылығы қазірде ерекше құнды. Осы картаға сүйене отырып, соңғы жылдары Орталық Қазақстанда қара, түсті және сирек металдардың барлығы анықталды, олардың біразы қазірде өнеркәсіп орындарының сапына қосылды.

Жақсы ұйымдастырылып, кеңінен жолға қойылған металлогендік зерттеулер Қазақ ССР геология министрлігінің геологиялық байқау және барлау экспедицияларының ауқымды практикалық жұмыстарымен нығая түсті ал, мұның өзі көптеген кен орындарының жедел іске қосылуына, ғылыми ұсыныстардың тиімділігін анықтауға себепкер болды.

Қазақстанның геологиялық және металлогениялық зерттеулерінің нәтижелері бірсыпыра атластар мен монографияларда жарық көрді. Олар тек Қазақстанның, қала берді тек СССРдің өзге аймақтарында ғана емес, социалистік шет мемлекеттерде де кеңінен пайдаланылады. Геология ғылымына қосқан елеулі үлесі үшін академияның академик Қ. И. Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарына 1958 жылы Лениндік сыйлық берілді.

Қарағандыдағы металлургиялық заводтың құрылысы мен Қостанайдың, Атасудың темір кенін, кенді Алтайдың бірсыпыра кен орындарын, Қаратаудың фосфорын игеруде Қ. И. Сәтбаев үлкен роль атқарды.

Орталық Қазақстанның ірі өндіріс орталықтарын сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешуде де (Ертіс—Қарағанды каналы), сондай-ақ металлургиялық процестерді жетілдіру жолындағы ғылыми-зерттеу жұ-

мыстарының қанатын кеңге жаюына да Қ. И. Сәтбаев көп еңбек сіңірді. Өмірінің соңғы жылдарында ол республиканың халық шаруашылығын химияландыруға, жергілікті химиялық шикізатты пайдалануға байланысты бірсыпыра проблемалар көтерді.

Қаныш Имантайұлы физика-математика ғылымдарының, әсіресе, ядролық физиканың дамуына өте-мөте жоғары мән берді. Кейінгі жылдарда Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрлысы басталған-ды. Мұны ол көптеген ғылымдардың, соның ішінде биология саласындағы ғылыми зерттеулердің дамуында қуатты база болады деп есептеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары — зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығының хайуанаттары, микробиология, вирусология, топырақтану, ботаника, физиология және өсімдіктердің биохимиясы, эксперименттік биология, эксперименттік және клиникалық хирургия және басқалары жақсы дамыды. Ғылымның бұл саласы да Қ. И. Сәтбаевтың қажымас қайраты алдында бірсыпыра борышты. Күнделікті қызмет барысында Қаныш Имантайұлы тарих, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, право мен философия салаларындағы ғылыми зерттеулердің дамып өркендеуіне де айрықша мән беріп отыратын.

Академик Қ. И. Сәтбаев қаламынан бірнеше жүз еңбек шыққаны мәлім. Еліміздегі геологиялық институттардың ішіндегі бірден бір ірі институт Қазақ ССР Ғылым академиясының геология институтын құрудағы оның еңбегі айрықша бөлек. Ол көптеген дарынды геолог-ғалымдар тобын тәрбиелеп өсірді. Ғылымның жаңжақты дамып, оның Қазақстанның өндіргіш күштерінің дамуындағы ролін көтеруде ол атқарған істер қыруар. Қаныш Имантайұлы өмірінің ақырғы күндеріне дейін ғылымдағы ілгергі ойдың, барша жаңалықтардың қолдаушысы болды.

Маған академик Қ. И. Сәтбаевпен Қазақ ССР академиясында жиырма жылдан астам уақыт бойы қызметтес болуға тура келді. Сол кездерде академияның дамып-өркендеуіне байланысты шешімін тапқан көптеген мәселелерге қатынаса отырып, академияның қалыптасу, өсу дәуірінің әр түрлі кезеңдеріне куәгер болдым.

Бұл жылдарда мен Қ. И. Сәтбаевтың халық шаруашылығының даму барысына көз жібере отырып, оның ғылымға қояр талап-мүддені аңғарғыштығына, межеленген шаруаның қажеттігіне деген сенімділігіне, ғылымның басты-басты проблемаларын пайымдай отырып, сол істердің дұрыс шешімін табуға өзі басқарған коллективті жұмылдыра білетін ерекше қасиетіне әбден көзім жетті.

Бұл кезде ол сол проблемалар шешімін таппай қалуы мүмкін деп тіптен де ойламайтын. Ол академияның дамып-өркендеуіне байланысты барлық мәселелерде де тиісті адамдарды иландыра білетін. Сөйтіп, оларды дұрыс шешім қабылдауға мәжбүр ететін. Бұл үшін өзін де аямайтын, уақытпен де есептеспейтін, іске бүтіндей берілетін де, өзін де, өзгелерді де мақсат еткен шаруаға жұмылдыра білетін. Академияның және оның кез келген ғылыми мекемелерінің тіптен, болмашы жетістіктерінің өзінен ол үлкен рухани қанағат алатын. Ол республиканың шаруашылық және мәдени құрылысының негізгі мәселелері шешілетін барлық жайларға белсене араласып отыруды өзінің борышы деп есептейтін. Ол өз өмірінің мән-мағынасын — біздің социалистік Отанымыздың игілігіне, ғылымға қызмет етуде деп білді және өмірдегі ең бірінші қажеттілік еңбек деп таныды. Бұл қасиеттерді Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ғылымға келген жас күштердің бойына сіңіруге тырысты.

Ғылым мен халық шаруашылығының дамуында үлкен пайда келтіретін, келешегі бар мәселелердің дұрыс шешілуі жолында ол қайтпас жігер, ерекше табандылық көрсететін. Ол нағыз дұрыс саясат — принципті саясат дегенді қайталауды ұнататын. Ол партияның қайрат-жігеріне шексіз сенетін және оның басты линиясын қолдайтын, бастауыш партия ұйымынан бастап жоғарғы партия ұйымына дейінгі барлық партиялық ұйымдардың шешімдері мен қаулы-қарарларына айрықша құрметпен қарайтын. Барлық кезде, қандай жағдайда болмасын, біздің коммунистік партияның ұстанған саясатын насихаттап отыратын, өзінің партиялық міндетін түсіну мен орындау жолында ол қобалжуды білген емес.

Қаныш Имантайұлы өзін тәрбиелеген және ғалым болуға мүмкіндік жасаған коммунистік партияға үнемі шексіз алғысын айтумен өтті. Осы тұста Қ. И. Сәтба-

евтың өзі өмірбаянында жазған мына сөздерді келтіре кету орынды болған болар еді: «Өзімнің бүкіл саналы творчестволық өмірімдегі барша қуаныштарым мен жақсылықтарым үшін мен өзімді туысқан коммунистік партия мен совет өкіметінің көрсеткен қамқорлығы мен көмегіне тұтастай борыштымын деп білемін. Тек совет өкіметі ғана маған жоғары дәрежелі оқу орнының есігінен еніп, оны бітіріп шығуға мүмкіндік берді. Онан кейінгі инженер, геолог, ғалым ретіндегі саналы творчестволық қызметімнің барлық кезеңінде партия мен үкімет тарапынан аталық қамқорлық, шабытқа бөлер жолбасшылық алып отырдым.

Туысқан Коммунистік партия мен совет өкіметі алдындағы өтелместей перзенттік борышым қымбатты социалистік Отанымыздың игілігі мен гүлденіп өркендеуі үшін барлық күшім мен білімімді, ал қажет болғанда өмірімді беруге дайындығым — менің өмірім мен қызметімнің келешектегі мазмұны мен мақсатын айқындайды».

Қаныш Имантайұлы барлық істе де табыс кепілі — ең алдымен халықтың қолдауына байланысты деп есептейтін. Халық тәжірибесін қорытып, пайдалана білуді ол басшы қызметкердің негізгі қасиеті болуға тиіс деп білетін. Ал Қаныш Имантайұлының өзі осы басшының үлгісі болатын. Ол әр уақытта халықпен араласып отырды, әр түрлі адамдардың пікірлерін шыдамдылықпен тыңдай білді және керектісін өзіне ала білді. Ол атқаратын қызметтері әркилы адамдардың барлығына да үлкен ілтипат пен терең адамгершілік қасиеттерін көрсетіп отырды. Қаныш Имантайұлы адамға кісілік көмегін барынша молынан көрсетіп отыруды, тіптен ол елеусіз шаруаға байланысты болса да, өзінің адамгершілік парызы деп білетін. Ол өзінің кісілерге ілтипатты, қайырымды, парасатты қасиетімен халықтың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленіп, үлкен абырой иесі бола білді.

Қ. И. Сәтбаев халықтың есінде тек ірі ғалым, ғылымның талантты ұйымдастырушысы ретінде ғана қалмайды. Ол аса көрнекті мемлекеттік және қоғамдық қайраткер ретінде де кеңінен танымал болатын. Ол КПСС XX, XXI және XXII съездерінің делегаты болды, бірнеше рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Жоғарғы Советі мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. СССР

Жоғарғы Советі Одақ Советі председателінің орынбасары, СССР Ғылым академиясының Президиум мүшесі, Лениндік сыйлықтар беру комитетінің Президиум мүшесі, Жоғарғы аттестациялық комиссияның мүшесі, қазақстандық совет-қытай достығы қоғамының председателі болды.

Академик Қ. И. Сәтбаев бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамында, шет елдермен достық және мәдени қарым-қатынастар қоғамдарында, әр түрлі комиссиялар, комитеттер мен ғылыми-техникалық қоғамдарда белсенді қызмет атқарды.

Қ. И. Сәтбаев Ғылымды халыққа кеңінен насихаттап, таратушы болды, ол ерекше ықыласпен әр түрлі аудиторияларда жиі-жиі лекция оқып, баяндамалар жасады, газеттер мен журналдардың беттерінде бүгінгі күннің көкейтесті тақырыптарына арнап мақалалар жариялап отырды.

Коммунистік партия мен совет үкіметі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еңбегін жоғары бағалап, оны төрт рет Ленин орденімен, екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен және Құрмет грамоталарымен наградтады.

Қазақстан үкіметі Қ. И. Сәтбаевтың жарқын бейнесін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Жезқазған металлургиялық комбинатына, Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология институты және республика астанасы Алматының бір көшесіне оның есімін берді. Қазақ ССР Ғылым академиясына 1965—1967 жылдары Қ. И. Сәтбаевтың таңдамалы туындыларын басып шығару жүктелді.

Ғылым әлемінде терең із қалдырған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жарқын өмірі мен жалынды қайраткер тұлғасы оны білгендердің жүрегінде ұзақ сақталмақ.

Академик Қ. И. Сәтбаев қалдырған ғылыми мұра мен даңқты дәстүрді қастерлеп сақтай білу — оның нұрлы бейнесіне деген құрмет-ізет, ол Қаныш Имантайұлының өзі сияқты қажымайтын-талмайтын риясыз еңбекқор болуға үндейді.

Қ. Жармағамбетов

СОҢҒЫ САПАР

Сан салалы сыры, есепсіз қыры бар өмір жолын өткен кісіге баға бере сөйлеу жеке адам үшін тым ауыр борыш және ондай міндетті атқара қоямын деушілер әзірге бірен-саран болар. Сол себепті біз бұл жолы құлақта қалған, есте сақталған әңгімелерінің кейбірін ғана қағаз бетіне түсірмекпіз. Бір ғана сапар баяндалмақ.

...Арқадағы ең сұлу да шұрайлы саналатын өңірдің бірі — Баянды аралауға шыққан сапарына ол кісі мені ерте кетті. Қарағанды облысының жер шегінен шыға бере, Баян тауының солтүстік батысындағы Ащы мен Тұщы өзендерінің қосылар құйылысына, Аққелін деп аталатын төбешік таудың бауырына келіп тоқтадық. Бұл —«Шадыра» совхозының бөлімшесі. Қанекең бұл жерге азғана аялдап, бала кезінде бірге өскен құрбы-құрдастарымен құшақ жая сәлемдесті де, әудем жерде төбесі көрініп тұрған өз атасының қонысын көруге асықты. Дүниеге шыр етіп түскен, қаз тұрған, қыста сырғанақ теуіп, жазда асық ойнап, асыр салған Айырық тауының бауыры ол кісіге соншалық ыстық көрініп кеткенін аңғардық. Машина тізбегі жүйткіп келеді. «Победа» ішінде өзінің сәби шақтағы досы, құрдасы Жұмаш картпен қатар отыр. Жұмекең Ащының бойында өткен әр оқиғаны еске алып, әңгіме шертіп келеді. Қанекең үнсіз. Өңі сұрғылт, қабағы қатыңқы, ойға батқан, салалы кірпік астынан төңірекке қыдыра қарағаны жанарына ылғал ілінгендей.

— Мынау төбе өзіміз асыр салатын Қарамұрын...

...Жұмекең шөккен нардай қара тасты нұсқаған сәтте:

— Жұмеке, осы жерге түселік,— деді.

Төбе басына шықтық, шынында созыла сұлаған үлкен қара тас кісі мұрнына ұқсайды екен. Замандастар балалық шағын еске алып, Қарамұрынды ат қып мінгенін, осы төбе басынан сырғанаған итшананың үстінде отырып, Ащы өзенінің мұз айдынынан бірақ шығатынын, бір күні екпіндей аққан шананың көршінің терезесіне еніп кеткенін айтысып, күлісті.

Қарамұрынның етегі — Қанекеңнің әкесі Имантай қыстауы. Шикі кірпіштен салынған үйлердің бірі де жоқ, төбешік-төмпешік болып орындары ғана жатыр. Аумақты үйдің орнына ойлана қарап тұрып, Қанекең сабырлы үнмен сөйлеп кетті.

— Мына бір шұңқыр менің бөлмем болатын. Бірінші рет мектепке барарда осы бөлмеден шықтым. Үлкен қалаларда оқып жүріп жазғы демалысқа елге оралғанда, жайлаудан арнай келіп өз бөлмеме кіріп шығатын әдетім болатын. Кейін бұл бөлме отау аталған, тұңғышымыз да осы бөлмеде шыр еткен...

Жұмекең де сөз жарастырып, неше қилы оқиғаны еске салды. Ойын баласының құмарын сарықпайтын, ашыған көжесін қыс бойы үзбейтін Мейіз әжей де еске алынды.

Біз Ащыдан өтіп, бір шақырымдай жердегі Айырық тауының ығындағы Сәтбай атаның аулына келдік. Мұнда да совхоз бөлімшесі. Малшылардың тұрғын үйлері жаңадан салынған. Бірінен бірі оқшау салынған ескі үйлердің орындары ғана жатыр. Кезінде әйгілі ағартушының бірі болған Әбікей қыстауын көргенде, бүгінгі астана дәрігерлері Райхан, Раушандар еске алынды. Совхоз қойшысы Шалабай қарт өз үйі жайында әңгіме қозғайды. Қайнағамыз Ғазали, Мағаз атайдың бүркіт бағатын бөлмесін іздеп жүр. Адалдығы мен кіршіксіз ақ көңілдігі осы төңірекке аңыз болған Нұрлан қарт кішкене немересін жетектеп, «қажы атаның орнын көріп келейінші» деп, Сәтекең үйіне қарай беттеді. Қанекең өзі дүниеге келген үйдің құрылысымен таныстырып, Имекеңнің алғашқы отауын төңіректеп жүр. Атасы жайында да талай әңгіме қозғады. Имантайды ата дейтін. Оның себебі ауыл атасы атанған Сәтбай қарт 1904 жылы Қаныштың бес жасында қажыға барған сапарында Меккеде қайтыс болады да, бір ауылдың ендігі үлкені, Сәтбайдың тұңғышы Имантай — ата атанады. Жұртпен бірге балалары да өз әкесін ата дейтін болған. Оның сыртында Қаныш — Имантайдың 56 жасында туған кенжесі. Өз шешесі Әлима 1901 жылы қайтыс болады да, Имантайдың бәйбішесі, бүкіл ауыл балалары «Қара әже» деп еркелейтін, өте мейірбанды, «түнерері бар да, жауары жоқ», тым балажан кісінің баурында өседі.

Сол күні түс ауа ауыл сыртындағы зират басында болдық. Ұзындығы елу, көлденеңі отыз метрлік, қалың-

дығы 80 сантиметр, есігі темір шарбақты қорған тұр. Қорғанның екі бұрышында екі құлпытас, бейіттің үстінде мәрмәр плита қойылған. Бұл екі бейіттің бірінде Қаныштың әкесі Имантай, екіншісінде анасы Әлима, Құлпытастарда марқұмдардың аты, туған, өлген жылдары бүгінгіше жазылған. Ата-баба зиратын осы қалыпқа келтіру үшін Қанекең өз қаражатын беріп, арнаулы кісі жіберген болатын. Бүгін ол өз ойының қалай орындалғанын көріп тұр. Ауыл ақсақалдары ескі ырымын жасап, дұғаға кірісті. Ала шапанды, ақ сақалды кісі ұзын сүреге түсіп кетті. Әлден уақытта аяқ талдырып бітті. Бір қалтарыста «бала, шаршаған жоқсың ба, біздің ауылдың карттары дұғаны ұзақ оқиды»— деп жымиды Қанекең.

Отыз бес жылдан кейін оралған аулына қош айтысып, кейін оралуға ыңғай білдірді ол кісі. Ащыдан машинамен өттік те, Қарамұрынға келгенде машинадан түсіп, бөлімше орталығына шейін жаяу жүрдік. Қанекең, Жұмекең, қастарында мен, өзен бойын қуалай жүріп келеміз. Ол кісілер кезектесіп әңгіме шертеді, мен тыңдаушы. Қарамұрын мен алдымызда тұрған қыстаудың арасы үш шақырымдай. Жер ортасына келгенде, Қанекең мырс етіп күліп жіберіп, әңгіме бастады.

— Мына қыстау Шорманның немересі Зында дейтін кісінің мекені болатын. Малды кісі. Түйесі бірталай еді. Жүні тықыр, сирақтары ұзын, қатқан қара үлегі болатын. Тентек еді. Әсіресе көктемде, келеге түсер кезінде екі көзі от шашып, езуінен көбігі бұрқырап, құйрығын шабақтап, тірі жанды шайнап тастауға құлшынатын. Әменде сол үлек бір жерде кісендеулі тұратын. Ұмытпасам 1908 жылы Зынданың осы үйінің бір бөлмесінде орыс тілінде оқытатын екі кластық мектеп ашылды. Алғашқы оқушылардың бірі менмін. Біздің ауыл балалары мектепке өзен бойындағы тура жолмен келуге қара үлектен қорқып, қыр астымен қиғаш жүріп, кейде тайға мініп қатынайтын. Ауылға жарысып қайтуды ойлап, қу баланың бірі «Қара үлек!» дегенде шаба жөнелетінбіз. Мұғаліміміз Григорий Васильевич деген тамаша кісі еді. Қазақ тілінде өлең айтатын, карттармен кеңес құратын, бірақ класқа кірісімен оның бәрін ұмытып, тек қана орыс тілінде сөйлейтін. Жайда да бізбен орысша сөйлесетін. Жұрт оны «Гриша» деп атап кетті.

Зында қыстауындамыз. Бұл қазір қой қора. Қойшы шалмен Қанекең құшақ жайып амандасты. Қой өрісте. Бос қораны аралап келеміз. Жөндеу жұмысы басталмапты. Шаруа жайын сөйлесіп келе жатып, ескі үйдің бір бөлмесіне кірдік. Жаңа отыққан кенже қозылар күйіс қайтарып маужырасып жатыр.

— Менің алғашқы көрген мектебім осы. Мына көк қозы жатқан жерде мен отыратын кішкене парта тұрушы еді.

Григорий Васильевич алғаш айтқан орысша сөзін де осы бөлмеде естігем...

Бір замандағы соқпаның бір бөлмесінде мұғаліміне қарап жаутаңдаған он бес баланың ішінен академик шығады екен деп кім ойлады екен... Бүгін қозы қора...— деген ойда тұрып қалдым.

Қанекең бұл мектепте екі жыл оқып, Павлодардағы төрт жыл оқытатын екі класты мектепті 1914 жылы бітіргенін, онан кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясында төрт жыл оқығанын әңгімеледі. Семинарияның төрт жылында Мұхтар Әуезовпен бір класс, бір партада отырғанын, Мұқаңның ол кезде өлең, шағын әңгімелер жазып жүретінін, алғашында өзінің де әдебиетке әуес болғанын, бірақ табиғат зерттейтін ғылымдарды көбірек сүйгендігін, Мұхтардың азғантай ағалығын жасап, әдебиетке жетелегенін сүйсіне сөйледі.

Келесі күні аты шулы Баянға бет алдық. Жолдағы Алексеевка селосына аялдап, бала кезінде сырлас болған орыс достарын тапты. Олар Қанекеңді қаумалап, егде кісілердің бірі «қонақ бол», екіншісі «бізге бір күніңді сыйла» десіп, бірінің үйіне алып кірді. Жұмыс барлығын, жүрістің суыт екенін айтып, Қанекең кешірім сұрай берді. «Аттың жалы, түйенің қомында» дәм ауыз тиіп жолға шықтық.

Жаманаула, Жақсыаула атанатын таулардың бауырайына кірдік.

— Енді Баян тауы басталды,— деп Қанекең шақшасын суырып әңгімеге кірісті.— Баян — кәрі тау. Біздің геологтардың топшылауынша, тау екі жарым миллион жыл өседі де, соншалық уақыттың ішінде өшіп те болады. Баянның сексен мың жылдай өмірі қалды. Сонан кейін бұл жерден де тың көтеретін боламыз,— деп күлді. «Боламыз» дегеніне біз де күлдік. Кейін ойласам, ол кісі өзінің ғана атынан емес, алыс дүниені мәңгі өлмес халық атынан сөйлейді екен.

Баян тауының қойнындамыз. Тентек жел, долы дау-

ыл, қара нөсер, қар суық, күн көзі мүжіген жақпар-жақпар шыңдар. Қанатын жайып ұшқалы тұрған қыран бүркітке ұқсайтын, болмаса дулығасын шешпей, тынығуға шалқасынан жатқан қас батыр кейіптес тастарды көресіз төбе бастарынан. Табиғаттан талантты суретші жоқ. Әр шың, әр төбе, әр тасқа үңіле қарасаңыз, ойға өмір көрінісінің нелер қилы елесі оралады. Қалың тастың қақ ортасына қолдан тесіп орнатқандай жасыл қарағайларды көріп:

— Қанеке, мына көріністің не сыры бар?— дестік.


— Қарағайдың жерден алар жемінің ең құнарлысы кальций. Таста сол кальций көп. Үлкен тастардың жақпарына, болмаса көтеріңкі тұрған бауырындағы қуысқа жел айдап тыққан қарағай ұрығы мол азыққа кенеледі де, өсе келе сол тастың өзін қорек етіп, жақпарды шағып шығып, жапырағын күн көзіне жаяды. Егін жайды тыңайтатын заттардың талайы осы тастардың бойында жатыр.

Баян қаласына кірдік. Машина жүре алатын көшесі санаулы ғана. Тау бөктерін өрмелеп өскен кішкене қаланың көп көшесімен өрлегенде, табиғаттың өзі жасаған тас баспалдақпен жоғары шығасыз. Біріншіден, сырт көрушіге қызық та, екінші жағынан, күнбе-күнгі шаруашылық тілегіне, баспалдақпен жүруді «білмейтін» машина үшін қиянат екенін сезесің.

Ат басын тірер үйге жеттік. Қанекең келеді деген хабарға қала маңы құлақтанып қалыпты. Қақпа алды толған кемпір-шал, алыстан анталасқан жастар. Бәрінің қолын алып, амандығын біліскенше едәуір уақыт өтті. Бір сәт семинариядағы досы келіп, сүйісіп амандасты да, «Қонақ жолдан келді. Тыным алсын» деп, халыққа тарау ишаратын білдірді. Мен студент кездегі бір досымды тауып, Сабынды көлге кеттім, қарт достар өз әңгімесімен үйде қалды.

Теңіздей толқып, құлашын кеңге жайып жатқан шалқар көл. Тымырсық жел желпіген бетінен жағаға шыққан ұсақ толқынның өзі шашылған маржандай ақ көбікті ала келеді. Сабынды бізді сабынсыз қабылдады.

Күн еңкейе аудан басшылары Ахметов пен Чурин Қанекеңе қаланы аралатты. Мал жайы, егін жайы, қоныс жайы, Майқайың мен Екібастұз жайы кеңседе сөз болса керек, қазіргі әңгімелері жаңа үйлері жоқтың қасы, ескі әлпетінде қалған қала жайында болып келеді.




Имантай — Қаныш Сәтбаевтың әкесі.



Қаныш Сәтбаевтың жас кезі.



Туысқандар арасында. Оңнан солға қарай, бірінші қатарда: Ғ. И. Сәтбаев, Ә. З. Сәтбаев, Ж. С. Сәтбаев, Қ. И. Сәтбаев; екінші қатарда: Р. Ә. Сәтбаева, Ә. Б. Бектұров, Б. Ә. Сәтбаев.



Қ. И. Сәтбаев — Томск технология институтының студенті.

Қ. И. Сәтбаев Орталық Қазақстанның кен орындарының бірінде жұмыс істеп жүрген кезі.





Жезқазған шахтасында.



Қ. И. Сәтбаев 35-40 жылдары.



Академиктер — Е. Н. Павловский, Қ. И. Сәтбаев.

Қ. И. Сәтбаев пен М. О. Әуезов ғалымдар арасында.





Қ. И. Сәтбаевтың СССР Парламент делегациясы құрамында Ұлыбританияда болған кезі.




«Ғылым, еңбек, терең ой...»



Қ. Е. Ворошилов пен Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология институтында.




Академик Қ. И. Сәтбаев пен СССР халық артисі Қ. Қуанышбаев СССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында.



Қазақ ССР Ғылым академиясының бас ғимараты.

Академик Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясының бас ғимаратының алғашқы кірпішін қалауда.



Мектеп үйінің жүдеу өңділігіне, жол түзеу жұмысының мардымсыздығына, жалпы мәдениет мәселесі кенжелеу екендігіне аудан басшылары қысылғандай. Сөз арасында Сұлтанмахмұт пен Жаяу Мұсаның басына белгі қою мәселесі көтерілгенде, олар шығарып салма жауапты аса алмады. Осыны сезген болуы керек, жатағандау ағаш үйге қатарласа бергенде Қанекең тосын сұрақ қойды.

— Мынау үйде кім тұрады екен?

— Біле қоймадым,— дегенді екі басшы қатар айтты да,— неге сұрадыңыз?— деп қарсы сұрақ қойды.

— Бұл үйде бала кезімде көп болған едім. Иван Петрович дейтін аяулы кісі тұратын. Инабатты да өте білікті, көпке үлгі еді. Ұмытпасам, ішкі жақтан еріксіз келген. Орман бағатын. Әңгіме желісі өзгерген соң, қасындағылар да жадырай бастады.

Келер таңда тау арасынан жаңа салынған жолмен Майқайыңға бет алдық. Жолымызда аты шулы Жасыбай көлі. Иін тірескен қалың жыныс арасынан шыға келгенімізде, орман ортасын ойып алып, кісі қолымен қойып кеткендей болып Жасыбай жатыр екен. Мөп-мөлдір, жап-жасыл, бетінде толқын әжімінен белгі де жоқ. Шөкім бұлтсыз ашық аспанның, шын суретін қалтқысыз көрсету үшін орнатылған айна тәрізді Жан-жағын қаумалаған қалың қарағайдың көлге түскен сәулесіне көз жіберсең, сонау бір тереңде ұшар басын тұңғиық түбіне қарай созып, орман өсіп тұрғандай. Біз катерге отырдық. Қанекең тіпті көңілді. Батысымыз — іркес-тіркес тау, шығысымыз — жұмысшылардың демалыс үйі, алдымыз — пионер лагері. Қатер ізінде толқынды көбік те жоқ, мұз айдынында сырғанаған спортшының конькиінің дыбысы ғана сезілгендей. Сымбатты сұлудың әжімсіз бетіне біткен меңдей боп көл ортасында дөп-дөңгелек арал тұр. Жағаға жуық етегіне жүзіп өткен жылқылар көл ортасында, аралдың бұйра шашындай ұйысқан қараған арасында емін-еркін үйездеп тұр. Табиғаттың осы көрінісіне сұқпаттана өскен Сұлтанмахмұттар қалайша ақын болмасын, Жаяу Мұсалар қалайша әнші болмасын, Қанекеңдер қалайша ерте оянбасын, жер сырын, табиғат тілін білуге қалайша қанат қақпасын дейсің іштей.

Жасыбай жағасындағы пионер лагеріне келіп түстік, машиналар көл айналып келіпті. Қанекең пионерлермен кездесіп, тәрбиешілермен әңгімелесті. Лагерь мұқ-

тажына көмектесу жөнінде Майқайыңның басшыларына тілек білдірді. Лагерь асханасынан балалармен бірге отырып түстік іштік те, тағы да жолға шықтық.

Лагерьден шыға бере Баян да қол былғап қала берді. Сахараның жазығындамыз. Майқайың басшылары алда. Бізге жол қысқарсын деген болуы керек, Қанекең машина үстінде әңгіме бастады.

— Томдағы технология институтында оқып жүрген кезім. Бір жылы академик Усов марқұм Бетпақ даладағы геологтар экспедициясында практика өтуге жолдама берді. Жолшыбай елге соғып, керек-жарағымды қоржынның екі басына тиеп алып, салт атпен сапарға шықтым. Жолшыбай ел қуалай отырып, бір жетіде экспедицияны таптым. Жөнімді айттым. Экспедиция бастығы мандайы жарты қарыс, көзі тостағандай, сұңғақ бойлы, ақ сары жігіт қарсы келіп жөн сұрады. Мен ұстазым берген жолдаманы ұсындым. Қатты қуанып қалды. Сөйтсем, бұл да біздің ұстаздың шәкірті Михаил Петрович Русаков екен (Қазіргі Қазақстан Ғылым академиясының академигі). Ол кісімен біз сол сағаттан бастап ажырамас дос болып кеттік. Менің шын мәнінде Бетпақ даланы, әсіресе, Қарсақбай — Жезқазған ауданын зерттеу жұмысым да сол жылдан басталған-ды. Майқайыңға да сол сапардан оралуда соғып танысқанмын.

Майқайың қақпасы да ашылды. Шағын ғана жұмысшы поселкесі. Ондаған жылдар бойы қазылып, жер бетіне тау-тау болып үйіліп қалған тас пен топырақ кішкене қаланың жер бетіне салынған қорғаны тәрізді. Келген сағаттан бастап Қанекең қалың қара дәптерін, қалам-қарындашын алып, Майқайың басшыларымен өндіріс басына кетіп қалды. Екі кеш, бір күннің ішінде оңаша әңгімелері өтті. Бізге мәлімсіз. Сөз арасында есітіп қалғандарым мұнда тек алтын, күміс қана емес, басқа да өте құнды шашыранды металдың көптігі, оны сонау үйілген топырақпен бірге жібермей, айырып алып, пайдаға асырудың жолдары. Өндіріс басшылары бас изесіп, кеңесін қабылдап, тапсырмаларын екі етпеске, сұраған материалдарын Алматыға ала баруға уәде берісіп жатты.

Біз Екібастұзға жүріп кеттік. Тағы да жол әңгімесі басталды. Оған себеп болған машина приемнигінен естілген қазақтың халық әндері еді. Қанекең әнді сүйетін, өзі де әдемі қоңыр үнмен ән салатын. Әсіресе «Бүркітбай», «Әупілдек» тәрізді әндерді өте тамаша айтатын, домбыраға да әсем қосатын.

— Бородиннің «Князь Игоріндегі» қыпшақ қыздарының хоры — қазақтың «Ғазиза» дейтін әні. Оны маған Александр Викторович Затаевич айтқан-ды. Ол кісімен бірнеше кездестім. Әнге әуес жас кезіміз ғой, мен де өзім білетін әндерді айтып едім, соның біразын қуана жазып алды. Ән-әнге беретін түсінігінде, кей әннің сөзін, трактовкасын теріс баяндаған жерлері бар екен. Мен өз дәрежемде көмек көрсеттім. Маған ол кісі өзінің «Қазақтың 500 әні», «Қазақтың 1000 әні» деп аталатын кітаптарын өз қолымен сыйлады. Александр Викторович тамаша кісі болатын. Қазақ музыкасында алғаш тың көтеруші десе де болар еді...

Екібастұздамыз. Көшелері ұзыннан-ұзаққа созылған жаңа қала. Үйлері де егіз төлдей бірінен-бірі айнымайды. Қолденең көшелері қысқа. Жас қаланың бой құмарлығы көрініп тұр. Қанекең өндіріс басшыларымен кеңеске кірісті. Бес метрден елу метрге шейін ғана тереңдікте жатқан көмір кенін ешбір шахтасыз, бетінде топырақ көрпесін сыпырып тастап, ашықтан-ашық экскаватормен күреп алып, вагондар тізбегіне төгіп жатыр. Біздің көргеніміз сол. Басқа терең сырлары ғалым мен өндіріс басшыларына аян.

Келер күн кештетіп Павлодарға шықтық. Қанекең бұл қалада төрт жыл оқып, 1914 жылы Семейге кеткенін, сонан бері 45 жылдың ішінде бір де келе алмағанын сөз етті:

— Ұмытпасам, 1917 жылдың күзі. Семейдің қара суығы. Үскірік жел ызың қағады да тұрады, өңменіңнен өтеді. Өкпе ауруына дәрігерлер еш көмек бере қоймаған соң, елге барып, халықтың қарапайым емімен — күшті аспен денсаулық түзеуді мақұл көрдім.

Күн еңкейіп қалған кез. Семинариядан елге ала кетуге қажет деп тапқан кітаптарымды алып, Әбікей ағайдікіне келемін. Бір айналмада бұрыла бергенімде, өңі сұрғылт, денесі ашаң, орта бойлы кісі қарсы кездесті де:

— Сәлемат па, інім. Сен Имекең баласы емеспісің?— деп оқыс сұрақ қойды. Бұрын бірер рет көрген кісім. Жыға тани алмай тұрмын.

— Имекең баласымын, Атым — Қаныш.

— Мен Сұлтанмахмұтпын. Уақытың болса, бүгін

кешке менің жатқан пәтеріме келіп кетші (адресін берді).

— Жарайды.

Өзіме таныс татар ағайынның үйі екен. Қештетіңкіреп келдім. Оңаша бөлме. Стол үсті десте қағаз, кітаптар. Ескі танысындай көріп, бөтен сөзге келген жоқ.

— Қаныш қарағым, мен — көп оқуым жоқ кісі. Әсіресе орысшаға шорқақтаумын. Мына кітаптың мен көрсеткен жерін оқып шығып, кейбір жеке сөздерін, жалпы сөйлемнің мәнін қазақша айтып көрші,— деді де, сырты сары қағазбен тысталған көлемді кітаптың бір бетін ашып маған ұсынды. Асты сызылған сөздері көп екен. Көз жүгіртіп көріп едім, алғашында өзім де мандымды ұға қоймадым. Екінші рет оқығанымда сол беттегі пікірдің жалпы сарынына түсінгендей болдым. Айта бастадым. Сұлтекең жазып отыр. Екі сағаттай отырдық. Шам түтіні екеумізді де жарыса жөтелтті. Мұқдасып та алдық.

Дәл осы көрініс бұдан кейін екі кеш қайталанды. Менің ертең елге жүретінімді білген Сұлтекең соңғы кеште ас дайындатып қойыпты. Ол кісі келесі үйге кеткенде жастық шақтың құмарлық сезімі билеп «Осы нендей кітап болды екен» деп, тысын ашып сыртына қарасам: Капитал. Критика политической экономии. Сочинение Карла Маркса, перевод с немецкого, том первый. Книга I. Процессь производства капитала. С — Петербургь, издание Н. П. Полякова. 1872.

Сұлтекеңмен соңғы рет Баянда, өз аулында, Торайғыр көлінің басында, 1919 жылы күзде кездестім. Науқас екен. Менің айыққаныма қатты қуанды...

Павлодарға түнделетіп жеттік. Қонақ үйдеміз. Қанекең ерте тұратын, қою шайды сүйетін. Шай баптау шеберлігі жөнінен талай ескерту алғанбыз. Қасындағы көмекшісі есік қағып: «Кетіп барамыз. Кешке ораламыз» деп хабарлады да, ізін суытты. Қаланың жаңа құрылыстарын, заводтарын аралауға аттанса керек.

Мен де өз тіршілігімді істеп, қаланы араладым. Қаланың ортасында жермен-жексен бір қатарлы ескі ағаш үйлер иін тіресіп тұр. Ортасы иіліп, екі шеті Ертіске тірелетін 6-7-8-9 қатарлы зәулім үйлер ескі қаланы еңсесімен басып тұрғандай. Ескі Кереку, түбі сенің елесің де қалмайды-ау деп ойладым.

Жолаушылар қонақ үйде кешке ғана бас қостық. Бірер күннен кейін бетті қайтадан Қарағандыға бұрдық. Бұл жолы Баянның сыртымен жүріп, жолшыбай көмірі жер бетіне шығып жатқан Майкөбеңді көрдік. Бұл көмірге әлі ешкімнің қолы тимеген. Мәшһүр-Жүсіп бейітінің басында болдық. Ол кісінің кенже баласы Фазыл картпен кездестік. Пенсионер мұғалім көптеген әңгіме шертті. Қештетіп «Шадыра» совхозының таныс бөлімшесіне жетіп қондық та, таңертең ертерек жүруге қамдандық. Совхоз орталығына да кідірмедік. Совхоз директоры Кенжебай Исин Қанекеңе берер қонақасын орталықтан 10-15 километр жерге, жол жиегіне, ағаш арасына дайындапты.

Ағып жатқан су, жаздың ашық күні. Қапырық, ыссы да емес. Демалдық, рахаттандық. Суыт жол әбігерінің көбі сол жерде қалған тәрізді.

Машиналар жол бойына шықты. Жұртшылық та сол жаққа беттеді. Алып тұлғалы Қанекең өзгемізден оқшауырақ шығып, Баян жаққа көз тастап тұрып қалды. Алыста сағымға оранып бұлдыр қаққан Жаманаула, Жақсыаула таулары тұр. Балалық дәуірді еске түсірген Айырық пен Жыланды таулары да қол былғап, оң сапар тілегендей. Қанекеңнің жүзінде терең ой бар. Топқа оралды. Қош айтысып жолға шықтық. Бұдан кейін ол кісі кейінге бет бұрған жоқ.

Бұл сапар Қанекеңнің туған жері, балалық шағын бірге өткізген тұрғыластарымен қоштасу сапары екенін енді ұққандаймын.

Ф. В. Чухров

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Мен Қ. И. Сәтбаевпен алғаш рет 1936 жылы кездестім, әйтсе де сол кездесу әлі күнге дейін естен кетер емес.

Бұл Қарсақбайда болған еді. Қаныш Имантайұлы ол кезде геологиялық барлау қызметін басқаратын. Бір топ геологтармен бірге мен СССР Ғылым академиясының өндіргіш күштерді игеру Советінің Үлкен қазақ-

стандық экспедициясына қатысу үшін Қарсақбайға келдім. Біз Қазақстанға бірінші рет келген едік, сондықтан біршама жүрексініп, тосырқап қалдық, өйткені көбіміз әлі тәжірибесі аз жас мамандар болатынбыз. Алайда Қаныш Имантайұлымен алғаш кездескеннен кейін-ақ бұл тосырқау ілезде тарап, қызықты болашаққа, қиыншылықтарды жоюға деген сенім бойымызды биледі.

Қаныш Имантайұлымен бірге алғаш рет Жезқазған—Ұлытау ауданына саяхат жасадық, сонда біздің бәріміз оның қажыр-қайратына, ауданның геологиясын және бұдан былайғы зерттеу міндеттерін жетік білетініне қайран қалып едік. Кейінірек, біздің әрқайсымыз өз жұмысымызды орындай бастаған кезде, бізге Қаныш Имантайұлы дамылсыз келіп тұрды. Ол зерттеу қорытындыларымен танысуға, сондай-ақ достық ақыл-кеңес беруге, әрқилы сауалдарға жауап қайыруға және практикалық істе көмек көрсетуге әрдайым әзір тұратын.

Мен ол кезде Жезқазғанның қышқылдану аймағын және Жезқазған — Ұлытау ауданының марганец кенішінің минералогиясын зерттеумен шұғылданған едім. Сол кезде еш тәжірибесі жоқ, төтен жағдайға бірінші рет дұшар болған маған Қаныш Имантайұлының жасаған қамқорлығы өзіме қатты әсер етті. Қазақстан өзіме ете-не жақын болып кеткен кейінгі жылдарда да мен осы әсерде жүрдім.

Қ. И. Сәтбаев Алматыға көшіп келгеннен кейін де онымен талай кездестім. Бұл тұста оның ғалым, әрі ұйымдастырушы ретіндегі қабілеті тез жарқырап көрінді.

Ұлы Отан соғысының бас кезінде майданға көмектің саналуан мәселелерін жедел шешуге бағытталған Қ. И. Сәтбаевтың ерекше ғажап қызметінің куәсі болдым. Оның күллі ақыл-парасаты қорғаныс мұқтажы үшін шикізат ресурстарын шапшаң жұмылдыруға бағытталды. Мысалы, Қазақстанның далалық бөлігіндегі кеніштердің ескі руда үйінділерін қорғасын қорытуға пайдалану проблемасын талқылау менің есімнен кетпейді. Қаныш Имантайұлының сол бір қаһарлы жылдардағы күллі қызметіне тән керемет серпінді стиль осы мәселеден айқын көрініп еді.

Сол сияқты Қ. И. Сәтбаев біздің жеңісіміз үшін маңызы бар деген геологиялық жаңалықтардың бәрін қалт жіберген жоқ. Мысалы, Қаныш Имантайұлы Са-

яқта кобальт минералының ашылуы туралы мәлімет алысымен, маған дереу осы кенішке барып, геологиялық-барлау партиясының жұмысына аралас,— деді. Қаныш Имантайұлы осы сапарды ұйымдастырудың күллі практикалық детальдарын қолға алды, сөйтіп, санаулы күндерде дала жұмыстарын жүргізу үшін не қажетің бәрі сақадай сай болды.

Бұдан көп кейін Шығыс Қоңырат молибден кенішін зерттеумен шұғылданған кезімде Қаныш Имантайұлы мені барынша қолдап, ынта-ықылас білдіріп отырды, көп ретте жұмысымның аяқталуына жағдай жасады.

1944 жылы Қ. И. Сәтбаев (Н. Г. Кассинмен бірге) Шығыс Қоңырат геологиялық барлау партиясына келген кезде өзінің кеніште және оны зерттеу нәтижелерін керемет білетінін көрсетті. Оған не істелгені және қандай мәселені шешкеніміз туралы айтып берудің өзі бір ғанибет болатын. Мен оның жеке фактілерді жинақтап, Қазақстанның геологиялық құрылымының жалпы көрінісімен байланыстыра білу қабілетіне әбден сүйсіндім.

Соғыстан кейінгі жылдарда мен Қ. И. Сәтбаевпен Алматыда және Москвада талай рет кездесіп жүрдім. Біз Қазақстандағы геологиялық зерттеулер туралы, оларды ұйымдастыру мен дамыту туралы көп әңгімелесетінбіз. Менің бір байқағаным, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болып тұрған кезінде Қаныш Имантайұлы республика жер қойнауын геологиялық тұрғыдан зерттеуді өрістетуден өзінің күш-жігерін аяған жоқ. Ол кесек, ірі мәселелерді де, сонымен бірге, былай қарағанда, ғылыми мекеменің күнделікті практикалық қызметінде ұсақ-түйек болып көрінетін екінші кезектегі мәселелерді де шешуге қабілетті еді. Міне, бұл стиль Қ. И. Сәтбаевтың күллі ғылыми-ұйымдастыру қызметінің зор табысын айқындаған-ды...

Бұрынғы Геология-география ғылымдары бөлімшесінің жұмысына қатысқан біздің бәріміз үшін ССРО Ғылым академиясындағы геология ұйымдарының өмірінде Қ. И. Сәтбаевтың ролі ерекше зор болды. Оның геолог-ғалымдарымыз арасындағы айрықша беделіне, оның әр түрлі мәселелерді анағұрлым озық позициялар тұрғысынан шешудегі аса көрнекті роліне менің талай рет көзім жетті.

Қазақ халқының үздік перзенті Қ. И. Сәтбаев Советтік Отанымыздың жалынды патриоты, халықтар достығының жаршысы еді.

И. Қ. Ахунбаев

ӘРҚАШАН ҚҰРМЕТ ТҰТАМЫН

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев барша әлемге танылған ғалым еді. Ол мені әрқашан өмірді және еліміз халықтарының ерекшеліктерін терең білуімен қызықтыратын. Өзі қазақ болса да әр ұлт өкілдерімен туыс, дос, жолдас болып кететін. Мен мұны тегіннен-тегін айтып отырған жоқпын.

1954 жыл. Қырғыз халқы өз республикасының ғылыми ой пікірінің орталығын — Ғылым академиясын ашуға асқан қуанышпен, ерекше шабытпен әзірленіп жатты. Оны ұйымдастырушылар, бұл істе жеткілікті тәжірибесі болмағандықтан, басқа республикалардағы Академиялардың құрылымымен танысты. Осы мақсатпен менің туысқан Қазақстан академиясына баруыма тура келді. Мен академияның көптеген басшыларымен, оның ішінде Қаныш Имантайұлымен кездестім. Өзімнің келген мақсатым Қырғыз академиясын құру жөнінде тәжірибе, ақыл-кеңес алу екенін айтқанымда ол қатты қуанды.

Ол қырғыз халқының өткені мен бүгінгісін терең білетін еді. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында, 1943 жылы, СССР Ғылым академиясының Қырғыз филиалы қалай құрылғанын ол сүйсіне еске түсірді. Филиалдың ашылуында біздің меймандарымыздың ішінде Қаныш Имантайұлы да болып, құттықтау сөз сөйлеген. Бір апта бойы мен Қаныш Имантайұлымен бірнеше рет кездестім. Бұл кездесулерде ол ақ пейілмен өз тәжірибесін ортаға салды, қатеге ұрынбауды ескертті. Қырғызстанның экономикасы мен мәдениетін жақсы білген ол істің байыбына барып шын жүректен болашақ академияның құрылымы жөнінде ақыл-кеңес берді, мұнда оның бірі-ақ мақсаты — үйретуші қалпында емес, қайта нағыз жолдас, табысқа жетуімізге мүдделі кісі қалпында жақсылап көмек көрсету мақсаты болды.

Қаныш Имантайұлының, міне, осы қасиеттері үшін біз, туысқан халықтардың ғалымдары, оны шынайы интернационалист, әрі ғалым-патриот ретінде аса құрметтеп кеттік. Ол қадірлі, сүйкімді, жаны жайсаң, кішіпейіл, ғұлама ойлы, әңгімешіл адам еді. Кейін мен оны-

мен талай рет кездестім, соның бәрінде ол ұмытылмас, тамаша әсер қалдырды.

Қаныш Имантайұлының ғылымдағы жолы — көп адамға үлгі. Кейде бұл жол өте қиын болды. Бірақ Қаныш Имантайұлы оқиғалардан шет қалған емес, қайта бұларға әрдайым белсене ат салысты, ол ұлы Ленин ісі жолындағы — бәрі де адам үшін деген идеяны жүзеге асыру жолындағы үздік күрескер еді.

Қаныш Имантайұлы совет адамдары үшін қыруар игілікті іс тындырды. Ең бастысы — ол артына көптеген шәкірттерін, біздің ортақ ісіміз үшін ойдағыдай еңбек етіп жатқан көптеген ғалымдарды қалдырды.

Бақыт — еңбекте. Қаныш Имантайұлы ғұмыр бойы қажымай-талмай жемісті еңбек етті. Ол жарқын заманда ғы бақытты халықтың бақытты ұлы еді.

М. И. Горяев

ҒҰЛАМА

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың кісілермен танысу мәнері менің есімде қалыпты. Бір-бірімізбен танысқаннан кейін ол әңгімені сол кезде мені қызықтырып жүрген — халық медицинасында қолданылатын дәрулік шөптерді химиялық зерттеу туралы мәселеге бұра жөнелді. Сәтбаевтың жан-жақты білімдарлығы, ең бастысы — республика өмірінің практикалық және ғылыми мәселелеріне терең мүдделілігі онымен сөйлесе қалған адамды қайран қалдыратын-ды.

Мен Қаныш Имантайұлымен алғашында СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы председателінің орынбасары, содан кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш вице-президенті қызметін атқара жүріп 15 жылдай қызметтес болдым.

Қазақстандағы ғылымды ұйымдастыруда Қаныш Имантайұлы негізгі роль атқарды. Кейін республикалық академия болып қайта құрылған СССР Ғылым академиясының ол басқарған филиалы республикадағы

ғылымның шын мәніндегі және бірден-бір басқару орталығына айналды.

Ғылым академиясының төңірегіне Қазақстандағы барлық ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары топтастырылды. Сонымен қатар Москваның, Ленинградтың және басқа қалалардың ғылыми қызметкерлерінің Қазақстан өндіргіш күштерінің проблемаларына арналған зерттеулері соның жоспарларына сәйкес үйлестірілді. Олар ендігі жерде «күшті бәсекелестер» емес, Академия алға қойған мәселелерді шешуде «көмекшілер» болды.

Қаныш Имантайұлы химия ғылымына да көп көңіл бөлді. Отызыншы жылдардың аяғында республиканың химия өнеркәсібі өте әлсіз еді, ғылыми қызметкерлер де тапшы болатын. Өнеркәсіпте металлургия басты роль атқарды, сондықтан СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалында алғашқылардың бірі болып химия — металлургия институты құрылды. Сол институттың тұңғыш директоры және ұйымдастырушысы ретінде маған Қаныш Имантайұлымен жиі-жиі ақылдасуға тура келді. Бұдан кейін мен оның нұсқауы бойынша Москваға барып, вице-президент И. П. Бардиннің көмегімен СССР Ғылым академиясы Президиумының қазіргі геология, химия және металлургия институттары үйлерінің жобаларын жасау туралы шешімін шығартып алдық.

Жасымызда көп айырмашылық бола қоймаса да, Қаныш Имантайұлымен бірлесіп қызмет істегенде мен одан көп нәрсе үйрендім. Оның ұйымдастырушылық таланты зор еді және сонысын ұдайы жетілдіріп отыратын. Өз жұмысында, шаруабасты болғасын ба қалай, еңбекті ғылыми ұйымдастыру әдісін қолданушы еді. Жүйелеп, жоспарлап отырмаса көптеген іс назардан тыс қалған болар еді. Қаныш Имантайұлы қызметіне басқа жұрттан бұрын келетін, ал директорлардың бірі немесе өзінің жақын көмекшілері жұмыста болмай қалса, оның себебін түсіндіруді талап ететін. Күн сайын таңертең жұмыс басталар алдында ол сол күні тындырмақ істерінің тізімі және көмекшілеріне жүктейтін көптеген тапсырмалары жазылған бір парақ қағазды қолына алатын. Ол тапсырған істі орындамауға болмайтын еді.

Өтініш-арызбен келген адамдардың бәрін сергектікпен және жылышырайлы қабылдау Қаныш Имантайұлының жұмыс стилі болатын, ол, әсіресе, Академияда

жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстарға көп күш-жігер жұмсайтын. Жұмысқа байланысты қай мәселемен болсын алдына келе қалсаң да Қаныш Имантайұлы істің жайын егжей-тегжейлі сұрастырып, ақыл-кеңес беріп, көмектесерлік шешім қабылдайтын. Мұндай жұмыс стилі бүкіл Президиумның жұмыс стиліне айналды.

Қаныш Имантайұлы химиялық зерттеулерді металлургияны, ауыл шаруашылығын және Қазақстан халық шаруашылығының басқа да салаларын өркендетумен байланыстыруға тырысты.

Химия ғылымына Қаныш Имантайұлы берген бағыт алдағы кезде де көпке дейін өзінің басқарушылық маңызын жоймақ емес.

И. Г. Галузо

ҚАМҚОРШЫМЫЗ, ЖАНАШЫР ДОСЫМЫЗ ЕДІ

Менің Қаныш Имантайұлымен алғашқы кездесуім тіптен ғылыми ортада емес, ойда-жоқта болды. Екеуміз дүкенде таныстық. Менің қасыма қалай келгенін білмеймін, ол менен бірдеңе сұрады, содан барып оның алматылық емес екенін аңдадым. Тез шүйіркелесіп кеттік. Сөйтсе, ол геолог екен, бірнеше күн бұрын ғана Алматыға келіпті. Қ. И. Сәтбаев менің зоолог екенімді білгеннен соң еркін жымия күліп: «Бәлкім, екеуміз аң аулауға шықсақ қайтеді?!» деді. Сол сол-ақ екен, зоология саласынан маған сұрақты жаудырды-ай кеп: Қазақстан территориясын қандай кәсіптік аң, терілік хайуанаттар, жалпы шаруашылыққа пайдалы қандай хайуанаттар мекендейді? Балық аулау кәсібі қалай дамыған? Тағысын тағылар. Геологтың неге кенеттен зоология ғылымын ежіктеп кеткенін мен өз басым онша түсіне қоймадым. Ертеңіне қызметтес жолдастарыма бір тамаша геологпен кездескендегі әсерлерімді айтқанымда, олардың біреуі тұрып: «Ол біздің филиалды басқаруға шақырылған Қ. И. Сәтбаев шығар» деді.

Бірнеше күн өтті, мен біздің филиалдың жаңа басшысы Қ. И. Сәтбаевтың ресми қабылдауында болдым.

Әңгіме, ұмытпасам, өте ұзаққа созылды. Қаныш Имантайұлы зоология ғылымының барлық егжей-тегжейіне дейін ынта қойды, бір уақытта менің паразитолог екенімді білгесін әңгіме желісін осы салаға бұрды. Сол кезде-ақ мені Қ. И. Сәтбаевтың биология ғылымы саласындағы ғұлама білімдарлығы таң қалдырған еді. Сондай-ақ мені бірінші ресми кездесуде Қ. И. Сәтбаев белгілеп берген, халық шаруашылығы мен мәдениеттің талаптарына сәйкес Қазақстанда зоология ғылыми дамуының айқын да нақты жоспары қатты сүйсіндірді.

Біраз уақыт өткен соң Қ. И. Сәтбаев СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалында жұмыс істейтін бір топ зоологтармен, ботаниктермен әңгімелесті. Ол біздің әрқайсымызбен жеке-жеке әңгімелесіп, ғылым жайымен егжей-тегжейлі танысты, содан кейін бағдарды біліп алып өз ұсыныстарын енгізді. Әлі есімде, ол бірде республикамыздағы хайуанаттар дүниесін игерудің және қайта іріктеудің болашақ перспективасын суреттеп берді. Ол балық қоры туралы көп айтты, себебі, ол кезде еліміз азық-түлік ресурстары жөнінде қиыншылықтарды бастан кешірді, сондықтан біздің алдымызға балық қорын және жер үстіндегі омыртқалыларды пайдалану мүмкіндігін жаппай зерттеу қажеттігін айтты. Осындай бір әңгімеде хайуанаттар дүниесін қайта қарап, оны өнімді малмен, сондай-ақ су қоймаларын балықтың кәсіптік түрлерімен байыту туралы ой туды.

Қ. И. Сәтбаевқа қойдың жаңа тұқымын — архар мериносты шығару жөніндегі зоология секторының жұмыстары қатты ұнады. Қ. И. Сәтбаевтың филиалға келген сәтінде игі нәтижелер алынған болатын. Жаңа тұқымды шығару жөніндегі жұмыстардың жайымен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін ол мұны өз бақылауына алып, өмірінің соңғы күндеріне дейін мәселені жіті қадағалап отырды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұсынысы бойынша Күрмекті базасы құрылып, қойдың жаңа тұқымын шығару жөніндегі жұмыстар онан әрі жүргізіле берді.

Қаныш Имантайұлы ең алдымен халық шаруашылығының мұқтаждарына, мәдениет пен денсаулық сақтаудың қажеттеріне байланысты теориялық проблемаларды, тақырыптарды шешкен біздің институт қызметінен бірдеңе тапса, әрдайым қуанып, сергіп қалатын. Ауыл шаруашылық дақылдары мен өсімдіктерге, сондай-ақ жер үстіндегі омыртқалыларды, зиянын тигізетін жәндіктерді — ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының нағыз зиянкестерін, мал мен адамға жұқпалы ауру таратушыларды зерттей бастаған біздің іс-әрекетімізді білгеннен кейін Қ. И. Сәтбаев зоология ғылымына ерекше ықылас білдіріп, жылы шыраймен қараушы еді.

Қ. И. Сәтбаевты тек зоология ғана емес, сонымен бірге биология ғылымының басқа да салалары бірдей қызықтыратын. Оның жоспары мен ұсынысы бойынша, соғыстың ауыр жылдарында, Қазақ Ғылым академиясының ашылу күніне, жұмыс істеп тұрған секторлар мен бөлімдер негізінде ботаника институты мен топырақ зерттеу институты ұйымдастырылды. Қазақ Ғылым академиясы жүйесіндегі бұл қазіргі екі ірі ғылыми-зерттеу институты өздерінің негізгі зерттеулерін мал шаруашылығы саласында болсын, сондай-ақ егіншілік саласында болсын халық шаруашылық міндеттерін шешуге бағыттады.

1942 жылы зоология институтынан бөлініп шығып, Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша құрылған, эксперименттік биология институты өз зерттеулерін ауыл шаруашылық малын зерттеуге арнады. Республикамыздың шөл аймақтарында ауыл шаруашылығын өркендету мақсатында шөлді игеру институты құрылды. Ең соңында Қ. И. Сәтбаевтың ұсынысы бойынша аттас сектор негізінде ұйымдастырылған микробиология институты өз зерттеулерін техникалық және ауыл шаруашылық микробиология саласында кең өрістетті.

Қ. И. Сәтбаев жергілікті жерде биологиялық зерттеулердің өрістеуіне айрықша назар аударды. Оның инициативасы бойынша республикамыздың бірқатар қалаларында ботаника бақтары ұйымдастырылды. Сол сияқты Қ. И. Сәтбаевтың ұсынысымен жер-жерде ірі ғылыми-зерттеу базалары (Қызылорда, Бостандық, Іле, Жезқазған) және зоология институтының ихтиологиялық бөлімшелері (Аралда, Балқаш пен Өскеменде) ірге тепті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев медицина ғылымын да назардан тыс қалдырмады, ал, бұл ғылым соғыс жылдарында Қазақстанда өте-мөте нашар дамыған еді. Республикада белгілі — бір проблемаларды шешуге бағытталған бірде-бір медициналық ғылыми-зерттеу институты болмады. Сол кездегі медицина ғылымының аса көрнекті өкілдері — профессорлар А. П. Полосухин,

А. Н. Сызғанов пен Г. Н. Удинцев, Қ. И. Сәтбаевтың алдына СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының жүйесінде медициналық бағыттағы ғылыми зерттеулерді өрістету мүмкіндігі туралы мәселе қойды. Қ. И. Сәтбаев медик-ғалымдардың ұсынысын аса зейін қойып тыңдады, сол тұстағы жағдаймен және республикада медицина ғылымын дамытудың жай-күйімен таныста, содан кейін бірден филиал жүйесінде үш институт: физиология, өлкелік патология, клиникалық және эксперименттік хирургия институтын ұйымдастыру мәселесін шешуге күш салды.

Сөйтіп, Қазақ ССР Ғылым академиясының ашылуына дейін оның құрылымында биология мен медицина ғылымдарына кең орын берілді.

Қ. И. Сәтбаевтың биология ғылымына қаншалықты көңіл бөлгенін оның «Қазақстан ғылымы 25 жыл ішінде» (1945) деген сөзінен айқын көруге болады, бұл сөзде осы мерзім ішінде Қазақстанда ғылымның дамуына терең талдау жасалды. Қаныш Имантайұлы республикамыздың өсімдік және хайуанат ресурстарын зерттеуге, ауыл шаруашылығы үшін жер игеруге молырақ тоқтап, алдағы перспективаларды жан-жақты көрсетті.

Бұл тұста биология және медицина саласындағы институттар ірі мамандармен жеткілікті түрде толықтырылып, жұмыс алаңына және қажетті құрал-жабдыққа ие болған еді. Осы институттардың өндірістік мүмкіндіктерін есепке ала келіп, Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясы жүйесіндегі биология және медицина ғылымдарының алдағы уақытта дамуға тиісті негізгі проблемаларын айтты. Бұл проблемалардың негізгілері: топырақты, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесін игеру, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, кәсіптік аңдарды, құстар мен балықтарды, сондайақ ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері мен малдың жұқпалы індеттерін анықтау: медицина ғылымы саласында адам мен хайуанаттар физиологиясын талдап шешу, еңбекті сауықтыру, ауруларды жан-жақты зерттеу болатын.

1945 жылы академик В. Л. Комаров туралы мақаласында Қ. И. Сәтбаев оның СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалын дамытудағы, атап айтқанда, биология ғылымын дамытудағы ролін атап көрсетті.

Соғыс аяқталғаннан кейін Қ. И. Сәтбаев бірден Қазақстанда ғылымды дамытудың жан-жақты жоспарын

ұсынып, еліміздің бейбіт құрылысқа көшуіне байланысты биология ғылымының жайы туралы талай айтты.

Қазақ ССР Ғылым академиясында биология ғылымының дамуындағы ірі оқиға 1961 жылы Табиғат музейінің ашылуы болды. Оның ашылу кезінде Қ. И. Сәтбаев мынадай сөздер жазып қалдырды. «Табиғат музейінің ашылуы Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми тіршілігіндегі елеулі оқиға болып табылады. Қазақстан территориясының ұлан байтақтығы және оның бірқатар негізгі физикалық-географиялық аймақтарға орналасуы қазіргі уақытта болсын, бұрынғы өткен геологиялық замандарда болсын оның хайуанаттары мен өсімдіктерінің байлығы мен алуан түрлілігін білдіреді. Табиғат музейінің алдына маңызды міндет — өзінің экспонаттарында осы өзгеше ерекшеліктерді және Қазақстан хайуанаттары мен өсімдіктерінің алуан түрлілігін бейнелеу міндеті қойылған...»

Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы жиналысында (1963 жыл), сөйлеген өзінің соңғы сөзінде Қ. И. Сәтбаев тағы да биология ғылымына көп тоқталды, оның мал шаруашылығы өнімділігін зерттеу және халықтың денсаулығын сақтау мұқтаждарын қамтамасыз ету жөнінде зерттеулер жүргізуін алға тартты.

Қ. И. Сәтбаевтың өзі геолог болса да, биология ғылымын бізден, биолог-ғалымдардан бірде кем білмейтініне етіміз үйреніп кетіп еді. Біз әрқашан онымен теориялық жоғары дәрежеде сөйлесіп, біздің ғылымның тек жалпы мәселелерін ғана емес, сонымен бірге жеке, мүлдем арнаулы мәселелерін талқылаушы едік. Алматыда зоогеография мәселелері жөнінде өткізілген конференция кезіндегі бір оқиға есіме түседі. Қ. И. Сәтбаевтан конференцияны ашуды өтіндік. Ол бұған келісті, тек конференцияның міндеттері, онда қаралатын негізгі теориялық мәселелер, қатысушылар саны туралы бірнеше сұрақ қойды, конференцияның программасын сұрады. Біздің көзімізше титтей қағазға ұп-ұсақ етіп бірдеңелерді түртіп алды. Конференцияны ашарда Қ. И. Сәтбаев ұзақ, жарқын сөз сөйлеп, зоогеография проблемасына байланысты аса маңызды теориялық және халық шаруашылық міндеттерді шешудегі конференцияның мақсатын айтты. Оның сөзінен кейін Қ. И. Сәтбаевты танымайтын адамдар менің қасыма келіп, оның биология ғылымының қай саласындағы маман екенін

сұрады. Ал, олар Қ. И. Сәтбаевтың геолог екенін білгенде қайран қалысты.

Қ. И. Сәтбаев биология саласындағы жоғары маман ғылыми кадрлар даярлауға айрықша көңіл бөлді. Ол ғылым докторларын даярлау ісіне жағдай жасап, көмектесіп отырды. Қаныш Имантайұлы ғылыми кадрлардың өсуіне жіті зер салды. Орайы келгенде ол ғалымдарды сыйлыққа және үкімет наградаларына ұсынды. Оның ұсынысы бойынша тоғыз биолог өз еңбектері үшін Мемлекеттік сыйлық алды, жүзден астам адам ордендер мен медальдар, 25 адам ғылымның еңбек сіңірген қайраткері атағына ие болды.

Егер 1941 жылы СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының жүйесінде биология саласынан тек бірнеше ұсақ ғылыми құрылымдық бөлімшелер болса, тіпті бірде-бір институт болмаса, 1964 жылы биология Бөлімшесінің құрамында алты ірі ғылыми институт (топырақ зерттеу, ботаника, зоология, эксперименттік биология, микробиология және физиология) болды. Ал, бұл арада басқа ведомстволарға берілген үш институтты (ихтиология, өлкелік патология, клиникалық және эксперименттік хирургия) есепке алмай отырмыз.

Егер 1941 жылы биология саласының ұяларында небәрі екі доктор, алты кандидат, бірнеше кіші ғылыми қызметкер жұмыс істесе, 1964 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының биологиялық ғылыми мекемелерінде 40 ғылым докторы, оның ішінде 10 академик, Қазақ ССР Ғылым академиясының 23 корреспондент мүшесі, 182 ғылым кандидаты мен 298 кіші ғылыми қызметкер болды. Егер 1941 жылы биология ғылымы жөніндегі баспа өнімі бірнеше баспа табақпен есептелсе, 1963 жылы Биология бөлімшесінің мекемелері 15-тен астам атаумен көлемі 333 баспа табақ кітап шығарды.

Биология ғылымының республика халық шаруашылығы мен денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі өлшеусіз. Қазақ ССР Ғылым академиясының биология ғылымы өзінің бірқатар бағыттары жөнінен елімізде жетекші орын алып, шетелдерге де кең мәлім бола бастады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының жүйесіндегі биология ғылымының даму мысалынан біздің партия мен үкіметтің ғылымды дамыту, жоғары маман ғылыми кадрларды өсіру, ғылыми мекемелерді материалдық және техникалық жағынан жарақтандырып, нығайту туралы қамқорлығы айқын көрінеді. Қ. И. Сәтбаев партия мен үкіметтің, міне, осы тамаша қамқорлығына сүйеніп, республикамызда биология ғылымының өсіп-өркендеуіне барынша еңбек етті.

А. Абдуллин

ҰСТАЗ

Біздің еліміздегі революциялық ұлы өзгерістер қоғаммен, халықпен біте қайнасқан, бар өмірін социализм құрылысына, Отан мен халық мүддесі үшін сарп еткен ғалымдардың жаңа легін өмірге әкелді. Солардың жарқын өкілдерінің бірі, қазақ халқының талантты ұлы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болды. Ол өзінің алғаш қадамынан бастап Коммунистік партия мен Совет үкіметінің нұсқауларын жүзеге асыруға белсене қатысты.

Қазақ даласының социализм дәуірінде еліміздің алып индустриалы орталығының біріне айналуына Қ. И. Сәтбаев зор үлес қосты. Орталық Қазақстан жер қойнауының минералдық ресурстарын ашу, оларды игеру, Жезқазған кенінің нақтылы байлығын анықтау, республикалық геология қызметін ұйымдастыру, Қазақ ССР Ғылым Академиясын құрып, оны еліміздің алдыңғы қатардағы ғылым ордасының біріне айналдыру Қ. И. Сәтбаевтың өмір жолындағы ең басты, әрқайсысы бір адамның өміріне жеткілікті кезеңдер.

Жиырмасыншы жылдардағы В. И. Ленин көтерген декреттерге байланысты Қазақстанда да кен өндіру жұмысы жедел дами бастады. Осы кезде ұйымдастырылған «Атбасарцветмет» тресіне жас инженер Қ. Сәтбаев келді. Олардың алдына қойылған мақсат — Жезқазған—Атбасар аралығында жатқан кен көздерін барлап, өндіріске қосу еді. Сондықтан жаңа келген жас инженердің алдында осы өңірдің барлық қазба байлықтарын (Байқоңырдың, Қияқтының көмірін, Ұлытаудың мысын, сирек металын, Жезқазғанның мысын ашу үшін

Жезқазғанда тұрғылықты геологиялық-барлау экспедициясын құру негізгі мақсат болды. Қ. И. Сәтбаевтың жігерлілігіне, Жезқазғанның үлкен болашағына күмәнсіз сенген геологиялық-барлау коллективі көп қиыншылықтарға қарамастан ынтамен жұмыс істеп, 2-3 жылдың ішінде зор табыстарға ие болды.

1931 жылдың аяғында Жезқазған зерттелген руда қоры бойынша еліміздің мыс кенінің ішінде бірінші орынға шықты. Осы кезде Қ. И. Сәтбаев жиналған барлық геологиялық материалдарды қорытып, «Жезқазған мыс ауданы және оның минералдық ресурстары» деп аталған монографияны 1932 жылы басып шығарды. Бұл кітапта Жезқазған — Ұлытау аймағында жүргізілген көлемді геологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысы келтірілді, Жезқазған кенінің өз басында жүргізілетін жұмыстардың программасы көрсетілді.

Қ. И. Сәтбаев негіздеген Жезқазған типтес кендердің стратиграфиялық, тектоникалық, минералогия-геохимиялық рудалану ерекшеліктері өзінің теориялық күшін осы күні де сақтауда және болжау, барлау жұмыстарын тиімділікпен, мол үнеммен жүргізіп, дұрыс бағыттауға мүмкіншілік тудыруда. Қ. И. Сәтбаевтың осындай геологиялық зерттеу жұмыстары оның тек қана талантты инженер емес, онымен бірге ойшыл үлкен ғалым екенін көрсетіп, еліміздің ғылыми қауымының арасында әйгілі етті. Қысқа мерзім ішінде техникамен жабдықталудың нашарлығына, кадрлардың жетіспеуіне және басқа да табиғи қиыншылықтарға қарамастан, Жезқазған аймағында көптеген қазба байлықтардың кендері ашылды, барлау жұмыстары көмірлі Қияқтыда, Байқоңырда, Қарсақбай темірлі кварцитінде, марганецті Жездіде, қорғасынды, алтын және сирек металдар кенді өлкелерінде жедел жүргізіле бастады. Бай рудалы кендерді осылай әр жақты, комплексті түрде зерттеп, олардың экономикалық маңызын дұрыс анықтап, жедел өндіріске қосу Қ. И. Сәтбаевтың осы кездегі практикалық өмір жолындағы негізгі принципі болды. Бұл принцип оның кейінгі ғылыми-практикалық үлкен өмір жолында да басты жол болып қалды. Қ. И. Сәтбаев бұл кезде Жезқазған—Ұлытау аудандарын зерттеумен шұғылданып қана қалмай, Орталық және Шығыс Қазақстанда да барлау жұмыстарының дамуына белсене қатысты. Ол Атасудың темірін, мысын, қорғасынын, Атбасардың мысын, Торғайдың бок-

ситын жедел барлап игеру қажет екендігін көрсетті, Орталық Қазақстанда қара металлургия Индустриясын құру проблемасын көтерді. Жезқазған аймағының руда байлықтарын тез арада еліміздің халық шаруашылығына пайдалану үшін қажетті мына мәселелерді алға қойды: 1) Атасу темірлі ауданы арқылы Қарағанды көмір бассейні мен Жезқазған аралығынан темір жол салу; 2) Үлкен Жезқазған комбинатын салуға кірісу; 3) комплексті геологиялық барлау жұмыстарын жедел дамыту; 4) Жезқазған ауданында Ферро-марганец заводын және басқа өндіріс орталықтарын салу; 5) болашақ зор өндіріс комплексін тез арада сумен қамтамасыз ету, т. б. Міне, осылай көтерілген әрбір мәселені партиялық тұрғыдан ауқымдылықпен қоя білу Қ. И. Сәтбаев бойына тән қасиет болды.

1937 жылы Қарағанды—Жезқазған темір жол құрылысы аяқталып, 1938 жылы Жезқазған комбинатын салу туралы үкімет қаулысы шықты. 1940 жылы Жезқазған—Ұлытау аймағын геологиялық зерттеудегі үздік жетістіктері үшін Қ. И. Сәтбаевты СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Ленин орденімен наградтады.

Қ. И. Сәтбаев көп жылдар бойы өндіріс құру жұмыстарын басқарудағы, ауыр индустрияны минералды-шикізаттармен қамтамасыз етудегі қажырлы, жігерлі еңбектерімен, парасаттылығымен көзге түсті. Ол 1940 жылы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалындағы Геология ғылыми институтына директор болуға шақырылады. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Қ. И. Сәтбаев республиканың өндіріс орындарының жұмысын қорғаныс ісіне жұмылдыруға бар күшін салып қызу кіріседі. Дарынды ғалым, талантты ұйымдастырушы Қ. И. Сәтбаев 1942 жылы СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының председателі болып тағайындалды.

Соғыстың осы қаһарлы жылдарында Қазақ филиалына Қ. И. Сәтбаевтың келуі ғылымның әр салада жедел дамуына себеп болды.

Қ. И. Сәтбаев өндірісті стратегиялық шикі заттармен қамтамасыз ету үшін республикада жұмыс жүргізіп жатқан барлық геологиялық мекемелерді біріктіруге бар күшін салды. Жезқазған, Жезді-Қорғасын тағы басқа да Қазақстанның көптеген объектілері еліміздің заводтары үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тез арада дайын болды.

1941 жылы Қ. И. Сәтбаев Үкімет комиссиясының құрамында Қазақстандағы қара металлургияның тұңғышы — Теміртаудағы алып комбинаттың құрылысына араласты. Осы ауыр соғыс жылдарында барлық ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмыстарын күшейтіп, Отанымызды қорғау ісіне жұмылдыру үшін үйлестіруші орталық құру қажет болды. Қ. И. Сәтбаевтың ұсынысы бойынша Қазақ ССР мемлекеттік жоспарлау Комитетінің жанынан техникалық-ғылыми совет құрылды.

Қ. И. Сәтбаев Қазақстан, Орал, Батыс Сібір ресурстарын қорғаныс мұқтажы үшін іске қосу мақсатымен құрылған СССР Ғылым Академиясының комиссиясында көзге түсерлік көп жұмыстар жүргізді. В. Л. Комаров басқарған осы комиссия майдан мұқтаждарын қамтамасыз ету, еліміздің соғыста қираған шаруашылығын қалпына келтіру үшін Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің көптеген салаларын құру қажет екендігін дәлелдеп, тез арада іске асырды. Бұл уақытта Қазақ филиалы республика территориясындағы табиғи ресурстарды зерттеу жұмыстарын тездетіп, қысқа мерзімде аяқтауды мақсат етіп қойды. Осы кезде Қ. И. Сәтбаевтың ғылымның көптеген салаларынан терең ұғымы бар, іргелі үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда тәжірибесі мол көрнекті зерттеуші ғалым екені айқын байқалды.

1942 жылы Қ. И. Сәтбаевқа «Қазақ ССР-нің темір және марганец кендері» деп аталған көлемді кітабы үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Сол жылдың күзінде ғылымды дамытудағы зор еңбегі үшін Қ. И. Сәтбаев СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. Қазақстандағы ғылымды үздік дамытудағы еңбегі үшін және СССР Ғылым академиясының 220 жылдығына байланысты ол 1945 жылы екінші рет Ленин орденімен наградталды.

1946 жылдың сентябрінде Қ. И. Сәтбаев еліміздің шығыс халықтары өкілдерінің ішінде бірінші болып СССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

Алғашқы бес жылдықта жас Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің материалдық базасын нығайтып, ғылыми кадрлар даярлады. Осы жолда және жас академияның негізгі ғылыми бағытын анықтауда СССР Ғылым академиясының ғалымдары және оның Президенті

В. Л. Комаров көп көмек көрсетті. Қазақ ССР Ғылым академиясының алғашқы қадамдары еліміздің бейбіт өмірге бет алған уақытында басталды. Ғылым алдында барлық ғылыми зерттеулерді халық шаруашылығын қалпына келтіріп, нығайтуға бағыттау мәселелері тұрды. Бұл тұрғыда Қ. И. Сәтбаев жүргізген маңызды жұмыстардың бірі Қазақ ССР ғылыми мекемелері мен өндіріс және жобалау орындарының арасындағы творчестволық қарым-қатынастарды нығайтып, оны әрі қарай дамыта беру мәселесі болды.

Қ. И. Сәтбаевтың өмірі жолында 1952—1958 жылдар оның іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарына беріле кіріскен қызу кезеңі еді. Ол еліміздің ауыр өнеркәсібінің дамуы үшін Қазақстан әр қашанда материалдық шикі заттар базасы болатындығын жақсы білді және соған байланысты жер қойнауындағы табиғи байлықты зерттеп ашып, оны халық шаруашылығында пайдаланудың тиімді түрлерін жете тексеру қажет деп санады. Осы орайда ол кендерді алдын-ала болжаудың ғылыми негізін зерттеп, анықтау геология ғылымының басты міндеті деп есептеді. Осы кезеңде Қ. И. Сәтбаев Геология ғылымы институтын басқара отырып, ғылымға түбегейлі берілді, Орталық Қазақстанның металлогениясы туралы жиналған ұшан-теңіз геологиялық материалдарды алғаш рет толық қорытуға кіріседі. Осы көлемді жұмыстың нәтижесінде Орталық Қазақстанның әйгілі металлогениялық болжам картасы және Қ. И. Сәтбаев бастаған Қазақстандық металлогения мектебі пайда болды.

Металлогениялық зерттеулердің негізі — Қ. И. Сәтбаев анықтап көрсеткен металлогениялық болжам картасын жасаудың басты методологиялық принциптері мен тәсілдері еді. Оның ішінде өзі ойлап тапқан металлогениялық талдаудың комплексті формациялық тәсілі, кен жаралуының теориясы, кендерді болжау, тағы басқа да көп мәселелер болды. Сондықтан Қ. И. Сәтбаевты еліміздегі геологтар қауымы метоллогения ғылымын алғаш бастаушылардың бірі және Қазақстанда осы бағыттың негізін қалаушы деп санайды.

Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша 1958 жылдың декабрь айында Алматы қаласында Бүкілодақтық бірінші металлогениялық мәжіліс ұйымдастырылды. Оған еліміздің геологияға қатысы бар барлық мекемелерінің өкілдері қатысты. Еліміздегі болашақ металло-

гениялық форумдардың бастамасы болған осы мәжіліске қатысушылар Қ. И. Сәтбаевтың металлогениялық ғылыми көзқарастарын түгел қолдады. Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы оның көп томдық түсінік жазбасымен бірге бірауыздан мақұлданды. Сол мәжілісте Қ. И. Сәтбаев былай деді. «...еліміздің көзге түсерлік жетістіктерінің ішінде Отанымыздың кең байтақ территориясын зерттеп жүрген совет геологтары армиясының жер қойнауындағы қисапсыз мол минералдық ресурстарды ашудағы еңбектері ерекше орын алады. Геология ғылымында оның жаңа саласы — металлогенияның маңызы аса зор. Бұл жас ғылым саласы біздің елімізде туды. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Өйткені советтік ғылымның түпкі негізінде жоспарлау идеясы, халыққа қызмет ету мақсаты жатыр». Сол жылы Қ. И. Сәтбаев бастаған бір топ ғалым Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Қ. И. Сәтбаев соңында барлық творчестволық өмір жолының ескерткіші етіп тек қана Үлкен Жезқазғанды, Геология ғылыми институтын, Қазақ ССР Ғылым академиясын қалдырған жоқ, оның тынымсыз зор еңбегінің нәтижелерін бұл күндері республикамыздың дамыған шаруашылығының әр саласына тиген үлкен әсерінен көреміз. Ол — Қарағанды металлургия заводы, Соколов-Сарбай кен байыту комбинаты, Атасу темір рудаларының, Алтай кендерінің, Қаратау фосфориты мен полиметал кендерінің игерілуі, көптеген өндірістік процестердің (химиялық, металлургиялық, ядролық т. б.) жетілдірілуі, республикамыздың шаруашылық және мәдени құрылыстарындағы көптеген проблемалардың шешілуі. Қ. И. Сәтбаев халық есінде ғұлама ғалым және талантты басқарушы болып қана қойған жоқ, жұртшылық арасында оның көрнекті қоғам қайраткері екендігі кең таралды.

Қ. И. Сәтбаев социалистік отанымыз үшін, ғылым үшін қызмет етуді — бар өмірінің мақсаты, ал еңбек өмірге ең қажетті шарт деп білді. Өзінің осы қасиеттерін ол жас ғалымдардың бойына сіңіруге тырысты. Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясын басқара отырып, ғылымның барлық саласында жас кадрлар тәрбиелеп, даярлауды басты мәселе деп есептеді және оған ол тікелей қатысты. Қанекең ғылыми кадрлардың сан және сапа жағынан өсуіне ерекше көңіл бөлді. «Академиктен бастап лаборантқа дейінгі барлық ғылыми қызметкерлер әрдайым өзінің білімін шыңдап, жоғары көтере беруге міндетті»— дейтін ол кісі. Қ. И. Сәтбаевтың нұсқауы бойынша Ғылым академиясының қасында осы күнге дейін табысты жұмыс жүргізіп келе жатқан аспирантура құрылды. 1944 және 1970 жылдар аралығында академия 1500 шамасында ғылым кандидаттарын, 150-ге жуық ғылым докторын даярлап шығарды, Қанекеңнің үлкен қамқорлығы арқасында Қазақстанда геологиялық проблеманың қандайын болмасын көтеруге және оған байланысты мәселелерді шеше алатын қабілетті ғылым докторлары даярланды.

Қ. И. Сәтбаев халық тәжірибесін қорытып, іс жүзінде қолдана білу — басқарушы адамдарға керекті ең басты қасиет деп түсініп, өзі сондай басшының үлгісі болды. Ол өмір жолының алғашқы күндерінен бастапақ халықпен біте қайнасты, өзінің кең байтақ даласына, ондағы кен орындарына үлкен сүйіспеншілікпен қарап, оларды жиі аралайтын, инженер, жұмысшылармен, сол маңайдағы дихандармен ықыласпен әңгімелесіп, олардың тілектеріне, мұқтажына қамқор болатын.

Қ. И. Сәтбаев өзімен кеңесушілердің жасына қарамай бәрін үлкен ықыласпен, бар көңілімен тыңдап, ақыл-өсиетін айтатын, үлкен-кішімен бірдей сыпайы сөйлесетін.

Қ. И. Сәтбаев уақытының тығыздығына қарамастан аспиранттармен, студент жастармен жиі араласатын еді. Аспиранттардың қолбасшысы бола отырып, ол әкелік қамқорлықпен студенттерді де қабылдады, Қазақ тау-кен институты емтихан комиссиясының председателі болып, көптеген жас инженерлерді өмірге аттандырды, ол жастарды оқыта білді, оларға әсер ете білді, ой арманын түсіне білді.

Міне, сондықтан да 60—70-жылдарға дейін даярланып шыққан жас инженерлер, ғалымдар буыны Қ. И. Сәтбаевты зор мақтанышпен, үлкен ризалықпен өзінің оқытушысы, қамқоршы қолбасшысы деп санайды.

Қ. И. Сәтбаев көптеген мемлекеттік комитеттер мен комиссиялардың, саяси және ғылыми қоғамдардың мүшесі болды: совет ғалымдарының антифашистік Комитеті, СССР парламенттік тобының, Азия мен Африка елдері ынтымағының Совет Комитеті, Дүние жүзі металлогениялық картасы Совет комиссиясының және СССР Ғылым академиясының Президиум мүшесі, СССР

Министрлер Советі жанындағы ғылым мен техника саласы бойынша Лениндік сыйлықтар комитеті, гидроэлектростанциялар және Бас түрікмен каналы құрылысы Мемлекеттік Комитетінің, Жоғарғы аттестациялық комиссияның мүшесі болды.

Қ. И. Сәтбаевтың жеке архивында орыс тілінде 641, қазақ тілінде 98 ғылыми еңбектері мен мақалалары бар.

Қ. И. Сәтбаев өмір бойы шын қарапайым, адам сыйлағыш, бауырмал, таңқаларлық кең пейілді, алғыр ақыл-ойлы, ал жұмыс бабында қатал болған адам.

Соңына өшпес із қалдырған Қ. И. Сәтбаевтың жарқын өмір жолы халыққа, социалистік Отанға, Ұлы Ленин партиясына адал қызмет етудің үлгісі. Қазақ ССР үкіметі Қ. И. Сәтбаевқа ескерткіш етіп, оның есімімен Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қазақ ССР Ғылым академиясының геология ғылымы Институтын, Қазақстанның бірнеше поселкелері мен орта мектептерін, Алматы, Балқаш, Гурьев, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, және Семей қалаларының көшелерін атады. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қ. И. Сәтбаевтың бес томдық «Таңдаулы еңбектерін» басып шығарды.

П. Я. Антропов

ЖАЛЫНДЫ ПАТРИОТ, КӨРНЕКТІ ТҰЛҒА

Қазақстанның жас, әрі тамаша геологы Қ. И. Сәтбаев туралы мен алғаш рет 1932 жылы естідім, ол кезде мен Қаратауда полиметалл кеніштерін іздестіру және барлау жөніндегі Жаңақорған геологиялық-барлау партиясының бастығы болып істеуші едім. Қ. И. Сәтбаевтың табыстары туралы мен сол кезде «Казполиметалл» комбинатының геология қызметінің жетекшісі болған И. П. Новохатскийден естідім, ал Қ. И. Сәтбаев Жезқазған ауданында мыстың және басқа пайдалы қазбалардың кеніштеріне барлау жасап жүрді.

Қ. И. Сәтбаевпен 1939 жылы СССР Түсті металлургия халық комиссарының орынбасары болған кезімде жақын таныстым. Келбетті де сүйкімді адамды көргенім әлі есімде. Екеуміздің әңгімеміз Жезқазған ауданының байлығы туралы болды. Оның еңбектері арқасында бұл тұста Жезқазған кеніші еліміздің ең ірі кен орындарының бірі ретінде көзге түсе бастаған-ды, кейін мұның өзі солай болып шықты да.

Кейінірек СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде істеп жүріп, мен еліміздің аса ірі геологы және Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ. И. Сәтбаевпен тығыз байланыс жасадым.

Қ. И. Сәтбаев тек озық та прогресшіл ғалым, ой-өрісі ғаламат үлкен ойшыл ғана болған жоқ, сонымен бірге ірі мемлекет және қоғам қайраткері болды.

1953 жылдан кейін біздің елімізде минералдық шикізат базасын зерттеу саласында шұғыл бетбұрыс жасалды. Партия мен үкімет арнаулы түрде одақтық-республикалық СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігін құрды, оның міндеті Отанымыздың жер қойнауындағы байлықтарды комплексті, әрі жоспарлы зерттеу еді. Геологиялық барлау жұмыстарында СССР территориясының геологиялық картасын жасаудың үлес салмағы зор болды, ал мұның өзі кейін минералдық шикізаттардың көптеген түрлерін ашуда істің тағдырын шешкені анық.

Қ. И. Сәтбаев Москвада жиі болып тұрды, менің онымен еліміздің минералдық шикізат базасын жасау мәселелері жөнінде ұзақ та аса қызғылықты әңгіме тиегін ағытуыма тура келді, ал мұның өзі елді өте-мөте тез индустрияландыруға септігін тигізетін. Әдетте, мұндай әңгімелерден кейін тиісінше практикалық қадамдар жасалып, баспасөзде Қ. И. Сәтбаевтың мақалалары жарияланып жататын. Әсіресе оны пайдалы қазбаларды комплексті зерттеу мәселелері толғандыратын.

Оның геологиялық барлау ісіндегі бытыраңқылықты ашына қатты айыптағаны көп адамдардың есінде, себебі, геологиялық барлау жұмыстарымен еліміздің бірқатар ведомстволары: қара және түсті металлургия, мұнай және көмір өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары, тағы басқа министрліктер шұғылданған еді. Қаныш Имантайұлы былай деп жазды: «Белгілібір маршруттар бойынша толып жатқан әр түрлі ведомстволардың геологиялық экспедициялары

шарлайтын жағдайға қашан тыйым салынар екен. Бұлардың біреуі көмір, енді бірі мұнай, үшіншісі темір рудасы мен түсті металдар іздейді, міне осының бәрін бір қолға шоғырландырып, жер қойнауын комплексті зерттеуге болмас па екен?». Мұның өзі шын мәнісінде шынайы, әрі дана сөздер еді. Ал кейін барлық геологиялық-барлау жұмыстары СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне шоғырландырылғаны мәлім.

Тап сол сияқты Қ. И. Сәтбаевты геология ғылымының мәселелері де қатты толғандырды.

Мынадай оқиға болды. Мен академик А. Н. Несмеяновпен, оның СССР Ғылым академиясының президенті болып тұрған кезінде, геология ғылымындағы жағдай туралы әңгімелесу үшін бір топ геолог-ғалымды қабылдауы жөнінде келістім. Ол кезде геология ғылымындағы істің жайы төмендегідей болып еді. А. И. Вернадский атындағы геохимия және аналитикалық химия институты Геология-география ғылымдары бөлімшесінде емес, қайта Химия ғылымдары бөлімшесінде болды; *пайдалы қазбаларды іздестірудің геофизикалық әдістері* — Физика-математика ғылымдары бөлімшесінде, палеонтология — Биология ғылымдары бөлімшесінде болды. Қысқасын айтқанда, минералдық шикізатты іздестірудің анағұрлым озық әдістері Геология-география ғылымдары бөлімшесінен алынып қалды, сөйтіп, геология ғылымы өз зерттеулерінің барысында онымен пайдалану түгіл, қайта белгілі бір жағдайда оны бағыттау және жетілдіру мүмкіндігінен айрылды.

Бұл әңгімеге академиктер Қ. И. Сәтбаев, Н. С. Шатский, Н. М. Страхов пен Д. И. Щербаков қатысты. Геология ғылымын біріктіру мәселесінде Қ. И. Сәтбаев өте-мөте айқын, әрі дәйекті бағыт ұстады. Ол геология ғылымының бәрі СССР Ғылым академиясының бір бөлімшесінде ғана шоғырландырылсын деген, яғни минералдық шикізатты зерттеудегі комплекстілік тек геология практикасында ғана емес, сонымен бірге геология ғылымында сақталсын деген жәйтті батыл жақтады.

Қазір бұл, негізінен алғанда, әлдеқашан өтіп кеткен кезең, бұл бағытта көп жұмыс істелді, дегенмен әлі де көп жұмыс істелуі керек те.

Қ. И. Сәтбаевты тек пайдалы қазбаларды комплексті зерттеу мәселелері ғана емес, сондай-ақ оларды комплексті өндіру мәселелері де қызықтыратын. Ол кен

өндіру кезіндегі пайдалы қазбалардың шығынына қарсы шықты. Ол бұл мәселелерді Жезқазған мыс кеніші бойынша талай рет қойып, рудалардан тек мыс қана емес, сонымен бірге әлгі рудалар ішіндегі басқа да металдарды алуды шаруашылық қызметкерлерінен талап етті.

Қ. И. Сәтбаев әр уақыт геологиялық барлау жұмыстарының өндірісіне бөлінген қаржыны үнемдеп жұмсауды барынша талап етті. Ол пайдалы қазбаларды іздестіру мен барлаудың ең прогресті әдістерін қызу жақтады. Оның басшылығымен жүргізілген жұмыстардың арқасында геологиялық карталар жасалып, Орталық Қазақстанда пайдалы қазбалардың талай кенішін ашуға мүмкіндік берді. Ал бұл еңбегі үшін ғалым Лениндік сыйлыққа ие болғаны белгілі.

1958 жылы декабрьде Алматыда СССР Ғылым академиясының Геология-география ғылымдары бөлімшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясы, СССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі және Қазақ ССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ұйымдастырған *геологиялық ғылыми сессия* өткізілді. Сессия жұмысына 700-ден астам геолог қатысты, бұлар 120-дан астам ғылыми және өндірістік геологиялық ұйымдардың және жоғары оқу орындарының өкілдері еді. Мұнда маған СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарына байланысты геология ғылымының міндеттері туралы баяндама жасау жүктелген-ді. Баяндамада ұсынылған қағидаларды академик Қ. И. Сәтбаев толық қостады. Ол геология ғылымында орын алған, әлі де орын алып келе жатқан не бір қисынсыз жәйттерге әрдайым қарсы шығып отырды. Бұл жөніндегі оның көзқарасын Гетенің: «Даналық тек ақиқатта ғана» деген қысқа нақыл сөзімен сипаттауға болар еді.

...Қ. И. Сәтбаев өмірінің соңғы күндерінде Москва түбіндегі ауруханаға баруыма тура келді. Оның қайтыс боларынан бір күн бұрын Қаныш Имантайұлының үлкен досы, әрі жолдасы министр Е. П. Славскиймен екеуміз бірге барған едік. Қ. И. Сәтбаевтың құр сүлдері қалыпты, бірақ сол бір қиямет сағаттардың өзінде ол өмірден күдерін үзбеген еді. Ол Отанымыздың нағыз патриоты және ірі ғалым ретінде өз елінің жер қойнауы туралы, Маңқыстау түбегіндегі мұнайдың аса бай кен көздері, Қазақстанның басқа да минералдық-шикізат

байлықтары туралы бізбен шабыттана әңгімелесті. Ал келесі күні ол мәңгі көз жұмды.

Қ. И. Сәтбаев геология ғылымы мен практикада өтемөте терең із қалдырды. Оның жарқын тұлғасы мен зор қызметінің құрметіне біздер, СССР геологтары, коммунизм орнату үшін байлықтарымызды молайта түсуге бар күш-жігерімізді жұмсаймыз.

М. Қаратаев

ҒАЛЫМНЫҢ АЛМАС ҚЫРЛАРЫ

Ес білгелі ел аралап, сапар шегуді жаным қалайтын еді...

Ал, жүрек әмірімен, азаматтық арыммен ғұлама ғалым, әрі талантты публицист-жазушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың әдеби келбетін сипаттауға кіріскен кезде сапар шекпеу мүмкін емес екеніне көзім жетті. Мені Сәтбаевтың құтты қадамы басқан жер баурап тарта берді және бұл өзімнің артта қалған аяулы қимас жастық шағыма апарар сапар еді.

Сол сапардың да сәті түсті, уақыт тауып жолға шықтым, самолетте келемін. Тұңғиық терең төменде сүйікті Отанның шет-шегі жоқ қайталанбас жазирасы жатыр. Оған қыран қиясынан қарасаң көз тоймайды. Барар бағытым Қарсақбай даласы еді. Ойым он болып, біресе өткеннің елесін көреді, біресе алға жетелейді. Қарсақбай даласы! Қазақ уалайатының геометриялық орталығы — Сарыарқа — үш жүздің бас қосып, жат жұрттық шапқыншыларға қарсы тізе қосып күресуге, ұлттық бірлікке ант беріскен және сол патриоттық лебіздерін тасқа қашап жазып қалдырған жері бұл.

Осынау байырғы қазақ жерінде көшпелі жұрт ежелден бері қар суын ішіп, құдықтар мен мөлдір бұлақтардан сусындап, ақ бөкен жайлаған шет-шегі жоқ байтақ далада көшіп-қонып жүрген. Түстігінде — Телікөл мен Қызылжыңғыл, терістігінде — Ұлытау мен Сарыторғай, шығысында — Сарыкеңгір, Сарысу, батысында — Сан-

дық Нұрасы — міне, ол осыншалық орасан аймақты алып жатыр. Қазақтардың қан мен теріне бөккен осы жер дала халқының басынан өткен талай-талай тарихи оқиғалардың куәсі болды. Мұндағы мұхит толқынына ұқсас қыраттардың, биік асу мен терең жыралардың — бәрі-бәрінің де аты бар, бәр-бәрі де халықтың ән-жыры мен аңызына өзек болды. Бірі биік — Қарауылтөбе, екіншісі — Бөрілітөбе, үшіншісі — Хан ордасы аталады. Ал, мынау Қалмаққырған қазақтардың жоңғар шапқыншыларын жеңгендігінің куәсі ретінде есте қалды. Рас, қамал сияқты қалалар, қашалып өрнек салынған тастар да бар. Тау басында — тас мүсіндер, бұлақ бойында — тас зираттар мен ескерткіштер. Айтулы бар оқиға, ескерткіш, мазар арқылы мәңгілік етілген жоқ, сөйтсе де олар аңыз-ертегілер арқылы халық есінде қалды. Ұмытылмас есімдер арасынан 1905 жылғы Красная Пресня шайқасына қатысушы Иван Васильевич Деевтің атын естуге болады, ол Жусалы жолымен айдауға кеткен еді. Дәл сол жолмен 1916 жылы қазақ батыры Аманкелді өз сарбаздарын бастап жүрді, революция қайраткері, большевик Сабыр Шәріпов ауылдарды аралады. Осы арада Жамбылдың ізбасары, атақты «Гәкку» әнінің авторы ақын Ыбырайдың жиені ақын Тайжан сырнайын сызылтып ән шығарды. Бұл даланың ол шеті мен бұл шетін қазақтың ұлы ғалымы, кен білгірі — геолог, публицист, қадірлі азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаев армансыз шарлаған. Қырық жылдан соң тағзым етем саған, Қарсақбай даласы.

Көзіме жас ала тұрып сенің тау-жоталарыңа, өзен-бұлақтарыңа, изен-жусаныңа, әр тал гүліңе емірене қараймын.

Көзімді сәл жұмсам кіндік кескен жерім — Байқоңырды көргендей болам. Одан космос тұңғышы, менің Байқоңырымды бар әлемге паш еткен қарапайым орыс жігіті, ақжарқын күлкілі Юрий Алексеевич Гагарин ғарышқа самғап бара жатқанын сезгендей болам. Юрий Гагарин космостан қайтып оралған алғашқы күндердің бірінде Сәтбаев маған былай деген еді:

— Ол құдды бір жаңа ғана жер жыртып қайтқандай немесе арамен ағаш кескен адамдай, бірақ бұл оның сырт қарағандағы ғана қарапайымдылығы. Шынында Гагарин — жаңа, советтік тұрпаттағы адам. Ол бұғанасы қатпай жатып, данышпан Циалковскийдің барлық кітабын зердесіне тоқыды, күрделі ғылым —

аэродинамиканы жете біледі, поэзияны жанындай сүйеді, живописьтен де хабары бар... Гагарин сияқтылар біздің үмітіміз, болашағымыз.

Мен ол кезде Сәтбаевтың білгірлігі мен көрегендігіне қайран қалып едім. Менің бейтаныс жолсерігім Байқоңыр, Гагарин туралы сыр шертіп келеді, өйткені біз Байқоңырдан әудем жерде ғана ұшып бара жатқанбыз. Мен жолдасыма Сәтбаевтың Гагарин жөніндегі пікірін айттым. Сөйтсем ол Сәтбаевпен таныс болған екен, сондықтан әңгіме өзегі марқұм ғалым кемеңгерлігіне карай ауып сала берді.

— Ол кісіні бүкіл халқымыз ардақ тұтатын еді,— деді нық сеніммен серігім. Сол сәтте менің есіме өз портфелімде Сәтбаев туралы кітап пен әлі жарияланбаған мақаланың қолжазбасы жатқаны түсті. Мен оған Москвалық досым Алтайский жазған Сәтбаев туралы мақаланың екі бетін дауыстап оқып берейін дедім. Мақаланың тақырыбы зор ілтипатпен, жауапкершілікпен: «Біздің заманның ерлері» деп қойылған.

— Оқыңыз, зейін қоя тыңдаймын,— деді серігім.— Өкінішке орай мен газеттің жарытымсыз мақалаларынан басқа Сәтбаев туралы ештеңе оқи алмадым.

Мен оқи бастадым, бір жақсы жері мотор шуылы даусыңды естіртпестей қатты емес еді. «Мен бүкіл Алматы, бүкіл Қазақстан халқымен бірге қадірлі замандасымызды жерлей алмадым, оның табытта жатқанын көргем жоқ, сондықтан болар ол менің көңілімде тірі адамдай елес береді. Көз алдымда ойлы да нұрлы көзді, бозамық қылау аралас бұйра шашты, ойшылға тән кең, жазық маңдайлы, болымсыз ғана көңілсіздік табы бар, бірақ жан-жүрегіңді баурап алар жылы дидарлы алып тұлға тұрғандай. Сәтбаевтың портреттері ішінен маған ең ұнайтыны суретші Николай Гаевтің қолдан салған бейнесі. Портретші тек Сәтбаевқа тән қайталанбас қарапайым да ұлы ерекшелікті ашып көрсете білді. Қачалов пен Черкасовты халық артистері, Сарьян мен Коненковты халық суретшілері десек, Сәтбаев халық академигі болды. Оның халық арасындағы атақданқында шек жоқ. Ол туралы кез-келген адамнан пікір сұраңызшы:

Ақын: «Қаныш ағаға қанықпын. Менің жырымды тыңдап қана қойған жоқ, жазып та алды. Сосын былай деді: «Өз өмірімде талай-талай домбыра сазын тыңдадым. Зейін қоймасаң бәрі әуездес сияқты, бірақ шын-

туайтында әркайсысының өз ерекшелігі бар, бір-біріне ұқсамайды. Адамдар да сондай». Қаныш аға тереннен танитын көреген еді ғой».

Геолог-студент: «Қаныш Имантайұлын кім білмесін. Кей-кейде экспедиция жұмысында, кен іздеуде, оқуда қиналатын кездерің де болады. Сондай шақта Сәтбаевты есіңе алсаң бойыңа күш-қуат бітіп, ерекше еңбектенесің. Геология батыры ол!»

Аңшы: «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жаны жайсаң адам. Екеуміз ақбөкен аулауға шыққанбыз. Маған алты аңды ғана атуға рұқсат берілген еді. Ақбөкенді машинамен қуып бердік. Табыннан бір текені бөліп алдық. Мылтығымды Қаныш Имантайұлына беріп, атыңыз дедім. Ол мылтықты кері итеріп: «Ақбөкен көріксіз аң дейді жұрт. Сөз емес! Ақбөкен сүйкімді. Қарашы, әне, қалай орғиды. Бұдан мыңдаған жылдар бұрын біздің жерімізде мамонттар жайылып жүрген. Олар жойылып кетті. Ол кезде ақбөкендер де өмір сүрді. Әлі күнге дейін тіршілік етіп келеді. Осы сұлу аңға қалай ғана қол көтере алам? Жайыла берсін»,— деді. Содан кейін мен де атуды тоқтаттым. Теке жайына кетті, бірақ ажалдан кім арашалап қалғанын білмей кетті».

Шахтер: «Сәтбаев әр шахтерді дос, бауыр санайтын. Шахталар мен рудниктерге жиі түсетін. Шахтерлік істі бес саусағындай біледі. Шахтер жұмысын механикаландыруға жан-тәнін салды. Қарағандыға келіп көмір комбайнын ұзақ зерттегені әлі есімде. Қойын дәптеріне әлденелерді жазып алды. Мыс кенін комбайнмен өндіргісі келетін сияқты. Білгір адам! Жұрт оны талай рет Жоғарғы Советтің депутаты етіп бекер сайлап жүрген жоқ қой. Ол сайлаушылардан құшақ-құшақ хат алады. Соның бір де бірі оқылмай жауапсыз қалған емес. Міне, нағыз халық академигі деген осы».

Әдебиетші: «Сәтбаевпен әдебиет жайлы пікірлесудің қысқаша мазмұны мынандай. Горький туралы ол былай деді: «Горькийден қазақ жазушыларының бәрі, тіпті Әуезов те үйренді». Соболев туралы айта келіп, Сәтбаев сөз арасында қыстыра кеткендей боп: «Соболевпен ынтымақ Әуезовке көп пайдасын тигізді» деді. Леонов туралы толғана отырып: «Композициялық шеберлікте оның Әуезовпен ортақтастық қасиеті бар. Оның «Мұхитқа жолы» Әуезовтің «Абай жолы» сияқты қабат-қабат қасиетті дүние» деп лұғатты пікір айтты. Ал, Паустовский туралы былай деді: «Ол новелланың жетік ше-

бері. Кесек дүниелер оның ырқына көнбейді. Әуезовтің ауқымы кең, ол новелланы да, эпопеяны да көңілдегідей шығарды». Қандай дәл тұжырым десеңізші! Сәтбаев Әуезовті орыс жазушыларымен ауқымдастырғандай: «Әуезов Горькийден үйренді; Леоновпен ортақтастық қасиеті бар; Соболевпен ынтымақ оған көп пайдасын тигізді; Паустовскийге қарағанда Әуезовтің ауқымы кең...» Жаза баспас, жаңылдырмас жарқын ой...

Осы арада «Біздің заманның ерлері» деген мақаланы оқуды тоқтатуға тура келді. Самолет қонды.

...Жезқазғанда көріп-білгендерімнің бәрі де Сәтбаевты еріксіз еске түсіреді, тегінде алып металлургия комбинаты Сәтбаевтың есімімен бекер аталмаған ғой.

Қаланың архитектуралық тұлғасына зер салып келеміз. Жаңа құрылған облыс орталығының архитектуралық ала-құлалығы көзге ұрады. Зәулім шахта мұнарасының қасында жасыл желек пен гүлге оранған тұрғын үй тұр, ескіні ығыстырған жаңалық жеңісінің куәсіндей болып біркелкі бес қабатты үйлер тізбегі жер үйлердің қатарынан сап түзеген. Күні ертеңгі әсем қала бейнесін қазіргі жаңа құрылыстар аңғартқандай. Мынау мәдениет сарайы немесе анау жас парк, жаңа ашылған музейдің сәнді үйі, жақсы жабдықталған су станциясы, қолдан жасалған дала көлінің жағажайы, спорт алаңдары мен стадионның алып аумағы жасампаздықтың жарқын көрінісі тәрізді. Сөйткенмен әлдене жетпей тұрғандай. Мен Абайдың, Уәлихановтың, Аманкелдінің, Жамбылдың, Әуезовтің, Панфиловтың ескерткіштері еңсе көтерген Алматыны еске алдым. Сонда ұқтым. Осы ортада Қаныш Сәтбаевтың ескерткіші сұранып-ақ тұрған жоқ па?

Туған жер қанша сыр бүгіп жатыр десеңші! Қайғылы бір заманда Шыңғысхан, Жошы, Бату, Ақсақ Темір, Қалден Серен жаулаушылары қылыштарынан қан тамызып осы өңірді жайпап өткен. Ал, кейінде бұл арадан менің туған-туыстарым, отандастарым фашизмнің алапат аждаһасы, адамгершіліктен жұрдай болған Бату мен Қалден Сереннен де қанышер — Гитлердің бел омыртқасын үзу үшін батысқа аттанды. Бұл арадан Ұлы Отан соғысы кезінде Қаныш Сәтбаев іздеп тапқан марганецті тиеген қуатты «Беларусь» машиналарының керуені Уралға қарай ағылды. Қаныш кені гитлерлік фашистер ордасының шаңырағын ортасына түсірген

танк, зеңбірек, «Катюша» болаттарының құрамдас бөлігі болды.

Міне, менің балалық бал дәуренім өткен туған жерге, ешқашан есімнен кетпейтін ғалым әрі публицист Қаныш Сәтбаевтың жарқын ізі сайрап жатқан өлкеге саяхатым аяқталып қалды.

...Сәтбайдың немересі, Имантайдың баласы Қаныш 1899 жылы 12 апрельде ежелгі қазақ жері — Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы 4-ші ауылда туған. Заңғар биік жартастары, көгілдір көлдері, жап-жасыл қарағайы бар, одан әрі, бозғылт жусан, тікенекті баялыш басқан, саршұнақ жорткан, аспанында қыран ұшқан Қаныштың туған жері туралы халық:

«Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес»,—

деп әлі күнге ән шырқайды. Қішкентай Қаныш алуан түсті тастары бар тау мен жазық даланы бірдей жақсы көрген. Ол өзінің теріден жасалған қапшығына әралуан сұрғылт, қызғылт, сары тастарды жалықпай теріп салатын.

Қаныш мектеп есігін ашқаннан соң көп ұзамай-ақ қатарының алды болды. Хат танығаннан кейін кітаптан бас алмайтын еді. Мұғалім Имантайға «баланың оқуын үзбей жалғастыра бер» деп ақыл қосты. 1911 жылы Қаныш Павлодардағы екі жылдық училищеге түседі. Мұнда да алдына жан салған жоқ. Бір өкініштісі тастар құпиясы жайындағы кітаптар қолға сирек түсетін еді. Сосын Қаныш ұлы Абай бір кезде білім алып, өлең жазған Семейге аттанды. Онда мұғалімдер семинариясына түсті. Барған сайын оқу қиындай берді. Бірақ ол мойымай, көз майын таусып көп оқыды. Кітапханада Абайдың жас жерлесі Мұхтар Әуезовпен кездесіп, достасып кетті. Қаныш Семейде қазақ ақыны Торайғыровпен де танысып, оның өтініші бойынша Карл Маркстің кітабын оқыды, қазақ тіліне аударды. Жас Сәтбаевтың әдеби қызметі, міне, осылай басталған еді.

Россияда үлкен өзгерістер болды — патша өктемдігі күйреп, Совет өкіметі орнады. 1918 жылы Қаныш Сәтбаев Семейдегі екі жылдық педагогтік курске мұғалім болып орналасты. Ал, қалт еткен бос уақытын кітап оқумен өткізетін болды. Бұл шақта тастар құпиясы жайлы кітаптар қолға көбірек түсетін еді. 1919 жылы Қаныш Сәтбаев ауыл мұғалімі болады. Баласы жұрт

құрметтейтін мұғалім болған соң ата-анасы төбелері көкке жеткендей, мәз-мәйрам боп қалды. Ал, Қаныш болса балаларды оқытып қана қойған жоқ, өзі де қажымай-талмай көп оқыды. Бірақ шамадан тыс еңбектену оның денсаулығын әлсіретеді. Дәрігерлер оны өкпе ауруына шалдыққан деп тапты. Олар таза ауада дем алып, қымыз ішу керек деп үзілді-кесілді талап қойды. Сөйтіп Қаныш әкесінің үйіне келіп, шипалы қымыз ішті. 1920 жылы жас Сәтбаевты учаскелік халық сотының председателі етіп тағайындау жөнінде нұсқау келді. Ол халықтың өмірімен, оның үлкенді-кішілі тартыс-таласымен танысты, сот жұмысында бір жазықсызды жалалағанша, көп жазықтыны жазасыз жібермеген жөн деген принципті қатаң ұстанды. Сөйтіп ешкімнің ығына жығылмайтын әділетті сот жайлы сүйіншті лебіз ауыл-ауылды кезіп кетті.

Көкірек ауруы қайта қозды, тағы да қымыз ішіп емделуге тура келді. Сол кезде тағдыр оны қымыз ішіп емделуге келген орыс ғалымы, геолог, профессор Михаил Антонович Усовпен табыстырды. Бірі егде, бірі жас — ол екеуінің бар ықыласы геология ғылымы екені көп ұзамай белгілі болды. Усов Сәтбаевқа Томскдегі Сібір технологиялық институтына түс деп ақыл берді, онда өзі кафедра басқаратын еді.

1921 жылы Сәтбаев тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөлімшесіне түсті. Сөйтіп оған кең жол ашылды, ол Усовтың басшылығымен жаны қалаған геология ғылымын бар зейінін сала зерттеді. Усовтың екі сағаттық лекциясы оған аздай көрінетін еді. Ол курстас жолдастарына:— Лекция неге тез аяқталады осы, тегі қоңырауды ерте соғады-ау деймін,— дейтін.

Кейін өзінің студенттік қызықты шағын еске алып, Сәтбаев былай деп жазды: «Томскідегі студенттік кезімде терең де тың геологиялық идеялары бар, геология мен туған Сібірінің табиғатын жанындай көретін, жан-дүниеңді баурап алатын адамгершілігі зор ғалым академик Усовпен тығыз қарым-қатынас жасадым, ұлы орыс халқының лайықты перзенті болған нағыз ізгі адам маған зор әсер етіп, шексіз алғыс сезімімді туғызды».

Усов Сәтбаевқа студенттік практиканы орыс геологы Михаил Петрович Русаковтың геологиялық партиясында өткізуге кеңес береді. Қаныш 400 шақырым жерге атпен барды. Онда Русаков қазақ студенттің практиканттардың ішіндегі ең талаптысы ғана емес, сонымен бірге ең таланттысы, батыл ойлы екеніне сүйсіне қайран қалады. Өзге практиканттар демалған кезде Сәтбаев айналадағы көне мұраларды зерттейді, жергілікті тұрғындардан таулардың, жоталардың, төбелердің, жыралардың ескі аттарын сұрастырады, өйткені ол мекен аттары мыс, темір, көмір сияқты пайдалы қазба байлықтарына байланысты қойылғанын анық сезінетін еді. Ол халық әндері мен аңыз-ертегілерін тыңдап, жазып алып отырды. Сол кездің өзінде-ақ оның болмысынан болашақ ғалым-геолог, әрі болашақ жазушы-публицист, зерттеуші, ұлттық мәдениет қайраткері айқын көрініс беріп тұратын еді. Ол «Минусин округіндегі Манин кенді аймағының мысын зерттеп, барлау» деген тақырыптағы диплом жобасын талантты-лықпен жазып, қорғап шықты. Сәтбаевқа диплом тапсырғанда профессор Усов көзіне жас алып тұрып: «Менің курсымнан кен инженері деген атақ алып, тұңғыш қазақ өткенін мақтаныш етем» деді. 1926 жылы жас Қаныш геологиялық топтың жетекшісі, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы Советі Атбасар түсті металдар тресі басқармасының мүшелігіне кандидат, ал 1929 жылы Қарсақбай комбинатының бастығы әрі бас геологы болды. Ол кездегі Қарсақбай заводы қазақ индустриясының тұңғышы екенін естен шығармаған жөн. Сол кездің өзінде жас геологтың білім, таланты мен тәжірибесі лайықты бағасын алған болатын. Оның үстіне сол кезде-ақ Қаныш Шоқан Уәлихановқа ұқсап, өзін талантты да жалынды публицист-жазушы ретінде көрсете білді.

Жарты ғасыр кейін шегініп, жиырмасыншы жылдарға көз жүгіртіп көрейікші. Атбасар түсті металдар тресі басқармасының мәжілісі болып жатты. Оны басқарып отырған С. С. Дыбец (кейін, ондаған жылдар өткен соң, Волга бойында СССР-дегі тұңғыш автомобиль алыбын тұрғызған) істің жайын жасырмайды: «Бәрін басынан бастауымыз керек. Мыс өндіру күрделі жұмыс. Ойланыңыздаршы. Бізде темір жол, рудниктер, кен байыту фабрикалары, мыс балқытатын заводтар, су қоймалары жоқ. Кадр да жетіспейді. Сөйтсе де біз қабырғамыз қайысқанша еңбектеніп, Қарсақбайды тұрғызамыз».

— Тұрғызамыз,— деп оны трест геологы Сәтбаев қолдады да сол арада сөйлеп кетті. Оның сөзінен ға-

лым-геолог, жаңалық ашушы әрі жалынды публицист лебізі аңғарылды:

— Ашығын айтуға рұқсат етіңіздер. Егер мен біздің мақсатымыз құйтақандай, қуыршақтай, ергежейлі завод, сәбилердің қолбасындай тар табанды темір жол салып, ойыншықтай электр станциясын, аядай көл орнату ғана деп ойласам, бізді сол үшін ғана жіберді деп ұғынсам осы арадан тап қазір табанымды жалтыратар едім. Не мен кетемін, не біз алдымызға айқын да зор мақсат қойып еңбек етеміз. Бізге дейін бұл араны ағылшындар иемденіп келді. Олар орыстар мен қазақтарды жабайы халық санады. Мен олардың геологиялық зерттеу материалдарын қарап шықтым. Ол жер қыртысын ғылыми барлау емес, көбіккөзділік әрі биржалық алып-сатушыларға арналған құрғақ дақпырт. Олар мыс балқыту заводын сала алған жоқ. Заводқа арналған жабдықтарды алып келе жатқан ағылшын кемесі соғыс кезінде Балтық теңізіне батырылды. Ағылшындар Жезқазған кенінің өте сапалы екенін ғана барлап үлгерді. Содан кейін олар акционерлік қоғам құрып, үлес белгіледі де оларды әлем биржаларында саудаға салды. Ағылшындар геологиялық барлау жұмысын өрістеткен жоқ, қайта керісінше оған бөгет болды. Олар өздерінің Қарсақбайдағы агенттеріне мынандай құпия нұсқау жіберген: «Барлау жұмысын аса сақтықпен жүргізіңдер. Біз жер алғанға дейін барлау жұмысын өте қажетті адамдардан басқа ешкім білмеуі керек. Оның үстіне, егер барлау ісі нәтижелі болып, бірақ кен көзі біздің жердің шекарасынан ары қарай жалғасып жататын болса бұрғылауды тоқтатып, одан әрі барлаудың мәні жоқ дегендей әсер туғызыңыздар». Ағылшындар сегіз шақырым жерге барлау жұмысын жүргізді. Ал «ашылған» кен қоры тек жеті шақырым ғана жерде бар деп есепке алынған. Бұл — осынау кенді аймақ үшін өте аз. Ағылшындар тек мысты ғана іздеді, ал бұл аймақта темір, марганец және құрылыс материалдары мол. Мен Жезқазғанмен оның төңірегінде пайдалы қазба байлықтары тұнып жатқандығына кәміл сенімдімін. Мені мейлі қияли деңіздер, мейлі соқыр сенімнің адамы деңіздер — ол өз еріктеріңіз, ал, мен біздің жұмысымыздың басты саласы — жер қыртысын ғылыми тұрғыда комплексті түрде кенінен зерттеу деп есептеймін. Жобадағы қуатына қарағанда Қарсақбай заводына қазіргі барланған кеннің өзі де жетеді. Бірақ

біз алдағы болашағымызды ойлауымыз керек. Біздің Қазақстан алып өлке. Қарсақбай заводы — сәбидің алғашқы қадамы, ал, бізге алыптың нық басар қарышты қадамы қажет. Осы кенді өлкені тезірек жан-жақты зерттеу керек екендігін қайталаудан әсте жалықпаймын. Осы жерде жүздеген мың емес, жүздеген миллион тонна мол кен бар екеніне күн ілгері көзім жетеді. Бұл арадан европалықтар да, американдықтар да естіп-білмеген мөлшерде мыс өндіруге болады. Ойға алсам болды техниканың ең үздік үлгілерімен жабдықталған Үлкен Жезқазғанды: рудниктерді, мыс балқыту алыбын, темір кенін, жасыл желек жамылған қаланы көргендей болам. Бұл құрғақ қиял емес, жолдастар, айқара ашылған айқын бағытымыз. Менің Қазақстаным, менің кең жазира байтақ далам өз ауқымына лайық алып индустрияны аңсап тұр. Біз даладан шыққан гудок үнін де естуді арман етеміз. Сіздер мен біз Ұлытаудың баурайында тұрмыз. Осы Ұлытаудың басынан завод үні алғаш шыққан кезде ол Қазақстанның ең алыс түкпірлерінен өзіне үндес дабыл естиді.

Осы сөзден, осынау ауызекі публицистикадан Сәтбаевтың бар болмысы айқын аңғарылғандай. Осы бір сөз-мақаладан ғылыми көрегендікті, лениндік саясатты, болашақ істің жоспарын және көбіккөз концессионерлерді өлтіре жерлеген уытты сынды, Қазақстанды индустриаландыру жөніндегі тұжырымның ауқымдылығын, Уәлихановқа тән жалынды да жарқын публицистиканы айқын аңғарамыз. Ол сөз Үлкен Жезқазған жолындағы күрестің геологиялық және индустриялық эпопеясының беташарындай еді, ол күресті сол күннен бастап ғалым, публицист, большевик Сәтбаев басқарды. Ол қиыншылығы көп кейде тіпті өкінішке де соқтырған қаһармандық күрес болды, одан біздің дәуіріміздің рухы сезіліп тұрды. Алдында тарихшы, географ, этнограф, ауыз әдебиетінің білгірі, саяхатшы, ағартушы-драматург, публицист Шоқан Уәлихановтай үлгі тұтар адамы болған Сәтбаев өз ісіне жан-тәнімен берілген аз ғана серіктерімен Үлкен Жезқазған үшін он бес жылдай үздіксіз күрес жүргізіп, Қазақстан тарихында мәңгі жазылып қалған ғылыми әрі азаматтық ерлік жасады. Бұл сөздің ешқандай әсерлеуі жоқ. Иә, ғаламат кен көзін барлап табу оңай емес. Ал сол ашылған жаңалық қиялдан туған ертегі емес, ғылыми негізделген нақтылы шындық, оны өнеркәсіптік негізде

игеріп, оның халық игілігіне айналар миллиардтарының жемісін тату қажет екенін дәлелдеу одан да қиын. Сәтбаев алғашқы қадамын жоқтан бастады. Ол кезде Жезқазғанның қызғылт-қоңыр жерінде тек жазда ғана пайдаланылатын жалғыз бұрғылау станогы жұмыс істегеніне, барлау ісінің басшылары жер арқасы қиындағы Ленинградта болғанына, осынау аса жауапты іске тиын-тебен дерліктей ғана қаржы бөлінді дегенге қазір сене қою қиын.

Маусымның ортасында бұрын бекітілген жоспар кенет өзгертілген, жұмысты қаржыландыру қысқартылған, смета кесілген кездер де болды. Мысалы, 1933 жылы Түсті металдар басқармасы сметалық соманың тек 0,1 процентін ғана босатты. Сонда да Сәтбаевқа сеніп, оның болашаққа деген шексіз сеніміне еліккен серіктері:

— Ренжіме, Имантаич. Ешқайда кетпейміз, ақша қуып келгеміз жоқ,— деген. Сөйтіп геологтар, бұрғылау шеберлері, қысқасы штаты қысқартылғандардың бәрі қара жұмысшы болып қалды. Жер бедерін топографиялық суретке түсіру ісі де, бұрғылау жұмысы да қысыжазы тоқтаған жоқ. Қымбат тұратын ағаш үйлер тұрғызуға мүмкіндік болмағандықтан Сәтбаев өзіне жастайынан етене болған киіз үйлер тіктірді. Сөйтіп, тәулік бойы бұрынғыдай біреу ғана емес, біртіндеп екі, он, он бес, жиырма жеті бұрғылау станогы жұмыс істейтін болды. Сәтбаев бұрғылаудың жаңа прогресті әдістерін енгізді. Содан соң жұмыс өнімділігі екі есе өсіп, жиырма жеті станок елу төрт станоктың жұмысын атқаратын болды. Табылған кен құрамы да бұрынғыдай мыңдаған шақырым жерде емес, осындағы Сәтбаев ұйымдастырған палатадағы лабораторияда зерттеле бастады. Тіпті болашақ музейдің негізін қалау ісі де қолға алынды. Ал, оның пәлекөр дұшпандары болса, Сәтбаев көзбояушылық жасап жүр, қыста бұрғылау жұмысы жүргізілмейді, деп домалақ арыз жаза бастады. Оны тексеруге келгендер қар жамылған даладан бірде бір жылы баспана көре алмаған соң бұрғылау жұмысы да жүргізілмейді деген тұжырымға келіп қалып еді. Сәтбаев езу тартты да, оларды киіз үйлерге ертіп апарды. Сөйтіп пәле жапқыштар масқара болған.

Құш-көліктің проблемасын айтсаңызшы! Ол кезде автомашиналар мүлдем жеткіліксіз болатын. Сәтбаев кен мен металды тасуға жергілікті халықтан түйе жалдап алуды ұсынды да, өзі сол ойын жүзеге асырды. Бұл қарапайым тапқырлықты іскерлікке теңесе де болғандай. Сәтбаев творчестволық жұмыста ғалымдық деңгейге көтерілді, азамат боп қалыптасты, публицист-жазушы ретінде шыңдалып өсе берді. 1933 жылдың басында ол жеті жүз барлаушы-геологтардың командирі болды, олардың көбісі өз шәкірттері еді. Жаңашыл-ғалым, талантты геолог Сәтбаев жер бедерін зерттеудің прогрессивті комплексті әдісін қолданды. Ол өз туған жерінің қойнауынан мыспен бірге марганец, көмір, алтын, қорғасын, сирек кездесетін металлдар, құрылыс материалдары мен тағы басқа да толып жатқан пайдалы қазба байлықтарын жалықпай барлады.

1935 жылы естіген құлақ сенбестей оқиға болды. Москвадан Түсті металдар бас басқармасының басшылары Жезқазған өңірін барлауға мүлдем қаржы босатылмайтынын хабарлады. Асыл арманның аяқ астында тапталып қалғаны ма? Халық игілігін іркушілердің салтанат құрғаны ма? Жоқ, Қаныш күрессіз жолдан тая алмайды. Ол Москваға аттанды. Онда СССР Ғылым академиясының Үлкен Жезқазған мен Үлкен Алтайдың өндіргіш күштеріне арналған ғылыми сессиясын шақыртып, мазмұнды да маңызды баяндама жасады, еліміздің жетекші ғалымдарынан қолдау тапты. Оның үстіне ол өнеркәсіптің құрыш командармы Серго Орджоникидзенің қабылдауында болып, оған дәуірлік мәні бар кен көзінің ашылғанын айтумен бірге, халық комиссарына құрамында металы аса мол кен сынығын көрсетті. Орджоникидзе мән-жайға жете түсініп, Сәтбаевты қолдап шықты. Сөйтіп істің бет алысы түзелді. Құрғақ уәде бере бермейтін, Ленинның сүйікті серігі Серго Орджоникидзе: «Біз таяу уақытта Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысына кірісуіміз керек. Ол жерде мыс кенінің аса мол қоры бар... Жезқазғанға Қарағандыдан тезірек темір жол тарту керек» деген директива берді. Қаныштың қуанышы қойнына сыйған жоқ. Үлкен Жезқазған үшін арпалыс жылдарының бәрінде Сәтбаев қаламын қолдан түсірмей, публицист ретінде баспасөзде ой толғап отырды.

Оның «Қарсақбай өңірінің болашағы» деген алғашқы мақаласының өзі жарқын да жалынды, әрі ғажайып патриоттық публицистиканың үлгісіндей. Онда құрғақ жаттандылықтың ешбір із-табы жоқ, цифрлар қажетті деген жерде ғана келтіріліп, дәл орнын тауып сөйлеп

тұр. Мақала қарапайым, шабытты, оралымды, қойшыдан бастап академикке дейінгінің бәрі түсінетін тілмен жазылған. Одан патриоттық, халықтық өршіл леп еседі. Қаныш Ұлытау заводының қуатты үні туралы жаза келіп: «бұл жаңғырыққа қуат беруші Ұлытаудың тарихи даңқы, оның орталыққа орналасуы, қазақ халқының білуге құмарлығы, керек десеңіз тіпті оның ән творчествосына табиғи бейімділігі, ал жаңадан туатын әндерде бұрынғыдай сарыуайым мен тарығу үні емес, одан мүлдем өзгеше қуаттылық пен ерлікке толы қуаныш әуезі шарықтайды. Ол жаңарып жаңғырған индустриялы Қазақстан әні болады» деп көрегендікпен тұжырымдаған еді.

Сәтбаев публицистикасының құндылығы оның сөзінің нақтылы іспен астасып жатқандығында. Оның лебіздері жай ғана үгіт, насихат емес, жүзеге асырылып жатқан істің шынайы болмысын бейнелеу құралы.

Сәтбаевтың үлкен Жезқазған жөніндегі публицистикалық мақалалар сюитасына «Атбасар мысының келешегі» деген еңбегін кіргізуге болады. Онда ғылыми тұжырымдар туған халқының тағдыры туралы ойларымен астасып жатады. Ал, «Жезқазған мыс кені ауданы және оның минералдық қорлары» мақаласын мыс, темір, марганец, көмір, алтын, қорғасын, асбест, барит, құрылыс материалдарының алып қоймасы — Жезқазғанның сарқылмас қазынасы туралы ғылыми-публицистикалық поэма деуге болады. М. П. Русаковпен бірлесіп жазған «Жезқазған екінші бесжылдықта» деген еңбегінде: «Үлкен Жезқазғанның жылына 150000 тонна өнім шығаратын бірінші кезегіне қажетті берік кен базасын жасау жөніндегі негізгі міндет жүзеге асты деуге болады» деп нық тұжырым жасалған. «Қазақ ССР-нің Жезқазған өңіріндегі мыс кенінің көзі» деген ғылыми еңбегі үшін Сәтбаевқа Мемлекеттік сыйлық берілді.

Сәтбаев өзінің сүйікті Жезқазғаны туралы қырық алты ғылыми-публицистикалық еңбек жазып бастырды. Қаныштың аса маңызды ғылыми жұмысы, тума таланты, тынымсыз еңбегі сол кездің өзінде-ақ практикант студенттерді ғана емес, сонымен қатар кейін оның шәкірті, ізбасары болған жас ғалымдардың ынта-ықыласын қатты баурап алған еді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология институты ғалымдарының үлкен тобын және басқа оқымыстыларды біріктірген Сәтбаев мектебі ашылды. Мен Сәтбаевпен мамандығы бір геолог және минеролог ғалымдар жөнінде ғана сөз қозғап отырған жоқпын. Сәтбаев советтік формацияның кристалдай шыңдалған ғалымына айналды да, оның принциптері мен жұмыс практикасына басқа мамандықтардағы жас ғалымдар құмартып, шәкірті болып кетті. Сәтбаев мектебі деген ұғым — геологиялық ғылыми мектеп деген ұғымға айналды. «Новый мир» журналының 1973 жылғы 12-саны Владимир Понизовскийдің «Түбегейлі алтын» деген очеркімен ашылды. Ол очерк түгелдей армян ғалымы Самвел Минасович Метевосянның тамаша қызметіне арналған. Сол талантты, еңбегі сіңген ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шәкірті еді. Иркутскінің кен-металлургия институтының студенті болып жүрген кезінде ол қазақ даласына келіп, Сәтбаевтың қарамағында практикадан өтті. Қазақ ғалымы Сәтбаев тек өзінің білімі мен творчестволық еңбегімен ғана емес, сонымен бірге теңдесі жоқ педагогтік өнерімен, жастарға әкелік қамқорлық көрсетуімен Метевосянның жан-жүрегін мәңгілікке баурап алған еді. Қаныш студентті газигіне мінгізіп алып, дала кезіп кететін. Жол-жөнекей ол студентке өз білімін, геологиялық қиын істе жиған-тергенін ақтаратын.

Сол шақтан бастап Метевосян Сәтбаевқа «құлай беріліп» ұстазының бүкіл Жезқазған эпопеясын қалт жібермей қадағалап отырды. Ол Қаныштың Губкин, Обручев, Ферсман сияқты ғұламалардың қызу қолдағанын өз көзімен көрді. Сәтбаевтың ғұмырлық шәкірті, ізбасары болған Метевосян кейінде өзінің Арменияында тұп-тура ұстазының ерлігін қайталады. Метевосян өз өмірін түбегейлі алтын, яғни, жердің қыртысынан қопарылыс арқылы алынатын алтын кенін зерттеуге арнады. Геолог Метевосян кезінде Сәтбаевтың басынан өткен кедергілерді, сенім білдірмеушілерді, дәл сондағыдай қарсыластарды кездестірді. Ұстазын сүйген, ісіне сенген, соған ұқсап баққан Метевосян дәл Сәтбаев сияқты ерлік жасады. (Сәтбаевқа ұқсап Орджоникидзенің өзіне дейін барды), ақыры Арменияда Зод тауынан өмірде кездесе бермейтін геологиялық құбылысты ашты, түбегейлі алтын кенін тапты. Оған дейін ондай кеннің болуын аса беделді ғалымдардың өздері де жоққа шығарып келген еді. Сөйтіп Метевосян Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Ғалым-публицист Сәтбаев көпқырлы дарыны бар, өмірді сүйген, қоғамдық белсенділігі ғаламат адам еді.

Ол бар іске де үлгеретін. Оның сан алуан ауқымды мақсаты болатын. Ойланып жатпай-ақ кез келген бір мысал келтірейікші. Алтышоқы тауының етегінде ерте кезде мыс өндіру ісін зерттеп жүріп, Сәтбаев түсініксіз тілде жазылған жазуы бар кішкене тас пирамидаға кездесті. Ол жазудың бір әрпін қалдырмай қағазға түсіріп алды да, Ленинградтағы «Эрмитажға» жіберді. Көп кешікпей ол жақтан «Эрмитаждың» ғылыми қызметкері Морозов келіп, қымбат қазына ретінде плитаны алып кетті. Артынша-ақ профессор Поппэ жазудың шешуін тауыпты: «Жеті жүз Қара Тоқмал елінде қой жылғы көктемнің ортаңғы айында Тұрана Темірбек Сұлтан екі жүз мың қолмен Тоқтамыс ханның қанын ішіп, өз мерейін асыру үшін жортып келе жатты. Өзіне таныс осы жерге жеткен соң қорған тұрғызды. Құдайдың өзі жар болсын». Сәтбаев Ақсақ Темірдің Жезқазған даласындағы ізін осылай тапты. Қаныш тапқан сол археологиялық ескерткіш әлі күнге дейін «Эрмитажда» көрсетіліп тұрады.

Сәтбаев ән-күйден жаратылғандай жан еді. Ол домбыраны бабына келтіре тартып, өзі көп білетін қазақтың халық әндерін сүйсіне айтатын.

Белгілі этнограф, әрі музыкант Александр Викторович Затаевич қазақтың көптеген халық әндері мен күйлерін жиып-тергені белгілі. Ол жарыққа шығарған «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» (Орынбор, 1925 жыл), «Қазақ әндері» (Москва, 1929) және «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» (Алматы, 1931 жыл) деген жинақтар М. Горький мен Р. Ролланды таң-тамаша етті. А. В. Затаевич қазақтың жиырма бес халық әнін (сөзі мен әні) Қаныш домбыраға қосып ғажайып әуезділікпен айтқан кезде жазып алған. «Қаныш Сәтбаев,— деп тебірене жазды «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» жинағында А. В. Затаевич.— Томск технология институтынан білім алған жас қазақ инженері, Баянауыл әндерінің тамаша білгірі әрі ғажайып орындаушысы, ол осы жинаққа әуен ырғағы жөнінен ғана емес, текстерінен де мол мағлұмат берді».

«Қайта дамыған қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті» деген мақаласында Сәтбаев өз халқын мақтаныш тұтып, су құбырлары, кітапханасы бар қазақтың мәдени қалалары (Отырар, Тараз, Сығанақ т. б.) болғанын, оларды Шыңғысхан шапқыншылары мен Жоңғарлар күйреткенін баяндайды. Сол сияқты егіншілік

пен қара және түсті металдарды өңдеу ісінің дамығанын да сүйсіне сипаттайды. Ол әсіресе қазақтың мол фольклорында тамаша поэзиясы мен әуезді музыкасында махаббат, достық және қаһармандық лебі есіп тұратындығын ерекше атап өтеді.

Қаныш Имантайұлы «Қазақстанның ұлттық театры хақында» деген мақаласы арқылы қазақ өнерінің — театры мен музыкасының білгірі, тамаша публицист екенін танытты. Ол дарынды көркемөнерпаздар құрған қазақтың ұлттық театрын шаттана мақтан тұтты. Мақалада 1927 жылғы 13 январьда ұлттық театрда болған концертке нақтылы да терең баға берілген. Сәтбаев атақты әнші Әміре Қашаубаев (Парижде өткен Халықаралық этнографиялық концертте екінші орын алған) орындаған әндерге аса жоғары баға берді, әсіресе ғаламат шеберлікпен қалықтаған «Қанапия», «Жанбота» әндерін ерекше атап өтті. Ол осы мақаласында «Қанапия» әнінің шығу тарихынан қысқаша мағлұмат берген. Бұл әнді Қанапия батыр өзінің үзеңгілес достары озбырлардан жазықсыз жапа шеккен кезде абақтының аузында отырып шығарған екен. Осы орайда Қаныш Әміренің соншалықты тамаша әнді шолақ қайырғанына сын айтады. Сәтбаев ақын Иса Байзақовтың ән мен жырды сұрапыл екпінмен төгіп-төгіп жіберетін ғажайып талантына жан толқытарлықтай баға берді. Ол Құрманбек Жандарбеков пен Қалыбек Қуанышбаевтың көркем шығарма оқығанына және Мұхаммедидің би өнеріне сүйініш білдірді. Көркемөнерді терең түсінетін тамаша талғамы бар Сәтбаев өнерпаздардың алдына халық музыкасының сарқылмас мол қазынасын шеберлікпен игеру жөнінде ауыр да абыройлы талап қойды. Жас театрға шынайы достық тілегін айта келіп, өнер шеберлері қазақтың қанына сіңген халықтың әзіл-оспақ, сын-сықағын игеріп, көркемөнер көгіне өрлей беруге тілек білдірді. Театр тарихын жете біліп, музыка мен сахна негіздерін нәзіктікпен түсінетін публицист Сәтбаев Халық ағарту комиссариаты мен театр басшыларын тума дарындылары бар қазақтың сахна өнерін Европаның, әсіресе, орыс мәдениетінің таңдаулы үлгілерін игере отырып, профессионалдық биік сатыға көтеруге шақырды. Сол кездегі жас Сәтбаевтың өз мамандығына жатпайтын ғылым — өнер саласындағы кемел тұжырымдарына қайран қалмасқа шара жоқ. Егер мен сол кезде қазақ арасында дәл сон-

дай театр мен музыка білгірі болған жоқ десем қателесе қоймаймын деп ойлаймын. Сәтбаевтың осы тамаша мақалада айтқан тұжырымдары өскелең биікке өрлеу жөнінде жарқын сенімге толы еді. Сондықтан ондағы айшықты ойлар дарынды жас режиссер Жұмат Шанинді қанаттандырып, театр дүниесіне қанат қақтырды.

Ең ғажабы Сәтбаевтың театр мен музыка өміріне арналған публицистикасы оның ғылым саласындағы тиянақты да табысты жұмысымен астасып отырды. Мен Сәтбаевтың Үлкен Жезқазған үшін жүргізген күресін зор жеңіспен аяқтауға мүмкіндік берген сол кездегі бүкіл ғылыми қызметіне толық баға бере алмаймын.

Менің алдымда тамаша көркемделіп шығарылған «Академик Қ. И. Сәтбаев» деп аталатын естеліктер жинағы жатыр. («Ғылым» баспасы, 1965 ж.) Бұл кітапты отыз жеті адам — Сәтбаевтың мамандығы бір қызметтес жолдастары, шәкірттері жазған. Олар Сәтбаевтың Қазақстан, Совет Одағы және бүкіл адамзат ғылымына қандайлық үлес қосқанын білгірлікпен, ғылыми ақиқаттылықпен зор сүйінішпен баяндайды. Ол— ешкім ортақтаса алмайтын жеке-дара салмақты үлес еді.

Сәтбаев тек ғалым ғана, ғылыми асыл қазыналардың жасампазы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге ол ғылыми жұмыстарды ешқашан қажымай ұйымдастырушы, ғылыми кадрларды тәрбиелеп, топтастырушы болды. Ғылым қайраткері ретінде ол Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атанды. Мен оның ғұламалығы мен публицистік дарынының тұтасып жатқандығын аңғартарлық сөздерін келтіргім келеді.

«Қазақстан жері кең-байтақ,— деген еді Сәтбаев.— Оның көлемі Австралияның тең жартысына жуық. Қазақстан картасының барлық сала бойынша ерекше маңызы бар. Біздің геологтарымыз қазба байлықтарының аса маңызды тұнбаларының картасын жасады. Гидрогеологтар мен гидрологтар жер бетіндегі және жер астындағы су көздерін зерттеп картаға түсірді. Топырақ зерттеушілер жер қыртысының картасын жасады. Зоологтар құс пен аң мекендерін зерттеп, қоныс аудару құбылысын анықтады. Тұнып тұрған тұтас бір дүние есік ашқандай! Өйткені Қазақстан өзінің табиғи байлықтары жөнінен таңғажайып ел іспетті. Жер қыртысын сөз еткенде біз әдетте қара топырақты, құрғақ топырақты, құмдауыт даланы елестетеміз. Ал, Қазақстанда қаратопырақты жерден басқа сұрғылт топырақты, қызғылт топырақты, күрең және сары топырақты жерлер де бар ғой. Қазақ әндері де дәл сол сияқты. Әр алуан, қара, сұрғылт, ақ, сары қызыл түспен құлпыра құбылып тұрады».

Геолог Сәтбаев ауқымы кең алымды адам ретінде тап бір тағдырдың өзі бар істің ұйтқысы, ұйымдастырушы, барлық ғылым салаларының жетекшісі етіп жаратқандай боп, бүкіл ғылымды бір көзқараспен қамтыды. «Отызыншы жылдардың басында,— деген еді Сәтбаев,— менің геолог-зерттеушілік қадамым алғаш басталған кезде Қазақстандағы ғылым жаңа ғана бой көрсете бастаған еді. Сонда біз сияқты жас жер бедерін барлаушылар ғылымның болашағын қол жетпес асқар шыңдай сезінетінбіз». Ол шыңға тек қыран қанаттылар ғана жете алатын еді. Қазақстан тарихында көш бастаушысы Сәтбаев болған геология барлық ғылымның алдыңғы сапында жүріп дамыды.

1938 жылы Қазақстанда СССР Ғылым академиясының филиалы ашылды.

1941 жылы Сәтбаев СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Президиумы председателінің орынбасары, ал 1942 жылдан председателі болды. Сол кезде өз халқының, оның ғылыми қауымының атынан Қаныш Имантайұлы айтқан қатал да мақтаныш сезіміне толы сабырлы сөздерді ұмыту еш мүмкін емес:

«Фашистердің басына күнде жай оғындай болып жауып жатқан қорғасынның оннан тоғыз бөлігі бізде өндірілетіні бәріңізге айғақ болсын. Сырт қаптамасы аса берік танкілерді майдангерлер таяуда ғана қабыл алды. Бұл іске де біз қосқан үлес аз емес».

Архив пен музейде Сәтбаевтың қолтаңбасы түскен қағаз — Қазақстан Ғылым академиясын құру қажеттігі туралы Совет үкіметіне жолданған документтің фотокөшірмесі сақталған. Қазақстан Академиясы 1946 жылы құрылды да, оның тұңғыш президенті болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сайланды. Оның бұл қызметінде 1952 жылдан 1955 жылға дейін ғана үзіліс болды да, 1955 жылдан өмірінің ақырына дейін Қазақстан Ғылым академиясының түбегейлі президенті әрі Геология ғылымы институтының директоры болып қызмет атқарды.

Қ. И. Сәтбаевтың 1961 жылы «Литературная газе-

таға» берген интервьюі еске түседі. Оны оқығанда, біріншіден, Сәтбаевтың ғылымның барлық саласынан білімдар екеніне көзіңіз жетеді. Екіншіден, өте қарапайым жан екенін аңғарасыз — ол геология жетістіктерін еріксіз сөз еткенде (өзі ол салаға баға жеткізсіз үлес қосқан) өзі, өзінің еңбектері туралы ләм демейді.

Сол интервьюінде Сәтбаев ядролық физика, кибернетика, биология салаларындағы зор жетістіктер туралы, электр-есептеу машинасының көмегімен ежелгі майя халқының жазуын оқу, ауыл шаруашылық өсімдіктерін будандастыру, мал тұқымын асылдандыру сияқты ғылыми творчествоның әр алуан жетістіктері туралы білімдарлықпен ой қозғады.

«Мен геологпын,— деген еді Сәтбаев.— Сондықтан да мен ең алдымен өзіме етене ғылымның болашағын сөз еткім келеді.

Геология ғылымының алдында аса зор міндеттер тұр. Әсіресе еліміздің минералдық байлықтарын зерттеу ісі ерекше жауапкершілік жүктейді. Біз еліміздің практикалық ісімізді күрделі теориялық зерттеулерден бөле-жара алмаймыз. Мәселен қазір геология мен космосты зерттеудің арасында белгілі бір мөлшерде байланыс болатыны айқындалып отыр.

Таяуда біз Айдың көрінбейтін жағының торфологиясымен, оның тауларымен және кратерлерімен таныстық. Радиоастрономия бізге космос денелерінің радиосәулеленуі туралы жаңа деректер мен космос кеңістігіндегі еркін материя жөнінде тың мағлұматтар беруде. Ақыры біз Венераны тікелей зерттеу ісіне кірістік. Мұның өзі біздің Жер туралы білімімізді кеңейте түсетін орасан мол нақтылы материалдар береді».

Оның атақ-дәрежелері, қызметтері, наградалары тығыз жазылған тоғыз бет қағазды алып жатыр. Олардың арасында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, геология-минералогия ғылымының докторы, СССР Халық Комиссарлар Советі жанындағы геология істері жөніндегі комиссияның мүшесі, СССР Ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің мүшесі, профессор, КПСС XX съезінің делегаты, Азия мен Африка елдері ынтымағы Советтік Комитетінің мүшесі, Дүние жүзілік металлургиялық карта жөніндегі Советтік Комиссияның мүшесі, СССР парламент тобының мүшесі, КПСС XXI съезінің делегаты, СССР Ғылым

академиясының президиум мүшесі, КПСС XXII съезінің делегаты, СССР ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік Комитеті ғылыми Советінің мүшесі, СССР Министрлер Советінің ғылым мен техника саласы бойынша Лениндік сыйлықтар Комитетінің Президиум мүшесі, төрт Ленин орденінің кавалері және басқа да толып жатқан құрметті атаққа ие болды.

Қысқасы ол ғылыми, партиялық, мемлекеттік, қоғамдық қайраткер дәрежесіне көтерілген дарынды да даңқты азамат атанды. Оның үстіне қазақша да, орысша да қалам сілтеген, әсіресе, орыс тілінде көбірек жазған Қазақстанның таңдаулы публицистерінің бірі болды. Әлі есімде: Москвада СССР Жоғарғы Советінің сессиясына Сәтбаев басшылық етіп отырғанда біз, қазақтар «біздің Қаныш!»— деп мерейіміз өсіп отырған едік.

Сәтбаев пен Әуезов жастайынан достасып өсті. Өзінің жан досы Әуезовті ақырғы сапарға аттандырып тұрған азалы шақта ғалым-публицист Сәтбаев Мұқаңның «Абай жолы» эпопеясы туралы біз, қазақ жазушылары мен сыншылары айта алмаған шынайы да салмақты, тұжырымды да ұтымды ой ұшқындатты.

С. Р. Рафиков

АҚАДЕМИК Қ. СӘТБАЕВ ТУРАЛЫ СЫР

Соңғы 40—45 жыл ішінде мен көптеген советтік және шетелдік аса көрнекті ғалымдармен таныстым. Солардың кейбіреуімен кездесу мәңгі ұмытылмақ емес. Әсіресе Қаныш Имантайұлы туралы жарқын әсерлер осы күнге дейін есімде сақталып қалды, өйткені онымен он жылдан астам уақыт бойы араласу сол бір ірі, ақылды да ақжарқын адамды жан-жақты үлкен ғалым ретінде де, аса көрнекті ұйымдастырушы және мемлекет қайраткері ретінде де жақыннан білуіме мүмкіндік берді.

Қаныш Имантайұлымен алғашқы кездесуім мен үшін еңбір қиын жағдайда өткен еді. Ұлы Отан соғысынан кейін денсаулығым бірден нашарлап, дәрігерлер менің Қырымға немесе Орта Азияға дереу аттанып кетуімді талап етті. И. Н. Назаровтың докторанты И. Н. Әзірбаев (кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі) бұл туралы естіп, маған Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті академик Қ. И. Сәтбаевпен кездесуді ұсынды. Сөйтіп онымен бірінші рет осыдан 30 жыл бұрын «Москва» мейманханасында, Қаныш Имантайұлы СССР Жоғарғы Советінің сессиясына келіп жатқанында кездестім.

«Алғашқы алған әсерің алдамайды» деген сөз кейде дұрыс та сияқты. Қаныш Имантайұлы өзінің еңселі де үлкен басты, қалың бұйра шашты, аса жайдары ақ жүзді сырт пішінімен және әсем күлкісімен-ақ мені бірден баурап әкетті. Көмекшісі мені кабинетіне ертіп кіргенде ол жазу столының басында аумақты блокнотына қарындашпен ұсақ әдемі әріптермен әлденені жазып отыр екен. Менің ойыма бірден мынадай ассоциация келе қалды: менің ұстазым академик А. Е. Арбузов та тап осылай қарындашпен мақалалары мен баяндамаларын айқын да әдемі етіп жазып отырушы еді-ау. Мүмкін осы ұқсастық та менің Қаныш Имантайұлын одан сайын ұната түсуіме әсер еткен шығар, әйтеуір біз өте тез жұмыс бабын әңгімелесуге көшіп кеттік.

Қаныш Имантайұлы мұнай-химиялық синтез және полимерлер алу үшін Ембі мұнайын зерттеуді ұйымдастырудың пайдасы туралы дәлелді деректер келтіріп, көп кешікпей жоғары молекулярлық қосындылар химиясы мен полимерлер өнеркәсібі лайықты орын алатын Қазақстанда химия дамуының болашағын сипаттап берді. Қаныш Имантайұлының алдағыны болжай біліп, ғылымның жекелеген салаларының, оның ішінде өз мамандығынан алыс жатқан салаларының атқарар ролін дұрыс бағалайтын қабілеті мен көзқарасының ауқымдылығы мені осы күнге дейін қайран қалдыруда.

Біздің алғашқы әңгімеміздің барысында-ақ мен мұндай ғалымның қоластында жұмыс істеу үлкен бақыт екенін аңғардым. Біз өзара жылдам түсіністік, сол арада мен Қаныш Имантайұлының қаламен, институтпен және жұмыс, тұрмыс жағдайларымен танысу үшін Алматыға ерте кеткісі келген ұсынысын қуана қабылдадым.

Ол жылдары екі астана арасында сенімді әуе қатынасы әлі жоқ-ты, ал, поездар Москвадан Алматыға дейін 5 тәулік бойы жүріп баратын. Бірақ мен жолға кетірген күндеріме өкінбедім, қайта Қаныш Имантайұлымен ғылыми, ғылыми ұйымдастыру және басқа тақырыптарда әңгімелескен қызықты сәттерімді қанағаттана еске алып жүрем. Бұл әңгімелер менің Қаныш Имантайұлы туралы алғашқы алған әсерлерімді жоққа шығара алмады. Мен оның ақылдылығына, әдептілігіне, талантына және ғылымды, мәдениетті, экономиканы дамыту міндеттеріне мемлекеттік тұрғыдан қарай алатындығына таңдана бердім. Сол кезде Қаныш Имантайұлынан алған сабақтарым менің қиын, санқырлы жұмысымда әлі де көмектесіп келеді.

Мен Қаныш Имантайұлының ерекше аққөңіл, сергек адам ретіндегі кейбір қылықтарын да көргенім бар. Мынадай екі жағдайды ғана айтып өтейін. Ол кезде поездар үлкен станцияларда 20—25 минут тоқтап тұратын. Қаныш Имантайұлы екеуміз серуендеу үшін перронға шығамыз. Июнь айының бас кезі еді. Бүкіл жол бойына ауа райы жақсы болды. Орал станциясына жетіп, әдеттегідей сыртқа шықтық. Кенет алдымыздан үсті алба-жұлба (соғыстың жаңа аяқталған кезі ғой) бір бала шыға келді де, бір саусағын шошайтып, «аға!» деп Қаныш Имантайұлына қадала қалды. Ол баланың бір сом ақша сұрап тұрғанын түсіне қойды. Қаныш Имантайұлы тоқтап, қалтасынан толық бір бума үш сомдықтарды алып шығып, жайдары күліп, бір қағазын баланың қолына ұстатты. Бала ақшаны ала сала вагон астына сүңгіп кетті. Бірақ ол келесі үлкен станциялардың бәрінде де біздің алдымыздан шығуын қоймады, қайта қасына бірте-бірте өзі сияқты албажұлба балаларды көбірек ерте келіп жүрді. Станция сайын Қаныш Имантайұлы күле жүріп ақша үлестірумен айналысатын болды. Сапарымыз аяқталар кезде жаңағы бір бума ақшадан ештеңе қалған жоқ.

Екінші жағдай Қаныш Имантайұлының ерекше аңғарғыштығын және адамдарға деген сезімталдығын көрсетпек. Бұрын жүріп әдеттенбеген адамға Ақтөбеден Түркістанға дейінгі құлазыған жапан дала арқылы, оңтүстікке қарай жүре түскен сайын қиырсыз құмды белдеулене беретін шөлде үш тәулік бойы сапар шегу тіпті де оңай емес. Мұндай жағдайда адамды көңіл жұтаңдығынан, әрине, сапарлас келе жатқандардың жан-

ға жайлы әңгімесі құтқармақ. Мен Қаныш Имантайұлынан бөлек купеде, Қазақстан Ғылым академиясының бір қызметкерімен бірге, ал, академик өзінің көмекшісімен бірге келе жатқанбыз. Үшінші күні кешке қарай менің көңіл күйім бұзыла бастағанын байқаған Қаныш Имантайұлы өзінің көмекшісі — Сұлтан деген жігітті жіберіп, менің неліктен көңілсіз отырғанымды түсінетінін, таң атқанша шыдай тұруым керек екенін, ал, ертеңгісін таулар мен гүлді алқаптар көріне бастайтынын және Қазақстандағы ғалымдардың бәрі менің купелес көршім тәрізді жалықтырғыш емес екенін айтқызды. Шынында да, келесі күні бізге тамаша тау шыңдары мен гүл жамылған алқаптар көріне бастады.

Мен Алматыда 10 күн болып, Ғылым академиясының ғылыми мекемелерімен, жоғары білімді мамандар жұмыс істейтін институттарымен таныстым. Қай жерге барсам да Қаныш Имантайұлының қамқор қолы сезіліп тұрды. Ол аз уақыт ішінде көптеген әйгілі ғалымдарды — геологтарды, химиктерді, биологтарды, тағы басқаларын жас Академияда жұмыс істеуге тарта білген екен. Қаныш Имантайұлының көрегендігі, оның еліміздегі жетекші ғалымдарды Қазақстанда жұмыс істеуге тарту мәселелерінде дұрыс ұстанған стратегиясы әрі қарай жергілікті талантты жастардан жоғары білімді мамандарды көптеп даярлауды қамтамасыз етті. Қазіргі кезде Қазақстан Ғылым академиясында 200-дей ғылым докторы жұмыс істейді, олардың басым көпшілігі соңғы отыз жыл ішінде даярланғандар.

Сәтбаев «шақыруындағы» ғалымдар жетекші ғылыми бағыттарды басқара, өз шәкірттерімен және ізбасарларымен Қазақстан ғалымдарының қатарын толықтыра отырып, одан әрі ойдағыдай қызмет етіп жүр.

Алматының климат жағдайы денсаулығыма сай келгендіктен әрі Қаныш Имантайұлы сияқты ғалым адам басқарған коллективте жұмыс істеу перспективасы өзімді толық қанағаттандырғандықтан, мен Химия ғылыми институтының мұнай лабораториясын басқаруға келісім бердім. Келесі жылы біз Алматыға біржола көшіп келдік. Қаныш Имантайұлының болжамдарына толық сай және оның инициативасымен мұнай лабораториясы негізінде 1962 жылы жоғары молекулалық қосындылар бөлімі ұйымдастырылды. Менің творчестволық ойларым мен өмірімнің ең таңдаулы жылдарым

осы бөліммен байланысты өтіп келеді. Бөлімнің негізгі ғылыми бағыттарын бүгінде менің шәкірттерім басқаруда. Осы айтқандарымның бәрі Қаныш Имантайұлының көрегендік кадрлар даярлау саясатының бір мысалы ғана. Мұндай талай ондаған мысалдарды келтіре беруге болады.

Қаныш Имантайұлы ірі ғалым және мемлекет қайраткері ретінде Қазақстанды экономикалық-әлеуметтік өркендетудің ұзақ мерзімді болжамдарына ерекше маңыз беріп отырды. Ол республиканың, облыстардың партия және совет органдарымен, сондай-ақ одақтық министрліктермен тығыз байланыс жасай отырып, 1948-60 жылдары Қазақстанның барлық экономикалық аймақтарында Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессияларын ұйымдастырды. Мұндай сессиялар өткізілер қарсаңда, әдетте, аймақты өркендетудің ұзақ перспективасын, 20-25 жылды көздейтін комплексті жоспар жасау жөнінде зор әзірлік жұмыстары жүргізілетін. Бұл жұмысқа Академия мен жоғары оқу орындарының әр түрлі мамандықтағы жетекші ғалымдары мен республика мемлекеттік жоспарлау комитетінің қызметкерлері қатыстырылып, Қ. И. Сәтбаевтың басқаруымен комплексті болжам жоспардың теңестірілген нобайы белгіленетін-ді. Көшпелі сессияларда мамандардың, партия, совет органдары басшыларының кеңінен қатысуымен жоспардың негізгі тұжырымдары егжей-тегжейлі талқыланатын. Көшпелі сессиялардың материалдары мен шешімдері бесжылдық жоспарлар, республика өнеркәсібінің негізгі тараптарын қалыптастыру жоспарларын жасағанда осы уақытқа дейін бағалы көздер болып табылады. Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан тораптарының, Ертіс-орталық Қазақстан каналының және көптеген басқаларының нобайлары 50-інші жылдары жасалған болатын.

Ғылым академиясы көшпелі сессияларының аралықтарында Қаныш Имантайұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметінің тапсырмасы бойынша экономиканың жеке салаларын өркендетудің ғылыми болжамдарын жасауды ұйымдастырды. Бұл жұмыстар әдетте мемлекеттік жоспарлау комитетінде, немесе республиканың Министрлер Советінде талқыланбақ баяндамалар әзірлеумен аяқталатын.

Ал, кейде ол Одақтық үкімет қаулысының жобасын әзірлеуге дейін баратын еді.

Мысал үшін үкіметтің Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамыту жөнінде 1953 жылы қабылдаған қаулысын алайық. Бұл қаулының жүзеге асырылуы Маңқыстау түбегіндегі геологиялық ізтестіру және геологиялық барлау жұмыстарын дер кезінде өрістетуді қамтамасыз етті, мұның өзі Қазақстанның мол мұнайын ашуға жеткізді. Түбектегі негізгі кен көздерін ашушы авторлар арасында Қ. И. Сәтбаев есімі жоқ бола тұрса да 50-інші жылдардың басында Қаныш Имантайұлының басқаруымен жасалған жоспарлар мен жобаларда «Өзен», «Жетібай» тәрізді жерлер неғұрлым перспективалы кен көздері ретінде аталып жүрді. Бұл — Қаныш Имантайұлы көзге түсе бермесе де, белсене қатысқан Қазақстан экономикасының тек бір ғана саласы. Ал, түсті және қара металлургия, фосфор тыңайтқыштары өнер кәсібі, тағы басқа салалар Қ. И. Сәтбаевтың бұдан да зор белсенді, тікелей қатысуымен дамытылды.

Қаныш Имантайұлы ғалым ретінде санқырлы болатын. Ол қазіргі кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының геология және гидрогеология институттарында барынша әр түрлі бағыттарда жұмыс істеп жүрген Қазақстан геологтарының жаппай танылған жетекшісі болды. Өзінің аса жұмыс бастылығына қарамастан Қаныш Имантайұлы ғылымның басқа салаларындағы комплексті зерттеулерді де ұйымдастырып, басқаруға уақыт таба білді. Бұған оның жан-жақты білімдарлығы, ғылыми зерттеулердің методологиясын тамаша меңгергені жәрдемдесті. Қаныш Имантайұлының аса маңызды нақты ғылыми жұмыстарға пәрменді ықпал жасай алғанына өзім білетін бірнеше мысал келтіре кеткім келеді.

50-інші жылдардың басында ірі ғалым — микробиолог Д. А. Новогрудский Іле Алатауы топырағынан антибиотиктерді күшейтетін, потогенді бактериялардың көптеген түрлеріне, оның ішінде малға қауіпті ауруларды қоздырғыштарға қарсы белсенді әрекет жасайтын актиномицеттің жаңа түрін тапты. Бұл жаңалықтың малшылар үшін өте маңызды екендігін ескерген Қаныш Имантайұлы микробиологтерден, химиктерден және клиницистерден творчестволық бригада ұйымдастырып, бригаданың жұмысын тікелей қажетті арнамен

бағыттап отырды. Бұл үшін өзінің кабинетінде апта сайын семинар өткізіп, онда апта ішіндегі жұмыс қорытындыларын талқылап, зерттеу жұмыстарының нақты жолдарын белгілеп отырды. Ол басқарған іс жылдам алға басып, қысқа уақыт ішінде жаңа антибиотиктерді күшейтетін, бөліп шығаратын және тазартатын ғылыми негіздер жасалды, оның құрылымы анықталды. Бізді, бригадаға қатысушыларды, Қаныш Имантайұлының өзіне мүлдем «жат» салада жылдам бағыт тауып, қиын мәселелерде дұрыс шешім қабылдайтыны әрқашан таңдандырушы еді.

Бұдан 25 жыл бұрын, елімізде мұнай мен газ өндіруді шұғыл арттыру белгіленген кезде труба құбыры транспортының мәселесі ең прогресті транспорт ретінде кеңінен қойылды. Алайда, қолданылып жүрген Гурьев—Орск магистральдық мұнай құбырының пайдаланылуы тәжірибесі сортаң топырақты жерлерде трубалар 5 жылдан артыққа шыдамайтынын, ал, оларды жөндеу орасан көп қаржы мен күш-жігер жұмсауды қажет ететінін көрсетті. Біз білетін әдістер (битумды изоляция мен катодты қорғау) онша тиімді емес-ті.

Қаныш Имантайұлы болашақта труба құбырын қолдану перспективасына ерекше маңыз бере отырып, біздің алдымызға труба құбыры коррозиясының механизмі мен себептерін анықтап, оны қорғаудың тиімді шараларын жасау жөнінде нақты міндет қойды. Қаныш Имантайұлы тарапынан зор көмек көрсетілуі нәтижесінде өте қысқа кезең ішінде жерасты коммуникациясын сенімді қорғаудың ғылыми негіздері жасалып, 1953 жылдың өзінде-ақ мұнай құбырында алға қойған міндеттің дұрыстығын дәлелдеген тәжірибелік өндірістік учаскелері құрылды. Бүгінде біз Қаныш Имантайұлының нұсқауы бойынша алған бағытымыз дұрыс болды деп батыл айта аламыз.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Химия ғылыми институтының, СССР Ғылым академиясы Башқұрт филиалы химия институтының және Уфа қаласындағы «ВНИИСТПТ» нефтің» бірлескен күш-жігерімен елімізде бүкіл амортизациялық мерзім бойына жер асты труба құбырларын сенімді қорғай алатын «пластобит» үлгісіндегі изоляциялық материалдардың жаңа түрі жасалып, өндіріске енгізілді. Магистралдық труба құбырының қазіргі қолданылу мөлшерінде ол еліміз бо-

йынша жүздеген миллион сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

Мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болар еді, солардың бәрі де бізде Қ. И. Сәтбаев сынды бүгінгі күннің ғылымы мен техникасының толып жатқан жетістіктерінде елеулі із қалдырған аса көрнекті ғалым әрі ұйымдастырушы болғанын, ол өзінің бар күшін, қабілеті мен білімін Қазақстан ғылымының, мәдениеті мен экономикасының гүлденуіне жұмсағанын дәлелдер еді.

Қаныш Имантайұлымен ұзақ уақыт бірге жұмыс істеу бақытына ие болған көптеген адамдар сияқты, мен де ол айтқан ақыл-кеңестерді алғыс сезіммен еске алып отырамын. Оның көзі тірісінде, зор көмегіне сүйеніп Қазақстанда жоғары молекулярлық қосындылар мен каталиттік синтез саласында тиімді жұмыс істеп жатқан ғылыми мектеп құра алдық. Кейін үлкен ғылыми коллективті басқара жүріп те мен әрқашан Қаныш Имантайұлы бойымызға сіңірген — негізгі материалдық және адам ресурстарын ғылымның шешуші бағыттарына шоғырландыру, іргелі терең зерттеулерді елімізді экономикалық және әлеуметтік өркендетудің қажеттерімен шебер ұштастырып отыру, ғылыми кадрларды қамқорлыққа алу, ғылым мен коллектив мүдделерін арқау етіп өмір сүру принциптерін қолданып келемін.

Н. Оңдасынов

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің шешіміне сәйкес 1938 жылдың июнь айында мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советіне қызметке орналастым. Ол кезең — елді индустрияландыру жөніндегі алғашқы бесжылдықтардың артығымен орындалып, ауыл шаруашылығын коллективтендіру істері аяқталып, халықтың тұрмысы әжептәуір жақсарған кезі еді. Бұл жағдай үшінші бесжылдықты күрделі істер тындыруға даңғыл жол ашты. Оны қалтқысыз орындап шығуға совет

халқы зор ықыласымен, қажырлы еңбегімен іске кіріскен-ді.

Үшінші бесжылдықта еліміздің шығыс аудандарының өркендеуіне айрықша көңіл аударылған. Қазақстанның үлесіне бұрын-соңды болмаған міндеттер жүктелген.

Ұлан-байтақ Қазақстанның көп салалы халық шаруашылығымен, мәдениетімен, өнерімен толығырақ танысуға бір-екі жылдай уақыт кетті. «Ойдан ой туады» дегендей, бұдан республиканың алдында тұрған алып істерді мүлтіксіз атқару үшін алдымен ғалымдарға, білгіш мамандарға, қолдарынан өнер тамған сауатты қалың бұқараға сүйену қажет екені байқалды.

Ол кезде Қазақстан мұндай кадрларға өте мұқтаж еді. Осы мәселелерді тездетіп шешу, алдымен ғылымды ұйымдастыру қамын ойлау қажет болды. Бұрын орман шаруашылығы саласында істеп жүрген кезімде баспа беттерінен геолог Қ. Сәтбаевтың бірнеше мақалаларын оқығаным бар-ды, сол есіме түсе кетті. Сұрастырып қарасам, ол кісі Жезқазғанда болып шықты.

Ол кезде темір жолмен жүрушілерге Жезқазған Алматыдан гөрі Москваға жақынырақ болатын. Сәті келіп 1941 жылдың бас кезінде Қанекеңмен алғаш рет Москвада кездестік. Көп сөйлестік. Оның үлкен маман екені қатты әсер еткен еді...

Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастыруға қажетті дайындықтар жүргізу үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары советінің қаулысымен үкімет комиссиясы құрылды. Оның председателі орынбасарларының бірі болып Қанекең тағайындалды. Қазақстанның басшы органдары Комиссияға аса қиын, бірақ игілікті міндеттер жүктеді.

Қазақстан үкіметі жоғарыда айтылған күрделі шараларды іске асыруда еш нәрсе аяған жоқ, қаражат керегінше тоқтаусыз беріліп тұрды. Сол кездегі мүмкіншіліктің тапшылығына қарамастан жаңадан ашылған ғылым ұяларына тиісті қамқорлық көрсетіліп отырды. Еліміздің белгілі архитекторы А. В. Шусевтің басқаруымен осы күнгі Қазақ ССР Ғылым академиясының бас ғимаратының жобасы жасала басталды.

Комиссия өзінің барлық жұмыстарын СССР Ғылым академиясымен ақылдаса отырып жүргізді. Ұлттық ғылыми кадрларды тәрбиелеуде, Қазақстан Ғылым ака-

демиясын құру істерінде, оның жұмысын жолға қоюда СССР Ғылым академиясының орны айрықша. Осы істердің басынан аяғына дейін оның сол кездегі президенті В. Л. Комаров, вице-президенті И. П. Бардин, академиктері И. И. Мещанинов, А. М. Панкратова, тағы басқалары, тікелей қатынасып отырды. Соғыс жылдары бұл байланыс бұрынғыдан да нығая түсті.

СССР Ғылым академиясы президиумы Свердловскіде болғанымен, академиктердің көбісі Қазақстанда — Бурабай мен Алматыда болды. 1942 жылы Бурабайдағы академиктерге сәлем беруге арнайы барып, олардың ғылми-зерттеу жұмыстары жемісті жүріп отыруына қолайлы жағдай жасап, басқа да мұқтаждарын өтеп қайттық. Аса қиын кезеңде ғылымға деген Қазақстанның қамқорлығы жөнінде академиктердің ризалық алғысы олар Москваға қайтар кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақстан үкіметінің аттарына жазған қоштасу хатында жылы сүйінішпен айтылған.

Қазақстанның өндіргіш күштерін мейлінше арттырып, оның байлығын соғыс мұқтаждықтарына кең пайдалану мақсатымен көп салалы аралас комиссиялар құрылды. Олар аса пайдалы жұмыстар атқарды. Комиссиялардың жұмысына Қазақстанның көптеген жас мамандары белсене қатысты. Олар тәжірибе жүзінде үлкен ғалымдардан өнеге алып, тез ысылды.

СССР Ғылым академиясының президенті В. Л. Комаров жыл сайын айлап Қазақстанда болып, Комиссиялардың тапқан жаңалықтарын қорытып, оларды республика басшы органдары арқылы өндіріске енгізу шараларын қолма-қол жүргізіп отырды. Бұл шаралардың сол кезде ғана емес, келешекте те республиканың өндіргіш күштерінің еселеп артуына тигізген ықпалы зор болды.

Ұлы Отан соғысының жеңісіне қосқан айрықша мол үлесі үшін Қазақстан «Отан қоймасы» деген лайықты атаққа ие болды. Бұл жөнінде жариялап тұрды. Қазақстандықтардың жан қиярлық істеріне тәнті болған совет халықтарының, совет жауынгерлерінің Қазақстанға деген сүйіспеншілігі күн сайын арта түсті. Ол ел жүрегіне қосымша күш-қуат қосты.

Қиыншылық үстінде жақындасқанның, достасқанның қадірі айрықша болады екен. Соғыс кезінде Отанның қажеттерін өтеу жолында бір жеңнен қол, бір жа-

ғадан бас шығарып істес болған СССР Ғылым академиясы өзіміздің үйіміздей, оның президенті Владимир Леонтьевич үлкенімізге — аға, кішімізге — ата болып кетті. Олармен жиі кездесіп тұрмасақ, сағынатын болдық.

СССР Ғылым академиясы мен Қазақстан үкіметінің бірнеше жыл іске асырған шаралары республикада ғылым ошағын орнатуға мүмкіндік әкелді. Қазақ ССР Министрлер Советінің Қаулысына сәйкес Алматыда 1946 жылдың 1-ші июнінде үлкен салтанат үстінде қазақ халқының ұзақ тарихында тұңғыш ғылым ордасы — Қазақ ССР Ғылым академиясы ашылды. Сөйтіп халқымыздың бұл ұлы арманы да совет заманында қуанышты орындалды.

СССР Ғылым академиясының Қазақстанда ғылымды дамыту, ол үшін керекті ғылыми кадрлар даярлауға, Республиканың сан алуан байлықтарын жеңіс мүдделеріне толығырақ жұмсауға сіңірген еңбектері өз алдына айрықша әңгіме етуге тұрарлық құбылыс.

Қанекең алдымен үлкен ғалым еді. Оны бұл дәрежеге жеткізген — оның еңбексүйгіштігі мен іздемпаздығы. Ешбір табыс өзінен өзі келмейтінін жақсы білген ғалымның қағидасы —«Бейнетте—береке» болған. Ол алға қойған мақсатына тезірек жету үшін білімді білетіндерден танбай үйренген, үлкен ғалымдарды пір тұтқан, соларға ұқсауға тырысқан. Білмегенін білуге асығу оны дәйім ізденіске әкеліп отырған. Оның барлық әрекеті тек күн көру емес, халқына керек ғылыми жаңалықтар табу жолына бағытталған. «Қанекең жаңалықты жанындай көретін жан еді»,— дейді академик Е. А. Букетов. Осының растығын дәлелдей алатын фактілер аз емес, тек бір ғана мысал.

Қазақстанда мұнай өндіруді мейлінше көбейту және газ көздерін табу мақсатына арналған Гурьевте екі рет жалпы одақтық мағынасы бар кеңес өткізілді. Оларға мұнай мен газға қатысы бар көптеген мамандар мен ғалымдар қатысты. Ғалымдар Жайықтың оң жағында, әсіресе Маңқыстау түбегінде мұнай мен газдың мол қорлары бар екенін ғылыми дәлелдеп берді. Бұл Маңқыстауда үлкен көлемде барлау ісін ұйымдастыруды талап етті. Ол үшін Ембі мұнай бірлестігінің қарамағынан барлау бөлімін алып, оны Қазақ ССР Геология министрлігіне беру керек болды. Осы жөнінде Гурьев облыстық партия комитеті республика басшы

орындарына ұсыныс енгізді. Бұған Бірлестіктің басшылары тікелей қарсы шықты. Бұл — көп жылдық үйреншіктің салдары. Өйткені, осы уақытқа дейін мұнай барлауы Ембінің бойындағы ескі кәсіпшіліктердің төңірегінде жүргізіліп келген-ді. Маңқыстауда зор көлемді барлау жүргізудің қиындықтарын біле тұрып, бірақ оның зор болашағын сезе білген Ғылым академиясы облыстың ұсынысын толық қолдады. Сонымен қатар, бұл жаңа да қиын істі ғылым негізімен жүргізу үшін Гурьевте қолма-қол Мұнай және табиғи тұздар ғылми-зерттеу институтын ашып берді. Бұл — Қанекеңнің көрегендігі еді. Қазір Қазақстан елімізде мұнай мен газ өндіруде қандай орын алатыны баршаға мәлім.

Қанекең Отанымыздың ғылымына өзінің лайықты үлесін қосып кетті. Оның есімі өзіміздің елде ғана емес, көптеген шетелдер ғалымдары арасында кең белгілі еді. Шығыс совет республикаларынан бірінші Ғылым академиясының академигі болды. Бұл қазақ халқына үлкен абырой мен қуаныш әкелді, ғылыммен кеңірек шұғылдануға талпындырды. Сөйтіп, Қанекең совет ғылымының аса көрнекті өкілі ретінде тарихта өзіне тән лайықты орнын алды, халқының өнегелі перзенті болып ұрпақтар есінде мәңгі сақталады!

Қырқыншы жылдардағы бәріміздің арманымыз — республикада үлкен ғылым ордасын орнату, ол үшін қажетті шараларды аянбай қолдану, қолайлы жағдайларды жасау еді.

Қанекең ғалымдығына қоса шебер ұйымдастырушы жан еді. Өкінішке орай, ұйымдастырушылық қабілеті жұрттың бәрінде бола бермейді. Басқаруды қалай ұйымдастыру керек, қалай атқару керек екені жөнінде арнайы оқулық жоқ. Басшылық етудің өзіне тән айырмашылықтары мен қиыншылықтары болады. Басшы болу білгенге — мехнат, білмегенге — қанағат. Нағыз басшының міндеті — қиыры жоқ ұшан-теңіз ел қамы. Осындай ауыр жүкті сүрінбей нысанаға жеткізе алған басшыны ғана халық қадір тұтады.

Қанекең — тіпті басқаша адам еді, оның ұйымдастырушылық қабілеті басқаларда сирек кездесетін құбылыс. Ол бұл қасиетін ғылым басына келгенде бірден көрсетті.

Республикада ғылымның дамуы жоқтан басталғанды. Соған қарамастан бас-аяғы он шақты жылдың ішінде 1946 жылы құрылған Қазақ ССР Ғылым ака-

демиясы елде белгілі білім ордасына айналды. Мұндай ғылым өрісі Октябрьге дейін ешбір елдің тарихында болмаған. Бұған түсіну қиын емес. Шынайы ғылым опонай туындай бермейді. Оны дамытуға жұрттың бәрінің батылдығы, шыдамдылығы жете бермейді. Ғылымды жасай алатын дарындарды мемлекет жан-жақты қолдап, керекті жағдай жасап отырмаса, қанша дарынды болғанымен, ол жеке адамның қолынан келмейді. Социализм және ғылым — біртұтас. Социализм ғана ғылымның жан-жақты қаулап өсуіне жағдай жасайды.

Үнемі ғылыммен шұғылдана жүріп, оған қоса көп уақыт пен жігерлілікті керек ететін басқару қызметті мойынға алу — үлкен ерлік. Қанекеңнің ерлігі соғыс кезінде, одан кейінгі қиын жылдары осындай екі ауыр істі шебер ұштастырып, тілекке сай ол міндеттерін қамтамасыз ете білгендігінде.

Қанекең үшін ғылым — бос мақсат емес. Ғылымның негізгі міндеті — өндіріспен тығыз байланыс жасау арқылы өндіргіш күштерге айналу. Ол үшін ғылым ошақтары болашағы мол өндіріс орындарына жақын жерлерде болуы ескертіліп отырған. Соған сәйкес ғылымды ұйымдастыру істері тек астанамыз Алматының аясында шектеліп қалған жоқ. Өмірдің талабына лайық ғылым ошақтары Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Шымкент, Гурьев басқа да облыстарда қанаттарын кең жайып, есейіп келеді.

Ғылым — шындығымен, халыққа берер жемістілігімен қымбат. Ғылымға осы тұрғыдан қараған Қанекең әрбір ғылыми ұяның ашқан жаңалықтарына қуана отырып, олардың қашан, қалай өндіріске енгізілгенін, мемлекетке қанша пайда келтіргенін таразыға сала отырып, оның жұмысына лайықты баға беретін.

Қанекең жұмыста тынымсыз, беймаза адам еді дегенді оның талай әріптестерінен есіткенім бар-ды. Оның адресіне айтылған бұл «беймазалық» кекесін емес, керісінше, Қанекеңнің әбден іске берілгендігінен туған сүйіспеншілік болатын. Ол бүгін істелетін жұмысты ертеңге қалдырмауға тырысатын, басқалардан да осыны талап ететін.

Сонымен қатар, жұмыстың көлемі арта түскенімен, Қанекең уақыт тауып апта сайын, ең болмағанда ай сайын, Академияның қарамағындағы әрбір мекеме бастығымен өзі тікелей байланысып отырған, оның хал-

жағдайын біліп, мұқтаждарын қолма-қол нақтылы шешіп отыруды бұзылмас әдетке айналдырған.

Қанекеңнің тағы бір айрықша қасиеті — ол өзімен кездескен адамның ықыласын сықыршыдай аударып, айтқан пікірлерінің дұрыстығына тез сендіре алатын. Қанекең жаратылысында — өте алғыр, көздегеніне жетпей қоймайтын, қайда барса да олжасыз, құр қол қайтпайтын адам еді. Ол Академия коллективін жаңа институтпен, жаңа лабораториямен, жаңа қондырғымен, сәтті қорғалған диссертациямен, басқа да базарлықтарымен дәйім қуантып отырған.

Қанекең — ғылымның төңірегіне жанашыр достарды көп жинап, олардың көмектерін кең пайдалана білетін жан еді. Дос дегеннен шығады. Гурьевте 1955 жылға дейін жалғыз геология ғылыми-зерттеу институты болды. Екі-үш жылдың ішінде оның үстіне екі ғылыми-зерттеу және педагогика институттары ашылды. Гурьев шағын қала ғой, сондықтан ол институттарды бірден жан-жақты материалдық жағынан қамтамасыз ету оңайға түскен жоқ. Осы жөнінде Академияда мәселе қаралады. «Мен бұл жерде отырып ештеме істей алмаймын, Гурьевте ғылымның достары отыр, солар арқылы институттардың мұқтаждарын нақтылы шешіп қайтыңдар»,— деп Қанекең Академияның бір топ қызметкерлерін жіберіпті.

Ғылымды ұйымдастыра білген Қанекең үшін үлкенкіші, майда-шүйде мәселе болмаған. Аздан — көп, тамшыдан — теңіз болатынын ешуақытта естен шығармаған. Тарының дәніндей мүмкіншілікті пайдалана білген. «Көп түкірсе көл боладыдан» ебін тауып құрастырып, жамап-жұмап қайткенде де ертелі-кеш ғылымға қажетті жаңа бір шаңырақты көтере білген. Қысқа мерзімде Қазақстанда көп салалы ғылымның тек сан жағынан ғана емес, сапалы қаулап дамуының бір кілті осында.

Қанекеңнің көп жылдар бойы қайнаған халықтың арасында болып, тікелей өндіріспен байланысты жерде қызмет еткені өмірмен кең танысып, халықтың жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне себін тигізді. Оның мол тәжірибесі бекер кеткен жоқ. Көптен көріп, үйренгені оның келешекте де қалың топпен жарасты араласып жүруіне, адамдармен тіл табыса білуіне, басқарған ұйымының мүдделерін аңғартып, келесі жұмыс істеуіне дәнекер болды.

Ғалымның жалынды жас өмірінің көп жылдары Отанның қазба кен байлықтарын мұқият барлауға жұмсалғаны тарихтан мәлім. Ол атқарған істерді сөзбен айтып беру оп-оңай сияқты. Бірақ, ұшы-қиыры жоқ «Кербаланың шөлін» бас-аяғына дейін зерттеп шығу, оның астындағы алуан түрлі байлықтарды ғылым жолымен анықтап қорыту — инемен құдық қазып, шыңыраудан су шығарумен барабар еді десек шындықтан қашық болмаса керек. Оның игілікті еңбектері республика түсті металл мен химия кәсіптерінің шұғыл өркендеуіне, келешекте үлкен қара металлургия орнатуға бағасыз себін тигізді.

Л. Н. Толстойдың есімін әлемге паш еткен «Соғыс және бейбітшілік», М. О. Әуезовтың атын әлемге жайған «Абай жолы» болса, Қанекеңнің үлкен ғалым екенін жариялаған оның Отан үшін аса қымбатты еңбегі —«Үлкен Жезқазған».

Қанекең — жан-жақты ғалым еді. Оның тарихтан да, әдебиеттен де, өнерден де бір шабарлық хабары бар болатын. Ана тіліне, әдебиетке, жарасымды үлесін қосып жүрген, бұдан былай да қосар қабілеті жеткілікті құрметті інілеріміздің бірі менің бір жазбамды оқып шыққаннан кейін, қартайғанда творчестволық іспен шұғылданып жүргенімді мақұлдай келіп: «Сізде ақындық пен музыкалық жағы жетісіңкіремейді екен» дегені барды. Осы әңгіме еске түскен сайын Қанекеңнің домбырашылығы, әншілігі кездейсоқ емес, оның музыкалық қабілеті үлкен дарынның бір қырын сипаттайтын құбылыс екеніне көзің жеткендей боласың. Қысқаша айтқанда, оның көп қырлы дарындылығы Қазақстанда ғылымның барлық салаларының қатар дамуына ықпалын тигізгені сөзсіз.

«Жер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды»,— дейді халық. Ерлер халықтан туады. Ер дегеніміз — халықтың тірегі, қамқоры, қорғаны. Ерлік — ердің ісі, бірақ оның көрінісі — тоқсан түрлі. Біреулер жан қиярлық адал еңбегімен елінің байлығын көбейтеді, біреулер — даналығымен елінің ынтымағын біріктіреді, біреулер — қасық қанын аямай елін қорғайды, біреулер — асқан өнерімен елін зейнеттейді, біреулер — білімдарлығымен елінің мәдениеті мен ғылымын биікке көтереді. Осы тұрғыдан өлшесек Қанекеңнің ғылым арқылы халқына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бұл — өзінше бір үлкен ерлік еді.

Халықтың дарынды перзенттерінің дарындық гүлдері заманының ауа райына қарай бірде құлпыра ашылып, кейде тіпті бас жармай қала береді. Көп ғасырлар бойы тар заманды басынан кешкен қазақ халқының талапты перзенттері, ілуде біреу болмаса, дарындарының жемістерін халқына бере алмай кетті. Бұл орны толмайтын үлкен өкініш еді.

Көсеміміз В. И. Лениннің басшылығымен Россияда жасалған Ұлы Октябрь революциясы атам заманнан бері тұншығып жатқан дарын бұлақтарын ашты, сөйтіп барлық халықтардың мәдени жағынан өркендеп өсуіне кең мүмкіншілік туғызды. Құнарлы совет топырағында бапталған халық дарындарының асыл дәндері Октябрьдің нұрымен нәрленіп, жан-жақты қаулап өсті. Сондай халық дарындарының бірі — Қанекең еді.

Қанекең өндірісте де, ғылымда да үлкен ұйымдастырушы екенін, қоғамдық қайраткер екенін көп жылдық үздіксіз берекелі еңбектерімен тәжірибеде көрсете алды.

Қазақ халқының тарихында Қанекең бірінші рет 1946 жылы құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып, келешек үлкен ғылымның басына келді. Оның содан кейінгі өмірі тікелей осы Академияның жемісті табыстарымен байланысты өтті. Қазақстанның ғылым тарихы мен оның есімін айыру қиын.

Қанекеңнің осыншалық бақыт нұрына бөлене өмір сүруінің, Отанына бағасыз ғылыми еңбектер қалдыра алуының, сөйтіп халқының сүйікімді перзенті ретінде тарихтан өзіне лайықты орынға ие болуының күші, құпиясы неде? Оның ең басты құпиясы — Қанекеңнің дарынына сай, оған деген халықтың, партияның үлкен сенімі мен қолдауында.

Ұрпақтан ұрпақтың асып түсуі, шәкірттің ұстазынан озып шығуы — қоғамның ілгері қарай даму шарты. Қанекең артына талай талапты шәкірттерін қалдырып кетті. Халық Отанның игілігі үшін ұстазының мұраларын әрі қарай жан-жақты сапалы дамытып, ғылымды ойдағыдай байыта алатын озат шәкірттерді молынан күтуде!

Х. Ерғалиев

БЕДЕЛІНДЕЙ ЕЛІМНІҢ БИІК ЕДІ

Қаныш аға Имантайұлымен өмірімде үш-ақ мәрте көрістім. Үшеуі де адамның өңінен гөрі түсіне ұқсап қырайды. Үшіншісін тіпті көрісу емес, бар-жоғы бір минут мегдарында өте шыққан елес десе болардай. Бірақ оның мағынасы көрісуге бергісіздігімен қымбат. Енді осынау шап-шағын естелігімді хроникалық жүйеге түсірейін.

1949 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Үлкен Алтай проблемасы жөніндегі көшпелі сессиясы Өскемен қаласында өтті. Оған Москва, Ленинград, басқа да орталықтардан не бір ірі-ірі оқымыстылар қатысты. Қырыққа жуық баяндама тыңдаған сессия жұмысы бірнеше күнге созылды.

Ол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында еркін очеркист қызметін атқарушы едім. Бәлкім көркем суреттеме жаздыру мақсатын көздеген шығар, әйтеуір, арнаулы тілші етіп редактор бұл сапарға мені жіберді. Ал негізгі міндетім сессия барысынан күн сайын хабар ұйымдастыру болған. «Қазахстанская Правда» газетінен Герман дейтін жігіт барған. Ол да очерк жазғалы шыққан мәдениет бөлімінің бастығы болатын.

Баяндамалар бірінен соң бірі жосылып жүріп берді. Жалпы алғанда олардың күллісі-ақ орыс тілінде жасалып жатты. Бірақ, түгіне түсіну мүмкін емес. Геологтардың өзіндік таза ғылыми термин, сөз тіркестеріне терең-терең бойлап кеткенде бізді мағынасына маңайлатпай қойды. Бір күнім түгелімен босқа кетті. Шаршап-шалдығып, қонақ үйдегі Герман екеуміз жатқан бөлмеге келдім. Енді көршімнен көмек сұрау ғана қалды. Ұзамай ол да келді, қабағы салбырап түсіп кеткен, бөлмеге кіре беріп:

— Слушай, Хамит,— деді, сен мыналардың ұзақты күн сарнаған жарапазандарынан аздап болса да бірдеңе қармап қала алдың ба?

— Сен тұрғанда оны қайтем? Сенің орысшаң да маған жарайды. Қазір өзіңнен көшіріп аламын да, телеграф арқылы сырғыта саламын.

— Ойбай-ау, бұлардікі жөнді орысша болмай шықты ғой. Менің қауашағыма түк те кірмеді. Әлгіде бір академикке тоқ етерін айтып беріңіз дегелі жолшыбай кіріп едім, «көгершінім, менің мыйым да дем алғанды теріс көрмейді»,— дегені.

— Жә, сонда не істейміз? Осы қонақ үйдің буфетінен кофе, айран-шұжыққа тойып алып кері қайтамыз ба?

— Жоқ,— деді ол екі қолымен басын сығымдап отырып,— мен бір жол тапқандаймын. Құдай біледі, пақыршылық жайымызды айтып алдына бара қалсақ, ол кісі бізді қумайды, бізге бір консультант бекітіп береді. Таңертең тұрайық та, Қаныш Имантайұлының вагонына барайық.

Ашық есігіне перде ұстаған Қанекең вагоны — кәдімгі екі бөлмелі үй іспетті; төргісінде жатып, бергісінде, тамақтанып, кісі қабылдайтын секілді. Біз вагонға көтерілетін баспалдақтың түбіне келіп тоқтадық. Аздан кейін ертеңгі аста бірге болған екі-үш қонақ дабырласып сыртқа шықты. «Ал, жүр енді!» деп алдыма салсам, анау бар болғыр баспайды, артымды айнала береді. Тәуекелге бел байлап, баспалдақтан көтеріле бердім де:

— Қаныш аға, вагоныңызға кіруге бола ма?— дедім.

— Әбден болады!— деген өз дауысын естігенде мені бір түрлі арқа, еркіндік билеп алды. Кірген бойда жолдасымды таныстырдым, өзімнің де қызметім мен атыжөнімді білгіздім. Ол кісі бірден-ақ:


— Оу, Хаке, жырлар қалай жүріп жатыр?— деді. Сол бір қас қағым ішінде Қанекеңнің туған күйеу баласы Қайнекей Жармағамбетовтың — менің досымның — бір айтқаны есіме сап ете түскені: «Әдебиеттің кенже баласына дейін мерзімді баспа жүзінен оқып отырады. Сенің «Әке сырың» мен «Үлкен жолыңды» біздің үйден көріп, өз үйіне әкетіп оқыды» дегені барды.

Мен ол кісінің сұрағына «Назарыңызға рақмет, аға!»— дегенді ғана қазақша айттым да, жолдасымды сөзге араластыру үшін кешелі-бері көрген азабымызды орысша жеткіздім. Сол-ақ екен, Герман да зарлай жөнелді. Қанекең әуелі «Біздің тіліміздің сондай автономиясы бар» деп кеңкілдеп күлді.

— Бізге бір консультант бекітіп берсеңіз екен.



Ғазиз (Ғабдұлғазиз) Имантайұлы Сәтбаев — ғалымның туған ағасы.



Оңнан солға қарай: А. Ж. Машанов, Н. Т. Сауранбаев, академик Қ. И. Сәтбаев, Ә. Х. Марғұлан, Р. М. Мұхамеджанова, Ө. О. Оспанов.




Ғалым немере туысқандары арасында.

Академик Қ. И. Сәтбаев.



Академик Қ. И. Сәтбаев жұмыс кабинетінде.





Академик Қ. И. Сәтбаевтың қабірінің басына орнатылған ескерткіш.



Қ. И. Сәтбаев пионерлер арасында.

Москвадағы Революция музейінде академик Қ. И. Сәтбаевқа арналған бұрыш.





СССР Жоғарғы Советінің делегация мүшесі Қ. И. Сәтбаев Англияда бір топ делегаттармен бірге Карл Маркс кабіріне венок қоюда.



Академик Қ. И. Сәтбаев бір топ ғылыми қызметкермен бірге. Оңнан солға қарай, бірінші қатарда: Қ. И. Сәтбаев, Ә. Б. Бектұров, Г. А. Тихов, Ш. Ш. Шокин, Н. Т. Сауранбаев, Екінші қатарда: Ә. Е. Ерғалиев, Ж. С. Ержанов, Ә. Бейсембаев, И. Г. Галузо, Ө. О. Оспанов, В. В. Михайлов.



Қ. И. Сәтбаев жұмыс кабинетінде.



Қ. И. Сәтбаев әскери дайындықта.



Академиктер Қ. И. Сәтбаев пен И. П. Бардин Қазақ ССР Ғылым академиясы көшпелі сессиясының президиумында.

Қ. И. Сәтбаев қыздары, күйеу балалары және немерелерімен бірге.




Италия Коммунистік партиясының Бас секретары Луиджи Лонго мен академик Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясында.






Солдан оңға қарай: академиктер Е. Н. Павловский, Қ .И. Сәтбаев, Тәжік ССР Ғылым академиясының президенті С. Айни, ғалым Б. Ғафуров, жазушы Мирзо-Тұрсын-Заде.



Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясының геологиялық институтының ғылыми қызметкерлерімен бірге. Солдан оңға қарай: Г. Ц. Медоев, Қ. И. Сәтбаев, В. В. Галицкий, Д. Н. Қазанли, М. П. Русаков, Н. Ф. Колотилин, Г. Б. Жилинский, С. К. Калугин.

Вьетнам демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин Қазақ ССР Ғылым академиясында.



Академиктер Д. И. Шербаков пен Қ. И. Сәтбаев.





Қ. И. Сәтбаев энергетик және гидрогеологтармен бірге ғылыми мәслихат үстінде.

— Осы жұрттың бәрі өз жұмыстарымен сабылып жүр. Ешкімді мазаламай-ақ қоялық. Одан да сіздерге сол консультант өзім-ақ болайын. Жо-жоқ, тіпті олай емес. Күнде кешкі мәжілістен кейін үшеуміз осы вагонда бас қосайық. Мен қарапайым халық түсінетін тілмен екеуіңізге жиырма минут диктант жаздырайын. Сосын тыныс белгілерін орын-орындарына өздеріңіз қойып, газеттеріңізге жөнелте беріңіздер. Ал, кешегі күннің репортажын былай деп жазайық. Қәне, қалам, блокноттарыңызды алып, мына стол шетіне отыра қалыңыздар.

Өзін бұлайша пайдалану ұят болатынын айтып көріп едік, «маған сіздерді ризалаудың ең оңай жолы сол» деп, бой бермеді. Сөйтіп біз Қанекеңді күн сайын жиырма минут газет жұмысына жектік. Оның үстіне тағы бір қолайсыз жағдай менің зықымды шығарды. Мен есіктен басымды сұқсам-ақ, Қаныш аға: «Оу, Хаке, келіңіз, келіңіз!»— дейді. Мен не дерге білмей абдыраймын да қаламын. Ақыры соңғы күнгі резюмені алып, рақметімді айтқаннан кейін:

— Аға,— дедім,— Сіз мені бұдан былай «Хаке!» дей беретін болсаңыз, мен көшенің арғы бетінен: «Қаныш аға! Сау-саламат болғайсыз!»— деймін де, қашып кетемін.

Қанекең сәл жымия күліп, ойлана қалды да:

— Жарайды,— деді,— ендігі жолы есіміңізбен атауға тырысайын...

Москвадағы осы астана аттас қонақ үйде екінші мәрте көрісудің сәті түсті. 1951 жылы жас жазушылардың бүкілодақтық екінші кеңесіне Қазақстаннан Қайнекей екеуміз барғанбыз. Қазан вокзалынан түскен бойда Қайнекейдің жүгін бөлісуге тура келді. Оның өзі бір ауыр жәшікті көтеруден ауыспаған соң, чемоданын өзімдікіне қоса таксиге дейін де, таксиден кейін де мен көтердім. Номерге кіре бере:

— Жұрт Москваға жеңіл келіп, базарлық жүкпен қайтушы еді. Сенің мынауың не пәле?— дедім, қара терге түсіп, ентігін баса алмай отырған етшең досыма.

— Бір жарым айдан бері президент атамыз жұмыс бабымен осында жатыр емес пе. Ел дәмін сағынған шығар деп енеміз Таиса Алексеевна жылқының жылы-жұмсағын салған.

Біз он үшінші қабатта едік. Келесі күні тоғызыншы қабаттағы люкске сәлемдемені жеткізіп, өз қолымыз-

дан тоңазытқышқа тоғыту керек. Досымның тілегі бойынша жұмысына көмектескелі мен де бардым. Ашық есіктен ақырын ендік. Үш бөлменің оңаша тұрған алдыңғысына еркін жайғасып, өз жұмысымызды асықпай тындырдық. Арғы бір зал іспетті үлкен бөлмеден құлаққа ұрған гу-гу әңгіме адам көптігін аңғартады. Қайнекейдің маған ендігі айтқаны:

— Түнде телефон арқылы бұл кісімен сөйлескем. Ертең қонақтар болады деген. Ел дәмі дәл келді деп қуанып қалған. Мен бұлардың даяшысын кезекшісі арқылы таптырып алып, мынау азықтарды көрсетейін. Сен неден қысыласың, кіріп бар да, келгенімізді білгіз.

Үсті-басымды тәртіпке келтіріп алдым да, «Можно?»— деп есік қаққан болдым, жауап күтпей-ақ кіріп бардым. Сөйтуін сөйттім-ау, бірақ, неше түрлі ақ бас, жалтыраған қасқа бастардың бәрі маған бұрыла қарап, әңгіме пышақ кескендей тыйыла қалғанда берекекұтым қаша бастады. Сол сәтте қайран ағай:

— Оу, Хаке!.. Господа!.. Ақын келді... Хаке, мен қазір... қазір...— деп, үлкен столда жаюлы жатқан карта үстіне қолындағы шыбығын қоя салды. Ол кісінің маған жолықпақ ниетін сездім де, қолымды кеудеме қойып қонақтарға тағзым еттім, кешірім өтініп кері шығып кеттім.

Қанекең ілесе шығып сәлемдескеннен кейін мені қолтығымнан алып дәлізге беттеді. Ол кісі жардай денесімен қолтығымнан ұстаған жағым өз деңгейінен едәуір көтеріліп, қисайған қалпымда ары-бері бірге жүрдім. Бұл менің Жазушылар одағында қызмет істеп жүрген кезім болатын. Сондықтан Қаныш ағай өз творчествома қоса одақта қандай жаңалық барын сұрады. Сол тұстағы бір әңгімелер жайына қанықты. Мен ол кісінің денсаушылығына тілек білгіздім. Ақырында: «Аға, анау жолғы уәдеңізде тұрмадыңыз ғой!» деп күлдім, «Хаке» деген сөзге тағы да назар аударды. «Ұлық болсаң кішік бол» дегенді біле тұрып-ақ, өзімнің шынымен қысылып қалатынымды қайталап айттым. Бірақ үлкен кісі бұл жолы да «дағдым солай еді» деген жоқ.

— Е, ол бар екен ғой, ендігі жолы есіміңізбен атауға тырысайын,— дегенді ғана қайталады.

Өзіміздің Академияда, үлкен акт залының алдындағы дәлізде үшінші көрісуім бір сәттен аспаса да қайталанбауымен қасиетті. Диссертация қорғаған бір жолдастың дауыс қорытындысын тосқан жұрт кенет ортадан жол ашып, дәліздің ұзына бойына екі жарылып тұра қалды. Сапқа тізілген солдаттай жұрт қатарынан мен де орын алдым: Алды-артына референттерін салып Қаныш ағай келеді екен. Академияның өз адамдарына ауық-ауық бас изеп өтіп келе жатты да, мені тосырқады-ау деймін, әлде қалай көзі түскен бетте:

— Оу, Хаке, сіз қайдан жүрсіз?..— дегені. Қолымды ұсына беріп менің бар айтқаным: «Аға, бұл бар болғыр «Хакеңіз» қашып кетуге жер таппай қалды...» Тегінде, баяғы уәдесі есіне түскен болу керек:

— Е, ол бар екен ғой, ендігі жолы есіміңізбен атауға тырысайын!— деп қолымды қатты-қатты қысты да ілгері жүріп кетті.

Ендігі жолы... Тағдыр мені табытының бас жағына тұрғызды. Әрине, халық қайғысының ол бір аса ауыр мезетінде жүрегім жыласа да, сол құрметті қарауылда тұрғанда-ақ қиялымды қияндарға жүгірткен шығармын. Ұлы адамның қола, тас мүсіндеріне табынатын талай ұрпақ бәлкім көз алдыма елестеген де болар. Ал, бірақ, тап бұлайша...

ҒАРЫШТАҒЫ ҚАНЫШ

«Космос төрінде Сәтбаев атындағы планета ұшып жүр».
«Социалистік Қазақстан» газетінен.

БАЛЛАДА

Басы бейне әлемнің жарығындай,
Қасиетін қалмаған жан ұғынбай.
Жүрегімен тірлікте жүруші еді,
Тау-тасынды жаңғақтай жарып ыңғай.

Кең жазықта қыран мен киік елі
Оны туған, жан сүтін иігелі,
Бітімінде тұлғасы, екі иығы,
Беделіндей елімнің биік еді.

Оған басын иетін құлаған күз,
Сары белде сарғайып сұлаған күз.
Ол қуанса, біз шалқып, оны бір сәт
Ренжітіп алғанда жылағанбыз.

Мыстан аяз, үскірік мысық бетті
Тырнаса да бет-қолын үсітпепті.

Күреңітіп күн көзі тұтылғанда,
Күліп жатып аяулым ұшып кетті.

Құдайлығын тіріде құндайды Алып,
Бұл дүниеде қалыпты кім байланып.
Данышпанның талайы таска айналса,
Біздің ағай ұшып жүр Күнді айналып!..

Иә, тап бұлайша, аңыз-миф дегеніңіздің үстінен баса жаншып, ғарыштың өзіне шырқап шыққан шындықты қиял қыздырып та қармай алмаған едім. Ал, мынау балладамды қағазға түсіргеннен кейінгі өзімше түйгенім: «Тірлігіңде есіміңді біреу анайы, біреу сыпайы атай берер-ау... Ал, тірлігіңнен кейін сол есіміңді ел қалай деп атар, қандай ұғымға орналастырар?.. Соның соңына бақ!..» дегендей бір іш байлам да болды ма деп те қаламын. Ал, ендігі аспан әлемін зерттеушілер: «Сонау бойлық пен сонау кеңдік аралығында, Күннен пәлендей қашықта Сәтбаев кетіп бара жатыр»,— дейтінін, әрине, ол топшылай алған жоқ. Бәлкім күндердің күнінде бұл қозғалыс та «Академия дәлізін бойлап Сәтбаев келе жатты» дегендей байырғы ұғым берер.

П. Тәжібаева

АДАМГЕРШІЛІК МҰРАСЫ

Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін мені аспирантураға қалдырған болатын. Бір күні ғылыми жетекшім профессор А. С. Уклонский мені шақырып алды да:

— Ал, Патча (ол менің атымды көбінесе осылай қысқартып айтушы еді), сенің аспирантурада оқуың туралы Алматымен сөйлестім. Ондағы Геология институтының директоры, әрі СССР Ғылым академиясы филиалының бастығы болып жуырда Сәтбаев бекіді. Ол Қазақстан жерін зерттеуде көп еңбек сіңірген геолог. Сәтбаевтың инициативасы бойынша Жезқазғанда үлкен комбинат орнатылады және басқадай зор құрылыстар басталмақшы. Оның үстіне Қазақстанның жері байтақ, зерттелмеген аудандары әлі көп. Меніңше сенің сонда барып, ғылыми іздену жұмыстарыңды жалғастырғаның дұрыс болар деп отырмын. Осыны қалай көресің?— деп ғалым маған қарады.

Біраз ойланып отырдым да:

— Александр Сергеевич, жарайды, барсам барайын,— дедім.

— Мен сені далаға шығарып салайын деп отырған жоқпын. Түсінсең, сені жігерлі, жас, сонымен бірге талантты, болашағы зор зерттеуші ғалымның қарамағына жіберейін деп отырмын. Сәтбаевтың практикалық және теориялық еңбектері көп, ғылыми көпшілік оларды дұрыс бағалап, жуырда оған геология-минерология ғылымының докторы деген атақ берді. Сенің оқуыңның ойдағыдай өтуіне менің күмәнім жоқ,— деп ұстазым сөзін аяқтады.

1942 жылдың күз айларының бірі болатын. Мен Алматыға келіп жеттім. Ауыр уақыт, Ұлы Отан соғысының қатты жүріп жатқан кезі. Қолымда профессор А. С. Уклонскийдің жолдама хаты бар, келіп бірінші рет Геологиялық ғылыми институтының есігін аштым, директордың қабылдау бөлмесіне кірдім. Онда қабылдауды күтіп, толып отырған адамдар. Директордың жәрдемші-хатшысы, есік алдында сәл кідіріп тұрып қалған маған қарап:

— Сізге кім керек еді?— деп сұрады.

— Мен Ташкенттен келіп едім, Сәтбаев жолдасқа жолығуым керек,— дедім.

Директордың көмекші-хатшысы кабинетке кіріп шыққаннан кейін:

— Сіз ертең сағат екіде келіңіз, бүгін ол кісінің қолы тимейді. Қазір күтіп отырған адамдар көп, алыстан келген қонақтар да бар, соларды қабылдайды,— деді.

Келесі күні дәл сағат екіде келсем, Қанекең орнында екен, кідіртпей қабылдады. Мен есіктен кірер-кірместен-ақ орнынан тұрып, қол беріп амандасып, орындықты көрсетіп отырғызды.

Мен қысылып, не айтарымды білмей, сасып қалдым да, үнсіз-түнсіз қолымдағы хатты ұсына беріппін. Оқып шықты да, сынаған пішінмен, қабағының астымен қарап:

— Қарағым, ауыр мамандықты алған екенсің. Жер

қазу, тас жинау, тезек теруден ауыр. Біздің үйдегі жеңгеңіздің де мамандығы геология. Геологтармен бірге Орталық Қазақстанды шарлағанда, атпен, арбамен, кейде жаяу жүріп шаршағанда, даланың шаңы мен топырағына батқанда, денесі күннің ыстығына күйіп, суықта беті үсігенде, қолының терісі жарылып талай рет ренжігені есімде. Бірақ, бұл мамандықтың қызығына түскен ол жас шағы қайта келіп, өзіне өмірлік жұмысты таңдайтын жағдай туса, басқаны қаламас едім дегенді айтады. Бұл — адамды еліктіретін мамандық,— деп тоқтады.

Осы сөзден кейін басын көтеріп, шалқая түсіп, қабағын ашып, не айтар екенсің дегендей маған тесіле қарады. Қанекеңнің үлкен, өткір көздерінен шыққан нұр сәулелері мені атқылап кеудемнен тесіп өтіп жатқандай болды. Мен бұл қойылған сұрақтың, айтылған әңгіменің маған сынақ үшін шығып отырғанын сездім де:

— Аға, мен қиыншылықтан қорықпаймын, жасымда жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленіп, талай ауыртпашылықты басымнан өткізгенмін. Оның үстіне университетте оқып жүріп, дипломдық жұмысты даярлауға байланысты практикада болып, Алмалық тауларын, Қаратау жиектерін жаяу аралап, тас теріп, жер бетін картаға түсіріп, бірсыпыра күрделі жұмыстарды басымнан кешіргенмін,— дедім. Менің бұл берген жауабыма разы болғандай Қанекең:

— Ә, жарайды, олай болса, біз сізді аспирантураға орналастырайық. Жетекшіңіз кім болады, оны ойланып көрелік. Бір келісетін нәрсе — сіздің болашақ ғылыми-зерттеу жұмысыңыз Орталық Қазақстанға байланысты болуы керек, дәлірек айтқанда, Жезқазған—Ұлытау аймақтарында. Бұл жерлерде соғыстың алдында көптеген геологиялық барлаулар, зерттеулер жүргізілгенді. Осының нәтижесінде онда комбинат құрылып, жаңадан салынған Қарағанды—Қарсақбай темір жолы арқылы бірсыпыра кен байлықтарын пайдаланып жатырмыз. Украинадағы Никополь жерінің немістердің қолында қалуына байланысты біздің Оралдағы, тағы басқа да жерлердегі темір қорытатын заводтарымыз марганецке зәру болып, қиыншылық көріп жатыр. Осыған байланысты біздің Жездінің марганецін пайдалану жөніндегі үкімет алдына қойған ұсынысымыз қабылданып, оған тар табанды темір жол салынып, өндіріс

жұмысын ұйымдастырғалы жатырмыз. Біздің жобалауымыз бойынша бұл жерлердің кен байлығы шексіз, онда тек мыс, марганец емес, алтын мен күміс, қорғасын мен темір, қалайы мен қола, асбест пен барит, көмір, тағы басқа да халық шаруашылығының мұқтаждығына керекті құнды заттардың қоры өте көп десе де болады. Біздің Жезқазған—Ұлытау ауданында, Советтер Одағының жерін былай қойғанда, бүкіл дүние жүзінде кездеспейтін минералдық байлықтар болуы мүмкін, осыны болашақта дәлелдеуіміз керек,— деп сөзін аяқтады.

Бұл айтылған әңгімеге түсінді ме, түсінбеді ме дегендей менің бетіме үңіле қарады. Мен ғұлама ғалымның жылы шыраймен қабылдағанына, сөзімді ылтипатпен тыңдап, өзінің баурына тартып, сырласқанына, ерінбей жалықпай көп білімнің шетін ашып, менімен ақтарыла бөліскеніне өте риза болып, көңілім өсіп қалды. Әсіресе Жезқазған—Ұлытау аудандарының болашағын ашқаны маған қатты ұнады. Келгендегі қысылғандығым ұмытылды, өзім көптен кездесіп, сырласып жүрген ғылыми жетекші адамның алдында отырғандай болдым. Дегенмен де менің өмірлік тәжірибем аз, білімім шамалы, мұндай үлкен жүйріктің алдында не айтарымды білмей, шешіле алмай отырғанымды байқаған Қанекең өз сөзін жалғастырып:

— Қарағым, мен тек Орталық Қазақстанды ғана әңгіме етіп отырмын. Мұнан басқа, өзінің зерттеушілерін күтіп жатқан Шығыс Қазақстанымыз бар. Алтайдың байлығы деген жыр болғандай. Ал, Батыс және Солтүстік Қазақстанды алатын болсақ, ол жерлер жөнінде біздің білетінімізі өте аз деуге болады. Қалаған адамдарға бұл жақтармен де шұғылдану абыройлы іс екені сөзсіз. Бірақ, қай ауданда болмасын кен байлығын іздеп, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген адам ең алдымен ерінбей-жалықпай, шаршамай-талмай, барлық ынта-күшін беріп, адал еңбек етуі керек. Геологиялық ғылыми адамдардың алдында тұрған іргелі ірі мақсаттың бірі — кен байлықтарының жер қыртысындағы қалыптасу заңдарын ашу. Жер қыртысын зерттеу деген — жердің тарихын ашу деген сөз болып табылады. Егер қоғам тарихын зерттеушілерге өткен заманның сырын, оның өзіне лайықты қасиеттерін сол заманнан қалған заттар, белгілер, ескерткіштер, жазба мұралар ашып беретін болса, біздер — геологтар үнсіз жатқан жер қыртысын сөйлеттіруіміз керек. Біздің зерттеу жұ-

мысымыздағы бір қиындық осында жатыр,— деді.

Қанекең осыдан кейін біраз ойланып отырды да, маған қарап:

— Химия, физика ілімдерінің заңдарын қалай білесіз, бұл пәндерден ұстаздарыңыз кім болды? Бүгінде бұл ғылымдар саласын жақсы меңгермеген адам геология ғылымының шын мағынасында алғанда зерттеушісі бола алмайды,— деп сөзін аяқтай бергенде, біреу есік ашып кіріп келді. Ол профессор Русаков екен.

— Қаныш Имантаевич, кешіріңіз, мен қарамағымдағы аспиранттардың, ізденушілердің мәселесімен келдім. Бірнешеуі ертең геологиялық барлау жұмысына аттанбақшы. Олардың жұмыс жоспарлары туралы Сізбен ақылдасу керек болды,— деді ыңғайсызданып.

— Сізді іздегелі отыр едім, дер, керек кезінде келдіңіз, жақсы болды,— деп, Қанекең күлімсіреп, Русаковтың бетіне қарады. Содан кейін:

— Мына бала САГУ-ден бізге аспирантураға ауыспақшы, жаңа келістік. Сізден осы баланы уақытша қамқорлығыңызға ала тұрыңыз деп сұрағалы отыр едім, келуіңіз дұрыс болды,— деді.

Профессор Русаков бұрылып маған қарады да, менің жұпыны киімімді, әлсіз, нәзік талдай бойымды көріп, ұядан жаңа шыққан балапандай, ғылым тарапынан әлі де болса шикілігімді: зерттеу жұмысын білмейтінімді байқағандай, Қанекеңнің ұсынысын қабылдағысы келмеген тілегін жайлап былайша білдірді:

— Қаныш Имантаевич, менің аспиранттарым, қамқорлыққа алған ізденушілерім өте көп қой. Оның үстіне Сіздің тапсыруыңыз бойынша Қоңырат—Балқаш жерлеріндегі кен байлықтарын толық пайдалану туралы Министрлер Советіне ұсыныстар дайындау жұмыстарым да бар,— деді.

— Михаил Петрович,— мен уақытша, әзірге деп отырмын ғой. Мүмкіншілігі болса, ойлансаңыз дұрыс болар еді.

Осыдан кейін екі ғалым бір-біріне қарап, тіл қатыспастан өзара жүз әлпеттерімен тілдескендей болып жатты. Біраздан кейін Қанекең маған қарап:

— Қарағым, мәселеңіз шешілді, келістік, енді шығып біраз күте тұрыңыз,— деді.

Қабылдау бөлмесінде күтіп отырған адамдар кешегіден де көп болып көрінді. Мен дәлізге шығып, бастықтың маған осыншама көңіл бөліп, қабылдап, ықыласпен сөйлескеніне өте қатты разы болып, қуанышым қойнына сыймай, төбем көкке жеткендей шарықтап жүрдім. Бұл адамның білім саласынан кемелді, ұшқиыры жоқ дариядай екендігіне таң қалып, естігенімнен көп нәрсені ұғып, тағы бір университет бітіріп, ғылымның келесі бір сатысына көтерілгендей, көңіліме әсер туды. Оның берген кеңестері, ақылдары түсінікті болып, жүректің төрінен берік орын алды. Мен сияқты басында, бойында тек ықылас пен талаптан басқа еш нәрсесі жоқ жасқа, осынша көңіл бөліп, ғылымның есігін ашып, алыста жатқан жолдарын көрсетіп, маған шын көңілімен жөн сілтеуі неден екен деген сұрақтар туды. Кейіннен байқасам Қанекеңнің жалғыз маған емес, бүкіл жастарға деген жақсы ниетінің, оларға көрсететін қамқорлығының, талапкерлерді өсіріп тәрбиелеп, ғылыми қызметкерлер даярлаудағы істейтін шексіз игілікті әрекеттерінің ішінен менің көргенім тек бір ұшқыны ғана екен. Одан кейінгі уақыттарда оқып, қызмет істеп жүріп, Қанекеңнің бойында мұнан басқа да, адам баласына бітпеген, сарқылмас, есепсіз көп, сан түрлі адамгершілік қасиеттерінің барлығын көріп білдік.

1943 жылы зерттеуге алған тақырыбым бойынша маған Жезқазғанға бару керек болды. Жүрердің алдында Қанекеңе барып, өзімнің жасаған іздену жоспарларыммен таныстырдым. Қанекең тағы да менің сөзімді толық ықыласпен тыңдап, көптеген құнды кеңестер беріп, сәтті сапар айтып шығарып салды.

Жезқазғанда Геологиялық барлау партиясының бастығы Штифанов мені жақсы қарсы алды, қасыма 16-17 жас шамасындағы лаборант болып істейін Рақымбай деген баланы қосып берді. Содан кейін маған:

— Көліктің жөні болмай тұр. Бірер күн осындағы біздің лабораторияларда жиналған бар материалдармен таныса беріңіз. Ертең-бүрсікүнде сіз баратын жаққа қарай жүкпен машина жіберілмекші, соған ілесерсіз,— деді.

Бір-екі күннен кейін Рақымбай екеуміз жүк тиеген машинаға мініп, жол жүріп кеттік. Енді жаяу жер аралап жүрміз. Найзағайтас тауының етегінде шаршап, дем алып отырғанда Рақымбайдан:

— Әке-шешең бар ма, мектепте оқисың ба?— деп үй жағдайын, туып-өскен жерін сұрастырдым. Ол Қар-

саңбайдан болып шықты. Біраз төмен қарап отырды да:

— Әкем мен үлкен ағам майданда, шешем болса ауру, менен кіші төрт іні-қарындастарым бар. Тұрмыс ауырлаған соң 9-шы кластан оқуды тастап, жұмысқа кірісіп кеттім. Ағамнан жақында хат алдық. Ол Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысып, аман-есен шығып, немістерді қуып бара жатырмыз, депті, өзі танкист. Әкемнен көптен бері хат-хабар жоқ. Ол Ленинградты қорғау тобында болатын,— деп, мұңайып отырып қалды. Біраздан кейін:

— Сіз, апа, Алматыдағы Қаныш атаны білесіз бе?— деп сұрады.

— Мен, қарағым, дәл осы Қанекеңнің қол астында істеймін,— дедім. Ол:

— Менің әкем Қаныш атамның қарауында көп жылдар бойы қызмет еткен. Ол бұрғышы. Әкем Қаныш атамның жолдауымен Оралға барып оқыған. Атамды танимын, біздің үйде болған, әкемнің жұмыс істеп жүрген жеріне талай келіп тұратын. Ол кісі әкемді жақсы көруші еді. Әкем айтатын, сен он жылдықты бітірген соң Алматыға апарып оқуға түсіруге Қаныш атаңа табыс етемін дейтін. Енді білмеймін не боларын,— деп баланың көңілі тағы бұзылғандай болды.

Мен ағаның көңілшек, жұмсақ мінезді, балаларға жаны ашитынын, жақсы көретінін, жұмысында серік болған адамдарға қол ұшын беретінін біліп, баланы жұбата:

— Соғыс бітер, әкең де келер, Қанекеңе апарып оқуға орналастырар. Болмаса маған келсең де қолымнан келген жәрдемімді аямаймын ғой,— деп Рақымбайды көңілдендірмек болдым. Бірақ менің бұл айтқаныма Рақымбайдың көңілі тола қойған жоқ. Бет әлпетінен, көз қарасынан оның ойы білініп тұрды.

Біз тамақтанып болғаннан кейін, тастармен толтырылған ауыр дорбаларымызды арқалап әрі қарай жүріп кеттік. Біраз жүргеннен кейін Рақымбай,— Апай, біз ауылдан алыстап кеттік, енді мына алдымыздағы төбеден ассақ, жайлауға, малшылардың үстінен шығамыз,— деді.

Біз Қумола өзенінің жағасына тігілген екі киіз үйге келіп түстік. Үйдің көлеңкесінде қисайып дем алып жатқан ақсақалға жақындап сәлем бердік.

— Кім боласыңдар, қайдан келген баласыңдар?—

деп шал басын көтерер-көтерместен, бізге сығырайып бір қарады да, онша жақтырмағанын білдіріп, қайтадан жастығына қисая кетті.

— Ата, мен — Алматыданмын, серігім — Жезқазғаннан, геологтармыз, кеш болып кетті, рұқсат болса, осында қонайық деп келдік,— деп, жағдайды түсіндірдім. Менің «Астанаданмын» деген сөзімді естіген қарт:

— Сен, қарағым, ондағы оқымысты геолог Қанышты білесің бе?— деп ынталана сұрады.

— Білгенде қандай. Ата, мен сол Қанекеңнің тапсырмасымен осы жерлерді аралап жүрмін. Ол ағай мен қызмет істейтін институттың директоры, әрі Академия филиалының бастығы,— деп қартқа асыға жауап бердім. Осыдан кейін-ақ шал орнынан ұшып тұрып:

— Әй, бәйбіше, қонақтар келіп қалды, тұр,— деп, үйдің есігіне қарай дауыстады. Сол күні кешке қойын сойып, ақсақал бізді жақсылап қонақ етіп, сыйлады.

Бердалы қарт ашық адам болып шықты. Біздің атыжөнімізді сұрап біліп алғаннан кейін-ақ өзінің жайын айтты. Жалғыз баласы Сатыбалды майданға кеткеннен кейін келіні мен жас немересін қолына алып, жасы жетпістен асса да, колхоздың қойын бағуға кіріседі. Содан кейін Қанекең туралы сөз ағытты:

— Мен Қанышжанды жақсы білемін. Шіркін, жігіттің жігіті ғой! Біздің үйде талай болған, мына жеңгенің қолынан шай ішіп, қонақасын жеген. Біз де Жезқазғанға барғанда оның үйінде болып, шай-су ішіп кетуші едік. Балалары қандай! Қанышты бірінші рет 1930 жылы кездестірдім. Онда оның Жезқазғанға жаңа көшіп келген уақыты, жас, тыным жоқ, күні-түні қызмет істейді десе де болады. Мен геологиялық барлау партиясына қара жұмысшы болып кірдім. Біраздан кейін мені атарба айдаушы етті. Жұмысым — далададағы бұрғылау машинасында қызмет істеп жатқан адамдарға тамақ тасу, керек болған құрал-саймандарды жеткізу. Жұмыскерлердің жағдайына, олардың тамағы, киімі мезгілінде жетуін өзі ұдайы жедел қадағалап отырушы еді. Алыста орнатылған бұрғылау станогінің жұмысшыларына шай, шекер, ұнды өз машинасымен жіберіп, болмаса өзі барғанда ала барушы еді. Жұмыскерлер Қаныш келгенде қуанып қалатын,— деді қарт. Біраздан кейін бізбен бірге дастарқанда отырған немересіне қарап:

— Қарағым, қалай ұмытарсың, мына немеремді Қа-

ныштың жәрдемі болмаса ажалдан арашалап қала алмаған болар едік. Онда бұл бала әкесінің қолында болатын. Ол сонау Шайтантастың түбіндегі бұрғылау машинасында жай жұмыскер болып істейтін. Бір күні бала қатты ауырып жатыр деген хабар келді. Не істерімді білмей сасып, жүгіріп Қанышжанға бардым. Ол маған:

— Олай болса, Бердеке, анау менің машинамды ал да, барып баланы алып кел, емханаға сал,— деп бұйрық берген дауыспен айтты. Барсам бала қатты қысылып жатыр екен, ыстығы күшті. Біз дереу Қарсақбайдағы аудандық емханаға алып бардық. Емделіп, айығып шықты. Дәрігерлердің айтуы бойынша, енді біраз кешіккенде бала өліп кетуі мүмкін екен деген сөзді естідік.

Бердалы қарт тағы біраз ойланып отырды да:

— Ой, қарақтарым-ай, қайсы бірін айта берейін. Қанышжаннан көрген жақсылығымыздың есебі жоқ. Оның мейірімі, адамгершілігі, кішіпейілділігі жалғыз бізге емес, осы Жезқазған—Ұлытау төңірегіндегі үлкенді-кішілі барлық адамға белгілі. Қаныштай адамгершілігі мол кісі дүниеде сирек кездеседі,— деп қарт сөзін аяқтады.

Осыдан кейін мен ойланып, Қанекеңнің ел арасындағы беделін, халықтың ол ағаға деген шын жүректен шыққан сүйіспеншілігін толық байқадым. Бұл естігендеріме риза болған менің қуаныш пен мақтаныш сезімім бойымды кернеп, көңілімді қатты толқытты.

Бердалы қарттың қонақжайлылығын пайдаланып, біз оның үйінде бір-екі күндей жатып қалдық. Арбаға түйесін жегіп, барамыз деген жерлерге бізді апарады, асықпай жүріп осы керек-ау деген көптеген тас үлгілерін сол төңіректен жинап алдық. Содан кейін, біздің жүгіміз көп екенін байқаған Бердекең:— Мен сізді апарып салайын,— деп атын жегіп Жезқазғанға жеткізді. Кетерде қоштасып:

Қанышжанға көп-көп сәлем айт. Жақсы болды ғой, Қаныштың қарындасы екенсің, сені көріп өзін көргендей болдым ғой,— деп қоштасып, көзіне жас алып, Бердекең қарт жүріп кетті.

Алматыға қайтып оралдым. Зерттеу үшін көптеген тас және топырақ үлгілерін алып келдім. Бірақ оларды тексеру үшін институттағы лабораториялық базаның күші жеткіліксіздеу болды. Бір күні мені Қанекең шақырып алып:

— Қалыңыз қалай, не істеп жатырсыз, ізденуіңіздің барысы қандай?— деп менің жағдайыммен танысты. Мен кездесіп жатқан қиыншылықтарды айттым. Содан кейін:

— Сіз Свердловск университетіне барсаңыз қайтеді? Мұндағы оқымыстылардың қамқорлығына берудің жағдайы болмай тұр. Анада Москваға барғанда сол университеттің ректоры профессор Седлецкиймен сөйлестім. Ол белгілі маман, бұрын Қазақстанның геологиясымен шұғылданған. Сізді аспирант етіп алуға қарсылық көрсеткен жоқ. Меніңше сонда барғаныңыз жөн болар деп тауып отырмын. Осы жөнінен ақылдасайық деп шақырдым, не дейсіз — деп маған қадала қарады.

— Онда маған жақсы жетекші табылатын болса, жарайды, аға, барсам барайын,— дедім.

Қаныш ағаның қамқорлығын онда жүргенде, онан кейін де, көріп отырдым.

Соғыс жылдарының ақырғы күндері еді, Свердловскінің университетінде жүрмін. Бір күні профессор Седлецкий мені шақырып алып:

— Москваға барғанда сіздің ағаңыз Қаныш Имантаевичты көрдім, сізді сұрады. Мен жұмысы жаман емес, лабораторияда істеп жатыр дедім. Содан кейін ол кісі сіздің диссертациялық жұмысыңыз жөнінде өзінің ұсыныстарын айтты. Екеуміз көп сөйлестік. Енді сіз ана Жезқазғаннан алып келген тастарыңызды зерттегенде сол ауданның қызғылт және қызылы аралас топырақтарына көбірек көңіл бөліңіз, олардың руда байлығына қатынасы қандай, міне, осы жағын қарастырыңыз. Қанекең көпті білетін адам ғой, ол ғалымның айтқанымен санаспаска болмас, өйтпесек лағып кетуіміз мүмкін,— деді.

Сөйтіп жүріп мен 1946 жылы профессор Седлецкийдің жетекшілігімен, жұмысым туралы берген Қанекеннің жақсы сипаттау бағасы бойынша Ростов университетінің Ғылыми советінде кандидаттық диссертация қорғадым. Алматыға қайтып келіп, Геология ғылымы институтында аға ғылыми қызметкердің жұмысын атқара жүріп, ағаның басшылығымен көп жылдар бойы Жезқазған — Ұлытау аймақтарында жүргізілген зерттеу жұмыстарымды қорытып, 1960 жылы геология-минерология ғылымының докторы деген атаққа ие болдым.

Ол диссертациямды Москвада ВАК-тың үлкен жиылысында жақсы қорғап та шықтым. Осыларды ескеріп, мен өзімді Қанекеңнің шәкіртімін деп есептеймін.

Міне, мен Қанекеңнің тірі кезінде осындай зор жақсылықтарын көріп едім. Бұл адамгершілікті ұстаз аға жалғыз маған ғана емес, менен де басқа талай жастарға, оның ішінде бірсыпыра қазақтың қыз-келіншектеріне көрсеткен болатын.

Қанекең үлкен психолог, адам танитын кісі болатын. Таңдап, талдап аспирантураға, докторантураға жіберген адамдарының бәрі десе де болады, ағаның сенімін ақтады. Өздерінің адал еңбегімен кандидаттық, докторлықты қорғап шығып, Қазақстанда ғылымның түрлі-түрлі саласында қызмет атқаруда. Олардың көбі осы кезде үлкен ғылымның ордасы болған Қазақ ССР Ғылым академиясының шын мағынасындағы ғылыми қайраткерлері болып, ғылымды өсіруде, өркендетуде көп еңбек сіңіріп, жастарды төңірегіне жинап, олардың ұйтқысы болып, үкімет пен партияның, халықтың алдындағы өздерінің азаматтық, патриоттық борышын толық ақтауда. Бұл Қанекең адамгершілігінің тек бір қыры деп айтсақ, қателеспейміз деп ойлаймын.

Қадірлі аға әрқашан: «Ғалым болу үшін ең алдымен адам болу керек, өйткені ғалым барлық өмірін, еңбегін өзі үшін емес, халық үшін, адамзат үшін сарп етеді»— дейтін. Қанекеңнің өзі бойындағы барлық күшін, жігерін, табиғаттың ерекше берген ақылын социалистік қоғам үшін жұмсап кеткен адам. Бұл бағыттан қарағанда Қанекең шын мағынасында коммунист, халықтың адамы десек дұрыс.

Үлкен ағамыз жұрттың бәріне бірдей қарайтын. Кім болсын, оқымысты ма, министр ме, болмаса жәй қара жұмыскер ме, көше сыпырып, үй жуушы ма — ол кісіге бәрі бірдей адам болатын. Алдына жәрдем сұрап барған адамның бәрін жылы шыраймен қабылдап, қолынан келген жәрдемін беріп, ал, бір нәрсе істеуге болмайтын жағдайда оның себебін түсіндіріп, разы етіп жіберуге тырысатын. Егер біреуге бір нәрсені кейін істеймін деп уәде берсе, оны ұмытпай орындайтын. Осындай байсалды жетекші ағаның алдына жұрт тек қысылғанда емес, қуанғанда да барып, басына келген жақсылықтарды айтқанда Қанекең шын ықыласымен күліп, ол адаммен бірге барынша қуанушы еді, «аспау керек, таспау керек»— деп ақылын айтатын.

— Қарағым, қандай ортада жүрсең де, қандай лауазымға ие болсаң да үш қасиеттен жаңылмағайсың: еңбек сүйгіштіктен, сыпайыгершіліктен, адамгершіліктен— деп айтқаны бар еді.

Мен бүгінгі жастарға сол кісінің осы сөздерін қайталар едім. Ол басқа сөз таппағандық емес. Қаныш аға ғұлама ғалым, үлкен ойшыл болумен қатар өте қарапайым адам еді.

Қанекеңнің жолдамасымен, кеңесімен, өздерінің аянбай еткен еңбектерінің арқасында ғылым докторы, профессор деген атаққа ие болған адамдар көп. Олардың арасында атап айтқанда: Ұлықпан Қылышов, Ерден Әзірбаев, Жабағы Тәкебаев, Әбдеш Ерғалиев, Салық Зиманов, тағы басқа да оқымыстылар бар. Әйелдерден Нәйлә Базанова, Мәкім Тарабаева, Қәмила Өтегенова, Райхан Сәтбаева, Қадиша Мырзалиева тағы сол сияқты оқымысты замандас қарындастары бар. Мұнда біз көптеген белгілі үлкен академиктерімізді, академияның корреспондент мүшелерін атамай отырмыз.

Елімізде ұлт кадрларын даярлауда Қанекең атқарған зор еңбек оның шексіз адамгершілігін көрсетпей ме?! Қанекең бүкіл қазақ халқының ардақты ұлы, ол мәңгі жасамақ.

Б. Г. Ерзакович

ҚАЗАҚ ӨНЕРТАНЫМЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫНДА

Қаныш Имантайұлы жас кезінде театрмен әуестенгені, ауыл жастарының постановкалары мен концерттік кештеріне қатысып жүргені мәлім. Мұның өзі тегін емес-ті.

20-шы жылдардың көптеген озық қайраткерлері сияқты, Қаныш Имантайұлы да қазақ театр өнерін дамыту перспективалары туралы көп ойластырды. Мынадай бір қызықты мысал келтіре кетейін. 1926 жылы Қызылордада ашылған сол кездегі бірден-бір қазақ театрының қызметіне сын көзімен баға берген алғашқы мақаланы Қаныш Имантайұлы жазған болатын. Театр құрылуының бір жылдығына арналған мерекелік спек-

такль мен концертті көруге қатысқан жас инженердің «Қазақстанның ұлттық театры» деген көлемді мақаласы «Еңбекші Қазақ» газетінде 1927 жылғы январь айында жарияланды. Онда актерлер жұмысының жетістіктері мен кемшіліктеріне білгірлікпен егжей-тегжейлі талдау жасады. Бұл мақаласында Қаныш Имантайұлы театр-музыка өнерінің мәні мен маңызын өте терең түсінетіндігін танытты. Ол қазақ мәдениеті үшін бұл жаңа жанрды дамытудың міндеттері мен жолдарын белгіледі. Мерекелік кеште Ержан Ерданаевтің «Малқамбай» атты бір актілі шағын комедиясы және әншілердің, хордың, тақпақшының, би тобының қатысуымен екі бөлімді концерт қойылды.

Қаныш Имантайұлы пьеса қойылысындағы жекелеген кемшіліктерді атай келіп, орындаушылардың актерлік шеберлікке бейімделе бастағанын, сахнада өздерін еркін ұстайтынын жазды. Ол, әсіресе, Әміре Қашаубаев пен Иса Байзақовтың тума таланты мен репертуарларының мазмұндылығына, Қалибек Қуанышбаевтың салт-сана, тұрмыс тақырыбына көрсеткен өнеріне жоғары баға берді. Қаныш Имантайұлының Құрманбек Жандарбеков басқарған хор туралы айтқан сынпікірлері де маңызды. Ол хордың мүмкіндіктерін ұлғайту, бірыңғай дауыстан көп әуенді дауысқа көшу туралы ақыл-кеңес берді. Мұхамеди қойған би номерлері жайлы Қаныш Имантайұлы: «егер бұрын қазақтың өз биі болып, ол ұмытыла бастаса қайтадан жандандыру қажет, бұл үшін жастарды бір-екі жыл уақытқа Москвадағы балет студиясына жіберу керек. Сонда олар ұлттық балет негізінде тәрбиеленіп, мұны дамытып қайтар еді», деп жазған-ды.

Сәтбаевтың мақаласында қазақтың тұңғыш режиссері, кейіннен көрнекті театр қайраткері Жұмат Шаниннің қызметіне жоғары баға берілді. Қазіргі кезде, деп жазды Қаныш Имантайұлы, ұлттық театрды Жұмат сынды театрды беріле сүйген, қалам өнеріне де шебер, ер жүрек, жұрт қадірлейтін адам басқарып отыр. Мұның өзі болашақта ұлттық театр даңғыл жолмен дамып, жылдам гүлдене алады деген үміт туғызуда. Қазақ театры гүлдене берсін!

М. О. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының жарты ғасырлық тарихы көрсетіп отырғанындай, оның даму жолы Қаныш Имантайұлының үмітінен шықты.

Ол тек қазақтың ғана емес, сонымен бірге көп ұлтты советтік өнердің алдыңғы сапында келеді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев халықтың музыкалық творчествосын өте жақсы білді. Ол аса көрнекті халық композитор-әншілері Ыбырай Сандыбаевты, Майра Шамсутдинованы, Жаяу Мұса Байжановты, Естай Беркінбаевты көзімен көріп, олардан көптеген ән үйренді, сол әндерді үйінде айтып отырушы еді. Оның жақын достары арасында Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков, Елубай Өмірзақовтар және басқалары болды. Бұлардың бәрі Қаныш Имантайұлының үйіне еркін кіре беретін, үй иесі достарын әрқашан құшақ жая қарсы алатын.

Ол өзі білген халық әндерін қазақ музыкасын жинаушы А. В. Затаевичке айтып берді. А. В. Затаевич одан 25 ән жазып алып, 1931 жылы Москвада жарық көрген «Қазақтың 500 әні мен күйі» деген іргелі еңбегіне енгізді. Мен де осы жазбалар арқылы Қаныш Имантайұлының өз халқының музыкалық фольклорын көп білетінін түсіндім.

Бұл жазбалардың тарихы, қысқарта әңгімелесек, мынадай.

А. В. Затаевичтің 1925 жылы жарияланған «Қазақ халқының 1000 әні» баспасөзден, ғылымның, әдебиет пен өнердің көрнекті қайраткерлерінен бірыңғай жоғары баға алды. Мысалы, Москвада шығатын «Печать и революция» журналы 1925 жылғы мақалаларының бірінде «Қазақ халқының 1000 әні» туралы: бұл әндер «тек дүние жүзілік музыкалық-этнографиялық көлемдегі оқиға ғана емес, сонымен бірге біздің жаңа революциялық мәдениетіміздің ірі жетістігі де»,— деп жазылды. Академик Б. В. Асафьев өзінің Затаевичке жазған хатында жазбаларды «ғасырлық, мүмкін, тіпті мыңдаған жылдық мәдениеттің аса бағалы ескерткіші» деп санайтындығын айтқан. Ал, СССР Ғылым академиясының Орыс географиялық қоғамы Затаевичтің сіңірген еңбегін құрметтеп, оны өзінің мүшесі етіп сайлады. Осы және басқа да пікірлер, әсіресе, М. Горькийдің: «Қазақ халқының 1000 әні» болашақтың композиторларына аса бағалы материал болып табылады» деген жаңа кітабы үшін материалдар жинауға бұрынғыдан бетер құлшына кірісті.

Ғылыми музыка зерттеу жұмысының бұл саласында

мол тәжірибе жинақтаған және өз тілшілерінің ауқымын ұлғайтуды көздеген Затаевич (ол «Қазақ халқының 1000 әні» үшін жазбаларын тек Орынборда ғана жинаған) 1926 жылдың июль айында алғашқы рет республиканың әр түрлі облыстарына, аудандарына шығып, көптеген әншілер мен домбырашылардан ән, күй жазып алды.

Осылардың бәрі тамаша нәтижесін берді. «Қазақтың 500 әні мен күйіне» Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Елубай Өмірзақов, Науша Бөкейханов, Майра (Мағира) Шамсутдинова сынды және басқа халық музыкасы әйгілі тарландарының репертуарларынан алынған әндер енгізілді.

Қ. И. Сәтбаевтың аузынан А. В. Затаевич жазып алған әндер де көркемдік және әлеуметтік құндылығы жағынан профессионал қайраткерлердің айтқандарынан кем түскен жоқ. Бұл әндер (№ 324-тен, № 348-ге дейінгі) Қаныш Имантайұлын туған халқының фольклорын оның әр түрлі идеялық мағынасында тамаша ұққан адам ретінде танытады. Сәтбаев шырқаған әндерде халықтың ән творчествосының жанрлық, интонациялық байлығы әр түрлі формада, тау бұлағының сан құбылған даусындай сыңғырлап таза естіледі. Затаевичтің өзі бұл жазбаларды айрықша жоғары бағалады. «Қазақтың 500 әні мен күйіне» алғы сөзінде ол: «1926 жылы Семей облысы мен Қарқаралы жазығын аралаған сапарымда 280-ге жуық ән жинадым, Олар Москвада әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың, әнқұмар да білгір Қаныш Сәтбаевтың және басқаларының айтуы бойынша жинаған бірнеше ондаған жазбаларыммен бірге кітаптың Семейлік бөлігіне енгізілді», деп жазды. Ал осы әндерге берген түсіндірмесінде А. В. Затаевич былай деген: «Қаныш Сәтбаев — Томск технологиялық институтында білім алған жас қазақ инженері. Бұл жинаққа әуен мен саз саласында бірсыпыра өте бағалы хабарлама жасап қана қоймай, сонымен бірге ән тексерін беріп, олардың орысша аудармасын жасаған тамаша білгір де Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы!»

«Қазақтың 500 әні мен күйін» зерттей отырып, мен көбінесе Қаныш Имантайұлы салған әндерге де назар аударам. Соларға қысқаша болса да сипаттама бере кеткім келеді. Қаныш Имантайұлы хабарлаған 25 әннің ішінде аса көрнекті халық композиторлары Ақан

сері, Жаяу Мұса, Естай Беркінбаев шығармалары ерекше көзге түседі. Бұлардың арасында Ақан серінің «Мақпал» деген тамаша, ішкі қуат пен ізгілікке толы әні бар. Өзінің құрылымы жөнінен бұл ән композитордың әуендік талантының жарқын үлгісі болып табылады. Жаяу Мұсаның көптеген әндері арасынан Қ. И. Сәтбаев оның жайдары, мысқылды әні «Башқұлбайды» айтып жүретін. Ол ән таза, жеңіл әуенімен, дәлме-дәл біртектес ырғағымен ерекшеленеді. Осы ән оның авторы — батыл да тапқыр, бай-молдалар, феодалдар туралы жұрт арасына кең тараған сықақ әндер шығарған адамның жақсы сипаттамасы. Композитор, әнші Естай Беркінбаев Сәтбаевтың ән хабарламаларында оны бүкіл халыққа танытқан «Қорлан» атты тамаша шығармасымен көрінген.

«Қорлан» революцияға дейінгі Қазақстан ән классикасының асылы. Өзінің формасы жағынан ариозаға жақын тұрған, айта берсе, вокалдық поэмаға таяу бұл әннің терең әлеуметтік және музыкалық мазмұны бар. «Кедейліктен қалың мал төлеп ала алмай сүйгенінен айрылған автордың жеке өзінің астарлы күйінішін көрсететін тәрізді. «Қорлан» тыңдаушылар жүрегіне тура жол тауып, халық арасына барынша кең тараған әнге айналды.

Кейін білдім, Қаныш Имантайұлы Затаевичті өте жақсы көрген екен, құрметтеп семьясына қамқорлық жасап тұрған екен. 1936 жылы, А. В. Затаевич дүние салғаннан кейін Затаевич Қазақстан үкіметінен алып тұрған пенсия оның жесіріне, ал жесірі қайтыс болғаннан кейін — қызы Ольга Александровнаға берілуіне, композитордың қолжазбаларын архивке алуға жәрдемдескен. Сөйтіп, 1945 жылы Ахмет Қуанұлы Жұбанов мені Қаныш Имантайұлының тапсыруы бойынша СССР Ғылым академиясының сол кездегі Қазақ филиалы жанынан өзі ұйымдастырған өнер зерттеу секторына жұмысқа шақырғанда ол екеуміз сектордың алдында тұрған міндеттерді шешу мәселесі жайлы Қаныш Имантайұлының қабылдауына бара жатып-ақ оның музыка өнері саласында білімдар да беделді екенін жақсы білген едік.

Ахмет Қуанұлы екеуміздің есімізде, әсіресе, Қаныш Имантайұлымен «Міндет белгілеу» әңгіме жақсы сақталып қалды. Ол жайдарылығымен, жұмсақ әзілдей отырып, жайыла әңгімелесуімен бізді баурап әкетті.

Қаныш Имантайұлы тек музыка ғана емес, сонымен бірге, театр бейнелеу және киноөнері бойынша сектордың бірнеше жыл алдында тұрған зерттеу міндеттері жайлы айтты. Ол біздің алдымызға архив көздерін, Революцияға дейінгі авторлардың ғылыми жұмыстарын, жаңа советтік қазақ өнерінің барлық түрлері бойынша жетістіктерін жинап, зерттеу, әсіресе, секторға мамандығы әр түрлі өнер зерттеуші кадрлар тарту міндеттерін қойды. Егер ондай адамдар өз арамызда әзірше болмай жатса, деді ол, басқа қалалардан шақырыңыздар, олардың жұмыс істеуіне жағдай туғызамыз.

Көп кешікпей секторда москвалық белгілі театр зерттеушісі Николай Иванович Львов жұмыс істей бастады, ол қазақтың театр өнері бойынша «Қазақтың академиялық драма театры» деген тұңғыш монографияны жазды. Мамандардың пікірінше, бұл іргелі еңбек қазақ театр өнері туғаннан бастап 1950 жылдың басына дейінгі оның энциклопедиясы деп танылды.

Осы кітап жарық көргеннен кейін Қаныш Имантайұлы театр зерттеушілерді жинап алды да, олардың алдына республикамыздың облыстық театрлары жайлы зерттеу еңбектерін жазу міндетін қойды.— Академиялық драма театры, деді ол, театр өнерінің ту көтерушісі болып табылады, оның маңызы зор, алайда театр өнерінде облыстық театрлар атқаратын роль де аз емес. Әрбір облыстық театрдың қызықтырарлық өз тарихы бар, әрбір театр жақсы-жақсы спектакльдер қойып жатыр, онда талантты артистер мен режиссерлер жұмыс істейді. Облыстық театрларға барып, жаңа, жақсы кітап жазыңыздар.

Құрамына Б. Құндақбаев, Л. Богатенкова, Н. Шәукенбаева және Қ. Қуандықов енген авторлар коллективі бұл іске қызу кірісіп, соның нәтижесінде 1965 жылы «Облыстық қазақ театрлары» деген кітап жарық көрді.

Қаныш Имантайұлы сектордың алдына музыкалық фольклорды жазып алу жөнінде ерекше маңызды міндет қойды, сөйтіп фольклор қоры жыл сайын әндер мен күйлердің жаңа жазбаларымен толықтырылып отырды. Ертеректе және кейінірек жиналған жазбалар негізінде мен «Қазақстанның халық әндері» деген музыкалық-этнографиялық жинақ құрастырдым, ол 1955 жылы жарық көрді. Жинаққа 200-ден астам көне және осы заманғы әндер енді. Қаныш Имантайұлы мені осы еңбекпен құттықтап, әр данасын қандай-қандай мекемелерге жіберу керек екенін айтқанда шексіз қуанышқа бөленген едім.

А. В. Затаевичтің архивін (оның қызы сақтап отырған) қымбат қазына көрген Қаныш Имантайұлы оны Ғылым академиясы орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорына алуға нұсқау берді. Осы архив негізінде 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Москвада өткен екінші онкүндігіне «А. В. Затаевич. Зерттеулер, Естеліктер. Хаттар мен документтер» атты кітап әзірленіп, баспадан шықты. Оған А. В. Затаевичтің өмірі мен қызметі туралы документтер, Роман Ролланмен жазысқан хаттары, музыка сынына арналған таңдаулы мақалалары, С. Мұқановтың, А. Жұбановтың, С. Есованың, С. Қожамқұловтың, Е. Өмірзақовтың және музыка зерттеушілерінің еңбектері енгізілді. Затаевич архивінен табылған материалдар бойынша 1971 жылы «Әр түрлі халықтардың әндері» деген атпен екінші кітап жарық көрді, бұған оның әлі жарияланбаған қазақ әндерінің жазбалары, сондай-ақ Қазақстанда тұратын ұйғыр, дұнған, татар, корей, башқұрт, қалмақ және басқа халықтардың әндері енді. Мұның өзі Затаевич СССР-ді мекендеген көптеген халықтардың творчествосын зерттегенін дәлелдейді. Кітапты шығаруға бірқатар республикалардың музыка зерттеушілері қатыстырылды.

Қаныш Имантайұлының нұсқауымен Академия Жаяу Мұсаның архивіне ие болды, оны композитордың ұлы Салық Мусин сақтап келген. Архивтен Жаяу Мұсаның өте білімді де аңғарғыш адам болғанын дәлелдейтін бағалы материалдар табылды. Бұлар ғылыми зерттеулерде жиі пайдаланылып жүр.

Қаныш Имантайұлы «А. В. Затаевич. Зерттеулер. Естеліктер. Хаттар мен документтер» деген кітапқа зор көңіл бөлді. Әлі есімде, кітап жарық көргеннен кейін көп кешікпей біреу Президиум канцеляриясынан телефон соғып, мынадай уақытта президенттің қабылдау бөлмесіне мәжіліске келуіңіз керек деп хабарлады. Келіп едім, өте көңілді күйде отырған геологтардың үлкен бір тобын көрдім де, секретарьдың қасына барып, мені қателесіп шақырған жоқсыздар ма деп сұрадым. Ол тізімге қарап жіберіп, қате шақырылмағанымды айтты... Сөйтсе, Қаныш Имантайұлы Лениндік сыйлық-

тар жөніндегі Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде осы жоғары атақ берілген геологтардың үлкен бір тобына лауреаттың медальдары мен документтерін тапсырмақ екен. Наградалардың тапсырылуына қатыса отырып, мен Қаныш Имантайұлының өзінің серіктері — И. И. Бок, Р. А. Борукаев, Г. Б. Жилинский, Г. Ц. Медоев, Г. Н. Щербалардың омырауларына қандай қуаныш сезім үстінде медаль таққанын көзім көрді. Олардың әрқайсысына Қаныш Имантайұлы жүрек сөзін тауып айта білді. Оның құттықтау сөздерінен советтік геология ғылымына деген, бұл ғылымның кадрларына, оның ішінде Қазақстан кадрларына деген мақтаныш сезім айқын аңғарылып тұрды. Мәжілісті қорытындылай тұрып, Қаныш Имантайұлы кенет столының үстінде жатқан Затаевич туралы кітапты қолына алып, жоғары көтерді де былай деді: «Міне, қымбатты жолдастар, біздің ғалымдардың қызметі туралы қандай кітап жазып, бастыру керектігін көріңіздер. Оқып көріңіздерші, мұны авторлар коллективі зор сүйіспеншілікпен, құмарлықпен жазған». Бұл сөзді жиналғандардың бәрі қол соғып қабылдады. Мен оның қасына барып, бұл басылымды жоғары бағалағаны үшін алғысымды айттым. Ол қолымды қысып тұрып, кітап авторларына Затаевич туралы жақсы ескерткіш үшін зор алғысын жеткізуді өтінді.

Бертін, Ахмет Қуанұлы Алматы консерваториясының ректорлығына тағайындалғаннан кейін мен өнертану секторының меңгерушісі болып істедім. Сонда Қаныш Имантайұлының қабылдауында талай рет болғаным бар. Ол менің өтініштерімді тыңдай отырып, әрқашан: «Сіз еш нәрседен қымсынбаңыз, сектор мен оның қызметкерлері не нәрсеге мұқтаж екенін жасырмай айта беріңіз. Қолымыздан келгенінше, бірден болмаса да, бірте-бірте көмектесеміз»,— дейтін. Осындай әңгімелер қызмет бабындағы адамдардың ресми сөйлесуіне емес, жай әңгімелесуіне ұқсайтын, Қаныш Имантайұлы менің назарымды халық композиторларының шығармаларын бастырып шығару қажеттігіне аударды. Олардың творчествосын сан қырлы халық музыкасының жалпы ағынына қосып жібермеу керек, деді ол, өйткені әр қайсысының әні мен күйі дербес көркем шығарма болып табылады. Президенттің бұл нұсқауы Абай Құнанбаевтың, Кенен Әзірбаевтің, Жаяу Мұса Байжановтың, Ақан сері Қорамсаұлының, Біржан

Қожағұловтың, Мұхит Мералиевтің, Ыбырай Сандыбаевтың музыкалық творчествосының жеке-жеке, ноталы басылымдары түрінде жүзеге асырылды.

Қаныш Имантайұлымен барлық кездесулерімнен оның қазақ өнертануының қазіргісі мен болашағының міндеттерін айқын көре білген дана да жайсаң адам екенін түсіндім.

Қаныш Имантайұлы мезгілсіз дүние салғалы көп жыл өтті. Бірақ оның қызметі ешқашан ұмытылмайды, ол аса көрнекті геолог ғалым және Академияның ұлттық қазынасына жеке өзі елеулі үлес қосқан совет өнерінің жанашыр досы ретінде де, Қазақстанда өнертану ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ретінде де ұмытылмайды.

І. Кеңесбаев

ҒЫЛЫМИ ПРОГРЕСТІҢ ІРІ ҚАЙРАТКЕРІ

Мерейі үстем заманымыздың нелер асыл ұлдары мен қыздары бар. Өз заманы, өз елі оларды ұясынан ұшырып, баули да білді, өскелең өмірді дәріптер даңғыл жол сала да білді. Анасы — Отанның ақ сүтін ақтауды өз өмірінің басты арман-мақсаты еткен, қиырға самғағандардың бірі — Қаныш Сәтбаев еді.

Әдебиет, мәдениет әлеміндегі, саяси, мемлекеттік салалардағы ірі қайраткерлерімізді сөз еткенде олардың тұңғыш ерекше қасиеттері еске түседі. Шоқан, Абай, Ыбырайдың есімдерін еске алғанда тұңғыш ғалым еді, тұңғыш ақын еді, тұңғыш педагог еді дейміз. Шоқан елді, жерді тануға, әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін тануға тұңғыш еңбек етіп еді, дейміз. Абай, Ыбырай — жаңа әдебиеттің сүре жолын салып еді, соны жазба әдебиеттің ірге тасын тұңғыш қалап еді, дейміз. «Жолын ақыл билейді жорыққа шыққан жолшының, ойын ақыл билейді өрен жүйрік ойшының», деп, Жамбыл айтқандай өткендегі ой иелерінің өз заманынан еңсесі биік еді, дәуір талабынан жоғары еді.

Қазақ халқының мәдени тарихында осы үш кісі тұ-

сында тілге тиек етер ешкім болмады демейміз. Солай бола тұра мына үш өреннің орны бөлек еді, олар сан алуан жүйріктен шыққан сәйгүлік еді. Қиын-қыстау заманның қыспағына төтеп беріп, ұрпаққа қалдырған қымбат мұрасын ел-жұртымыз орынды дәріптейді.

«Бұрынғыны айтпай, соңғы еске түспейді», демек өткенді айтсақ, осы күнгі заманымыздың шоқтығы биіктігін білу үшін айтамыз. Өткен өмір тып-типыл, жақсылықтан құр алақан демейміз.

Билеп-төстеуші бар, халық бар. Шытырман өмірдің тосқауылына қарамастан халық қалдырған сарқылмас мол рухани қазына бар. Ат төбеліндей үстем тап ат түгіндей көпшілікті бір тарының қауызына сыйғызды емес пе? Сол өмірдің Шоқан, Абайларға әперген ұшпағы қайсы? Көне өмірде көксеген арманы орындалмауы былай тұрсын, Шоқан, Абайлар өз туындыларын баспа жүзінде көре алмады емес пе? Шын мәнінде бұл кісілердің даңқын паш еткен Совет заманы ғой.

Сондағы айтпақ болып отырғанымыз: заман жаман, заң жаман шақтағы бірер ірі тұлға өз шама-шарқынан аса алмады, дегеніне жетпеді, оларды сүйер, демер күш болмады.

Совет тұсындағы өмірдің қандай теңеуі болмақ. Қаныш, Мұхтарлардың ой-арманы, тіршілік-өмірі өскелең заман талабына сай келді. Өйткені оларды совет заманы тудырды. Мұхтар, Қаныш барлық күш-жігерін, білім-қабілетін өз Отанының игілігі үшін жұмсады.

Үлгі-өнегені шүу дегенде Томскінің технология институтынан алған, ірі ғалымдарынан өнеге алған Қаныш сан жылдап жер қойнауы байлығын барлады. Үлкен барлаудың, ірі геологиялық зерттеудің нәтижесінде Отанына Қаныш Үлкен Жезқазғанды тарту етті. Бұл оңайға түскен олжа емес-ті. Өмір тәжірибесі молыққан алғыр геолог көзі жеткен болжауынан тартынған жоқ. Істің ыстық-суығына бірдей төзіп, Жезқазған құшағындағы ен байлықтың көзін ашуда Қаныштың үлесі үлкен еді. Халық қамын өзінің туы етіп ұстаған Совет үкіметі қиындықты серпіп тастап, істің болмыс жөніне көшті. Жезқазған, Қарсақбайдың ен байлығын өндіріс орындарымыз емін-еркін еміп жатыр.

Өндіріс жұмысына әбден кәнігі болған қайраткерлерді, ой-өрісі, өмір тану аясы кең Қанышты Коммунистік партия ғылым майданына шақырды. Совет

елі, партия Қаныш сияқты перзенттеріне ғылым тізгінін берді де, прогреске сілтеді.

Советтік Қазақстанның ширек ғасырлық өмірі — бір төбе, одан бұрынғы барлық өткен дәуір — бір төбе.

Табиғи байлықты кеңінен игеру, ұлт мәдениеті мәселелерін жан-жақты зерттеу — ендігі келелі де күрделі міндет еді. Ескі Қазақстанның бұл жөнде зерттелу дәрежесі әркімге-ақ белгілі. В. И. Ленин ол кездегі Қазақстан тәрізді өлкелерді «жартылай тағылық және нағыз барып тұрған тағылық үстемдік еткен» деп бағалап еді ғой.

«Авроранның» жер әлемін жаңғыртқан алғашқы дабысы мәдениеттен кенже қалған бұратана қазақ халқының ұлан-байтақ жерін де дүр сілкіндірді. Бұрынғы уақыт «қараңғылықтың көгіне, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн» бола алмаған, титықтап шөлдеген сан алуан сабаздар енді мәдени дарияның тұнығынан жүзіп ішіп, сусынын қандырды.

Ленин партиясының ғылымға деген қамқорлығы арқасында прогрестің келесі басқышына беттедік. Әр қилы зерттеу мекемелерінің қатары көбейді. Қаражат-қаржы да молынан жұмсалды, материалдық базаның ірге тасы қаланды. Міне, осы тұста Қаныштың ұйымдастыру қабілеті айқын көрінді. Іскер, алғырлығымен де, білімдар беделімен де осы іске мейлінше атсалысты. Тұтқиылдан болған соғыстың тым қиын жағдайына қарамастан партия басшылығымен Қаныш мемлекеттік маңызы күшті екі ұдай жұмыс атқарды: біріншіден, ол республикамыздың табиғи байлығын неміс басқыншыларына қарсы пайдалану ісіне белсене қатысып, екіншіден, республиканың ғылым ордасы — Қазақ ССР Ғылым академиясын құру жұмысын басқарды. Қаныштың 1941 жылдан Алматыға келе кіріскен жұмысы — ғылым майданы еді. Ол кісінің қыруар ұйымдастыру-басшылық жұмысы да, геологияның сан-салалы мәселелерінен жазған еңбектері де, қоғам қайраткері ретіндегі қызметі де жұртшылығымызға кеңінен белгілі.

Ғылым саласын ширек ғасыр бойы басқарған Қаныштың ролін жеңіл-желпі бір мақалада ешкім де айта алмақ емес. Бұл жерде тек еске түскен бірер ойды айтпақпын. Ғалым басшыға тән стилі бар еді. Маман даярлау, жаңа институт ашу, ірілі-уақты мәселенің қайсысын болса да өлшеммен өлшеу шеберлігі айқын байқалатын. Ол — ғалымның, институттың жұртшылыққа

ұсынар еңбегі. Үзілді-кесілді шешімнен бұрын мәселенің иін қандырып барып, байсалды ойланатын. Бір мысал келтірелік. Тіл-әдебиет институты негізінде екі институт құру мәселесі едәуір уақыт сөз болды. Істің байыбына көзін жеткізу үшін жеке әңгімеде де, жиын-жиылыста да өзі әбден дайындалып келіп айтыс ашатын. Ол айтыс тартысқа айналмайтын: жас жеткіншек ғалымдар қамы, шешілуге тиісті зерттеу тақырыбы, филология келешегі деген ой басым болатын. Үстін-үстін берілген сұрақта да, қорытынды сөзде де достық ықылас пен заңды талап ұласып жатады. Өзі бастаған, өзі тұңғыш қойған мәселесін «Мен айтып едім ғой» демейтін. Бертін келе Тіл білімі институты жанынан фанолаборатория ашу мәселесі сөз болды. Сырт қарағанда сыр білмес кісі: «Қакең осы мәселеге қарсылық білдіреді-ау» деп қалады. Бақсаң олай болмай шығады. Сәті түсіп бір жолы Алматыға белгілі русист С. Г. Бархударов, тюрколог Е. И. Убрятова келіп қалды. Қанышқа сәлемдесуді парыз көріп олар азын-аулақ уақытқа ол кісіге жолыққысы келді. Әңгіме кезінде лаборатория жайлы әлденеше сұрақ қойып, оны ашу, ашпау жөнінде лəм-мим деген жоқ. Бірер айдан кейін осы шаруаны өзі бастап, маман кісіден артық қостап, қолынан келер жағдай туғызды.

Мәселе тетігін ол кісі қолға ұстатар еңбекке тәуелді етеді дедік. Белгілі бір ғалымның, үлкен атақ, дәрежесінен гөрі нақтылы мақала, монографиясы, жас маман даярлау қабілеті алдымен сөз болатын. Осы ретте тағы бір фактіні еске алалық. Жоғары дәрежелі білімі жоқ, университет, институт, дипломы болмаған адам Академия табалдырығын аттамасын деген пікір мендегеннен кейін бірнеше кісіні институттан шығармақ болдық. Бізде істейтін ресми жоғары білімі жоқ бір қарт мұғалім сөз болды. Институт шет қақпайлаған адамды ресми жағына қарамастан, баспадан шыққан мақалалары, кітабы болғандықтан барынша жақтады, оған құрмет көрсетуді тілек етті. Бұл адамгершілік, ғылыми қызметкерлердің өзара ынтымақ, бірлігін сақтау Қанышқа тән қасиеттің бірі болатын. Бірен-саран өр мінез, менменшіл де, атаққа құмар, жағымпаз да, өзгенің болғанын көре алмайтын, өсек-аяңға құлағын түруші жалақор да Ғылым академиясы басшылығы тарапынан жақсылық көрмейтін.

Ленин партиясының даналық ұлт саясаты арқасында

республикамызда ғылым шын мәнінде деңгейі биік өндіргіш күшке айналды.

Академиямыздың қасиеті алдымен қазақ халқының ұлт мәдениеті мәселелерін зерттеумен ұласып жатыр. Кейінгі ширек ғасыр ішінде экономика, тарих, философия, право, әдебиет, тіл саласынан көлемді еңбектер, том-томдаған монографиялар шықты. Әлем және жер туралы ғылым, физика, математика, техника, химия, биология, медицина, қоғам ғылымдары жүйесінен елеулі ауыз толтырып айтарлық табыс бар.

Қазақтың тұңғыш академигі, Академиямыздың тұңғыш президенті, геология саласынан ірі мұра қалдырған, сандаған ғұлама шәкірт қалдырған Қаныш Сәтбаевтың мәдени прогрестегі ролі ерекше.

Г. Б. Жилинский

ӨРШІЛ ОЙЛЫ ҒАЛЫМ

Еліміздің тарихындағы аса елеулі кезең — Ұлы Октябрьдің торқалы тойын жыл сайын зор қуанышпен қарсы алғанда, халқымыз бүгінгідей сәулетті тұрмыс, шат өмір орнатуға өлшеусіз үлес қосқан абзал ұл-қыздарын зор ілтипатпен еске алады. Қөптің құрметіне бөленген осындай абзал азаматтардың ішінде қазақ халқының білімдар перзенті.— Қаныш Сәтбаев та бар.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тамаша өмір жолынан өтті. Ол Қазақстанда ғылымның жаңа бүршік жарып, жапырақ жайғанына куә болды, көп жауқазынның бірі ретінде өзі де ғылымның асқар шыңына қол созды, ол республикада өнер-білімнің шарықтау шағын көз алдынан өткізді, соған қол ұшын беріп, оның нар көтермес жүгін арқалады. Біздің ғажайып ғасырымыздың елең-алаңында сонау Баян таудың баурайынан талаптың тұлпарын мініп, өмір өріне ұмтылған балаң жігіт Ұлы Октябрьдің арқасында бүкіл бір елдің бетке ұстар ғұламасы атанды, есімі мен ісі шартарапқа мәлім болды.

Октябрьге дейін Қазақстанның қазба байлығы тіпті

мардамсыз зерттелген еді. Азын-аулақ кен көздерінің өзі бейберекет пайдаланылып келді. Құлқын қамын ғана ойлаған жат елдік капиталистерге керегінің өзі де сол еді ғой.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана бұл өлкеде жан-жақты геологиялық зерттеулер жүргізуге жағдай туды.

В. И. Ленин қол қойған декрет бойынша 1924 жылы Риддерде (қазіргі Лениногор) кен орындары, байыту фабрикалары, қорғасын заводы қалпына келтіріле бастады. 1925 жылы Еңбек және Қорғаныс Советі Атбасар мыс кен орындарын салып бітіру жөнінде шешім қабылдады. Оған Жезқазған, Байқоңыр, Қарсақбай кен көздері қарайтын. Бұл кен орындарының құрылысын кезінде ағылшындар бастап, бірақ береке таптырмайақ қойған еді. Енді оны аяқтап шығу міндеті жаңадан құрылған «Атбасарцветмет» тресіне жүктелді. Міне, дәл осы кезде бұл треске инженер-геолог Қаныш Сәтбаев жұмысқа келді.

Жас маман Қаныштың мұндағы үлесі де әзір тұрғандай еді: келе салысымен ол қайнаған қызу еңбекке араласып кетті. Мыс көзі — Жезқазған мен көмірлі Байқоңырды зерттеу міндеті тұрды алда. Зерттеу болғанда тиіп-қашып емес, байыпты, жүйелі зерттеу жүргізу керек еді.

Өмір жолына жаңа ғана түскен Қ. Сәтбаев алғашқы күндерден-ақ өзінің терең білімі мен жан-жақты ұйымдастыру қабілетін көрсетті. Ол Жезқазғанның зор болашағы бар екенін жазбай таныды және оны жете зерттеу, толық игеру ісіне құлшына кірісті. Бұл жөнінде әр жерде батыл ұсыныстар айтып, мақалалар жазды. Жезқазған өңірін игеруге мемлекеттік жоспарлау органдары мен ғылыми мекемелер араласуы керектігін дәлелдеді.

1929 жылы елді индустрияландырудың бірінші бесжылдық жоспарын жасауға әзірлік жұмыстары өрістегені белгілі. Өзінің батыл да дәйекті геологиялық болжамына сүйене отырып, Қаныш бесжылдықта жаңа мыс комбинатын салуды, оны Жезқазған кеніне негіздеуді Халық шаруашылығы Жоғарғы Советінің алдына мәселе етіп ұсынды. Үлкен Жезқазған жөніндегі идея осылай туған еді. Кезінде мұны көптеген адамдар бос қиял деп те жүрді. Қаныштың мұқалмас жігерінен қуат алған және Жезқазғанның болашағына кәміл сенген

барлаушы геологтар еселі еңбек етіп, бас-аяғы екі-үш жылдың ішінде тамаша нәтижелерге жетті. Сөйтіп, 1931 жылы Жезқазғанның қойнауы сарқылмас кенге тұнып жатқаны толық дәлелденді. Сол жылдардың зерттеу жұмыстары нәтижесінде Қаныш «Мысты Жезқазған аймағы және оның минералдық қорлары» деген монографиялық еңбегін жазды.

Келесі жылы-ақ Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастау ойластырылған еді. Барлау жұмыстары да бәсеңсіген жоқ. Жаңа кен көздері үсті-үстіне ашыла берді. Жезқазған жаңа арнаға біржола түскендей еді. Әйткенмен Жезқазғандағы геологиялық барлау жұмысына бөлінген қаржы жыл санап кеми түсті. Қаныштың өміріне тағы бір зор міндет келіп килікті. Ол енді Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің басшысы Г. К. Орджоникидземен кездесуге бел байлады. Бұл үшін ең әуелі беделді де өтімді ғылыми тұжырым қажет еді. СССР Ғылым академиясының сессиясын шақырып, онда Жезқазған мен Алтайдың өндіргіш күштерін арнайы сөз ету идеясы, міне, осылай туды. Қаныш сессияға егжей-тегжейлі әзірленіп барып, тек Жезқазғанның мыс байлығы емес, Жезқазған—Ұлытау өңірін зерттеу үстінде геологтар тапқан Атасу мен Қарсақбайдың темір рудасы, Жездінің марганеці, сондай-ақ көмірдің, алтынның, қорғасынның, сирек кездесетін металдардың сарқылмас көзі туралы терең ғылыми пайымдауларын зор шабытпен баяндады. Сессия еліміздің өнеркәсібін өркендетуде Жезқазғанның лайықты орны бар екенін бірауыздан мақұлдады.

СССР Ғылым академиясының сессиясынан соң Қаныш Г. К. Орджоникидземен кездесті. Халық комиссары жас ғалымның Жезқазған—Ұлытау аймағының тұнған байлығы, онда еңбек етіп жатқан барлаушы геологтардың ғажайып істері жайлы әңгімесін зейін қоя тыңдады. СССР Орталық Атқару Комитетінің келесі бір сессиясында Г. К. Орджоникидзе: «Жуық арада біз Үлкен Жезқазған комбинатын салуға кірісуіміз керек. Онда мыс кенінің сарқылмас көзі бар. Бұл кен Орталық Қазақстанның түкпірінде, темір жолдан жырақта жатыр. Қарағандыдан Жезқазғанға дейін жедел темір жол салу керек» деді.

Жезқазған мәселесі осылай шешілді. Көп ұзамай-ақ ол қауырт игеріле бастады. Ең далаға қала орнап, Жезқазғанның құрыш білек жұмысшылар коллективі

қалыптасты. Қысқа мерзімде Жезқазған бүкіл дүние жүзіндегі ең ірі кен орындарының біріне айналды. Темір жол оны еліміздің жалпы қатынас жүйесімен байланыстырып, шапшаң дамуына мүмкіндік берді. «Ит арқасы қияннан» түйе мініп, ат сабылтып жүріп, ұзақ жылдар бойы зерттеген, жас баладай әлпештеген тұңғышының өркен жайғанын көру Қанышқа зор қуаныш еді. Жезқазғанмен бүкіл өмір бойы тығыз байланысын үзбей, оның сүйініші мен күйінішіне ортақ болып кетуінің сыры, міне, осында жататын.

1941 жылы Қ. Сәтбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шақыруымен Алматыға келіп, Геология институтының директоры болды. Бұл жұмысқа да ол өзіне тән қызу жігермен құлшына кірісті. Бұл тұста Қазақстанда ғылымның әр саласы қаулап өсіп келе жатқан еді. Республиканың жас ғалымдарын тәрбиелеу, олардың басын құрап, күш-жігерін бір арнаға тоғыстыру, әрине, оңайға түскен жоқ. Осындай кезеңде алдарында Қаныш сынды жөн сілтер абзал ағасы болғаны ғалымдардың қай-қайсысын болса да қатты қуантты. Сондықтан олар Қаныштың көп кешікпей СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Президиумы председателінің орынбасары болуын да асқан ризашылықпен қарсы алды.

Бұл Ұлы Отан соғысының алғашқы, қиын-қыстау жылдары болатын. Ер-азаматтың көпшілігі майданға аттанған. Өнеркәсіпте болсын, ғылымда болсын адам қолы қат. Дегенмен жұмыстың бәрін соғыс талабына бағындыру қажет болды. Осыған байланысты СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы да шұғыл шара қолданды. Жаңадан екі институт ашылды, ал Геология институтында бірнеше лаборатория құрылып, майдан қажеті өтеле бастады. Бұдан соң Қаныш Балқаш заводы үшін, Жезқазғанның аса бай кенін пайдалану жөнінде ұсыныс жасап, тез арада оны да тиянақты орындап шықты.

Никополь марганец бассейнін жау басып алғаннан соң еліміз өте маңызды стратегиялық шикізаттан қол үзіп қалған-ды. Соның орнын толтыру мақсатымен Қ. Сәтбаев Жезді мен Жезқазған аймағындағы марганец кенін игеруге ерекше назар аударды. Бұған да өзі тікелей араласып, ақыры Магнитогорскінің ферро-марганец заводы осы шикізатпен қамтамасыз етілгенше тыным тапқан жоқ.

Қаныш Сәтбаевтың қажымас қайратына жұрттың бәрі қайран қалатын. Ал, оның сол жылдары жүргізген қисапсыз ғылми және ұйымдастырушылық жұмысы тіпті бөлекше еді. Ғалымның дана ойы бір сәт дамыл көрмейтін. Ол өзінің аса көрнекті зерттеуші екендігін, әсіресе, дәл осы қиын-қыстау кезеңде таныта білді. Ұйымдастырушылық жұмыстың көп жағдайда қол байлағанына қарамастан Қаныш ғылыммен айналысуға да уақыт тауып, қысқа мерзімнің ішінде Жезқазған—Ұлытау аймағындағы кен көздері туралы бірнеше еңбек жазды.

1942 жылы Қ. Сәтбаевтың «Жезқазған аймағының кен көздері» деген еңбегіне Мемлекеттік сыйлық берілді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметінің осыған байланысты құттықтауында былай делінді: «Қазақстанның жер қойнауын игеру жөніндегі Сіздің еңбегіңіз тек геология ғылымына қосылған аса бағалы үлес қана емес, ол ең алдымен немісфашист басқыншыларын талқандау ісіне тікелей қызмет етеді... Сіздің еңбегіңізден шабыт алған Қазақстанның талантты ғалымдары, инженерлері мен техниктері Қазақ республикасының сарқылмас байлығын зерттеу мен игеруде бұрынғыдан да асқан табандылықпен еңбек етіп, жаңа табыстарға жете беретіні сөзсіз».

Бұл кезде Қаныштың есімі ғылым әлеміне жете таныс болған еді. 1942 жылы оған геология-минерология ғылымының докторы деген ғылми дәреже берілді.

Келесі 1943 жыл — Қаныштың өміріндегі жарқын белес. Сол жылдың апрель айында ол Коммунистік партияның мүшелігіне кандидат болып, ал, бір жылдан соң партия мүшелігіне қабылданды.

1943 жылы Қаныш Имантайұлы совет ғылымын дамытудағы сіңірген еңбектері үшін СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелігіне сайланды. Ал, 1946 жылы СССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне өтті. Сөйтіп, ол еліміздегі шығыс халықтары өкілдерінің ішінен сайланған тұңғыш одақтық академик еді.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Халқымыз қирағаң, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге жұмылды. Бұл да асқан жігерді, көп қажыр-қайратты талап етті. Міне, осындай қиын күндердің өзінде СССР Халық Комиссарлары Советі «Қазақ ССР Ғылым академиясын құруға әзірлік шаралары туралы» қаулы қа-

былдады. Бұл қаулыны Қаныш қандай шаттық үстінде қарсы алғанын білетін едік. Ол мұндай игілікті іске бар жан-тәнімен ат салысты. Сөйтіп Қаныш пен оның серіктері бас-аяғы бірнеше айдың ішінде әзірлек жұмыстарын толық аяқтап шықты.

1946 жылғы 1 июньде салтанатты түрде Қазақ ССР Ғылым академиясы ашылды. Бұл кезде республиканың ғылыми орталығында 1500-ден астам адам бар еді. Олардың 78-і ғылым докторы, профессор, ал, 200-дейі ғылым кандидаты болатын. Қазақ ССР Ғылым академиясының бірінші президенті болып Қаныш Имантайұлы сайланды. Бұл — зор абырой еді. Бұл — халықтың өз ұлына, өршіл ойлы ұлына деген қалтқысыз сенімі болатын. Қаныш бұл сенімді ақтады да.

Қазақстанның геологиялық құрылымы мен пайдалы кен көздерін зерттеу алғашқы бесжылдықтар тұсында-ақ геофизикалық, геохимиялық, минералогиялық әдістермен жүргізіле бастаған-ды. Сөйтіп елуінші жылдарға таман республикадағы геологиялық және геологиялық-барлау ұйымдарының қорында орасан көп материал жинақталды. Енді осы материалдарды талдап қорыту, кейбір региондардың металлогениялық картасын жасау, бұдан әрі оны негізгі пайдалы кендердің болжамдық картасына ұластыру міндеті алға қойылды. Осы бір келелі ғылми ойдың авторы да Қаныш Сәтбаев болатын. Бұл Қазақстанның жер қойнауында тұнған ғажайып байлықтарды барлаушыларға ғалымдардың тартар ең бағалы сыйы болмақ деп түйді ол. Сонымен бірге осы бір ғажап идеяның ғылыми маңызы да айрықша еді. Ол қазір белгілі болған, әбден зерттелген факторлардың көмегімен жер қойнауында пайдалы кендердің түзілу жағдайы мен орналасу заңдылықтарын білуге жол ашатын.

Қаныштың тамаша идеясы көптеген ғалымдарды еліктіріп әкетті. Қызу жұмыс басталды. Бұдан республиканың бірде-бір геологиялық ұйымы шет қалған жоқ. Осылай кең көлемде ұйымдастырылып, үздіксіз жүргізілген зерттеу нәтижесінде 1953 жылдың басында қисапсыз көп материал өңделіп бітті. Келесі жылы жұмыс макеттері жасалды. Бір жүйеге келтірілген металлогениялық карта да көп кешікпей әзір болды. Оны жасаудың негізгі принциптерін ойлап тапқан Қ. Сәтбаевтың өзі еді. Өйткені мұндай карта ғылым тарихында бұрынсоңды болған емес.

Қ. Сәтбаевтың бұл жолғы көрегендігі де толық расталды. Оның бұл еңбегі Қазақстанның металлогениясын теориялық жағынан негіздеуге, руданың пайда болу кезеңдерін анықтауға және кен көздерінің орналасу заңдылықтарын ашуға мүмкіндік берді. Бұл бүкіл дүние жүзінің ғалымдарын таң қалдырды. Металлогениялық ғылымды дамытудағы зор еңбегі үшін Қ. Сәтбаевқа Лениндік сыйлық берілді.

Ол нағыз ғылымның адамы еді. Сонымен бірге ол аса кішіпейіл, қамқор ұстаз болды. Төңірегіндегі аға болсын, іні болсын, Қаныш солардан әйтеуір бір нәрсені білмекке, үйренбекке дәйім құмартатын. Ал, өзі оқытып, жетекшілік етіп, ғылымның заңғар биігіне ұшырған шәкірттері қаншама оның! СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті, толып жатқан одақтық және республикалық комитеттердің мүшесі бола жүріп ол жастарға ұстаздық етуден ешқашан да жалыққан емес.

Ол артына өшпес ғылыми мұра қалдырып кетті. Қаныштың қаламынан көптеген ғылыми еңбектер туды. Ол бізге өзі іргесін қалаған Қазақ ССР Ғылым академиясын қалдырды, халыққа қалтқысыз қызмет етудің өнегесін үйретті.

Халқымыз өзінің ғалым ұлын зор құрметке бөледі. Ол төрт рет Ленин орденімен наградталды. КПСС XX, XXI, XXII съездеріне делегат болды. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология ғылыми институты Қ. Сәтбаевтың есімімен аталады. Бұл институт республикадағы ғылыми мекемелер ішінде ең алғашқылардың бірі болып Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Міне, бұл да — Қаныштың еңбегінің жемісі. Ол өсірген ғылымның мәуелі бағы жыл өткен сайын дәл осылай гүлдене бермек.

Ө. Байқоңыров

АСЫЛ АҒА

Қанекең туралы алғаш рет мен Қарсақбай аудандық комсомол комитетінде естіген едім. Ол кезде Қарсақбай мыс қорыту заводында жұмысшымын. Бір күні аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары Жаманбаев шақырып, алдағы аудандық конференцияға дайындық жөнінде сөйлесті. Ресми сөздің алдында комбинаттың хал-жайы, кадрлар, инженерлер жөнінде әңгіме қозғады. Комбинатқа дипломды совет инженерлері келіп жатқанын, солардың ішінде жас инженер Қаныш Сәтбаев барын, оның терең білімді, талантты, келешегі зор, көп үміт күтерлік маман екенін сөз етті. Келгеніне аз уақыт өтсе де ол комбинаттың келешегі жөнінде күрделі мәселелерді көтеріп, батыл ойлар толғап жүргенін айтты. Жаманбаевтың айтуына қарағанда, ол пікірлер геологиялық зерттеу жұмыстарын бағыттау, ол жұмыстарды тездету туралы екен. Қарсақбай мыс комбинаты келешегі зор күрделі өндіріс орны екенін, Жезқазған келешекте гүлденген өнеркәсіп орталығы болатынын дәлелдеп жүргенін әңгіме етті. Осы сөздерді Жаманбаев үлкен сеніммен, мақтанышпен айтқан еді. Бұл — 1929 жылдың аяқ кезі. Сол сөздердің әділдігіне, шындығына кейін талай рет көзім жетті.

Осы пікірлерді сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші секретары Қайсар Таштитовтың, одан кейінгі секретарьлар Әліпбаевтың, Павел Телеляевтың, комбинаттың бас инженері (кейін профессор) Андрей Прокопьевич Ивановтың да айтқанын естіген едім.

1930 жылы Қарсақбайда кен-металлургия техникумы ашылатын болып, жылдың бас кезінде техникумның дайындық бөлімі ұйымдастырылды да оған 6-7 кластық білімі бар жұмысшы жастардан 20-дан астам адам қабылданып, сабақ басталды. Жылдың аяғында дайындық сабақтары бітіп, техникумның ашылуын күтіп жүрдік.

1929 жылы Қарсақбайда маман жұмысшылар даярлайтын фабрика-заводтық оқу орны ашылған болатын. Сол мектептің қасынан геология-барлау бөлімі ашылып, оған техникумның даярлық бөлімін бітірген жастар қабылданылды. Бөлімнің мақсаты — Жезқазғанға бұрғылау мастерлерін даярлау. Оқу тартымды өтіп жатты. Мектебіміздің бастығы коммунист Александр Павлович Қобяков, мектепте тәрбие жұмысын жан-тәнімен істейтін абзал жан еді. Сол кісі біздің бөлімімізге жиі келіп әңгімелесіп: «Сендердің бөлімдерің өзгеше бөлім, техниктің білімін аласыңдар. Сендер туралы көп қамқорлық жасаушы комбинаттың бас геологі, инженер Сәтбаев. Ол кісі біздің оқу жоспарларымызды тексеріп, арнаулы пәндердің оқытушыларын өзі атап отырады» дейтін еді.

1931 жылдың май айы. Бір күні таңертең оқу геодезия пәнінің кезекті сабағымен басталды. Сабақты инженер Агиев өткізді. Келесі сабақ геология пәнінен болмақшы еді. Үзілісте сол сабақты инженер Сәтбаев өзі өткізуге келіпті деп естідік. Үзіліс бітіп, оқушылар орындарына отырды. Бір шақта Александр Павлович Қобяков есікті ашты да, қасындағы кісіге жол беріп, өзі ере аудиторияға кірді. Аудиториямызға бойшаң, иықты, кең кеуделі, жазық маңдайлы, ақ дидарлы, қою қоңыр шашты, жарқын жүзді, сымбатты қазақ жігіті кіріп келіп, амандасты. Біз орнымыздан тұрып қарсы алдық. Қобяков бізді отырғызып, келген кісімен таныстырды. Сол келген кісі Қанекең еді.

Бұл жолы Қанекең бізбен екі сағат сабақ өткізді. Геология пәндерінің объектісі, мақсаттары, тәсілдері жайында сөз қозғады. Бұл сөздері өте ұғымды, терең мағыналы, оқушылардың көкейіне қонған сөздер еді. Сол сабақ үстінде бір байқағаным: Қанекең асықпай сөйлеп, сөздерін анықтап, тайға таңба басқандай айтады екен. Сөйлеген сөзі тартымды, баурап алды. Абзал ағаның сол айтқан асыл сөздері тыңдап отырған баршамызды ұйытып әкеткен еді. Үзіліс уақытында да Қанекең ешқайда кетпей, арамызда болып, оқушылардың көптеген зәру мәселелер туралы қойған сұрақтарына жауап беріп, тартымды әңгімелер айтты.

Бұл ұзақ сөз Қанекең тек үздік білімді инженер ғана емес, ол сонымен қатар жоғары мәдениет иесі, тарихты, әдебиетті терең білетін кісі екенін көрсетіп еді. Жезқазған тарихын қазақ халқының тарихымен байланыстырып, Жезқазған туралы біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырда гректің ұлы тарихшысы Геродоттың еңбегінде жазылғанын айтты. Патшалық заманда Жезқазғанды саудагер Ушаков төрт-ақ жүз

сомға сатып алғанын айтып күлдіріп еді. Біздің мақсатымыз — Жезқазғанды қайта ашу, сөйтіп, оны Үлкен Жезқазғанға айналдыру деген-ді. Сабақ шағын аудиторияда өткізілді. Сондықтан болу керек, Қанекең сөзін отырып сөйледі. Сөзін асықпай, әрбір сөзін салмақтап айтып отырды. Дауысы, айтқан сөзі жағымды шықты. Жатқа айтып, орынды пайдаланған орыс мақалдары сөзіне көркемдік және логикалық күш беріп, дәрменді сөз етіп отырғаны көрініп еді. Сөзді қызыға тыңдап отырып, уақыттың қалай бітіп қалғанын байқамай да қалыппыз. Қоңырау соғылып сабақтың бітіп қалғанына өкініп едік. Біз бұрын Қанекеңді сырттай ғана біліп, атын мақтан етумен болсақ, енді сол күні өзімен дидарласып, сұхбаттасып, зор әсер алдық.

Міне, содан бергі арада қырық сегіз жыл өтсе де, Қанекеңнің осы кездесу күні кешегідей әлі есімде. Сол жолы алған әсерлерім өмір-бақи ұмытылмайды. Сөзінің соңында: «Жезқазған байлығын ел игілігіне айналдырамыз»— деген сөздері ақталып, кешегі Ұлы Отан соғысының қатерлі жылдарында Жезқазған комбинаты Отанымызды, соғыс майданын мыспен, қорғасынмен қамтамасыз етпеп пе еді.

Қазір Қ. И. Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезқазған кен-металлургия комбинатының даңқы жер жүзіне мәлім. Жезқазған мысын көптеген социалистік мемлекеттер пайдаланады.

...1932 жылы май айында оқуымыз бітіп, біз Жезқазғанға жұмысқа бардық. Ол кездегі бір қауырт істелген күрделі жұмыс — Жезқазғанның өз территориясында өткізілген геологиялық съемка болатын. Біздің тау жыныстарын тани білетінімізді еске алып, біразымызды сол жұмысқа жіберді. Рудниктің территориясы бірнеше учаскеге, бағыттарға бөлініп, солардың әрқайсысына барлау топтары тағайындалды. Әр топ өзінің «еншісіне» тиген бағытта жұмыс жүргізді. Осы жұмыстар басталарда Қанекең өзі келіп, жұртқа жұмыстың маңызын түсіндіріп, жиналған тас өрнектерін өңдейтін лабораторияның дайындығын өз көзімен көріп кеткенді. Июльдің аяқ кезінде біздің жұмысымыз аяқталуға жақындады. Сол кезде Жезқазғанға Қанекең келіп, істеліп жатқан жұмыстың барысымен танысып отырып, арнаулы Жезді экспедициясы ұйымдастырылатынын айтты.

Жезді өзені жаздың күні бөлек-бөлек қара суға айналатын, жағасы ашық, тоғайсыз, көгалды жер болатын. Өзеннің жағасында қызғылт қарақоңыр тасты беткейлер көрінеді.

— Міне, әнеу күні Қанекеңнің келген жері,— деді шофер. Сол тұстағы үлкен қара судың жағасында шатырларымызды тігіп қоныстандық. Сол жер — қазіргі Жезді марганец тау-кен басқармасы орналасқан жер болатын. Келесі күні Қарсақбайдан қасында бір топ адамы бар Қанекең келді. Ішінде инженер Л. Л. Баженов бар. Сол күні біздің басымызды қосып, экспедицияның мақсатын түсіндіріп, оны басқаратын Л. Л. Баженов болатынын айтты. Ертеңіне жұмыс басталды. Біздің мақсатымыз — Жезді кен орнын алдын ала барлау болатын. Қанекеңнің алғашқы бір ойы Қарсақбай және келешектегі Үлкен Жезқазған мыс заводтарына флюстікке жарайтын темір және марганец рудасын табу еді. Кейін толық барлау жұмыстары Жездіде мол марганец кен орны барын көрсетті. Отан соғысының бас кезінде Никополь сияқты бүкіл Отанға марганец шығарып беріп тұрған кәсіпорын жаудың қолында қалып, еліміз маргенецсіз қалуға айналған. Марганецсіз қару-жарақка қажет арнаулы болат шығару жұмысы тоқтайтындай қауіп төнген-тін. Сол қиын-қыстау жағдайда академик Қ. И. Сәтбаев Жезді марганец кен орнын пайдалануды ұсынды.

1942 жылдың соңғы айлары, қыстың көзі қырауда үш айдың ішінде Жездіде шахта соғылып, оған кең рельсті жол салынып, марганец рудасы шығарыла бастап еді, Қанекеңнің Отан алдындағы бұл күрделі еңбегін уақытында партиямыз бен үкіметіміз құрметпен атаған болатын. 1932 жылғы Жездіде өткізілген жұмыс уақытынан есте қалғаны: Қанекеңнің байқағыштығы және талғағыштығы.

Сол жылы біздің даладағы жұмысымыз ұзаққа созылды. Жұмыс Жезді бойында ғана емес, оған көрші учаскелерде де жүргізілді. Ерекше көңіл бөлінген жерлер — Найзатас, Шайтантас таулары болды. Бұл таулардан отқа төзімді, қорыту пештерінің ішін қаптауға жарайтын магнезит, доломит, отқа төзімді құрылыс материалы болатын минерал-асбест және темір рудалары табылған еді. Найзатас бауырында тұрғанымызда бізді сүйсіндірген бір жағдай мынандай: Қанекең қарамағындағы жастардың көңіл-күйіне назар аударып, солармен қызық кештер өткізетін. Бір күні: «дом-

бираларың бар ма»,— деді. Біз экспедицияның шаруашылығын басқаратын жігітті шақырдық, ол домбырасын алып келді. Қанекең домбыра шертіп, әдемі қоңыр дауыспен ән салды. Домбыра шектерінен алтын үн өргізген саусақтарына, нұрланған шырайына қарап жастар көңілдері өсіп, мәз-мәйрам болып, қуанышқа батқан-ды. Мен Қанекеңнің домбыра тартып, ән салғанын бірінші рет осы жерде естіп едім. Сонан кейін «Осындай домбырасы бар адам тарта да білетін шығар» деп домбыраны иесіне ұсынды. Жігіт күттірмей домбыраны қолына алып, құлағын бұрап, шерте жөнелді.

— Бәрекелде, сермеп ойнайды екенсің,— деп ынтамен тыңдап отырды Қанекең. Жігіт әдемі дауыспен домбыраға қосылып ән салып, Қанекеңнің көңілін көтергендей болып еді.

Кейде бізді жұлдызды аспан әлемімен таныстырып, Қанекең қызықты әңгімелер айтатын. Толып жатқан жұлдыздардың атын атап, оларды көшпелі қазақ елі қалай пайдаланғанын, жұлдыздардың аттары орынды аталғанын халық аңызына сүйеніп көңілді әңгімелейтін еді. Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, Ақбоз ат пен Көкбоз ат, таң алдында көрінетін Шолпан жұлдыздарының қалай аталғанын қызғылықты айтатын еді. Бұл әңгімелерді үлкен ықыласпен тыңдайтын едік.

Күн суытып, күз болды. Экспедиция жұмысын тұжырып, Жезқазғанның адамдары Жезқазғанға, Қарсақбайдан келгендер Қарсақбайға қайтып жатты. Мені Қанекең Қарсақбайға өзі басқаратын геологиялық басқармаға қызметке шақырды. Аға коллекторлық жұмысқа тағайындады. Бұл жерде келесі жылғы июль айына дейін жұмыс істедім. Осынау өткен сағынышты күндер қазір еске түседі. Әсерлі естеліктер де аз емес. Мұның бәрін жаза берсем мақаланың көлемі жетпес. Бұл жерде бір ғана жайды еске түсіргім келеді. Қанекең үлкен еңбекке, ғылымға деп жаратылған адам екені сол кездің өзінде-ақ көрінген еді. Осымен байланысты бірер сөз айтудың реті бар.

Күз бойы Қарсақбайдың төңірегін шарлап, құрылысқа, металлургияға, флюске қажет тау жыныстарын іздейтін, ылғи қасына мені алып шығатын-ды. Іздейтіні кварц, известняк, темір рудасы болатын. Кейде салт атпен, кейде ат жеккен арбамен, кейде жаяу шығатын едік. Көлікпен шыққан күнде де жаяу жүру аз болмайтын. Талай рет далада жауынның астында қалып жүрдік.

1933 жылдың июнь айында геологиялық барлау жұмыстары Мық тауларында жүргізіліп жатты. Іздейтініміз — алтын мен мыс, толып жатқан шурфтар, каналар жүргізілді. Учаскенің жоспары жасалып, оған осы қазындылар түсіріліп, әрқайсысынан алынған өрнектердің тілікте номерлері көрсетіліп, сол өрнектердің біразы тексеруге жіберіліп жатты. Бір күні Қанекең өндірістік мәслихат еткізді. Мәслихат үлкен, бес қанат киіз үйде өтті. Бәріміз іргені айнала жерге төселген киіз үстінде отырдық. Төрде малдас құрып Қанекең өзі отырды. Күн тәртібінде «Мықтағы жұмыстардың барысы», «Өндірістік міндеттерді қайта бөлу» туралы мәселелер бар екен.

Бірінші мәселе туралы экспедицияның техникалық басқарушысы «Қаззолотодан» келген инженер Александр Филиппов хабарлама жасады. Біраз адам пікір бөлісті. Қанекең бәрін ілтипатпен тыңдап, қорытынды жасады. Жұмыстың барысы ойдағыдай екенін айтып, тау жұмыстары қарқынын күшейту міндетін қойды. «Алтын шыққан жерді белден қаз» дегенді ұмытпаңдар, қазу жұмысын күшейтіңдер,— деп еді. Бұл да біз үшін есте жүрер оқиғаның бірі болып қалып еді. Екінші мәселеге келгенде Қанекең Филипповтың Торғай бойына баруы қажеттігін, Мықтағы жұмыстарды басқаруды Ленинградтан келген студентке (атын ұмыттым) тапсыратынын айтты. Филиппов «Мен ол жақта болып көрген жоқ едім» деп барғысы келмегенін сездірді. «Торғайда сіздің тәжірибеңіз керек, бұрын ол жерді көрмеген болсаңыз сізбен бірге Байқоңыров барсын» деді Қанекең. «Байқоңыров оқуға барайын деп жүр, мен оның талабын қолдаймын»,— деді Филиппов (Алдында мен осы ойымды оған айтқаным рас еді).

— Байқоңыров биыл оқуға бармас, ал шын барам десе ол жөнінде кейін ақылдасармыз. Әлі уақыт бар ғой,— деп сөзді доғарды Қанекең.

Келесі күні Филиппов екеуміз бір ат айдаушымен Торғайға жүріп кеттік.

Біз Торғайға Мық тауларынан шығып, Ұлытаудың солтүстік жақ сыртымен жүріп бардық. Алдымен барған жеріміз — Қорғасынтау. Қорғасынтау — түгелімен қорғасын кенінен құралған шағын төбе екен. Ол Қараторғай өзенінің оң жақ жағасында, өзеннен аркан бо-

йындай жерде. Ұлытаудың солтүстік-батыс жағында 80 шақырым, Қарсақбайдың солтүстік жағында 170 шақырым жерде екен.

Қарсақбайға кештетіп келдік. Қоржын толы тас, сумка толы қағазбен тікелей геология басқармасына келдім (басқарманың сол жылы арнап соғылған шағын үйі болатын. Оның солтүстік жартысы Қанекеңнің пәтер үйі еді, қазір музей). Келсем Қанекең күндегі әдетінше жұмыста отыр екен. Сәлем беріп кіріп келгенімде орнынан тұрып: «Бәрекелде, қош келдің. Кәне, не жаңалық бар?»— деп қарсы алды. Кездестірген кен орындарын, жер үстіне шыққан қызықты тау жыныстарын, жүргізілген қазындыларды қағазға түсіріп, оларды қысқа сөзбен бейнелеп келген едім. Осыларды алдына қойдым.

— Бәрекелде, міне, жолда жазылған жазу осындай қысқа болғаны дұрыс. Жазуың әрі қысқа, әрі түсінікті екен. Жұмысты осындай ширақ істеуіңе Филипповтың да әсері болған шығар, ол тәжірибелі адам, онымен аз да болса бірге істескенің жақсы болды,— деп отырды. Бір кезде жүзі ерекше нұрланып: Мына Алтынқазған қандай жер, мұның аты қалай қойылды екен, білдіңдер ме?— деп сұрағаны. Ондай сұрақ болар, оған Қанекең ерекше көңіл бөлер деп ойлаған жоқ едім. Жауап ретінде шалдардың сөзін айттым. Олай болса екеуміз Торғай жүреміз. Мен Алтынқазғанды өз көзіммен көруім керек, Қорғасынды да қайта қарауым керек,— деді. Алтынқазғаннан, Қорғасынтау, Мыстаулардан, темір, известняк, кварц кендерінен әкелген үлгілермен біраз отырып танысып: Ал, енді, ертең жүрейік,— деді. Мұндай тығыз шешім болады деп ойламаған едім. Өзімнің оқу жөніндегі тілегімді ұмыттым. Тек сұрап үлгергенім: Қаныш аға, жол алыс қой, салт атпен жүреміз бе?— деппін.— Жоқ, атты қояйық, Жезқазғаннан машина шақыртайық,— деді.

Қазақстанның көне тарихын Қанекең терең білетін еді. Осы жолы да біраз жаңалық айтты. Және сол замандағы қолданылған тау-кен жұмыстарының, руда байыту, қорыту тәсілдерін жете білетін еді. Сол туралы осы арада бірер сөздің жөні бар. Ол кісі сонау қола дәуірінде Орталық Қазақстанда тау-кен өнеркәсібі болғанын дәлелдейтін-ді. Сол дәуірде Жезқазған мен Мық тауында — мыс, алтын, Қорғасынтауда — қорғасын, Мыстауда — мыс, Найзатас тауында — темір қорытылғанын көне үйінділер мен көне қазындыларды және өткізілген процестердің қалдығын көрсетіп, ұғымды түсіндіретін еді. Ұлытауда кездесетін тастан қашалған адам мүсіндерінің, Кеңгір бойындағы көне тамдардың тарихын жете білетін еді. Олар жөнінде жергілікті карттармен көп әңгімелесетін. Ел аузындағы аңыздарды көп тыңдайтын.

Кен орындарын аралап болып, Қарсақбайға қайттық. Келе жатып мен: «Қаныш аға, сіздің осы жолы аралап көрген тау-тастарды біз атты арбамен жүріп қараған болсақ, осы күнге дейін Ұлытауға да жете алмаған болар едік-ау»,— дедім.

Қанекең күліп: «Асықпа, совет үкіметі әлі-ақ геологтарды арнаулы машиналармен қамтамасыз етеді. Сонда минералдық байлықтарды толық зерттейтін боламыз»,— деген еді.

Қарсақбайға келген күні демалыс берді де, ертеңіне мені Қанекең шақырды. Кабинетінде жалғыз отыр екен. Мені отырғызып, өзі столының суырмасынан бірдеңе іздеді. Оң жақ суырмасынан бір қағазды алып маған ұсынды.

— Өмірқан, мен сенің жолыңа кедергі жасамайын. Мына жөнеме хат комбинат жұмысшыларына арналған екен. Комбинатқа осындай екі хат келген. Біреуін саған арнап сұрап алдым. Биыл рабфакқа түсерсің,— деді. Бұл Семейдегі геологиялық барлау институтының Қарсақбай комбинатының жұмысшыларына жіберген бағыттау хаты екен. Асыл ағаның қолынан бағыттау қағазын алып, төбем көкке жеткендей қуандым, алғыс айтып, ризалық білдірдім. «Апырай, ә, деймін іштей толғанып, Қаныш аға әнеугі Мық тауында айтқан тілегімді ұмытпай, қамқорлық істеп жүр екен-ау»— деп жүрегім елжіреп еді.

Қанекең тағы да жол болсын айтты. Ағаның жылы тілегін алып оқуға жүріп кеттім.

Алматыда ашылған кен-металлургия институтында оқып жүргенімде Қанекеңмен бірнеше рет жолықтым. 1936 жылы қызмет бабымен Алматыға келгенде біздің институтымыздың бастықтарының шақыруымен «Жезқазған мыс кен орнының геологиясы» атты тақырыпта баяндама жасадым. Баяндаманы зал лық толған студенттер мен мұғалімдер үлкен ілтипатпен тыңдап еді. Сол жерде сәлем беріп, хал-жай біліскеннен кейін менің тау-кен факультетінде оқып жүргенімді қолдап:

«Біз кен байлығын тауып қана қоймай, оны халық мүддесіне жаратуымыз керек. Сенің жаңа мамандығың осыған керек мамандықтың тап өзі»— деген еді.

1940 жылдың июнінде мен институтты бітіріп, Жезқазғанға қайта оралдым. Жаңа соғылып жатқан 31-ші шахтада смена басқардым, 1941 жылы 329-шы шахтаны басқардым. 1942 жылға дейін Қанекең Қарсақбайда комбинаттың геология бөлімін басқарған кезде жиі-жиі кездесіп тұрдық. 1941 жылдың бас кезінде 31, 32-шахталары жүргізіліп жатқанда су құйылуы көбейіп, құрылыс жұмысына көп қиындық туғызды. Қанекеңмен сол судың көзін тауып, бұрып жіберу жайында ақылдасып едік. Соғыс басталғасын Қанекеңмен мысқа, қорғасынға бай рудалардың жатқан жерін және оларды сол кездегі бар шахталар арқылы шығарып алу мүмкіндігі жөнінде ақылдастық. Сонымен, Жезқазғанның мыс, қорғасын байлығын соғыс қажетіне пайдалану шараларын жасағанда Қанекең белсене қатысып, жанды басшылық етіп еді.

Қанекең Алматыға қызметке шақырылды, бірақ Жезқазғанмен байланысын үзбеді. Жезқазғанға жиі-жиі келіп тұратын-ды.

Жоғары мектептердің күрделі шараларына Қанекең әрқашанда шұғыл қатысып жүретін-ді. 1937 жылы кенметаллургия институты тұңғыш инженерлерін шығарғанда Қанекең мемлекеттік емтихан комиссиясын басқарды. 1953 жылы сол комиссияны басқаруға келісімін сұрап Кисловодскіде демалып жатқанында телеграмма бердім. Қешікпей қарсы еместігін білдіріп телеграфпен жауап берді. Сол жылы комиссияны Қанекең басынан аяғына дейін өзі басқарды. Одан кейінгі жылдарда қолы боста өзі басқарып, болмаса өзі білетін ғалымға тапсырып жүріп еді.

1962 жылы күзді күні академияның жаңа жүйесін дайындадық. Оны СССР Ғылым академиясының Президиумы бекітпек-ті. Жаңа жүйенің жобасын Москвада дайындауға мәжбүр болдық. Қаупіміз Тау-кен институты жәйінде болды. Үлкен академия сондай институтын өз құрамынан шығарып, Көмір министрлігіне берген болатын. Сондықтан ол институтқа бірнеше ат қойып, бірі болмаса бірі өтер деген үмітпен дайындадық. Геология ғылыми институты жөнінде қаупіміз жоқ еді. Бірақ Президиум мәжілісінен бір күн бұрын Қанекең сол мәжіліске Академияның География институтын

басқарып жүрген академикті шақыруды бізге тапсырды. Мәжіліске мені ерте барды. Академияның президенті М. В. Келдыштың кабинеті шағын бөлме болатын. Есігін ашқанда сол жақтағы күншығыстан ашылған терезенің алдында өзі отыратын еді. Бөлме толған орындықтарға Президиум мүшелері отыратын. Біз барған жолы да осылай болды. Қанекең Келдыштың оң жақ қасынан орын алды. Мен бөлменің түп жағындағы бір бос орынға отырайын деп бет алып ем, Қанекең шақырып өзінің оң жақ қасына отырғызды. Сөйтіп президентке ең жақын отырған біз болдық. Мәжілісте біздің мәселеден басқа да біраз мәселе қаралды. Көп нәрсе жөніне Келдыш Қанекеңмен ақылдасып отырғанын көрдім. «Осы жөнінде Қаныш Имантаевич мынандай ұсыныс айтып отыр, сіздер қалай көресіздер» деп сұрағанын бірнеше рет естідім.

Біздің мәселемізді Геология ғылыми институтынан бастады. Кенеттен біреу бұл институтты Геология министрлігіне беру керек деп ұсыныс киргізді. Министрлікте мүмкіндік көп, академияда ондай жағдай жоқ деп дәлелдегендей болды. Оны қолдап тағы біреу сөйледі. Сол жерде манағы Қанекең шақыртқан академиктің келгені өте орынды болып шықты. Ол кісі аналардың ұсынысына қарсы дәлелді жауап берді. Сонан соң Қанекең өзі сөйледі. Осы екі сөзден кейін мәселе анықталды. М. В. Келдыш Қанекеңді қолдап тұжырымды сөз айтты, институт өзімізде қалатын болды. Тау-кен институтына келгенде кенеттен М. В. Келдыш:

— Біз Скочинский атындағы тау-кен институтын және автоматика институтын шаруашылық салаларына бердік. Осыны біз қателесіп істедік. Бұл институттар академиямызды халық шаруашылығының күрделі салаларымен байланыстырып жүрген мекемелер еді. Енді сол қатені қайталамайық. Осы институтты өзімізде қалдырайық,— деді. Сонымен ешбір дау-дамайсыз тау-кен институты өзімізде қалды. Атын да өзгертпей бұрынғы қалпында қалдырды.

Бір күні Қанекең мейманханаға ажары нұрланып, үлкен қуанышпен келді. Сол күні Қанекең медициналық комиссияға көрініпті. Комиссия мүшелері «сіз жазылдыңыз» депті. Тіпті бұрын ұлтабарда ісік бар-ау деген профессордың өзі осы жолы кешірім сұрапты.

Қонсилиумнан келгесін Қанекең Әлихан Мусиннің халін біліп келейік деп ұсынды. Машина шақырайын

деп едім, шақыртпады, жаяу барып қайттық. Әлихан қатты қуанды, ақырғы алғысын айтты Қанекеңе. Қанекең құшақтап оның бетінен сүйіп жылы тілек, үміт айтты. Сол шын ақырғы сөзі болып шықты. Артынан ұзамай Әлихан дүние салды.

Қанекеңнің дауысын ақырғы рет 1963 жылдың ноябрінде телефоннан естідім. Онда партиямыздың Орталық Комитетінің Пленумына, СССР Жоғарғы Советінің сессиясына қатысатынын, содан кейін Кисловодскіге демалуға баратынын айтты.

Жиналыстардан кейін Қанекең науқастанып, ауруханаға түскенін естідік. Әуелі әлдеқалай сырқат сияқтанды, сосын сары ауру деген хабар келді. Алғашқы ісіктен құтылса да, ауру басқа жерден (бауырдан) орын тепкен болып шықты. Бір күні «Қанекең ауыр халде» деген суық хабар келді. Декабрьдің 31 күні Москваға ұштым. Менен бұрын академик А. Н. Сызғанов ұшқан болатын. Москваға кештетіп келіп, бірден мейманханадан Сызғановтың телефонын тауып, сөйлесіп, Қанекеңнің халін сұрадым. «Ойбай, біз ардагерімізден айрылдық, өте қиын жағдайымыз» деді. Көңілім босап, көзіме жас келді. Москва жұртшылығы қоштасып болғасын, қымбатты ағаның денесін Алматыға алып ұштық. Самолет түнде келіп қонды. Көп адам күтіп алды. Самолеттің арнаулы есігінен табытты шығарып жатқанда өксіген дауысты естідім. Ол жылап тұрған атақты академик-жазушы Сәбит Мұқанов еді.

Ақырғы сапарына аттандырып, қолымызбен қабіріне топырақ салдық. Бірақ сол көпшіліктің көңіліне медеу болған Қаныш ағаның өшпес есімі еді.

Н. Базанова

ЖАРҚЫН ЕСІМ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты мен Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде көрдім. 1942 жылы Қаныш Имантайұлы екеуміз қазақ делегациясы құрамында

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының Ташкентте өткізілген антифашистік митингісіне қатыстық. Сол митингіде сөйлеген мағыналы сөзі әлі есімде. Ол кезде СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалын басқарған Қ. И. Сәтбаев республика ғылыми штабының іс жүзіндегі жетекшісіне айналған-ды. Қаныш Имантайұлы ғылымның әр түрлі салаларын ұйымдастырып, дамытуға зор көңіл бөлді, бұған оның үлкен білімдарлығы, әр нәрсені көп аңғаратыны, ауқымды ой-өрісі мен жоғары мәдениеттілігі жәрдемдесті.

Ол биология ғылымына зор жанашырлықпен қарады: биологтардың ғылыми кадрларына қамқорлық жасады, институттар, лабораториялар ұйымдастырып, дамытуға талмай көмектесті.

1944 жылдың бас кезінде Қаныш Имантайұлы мені шақырып алып (ол кезде мен Ғылым академиясының филиалы жүйесінде қызмет істемейтін едім), Москваға докторантураға, академик Лина Соломоновна Штернге баруды ұсынды. Бірақ мен соғыс кезінде кішкентай қызымды көтеріп, докторантураға бару үлкен қиындық келтіретіндіктен бұл ұсыныстықабылдай алмадым.

1944 жылы жазда ол тағы да мені өзіне шақырып алып, қайткенде де докторлық диссертация жазумен айналыс деген ұсыныс жасап, профессор Александр Порфирьевич Полосухинге маған ғылыми консультант болуды өтінді. Кейін мен оның басқа да көптеген жолдастармен докторантураға жіберетін кадрлар іріктеу жөнінде жаңағыдай әңгімелер өткізгенін естіп білдім.

Сөйтіп, Қаныш Имантайұлының тікелей қатысуымен 25 адамнан СССР Ғылым академиясы жанынан докторантура ұйымдастырылды. Қазақстанның Ғылым академиясын ашу көзделгендіктен біздің бәрімізге докторлық диссертация жазу ұсынылды. Коммунистік партия мен Совет үкіметі ғылымға ұдайы қамқорлық жасап отырды, тіпті соғыстың ауыр жылдарында да Ғылым штабы — Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастыруға әзірлік жасалды.

Өз өмірімде кездескен мынадай бір жүрек тебіренткен сәтті айта кеткім келеді. 1945 жылғы 22 ноябрьде мен Қазақ медицина институтының ғылыми советінде докторлық диссертация қорғадым. Оған Қаныш Имантайұлы қатысып, мәжіліс аяқтала бере мінбеге басқалардан бұрын көтеріліп, «Ғылым докторы болған тұңғыш қазақ қызын құттықтаймын!» деп құттықтады. Бұл

үлкен ғалым біздің бәрімізге қамқорлық жасау үшін қалай уақыт табатынына таң қалатынбыз, олай дейтінім диссертациялық жұмыс жазғанда әр түрлі мәселелермен, тіпті машинкаға бастыратын қағаз сұрап та Қаныш Имантайұлына бара беретінбіз... 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы ұйымдастырылды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оның тұңғыш президенті болды.

Мен, әсіресе, 1948—1962 жылдары, алдымен эксперименттік биология институтының директоры, содан кейін 1951 жылдан 1962 жылға дейін Қазақ ССР Ғылым академиясы биология бөлімшесінің академик-секретары бола жүріп Қаныш Имантайұлымен жиі кездесіп тұрдым. Сол жылдары мен үшін өте бір ауыр, қауырт, сонымен қатар ең қызықты жылдар болды. Қаныш Имантайұлының басқаруында Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының мүшесі болып жұмыс істей жүріп, мен ғылыми ұйымдастыру жұмысының тәлімді мектебінен өттім, өз ғылыми зерттеулерімнің де нәтижелеріне сын көзбен қарауды үйрендім.

Қаныш Имантайұлы өзіне де, өзгеге де қатты талап қойғыш адам еді. Біз, бөлімше басшылары, бөлімшенің партия мен үкімет қаулыларын, шешімдерін орындауы жөніндегі, халық шаруашылығы үшін маңызды проблемаларды шешу жөніндегі қызметін көрсететін әр түрлі материалдарды, анықтамаларды жиі әзірлейтін едік. Оларды Қаныш Имантайұлының өзі оқитын да, біз жұмысымызды қалай қабылдар екен деп әрқашан жүрексініп тұратынбыз. Оның бізге ренжіп, жазғандарымызды өзімізге қайтарып беруі де, ал жақсы жазсақ, мақтауы да мүмкін болатын.

Қаныш Имантайұлын білген және онымен бірге қызмет істеген адамдардың бәрі де осы тамаша ғалымның туғанына 90 жыл толған күні бұл жарқын есімді зор құрметпен еске алмақ.

О. Жәутіков

ҒЫЛЫМ ШЫҢЫНДА

Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйымдастырылуы республика физика-математика ғылымын дамытудағы маңызды кезең болды. Оған дейінгі СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы, Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақ кен-металлургия институты (қазіргі В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институты), Абай атындағы Қазақ педагогика институты және басқа жоғары оқу орындары шын мәнінде Академияның ірге тасын қалап еді.

Жаңадан ұйымдастырылған Академия үшін ғылыми кадрлар ең алдымен республиканың жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, сондай-ақ өндіріс мамандары арасынан іріктеліп алынды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының есеюі кезеңінде физика-техникалық институт құрамында химия-математикалық бағыттағы мекеме, астрофизика институтын және математика мен механика секторын құру идеясы мен практикалық мүмкіндігі пайда болды. Қ. И. Сәтбаевтың инициативасымен бұл мүмкіндік шындыққа айналды — Астрофизикалық институт, физика-техникалық институт, (ол кейін ядролық физика институтына айналды), математика және механика секторы құрылды, соңғысы математика және механика институтын ұйымдастыру үшін негіз жасады.

Физика-математика бағытындағы институттар ұйымдастырылуының кейбір тарихи жағдайлары, міне, осындай. Қаныш Имантайұлы математика, физика, механика және астрофизика сияқты іргелі ғылымдарды дамытуға әрқашан зор маңыз беріп отырды. «Олар Академияны әрлендіретін іргелі ғылымдар» дегенді жиі айтушы еді.

Мен Қаныш Имантайұлымен 1945 жылғы 5 февраль күні таныстым. Бұл соғыстың ауыр жылы болатын. Қаныш Имантайұлы телефон арқылы мені (ол кезде Абай атындағы Қазақ педагогика институтында жоғары математика кафедрасының меңгерушісі болып істейтінмін) өзіне шақырып алып, былай деді: «...1944 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті

мен үкіметі Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастыруға әзірлік жасау шаралары туралы және СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының жаңа құрылымы мен штаттары туралы қаулы шығарды. Ол филиал құрамында 15 институт пен 7 сектор құруды көздеп отыр. Біз математика және механика секторын құру туралы ұсыныс жасадық. Таяу уақытта мен филиал ғалымдарының бір тобымен құрылым мен штатты бекіту үшін, сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясын 1946 жылы ашу туралы мәселені келісу үшін Москваға барамын. Бізбен бірге барсаңыз қайтеді?»

Мен сектор жүзеге асыратын проблемалар мен тақырыптарды анықтауға тиіс болдым. Сонымен бірге жаңадан ашылмақ физика-техникалық институт, математика және механика секторы үшін физика-математика ғылымдары бойынша ғылыми кадрлар даярлаудың жолдары мен тәсілдерін қарастыру керек болды.

Москвада біз СССР Ғылым академиясы В. А. Стеклов атындағы Математика институтының директоры, академик И. М. Виноградовпен, Ленинградта академик В. И. Смирновпен математика және механика секторын ұйымдастыруға, Қазақ ССР Ғылым академиясы үшін математика және механика саласында ғылыми кадрлар даярлауға байланысты бірқатар мәселелерді ақылдастық. Академиктер И. М. Виноградов, В. И. Смирнов және басқа ғалымдар Қазақ ССР Ғылым академиясы жанынан физика-математика циклының ғылыми мекемелері құрылуын қызу қуаттап, ғылыми кадрлар даярлауда жан-жақты көмек көрсетуге уәде берді.

Қазақ филиалының құрылымы мен штаттары бекітіліп, 1945 жылдың 1 мартында математика және механика секторы ұйымдастырылды, айта кету керек, 1965 жылы соның негізінде математика және механика институты құрылды.

Сектор ұйымдастырылғаннан кейін Қаныш Имантайұлы бірде менен математика және механика секторының меңгерушісі кім болатынын сұрады. Мен тап сол жерде профессор К. П. Персидскийдің кандидатурасын ұсындым. Ол кезде К. П. Персидский Томск қаласында болатын. Мәселе мен ұсынғандай шешіліп, К. П. Персидский Қазақ ССР Ғылым академиясы математика және механика секторының меңгерушісі болып тағайындалды.

1951 жылы Академияның сайлауы өткізілді.

К. И. Персидский Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі және физика-математика бөлімінің академик-председателі болып сайланды. Математика және механика секторының меңгерушілігін ол маған өткізді. Математика және механика секторының баспасөз органын құру үшін математика шрифтері қажет, ол кезде «Наука» баспасында олар жоқ еді. Қаныш Имантайұлы математика шрифтерін іздестіруді маған тапсырды. Біз Қазақстан мен Ленинградтың әр түрлі баспа орындарынан математика шрифтерін жинастырып, 1947 жылы өзіміздің Математика және механика сериямыз бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясы «Хабаршысының» бірінші санын шығардық.

Қаныш Имантайұлы есептеу математикасы мен оның халық шаруашылығындық маңызы бар міндеттерді шешуге пайдаланылуына әрқашан назар аударып отыратын. Оның нұсқауы бойынша есептеу математикасының дербес секторы ұйымдастырылды, ол кейін математика және механика институтына қосылып кетті.

Ғылымды ұйымдастыру және оған басшылық жасау жөніндегі өзінің қайнаған қызметінде Қаныш Имантайұлы тұтас алғанда Академия мен республика үшін, ал, оның ішінде физика-математика саласында мамандығы жоғары ғылыми кадрлар даярлауға зор қамқорлық жасап отырды.

Қаныш Имантайұлының жеке өзінің инициативасы бойынша мамандығы жоғары кадрлар даярлау мәселелерінде шешуші маңызы бар бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылды. Мысалы, республиканың жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандарды аспирантураға жіберу туралы СССР Ғылым академиясының Президиумымен және еліміздің бірсыпыра орталық ғылыми-зерттеу мекемелерімен, жоғары оқу орындарымен келісім жасалды. Математика және механика бойынша ғылыми кадрлар даярлауға еліміздің көптеген көрнекті ғалымдары зор көмегін тигізді.

Қаныш Имантайұлы сектор негізінде математика және механика институтын ұйымдастыру мәселесін де назарынан тыс қалдырған жоқ. Бұл мәселе Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумында талай рет талқыланды. Бірақ мамандығы жоғары (ғылым докторлары) ғылыми кадрлардың аз болуы белгіленген уақытта математика және механика институтын ашуға мүмкіндік бере қоймады, әйткенмен Қаныш Имантай-

ұлының көзі тірі кезінде-ақ оны құрудың негізі қаланған болатын.

Қазіргі Алатау поселкесі аймағында физика қалашығын салу идеясын Қаныш Имантайұлы ұсынған-ды. Ол осы қалашықтың құрылысына күнделікті көңіл бөліп отырды, оған қажетінше күрделі қаржы бөлінуіне жәрдемдесті және физика лабораторияларының осы заманғы бірегей жабдықтармен жарақтандырылуына үлкен қамқорлық жасады. Қаныш Имантайұлы өзінің сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамаларында геология, металлургия, химия, биологияда және басқа салалардағы міндеттерді шешуде физикалық әдістерді қолданудың маңыздылығын әрқашан атап көрсетіп отыратын еді.

Қаныш Имантайұлы еліміздің ірі ғылыми орталықтарымен тығыз байланыс орнату эте-мөте маңызды іс деп білді. СССР Ғылым академиясы Сібір бөлімшесі біздің Академияның қызметіне зор ықпал жасады. Ол ашылған алғашқы күндерден бастап Қаныш Имантайұлы ғылымның барлық салаларын дамытуда бұл Бөлімшенің үлкен перспективасы болатынын айтып, бізге онымен тығыз қарым-қатынас орнатуды тапсырды. СССР Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі ұйымдастырыла бастаған 1959 жылы Қаныш Имантайұлы Новосибирскіде болып, Бөлімшені дамытудың жоспарымен және перспективасымен егжей-тегжейлі танысты. СССР Ғылым академиясы Сібір бөлімшесі сол кездегі председателі академик М. А. Лаврентьев Алматыға бірнеше мәрте келіп, біздің Академиямен және оның қызметімен танысқан еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясы математика және механика институтының көптеген қызметкерлері өздерінің докторлық диссертацияларын СССР Ғылым академиясы Сібірі бөлімшесі физика-математика және техника ғылымдары жөніндегі Ғылыми советінде қорғады.

СССР Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі мен оның институттары қазіргі кезде біздің ғылыми кадрлар даярлауымызға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымызға одан әрі зор көмегін тигізуде.

СССР Ғылым академиясы В. А. Стеклов атындағы математика институтының, Проблема және механика институтының, Есептеу орталығының Қазақ ССР Ғылым академиясының математика және механика институты үшін ғылыми кадрлар даярлауға үлкен қамқорлық жасағандарын атап өтпеске болмайды. Сөйтіп, Қаныш Имантайұлының: «Еліміздің орталық ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз қарым-қатынаста болыңдар» деген аманаты жүзеге асырылуда.

Бұл шағын мақалада Қаныш Имантайұлы сияқты жан-жақты білімдар, еңбекшіл адамның сан қырлы ғылыми қызметі мен ұйымдастырушылық қабілетін толық көрсете алу мүмкін емес. Тек қана Қаныш Имантайұлының ғылыми қызметі тұтас алғанда Академиядағы, оның ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының физика-математика ғылыми бөлімшесінің мекемелерінде де, ғылыми зерттеулер дәрежесін жоғары сатыға көтеруге ұмтылған зор ұйымдастыру қызметімен тікелей байланысты болғанын еске алдық.

Ғылым тарихында және Қазақ ССР Ғылым академиясының тарихында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев әрқашан аса көрнекті ғалымдар және Қазақстандағы ғылымды ұйымдастырушылар қатарында болмақ.

Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өз есімін отандық геология тарихына алтын әріптермен жазып қалдырды.

Е. В. Лизунова

АҚЫН ЖАНДЫ АДАМ

Ғылым академиясының көздің жауын аларлық әшекей-өрнекті шаңырағының астына тарих ақ мәрмәрдан мүсінделген орыс және қазақ халықтары тұңғыш академиктерінің асқар шыңдай асқақ бейнелерін қатар қойыпты. Сол қанатта Отандық ғылымның басы Ломоносовтың, оң жақта республика Академиясының тұңғыш президенті, Орта Азия мен Қазақстан халықтарынан СССР Ғылым академиясының алғашқы академигі болып сайланған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тұлғалары еңсе көтерген. Екеуінің арасын екі жүз қадам мен тарихтың екі жүз жылы бөліп тұр, бірақ екеуі де —

негіз қалаушы, екеуі де — бүкіл адамзаттық ғылым дәңкы.

Ломоносов туралы қисапсыз кітаптар жазылды, бірақ Қаныш Сәтбаев оның энциклопедиялық білімінің жаңа қырларын көре білді, ол тереңдік Қаныш Имантайұлының өз басына да тән еді. Ол былай деп жазды: «Ломоносов поэзия мен өнерде ғалым, ғылымда ақын әрі суреткер болды. Ломоносовтың ғылыми прозасын оқығанда ақын үнін естисің және соған керісінше оның одалары мен поэтикалық ой толғауларында философтың, физик-химиктің әрі жаратылыс зерттеушісінің ізгі жан сезімі толқып тұрғандай әсер етеді».

Ғалымның жасампаздық еңбектерінен ақын үнін есту тек поэзия тұңғиығына бойлай сүңгіген, жан-жүрегін өлең тебіренткен адамның ғана қолынан келеді. Егер ғалымның серіктері мен ізбасарларының лебіздеріне зер салатын болсақ, онда біз Қаныш Имантайұлының халық поэзиясын, ән мәдениетін, эпикалық поэмалар мен аңыздарды көп білгенін жазбай танимыз. Байтақ даладан жер асты қазыналарын іздеу жолында ол халықтың рухани байлығына кенікті.

Социалистік дәуірлеу кезеңі аса көрнекті қайраткерлерді өсіріп шығарды, солардың бірі артында қалдырған мұрасы — ұлттық театрға, ауыз әдебиетіне, батырлар жырларына, ән мен кино өнеріне қатысты зерттеулері ерекше орын алатын Қаныш Сәтбаев еді. Ол шын мәніндегі энциклопедиялық ғалым болды. Сөйтсе де академиктің геологиялық кейінгі рухани мұраты ұлттық мәдениет пен халықтық өнерге тығыз байланысты болғанын еш жалтақсыз айта аламыз.

Оның алғашқы мақаласы «Еңбекші Қазақ» газетінде жарияланған (1923) ән туралы толғаулары болды. Одан кейін «Қазақтың ұлттық театры туралы» деген мақала жазды. Бұл еңбек ең алғашқы теориялық зерттеу ретінде осы күнге дейін маңызын жоймай келеді. Ұлттық театрдың құрылуына бір жыл толуына байланысты Қызылордада қойылған үлкен өнер байқауы туралы мақаласында Қ. Сәтбаев сол кездегі дарынды өнерпаздарға лайықты баға берді. Сонымен бірге ол хорды сынға алды, үндестік заңдарын: жалпы европалық жүйені білу керек екенін атап көрсетті. Сосын ғалым би өнеріне талдау жасайды, жаңа көрініс бере бастаған балет туралы ой толғайды, театр өнерінің дамуындағы әзіл-оспақ пен сын-сықақтың ролі жөнінде маңызды тұжырым жасайды. Ол: «Қазақ елі мысқыл мен әзілді бағалайды. Сондықтан қазақ ұлт театрында келешекте осы күлдіргі сөз жоғары сатыға қойылар деп сенуге болады»,— деп жазды.

Қаныш Имантайұлы қазақ театр өнерінің болашақ өркендеуіне қатысты аса маңызды үш шарт туралы көрегендікпен тарихи мәні зор тұжырым жасады. Бұл орайда мынандай жайлардың өмірлік қажеттілігі зор деген еді ол: біріншіден, театр — ел өмірінің түзу айнасы: екіншіден, театр — ел міндерінің құрулы тезі, төреші ұстазы: үшіншіден, театр — қазақтың салт-сана, күй сарындары сияқты мәдени-өнер кендерінің терең ошағы, ұйтқысы».

Сол жылдары ол қаһармандық эпостарын, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет туындыларын жинап, зерттеу ісімен айналысты. Оның мақалалары мен зерттеулері, СССР Жоғарғы Советі мен Ғылым академиясының сессияларындағы аталы сөздері «Дружба народов», «Жұлдыз», «Простор» журналдарында, «Литературная газета», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде бірінен соң бірі шығып жатты. Ол, тіпті, республикадағы ғылымның дамуы туралы ой толғағанда да мәдениет пен өнер жайын естен шығарып көрген емес. Оның ұғымында олар қазақ халқының өзара тығыз байланысқан рухани дүниесі, ұлттық дамудың айғағы іспетті еді. Қаныш Имантайұлының еңбектерінен біз, әсіресе, Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің есімдерін жиі кездестіреміз. Ол өзінің бір мақаласында, осындай озық ойлылардың бұрын тым аз шыққанын айта келіп, Абайдың «Шәкіртсіз ғалым тұл» деген лұғатты сөзін қазіргі ғалымдардың есіне салады.

Оның мақалаларына зер сала отырып біз Академияны басқарған жиырма жылдың өн-бойында Қанышты әдебиет пен өнер мәселелері үнемі толғандырып отырғанын аңғарамыз. «Қазақстан интеллигенттері Отан соғысы күндерінде», «Одақтас республикалар шоқ жұлдызында», «Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті», «Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетінің үздіксіз өсуі» және басқа мақалаларында академик Қ. Сәтбаев көркем мәдениеттің әр алуан құбылыстары, оның көне негізі мен бүгінгі гүлденуі туралы салмақты пікір айтты. Ол «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» поэмасының дүние жүзілік мәнін атап көрсетті,

халық музыкасының ұшан-теңіздігі, қаһармандық «Қобланды» эпосының құдіретті күші туралы тереңнен тебірене ой қозғады. Ол ежелгі дүние тарихшысы Геродат, тәжік ақыны Рудаки, француз жазушысы Р. Роллан, өзіміздің Жамбыл шығармалары, А. Бектің «Волоколам тас жолы», М. Әуезов пен Ә. Әбішевтің «Намыс гвардиясы», заманымыздың ұлы туындысы —«Абай жолы» романы, көптеген кинофильмдер туралы кез келген адам айта алмайтын оралымды ойын ортаға салды. Ол бұл шығармаларда көркемдік пен жалынды патриоттық сезімнің астасып жатқандығын тап басып талдап берді.

Қаныш Имантайұлы өзі туралы былай деп жазған еді: «Ол кезде мен жас едім, сондықтан лирикаға ептеп бейімдеу болдым. Ал, лирика деген — адамды қажырлы да рухты еңбекке қанаттандыратын асыл арман ғой».

Бұл лебізден заманымыздағы ғұламаның өз халқының поэтикалық дүниесімен рухани байланысын айқын аңғарамыз. Мұның өзі оның энциклопедиялық білімінің аса нұрлы бір қыры, ғажайып творчестволық болмысының ерекшелігі еді. Ғалымның өмір жолы, ғылыми қызметі, ашқан жаңалықтары туралы қазақ әдебиетінің классигі, академик М. Әуезов өзінің «Қазақ халқының зор ғалымы» деген мақаласында былай деп жазды: «Қаныштың бір үлкен ерекшелігі — химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де, тарихшымен де, тілші-әдебиетшімен де өздерінің ғылым тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі және сол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа мойымайтын үлкен ісшілдік те бар. Өз басының білімін өсіруде жан-жақты, кең өрісті ғалым болуда тынымы жоқ ізденуші Қаныш Қазақстан Ғылым академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш. Ғылымдағы ұйымдастырушылық талантының тағы бір өзгешелігі кадрларды өсіру жолындағы талап-қайратынан аса айқын көрінеді».

Қ. Сәтбаевтың қаламынан әдебиет тарихына енген аса маңызды мақала қағаз бетіне түсті. Ол — М. Әуезовтің «Абай» (1949) романына арналған «Қазақ совет әдебиетінің ғажайып шығармасы» деген еңбегі. Ол мақалада Қаныш Имантайұлының Ломоносовқа баға бе-

рісіне тән ғылымның поэзиядағы қайнар көзі туралы аса құнды ой толғамы қайта шалқыды. Мақаладағы ой-тұжырымдар Әуезовтану ғылымындағы діңгектастардың біріне айналып, оны басқа ғалымдар дамытты. Бұл еңбекте «Абай» романы тұңғыш рет XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысының алуан қырын бейнелейтін энциклопедиялық еңбек тұрғысында бағаланды. Сол баға эпопеяны дәуір айнасы ретінде зерттеуге бірден-бір ұйтқы болды. Қ. Сәтбаев эпопеяның ғылымды байыта түскен ерекшеліктерін тап басып, көрсетіп берді. Ол романның ғылыми дүниетанымдық маңызы зор, онда өткен дәуірдегі қазақтар өмірінің феодалдық болмысына қатысты аса құнды деректер бар екенін айта келіп, былай деп жазды: «Өз романы арқылы Әуезов ғажайып көркем шығарма әрі баға жеткісіз ғылыми еңбек туындатты, ол еңбек ғылымның сан қилы салаларындағы мамандардың ықыласын әрқашан баурап тартатынына еш күмән жоқ».

Мақала авторы романды талдағанда аса бір нәзік сезіммен кейіпкерлер образының романтикалық бояуын ерекше атап көрсетеді, кейіпкерлер харакеті мен оқиғаларға әсерлі теңеулер келтіреді.

Қазақ халқының аса дарынды екі перзенті, тұңғыш академиктері, ғылымдағы классиктері — Қ. Сәтбаев пен М. Әуезовтің тағдыры балалық шақтан-ақ табысқан еді. Екеуі де бір жылдарда Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқыды. Кейін олар өз өмірбаяндарында, «егер Октябрь революциясы болмағанда ауыл мұғалімі болып қала беретін едік, енді академик дәрежесіне жеттік» деген ортақ ойын айтты. Ол екеуінің семинариядағы мұғалімдері де ортақ еді. Солардың бірі В. И. Поповқа елуінші-алпысыншы жылдары жазған хаттарында ол екеуі жастық шақтарының жаңа бір жарқын көріністерін елестеткендей болады. Ол екеуі де ғаламат тереңнен ой толғады, сол ғылыми жетістіктер олардың творчестволық бейнесін ашатын кілт қана болып қойған жоқ, сонымен бірге халықтың ғылыми дүниесінен өз орнын да тапты. Тұңғыш президенттің М. Әуезовті қайтпас сапарға аттандырарда айтқан құдіретті сөзі әлі күнге дейін есімізден кетпейді. Онда ол классик жазушының ұлылығы мен оның әлем әдебиетіне қосқан үлесін, заманымыздың аса көрнекті ғалым-шығыстанушысының орасан зор еңбегін ашып көрсетіп берді.

Олардың өмір жолдарының тоғысқаны сияқты екі ұлы адамның есімімен аталатын Алматыдағы Сәтбаев проспектісі мен Әуезов проспектілері түйісіп жатыр. Бірі шығыстан батысқа қарай құдды бір үнге ілесіп, қазыналы далаға асығып бара жатқандай, ал, екіншісі солтүстіктен оңтүстікке — асқар Алатау шыңына қарай қасқая созылып жатыр. Бұл көрініс екі ойшылдың өздері тірі кезінде ғылым мен поэзияны дәнекерлегені сияқты олардың аттарын мәңгілік етер белгілердің де сан атырапты жалғастырып тұрғанын аңғартқандай.

Қ. Сәтбаев пен М. Әуезовтің ғажайып дарынына тарихи баға беріле бастады және де осы ой алыптарының есімдері, ғаламат таланты планетадағы барлық халықтар тілінде сөз арқауына айналды. Артына өлмес-өшпес із қалдырды деген осы да.

Тұңғыш президенттің образы тау-тастар мен кенді аймақтарда, аспандағы планетада, кинофильмдерде, гүл аттары мен шың атауларында, «Сәтбаев» минелерында, көшелер мен мектептерде, совхоздар мен металлургия алыбында, кеме мен Академия институтында шынайы таланттың айғағы іспетті нұрланып тұрғандай. Оған толып жатқан ғылыми-әдебиет еңбектер арналды. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ — европа әдебиеттерінің байланысы» сияқты іргелі ғылыми еңбектер осынау ғұлама тұңғиығына үңілу жолындағы талпыныстың жекелеген ізгі көріністері еді.

Қазақ және орыс жазушыларының оған поэтикалық шығармалар арнағаны да тегін емес. Ол туындыларда кесек бітімді ғалымның келісімді бейнесі тұлғаланды. Бұл орайда прозаға баяндаудың романтикалық асқақ әсерімен астасқан документализм тән еді, өйткені ол шығармалардың авторлары тұңғыш президентпен етене таныс еді, сондықтан да оның тарихқа айғақты шынайы бейнесін өрнектеуге талпынды. Ол авторлардың бәрі де кейіпкерін болашақты болжап, алдағыны ойлаған адам ретінде суреттеуді мұрат етті.

Қ. Алтайский мен М. Қаратаевтың тамаша шығармасы —«Даладағы дабыл» атты документті романында академик Сәтбаев арманшыл да алғыр, асыл қазына көзін ашушы ғалым ретінде бейнеленеді. М. Қаратаевтың лирикалық очерктерінде ғалымның балалық шағы, мектепте өткен жылдары әдемі көрініс береді, ал, оның ғылыми жаңалықтары, халық поэзиясына деген ыстық ықыласы, халық тарихын жете білуі жекелеген очерктер мен А. Брагиннің «Мыс мұнарасының қазынасы» атты өте тартымды повесінде нәзік те нәрлі сезімді қозғарлықтай сипатталады.

Оның тұлғасы белгілі партия және мемлекет қайраткері І. Омаровтың очеркінде дәуір жұлдызы сипатында, Ә. Нұршайықовтың «Қаныш қала — Жезқазған» атты очеркінде жан-дүниесі терең сезімтал адам ретінде суреттеледі. Ал, данқты жазушылар М. Әуезов пен С. Мұқановтың жазбаларында Қаныш бейнесі ерекше шоқтықты болып көрінеді.

Өмірде болған адамның шынайы образын жасауды мұрат тұтатын қазіргі қазақ поэзиясы ақиқаттың рухани қуатына жауап беру үшін ғылым әлемінде өз халқының мәртебесін асырған қазақтың ұлы патриот ғалымының романтикалық образын жасауға талпынды.

Поэзияда Қаныш есімін Шоқан, Абай, Ыбырай, Мұхтарлардың есімдерімен қатар қою дәстүрі қалыптасты. Мәселен, Ә. Тәжібаевтың философиялық «Портреттер» поэмасы мен жас ақындардың лирикаларын оқығанда осы ойдың айғағын көргендей боламыз. Осындай ізгіліктер арқылы қазақ халқы тарихының рухани шыңы көрініс табады, ақындардың өз кейіпкерлерімен сезім арқылы табысуы олардың творчестволық жандүниесін тереңірек ашуға ықпал етеді.

Қ. Сәтбаевты жете білетін соңғы адам көз жұмғанда болашақ ғалымдар мен жазушылардың еншісіне тұңғыш президенттің еңбектері қалады. Оларда атақты оқымыстының жүрек оты, ой толқыны, асқарлардан асу жолындағы алымдылығы, тауқыметті де тамаша тағдыры, ұлы ғалымдар мен халық поэзиясы жөніндегі соны тұжырымдары — қысқасы — ғылымға сарп еткен бар ғұмыр болмысы, нұрлы үміт-арманы сәулелі көрініс береді.

Жеке ғалымдар, әсіресе, орыс оқымыстылары жөніндегі өзінің мол мақалалар циклында Қ. Сәтбаев ғылымға, ғылымның парызына, бүгінгі күнге маңызды істер эстафетасы қалай жеткізілгендігіне байланысты салмақты ой қозғайды. Ол былай деп жазған еді: «ірі, шын мәніндегі актуальды проблемаларды жоғары теориялық деңгейде шешу — зерттеудегі жан-жақтылық пен оларды жүзеге асырудағы коллективтік ғылыми жұмысты ұйымдастырудың негізгі принципі болды және бұдан былай да солай болмақ».

Мұндай принциптер оның көзі тірісінде басталған Қазақ совет әдебиетінің тұңғыш ғылыми тарихын жасауға негіз болып, одан кейінгі әр алуан басылымдарда да өрістеп отырды. Мен автор әрі редакциялық алқа мүшесі ретінде барлық басылымдардың жұмысына қатыстым, сондықтан да Қаныш Имантайұлы осы тарихтың жасалуына қаншалықты зор мән бергенін жақсы білем.

Сол кезде редакция алқасын басқарған М. Әуезов Қаныш Имантайұлының жұмыс барысын зор ықыласынтамен сұрағанын, кеңесіп ақыл қосқанын талай рет айтқан еді. Мәселен президент әдебиеттің ұлттық фольклорлық тарауы мен оның XIX және XX ғасырдың бас кезіндегі классиктеріне кең орын беру, сөйтіп біздің өмірімізге дейінгі көркем ой дамуын көрсету қажеттігін ескерткен екен. Аса көрнекті жазушылардың творчествосын тарихи процесте көрсету жөнінде ол «Қазақ ССР тарихын» жасау кезінде айтқан еді. Мен сондай тараулардың бірнешеуін жазуға қатыстым.

Қ. И. Сәтбаевтың есімін мен алғаш рет 1942 жылдың қысында инженер-металлург әкем Василий Васильевич Лизуновтан естіген едім. Ол кезінде С. Орджоникидзенің қол астында қызмет еткен тәжірибелі маман болатын. Жаңа жылдың алдында Үкімет үйінде қара металлургияның тұңғышы — Теміртаудағы Қазақ металлургия заводын салу жобасына Қаныш Имантайұлы геолог, әкем металлург ретінде қол қойыпты. Екеуінің белгілі геологтар мен металлургтер арасында таныстары көп болған. Қаныш Имантайұлы әкемді республикада қара металлургияны дамыту мәселелеріне байланысты ақылдасуға және басқа да кеңестерге жиі шақыратын. Сондықтан да Қаныш Имантайұлының есімі маған жақсы таныс болатын.

Кейін мен оның Академияда өткен пікір алысуларда, конференцияларда, сессияларда сөйлеген сөздерін талай рет естідім. Соның бәрінде де оның ауқымды, терең ой тұжырымы, ғылым болашағын тап басу қабілеттілігі, алдағыны болжампаздығы қайран қалдыратын. Ол қатал, талап қойғыш, саран сөзді еді, бірақ оның әр айтқан пікірі салмақты болып, ғалымдарға қатты ықпал ететін. Ол әрқашан жас ғалымдардың тағдырына, олардың ғылымға қосқан үлесіне жете көңіл бөлетін. Біз оны докторлық диссертациялар кезінде ғана емес, кандидаттық диссертациялар қорғалған шақта

да жиі көретінбіз. Ол құдды бір ғылым табалдырығында өзі тұрғандай болушы еді.

Ағылшын қайраткері Х. Джонсон, американдық көрнекті суретші Р. Кент, Үндістанның аса көрнекті мемлекет қайраткері Дж. Неру, Италия Коммунистік партиясының қайраткері Л. Лонго және басқа елдердің ғалымдарын қабылдап, әңгімелескен кезде Қаныш Имантайұлы советтік ғылымның лайықты өкілі екенін көрсетті. Ал, жер асты қазыналары, өзен суларының қуатын пайдаланудың алып жоспарлары, ғылымдағы жаңа бағыттың пайда болуы жөнінде ой ағытқанда ол қазақ халқының әдебиеті мен өнеріне — әнші мен ақынға ден қоюшы еді. Оның жас кезде ән айтып, домбыра тартқаны, жаны сүйген спектакльдерде ойнағаны, эпос және халық творчествосы туралы ой толғап, қалам тартқаны жұртқа мәлім.

Ол кісімен кабинетіндегі кездесулерім есімде қалыпты, өйткені президент жасандылығы жоқ шын ықыласниетпен «Қазақ совет әдебиетінің очеркі» кітабын дайындау жұмысындағы қиыншылықтарды сұрастыратын еді. Ол еңбек көп кешікпей қазақ тілінде, кейін орыс тілінде жарық көрді. Соңынан оны СССР Ғылым академиясының А. М. Горький атындағы әлем әдебиеті институты басып шығарды. Қаныш Имантайұлы қазақ әдебиеті тарихының білгірі ретінде оның әлемдік әдебиет дамуындағы лайықты орнын ғылыми түрде анықтауға кеңес беретін. Есімде қалуының тағы бір себебі ол: «Қазақ фольклорының көптеген тамаша туындылары, әсіресе, эпос әлі күнге дейін әлемге әйгілі бола қойған жоқ, ал, олар әлемдік мәдениеттің басқа қазыналарынан еш кем емес» дейтін еді. Ол қай жазушылардың творчестволық портреттері шыққанын және қазақтың әдеби тілі тарихының қашан шығарылатынын тәптіштеп сұрап отыратын. Оның әдебиет классиктерінің шығармалары мен эпикалық поэмалардың академиялық басылымын дайындау ісіне зор маңыз бергені мәлім. Ол менің докторлық диссертациямның мән-жайын білгірлікпен сұраған еді. Мен роман жанрының тамырын ұлттық бастаулардан, поэзия арналарынан, эпикалық дәстүрлерден іздейтіндігімді айтқанымда алған бағытымның дұрыс екенін құптады. Сөз арасында ол Шоқан Уәлихановтың еңбектері көп орайда көркем прозаға ұқсайтынын айтты.

Оның ізгі ниеттен шыққан ағалық ақылы ғылымның

қиын жолына түскен көп жастарға шын ықыласпен сәт сапар тілеген абзал жанның қайырымдылығын аңғартып тұратын. Ғажайып адамгершілік оның сан алуан талант дарыған көп қырлы болмысының мәнді белгісі екенін барша жұрт білетін. Ғылымға ден қойған әр адам, әсіресе, жас ғалымдар сол қасиетті өз тағдырының жетекшісі санады. Өйткені тұңғыш президент XX ғасырдың екінші жартысында ұлан ғайыр мәселені шешуге тиісті ғылымның болашағын ойлайтын еді. Ал, сол кезде жаңа құрылған Ғылым академиясында жаңа творчестволық дәстүрлер қалыптасып, алғашқы кадрлар жетілу үстінде болатын. Осының бәрі өмірдің өзіндей, ғылыми ойдың ілгері басуындай, адамның жаңалықты қабылдауындағы ғаламат құштарлықтай өз жалғасын табуы керек еді. Осы шексіздікті ұғыну сезімі қуатты талантқа қанат бітірді, поэзия мен халықтың рухани қазынасы оның жүрегін жалындата түсті.

Уақыт озған сайын өз халқының тұңғыш Академиясында адамзат қалыптастырған білімнің бар ауыртпалығын алғаш қабылдаған ғалым аты аңызға айнала бермек. Өйткені, дәл Қаныш Имантайұлы сияқты ғұлама ғалым дүниеге сирек келеді.

С. Зиманов

ІРІ ТҰЛҒА ЕДІ

Мінеки, 40 жыл бойы Қазақ ССР Ғылым академиясымен бірге жасап, бірге өсіп келемін. Қанекеңнің президент кезінде, қол астында 13 жыл істедім.

Қазақ халқының үлкенді кіші сыйлайтын әдеті бойынша президентіміз Қаныш Имантайұлын «Қанекең» деп кеттік. Өзіне барғанда да «Қанекең» деп үйренгенбіз. Ол кісінің бір әдеті — үлкенді де, кішіні де өзіне жылы тартып «Мәке», «Сәке» деп сөйлейтін. Сол себепті бұл естелігімде «Қаныш ағай» демей «Қанекең» деп алдым.

Оқымыстының бәрі бірдей ғаламат ақыл иесі бола

беруі шарт емес, білімдінің бәрі бірдей сөз иесі, сөз сырын қадірлейтін, өз ойын кесек-кесек тұжырымдармен баяндай білетін жан бола бермейді. Қанекеңнің бір басында осы қасиеттер мол еді. Қөбінесе осы қасиеттеріне байланысты болуы керек, «Қанекең сөйлейді» деген мәжілістерді жібермеуге тырысатынбыз. Қанекеңнің кіріспе, баяндама, қостама сөздерінде, мамандарға керекті біліммен қоса, өмірден алынған, өмірге үйретететін терең сырлар мен үлкен ойлар жататын, оларды жүрекке жайлы, көңілге қонымды, сырлы да қысқа ұғымдар арқылы тыңдаушыларға жеткізе білетін.

1951 жылдың басында право секторының бастығы Т. М. Құлтелеев өзінің Москваға, докторантураға жүруіне байланысты мені уақытша сектор меңгерушісі етіп тағайындау үшін Академия президентінің кабинетіне ертіп барды. Алдымен өзара сөйлесіп, оған оң сапар, олжалы оралуды тіледі де Қанекең жағдайымды, үй-күйімді, ғылым саласындағы ізденістерімді сұрай келіп, екеумізге бірдей қарап: «Ғалым білімді болу керек, білімдінің бәрі ғалым бола бермейді. Ғалым ерінбей үйренеді де ізденеді. Ғалым білім алады да, білімге білім қосады»,— деді. Кейін Тайыр Молдағалиевич әр кезде Қанекең сөзін өсиеті ретінде айтып жүрді. Қарауындағы жас мамандарға ұрысқанда да қолданатын еді.

Право секторының бір ғылыми қызметкерінің келесі мерзімге сайланбай қалу қаупі болды. Осы туралы алдын ала қоғамдық ғылымдарын басқаратын вице-президент С. Бәйішевке ескертуді жөн көрдім. Сақаң мені ертіп президентке кірді. Қанекең біздің әлгі қызметкер жөніндегі «ғылыми жұмысқа осалдығы көп» деген пікірімізді тыңдап алды да жарқын жүзімен, күлімсіреп қойып, Сақтаған Бәйішевке қарап: «Сақа, осы бір қора қойдың ішінде семізі де, арығы да, қотыры да болмайтын ба еді, оның арығы семірмей ме, қотыры оңалмай ма?» дегенде айтарға сөз таба алмай қалдық. Адамға сену, көмектесу керектігін айтты.

Қанекеңнің әсерлі, мағыналы сөздері кейде афоризмге де айналып кететін.

Қанекең академия президиумының қаулы-қарарларының мүлтіксіз орындалып отыруын талап ететін. Ат үстінен қаулыға кіргізе салған, еш нәрсеге себепкер бола алмайтын сөйлемдерді қатты сынайтын. Кезінде көңіл бөлінбей бүкпе қалған президиум қаулысын сез-

генде «Толғауы жетіп айтылған шешім жетім қалмауы керек» деп үйрететін.

Қанекеңнің білімділігіне, жан-жақты білгірлігіне баршамыз таңғалатынбыз. Оны сол кездегі үлкен оқымыстылардың өздері жыр етіп айтатын. Белгілі металлургия және жер-кен мамандары Қанекеңді бұл салалардан да білімі өте мол да терең деп санайтын. Президиум мәжілістерінде бұған талай рет куә болдық. Кейде Қанекең қорытынды жасағанда мамандардың баяндамасындағы қойылған өзекті мәселелерді шешу жолдарын мүлдем өзгертіп, өзінің логикасы, ғылыми дәлелінің күштілігімен басқа бағытқа аударып жіберетін кездері болып тұратын. Сонда Қанекеңнің сөзін ұйып тыңдап, оқымыстылардың өздері мәселенің бұл жағын неғып ескермегенбіз деп мойындап, дұрысы осы екен деп мақұл алатын.

Техникалық ғылымдар былай тұрсын, қоғамдық ғылымдарды, оның ішінде, әсіресе, қазақ әдебиеті мен фольклоры, тарих, экономика, қазақ тілі салаларында Қанекеңнің мағлұматы мол болатын, бағалы кеңестер беретін, өзіндік қосқан үлестері де жоқ емес еді. Осы пәндерге сүйсіне қарайтын, мол қамқорлығын көрсететін, осы салалардағы табысты ұлт мәдениетіне, совет елі мәдениетіне қосылған үлкен үлес деп танитын. М. Әуезов, А. Жұбанов, С. Бәйішев, Ә. Марғұлан сияқты қоғамдық ғылымдар саласындағы көрнекті оқымыстыларды Қанекең қатты сыйлайтындығы, жоғары бағалайтындығы өне бойы сезілетін.

Академия құрамында право ғылымының алғашқы қадамының сәтті болуына, дамуына да Қанекең тікелей үлес қосты. Олай дейтінім, Қанекең СССР Жоғарғы советі сессиясына барған бір шағында, 40-шы жылдардың соңы болса керек, әдейілеп белгілі академиктерге жолығып, Қазақстанда право ғылымын қай бағыттарда дамыту керек деп кеңес сұрағанын, Москва университетінің атақты профессоры, заң ғылымдарының үлкен маманы С. В. Юшковпен де осы мәселелер жөнінде сөйлескенін Алматыға оралғаннан кейін ғылыми мәжілісте баян еткені орта буындағы көптеген юрист-ғалымдарға әйгілі. Қанекеңнің бұл бастамасы Қазақстанда право ғылымының дамуына зор әсер етті.

1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы құрамында Философия және право институтын құру мәселесі көтеріле бастады. Осы кезде мен философия және

право секторының меңгерушісі едім. Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің бюро мүшелерін Қанекең жинап алып, менің қысқаша баяндамамды тыңдады. Әр түрлі пікірлер айтылды. Біреулер алдымен Әдебиет-тіл институтын екіге бөлу керек, енді біреулер правоны қоя тұрып философия жағын мықтау керек деп ұсыныстар енгізді. Сонда Қанекең заңдылық пен тәртіптіліктің, заңға сүйеніп ел басқарумен қоғам табыстарының тығыз байланысты екендігін атап айта келіп, оның үстіне «Республикамызда заң ғылымдары саласында едәуір табыстар да біркелкі даярланып қалды, осы салада болашағы мол жастар да көріне бастады», дей келіп, Философия және право институтын құру жөнінде ұсыныс енгізуді қолдады. Бюро мүшелері түгелдей оған қосылды. Бұл ұсыныс қабыл алынып, 1958 жылы осы институт ашылды.

Ғылымның өсуіне осылай қарау, ғылым мәселелерін мемлекеттік тұрғыдан шешу Қанекеңе тән еді.

Кейбір кездерде өзіміз қатарлы ғалымдар бас қоса қалғанда Қанекең, Мұхаң, Ахан, Қажекеңдердің (Жұмалиев) жас түлек ғалымдар дегендегі шынайы таза ықыластары, оларға тигізген шарапаты, көрсеткен көмегі мен ақылы ғажайып еді деп олардың тұлғасын, есімін сүйсіне еске аламыз.

Қанекеңнің ұмытылмайтын, артына қалдырған өзіндік бір өнегесі — диссертация қорғайтын жастарға, ғалымдарға мейлінше сүйемел болу, мейірімді ақ ниетімен қолдау. Ол кісі Москвада көп болатын. Барған сапарында астанада диссертация қорғайын деп жүрген қазақстандық жастардың жұмыс бағытын, жағдайын білуге де көңіл бөлетін, кейде телефон арқылы көңілін білдіретін. 1961 жылы январьда СССР Ғылым академиясының Право институтында докторлық диссертация қорғау алдында аздап жүрексініп тұрғанымда артымнан біреу келіп ұстай алды. Қарасам, біздің академияның жоспарлау-финанс бөлімінің бастығы, егде тартқан В. Соколов екен. Асыға сөйлеп: «Сізді кешеден бері Қаныш Имантаевичтің тапсырмасы бойынша іздеудеміз, талай қонақ үйін шарладық, бірақ сізді кездестіре алмадық», деді де: «Президент сізге докторлық диссертация қорғар алдында табыс тілейді, қобалжымасын, ғылыми айтыста әдеппен сөйлеп, өзінің ғалым екендігін көрсете білсін,— міне, осыны айта бар деп жұмсады» деді де мені құшағына алды. Не айтарымды біл-

мей «Рақмет, рақмет» деумен болыппын. Ертеніне Қанекеңнің өзі «Москва» қонақ үйінен институт директоры, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е. Коровиннен телефон арқылы менің қалай қорғағанымды біліп алыпты. Оны Алматыға қайтып келгенде Қанекеңнің көмекшілерінен естіп білдім. Қанекең жастарға осылай қамқорлық жасайтын. Осы күнге дейін заң ғылымының докторы М. А. Биндер «МГУ-де кандидаттық диссертация қорғағанымда мені Қаныш Имантаевич телефон арқылы құттықтады», деп аузынан тастамайды. Қанекең Алматыда болғанда да докторлық диссертация қорғау мәжілісіне кейде өзі келіп отыратын, кейде әдейі адам жіберіп, ақпарын алатын. Аса көрнекті, сыйлы ғалым — азамат, Қазақ ССР Ғылым академиясының беделді президенті Қанекеңнің лебізін естіген, әкелік қамқорлығын сезінген жасқа да, егде тартқан ерге де ынта қосылатын, рухани қажырлылық енетін, күшіне күш қосылатын.

Қанекеңнің, осындай-ақ Мұхаңның, Ахаңның, Қажекеңнің, бір ерекшелігі — талабы бар жас көрсе оған мейлінше қамқорлық көрсетіп, білім алып өсуіне, үлкен совет ғалымдарынан үйренуіне, ғылым шыңына талпынуына қолдан келгенше көмектерін аямайтын. Олардың өсуін, ғылым саласындағы жүріс-тұрысын бақылауға алып отыратын. Қанекең жастардың ішінен жігерлісін, ғылымда болашағы барын таба білуші еді, тез көруші еді.

Академия президиумының мәжілісінде, ғылыми конференцияда баяндамашы ретінде болсын, жарыссөзге қатынасушы ретінде болсын өзінің терең ойларымен, логикасымен көзге түскен жас ғалымдарды тұнып тыңдайтын, олардың болашағын қадағалап отыратын, өсіретін, ғылымдағы өрісінің кеңейуіне өне бойы жәрдем жасайтын. Осыған бір мысал келтірейік. Талай жыл Алматы қалалық Советі атқару комитетінің председателі болған Әділов мынадай әңгімені баян етті: «Қанекеңнің өз қолымен СССР Жоғарғы Советінің депутаты бланкісіне жазылған қалалық Советке жолдаған хатында, ғылыми атағы жоқ бір жас маманға үй беруді сұрап өтініпті. Тұрғын үй мәселесі ол кезде тіпті қиын іс еді. Қанекеңді сыйламайтын адам жоқ, ол кісінің әр уақытта үй сұрауы ретті болатын, қолымыздан келгенше өтінішін екі етпейтінбіз. Бұл жолы сұрауын түсіне қоймадым. Жас түлек? Жаңа келген маман түгіл, ғылым кандидаттарын былай қойғанда, атақты оқымыстылардың арасында да тұрғын үйге мұқтаждары да аз болмайтын. Телефонмен Қанекеңе осы жағдайды айтып көріп едім, Қанекең:— Бұл жігіттің болашағы зор, келешекте үлкен ғалым болады деген үмітіміз бар, сол себепті оған қазірден бастап жағдай туғызу керек деп есептеймін,— дегені. Бізде де амал қалмады, Қанекеңнің айтқанын орындадық. Жастардың ішіндегі дарындыларын екшеп таба білу, оларды осылай бағалау Қанекеңе тән қасиет еді». Бұл бағаға қосылмасқа болмайды.

Қанекең көп сөзден гөрі көп істі қолдайтын, айтқанын екі қылмайтын, «ауыздан шыққан сөзіңе де, қағазға түскен жазбаңа да, жасаған ісіңе де бүкіл адамгершілігіңмен жауаптысың» деп үйретететін, осы ретте өзі үлкен өнеге көрсететін. Жұмыс бабымен болсын, жеке басыңның мәселесімен болсын Қанекеңе кіре қалсаңыз сізді асықпай тыңдайтын, ақылын айтатын, жол сілтейтін. Барған адамның бәрінің де тілегінің орындала беруі мүмкін емес. Қайткенмен де Қанекеңнің қабылдауынан кейін ренжіп, күйініп шыққан адамдарды көрген жоқпыз.

Қанекеңнің мінезі кең де, жайдарлы да қатал болатын. Президиумының мәжілісінде белгілі оқымысты ретсіз сөйлей берсе, жас дарынды мамандарды қысымға алса, я болмаса жауапты ғалым ғылыми тапсырманы, жоспарлы зерттеулерді түрлі жарамсыз себептер айтып көрсетілген мерзім ішінде орындамаса, көріне шалалықпен орындаса, баяндамашылар жөнді әзірленбей келіп, мәселелерді ат үсті қойса — Қанекең оларға қатал келетін, ескерту беретін, қатуланып сөйлегенде жұрт жым болатын. Қанекеңнің жек көріп кеткені — өтірік айтып, жала жабушылар, айналасына өзін мақтайтын мылжың, қолдайтын «тума» жинаған кейбір бастықтар, ел мүддесін, лениндік ұлт саясатын ескермейтін, ескергісі келмейтін, ел табысына жаны ашымайтын, осы жолда еңбегімен көрінуге тырыспайтын кейбір қызметкерлер болатын. Қанекеңді Республика Ғылым академиясының ірге тасын қалаушы, оның бірінші президенті, академияның табысына мол үлесін қосқан үлкен ғалым деп санау орынды. Сонымен бірге Қанекең — ғылым саласындағы, ғылыми-ұйымдастыру жұмысындағы, оған қоса Республика өміріндегі, оның мәдениетіндегі ірі тұлға.

В. А. Хахлов

СТУДЕНТ ҚАНЫШ

Одан бері көп уақыт өтті... Бұл адам шабытты еңбекке толы, творчестволық өмір кешті. Оның өмірінің кейбір беттерін тағы да еске түсіргің келеді.

Революцияға дейін патшалық Россияда жоғары білімге жұрттың бәрінің қолы жете бермейтін. Сібірдегі бірден-бір техникалық жоғары оқу орны — Томск технология институтының қабырғасынан қазақтардың немесе басқа да аз халықтардың студенттерін сирек кездестіруге болатын еді.

Революция жеңіске жетті. Жаңа азат өмір заманы туды. Барлық ұлт еңбекшілері үшін жоғары оқу орындарының есігі ашылды.

1919 жылдан бастап мен Томск технология институтында палеонтология және тарихи геология кафедрасында жұмыс істедім. Кафедраны М. А. Усов басқарды. Мен лаборатория сабақтарын жүргіздім, кейбір курстарды оқыдым, жобалар мен диплом жұмыстарына жетекшілік еттім. Менің көз алдымда студенттердің құрамы күрт өзгерді. Аудиторияларда тұңғыш әйелдер пайда болды.

1921 жылы студенттер қатарына Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қосылды. Алғашқы күндерден бастап оның назары геологиялық-барлау мамандығына ауды.

Қ. И. Сәтбаевтың студенттік өмірінің басталуы Сібірде геология қызметі мен геология ғылымының дамуындағы жаңа маңызды тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді.

Революцияға дейін Сібірде геологтар мен барлаушы-геологтар даярланған жоқ, тіпті бұған қажеттілік те сезілмеді, өйткені геология мемлекеттік қызмет болмады, ал, кен өнеркәсібі өте төмен дәрежеде еді.

СССР-ді индустрияландыру өзінің төл минералдық тыңайтқыш базасын құруды талап етті. Бұл үшін ең алдымен кадрлар керек болды. 1919 жылдан бастап Сібірде тұңғыш рет мемлекеттік геология қызметі ұйымдастырылды, Томскінің жоғары оқу орындарында жаңа мемлекеттік міндеттерді шеше алатын кадрлар даярланды. Технология институтында барлаушы-геологтар

даярлана бастады. Әуелі кен факультетінде геологиялық-барлау бөлімшесі, ал, кейін геологиялық-барлау факультеті құрылды. Мұндай мамандарды даярлауға профессор М. А. Усов жетекшілік етті. Факультетті ұйымдастыру және басқару маған жүктелді. Томскіде Сібірдің жер қойнауын зерттеумен шұғылданатын геологтардың алғашқы ұйтқысы шоғырланды. Әуелде бұлар жастар еді, кейін олар ірі ғалымдар болды. Олардың ішінен И. К. Баженовты, А. Я. Булынниковты, Н. Н. Горностаевты, А. М. Кузьминді, М. И. Кучинді, М. К. Коровинді, М. П. Русаковты, Б. Ф. Сперанскийді, Н. Н. Урванцевті, Л. И. Шаманскийді, Ф. Н. Шаховты, тағы басқаларын атаған жөн.

Геология қызметінің алдында байыпты, жауапты міндеттер тұрды. СССР-ді индустрияландыруды жүзеге асыру үшін минералдық шикізат базасы керек болды. Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия геологиялық тұрғыдан мүлдем дерлік зерттелмей қалған-ды, демек, белгілібір пайдалы қазбаларды өндіруді ұйымдастыру туралы байсалды әңгіме қозғауға ешқандай негіз жоқ еді. Тіпті Сібір территориясында көп ұшырасатын тас көмір бассейндері де зерттелмеді.

Жас геологиялық мекеме СССР-дің азиялық бөлігінің түкпір-түкпіріне геологиялық партиялар жіберді, ондағы мақсат ұлан-байтақ территорияның геологиялық құрылымы туралы алғашқы дерек алу, белгілі бір пайдалы қазбаны табу тұрғысынан аса қызғылықты учаскелер таңдау, сөйтіп, кейін мұнда неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізу болатын. Сібірдің ұлан-ғайыр жері маршруттық зерттеулер желісіне толы еді.

Жас геологтардың ел қоныстанбаған, ит арқасы қиян аудандарды зерттеуге құлшына, батыл кіріскені әлі есте. Геологтар Уралдан Владивостокқа, Тянь-Шаньнан Диксон аралына дейінгі орасан зор территорияны зерттеп, өздерінің алғашқы ғылыми еңбектерін берді, баспасөз бетінде жеке аудандардың геологиялық құрылымы мен минералдық шикізат базасы туралы жазды.

Ғылыми кадрлар өте тапшы еді. Сол себепті олар жастарды да үйретті, егіс даласында жұмыс та істеді, студенттерді жауапты міндеттерді шешуге де жұмылдырды. Сондықтан студенттер бірінші курстан бастап өздерінің оқытушыларымен бірге даладағы зерттеулерге тікелей қатысты.

Жоғары оқу орнының табалдырығын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев аттаған кездің қысқаша сипаттамасы, міне, осындай. Бұл өзі оқуға жан-тәнімен құлшынған, момын, кішіпейіл студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М. А. Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады. Менің лекцияларымды да оның қызыға тыңдағанын қуанышпен еске аламын. М. А. Усов оқыған жалпы геология курсының геологтар даярлау үшін ерекше маңызы болды. Бұл курс ғылымның шалқар өрісімен, терең тұңғиығымен, оның мемлекеттік мәні зор кезектегі міндеттерімен таныстырды. Мұндай курсты үйренуден студент жүрегінде ұшқын тұтанады, оның білім бұлағынан сусындауға ынтасы артады. Енді оған бірыңғай лекциялар жеткіліксіз, сөйтіп, студенттің ғылыми және көпшілік әдебиетке деген құлшынысы пайда болады.

Қаныш Имантайұлының басынан, міне, осындай оқиға өтті. Ол арнаулы әдебиетті оқуға бүтіндей ден қойды, кешкі уақытын ылғи соған бағыштады. Бірде мен оған кафедра кітапханасын қарап көрші дедім, Вальтердің «Шөл даланың пайда болу заңдары» деген кітабын оқуға кеңес бердім. Осы кітапты қайтарарда ол әлгі еңбекті әбден мақтап, маған көптеген сұрақ қойды. Ол өзіне жақсы мәлім Қазақстанның кейбір территориясының жер бедері пайда болуын ұғынуына кітаптың көмектескенін айтты.

М. А. Усов десе студенттер ішкен асын жерге қоятын, ал, оның геологияның әр түрлі мәселелері жөніндегі лекциялары жастар жүрегін баурап әкететін. Қ. И. Сәтбаев палеонтология мен тарихи геология курстарын зор ынта қойып оқыды.

Екінші курстан кейін ол М. А. Усовтың дала жұмыстарына қатысты. Ол өз ұстазының жайдарлы мінезін, оның байқағыштығын, табиғат құбылыстарының терең мәнісін карапайым түрде түсіндірерлік ерекше қабілетін жақынырақ білді. Ғылымның өмірмен байланысын ұғыну — міне, М. А. Усовтың өз шәкірттеріне дарытқан қасиеті осындай. Бұл қасиет Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа да дарыған еді. Бұған институттағы жағдайдың өзі септігін тигізді, мұнда күллі ғылыми құрам Сібірді зерттеу жөніндегі өндірістік жұмыстарға қызу ат салысты. Жұрттың бәрі шабытпен қажырлы еңбек етіп, жастарды баурап әкетті.

Ғылыми баяндамалар, курс және диплом жұмыстарын орындау кезіндегі консультациялар студенттің ой-өрісін кеңейтіп, оны геологиялық документтерді талдауға, тиісінше қорытындылар жасауға үйретті.

Институтты бітірер кезде менімен әңгімелескенде Қ. И. Сәтбаев М. А. Усовтың ғылыми-педагогикалық қызметіне өте жоғары баға берді. Сол кездің өзінде-ақ ол өз ұстазының негізгі қасиеттерін: өмірмен және социалистік құрылыстың практикасымен табиғи байланысын, ғылымдағы әмбебаптығын, геологияның сан алуан саласындағы жан-жақты білімдарлығын баса айтатын.

М. А. Усовтың талай-талай курстарды оқуына, оқулықтар жазуына, тас көмір бассейіндерін, руда кеніштерін, тектониканы, геологиялық карта жасауды, тағы басқаларын зерттеу саласында жұмыс істеуіне тура келді. Өмірдің өзі осыны талап етті. Сібірдің геологиясы жөніндегі барлық материалды жинақтап қорыту қажымас М. А. Усовтың мойнына түсті. Міне, осы материалдың бәрі талданып, терең қорытылды, сөйтіп, жаңа зерттеулерге негіз берді.

Көп жыл өткен соң бұл ой-пікірлерді Қаныш Имантайұлы 1960 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы шығарған, «М. А. Усовтың геологиядағы негізгі идеялары» деген кітабында дамытты.

Институтты бітіргеннен кейін Қ. И. Сәтбаев өзінің туған Қазақстанына оралып, бүкіл өмірін геологияны зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат базасын жасауға арнады.

Ол өз жұмысын Атбасар түсті металдар тресінің геологы болудан бастады. Жезқазған және Успен мыс кеніштерінде геологиялық-барлау жұмыстарына қатысты. Үлкен Жезқазған проблемасын ұсынып, осы ауданның ірі перспективалары туралы Ауыр өнеркәсіп халық комиссары Г. К. Орджоникидзеге мәлімдеді, ал, ол мұны толық қолдады. Қ. И. Сәтбаевтың тікелей қатысуымен мыс өнеркәсібінің еліміздегі ең ірі орталығы бой түзеді.

Үлкен Жезқазған проблемасын шешу тұсында Қаныш Имантайұлы юрск және миоцен жас мөлшеріндегі тас көмір кеніштерін зерттеу мен бағалауға назар аударды, темір, марганец, алтын, полиметалдар, отқа төзімді заттар, құрылыс материалдары жөнінде мақалалар жариялады, яғни, геология ғылымының әр түрлі саласынан өзінің жан-жақты білімдарлығын танытты.

Қ. И. Сәтбаевтың аса үздік ғылыми жетістіктері деп

Қазақстанның болжам карталарының принциптерін белгілеуді және жасауды айтуға болар еді. Қаныш Имантайұлы өз ұстазының идеяларын шебер дамытты. Болжам карталары Орталық Қазақстанның минералдық шикізат базасын игеруде өте-мөте зор пайдасын тигізді. Болжам карталарында белгіленген аландарда жүздеген жаңа кеніштер ашылды. Қаныш Имантайұлы көптеген, әрі саналуан пайдалы қазбаларды ашуға жетекшілік етті.

Қаныш Имантайұлы геологиялық-құрылым белгілері негізінде Қазақстан руда кеніштерінің жаңа тектерін жасады. Ол геологиялық құрылымдардың өте-мөте зор мәні бар екенін дәлелдеді. Осы негізде жүргізілген металлогениялық зерттеулер аса игі нәтижелер берді және Лениндік сыйлыққа ие болды.

Тамаша ұйымдастырушы, бесаспап ғалым болған ол үлкен ғылыми коллектив жасақтап, геологияның әртүрлі саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастырды.

Қ. И. Сәтбаев әрбір ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі жариялануға тиіс дейтін өз ұстазының өсиеттеріне сүйенді. Тек осылай еткенде ғана ғылыми зерттеулер ғылым мен өндіріске шын мәнісінде пайда келтіреді. Сөйтіп, ол тұңғыш мерзімді ғылыми басылым — «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы» журналын шығаруға күш салды.

Ол ірі мемлекет және қоғам қайраткері болды.

Оның ерекше қасиеті — студенттік шағынан бастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін — қарапайымдылық, кішіпейілдік, адамдарға сергек қарау, қолынан келген көмегін аямау еді.

Менің Қаныш Имантайұлымен көп кездесуіме тура келді. Соңғы рет біз оны қайтыс болатынынан жарты жыл бұрын көріп едік. Ол өзінің студенттік жылдарын, өзінің ұстаздарын еске алды, оларға шынайы алғыс сезімін білдірді. Ол жоғары оқу орнының өмір асқарына жолдама беретінін терең ұғынды. Жоғары оқу орны білікті, іскер маманды, өндіріс командирін, ғылыми мекеменің жетекшісін, өмірге ғылым мен мәдениетті енгізетін мәдениетті адам даярлайды. Ол ылғи да ғылыми зерттеулерді өнеркәсіп қызметкерлерімен тығыз ынтымақта ұйымдастыруға тырысқан М. А. Усовты еске алатын. Қоштасарда ол маған: «Мен студенттік жылдарымнан бастап өзімнің ұстаздарым қалай жұмыс істесе, солай жұмыс істеуді арман еттім...» деді.

Шынында да ол ұстаздарының бар жақсылығын бойына сіңірді, олардың абзал қасиеттерін молайта, тереңдете түсті...

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі мен қызметі — революциядан кейін жоғары білім алған тұңғыш қазақтардың бірінің күрделі жолы. Ол өзінің күллі өмірін ғылымды дамытуға және Қазақстанның өндіргіш күштерін игеруге бағыштаған еді.

Ф. Мұхамедғалиев

АЗАМАТ

Еліміздің аса ірі ғалымдарының бірі академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тек геология саласындағы ғана үлкен ғалым емес еді. Зор білімдарлығы нәтижесінде ол республикамыздағы ғылымның көптеген салаларын дамытуға ықпал жасады. Қ. И. Сәтбаевтың басшылығымен және оның ой-пікірімен биология ғылымының ең басты салалары құрылды, зерттеу жұмыстарының басты бағыттары белгіленді, топырақ зерттеу, ботаника, зоология, физиология институттары, тағы басқалары ұйымдастырылды. Оның басшылығымен негізгі ғылыми кадрлар шыңдалып шықты.

Біздің кең байтақ республикамыздың топырақ-географиялық жағдайларын, өсімдік байлықтарын, жануарлар дүниесін зерттеудің басты инициаторы болған да академик Сәтбаев республиканың барлық облыстарының топырақ картасын жасап, көп томдық «Қазақ флорасы» басылымын шығарумен, оның аса бай фаунасын егжей-тегжейлі суреттеп жазумен аяқталды.

Қаныш Имантайұлы медицинаның ғылыми негіздерін дамытуға да зор ықпал жасады. Оның жәрдемімен ұйымдастырылған эксперименттік хирургия институты мен өлкелік патология институты қазіргі кезде республикамыздағы медицина институттары арасында жетекші институт болып отыр.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ауыл шаруашылы-

ғын өркендетудегі ролі де баға жеткісіз. Оның басшылығымен малды әртіннен будандастыру жөнінде жұмыс басталды (қазіргі кезде малдың бірнеше жаңа тұқымы шығарылды). Қаныш Имантайұлының ықпалымен республикада генетикалық ой даму алды.

Биологтардың барлық негізгі басшы кадрлары өздерін Қаныш Имантайұлының шәкірттері санап, оның республика биологиялық ғылымының дамуына тигізген жәрдемін зор алғыс сезіммен еске алып отырады.

Біз Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты республиканың шаруашылық құрылысына сыбағалы үлес қосқан ірі мемлекет қайраткері, жайсаң жан, табанды, қажырлы, ұлы Отанымызды гүлдендіру ісіне, елімізде коммунизм орнату ісіне шексіз берілген азамат, коммунист ретінде білеміз. Қаныш Имантайұлының алып бейнесі орыс және совет ғылымының ұлы дәстүрлерінің, республика ғылыми коллективтерінің, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне берік топтасқан ғұлығының көрінісі еді.

І. Омаров

ӨМІРМЕН БІТЕ ҚАЙНАСҚАН

Қаныш ер тұлғалы адам ғана емес, сол сырт суретінің өзі оның асқар ойлы ғалымдығына, ақыл-парасат, адамгершілігіне сайма-сай еді. Сол заңғар, батыр тұлғасы істеген ісінде, қоғамдық жұмысында, адамдармен қарым-қатынасында да байқалып, Лев Толстой айтқандай: асыл ақыл-ой асқар адамға тән, дегенді паш етіп тұрушы еді.

Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ержетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі ғалым болды.

Тарихта аналогия — салыстыру жиі болып тұрады. Егер біз де сол шама-өлшеммен ойға қалсақ, Қаныштың тұлғасы советтік шығыстың ең жарық жұлдыздарының бірі екенін көреміз. Халық тарихы, Шығыс тарихы үлкен ғалымдарды біледі. Олар Әбу-Әли ибн Сина, Ұлықбек, Шоқан болса, біздің тұсымызда Қаныш Сәтбаев деуге хақымыз бар.

Қаныш Сәтбаев — советтік заманның асқар Алатауындай ғалымы: оған ешкімнің таласы жоқ, болмақ та емес.

Қаныштың өмірі — халықтың өмірі, оны одан бөліп алып қарауға болмайды. Қаныш — совет заманында ғана өсе алатын халық өкілі, оны қоғам өмірінен бөлек қою мүмкін емес. Қаныштың рухани өміріміздегі орнын, қызметін зерттегенде бұл есте болатын жай деп білеміз.

Әрине, Қаныштың аса қажырлы, зор қоғамдық еңбегін, саф алтындай ғылыми-зерттеулерін, оның халық алдында сіңірген тамаша, терең қызметін ұрпақ өкілдері талдап көрсетер. Мен болсам оның қоғамдық өмірдегі мінез-құлқын ғана сөз еткім келеді.

Қанышпен әр қилы жағдайда кездестім. Жақын дос адам ретінде пікірлесіп, әзілдесіп жүрдім. Сонда байқалған бір қасиет, ол өзінің зор ғалым, алып адам екендігіне қарамастан өте кішіпейіл еді. «Жақсыны көріп жан семіреді»— дегендей Қаныштың кескініне қарап, кісінің көңілі тоятын. Оның жүзіндегі жылылық адамның жанына жайма-шуақ леп беретін.

Қаныштың дәстүрлі мінезі — кісіні ешқашан да фамилиясымен атамайтын еді. Орыс болса — әкесі мен өз атын қоса атап, қазақ болса — ежелгі халық дәстүрін бұзбай, «еке» деумен өтті. Тіпті ол осы әдетін жастар арасында да көрсететін және бұл жас буынмен жақындасуын жеңілдететін. Қаныштың ашу шақырып, біреуге «сен» дегенін өз басым көрген жоқпын, естіген де емеспін. Ол «пендешілік» дегенді өмірі білмеді. Үнемі жымиып, әлде бір зор қиялға, өмірге іштей толысып жүретін еді. Кескін-келбетінде парасаттылық пен ойшылдық жайнап тұратын. Бұл — Қаныштың кеңдігін көрсететін және үлкен адамгершілік адамы екенін дәлелдейтін.

Есімі бүкіл дүние жүзіне тарап, еңбегі жанып, мемлекеттік ең жоғары сый-құрмет, атақ-дәрежеге ие болып жүргенде де ол сол бағзы кішіпейіл қалпынан айнымай, асып төгілмеді, керісінше, бұрынғыдан да адамға жақын дос, бауыр, туыс болып кетті. Сүтпен кірген халық мейірбандылығы алтындай жарқырап көзге ерекше түсті.

Қаныш — ғылым мұддесін қатты ойлайтын еді, ол

үшін бар күш-қуатын аямайтын, бармайтын жері болмайтын.

Академияның алғаш рет құрылып жатқан шағы есімде. Ғалымдарымыздың өзі некен-саяқ болатын. Сонда ол аса зор жоспар ұсынды. Біз одан сіз мұны нендей нәрселерге сүйеніп жасадыңыз деп сұрадық. Қаныш қас қақпастан:

— Партияға сеніп жасадым!— деді.

Қаныш, күні кеше, 1964-65 жылдардың халық шаруашылығы жоспарына да зор үлес қосты. Бәрімізбен бірдей еңбек сіңірді.

Ие, ол нағыз интернационалист еді. Ол орыс геологиялық мектебінің шәкірті, сол ұлы мектептің ісін ілгері апарушы болды. Ол — Обручев, Шевяков, Губкиндердің жолын қуды, Русаков, Кассин секілді тамаша геолог ғалымдармен бірге жұмыс істеді, Штифанов және басқа үздік ғалымдарды тәрбиелеп шығарды.

Шығыс халықтарында мынандай тамаша ғақлия бар:

Достым, сіз ғалым адамның өлгеніне қайғырдыңыз, оң қолыңызбен ашық жатқан көзін жаптыңыз, қамықтыңыз, жыладыңыз. Туысқаным жылама, сіз ғалым адамның көзін жапқаныңызбен ол адам өлгеннен кейін де ақыл-парасаты, еңбегімен кейінгі буынның өмірге көзін аша береді, өмір сүруді үйрете береді.

Міне, Қаныш туралы да осы сөз айтылуға тиіс. Себебі оның тұлғасы заңғар, бойы асқар адам еді. Ол біздің өмірімізден мәнгі кетпейтін адам.

Н. В. Павлов

АБЗАЛ АДАМ ЕДІ

СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы Президиумының председателі, белгілі геолог, академик А. Д. Архангельский 1939 жылы кенеттен қайтыс болып, филиал басшылығы бірқалыпқа келе алмай, ісі оңалмай жатқан еді. Москвадан, СССР Ғылым академиясынан филиалға қайта-қайта комиссиялар келіп, оның жағдайының мәз емес екенін анықтады. Қатардағы қызметкерлер филиалдан ол бейнебір суға батып бара жатқандай безе қашты, тек геология секторының жетекшісі Р. А. Борукаев, топырақ зерттеуші Ө. Оспанов сияқты бірен-саран жауапты адамдар және осы жолдардың авторы мекеменің сақталуын қалады.

Филиалдың жұмысын барынша тәуір етіп көрсетуге жанталаса тырысып бақкан ғылыми секретарьдың бір құлаш баяндамасы аяқталды-ау ақыры. Содан кейін мінбеге қосымша баяндамашы Қ. И. Сәтбаев көтерілді. Ол ағынан жарылып, өзінің таза да сүйкімді даусымен филиалды жегідей жеп бара жатқан берекесіздікті әділ сынға алды. Ғылым академиясы Қазақ филиалының мәжіліске қатысып отырған барлық қызметкерлері жадырап, көңілденіп сала берді.

Қ. И. Сәтбаев филиал қажет екенін, ол Қазақстанның ғылыми орталығына айналуы, бірақ бұл үшін филиалға басшылықты жақсарту, кадрларды күшейту және оперативті жұмыс жүргізу керек екенін айтты.

Өкінішке қарай, ол кезде Ғылым академиясы Қазақ филиалының Қ. И. Сәтбаевпен байланысы жаңағы жалғыз мәжілістен кейін тағы үзілді. Ол әлі геология секторы бойынша кейбір ұйымдастыру шараларына ғана қатысты да, өз қызметінің өзегіне айналдырған Жезқазғанға аттанып кетіп, сол жақта бір жылдан астам уақыт жүрді.

Филиал Президиумның председателі болып талантты тарихшы қазақ Ғ. Бұзырбаев тағайындалды. Ол басқарған тұста Ғылым академиясы Қазақ филиалының жұмысы жақсара түсті. Мысалы, 1940 жылдың декабрінде Ғылым академиясының филиалы Қазақ Мемлекеттік университетімен бірлесіп, Қазақ Совет Республикасының 20 жылдығы құрметіне ауқымды да мазмұнды ғылыми конференция өткізді. Конференция бірқатар секцияларға бөлінді, солардың ішінде Қ. И. Сәтбаев басқарған геология және өнеркәсіп секциясы ең күшті секциялардың бірі болды.

Ұлы Отан соғысы басталар қарсаңда Қ. И. Сәтбаев Алматыға келді. Партия мен үкімет оны СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы Геология институтын басқаруға шақырып алдырған еді. Көп кешікпей ол осы филиал председателінің орынбасары болып тағайындалды.

Қ. И. Сәтбаев өзін жауапты қызметке ұсынған жоғарғы органдардың сенімі деңгейінен шықты. Филиалдың жағдайымен егжей-тегжейлі танысуға, кадрлармен кеңесуге уақытының жетпеуінен туған үлкен қиыншылықтарға қарамастан Қ. И. Сәтбаев қысқа кезең ішінде Ғылым академиясы Қазақ филиалының барлық мүмкіншілігін соғыс пен қорғаныс қажетін өтеуге жұмылдыра білді. Филиалдағы неғұрлым толық та қуатты Геологиялық институт Қазақстандағы күллі геологиялық зерттеулердің шын мәніндегі орталығына айналды. Ол ендігі жерде Жезқазған мен Балқаштағы, Қарағанды мен Алтайдағы кенді аудандардың барлық барлау және практикалық қызметін біріктірді. Сонымен қатар Ғылым академиясының Қазақ филиалы жүйесіне енген басқа да барлық мекемелер мен лабораторияларда қорғаныстық маңызы бар еңбектер өріс алды. Айта кетейін, Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша қорғаныс қажеті үшін филиалдағы жоспарлар мен тақырыптар Қазаннан СССР Ғылым академиясы Президиумының тиісті нұсқаулары келіп түсуінен көп бұрын қайта жасалатын. Мысалы, ботаника секторы 1941 жылдың жазында Қазақстандағы жабайы каучук өндіру көзі — тausағыз қорын жинау жөніндегі бұқаралық патриоттық іске белсене қатысып, сабын мен синтетикалық бояғыштарды ауыстыратын өсімдік іздестірді, жабайы пайдалы өсімдіктердің есебін жүргізіп, оны жинауды ұйымдастырды, азықтық, дәрулік және витаминдік шөптерді анықтауға көмектесті.

Зоология секторы аң терілері мен ет өндіруге арнап, сондай-ақ азық-түліктік қорларымызды арттыру үшін жануарлардың кәсіптік ресурстарын зерттеу жұмыстарын өрістетті. Химиялық лабораториялар арнаулы қорғаныстық тапсырмалар бойынша тығыз-таяң анализдер немесе синтездер жасап жатты. Тіпті 1941 жылғы күн тұтылуын бақылағаннан кейін әрекетсіз отырып қалған мейман астрономдар да әскери проблемалармен айналысып, аспанды бақылау жасау үшін аса қажетті оптикалық құбылыстармен, айналаны зерттеу проблемаларымен шұғылданды.

Осы істердің бәрінде де К. И. Сәтбаев өзіне тән алғырлық, аңғарғыштық танытты. Ол қолына алған істі тындырғанша тыным таппаушы еді. Содан да шығар, соғыс кезінде ол әрбір еңбекті орындалу мерзімі жағынан бағалайтын. Ғылым академиясының Қазақ филиалында, сол бір ұмытылмас күндерде, бейнебір ғылыми конвейер құрылып, партия мен үкіметтің кезекті тапсырмалары қалтқысыз орындалып отырса, мұнда Қ. И. Сәтбаевтың еңбегі де аз емес-ті...

Кейін де мен Қ. И. Сәтбаевтың сергектігін, адамдарға деген абзал сезімін талай рет байқадым. Ол қандайда болсын ақ адал еңбекті, ғылымдағы жарқын жетістіктерді өз табысындай қуана қабылдаушы еді, соның нәтижесінде ол айналасындағы адамдардың творчестволық өрлеуін туғызып отыратын.

Солай бола тұрса да, Қ. И. Сәтбаев адамдармен тез де жылдам тіл табыса бермейтін. Кімді болсын тек ісіне, қабілетіне қарай бағалайтын. Оны мәнерлі сөздермен де, толып жатқан жалаң үміттермен де сендіре қою қиын еді: себебі ол нақты орындалған істі ғана танитын, ал мұндай нәтижеге тек қажырлы еңбек ету арқылы ғана жетуге болатынын жақсы түсінетін.

...Қ. И. Сәтбаевтың қызметі ауқымды да сан қырлы болғандықтан оның ғылыми мүдделерін сипаттай қою оңай емес. Әрине, Қ. И. Сәтбаев — ең алдымен геолог. Бүкіл қызметін қоса алғандағы геология Қ. И. Сәтбаевтың барынша ұнатып айналысқан ісі. Бұл орайда ол геология ғылымының осы заманғы барлық жетістіктері деңгейінен көрінген қадір-құрмет иесіне айналды. Дегенмен Қ. И. Сәтбаевтың табиғи ақыл-ойы білімнің барлық салаларына деген құштарлығымен қосылып, оны, жалпы алғанда, тамаша натуралистке, бірқатар қоғамдық ғылымды: археологияны, тарихты, тіл білімін және әдебиетті, әсіресе, қазақ әдебиетін жақсы білетін ғалым еткен. Бір кезде Қ. И. Сәтбаевтың қазақ эпосы жайлы мақала жазғаны, Жезқазған ауданындағы археологиялық ескерткіштер туралы хабарлағаны, құс салатын қазақтың ұлттық аңшылығын егжей-тегжейлі зерттеуі тегін емес-ті. Сондықтан да Қ. И. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясындағы барлық істер мен жұмыстарда әділ төреші болып отыр. Академияның қай институты, қай секторы болсын оның пікірін түпкілікті берілген баға ретінде қабылдауда.

Қ. И. Сәтбаевтың айрықша аңғарғыштығын дәлелдейтін, өзім куәсі болған бір мысал келтірмекпін. 1947 жылы Англияға жауап сапармен барған СССР Жоғарғы Советі депутаттарынан құрылған советтік делегация құрамында Қ. И. Сәтбаев та болды. Осы сапардан оралғасын бірнеше күннен кейін мен жұмыс бабымен

оның қабылдауында болдым. Қ. И. Сәтбаев мені үйіне қонаққа шақырды. Англияға барған сапары жайлы әңгіме естітін болдым ғой деген көңілді оймен кешке қарай оның шағын болғанмен, жинақы, жайлы пәтеріне келдім. Президенттің көңіл-күйі көтеріңкі екен, мұндай жағдайда оның әңгімесін тыңдау расында да ләззатқа айналады. Ол ғасырлық дәстүрлермен шырмалған ағылшын өмірін тек сырттай бақылап қоймай, тереңнен байқағанын аңғартты. Қысқа мерзім ішінде алғашқы рет көрген елді мұншалықты терең түсіну мыңнан бір адамдардың қолынан ғана келуі мүмкін-ау деген ойға қалған едім.

Оның әңгімесінде парламенттің сиқы мен британдық палаталардың жағдайы, шотландияның көз тойдырарлық көрікті өңірлері, Фарадейдің Кембридждегі лабораториясы, халықтан қол үзген университеттік білім берудің жағдайы, ағылшындық кинотехника және басқалары суреттеліп жатты. Ол сондай-ақ соғыстың аяқталғанына қарамастан Лондон көшелерін басқан қара түнек туралы, ағылшын кен жұмысшыларының өмірі туралы, ағылшындардың советтік делегацияға өз тұрмыстарын әрлі етіп көрсетуге тырысқаны туралы айтты. Әңгіме соңында ол делегацияның Англияда болғандағы сәттерін бейнелеген фотосурет папкасын қолына алды. Ол бізге айтқан әңгімесінде осы заманғы Англияның буржуазиялық мерездерін, империалистік саясат жүргізіп отырғандарды әшкерелеп, өлтіре сынады. Мен бұл үйден үлкен бір пайдалы кітап оқып шыққандай болдым.

Осы тамаша табиғи ақылы ғажап білімдарлығымен қосылып, советтік ғылымның таңдаулы өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста терендей, кеңи түсіп Қ. И. Сәтбаевты совет елінің аса көрнекті ғалымы, азаматы, Қазақстан ғылымын ұйымдастырып, дамытуда жігерлі жаңашыл етіп шыңдап шығарды.

ЗАМАН ЕЛШІСІ

Халқымыздың атақты, ардақты, аты әлемге әйгілі ұлдарының бірі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына тоқсан жыл толады.

Ойлап отырсаң, Қанекең өмірінің көп кезеңі тарихи белгілі оқиға, жағдайлармен тоғысып жататынын байқауға болады.

Мен Қанекеңді ең бірінші көргеннен бері елу жылдан астам уақыт өтті. Ол кезде мен ауылдамын. Мен есімді білген кезімде біздің ауылдар Шыбындыкөл, оның сағасын, Тұзащы, Сұрқақ дейтін жерлерді жайлайтын.

1926 жылдың жазында Тұзащыда отырғанда Имекең (Қаныштың әкесі — Имантай) бастаған жиырмадан астам салт атқа мінген қонақтар біздің ауылға келіп түстенгені әлі көз алдымда. Ескіден келе жатқан қазақтың дәстүрі бойынша, қонақтар Әбдінің «қара шаңырағы» деп біздің үйге түсті. Әбді — біздің бесінші атамыз. Бұлардың ішінде Қаныш, оның ағасы Ғазиз болды.

Бала кездегі көрген оқиға, естіген әңгіме ойда көп уақытқа қалатын фотография сияқты көрінеді, көп уақыт өтсе де сол қонақтардың кейбіреулерінің түс-тұрпаты, айтқан сөздері әлі күнге дейін есімде. Мысалы, Имекең ұзын бойлы, ат жақты, қыр мұрын, селдір шоқша сақалы бар, өткір қой көзді, қара торы, келбетті кісі, ал Қаныш болса ол да ұзын бойлы, талдырмаш, кең маңдайлы, бұйралау шашты, «орысша» киінген ақ құба жігіт екені әлі көз алдымда.

«Сібірдің бір үлкен қаласында көп жыл оқып, ірі маман-инженер болып келген Имантайдың Қанышын көрелік» деп, көрші отырған ауылдардан келгендер де аз болмады.

«Тұзащы» деп мөп-мөлдір тұщы суы бар кішкене қара төбенің етегінен шыққан бұлақтың аталуы әлі де түсініксіз. Сол бұлақтың басындағы көгалға қонақтар мен ауыл адамдары алқа қотан отырып, жас инженер Қаныштың жер туралы, оның байлығы туралы болу керек, әңгімесін аса ынтамен тыңдағандары, кейбіреу-

лер таң қалып таңдайын қаққандары да, Қанекеңнің қолына ұстап отырған бір түйір қара тас та әлі есімде.

Республикамызда тұңғыш рет ашылған Қазақ кенметаллургия (қазір политехника) институтын 1939 жылы қазақ жастарынан бір топ инженер-геолог бітіріп шықты. Солардың біразы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамындағы геологиялық секторға жолдама алды. Солардың ішінде мен де бар едім.

1940 жылы Қазфилиалдың геологиялық секторы негізінде институт ашылды. Бұл ғылыми мекеменің іргетасын қалаған, оны ширек ғасыр басқарған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болды.

Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Әркім өзінің шамасына қарай қолынан келгенін аямай партиямыздың «бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» ұранын орындауға белсене ат салысты. Бұл кезде мен басқа қызметте болсам да Қанекең басқарған институтта не істеліп жатқанын біліп жүрдім. Бұл мекеменің сол кездегі шағын ғылыми қызметкерлері халық шаруашылығына, қорғаныс өндірісіне керекті пайдалы қазбалар (түрлі-түрлі металдар, құрылыс материалдары, көмір т. б.) кен орындарын болжау (прогноз), іздеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылдануда болды.

Соғыс біткеннен кейін баспа бетінде «Жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды» дегенді оқырмандар жақсы біледі. Жауға атылған сол тоғыз оқтың жасалуына Қанекең бастаған коллектив те өз үлесін қосты.

Осы сөз болып отырған геология институтына 1943 жылы март айында Қанекеңнің шақыруымен келіп, кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналастым. Алғашқы кездесіп сөйлескеннің өзінде-ақ Қанекең менің келешектегі геологиялық ғылым саласындағы жолымды, істейтін ісімді белгілеп берген-ді. Қазақстанның алдымен түсті металдарға (қорғасын, мырыш, мыс, т. б) байлығын, бұл салада зерттейтін толып жатқан проблемалар барлығын, осындай метал кендері көп Алтай, Жоңғар Алатауы, Қаратау аймақтарын айта келіп, Қанекең маған полиметалды) қорғасын, мырыш, т. б.) кендерді зерттеумен шұғылдануына ақыл берді. Сондағы Қанекеңнің көрсеткен соқпағымен әлі жүріп келеміз. Осы полиметалды аймақтардың ішінен Қанекең алдымен Қаратаудағы кен орындары, Ащысайды зерттеуді жөн көрді. Өйткені кезінде осы кеннің негізінде Шымкентте қорғасын заводы салынды, ал кеннің қоры жылдан жылға азайып бара жатыр, осы кеннің өмірін ұзартуға ат салысудың күні туды дегенді айтты Қанекең.

Ғылым мен өмірдің байланысын әрдайым нығайта беру қажет екендігі туралы партиямыздың ұранын, нұсқауын толық түсінген, іс жүзіне асырған ғалымдардың бірі Қанекең деп санаймын. Ғылым мен практиканың, өмірдің қабысу, байланысуының да түрлі-түрлі жолдары бар. Мәселе осы жолдардың ең тиімдісін, қолайлысын табуда.

Ғылым мен өмірдің байланысын күшейту саласында Қанекең екі жолды көрсетіп кетті. Әрбір ірі өндірістік өлкелердің орталығында академияның құрамына кіретін бөлімшелер, институттар не болмаса ірі лабораториялар ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат — өндіріс қызметкерлерімен тығыз байланыса отырып, жергілікті өлкенің мүддесіне қажет ғылыми және техникалық мәселелер, проблемаларды зерттеу, оның нәтижесін қолма-қол іске асыру, өндірістің тиімділігін арттыру. Екінші жол сондай-ақ ірі өндірісті өлкелерде Академияның көшпелі ғылыми сессиясын өткізу болатын. Қанекеңнің тұсында сондай сессиялар Қарағанды, Өскемен, Қостанай, Гурьев қалаларында өткізілді.

Шығыс Қазақстанда Қазақ Академиясының СССР Түсті металлургия министрлігімен біріккен көшпелі ғылыми сессиясы 1947 жылы ұйымдастырылды. Мұнда көп проблемалар көтерілді, олардың шешу жолдары да жобаланды. Қысқаша айтқанда, Академияның бұл сессиясы осы өлкенің, әсіресе, кенді Алтайдың өндіргіш күштерінің тағы бір сатыға шығуына себеп болды, десек қателеспейміз. Шынында, сессиядан кейін кенді Алтайдың және осындағы белгілі кенді аудандардың геологиялық құрылысын, кен жаратылу заңдылықтарын, тағы басқа мәселелерін зерттеу жұмысы ауқымды түрде бірнеше ғылыми мекемелердің қатысуымен тездетіліп жүргізіле бастады.

Жергілікті геологиялық ұйымдардың сұрауына сәйкес Қанекеңнің ұсынысымен кенді Алтайдың үш ауданында (Зырян, Лениногор, Белоусов-Березов) Қазақ Академиясы тарапынан төрт-бес жыл бойы толық геологиялық зерттеулер жүргізілуі нәтижесінде көптеген жаңалықтар ашылды. Мысалы, Зырян кенін, оның төңірегін толық зерттегенде бұл аймақтың бұрынғысына

тіпті ұқсамайтын геологиялық құрылысы, кеннің жаратылуы, жер қойнында орналасуы, таралу заңдылықтары анықталды. Бұл жағдай практикалық өте маңызды, зор мәселелерді шешуге әкеп соқты. Зырян кенінің қорын пайдалану екі есе ұлғайды, мұнда руда алынатын карьер жасалды, Зырян өңірінде геологиялық барлау жұмысын дұрыс, тиімді жүргізуге мүмкіндік туды.

Сарыарқаның орталық аудандарында салынған күрделі өндіріс орындарын, алдымен Қарағандыны, Теміртауды ауыз және техникалық сулармен қамтамасыз ету мәселесі елуінші жылдардағы ірі проблемалардың бірі болды. Бұл проблеманы шешу Ертіс суын Қарағандыға дейін канал арқылы апаруға байланысты екені анықталды. Осы Ертіс—Қарағанды каналы бойының геологиялық құрылысы, геоморфология, гидрогеология мәселелерін зерттеуде Қанекең бастаған коллектив көп еңбек сіңірді. Толық жүргізілген жұмыстың нәтижесі каналдың жобасын жасауда толық пайдаланылды.

Елімізде тың көтеру эпопеясы басталды, бұл маңызды, мемлекеттік уақиғаға да ғалымдар атсалысты. Осы тұста Қанекеңнің бар ынтасымен бақылап, басқарған ірі проблемалардың бірі тың және тыңайған жерді игеруде ұйымдастырылған ондаған, жүздеген совхоздарды тау жынысынан шығатын құрылыс материалдарымен, ауыз сумен қамтамасыз ету болды. Совхоз орнайтын өлкелерде институттан бірнеше геологиялық экспедиция, партиялар зерттеу жұмысын жүргізіп алға қойған міндеттерін абыроймен орындады.

Ал осы айтылғандардың көбі — Қанекеңнің ұйымдастыру талантын көрсететін жағдай. Ол кісі ғылым жолында қандай күрделі мәселелерді зерттеді, шешті дегенде мына екі проблеманы айтуға тура келеді. Жезқазған кенінің түрлі-түрлі геологиялық проблемаларын көп жылдар толық зерттеп, оның құрылысын, руданың жаратылу процесін, жер қойнында орналасу, таралу заңдылықтарын анықтау, осы кеннің әлемдегі алып кендердің қатарына қосылуы Қанекең еңбегінің нәтижесі екені әр кімге аян. Қазақстан геологиясында Қанекеңнің ең ірі, өшпейтін ізі осы Жезқазған, оның кен қорына салынған зәулім қалалары мен көптеген өндіріс орындарында қалды.

Жезқазған типтес кендердің генезисі туралы Қанекеңнің пікірі көптеген фактілермен дәлелденіп келеді. Осындай кендердің генезисі (жаратылысы) туралы Қанекеңнің пікірі Ұлытау—Жезқазған кенді ауданында геологиялық болжау, барлау жұмысына бағыт беретін негізге айналғаны даусыз.

Сырттан қарағандарға «Жезқазған»—«Сәтбаев» бір ірі құрылыстың синонимі сияқты байқалатын. Осының да терең мәні бар сияқты. Октябрь революциясынан бұрынғы шағын кен орны — Жезқазғанды Қаныш Имантайұлы Сәтбаев әлемдегі алып кендердің қатарына жеткізсе, Жезқазған Қанекеңнің атақты үлкен ғалым дәрежесіне көтерілуіне себепкер болды.

Қанекең шұғылданған екінші проблема Қазақстанның металлогениясы болатын. Осы бағытта да бұл ғалым өте көп еңбек сіңірді, көзге түсердей күрделі ғылыми нәтижеге ие болды. Елімізде ең бірінші рет болжау және металлогениялық карта Қанекеңнің бастауымен жасалды. Осы жұмысқа қатынасқан Қанекең бастаған бір топ ғалымдар Лениндік сыйлық алды.

И. Н. Богданчиков

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫМЕН ҚАДІРЛІ ЕДІ

...1936 жыл. Сентябрь айының іші. Кен барлау партиясының Найзатастағы бөлімшесіне геологиялық партияның автомашинасы келді. Шофері:

— Қанекең москвалық ғалымдармен Шайтантас етегінде қалды. Найзатас бойын жаяу жүріп өтіп, кенін өз көзімен көріп шықты. Қештетіп осында келіп қонбақ,— деген хабар жеткізді. Қонақасы әзірлей бастадық. Қас қарая Қанекең де қонақтарымен жетті. Жанындағылары С. Орджоникидзе атындағы геология институтының профессорлары И. Ф. Григорьев пен Е. А. Кузнецовтар екен. Дастарқан басында әңгіме геологиялық зерттеу жұмыстары жайлы ғана болды. Қанекеңнің өзі жұмыс жүргізіп жатқан жердің кенін және келешегі туралы айтқан ғылыми дәлелді де әсерлі әңгімесін ғалымдар да, партия қызметкерлері де ден қоя тыңдап, риза болдық. Найзатас кенін әбден көріп шыққаннан кейін сол ғалымдардың: «Жезқазған сияқты

кең байтақ жердің байлығын зерттеу жұмысын Қаныш Сәтбаевтың басқаруы — қымбат бақыт» дегенін құлағыммен естідім...

1939 жылы Қаныш Ленин орденін тағып Москвадан келген соң қызметкерлер құттықтауға бардық. Дастарқанның басында отырып:

— Бұл жоғары награда сендердің еңбектеріңнің жемісі. Сендер болмасаңдар мен жалғыз өзім ештеңе де тындыра алмаған болар едім,— деді...

1941 жыл. Июнь айы. Қаныш Алматыға қызметке шақырылды. Кен барлау партиясының коллективі Қанекеңді жаңа жұмыс орнына құрмет көрсетіп шығарып салды. Қоштасу сәтінде Қанекеңнің қалай толқығаны көз алдымда. Көзіне жас алып тұрып:

— Сендер менің мәңгі есімде боласыңдар. Алматыға келсеңдер есігім ашық, соқпай кетпеңдер. Жезқазған қашанда назарымда болады,— деді.

Иә, дәл сол айтқанындай Жезді, Қарсақбай, Жезқазған және оның адамдары осы абзал адамның аяулы алақанының жылуын сезеді, сезіне де береді.

Ш. Батталова

АҒА МЕЙІРІМІ

1948 жылы МГУ-дің химия факультетін бітірген соң Қаныш ағаға аспирантурада оқығым келеді деп бардым. Ол кісінің ғылымның қай саласынан болмасын кадрлар, әсіресе, ұлт кадрларын даярлауға қатты көңіл бөлетінін естітінмін. Мәскеудегі Оқу-ағарту министрлігіне аға өзі барып, мені босаттырып алды. Алматыға келіп аспирантураға емтиханды үздік тапсырып болғанымда ата-тегіміз жайлы кезінде бір жайсыз кезеңдер кездесті емес пе, «сіз аспирантураға алынбайсыз» дегенді естігенімде төбемнен жай түскендей болды-ау. Менің басымдағы осы бір ауыр кезеңде де Қаныш аға «бұл баланы торға салып ұстаса да оқымай

қоймайды» дегенді айтып қол ұшын беріп, көмектесіп МГУ-дің аспирантурасына жіберттірді. Аспирантураны уақытында бітіріп, химия ғылымдарының кандидаты болып елге қайттым.

Ата-ананың еркелеткенін көрмей, қарағым-шырағымын естімей, маңдайдан сипағандағы алақанның жылылығын сезбей өскен мен сияқты жетім балаға дарқан білімді, терең ойлы Қаныш ағаның үлкен басымен осыншалық көңіл бөліп көмектескені, аталық қамқоры, тигізген шарапаты, мейірімі өлгенімше есімнен кетер ме?! Бұл күндері маңдайымнан ащы тер шығарып, жанымды қинап, адал жұмыс істегенімді бір жағынан ағаның маған сіңірген еңбегінің борышын өтеу ретінде түсінемін.

Қазақ ССР Ғылым академиясының химия ғылымдары институтында бірнеше жыл бойы жүргізілген крекинг катализаторларын және мұнай көмірсутектерінің крекинг реакциясын зерттеу жұмыстары енді заводтарда тексеру нәтижесіне жеткен еді. Бұл жұмыстарды институттың күшімен шешуге болмайтынын сезген, алдын болжап отыратын, терең ақыл иесі химия институтының директоры Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әбікен Бектұрұлы Бектұров Қаныш ағаның Гурьевке баратынын біліп, сол кісінің көмегімен мұнай өңдеу заводымен мәселені шешіп кел деп Гурьевке командировкаға жіберген болатын. Бұл жолы Қаныш ағамен жол үстінде вагонда кездестім.

Ол кезде, тек ғылым кандидатының дипломы бар дегені болмаса, көп нәрсені түсінбейтін, көп нәрсені білмейтін жас кезім. Жоғарғы органның ерекше тапсырмасымен Қыздар институтында химия пәнінен тұңғыш рет оқыту жұмысын жолға қою үшін қызу еңбек етіп жатқан кезіміз. Қандағаш — Гурьев поезы станцияларға тоқтап қант-шайын, қалаш-нандарын үлестіріп келе жатыр.

Қаныш аға жол үстінде келе жатып Қыздар институтында химия пәнін бірінші рет қалай оқытып жатқанымызды егжей-тегжейіне дейін сұрады. Қыздар институтында тәжірибе жұмыстарын жүргізетін құралдар, реактивтер, шыны ыдыстар, оларды былай қойғанда химиялық жұмыс столдарының жоқтығын, бір лекцияның үстінде орыс тілінде де, қазақ тілінде де сөйлеуге, лекция алдында қыз балаға қандай әдет жарасымды, қалай киініп, қалай тұрып-жүруді, этика, эстетика мә-

селелерін сөз етуге мәжбүр болатындығымды айттым.

Сонда Қаныш аға қиындықсыз бұл сияқты үлкен іс бітпейтінін, ауылдан келген қыздарға жоғары білім берудің саяси-қоғамдық, мәдени маңыздарын талдап келіп, оларды бүгінгі дәуірге сай жан-жақты білімді, мәдениетті маман етіп тәрбиелеу біздің парасатты борышымыз екенін айтты. Алатын мамандық білімдерінен зәрулік көрмейтіндей етіп оқыт деп, тағы басқа даналық ақылдарын, аталық қамқорлығын шөлдеп тұрған өсімдікке жауған нөсерлі жаңбырдай төгіп салды да, қыздарға білім беру жолындағы кездескен қиындықтарды, қандай көмек керек екенін тікелей маған келіп айт, қандай қиындық болса да тоқтаусыз көмек берем дегені, қолымнан ұстап жетелеп тау басына шығарғандай болады да тұрады.

«Кең байтақ Қазақстан жерінің түкпір-түкпірінен келген, халқымыздың қымбатты асыл дәстүріне (үлкенді сыйлау, әдептілік, кіші мінезділік т. б.) бөленіп өскен нәзік жанды қыз балалар ғой, Шәке, көңілдерін қалдырып, сақтарын сындыра көрме, кемшіліктерін көбіне сөзбен айтпай қас-қабағыңмен, көз қарасыңмен білдіргейсің. Сен кепкен нан тәрізді қатты болмай — алдың кең, оларға өте қайырымды туған апасындай болғаның жөн, қарағым»,— деді. Міне, көргендік, ұстаздық деген осы емес пе?!

Бұл күндері менің көмегім керек болып алдыма кісілер келгенде әрқашанда Қаныш ағаның өсиеттері есіме түсіп, жоқ деуге тілім бармайды.

Біздің халқымыз ежелден қыз баланы құрметтеп, сыйлап, еркелетіп, ардақтысын ер балаға бағалаған дей отырып, «Шәке, мен қыз балаларымды жұрттың он ұлына бермеймін», деп қыздарын тамаша мақтан тұтатын. Ағаның қыздарын ардақтауы әбден орынды. Мен жақсы білетін ағаның Ханисасы — медицина ғылымының докторы, профессор, Шәмшиясы — Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі. Қараса көз тоятын, ғылыми еңбектеріне жан сүйсінетін, еңбекқор, адал, ақ ниетті ғалымдар.

Қаныш ағаның қамқорлығы, сан көмектері көптеген маман қыздарды тәрбиелеуге әсер етті. Сол жас маман қыздар осы күндері республикамыздың жер-жерінде адал еңбек етіп, Отан алдында азаматтық борыштарын абыроймен орындауда. «Шәке, Батыс Қазақстанның

жері «түгін тартса майы шығып жатқан» жер ғой. Қазіргі күнде әр түрлі мамандарды баулу, зерттеу т. б. жұмыстарына жаппай жұмылдыра пайдаланып, өлкенің табиғи байлығын тез уақыт ішінде игеру алдымыздағы үлкен маңызды мәселенің бірі болып отыр» деген еді Қанекең сол жолы.

Осы сапарда аға Қазақ ССР Ғылым академиясы химия институтында мен басқарып жүретін Қазақстан жерінде кездесетін әр түрлі минералдардың каталитикалық, адсорбциялық қасиеттерін зерттеу жұмыстарының барысын түгел сұрап өтті. Мен бұл сапарда Гурев мұнай өңдеу заводында Қазақстан бентониттерінен алынған активтігі күшті крекинг катализаторларын өндіріс катализаторымен (ШАС—22) салыстыра отырып зерттеу, Қазақстан мұнай дистиляттарынан бензин алынатындығын толық анықтау жұмыстарын өткізу үшін келе жатқанымды баяндадым. «Сен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын болған соң, салған заводтар, өндірістер өмір мектебі болып саналады, олардан қолыңды үзе көрме және заводтардағы процестердің технологиясына терең жетік болуың керек. Сен Гурьев мұнай өңдеу заводында осы күнге дейін бензин алу үшін тасымалды Баку дизель жанармайын өңдейтінін жақсы білесің. Енді сол тасымалды Баку дизель жанармайының орнына Қазақстан мұнайының дистиляттарын өңдеуді осы завод өндірісіне енгізу үлкен проблеманың шешімі болып табылады». деп талай маңызды мәселелерді талдап түсіндірді. Қаныш ағаның осы жолғы айтқан ақылы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарымның негізгі бағытын анықтады.

Қаныш аға маған: «Бұрыннан да Қазақстан мұнайының дистиляттарының крекинг процесін зерттеу жұмысын істеген екенсің, енді бұл проблемаға көп көңіл бөліп шұғылдан», деп тапсырды. Ағамның мені азамат санап, мұндай ауыр проблеманы шеше алады деп сенім білдіргенін өзіме зор бақыт деп санаймын. Бұл проблеманы шешу жолдарын өзімше ойлап, тынбай жобалар жасаумен болдым. Совет Одағының үлкен мұнай өңдеу заводтарының көбіне бардым (Баку, Грозный, Москва т. б.).

Қаныш ағаның проблемалық мәселелердің шешімін талдағанда ұсақтамай, кесек-кесек етіп үлкен мемлекеттік масштабта қарастыратыны, көп шешімнің іші-

нен ең тиімдісін тез тауып алатындығы таңғаларлықтай болатын.

Осы жолы Қаныш аға Қазақ ССР Ғылым академиясы Гурьев мұнай институтында партия, совет, шаруашылық қызметкерлерімен бас қосқан мәжіліс өткізбекші болды. Менің командировкаға келген жұмысымның жүргізілу тетігі халық шаруашылығы Советінің председателі Сафи Өтебайұлы Өтебаев пен мұнай өңдеу заводының директоры Николай Акимович Котовқа байланысты болғандықтан осыларды Қаныш ағамен кездестірудің барлық әрекетін жасаумен болдым. Мәжіліс ашылар алдында 20—30 минут бұрын екеуін Қаныш аға отырған кабинетке қолтықтап, құрмет тұтып өзім алып кірдім. Қаныш аға осының дұрыс дегендей жымиып күліп отырды.

Амандық-саулықтан кейін Қаныш аға: «Шәке, жұмысыңның барысы қалай» дегенде аскар таудай болып аға төрде отырғанда неден қиналып сасайын, жағам жайлау, төбем қыстау болып тұрғандай алдын ала дайындап алған материалдарымды еркінше сөйлеп, істің мәнісін айттым. Жұмысты дұрыс жолға қойып, жемісті бітіру үшін жылына жарты миллион сом ақша, 20-25 кісі керек екенін баяндадым. Сонда Сафи Өтебайұлы мәселенің өзіне тіреліп тұрғанын тез сезіп, «ақшасын тауып берейік, бірақ, кісіміз жоқ» деді, ал Николай Акимович: «ақшасы мен кісілері болса қалғанын мен мойныма алайын» деп уәдесін берді. Сонда Қаныш аға қолма-қол Алматыдағы академияның жоспарлау-финанс бөлімінің бастығы Вениамин Иванович Соколовпен сөйлесіп, жүргізілетін жұмыс үшін 22 адам бергіздірді. Мұндай жақсылықты, маған деген бұл құрметті қалай ғана ұмытармын-ау!

Мәжіліс соңында Қаныш ағаны Индерге аттандырып салып, өзім командировка мерзімі бітіп, Алматыға оралдым.

Директорым Әбікен Бектұрұлына «ата атымен қыз, мата атымен бөз» өтеді дегендей, Қаныш ағаның арқасында берілген тапсырманы бүтіндей орындадым деп рапорт бердім. Рапортты оқып шығып Әбекең қатты күлді. Қол астында бірнеше жыл жұмыс істесем де мінезі өте ауыр Әбекеңнің қатты күлгенін бірінші рет көргенім еді.

Қаныш ағаның тікелей көмегімен басталған жоғарыда аталған жұмыстар Гурьев мұнай өңдеу заводында бірнеше жылдар бойы жүргізілді, ағаның ғажайып қасиеттерінің бірі — жаңылып, еш нәрсені ұмытпайтындығы болатын. Қаныш аға жұмыстар барысын бақылап, мені шақырып алып, сөйлесіп, білгеніме қуанып, білмегенімді үйретіп, биік құз басындағы балапанын қорғап, баулыған қыран бүркіттей қамқоршы болып отырды.

Жұмыс жемісті аяқталды. Осы жұмыстың нәтижесінде Гурьев мұнай өңдеу заводы 1973 жылдан бастап бүгінгідей Қазақстан мұнайының дистиляттарынан бензин алуға көшті. Жұмыстың нәтижелі болып аяқталуына көпті көрген ел азаматы Сафи Өтебаевтың талай көмек көрсеткені де себепкер болды. Николай Акимович те өз үлесін қосып, Қаныш ағаға берген уәдесінде тұрды. Бұл жұмыстың тек зор практикалық мәні ғана емес, теориялық мәні де айтарлықтай болды. Жұмыстың теориялық жағын қорытып, жинақтау нәтижесінде мен 1968 жылы докторлық диссертация қорғадым. 3—4 кандидаттық диссертациялар да қорғалынды. Қаныш ағаның данышпандығы сондай — 15—20 жылдан кейін болатын мәселелерді алдын ала болжап біліп отыратын.

Міне, Қаныш ағаның проблемалық мәселелерді шешу тәсілі осындай болатын.

Мен ғұлама ғалым, алды Сарыарқадай кең Қаныш ағамен жолаушы жүріп, екі апта — аз уақыт болса да дәмдес болдым. Өнегелі істерін көріп, өсиет-ақылдарын өз аузынан естідім. Сол күндерді мен өмірімнің бақытты кезеңдерінің бірі деп есептеймін.

Ағаның ғаyһар тастың қырларына түскен күн сәулесіндей жарқыраған жүзі әлі көз алдымда.

А. Машанов

ЕСТЕН КЕТПЕС КҮНДЕР

Біз Тау-кен институтына алғаш келіп түскен кезде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев деген инженер-геолог бар деп атын ғана естітін едік. Біздің қазақ халқынан ал-

ғаш шыққан инженерлер ол кезде саусақпен санарлықтай ғана болатын. Оларды біздер әрқашан үлгі ретінде құрмет ететін едік.

Республика геология ғылымына ат салысқан ірі ғалымдардың есімдерін еске алатын болсақ, олар академиктер: В. А. Обручев, Д. В. Наливкин, М. А. Усов, А. Д. Архангельский, И. Ф. Григорьев, А. Н. Заварицкий, тағы басқалары.

Солармен қатар Қазақстан жерінде көптеген жылдар еңбек етіп келе жатқан ірі геолог-зерттеушілер: Н. Г. Кассин, М. И. Русаков, Қ. И. Сәтбаев, М. Әзірбаев тағы басқалары болатын. Қ. И. Сәтбаевты мен осы кезде көрдім. Кейінде ол кісі біздің арамызда болып, тау-кен мамандығын мақтап, біздердің осы ғылымға бет бұрғанымызға риза болды. Ол кезде алғаш ашылған тау-кен мамандығына талпынған қазақ жастары да санаулы ғана еді. Солардың бірі — ол кісінің өз інісі Ғалымтай Сәтбаев, сондай-ақ Арықтай Қайыпов, Ыбырайым Оңаев, Шәймерден Ыбраев, тағы басқа бірнеше ғана адам болатын. Бәрімізбен Қанекең әңгімелесетін-ді. Ол кісі кішіпейіл, сезімтал, екі тілде бірдей шебер сөйлейтін.

Мен тау-кен инженері болып шыққан 1939 жылы Семей облысы, Шұбартау ауданында Ақбастау, Қосмұрын деген жерден алтындымыс кенін аштым. Сол табыстың да әсері болар, өзіміздің студенттік өмірді негізге алып, ғылыми-фантастикалық бір әңгіме жаздым. Сол кітапты баспаға ұсынуға кезінде себепші болған адам Қанекең еді. Ол кісі сол еңбегіммен танысып шықты да мақтады. «Біздің Қазақстан жері байлығы жағынан дүние жүзінде алдыңғы қатардан орын алады. Соған сәйкес оның өзінен шыққан зерттеушілер болуы қажет. Сенің мынау еңбегің сол іске қосылған үлес болады. Мұны тез басып шығару керек»,— деп көлемді пікір жазып берді. Ол кісінің сол пікірі менің 1940 жылы шыққан «Жер сыры» атты кітабымда алғы сөз ретінде жарияланды. Менің инженерлік қызмет саласында Қанышпен алғашқы тығыз байланысуым осы кезде, яғни, соғыстың алдында болды. Қаныш сол кезде Жезқазғанда істейтін. Алматыға анда-санда қатынасып келіп жүретін.

Соғыс басталған кезден бастап Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың филиал ісіне кірісуі күннен күнге арта берді. Оның бірінші себебі Қазақстанның кен байлығын

игеру, оны соғыстың керегіне жарату ісі күрделі мәселеге айналды. Соғысқа аса керекті темір, марганец, көмір, қорғасын, мыс сияқты металдар Қазақстан жерінің қойнауында мол. Осыларды жедел іске қосу қажет. Ол үшін алдымен кен-зерттеу техникасын кең көлемде білетін басшы адам керек. Осы іске лайықты, халықтың өз арасынан шыққан тәжірибелі ірі маман Қ. Сәтбаев еді. Айтылған металл кендерінің бірсыпырасын Қаныш жете білетін, ал кейбіреулерін, мысалы, марганецті өзі ашқан. Болат қорыту үшін ең керекті заттың бірі — марганец. Совет Одағында белгілі Никополь марганец кенін жау басып алған. Осы ойсыраған олқылықты толтыру ісіне Қаныштың Жезді марганец кені дәл келді. Жезқазғанның мыс кені бұрыннан белгілі. Бірақ сол кеннің зерттеуін жаңа жолға қойып, он бес жыл (1926—1941) тапжылмай қызмет еткен Қанекең сол кеннің қоры өте мол екенін көрсете білді. Мұның өзі Жезқазғанды қайта көтерген кезең болды.

Қысқасын айтқанда, Қаныш Сәтбаев сол кездегі филиал ісін басқаруға ең лайықты адам болды. Сол кездегі бір экспедициялық сапар есімде. Кен іздеу, руда қазу істері тегісімен соғыстың керегін атқаруға арналған болатын. Өте қажетті зат — пистон жасайтын металл-сынап екені мәлім. Совет Одағындағы жалғыз сынап кені Никитовка немістердің қолына түсіп қалды. Біздің алдымызға сынап кенін іздеу мәселесін қойды. Табиғи қасиеті бойынша сынап көбінесе сурьма металымен бірге кездеседі. Қазақстан Ақмола, Торғай өңірінде сурьма кені бар. Сол атыраптан сынап іздеу мәселесі маған жүктелді. Бұл болжам дұрыс еді. Торғай сурьмасында сынап бар екені айқындалды. Мұның өзі Қазақстан жерінде алғаш рет кездескен сынап минералы болатын. Қаныш осыған қатты қуанып, академия атынан Мақтау грамотасын тапсырды. Осы сияқтанған істер оның айналасында толып жатыр. Қаныш соның бәріне бірдей мән беріп, басқарып, бағыттап отырған еді.

Қаныштың бір қасиеті — жаңа идеяны батыл қолдайтын. Осы ретте бірер мысал келтірейін. Соғыстың алғашқы жылында мен Лениногор—Риддер кенінде инженер маркшейдер болып істедім. Яғни, кен өлшеуші шахтаға бағыт беруші қызметінде болдым. Бұл қызметті атқаруымның себебі мен институтты геолог болып бітірсем де аспирантураға маркшейдерия мамандығына түстім. Қысқаша айтқанда мұның аты кен құ-

рылысын тек қана геологиялық зерттеу ғана емес, соның үстіне мұны дәл аспаптармен өлшей білу, картаға түсіре білу. Менің ғылыми жетекшім профессор П. А. Рыжков Қанышпен дос болатын. Екеуі де атақты маркшейдер П. К. Соболевскийдің шәкірті болып есептелетін. Менің геология мен маркшейдеряны үйлестіруім Қанышқа ұнайтын. Ол кісі: «Геологтар келешекте дәл өлшеу әдістерін білуге міндетті» деп санайтын.

Лениногор руднигі соғыстың ең керек металы — қорғасын береді. Соғыстың алғашқы қатаң қысында мен сол рудникте жауапты қызмет атқардым. Істедік, жұмыс аса жауапты, қысыл-таяң кез еді. Сол қиын жағдайда іс жүзінде мен бір мәселеге душар болдым. «Северная» атты шахтаның сабауы қисайып, жұмысқа зор қауіп туғызды. Осының себебін іздеп біз көптеген өлшеулер жасадық. Ақырында оның себебі табылды, яғни, жердің геологиялық құрылысына байланысты шахта қазу ісіне зор әсер ететіні айқындалды. Егерде біздің жүргізген өлшеулер бұрын істелгенде бұл қауіп тумаған болар еді. Осы идеяны мен жоғарыда айтылған Торғай кенінің геологиялық құрылысына қолландым. Оны біз Қазақстанның басқа да кендеріне қолдана бастадық. Бұл жаңа әдістің атын біз «Геометрия недр» және «Геомеханика» деп жүргіздік.

Тау-кен ғылымында бұл жаңа бағыттың, яғни, жер қойнын геометриялау әдісінің негізін салушы П. К. Соболевский болатын. Қазақстан жерінде бұл әдісті алғаш рет таратушы біздің ұстазымыз П. А. Рыжков еді. Геомеханика сол әдістің жаңа тарауы болып табылады. Оның аты жер қойнының геологиялық құрылысын физика-математикалық әдіспен зерттеу деген сөз. Ол кезде геологтар арасында бұл сияқты әдісті қолдану батыл жаңалық болып табылатын.

Қаныш осы геомеханика әдісін қолдады және маған осы әдісті Жезқазғанға қолдануды ұсынды. Сол тапсырманы мен орындап жатқан кезімде Жезқазғанға ол кісінің өзі келді. Менің мензула қолданып жасаған картамды көріп ол кісі былай деді: «Топографтар жердің бет бедерін береді, геологтар жердің құрылысын береді. Бірақ бірінің ісін бірі ескере қоймайды. Сенің картаң екі жайдың да басын қосты. Жезқазғанның геологиялық құрылысы тиімді аспап қолдану арқасында картаға дәл түсірілді. Бұл жаңалық әдістің келешегі мол болмақ».

Бұл 1944 жылы еді. Сол кезде біздің институттың бірнеше алғашқы түлектері осы Жезқазғанға жиналып қалған. Полымбетов Сейтжан аудандық партия комитетінің хатшысы, Тоқтыбаев Әбдрахман, Байқоңыров Өмірхан — шахта бастықтары. Василий Штифанов — геологиялық барлау партиясының бастығы. Қаныш бұлардың бәріне де ағалық ақылын айтып, қамқорлығына алып, көмектесетін. Ол кезде аудан орталығы — Қарсақбайда. Жезқазғаннан кетерде Сейтжан үйінен аттандық.

Қарашаның қары түсе бастаған кез. Күн суық, таң ұзақ. Үлкен жүк машинада бес-алты адамбыз. Қарсақбайдан Жосалы—Қармақшы станциясына жету керек. Бұл екі орта елсіз бетпақ шөл дала. Шамалап айтқанда 400 километрден асады, ескі кірекеш жолы. Әрбір 50-60 шақырым жерде бұрынғы көне бекеттер ұшырасады. Қазір ол сиреген, екі-үш жерде ғана бекет бар.

Біз іңірде машинаға мінген кезде қар ұшқындап, жаяу борасын тұрды. Сұр даланың сумаңдаған ызғырық түні мазаңды алады. Жерге ақ тоқым қар түсіп, кенет аспан ашылып, жұлдыздар самаладай жанды. Біздің көзіміз көкте, Қаныш ермек болсын деді ме, немесе адаспай тура келе жатқанды байқатайын деді ме, аспандағы жұлдызды айыра бастады.

— Мынау Жеті қарақшы мен Темір қазықты бәрің де білесіңдер. Анау жарқырап көтерілген Есек Қырған,— деп қояды. Тегінде далада көп саяхат шеккен Қаныштың жер картасымен қатар аспанның жұлдыздар әлемін де жақсы білетіні байқалады. Бұл жол ол кісінің сан рет жүрген жері. Әрбір кездескен шилеуітті өзектерді ол жақсы біледі. Машина айдап келе жатқан шофері де бұл даланы талай шарлаған адам. Соның арқасында еш алаң жоқ, болмаса мынау қараңғыда жол жүру оңай емес.

Түн ортасы ауған кезде машина үстінде отырғандар жаурай бастады. Біздің киімдеріміз жылы. Солай бола тұрса да ызғырық суық өңменнен өтіп келеді. Ал, бізбен бірге отырған геолог емес екі адам бар еді. Оның бірі — физик, екіншісі — археолог. Физик Қанышқа еріп, Жезқазғанның шахтадағы минералдық заттарын тексеруге, әрі түрлі радиоактивті өлшеулер жасау үшін келген. Археолог Жезқазғанның ерте замандарда, осыдан 4-5 мың жыл бұрын қазылған кен орындарын зерттеуге, сонан материал жинауға шыққан. Бұлардың ки-

імдері жұқалау екен. Қатты тоңып, дірдектеп келеді. Әсіресе физик Чердинцев қатты жұрады. Қаныш оны палаткаға орап, қымтап отырды. Бір жігіт: «Қанеке, сіз неше түрлі мамандық иелерін қайдан тауып аласыз»,— деп қалжыңдап қояды. Қаныш оған күліп: «Бұлар да біздің жұмысымызға керек мамандар»,— деп күлді.

— Алда Киікті бекетіне бір тоқтап, жылынып алмасақ болмас,— деді Қаныш.

Екі бөлмелі жер кепе. Пеш ішінде сексеуілдің шоғы жайнап жатыр. Жұрағаң жолаушылар жылы жерге кіргенде қандай рахаттанады десейші. Екі жас немересімен отырған бір егде әйел қарсы алды. Баласы әскерде, келіні аңға құрған қақпанына кетіпті. Қанышты көріп әлгі кемпір қатты қуанып қалды. Бізге сүрлеп қойған киік етін асты. Ет піскенше бойы жылынған жолаушылар ұйықтап кетті. Тек Қаныш пен кемпір екеуінің әңгімелері таусылар емес. Мен де бір мызғып оянсам екеуі әлі әңгімелесіп отыр екен. Көптен бері жан көрмеген елсіз шөлдегі адам тілдесуге құмар...

Таң шолпаны жаңа туа бергенде машинаға қайта қондық. Шолпанның кейде ай сияқтанып көрінетін кезі болады. Осы бір сирек оқиғаны мен сол таңда көрдім. Шолпан орағы айдікінен кішкене, әдемі білезіктей болып жымыңдап тұр. Бұл тамаша құбылыс екі планетаның бірімен-бірі тұспа-тұс келген сәтін көрсетеді.

— Шолпанның туған кезін көрген едім. Ал мынау бір тамаша көрініс екен,— деді Қаныш.

Аздан соң таң да бозарды, Шолпан көмескіленіп, өзінің қалыпты түріне айналды. Күн көтерілді, бой жылыды. Сәске түсте Жосалыға да келіп жеттік. Біз түскен соң қырық минуттай уақыт өткенде поезд да келді. Поезға мініп Алматыға тарттық.

Тас жолмен кеткен үш тонналық ауыр машинада он шақты жәшік тас бар. Ол — Жезқазған кендерінен және сол атыраптан жиналған тау жыныстары, кен тастары, минерал заттар, кристалдар. Жүздеген минералдар үлгісі көп жылдар бойы жиналған. Оның үстіне осы машинаға мінгендердің де әрқайсысының еншісі, жинаған заттары жатыр. Сонымен бірге кен қазумен байланысты, мыңдаған жылдар бұрын тіршілік еткен адамдардың өмірімен байланысты заттар бар: ескі тас балта, қола қайла, мыс сауыт, сүйек күрек, «жауырын» тағы сол сияқты. Осылардың бәрі келешекте минералогиялық музей құру үшін қажет. Ол музей Қазақстанның жер қазынасын, оның құрылысын, жаратылысын, кен байлығын, тарихи сырын көз алдына елестететін жер дидары, сонымен қатар ел дидары болмақ. Сондықтан да оны тырнақтап тергенбіз. «Асыл — тастан» деген рас. Сондықтан да «Керек тастың ауырлығы жоқ».

Қабинет алдында тосып жүрген адамдар. Ол кезде қазіргідей кең сарай үйлер жоқ. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы екі қабатты ескі үйге орналасқан. Тау-кен геология институты құрыла бастаған. Қаныш әрі филиал бастығы, әрі сол институт директоры. Бірнеше күрделі істер қолға алынған. Оның ішінде ең бастысы — соғыс мәселесі. Майданға көмек жіберу, жауынгерлер семьяларына жәрдемдесу істері қат-қабат келген. Оның үстіне Қазақстан академиясын құру мәселесі тұр. Оған зор дайындық қажет. Бұлармен қатар бүкіл халықтық, республикалық көптеген шаруашылық, саяси-ұйымдастыру мәселелерінің бәріне қатысу керек.

Менің кішкене бөлмем қабылдау кабинетімен қарама-қарсы болды. Қашан көрсең де адамдар онда тізіліп отырғандары. Қаныш бәрін қабылдауға уақыт таба біледі. Әрқайсысымен сөйлесіп, жағдайын сұрап, кеңесін айтып, қажетін өтеп шығарады.

Оның үстіне ол кісі Жезқазған мәселесіне ерекше көңіл бөліп, көп уақытын соған кетіретін. Ол түсінікті, өйткені көптеген жылдар ауыр еңбекпен қолы жете бастаған табысты аяқтамай қалдыруға болмайды.

Кейбір оңаша кездескенде ол кісі:

— Қайран, Жезқазған! Енді оған менің қолымды жеткізер емес,— деп қояды.

— Шырақтарым! Ғылымның нақты кілтін табуға сендер дайындалыңдар. Маған мынау ұйымдастыру мәселесі мұрша бермейді,— дейтін еді. Осындай бір әңгіме кезінде СССР Ғылым Академиясының президенті академик Владимир Леонтьевич Комаров былай деді:

— Біздің заманымызда ғылым — күрделі мемлекеттік іске айналды. Ерте замандағы жалғыз басты жеке ғалымдардың кішкене құжырда отырып еңбектенетін заманы өтіп кетті. Қазіргі ғылым ұйымдастыруды қажет етеді. Онсыз ғылым жоқ. Сіздің ұйымдастыру қабілетіңіз соған керек,— деген.

Сол кездегі филиалда болған кейбір кездесулер еске

түседі. Атақты ғалым математик Эрнест Кольман «Орта ғасырлардың бас кезінде Орта Азия ғалымдарының бүкіл дүние жүзілік ғылымның дамуына қосқан үлесі»— деген тақырыпта баяндама жасады. Ол кісі шығыс мәдениетін жақсы білетін терең адам екен. Орта Азия — Қазақстан ғалымдары Бағдат халифалары кезінде қандай тамаша ғылыми табыстарға жеткенін көрсетті. Соның ішінде ол кісі, әсіресе, әл-Хорезми, әл-Жауһари, Инб Түрк әл-Хутали, әл-Ферғани, әл-Фараби, Омар Һайям, әл-Беруни, Әбуғали-сина, Ат-Туси сияқты адамдарды айта келіп, ақырында Ұлықбектің астрономиялық еңбектеріне тоқталды. «Неміс фашистері осы сияқтанған, бүкіл адам баласы дамуына зор үлес қосқан даналардың істерін жоққа шығарып, елін құл қылмақ болды. Ондай зұлымдық, әрине, іске аспақшы емес!— деп зор сеніммен аяқтады. Баяндама үлкен әсер қалдырды. Ол кейінде кішкене кітапша болып, Алматыда тез басылып шықты. Расын айтқанда кейінде менің әл-Фараби мирасын іздеуіме бір себептүртті болған сол болды.

Филиал адамдары болып, ақындар айтысына қатыстық. Опера театры үйінде айтысты атақты ақсақал ақын Жамбыл Жабаев домбыраға қосылып өлеңмен ашқан. Шашубай, Кенең, Нартай, Нұрлыбек, Майасар сияқтанған өңшең саңлақтар жиналған екен.

Айтыс арасында концерт жүріп жатыр. Сол кезде Шашекең елді тағы бір күлдірді. Атақты әнші Манарбек Ержанов Шашекеңнің «Аққайың» әнін күңірентіп салғанда кәрі тарланның арқасы қозып кетті білем, Шашекең айқайлап жіберіп, сахнаға қарғып шықты. Ел қыран күлкі. Қанышқа қарасам көзінен жас аққанша күліп отыр екен.

«Күлтөбенің басында күнде кеңес» дегендей болашақ академия мәселесі жәйіндегі әңгіме өте көп. Советтік Үлкен академияның бірсыпыра мүшелері Қазақстанда, филиалда істейді. Солардың бәріне жағдай туғызып, іс тауып беруде Қаныш көп еңбек жасады. Оның аты — ғылымның бірнеше саласында жаңадан лабораториялар құру, базалар дайындау, оларды жабдықтау, адамдар тауып қою, тағысын тағылар. Ойлап қарасаңыз — осылардың бәрі сұрапыл соғыс жағдайында болып жатқанын еске алсаңыз, қаншалық еңбек екенін түсінесіз. Сол кезде филиалда құрылған лабораториялар мен секторлардың бірнешеуін атап кетелік: геология, тау-кен, биология, химия, математика-физика, астрономия, география, тарих-әдебиет т. б. Осылардың әрқайсысында бірден-екіден академиктер істейтін еді. Олардың маңына топталған жастар. Осы жұмыстар зор қайратпен, табандылықпен орындалған нәрселер еді. Филиал адамдары аяқтан тік тұрып істейтін. Оның екі түрлі себебі болды: біріншісі — соғыстың қаһарлы күндері адамның жанын түршіктірді, ширатты, екіншісі — болашақ ұлттық академияның аскар таудай үміті атой беріп шақыратын сияқты.

Сол лабораториялар, секторлар сол адамдарымен, жабдықтарымен келешек Қазақ Академиясының институттарына негіз болды. Осы арада Қаныштың алыстан ойлаған ұйымдастырғыш таланты айқын көрінді.

Болашақ Академияға қазақ кадрларын даярлау қажет екені белгілі. Сол кездегі филиал маңына жиналған қазақ жастарынан 40-50 адамды Москва—Ленинград сияқты жерлерге аспирантураға жіберіп жатты. Сол кезде соғыс та аяқталды. Академия құру мәселесі жедел қолға алынды. Осы қарсаңда Қаныш адам айтқысыз көп жұмыс істейтін еді. Осы істеріне қоса, ол доктор, профессор, академик болды. Бірнеше мақтау грамоталары, сыйлықтар, ордендер алды. Сол атақтардың бәрі де оның беделін көтеріп, жұмысына жақсы әсерін тигізді.

1946 жылы июньде көптен күткен Академия ашылды. Орта Азия мен Қазақстанның академияларының басшысы болып жүрген бірнеше адам кабинетте отыр. Олардың ішінде жақында құрылған Өзбек академиясының президенті Ташмұхаммед Қараниязов, жаңа ғана ашылып отырған Қазақ академиясының президенті Қаныш Сәтбаев. Қараниязовтың әкесі өзбек, шешесі қазақ, екі елге бірдей ортақ. Қанышты мақтап, оның ісіне шынайы риза болып қуанып отыр. Қаныш оған қалжың-шынын араластырып: «енді мынау көршілерге жәрдемдесіп, сүйреу керек»,— деп басқа республикалар адамдарын көрсетіп қояды. Олардың ішіндегі ақсақалы Садриддин Айни: «Рас, рас... Біздер сіздерден сондай жәрдем болады деп сенеміз»,— дейді.

Отырған адамдарға Қаныш қазақтың ұлттық шапандарын жауып, бөріктерін кигізіп жатыр.

Жоғарыда айтылған профессор П. К. Соболевскийге Қаныш өз қолымен шапан жапқанда, ол былай деді:

— Ерте кездерде қырғыз-қазақ дегендер надан, ғы-

лым-білімге қабілеті жоқ деуші еді. Мен енді сіздердің араларыңызда болып, сіздерді көріп отырмын. Қазақ халқы нағыз ақ көңіл, меймандос, адал, талантты халық екен. Сіздердің музыка, ән-күйлеріңіз мені тебіренті, мен жаңадан дос таптым. Ол мына сіздер... Сіздер алысқа баратын халықсыздар. Қандай жақсы,— деп көзіне жас алды.

Академик Владимир Афанасьевич Обручев өзінің құттықтау сөзінде: «Қазақстанның жері өлшеусіз бай, құрылысы ғажап өрнек, тамаша сырдың қазынасы... сіздер сол туған жерлерінізді өздеріңіз игеруге бет алғандарыңызға қуанамын. Ғылыми ордаларыңыз құтты болсын...» деді. П. К. Соболевский, В. А. Обручев сияқты пейілі кең, адамгершілігі мол ғалымдар қазақ халқының өсуіне шын тілектес, ниеттес болып отырушы еді.

Академия құрылғаннан кейін Қаныштың ең бір күрделі ісі Академияның ғимараттарын салдыру болды. Бұл мәселе жұртқа мәлім. Сондықтан оған тоқтамаймын.

Бір айта кететін нәрсе, Қаныш менің геология саласында қазақша еңбек жазғандарымды ұнататын еді, соған көп көмек көрсетті. Жоғарыда айтылған «Жер сыры» атты кітапқа алғысөз жазып шығартудан бастап, Академия баспасынан менің бірнеше кітабым, бірнеше аудармалар, термин сөздіктерім шықты. Солардың бәріне ол кісі тікелей жәрдем беріп отыратын еді.

Қаныштың шет елдерде болып қайтқандағы әңгімесінен бірер үзінді. Англияда, Лондонда болғанда бірнеше адамдармен кездескен екен. Жезқазған кендерін бұрын пайдаланып келген ағылшындармен кездескен, пікірлескен. Бір күні ол кісіні Черчилль қабылдаса керек. Англияның үкімет басшысы Уинстон Черчилль ананы, мынаны сұрап отырып, Қанышқа қарап: «Сіз қазақсыз ғой, біздің түсінігімізде қазақ-қырғыз халықтары қысқа бойлы, қара пішінді адамдар дейтін едік. Ал, сіздің түсіңіз аққұба, бойыңыз ұзын, дененіз ірі ғой. Бұл қалай?»— депті.

Сонда Қаныш:

— О, сэр! Ол не дегеніңіз! Сізге біреу жаңсақ түсіндірген. Біздің халқымыз Арқаның айдынында асқар Алатауға қарап еркін өскен ерлер. Бәрі ірі келеді. Олардың арасында мен ең аласа, ең ұсағы болам,— депті.

— Апырмай! Ең ұсағы сіз болғанда, ол бір алып денелі халық болды ғой!

— Әрине, солай. Сіздердің Керес деген асқан балуандарыңыздың біздің Балуан Шолақтан қалай жығылғанын еске алайық!..

— Солай ма!.. Олай болса сіздің алып батырларыңыздың саулығы үшін,— деп бокал соғыстырып, ақырын қалжыңға айналдырды,— дейді Қаныш.

Халқымыздың атынан әр жерде осындай көрініс беріп жүргеніне біздер сүйсінетін едік.

Ақырғы кездесу... Қаныштың ауырып жүргені белгілі бола бастағанда ол кісіні көп мазаламауға тырыстық.

Елуінші жылдардан бастап әл-Фараби мирасын жинауға кіріскен едім. Бірнеше жыл ішінде қолымызға едәуір материал жиналып қалды. Соның ішінде әл-Фарабидің екі томдық кітабы, ол туралы жазған ғалымдардың бірнеше еңбегі қолға түсті. Енді соны аудару ісіне кірісу керек болды. Сонымен қатар оның мирастарын онан әрі қарай жинау керек. Тыңнан басталған осы сияқты күрделі істі білдірейікші деп Академияның орталық кітапханасында ол кісінің атына хат жаздық. Онда әл-Фарабидің кім екені, нендей мирас қалдырғаны, оны игеру мәселесі жөнінде айтылды. Хатқа мен және кітапхана директоры Нұрхан Ахметова екеуміз қол қойдық. Сол хатпен кірдім. Ол кісі мені жақсы қарсы алып, хатты оқып шықты да, мақұлдады. Хаттың шетіне: «Орындалатын болсын» деп қол қойды. Бұл 1960-шы жылдың ноябрь айы еді. Осы хат, осы қол Академияда әл-Фараби жөніндегі ең алғашқы документтердің бірі ретінде сақтаулы.

В. В. Белоусов

ҒАЛЫМНЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ

Мен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен 1962 жылы, СССР Ғылым академиясының президиумы жанындағы Одақтас республикалар Ғылым академияларының ғы-

лыми жұмысын үйлестіру жөніндегі Советке келгенімнен кейін көп кешікпей-ақ таныстым.

Республикалық академиялардың ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіру барысында біздің Совет ол кезде одақтас республикалардағы ғылым ордаларына жан-жақты көмек көрсетіп, олармен тығыз байланыс жасап отыратын, қазір де солай. Ол академиялардың президенттері мен вице-президенттері және ғылыми мекемелерінің басшылары ақыл-кеңес алу немесе күрделі мәселелерді шешу үшін үйлестіру Советіне жиі келетін.

Сол кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болып тұрған Қаныш Имантайұлы да Москваға келген сайын бізге соқпай кетпейтін. Сондай бір келген жолы Үйлестіру Советінің ғылыми секретары Н. Головкин Қаныш Имантайұлы екеумізді таныстырды. Мен, әрине, ол кісіні бұдан бұрын да көргем, 1962 жылы Үйлестіру Советінің СССР Министрлер Советінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік Комитетімен бірлесіп өткізген бір мәжілісте сөйлеген сөзін естігенім де бар.

Мен орнымнан тұрып Қаныш Имантайұлының алдынан шықтым. Екеуміз қол алысып амандастық. Аса мәдениетті, адам баласына бауырмал жан болғандықтан Қаныш Имантайұлы екеуміздің танысуымызды жай көлденең құбылыс санаған жоқ. Мүмкін менің геолог, әрі сібірлік екенім әсер етті ме, әйтеуір жай-күйімді тәптіштеп сұрады. Столымның қасына жайғасып отырды да менің геологтық жұмысымның жемісін, Сібір байлықтары туралы сұрады. Ол, тіпті, менің дипломатиялық қызметіме де көңіл аударды.

Танысып, мән-жай сұрастырып болғаннан кейін Қаныш Имантайұлы осы біздің бөлмемізде отырған ғылыми секретарьдың қасына барып:

— Николай Николаевич, Виктор Васильевичті біздің Қазақ академиясының куратор етіп қойыңызшы. Ол геолог, сондықтан біздің онымен ортақ тіл табуымыз оңай,— деді.

Ол кезде мен Қ. Сәтбаев ұсынғандай жұмыспен айналыса қойған жоқ едім. Николай Николаевич екеуміз республикалық академиялардағы күрделі құрылыс жұмыстарымен және ғылыми мекемелерді қаржыландырумен айналысатынбыз. Бірақ көп кешікпей, 1963 жылы, Қ. Сәтбаевтың өтініші бойынша Үйлестіру Советіндегі

Қазақ және Қырғыз ССР Ғылым академияларының куратор болып тағайындалдым.

Сөйтіп менің Қазақстан Ғылым академиясымен, оның президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен күнделікті қоян-қолтық қызметім басталды. Ол кісі екеуміз ынтымақпен, адамгершілік ықыласпен қарым-қатынас жасадық.

Қаныш Имантайұлымен көптеген сан алуан мәселелерді талқылауға тура келді. Аса тәжірибелі жетекші, мемлекет қайраткері болған Қ. Сәтбаев СССР Ғылым академиясы Президиумы мен Үйлестіру Советінің қызметкерлерін құрмет тұтып сыйлайтын еді, олардың әрқайсысын жете танитын. Қазақ ССР Ғылым академиясын дамыту жолындағы көмектерін аузынан тастамай айтып отыратын.

Үйлестіру Советінің барлық қызметкерлері Қаныш Имантайұлын ғұлама ғалым, әзиз жанды адам деп қатты құрметтейтінін де айта кеткен жөн. Қаншалықты дәріптесең де тал бойына қонып, жарасып тұратын ғалым-қайраткер ешқашан астамшылық көрсеткен емес, үлкенмен де, кішімен де терезесін тең ұстайтын. Үйлестіру Советі қызметкерлерінің республикалық академиялар жұмысына байланысты жүргізген жұмысын, шешімдерін жете түсініп, бағалап отыратын еді. Біздің қызметкеріміздің жүрегін елжіретер жылы сөз таба білетін және де СССР Ғылым академиясы Президиумының мүшесі ретінде Үйлестіру Советі аппаратының жұмысын қолдап отыратын.

Үйлестіру Советі мен СССР Ғылым академиясының жалпы жиналыстарында баяндама жасай қалса, немесе сөйлесе біздің жұмысымыздың тәуір жақтарын атап өтіп, қолдап отыратын. Ондайда жай, жалпы сөз емес, республикалық академияларға көрсеткен көмегімізді нақтылап айтатын.

Қазақ академиясының жұмысына байланысты қызметімде Қаныш Имантайұлымен Москвада да, Алматыда да жиі кездесіп жүрдім. Ол кісі екеуміз Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері жүйесін дамыту, олардың негізгі ғылыми бағыттарын белгілеу, қаржыландыру, күрделі құрылыс мәселелері жөнінде кеңесуші едік.

Москваға келгенде Қаныш Имантайұлы Үйлестіру советіне соқпай кетпейтін. Әсіресе ол белгілі бір күрделі мәселені СССР Ғылым академиясы Президиумының

басшыларының алдына қоярда міндетті түрде бізге соғып, кеңесіп кететін еді. Егер біз одақтас республикалар академияларының жұмысы туралы басшы органдарға іс қағазын дайындайтын болсақ, Қаныш Имантайұлы алдын ала келіп, өз ойын ортаға салатын, өз академиясындағы істің жайын түсіндіретін.

Бір жолы мен оған: «Қаныш Имантаевич, біз ұсынысымызды жасауға жаңа ғана кірістік қой, мүмкін сіздің онымен кейінірек, дайын болған кезде танысқаныңыз жөн болар» дедім.

Ол кісінің кеменгерлікпен қайтарған жауабы мені қайран қалдырды: «Қымбатты Виктор Васильевич,— деді ол,— біздің академиядағы істің жайын және біздің мұқтажымызды сіздер дұрыс түсіну үшін бұл документтің нұсқасы түсіріліп жатқан тап қазіргі кезде танысқанымыз жөн. Сонда сіздер де қателеспейсіздер, біз де қапы қалмаймыз. Ал, бәрін әзірлеп болып, бастықтардың келісімін алғаннан кейін кеш болады... Онда Министрлер Советі де еш көмек көрсете алмайды»,— деп қарқылдап күлді. Сосын өз ойын жалғастырып былай деді: «Кейде өмірде мынандай да жағдай болады. Әуел баста төменгі жақта әзірленген бір маңызды документті жоғары орындағылар қабылдайды. Ал, төменгі жақтағылар жеке бір мәселелер жөнінде қателесуі мүмкін. Директивалық органдар оның бәрін бақайшағына дейін шағып тексере алмайды, мүмкіншілігі жоқ. Олар төменгі жақтағыларға сенеді де шешім қабылдайды. Кейін осы мәселеге қатысы бар мекемелердің біреуі документтің бір жерінде қате жіберілгендігін, одан өздеріне зиян келіп отырғанын айтып зар қағады. Бірақ енді кеш, ештеңені өзгертуге болмайды және бұл мәселені енді ешкім жоғарыда отырғандардың алдына қоя алмайды...»

Қаныш Имантайұлы СССР Ғылым академиясының президиумымен, бөлімшелермен, Үйлестіру Советімен уақтылы байланыс жасап, ақылдасып отырса Қазақ ССР Ғылым академиясының талап-тілектері дер кезінде ескеріліп, қолдау табатынын жақсы түсінетін еді. Ол әрқашан өз академиясының түйінді мәселелерін жоғарыдағылардың дұрыс түсінуіне күш салатын.

Қаныш Имантайұлы СССР Ғылым академиясының Президиумы мен Үйлестіру Советіне өзі жиі келіп, ақылдасып кетуімен бірге Қазақ академиясының жауапты қызметкерлерін де мұндай пайдалы жұмыстарға

көбірек жұмсайтын. Өйткені, ол іскерлік, адамгершілік қатынастарына үлкен мән беріп, ізбасарларының шырап-пысып, жетіле беруіне көп көңіл бөлетін еді. Қазақ ССР Ғылым академиясының аппаратындағы ғалымдар арасында менің көптеген жақын достарым бар. Ол да — Қаныш Имантайұлы кезіндегі тығыз қарым-қатынастың игі әсері.

Қ. Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым академиясы қызметкерлерінің Үйлестіру Советіне өздеріндегі істің жайы мен жеткен жетістіктері туралы материалдар мен қажетті деректерді уақтылы жіберіп тұруын қатты қадағалайтын. Мен куратор ретінде Алматыға келген кездерімде Қаныш Имантайұлы әрқашан да уақыт тауып, өзекті мәселелер төңірегінде тыңғылықты кеңес құратын. Сөйтіп түйінді мәселелердің шешім табуына күш салушы еді.

Қаныш Имантайұлымен қарым-қатынас жасаған кездерімде оның өзі туған Қазақстан мен қазақ халқына деген шексіз махаббатын аңғаратын едім. Бұл арада: «Қай қазақ өз туған жері мен өз халқын сүймейді» деген сұрақ тууы мүмкін. Ол орынды ғой. Мен өз елі мен жерін ыстық көрмейтін де қазақтар болады деген ойдан аулақпын. Сөйтсе де Қаныш Имантайұлының жөні бөлек еді. Ол Қазақстанды, өз халқын сүйіп қана қойған жоқ, өзінің орасан мүмкіншіліктерін (Академия президенті, ірі мемлекет қайраткері) пайдаланып, үнемі қазақ халқының абыройы мен мәдени жетістіктерін, жер қыртысының байлықтарын, Қазақстан еңбекшілері мен ғалымдарының табыстарын насихаттап отырды. Қашан, қай жерде сөйлесе де ол бұл қадамынан жаңылған емес. Ол ешқашан ұлтшыл болған жоқ, қайта керісінше жалынды интернационалист еді. Ол орыс халқымен, басқа да туысқан республикалар халықтарымен тығыз ынтымақ, бауырмалдықты қасиет тұтатын. Ол РСФСР мен орыс халқының Совет өкіметі орнағалы бері Қазақстан өндіргіш күштерін, мәдениеті мен ғылымын дамытуға орасан зор көмек көрсеткенін ешқашан аузынан тастамай, алғыс сезімін білдіріп отыратын.

Алғаш Қазақ ССР Ғылым академиясының кураторы болып жұмыс істей бастаған кезімде мен Қазақстанды да, оның академиясын да нашар білетін едім. Сондықтан да Қазақ республикасы, оның халқы, тарихи дамуы, бүгінгі болмысы, ғылымы мен мәдениетінің қазіргі өр-

кендеу барысы туралы мүмкіндігінше молырақ дерек алуға тырыстым. Әлі есімде, 1962 жылы Үйлестіру Советі республикалық академиялар президенттерінің, СССР Ғылым академиясының бөлімшелері академик-секретарьларының және СССР Министрлер Советінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комитеті өкілдерінің кеңесін өткізді. Онда ғылымды, оның ішінде республикаларда зерттеу жұмыстарын одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен күрделі қаржының мөлшеріне қатысты мәселелер де сөз болды.

Бұл сол кезде өз қызметін кең өрістете бастаған СССР Министрлер Советінің ғылыми зерттеулерді үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік Комитеті көтерген мәселелер еді. Мәжіліс СССР Ғылым академиясының үйінде өтті. Одақтас республикалар академиялары президенттерінің бәрі сөйлеп, өз ойларын ортаға салды. Сол кезге дейін маған таныс президент Қаныш Имантайұлы ғана болғандықтан мен ол кісінің сөзін зейін қойып, зор ықыласпен тыңдадым. Оның айтқандарынан ұмытылмастай әсер алдым. Қысқалау қайырып сөйлегеннің өзінде ол көптеген мәселені қамтып, маңызды ұсыныстар айтты, тіпті кеңестің күн тәртібіне қойылмаған, бірақ пісуі жеткен түйінді жайлар жөнінде де тереңнен ой қозғады.

Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға көбірек көңіл бөлу қажеті жөніндегі ойын өрістете келіп, ол мынандай бір мәнді мәселеге (оның бұл сөзі басқа президенттердің айтқандарынан ерекше әсерлі болып шықты) жұрт назарын аударды.

— Шет елдердегі реакционерлер,— деді Қаныш Имантайұлы,—«қазақ халқының тарихи мұралары мен ескіден келе жатқан мәдениеті жоқ, сондықтан өте баяу дамуда», деген көңілге қонымсыз жалған да жаулық пікір таратуда. Бірақ оған есі бар адам сенбек емес. Тарихи фактілер ондай дүмбілез тұжырымды жоққа шығарады. Олардың айтқандары далбаса екенін дәлелдеу үшін біраз ғана мысал келтірейін. Ертедегі грек тарихшысы Страбон біздің дәуірімізден мың жарым жыл бұрын қазіргі Қазақстан жерін мекендеген бұрынғы біздің ата-тегіміздің сол кездің өзінде алтын мен мыс өндіріп, олардан қажетті қару-жарақ, бұйымдар жасағанын айтып кеткен. Қазақстандағы ежелгі қалалардың орнынан табылған археологиялық бұйымдар

сол мекен жайлардың су құбыры, ирригациялық жүйелері бар жоғары материалдық мәдениеті болғанын дәлелдейді. Қазақтар сол дәуірдің өзінде күрделі географиялық және әр қилы климаттық аймақтарының жемшөп ресурсын мал шаруашылығында пайдалана білген. Сонымен бірге қазақ халқының көне дәуірден келе жатқан алуан қырлы мол музыкалық фольклоры бар...

Осы жайлардың өзі-ақ қазақ халқының тарихи байлықтары мен рухани және материалдық мәдениетінің терең арнасын аңғартады. Оның үстіне Совет өкіметі тұсындағы тарихи қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның гүлденіп, ғаламат қарқынмен дамығанын өз көзімізбен көріп отырмыз. Ал, халық шаруашылығын, ғылым мән мәдениетті дамытуға бөлінген қаржыны қазақ халқы СССР-дағы басқа туысқан халықтардың көмегіне сүйене отырып, тез де жемісті игеруде. Біздің республикамызды одан әрі дамытудың үлкен мүмкіншіліктері бар, өйткені Қазақстан — Отанымыздағы табиғи байлықтардың алып қоймасы...»

Осынау аталы сөзді айтқанда Қ. Сәтбаев тек Қазақстан Ғылым академиясының президенті ретінде ғана емес, сонымен бірге өз Отанын, өз халқын жан-тәнімен сүйген, оның болашағы үшін тыным таппаған қазақтың мемлекеттік қайраткері ретінде жүрек сезімін ақтарған еді. Сондықтан да мен осы бір мысалды келтіргенде Қаныш Имантайұлының өз халқын, өз Отанын бөгде бір ғаламат сезіммен сүйіп, оның биік келбетін насихаттаған нағыз патриот екенін дәлелдемек болып едім.

СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы Қаныш Имантайұлының басшылығымен республиканың ірі ғылыми орталығы — Қазақ ССР Ғылым академиясына айналды. Ғылыми-техникалық проблемалар саласы мен таза теориялық бағыттардағы зерттеу жұмыстарын өрістете отырып, Қазақстан Ғылым академиясы Республикадағы ірі өндіріс орындарымен творчестволық байланыс жасады. Қаныш Имантайұлы Академия президенті ретінде бұл маңызды іске зор мән беріп, ғылым мен өндірістің ынтымақтастығын одан әрі нығайта беруге, республика өндіргіш күштерін дамытуға қолма-қол практикалық көмек көрсетуге белсене күш салды.

Қаныш Имантайұлы геолог ретінде Қазақстан территориясындағы пайдалы қазба байлықтарының орна-

ласуын ғылыми болжау ісіне, металлогения саласындағы зерттеулерге ерекше мән берді.

Әлі есімде, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев республикадағы ғылымды дамыту және ғылым мен өндірістің байланысын нығайту үшін көшпелі мәжілістер мен сессиялардың маңызы зор екенін өз академиясында да, Москваға келгенде де үнемі айтып отыратын. Ондай сессияларды Қ. Сәтбаевтың инициативасымен Қазақ ССР Ғылым академиясы мен СССР Ғылым академиясының бөлімшелері мен секциялары жиі өткізіп тұрды.

Қаныш Имантайұлы «Қазақстан — табиғи байлықтардың алып қоймасы, сол бай қазына негізінде Қазақстан өнеркәсібінің маңызды салаларын кеңінен дамыту міндеті тұр. Бұл абыройлы іске республика ғалымдары салмақты үлес қосулары керек» деп жиі айтатын. «Қазақстандағы ғылыми кадрлардың 60 процентгейі (Қаныштың тірі кезінде) Қазақ ССР Ғылым академиясында қызмет істейтіндіктен,— деген еді ол,— бұл маңызды мәселені ең алдымен академияның ғылыми мекемелері жүзеге асыруы тиіс. Олар теориялық, іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы дамуымыздың ғылыми негізін қалауы керек».

Әлі есімде. Ол бір жолы СССР Министрлер Советінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комитетінен көңілсіз оралды. Қаныш Имантайұлы аяқталған ғылыми жұмыстарды өндіріске енгізу мәселесіне байланысты сол мекемеде баяндама жасауы тиіс еді. Ол баяндамасын бізге берді де «танысып шығып, ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңызды айтыңыздар»,— деп өтінді. Өңі сынық, көңіл-күйі түсіңкі. Мен ол кісінің неге ренжіп жүргенін сұрадым.

— Енді қайтпекпін, Виктор Васильевич,— деді ол.— Мыс пен полиметалл концентраттарын балқытудың біз өзіміз ойлап тапқан неғұрлым жетілдірілген әдісін өндіріске тезірек енгізу қажеттігін түсіндіре алмай-ақ қойдым. Бір жағынан бұл әдістің жаңа, әрі өндіргіш қуатының зор екенін бәрі түсінетін сияқты. Екінші жағынан оны өндіріске енгізу ісі тым баяу жүргізілуде. Жартылай өнеркәсіптік сынау бұл әдістің артықшылығын дәлелдей алмайды, дейді олар. Шынында біз оны жаңа әдіске сай келмейтін ескірген қондырғыларда сынап жүрміз ғой. Реактивті двигательді арбаға байлап жүргізіп көріңізші. Сөз жоқ, арбаның быт-шыты шығады, сосын двигательді жетілдірілмеген транспортты қиратты деп, жарамсыз етіп тастауға да болады ғой. Міне, біздің әдісіміз де сондай күйге ұшырап отыр.

Маған оның «реактивті двигательді арбаға байлап көріңізші», дегені қатты әсер еткен еді.

Аса көрнекті ғалым, жаны жайсаң азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жарық дүниедегі соңғы күндерін жүрегім шымырлай отырып еске аламын. 1963 жылы декабрь айында атақты ғалым Москваға келді. «Москва» қонақ үйіне жайғасқан екен. Бұрынғыдай қунақ емес, өңі сынық, жүдеулеу көрінді. Бізге келгенде асқазанының маза бермей жүргенін айтып еді.

Сол декабрь айының жиырмасында СССР Ғылым академиясының президенті М. В. Келдыш одақтас республикалар Ғылым академияларының президенттерін шақырып, мәжіліс өткізді. Ол жиынға Қаныш Имантайұлы да қатысты. Екеуміз академияға бірге бардық. Мен оған президент кабинетіне дейін еріп бардым. Ол менің иығымнан қапсыра құшақтап тұрып: «Жүр, екеуміз қатар отырайық» деді. Мен бұл мәжіліске шақырылмағандығымнан кіруге ыңғайсыздандым. Сосын Қаныш Имантайұлы: «Онда жарайды, мәжілістен кейін соғармын» деді. Бірақ ол соға алған жоқ. Ол тіпті сол мәжілістің соңына дейін отыра алмапты. Жағдайы болмай бара жатқан соң ол кешірім сұрап, президенттің кабинетінен шығады. Ол жайды біреу маған сол сәтте хабарлаған соң мен тез бас корпусқа жеттім. Қаныш Имантайұлы «қонақ үйіне жеткізіп сал» деп өтінді. «Біраз жатып тынықсам, басылады ғой»,— деді.

Түн ортасында жағдайы болмай бара жатқан соң дәрігер шақырттық, артынан Кунцеводағы Кремль ауруханасына жібердік. Түні бойы телефон соғып, емдеуші дәрігерінен Қаныш Имантайұлының жағдайын біліп тұрдық. Ол жатқан бөлімнің меңгерушісіне де маза берген жоқпыз. Сүйікті ғалымның ауыр науқасына президент Мстислав Всеволодович Келдыш қатты алаң болып еді. Ол кісіге де Қаныш Имантайұлының жағдайын жиі-жиі хабарлап тұрдық. Ғалым сырқатының беті бірде қайтып, бірде қайта нашарлап көңілімізді алаңдатып отырды. Бірақ барып дидарласуымызға рұхсат бермеді. Әрине, оның сырқатының сырын дәрігерлер бізден жасырған жоқ. Бұл біздер үшін аса бір ауыр соққыдай еді.

Жаңа жылдың қарсаңында Қаныш Имантайұлының денсаулығы ептеп тәуір бола бастады. Ол түрегеп жү-

ретін, тіпті, палатадан шығатын болды. Сонда ғана біздің дидарласуымызға мүмкіндік туды. Біз бөлмесіне кіргенде ол төсегінде қазақша малдас құрып отыр екен, қуана қарсы алды. Бірақ маған ол өзінің малдас құрып отырғанына ептеп ыңғайсызданғандай болып көрінді. Тап сол сәтте көңіл күйі жақсы, қунақ еді. Ол бізді ауруханаңың әдемі бір холына шақырды.

Қаныш Имантайұлы әңгіме-дүкен құрысқан кезде аса көңілді отырды. Креслоға шайқалып отырып, жаңа жылдан кейін ауруханадан шығатынын айтты да алдағы іс жоспарларын баяндады. Мені Алматыға шақырды: «Виктор Васильевич, сен көптен бері біздің жаққа келген жоқсың ғой. Келсеңші, институттарды аралайық. Бірсыпырасына көптен бері мен де барғам жоқ. Ядролық институттың құрылысы қалай жүріп жатқанын көрейік!»— деді.

Біраздан соң біз Қаныштың шаршаңқырап қалғанын аңғарып, орнымыздан тұрып қоштастық та, «тезірек жазылып шығыңыз» деп тілек білдірдік. Ол бізге қатты риза болып, ыстық ықыласпен қоштасқан еді. Содан кейін ол кісіні мен көре алмадым. Сырқаты күрт нашарлаған соң дәрігерлер жолатпай қойды. 1964 жылы январьда ғұлама көз жұмды. Қадір-қасиетіңді ұмыта алмаспын-ау, ғазиз дос.

Ы. Оңаев

«ҚАНКЕШ АҒА» ДЕУШІ ЕДІК...

Ес біле бастаған балалық шақтағы көрген-білгендерімді ойластырып қарасам Қаныш ағаның жас, жігіт шағындағы бейнесі, оның жүріс-тұрысы, жаз болса оқудан ауылға келіп, күзге қарай оқуға аттанған уақыттары көз алдына басылған суреттей елестейді. Қанекеңнен кіші — біздер сияқтылар ол кісінің тура атын атамай, «Қанкеш аға» деп, ал үлкендер болса, көбінесе «Қанкеш» дейтін. Сол Қанкеш аға қазір еске түскенде көңіл жетімсіреп қап, әттеген-ай, Отанымыздың қазіргі

өскен биігін көрер ме еді, әлі де тұра тұрмады-ау, деп өкініш білдіресің.

Дегенмен, адам уақыттың ұлы ғой. Уақыт әр кезде бірдей емес. Кейде ол мыңқ етпей жылдар, ғасырлар бойы бір қалыптан мардымды өзгермесе, кейде — теңіздей толқып, толқыны жер қатпарлары мен иен жазықтарына кең тарап, ол жерлерде тұратын халықтарға мәдениет, білім, құт-береке кіргізе келеді. Міне, ұлы Октябрь толқынының шарпыны біздің ауылдарға да келе бастаған-ды. Көп өзгерістермен бірге сол кезде мал өсіріп көшіп жүрген қазақ жерлерінде мыс, қорғасын, күміс металдарын кеннен айырып алатын Шөптікөл, Желтау, Екібастұз, Нілді (Спасск заводы) сияқты заводтар істей бастағанда қазақтан жұмыскерлер, цех мастерлері, тіпті кен іздеушілер де шығып жүрді.

Бала кезімде Қанкеш аға маған ең байсалды ғалым, онан асқан оқымысты жоқ сияқты көрінетін. Менің бұлай ойлауымның жөні де бар сияқты, біздің ауылдардан сол кезде жастар арасынан Қанкеш ағадан басқа қалаға барып, инженер боламын деп оқығандар жоқты. Қанкеш ағаның сол кезде елге-ауылға келгені үлкен қуанышқа айналып, кәрі-жас, бала-шаға «Қанкеш, Қанкеш аға келді» деп мәз-мейрам болып, қуанып қалатын. Қазір ойлап отырсам, сол ағаның қалада оқығаны біздің елдің жастарына үлгі болып, біз сияқты жастардың әр қалаға барып, оқып білім алуымызға өлшемсіз әсер етті.

Әлі есімде, 1920 жылдардың бас кезінде біздің ауылдардың жастары оқуға барамыз, оқимыз деп Көреку (Павлодар), Семей, Омбы, Том қалаларына ыдырап, үш-төрттен топтасып аттанды. Қанкеш ағаның бұл бастауы тек жастарды ғана еліктіріп қоймай үлкен әкелерді де еліктірді. Әкелердің сол кездегі бала оқытуға деген «белсенділігі» айтарлықтай еді — ауыл мектебінде орысша шала хат танығаң, арифметиканың төрт амалын әрең үйренген жас балаларын да ересектерге қосып қалаға оқуға жібере берді. Тіпті бұл оқу қозғалысы біздің ауылдарды дүрліктіріп, жастардың көпшілігі жылдан жылға қалаға оқуға топталып кете беретін әдетке айналды.

Алматыда 1936—41 жылдар Кен-металлургия институтында оқып жүргенімде Қанкеш ағаны жиі көрдім.

Қанкеш аға ол кезде басқа жерде қызмет істейтін, Алматыға келсе, бұл институтке келмей кетпеуші еді

және келген сайын баяндама не лекция оқып, оқытушылар мен студенттер арасында өте жақындықпен әңгімелесіп, институттың тау-кен өнеркәсібі саласында мамандар даярлаудың өте зор маңызы барлығын аса ықыласпен айтатын.

Әрине, әңгіменің негізгі желісі біздің республиканың жерасты байлығы, тау-кен өнеркәсібі саласындағы үлкен-кішілі істеп жатқан және жаңадан салынатын заводтар, байыту фабрикалары, кен орындары, олардың келешекте қандай бағытпен дамитыны, СССР түсті металдар қорында республикамыздың орны, сыбаға үлесі сияқты іргелі мәселелер айтылатын-ды. Енді бір әңгімелерінен Қанкеш аға осы Кен-металлургия институты алғаш баста қалай ұйымдастырылғаны, мұны ұйымдастыру жөнінде ВСНХ, СССР ауыр өнеркәсіп Халық комиссариатында, жоғары білім беру басқармасында мәселе қойғаны, осы мәселені шешкенде ол кісінің белсене қатысқаны, ұтымды дәлелдегені де аңғарылатын...

Әңгімелер айта келіп Қанкеш аға студенттерге үлкен тілек білдіріп, Қазақстан кәсіп орындары бұл институттың түлектерін асығыс күтетінін ескертті.

Әлі есімде, Қанкеш аға келіп жүргенінде жоғары курстегі студенттерді, әсіресе, Жезқазған маңынан келгендерді, жинатып алып (олардың ішінде осы күнгі академик О. А. Байқоңыров, техника ғылымының докторы А. Ерғалиев, жазушы І. Есенберлин, құрметті тау-кен инженерлері А. Тоқтыбаев, Ж. Бралин, т. б), Жезқазған туралы, оның келешегі жөнінде, тіпті, оған жақын жерлердегі кен байлықтарын асықпай отырып әңгімелейтін. Бұл әңгімелерге, әрине, мен де қатысып жүрдім.

Сол кездегі геология факультетінің жоғары курсындағы студенттер Қанкеш аға келгенде ерік бермей, өздерінше иемденіп, біздің қамқоршы ағамыз дейтін. Шынында да солай болды ғой. Тәрізі, осы әңгімелердің нәтижесі бірқатарымызға үлкен әсер еткен болуы керек. Қазақстан Кен-металлургия институтын бітірген бірқатарымыз Жезқазған, Қарсақбай жағына кеттік те, көпшілігі Ұлы Отан соғысына аттанды.

Мен, осы институттың металлургия факультетін бітіріп, Ұлы Отан соғысы басталғаннан оның аяқталғанына дейін Қарсақбай мыс заводында істедім. Ол кезде, қымсынып, жанын аяған адам шамалы болар. «Бәрі де майдан үшін» деген сол кездегі Партиямыздың

ұранын қолдап, жұмыскер я инженер болсын уақытпен санаспай, жұмыстың ауыр-жеңілін талғамай атқарып жүрдік.

Дегенмен соғыс кезінде заводта қысы-жазы бірдей, күн-түн демей, жылдар бойы демалыссыз жұмыс істеу жалықтырып, шаршаған кейбір күндерде металлургия цехынан бәріміз де үйге қайтпай «қызыл бұрыш» бөлмесіне шөп төсеп, азырақ мызғып алған соң жұмыскерлермен бірге жұмыс жүргізе береміз. Сондықтан болар, соғыс кезінде Қарсақбай заводының коллективі үлкен ерлік жасап, майданға керек заттарды бұлжытпай орындап отырды.

1944 жылдың аяқ кезінде қызмет жөнінде Алматыға келіп, алдымен Қанкеш ағаға сәлем берейін деп Киров атындағы көшедегі Академияның Қазақ филиалына бардым. Барсам ол кісі қабылдауды көбінесе Геология институтындағы кабинетінде өткізеді екен. Жүгіріп сонда барып, Қарсақбайдан келдім деп көмекшісі арқылы қабылдауын өтіндім. Қанкеш аға тез қабылдап, кабинетіне кіріп, амандасқан соң мені отырғызып қойды да, басқа қабылдау күтіп отырғандарды шақырып, солармен әр іс жайында сөйлесе берді.

Қарап отырмын. Жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен жарасымды ізеттілік байқалады, тура қараған жанарынан адамға деген жылылықтың табы сезіледі.

Келген адамдарды қабылдап біткен соң ғана маған бұрылды. Алдымен Жезқазған, Қарсақбай жағдайын сұрастырып, бұл жөнінде көп әңгімелестік, өнеркәсіп орындарында істеп жүрген кейбір азаматтардың қайда, қалай істеп жүргеніне дейін сұрады.

Бірталай әңгімемізде Қанкеш аға Қазақстан ғылымының болашағын, ғылыми мамандардың әлі жетіспейтіндігін, республикамыздың жерасты байлығын т. б. іргелі, әлі шешім тілейтін жағдайларды ашық айтты.

Қысқасы, жоғарыда сөз болған мәселелерді әңгімелей келіп, менің не ойлап жүргенімді сұрап, былай деді: «Негізгі инженер-металлург мамандығыңды ғылыми қызметпен ұштастыруды қалай көресің». Алғашқы адым мұндайда оңай болған ба, сасыңқырап қалдым, дегенмен, Қанкеш аға бірден айтпаса да, мен ол кісінің ойын тура түсіндім.

Қанкеш ағаның осы сөзі 1945 жылы мені Алматыға — Қазақ Академиясының Металлургия және кен-байыту институтына келтірді.

Қанкеш ағаның ұшан-теңіз энциклопедиялық білімі кімді де болса таңқалдырушы еді. Әдетте, өзіміздің атақты ғалымдар, әсіресе, басқа республикалардың, болмаса қалалардан келген адамдар Қанкеш ағада қабылдауда болып, болмаса жәй әңгімелескенде аңырып қалатын: «өзі геолог, бірақта басқа білім тарапынан да хабары мол дарынды ғалым екен»,— дейтін.

Шынында солай еді ғой. Біздерге неше алуан күрделі мәселелерді тапсырып отырып, олардың түйін шешімдерінің жолын өзі нұсқап, кеңес бере тапсыратын.

Қанкеш ағаның бір жақсы әдеті — академияның институттарына әр уақытта өзі жеке келіп, оның ғылми-зерттеу тақырыптарын жалықпай қарап, жетекші ғылыми қызметкерлермен жекелей сөйлесіп, аса маңызды тақырыптарды тездету, күшейтуге тапсырмалар беретін. Мұндай әдет әр бастықта бола бермейді ғой.

Қанкеш ағаның бір нақыл сөзі өмірімде есімнен кетер емес. Бұл нақыл көңіліме таңбадай болып басылып, күнделікті өмірімде жиі есімде жүреді. Бір жабық кеңесте отырғанымызда: «алдыңа кім келсе де, мейлі лаборант, мейлі атақты ғылыми қызметкер болсын, олардың талабын, айтқанын ыждағатпен тыңдап, шешу керек. Ғылым орындарында істеп жүргендер кім болса да қашан да мен тау қопарамын деп ойлап жүреді. Адамның өзіне, өз күшіне сенуі ғылми творчестволық еңбектің жемісті болуының бір көзі»,— деп еді.

М. Сәрсекеев

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАСЫ ДА ТАНЫМАЛ

(«Қаныш аға» циклінен новелла)

Елден шыққалы айдан асқан. Асқаралы Алатау да, алмалы Алматы да алыста. Даланың ұшы-қиырсыз кең жазира, құба белдері де қиянда қалған. Бәр-бәрі соның қазір көз ұшынан гөрі қиял қиырынан ғана көрінгендей.

Асылында, мұндай сезім Қанышқа бұрын-соңды кезікпеген беймағлұм күй. Ес білгелі үйінен ұзап шыққаны осы ма еді? Туған Айырығын тастап он екі жасында Кереку кетті. Семей, Томскіде жүргенде де алыста қалған ауылын сағынып, дәл осылай аңсаған емес-ті. Ал бүгін солардың бәрінен жырақ кетіп, бөгде ел, бөтен жұрттың қонағы боп, көңілі өсіп масайрап жүрсе де, жүрегі сол бір туған, тұрған мекендерін іздегендей, көксегендей.

Әрі-сәрі күйде тұрып, тағы да қиял жетегіне еріп кетті. Таң қылаң бере оянған Отельдің оңаша бөлмесі тылсым тыныштықта мүлгіп тұр. Күлгін түсті күңгірт қабырғалар да қалғи бер деп қабағын еріксіз жапқандай еді. Бірақ, ояна сала ойын шырмаған әлгі бір сезімдер ұйықтатпады. Со бетінде терезе алдына барған.

Ағылшын жұртының атақты астанасы бүгін де кіреуке тұманның кілегейдей қою шылауына оранып, тұнжырап тұр екен.

Лондонның тұнжыр аспанына қарап тұрып, тағы да көңілі өзінің шалқар даласына кетіп қалғанын Қаныш біраздан соң ғана аңғарды. Аңғарды да терезе алдынан шегініп кетті.

Британия парламентінің шақыруымен Англияда қонақта жүрген СССР Жоғарғы Советі делегациясының осы сапарға шыққанына бірталай күн болып еді. Бұл елге март айының басында келген.

Аз күнде көргендері де, білгендері де аз емес: Лондонның іші-сырты — Гайд-Парк, ұлттық галерея, Британия музейі, Сити, Пико-делланың түнгі от жарнамалары, Вестминстер аббатствосы, Эдинбург пен Стратфордтың көрікті орындары, Шеффилдтің металлургия алыбы, Ватерлоо көпірі... ең аяғы, мына өздері жатқан ақсүйектер кварталы Вест-Эндадағы айшықты сарайлар... бәр-бәрі қонақтарға түгел көрсетілген; көне, жаңа тарихтары, аңыз-ертегілері әлденеше қабат қайталанып айтылған. Осылайша, әрбір сағат, минутына дейін еншіленіп, ерекшеленіп, бір саяхатқа бір саяхат жалғаса берген.

Бүгін де сондай күндердің бірі еді.

Таңертеңгі ас үстінде делегация мүшелеріне бүгінгі күннің ресми программасы жария етілді. Темза бойымен серуен жоспарланған екен.

Қаныш Имантайұлы бұл хабарға онша қуана қойған жоқ. Еркі өзінде болса, Лондонның сұрғылт қор-

шаулы сүреңсіз сұр үйлерінің қамауы мен тұман тұмшалаған аспанынан бір сәт құтылып, тынысы кең қала сыртында ұзақты күн серуен құрар еді. Қонақтың осы күйін сезгендей, өздерін неше күннен бері бастап жүрген үкімет чиновнигі кенет Қанышқа бұрылып:

— Мистер Сатпаеф, сіздің бұрнағы күнгі тілегіңізді Британия музейі қуанышпен қабыл етіпті. Қай сағатта баруды қалайсыз?— деді.

Қисыны келіп тұрған шаруаны кейінге қалдырып қайтсін. Сол сағатта-ақ музейге баруға әзір екендігін білдірді.

Әлем асылдарының атақты ордасы Британия музейін қонақтар келген кезде-ақ көрген-ді. Тобымен жүріп, әлденеше залда көрмеге қойылған асылдарды армансыз тамашалаған.

Қаныштың сұрағаны бұл емес. Ұлы өнерді тани да, қадірлей де білетін талғамы болғанымен, оны қайта бажайлап қарауға уақыты жоқ-тын. Британия музейіне оның екінші рет, өзі сұранып келуіне себеп мүлдем басқа жай еді.

Бұл жолы ұлы Королевствоның музейде тұрған тас қазынасымен толығырақ танысу үшін келген-ді.

Тас көмірден өзге қазынасы жоқ, қазба байлыққа мүлдем жұтаң, ұлтарақтай арал болғанымен бұл елдің тас қоймасы қордалы екенін Қаныш ойша болжаған. Алданбағанын музейдің минералогия залына келгенде білді. Королевствоның тас қазынасы әрқайсысы жеке музей дерлік, зәулім, кең бірнеше залға орналасқан екен. Қайда қараса да көздің жауын алғандай жыпырлаған тас.

Қаныш шынымен риза болды. Өзінің бұрын-соңды көрген минералогия музейлері мынаның қасында әншейін сияқты. Бірақ, ол осынша байлықтың бұл араға жиналғанына таңданған жоқ. Қанша жесе де қанағаты жоқ жыртқыш арыстанның алып бейнесін мемлекеттік гербіне ұялмай салып, қанды шеңгелін алты материкке бірдей созған алақандай аралдың қомағай екенін бұрыннан білетін. Шынында да, ол жер бетіндегі барлық асыл қазына, тас байлығын қылғымай жұта берген тәрізді. Геологтың көнігі көзі зал экспонаттары ішінен Африканың тұңғиыл мөлдір алмасын да, Алтайдың аспан тұстес асыл тасын да көрді. Скандинавияның атақты карборитін, Американың қызыл ағатын, Оралдың түрлі-түсті боратын да таныды. Көп тасты ол алдында

жатқан этикеткасын оқымай-ақ танып, ескі танысындай айырып келеді. Тек, оқта-текте ғана еңкейіп, жазуға үңіледі. Кейбір сәтте өзін бастап келе жатқан музей қызметкеріне бұрылып, түсінік беруін сұрайды. Бірақ, көбіне ол үн-түнсіз қалыпта, өзімен-өзі құныға тамашалаған күйде, тастармен ғана тіл табысып сырласа берген-ді...

Сонан бір сәтте ол қалың шынымен тұтас көмкерілген ұзын тағанның қазынасын қарап болып, бүйір қабырғаға бұрыла бере, қалт тұрып қалды. Тіпті, ұзағырақ бөгелген-ді. Музей қызметкері қағылездік көрсетті: қарсы қабырғада тұрған, сирек кездесетін қымбат минерал хреозолит екенін айтып берді; оның қасындағы — Амазонка агаты. Екеуі де қан атқандай қызыл нұр шашып, жанып тұр. Ал, одан арғы үлкен тас — тас емес, Трансвальдан әкелінген мыс тұнбасы...

Қаныш гидтің ашық даусын да, оның сөзін өзіне баяу мәнермен аударып тұрған тілмаштың биязы үнін де естімеген сияқты. Әлі де өзімен-өзі боп аңтарылған қалыпта.

— Это не вероятно!,— деп қабырғаға жақындай берді.

Бұл — қарамы ат басындай табиғи мыс еді. Әдемі дерлік ия мүсіні жоқ, ия жарқырап біткен түр-түсі жоқ, бұжыр-бұжыр, қалыпсыз құйып, нобаймен долбарлай салған кесектей теңкиіп қалған табиғи тұнба болатын. Сонда да, әлдебір қасиетімен мыс кесегі қонақ көзіне жылы ұшырап барады. Көптен бері кезікпеген танысымен ұшырасқандай, қуанған шыраймен толғана қарап тұр. Залдағы өзге қазыналар, көздің жауын алғандай неше түрлі қымбаттардың бірін де елеген жоқ, көрер де емес.

Тұнбаның үстіңгі жағына, әлдекім әдейі қыстырғандай-ақ, жұдырықтай ғана сұртас қоса біткен екен. Тесіле қараған Қаныш оның құнарлы халькозин екенін аңғарды. Иә, бұл шүбәсіз. Басқа жердің кен тасында нақ осындай түсте кезікпейтін, басқа жердің кен орнында мұндай кескінмен бітпейтін құмдауық сұртас, мысқа құнарлы халькозин минералы осы. Соны көрген соң-ақ, ғалымның күдігі тарқады. Көңілінде байыздамай, шарқ ұрып тұрған сезік те енді тыншу тапты.

Сөйтсе де, көңілінде күдік қалмасын дегендей, кесектің іргесінде жатқан этикеткаға үңілген-ді. Ағылшын тілінде бөгетсіз сөйлеп кетпесе де, қара танырлық

сауаты бар-ды. Жазуды аудартқан жоқ, өзі оқыды. Бірақ, оқығанына таңданғаны соншалық, артына жалт бұрылып:

— Мүмкін емес. Это не вероятно!— деп салды. Толғанып тұрып қазақша сөйлеп жібергенін аңғарған да жоқ.

Қонақтың не айтқанын бірден айырмаса да, үн ырғағы мен тез өзгерген кейпінен әлденеге секем алған музей қызметкері тілмашқа қарады. Түсінік сұрағандай.

— Мынау жатқан мыс тұнбасы Трансвальдан келген деп жазылыпты. Мен соны бекер деймін. Бұл — қазақ даласының қазынасы. Осы сөзімді анықтап жеткізіңіз, өтінемін,— деді ғалым тілмәшқа бұрылып.

Гид тыжырынып қалды. Қонақтың сөзін шам көрген сияқты. Барша ағылшындарға тән әскездікпен миығынан күле, мырс етіп:

— Мистер Сатпаеф геология докторы, академик деп естіп ек, дәрежеңізге тиіп, артық айтсам, ғапу өтінемін,— деді, *сонсоң әр сөзінің дәл аударылғанын қалағандай*, асықпай тосып тұрып, келесі сөзін баяу мәнермен баптай айтты.— Мистер бекер күдіктенеді, әмбе қателесіп тұр. Бұл самородок — Трансаваль мысы. Трансаваль мыс өндіру компаниясының ұлы Королевство *музейіне сыйлығы.*

Елден шыққалы әлденеге елегізіп, әлдебір қымбат затын ұмытқандай қамкөңіл күйде жүрген Қаныш Имантайұлы әлгі бір сәтте туған жерінің жұдырықтай жертасын көріп, бір түрлі мерейі өсіп, қуанып қалғанды. Көзтаныс тасты көптен кезікпеген досындай көріп, іші-бауыры елжіреп кетіп еді. Соны енді мына текті ағылшын бекер деп, әрі өзін дәрежесімен атап, миығынан күліп, әжуалап тұрғанда, шыдай алмады.

— Мен де артық айтсам мына мырзадан ғапу өтінемін. Солай деп тура аударыңыз,— деді тілмашқа. Үні қатқылдау шықты,— бұл тас — қазақ даласында жаратылған. Тіпті, түпкі мекенін де айтайын. Жезқазған деңіз. Бұл мырзалар Жезқазғанды жақсы біледі. Қайталап айтайын. «Джез-каз-ган, Кор-сак-пай, Акционерное общество Атбасарских медных копей» десеңіз, тіпті оңай таниды. Бұл сөзді геология ғылымының докторы, академик қана емес, сол Жезқазғанның мыс кенін ағылшын компаниясы кеткеннен кейін он бес жыл ұдайы зерттеген инженер-геолог Сәтбаев айтып тұрғанын және ескертіңіз.

Музей қызметкері бұл сөздерді ықыласпен тыңдаған еді. Бірақ, мойымапты. Жаңағы, мысқылды кейпінде жалт қарап, немқұрайдылау үнмен:

— Ұлы Королевствоның музейінде қателесу болмайтынын мистер Сатпаеф неғып естімеді екен?— деп сұрады.

— Мен ұлы Королевствоның музейін тұңғыш рет көріп тұрмын. Сондықтан да оның репутациясын білмеуім ғажап емес. Ал, далада туып, кен маманы бола тұра туған даламның төл тасын танымауым қалай болар еді? Сонсоң да, мен бұл мырзадан осы экспонаттың ата-тегі жазылған паспортын қайыра қарауын өтінер едім,— деді Қаныш Имантайұлы келесі экспонатқа бұрыла беріп.

Әдептілік сақтады ма, жоқ, әлде есе бермей, ұлы музейдің ұлылығына шүбә келтіріп, мін айтқан қонақтың меселін мойын бұрғысыз дәлелмен қайтаруды құп көрмеді ме, музей қызметкері де бұдан әрі дау айтқан жоқ. Залдың өзге экспонаттарын таныстыра бастады.

Сапардың аяқталар қарсаңында қонақтарды Уинстон Черчилль қабылдады. Дос-жар ұлы елден келген парламент делегациясымен ресми емес, жай ғана жүздесу деп шақырған. Оның ар жағында қандай есеп, саясат жатқаны бір өзіне ғана аян. Қонақтар аталған күні әйгілі қайраткердің резиденциясына келді.

Совет делегациясын ол өз үйінде, үй-іші, сыйлас досжаранымен түгел жиналған топ болып қарсы алды. Ешқандай ресмилік жоқ, қарт тарлан әйгілі керлігінен де айнып қалғандай. Соншама жарқын, жайма-шуақ пейілмен күтті. Көптен таныс ашына-жай адамдарындай-ақ еркін отырып, ашық әңгімелесті.

Оның ресми болмайтын себебі де бар-ды. Бұл кезде Черчилль премьерліктен босап, оппозицияға шыққан. Сонсоң ба, алғаш танысқан сәтте-ақ қонақтарына түгел естіртe бір әзіл айтқан: «Қатардағы ағылшынның қарапайым дастарқанын көрсін деп шақырдым. Көлгірлікті кеңседе қалдырып, асқа орыстардың ежелгі екпінімен кірісіңіздер» деген.

Әңгіме үстінде Черчилль кең маңдайлы, нұрлы көзді, кемел кейпі жүзінен танылғандай ашық өнді, келбетті қазақ мәйманына тесіле қарап:

— Мистер Сатпаеф, бас киіміңіздің размерін сұра-

сам көңіліңізге келмес пе екен?,— деп кеңкілдей күлген-ді. Қандай құйтұрқымен сұрап отырғаны бимәлім, сырын аңғартпады.

Мұның ар жағында өздеріне белгісіз әлдеқандай бір қақпан тұрғанын қонақтар түгел сезді. Украина ақыны, аңқылдақ мінезді Микола Бажан шамданғанын жасыра алмай, қазақ досына дем бере иек қақты. Делегация басшысы Кузнецов қана сыр бермей, тым-тырыс қалпынан ауған жоқ. Қаныш сасқан жоқ, үй иесіне асықпай, барлай бір қарап алды да:

— Сэр, шляпаңызды сыйлағыңыз келіп отырса, қысылмаңыз. Бас киім ауыстырудан сіз бен біз ұтылмасақ керек,— деп биязы ғана жымиды. Айлалы арыстанның аяр күлкісіне қайырған қарымтасы да осы еді. Сен таңқылдап күлсең, мен жымиып-ақ есемді алармын дегендей. Өңі албырап нұрлана берді. Айтыс қызығына енді түсіп, тіл ұстарта бастаған ақындай лыпылдап отыр. Басынан бір сөз асырар емес, кер сөзге тең сөзбен жауап қатқандай мына қалпында.

— О жоқ, мистер Сатпаеф. Сіз мені дұрыс ұққан жоқсыз. Ағылшындар бас киім ауыстырғаннан гөрі басын кесіп беруді артығырақ көреді, мұндай айырбас — бізде жаман ырым,— деп үй иесі тағы да рақаттана, кеңкілдей күліп ап, сөзін сабақтады,— мен сізден барлық қазақтың басы сіздің басыңыздай үлкен бе деп сұрамақшы едім. Бұрын көрмеген, естімеген жұрт болған соң қазымырлық жасап отырсам ғапу етіңіз!..— деді де, қонақтарына Британия музейіндегі әнеукүнгі дауды әңгімелеп берді. Сөзінің аяғында Қанышқа бұрылып:

— Мистер Сатпаеф, біздің музейдегі менменсіген чиновниктерге ұмытпастай сабақ беріпсіз. Мықтап үйретіпсіз. Дұрыс істегенсіз,— деді.

Манадан бергі әзілдің төркінін Қаныш Имантайұлы сонда ғана ұқты. Бірақ, сол әңгіменің мына жерде, ойламаған сәтте алдынан шыққанына таңданып та қалып еді.

Бұл шақта әңгіме арнасы басқа бір жайға ауысып кеткен-ді. Сонсоң да Қаныш Имантайұлы үй иесінен мұның себебін сұрай алмады. Әрі қайыра қазбалауды ыңғайсыз көрген.

Мұның жай-жапсарына ол жатын орнына келген соң ғана қанды.

Отельде тілдей хат жатыр екен. Конвертінен-ақ Британия музейінен екенін танып, ашып қараса, сол жолғы жайсыздық үшін өзінен сыпайы ғана кешірім өтініпті. Экспонаттарды соңғы бір реттеуде музей қызметкерлері жаңылып, тас этикеткасын ауыстырып алған деп түсіндіріпті. Бары сол-ақ.

Әлде өтірік, әлде шын? Әлде, бұл өзін сынау үшін әдейі қойылған қақпан ба екен? Қақпан болмаса, кәнігі тұлкі, кәрі Черчилль қайдан білді оны?..

«Бар қазақтың басы сіздей үлкен бе?» Әуелі бас киімінің размерін сұрады. Кайыра қазбалап ежіктегенде, бірден айтпай біртіндеп тексергенде, білмегі осы ма еді? Жоқ. Көзі көріп отырғанды ұзақ бұйдалап, қазбалайтын кісің ол емес. Бейтаныс даладан келген, қарабайыр тағы атанған жат жұрттың көзіне көрінген жалғыз өкілін сөзбен шымшылап, сынын бағдарлау ма әлде? Не деп қалды, нендей пікірде қалды? Әншейін бір дұшпан көзі етіп, қатар көбейту үшін ерте салған көптің бірі ме, әлде шын ғалым, осындай құрметке лайық мемлекеттік шын қайраткер ме деп сынағаны ма? Мейлі. Қажет көрсе, тағы сынасын...

Тағы да терезе алдына келіп, түнгі Лондонның отқа оранған келбетіне қарап, ойда тұр. Кеудесін бір қуаныш кернегендей. Көңілге ұялаған көк шымшық күмбір-күмбір ән салып, ұйқысынан сергітіп, алыс бір қияндарға жетелегендей. Тағы да тұмандар арасынан әрі асып кетті. Туған, тұрған даласы жатыр табан астында кең көсіліп.

Дала демекші, қызық болды-ау өзі. Иен даланың бір тасын осынау басқа материк, бөгде елде, мынау тұман бүркеген Лондонның тұнжыр аспаны астында кезіктірем деп кім ойлаған. Шіркін, туған жердің жұмыр тасы-ай! Ақ, қара демей, асыл, жасық деп және талғамай, бір ғана белгі-қасиетің үшін — туған жердің топырағында жаралып, қыр төсінде жатқаның үшін де қымбатсың-ау сен, туған жердің сұр тасы!..

М. Ғабдуллин

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Партиямыз бен Совет үкіметі шаруашылықтың және мәдениеттің барлық саласында халқы үшін адал ниетімен қызмет істей алатын ұлт кадрларын тәрбиелеп өсірді. Олар қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін дамытып, алға бастыруда аса тамаша, зор мақтаныш сезіммен айтарлықтай еңбектер істеп отыр.

Біздің партиямыз тәрбиелеп өсірген адамның бірі, халқымыздың мақтанышы, тұңғыш академигіміз — Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қаныш өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады. Сондықтан, оны қазақ халқы өзінің мақтанышы деп біледі.

Қазақ халқының Шоқан, Ыбырай, Абайлар арқылы айтылған өткендегі арман-ойының советтік дәуірде жүзеге асуы жөнінде ерлік істер жасаған адамның бірі — Қаныш Сәтбаев. Ол өзінен бұрынғы Шоқан, Ыбырай, Абай секілді дана адамдардың өсиетін еске ала отырып, халық мүддесін іске асыруды ойлап, орыстың ғылымын үйренуге, сол арқылы халқына шат өмірдің нұрын шашуға бел байлады. Бұл үшін ол орыс мектебіне түсіп оқиды. Тұла бойын талант кернеген, жүрегін халыққа қызмет ету ардақты міндет деген сезім билеген Қаныш орысша оқып, білім алады, болашағына көз жібереді. Халқына қызмет ету үшін білім керектігін сезген Қаныш 1921 жылы Томск қаласындағы технология институтына оқуға түседі де оны 1926 жылы бітіріп шығады.

Жоғары дәрежелі білім алған жас инженер барлық ынта-жігерін, күш-қуатын, білімін халыққа қызмет етуге арнайды.

«Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан»—

деп, Абай айтқандай жас инженер Қаныш жоғары оқуды бітіргеннен кейін халқы үшін қызмет етуге кіріседі.

Ұлы Отан соғысы кезінде СССР Ғылым академиясының Қаныш бастаған Қазақстандық филиалы, оның ғалымдары барлық күш-қуатын совет халқының қас дұшпаны — неміс басқыншыларын талқандап жеңу ісіне жұмсайды. Соғыс жағдайының ауыртпалығына қарамастан, Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстары дамып өркендей береді. Ғылыми қызметкерлер Қазақстанда зерттеу жұмысын күшейте отырып, жаңадан әлде нешелеген кен байлықтарын ашады. Ол еліміздің күш-қуатын, экономикасын өркендетуге, сөйтіп, жауды талқандау ісіне жәрдемдеседі.

Соғыстан кейінгі жылдары ғылымның табыстарын халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру және оны өркендете беру ісіне Қаныш көптеген еңбек сіңіреді, оған басшылық етеді. Мұнымен қатар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР үкіметінің республикада ғылымды дамыта беру жөнінде күнбе-күн көрсеткен басшылық жәрдемімен Қаныш СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалын өз алдына жеке Ғылым академиясына айналдыруға күш салады, соған дайындық жүргізеді.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейін өмірі қараңғылық пен қапаста, надандық пен езілуде өткен қазақ халқы советтік дәуірде ұлы орыс халқының көмегімен Ленин партиясының басшылығы арқасында Ғылым академиясын құрды. Бұл қазақ халқының тарихында аса саяси мәні бар факты. Өткен ғасырда:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ержеткен соң түспеді ұнсыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім»,—

деп Абай қатты өкінген еді. Ол кезде Абайдың ғылымға жету турасында айтқаны тек арман, қиял ғана. Оның ол кезде іске асуына ешқандай мүмкіндік жоқ еді. Міне, халық атынан Абай аңсаған ғылым совет дәуірінде салтанат құрып отыр. Қазақтың мыңдаған жас ғалымдары Қазақстанда құрылған ғылым штабының өркендеп өсе беруіне, өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен оның қалыптасуына күш салып, ғылымның табыстарын Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін көруге жұмсап келеді. Бұл жөнінде бізге ағалық қамқорлық жасап, жол-жоба, үлгі-өнеге беріп отырған — ұлы орыс халқының даңқты ғалымдары. Қазақстанда Ғылым академиясының құрылуына, ғылым кадрларының

өсіп, ер жетуіне, оларды тәрбиелеп өсіруге көмектескен де солар.

Қаныш қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуде де айта қаларлықтай көп еңбек сіңірді. Қазір жарыққа шыққан «Қазақ ССР тарихы», қазақ әдебиетінің, көркемөнерінің тарихы жазылу ісіне ол белсене қатысты. Жұртқа мәлім, Ұлы Отан соғысына дейін қазақ халқының, оның әдебиеті мен мәдениетінің тарихын жазу ісі бастауыш және орта мектептерге арналған оқу-құралдарының көлемінде және жеке авторлардың ісі болып келді. Ал, Қаныш бұл іске ғылыми мән беріп, «Қазақ ССР тарихын», қазақ халқының әдебиеті мен көркемөнерінің тарихын жазу ісіне ғалымдар коллективін ұйымдастыруға басшылық етті. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Қазақ ССР Ғылым академиясынан Тарих, Тіл және әдебиет институттары құрылды. Бұлардағы ғалымдар қазақ халқының және оның әдебиеті мен мәдениетінің тарихын молынан зерттеуде көптеген еңбектер істеп отыр.

Қаныш өзінің барлық ынта-жігерін, білімін Советтік Отанымызды көркейте беру ісіне, халқымыздың игілігіне жұмсады.

В. А. Ульяновская

БЕЛ-БЕЛЕСТЕ

СССР Ғылым академиясының бұрынғы президенті В. Л. Комаровтың тапсыруымен 1939 жылдың июнь айында мен шағын бір комиссияның құрамында алғаш рет Қазақ республикасының астанасына — СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы орналасқан Алматыға бардым...

...Сонымен қатар Қазақ филиалы Советінің құрамын жаңарту және филиал құрамында алғаш рет ұйымдастырылғалы отырған Геологиялық институттың директоры қызметіне лайықты кандидатура іріктеу қажет болды.

Осында 1940 жылы мен бірінші рет Қаныш Имантайұлы Сәтбаев деген фамилияны естідім.

Геологтар ол туралы «зор білімді маман, Үлкен Жезқазғанның мол байлықтарын зерттеу саласында көп еңбек сіңірген ғалым» деген пікір айтты, басқалары оны тамаша ұйымдастырушы, тағы біреулері — сергек те сезімтал жолдас ретінде сипаттап жатты.

Сайып келгенде Қ. И. Сәтбаев Қазақ филиалы Советінің жаңа құрамына бірауыздан енгізілді. Москвадағы түсті металлургия Халық Комиссариатымен Қаныш Имантайұлын ғылыми жұмысқа жіберуді келісу ғана қалды. Ақырында Сәтбаев жолдастың өзімен де таныстым. Күткеніміздей, түсті металлургия Халық Комиссариаты Сәтбаев жолдасқа өте жақсы сипаттама берді, бірақ оны СССР Ғылым академиясы жүйесінде жұмыс істеуге жібергісі келмеді.

Мен Қ. И. Сәтбаевпен тіпті де күтпеген жерден таныстым.

1940 жылдың октябрінде Қазақ республикасы өзінің жиырма жылдығын мерекеледі.

СССР Ғылым академиясының Президиумы да осы датаны атап өтіп, СССР Ғылым академиясының жалпы жиналысында бірнеше ғылыми баяндама жасауды ұйғарды. СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі С. Е. Маловтың «Қазақ тілін дамыту туралы», профессор М. П. Вяткиннің «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі тарихынан» деген баяндамалары, Аманжолов жолдастың сөйлейтін сөзі (ол жасаған баяндаманың дәл қалай аталғаны есімде қалмапты) әзірленді. «20 жыл ішінде Қазақстандағы ғылымның дамуы» деген мәселе бойынша негізгі баяндама жөнінде Қазақ республикасының үкіметіне осы мақсат үшін баяндамашы бөлуін өтінген хат жолданды.

Біз «Баяндама жасау үшін Москваға инженер Қ. И. Сәтбаев барады» деген жауап алдық.

1940 жылғы октябрьдің (1 октябрь) сол бір салқын күні, Академияға кешкі мәжіліс ашылардан бірнеше минут қана бұрын келген Қазақстан бойынша негізгі баяндамашыны тосып, әбігерге түскен сәт әлі есімде.

— Мен геологпін, сондықтан да туған Қазақстанның табиғат байлықтары туралы және сол байлықтарды халық игілігіне пайдалану мүмкіндіктері туралы көбірек айтамын,— деді маған Қаныш Имантайұлы. Содан кейін біз карталарды қабырғаларға жылдамдатып іле бастадық.

— Баяндамаңыздың тезисі бар ма?— деп сұрадым одан.— Оны оқисыз ба? Процент түрінде ғана болмаса, нақты цифрларды атай көрмеңіз...

Ол жазып қойған баяндамасы салынған қалың папканы көрсетіп, менің көңілімді тыныштандырды.

Зал бірте-бірте академиктерге толайын деді. Алдыңғы қатарда қарт геологтар П. И. Степанов, Н. А. Заварицкий, В. Н. Обручев және басқалары отыр.

Маған академиктер күні бойы жұмыс істеп қажыған, егер баяндама қызықты құрылмаса, олардың көбі тарап кететіндей көрінді.

Міне, жалпы жиналыстың кешкі мәжілісі де ашылғаны жарияланып, Қ. И. Сәтбаевқа сөз берілді.

«Ең алдымен қайта туған қазақ халқынан Ғылым академиясының президиумына, революциялық озық ғылымның штабына жалынды, туысқандық сәлем тапсыруға маған рұқсат етіңіздер,— деп бастады Қаныш Имантайұлы сөзін.— Қазақ халқы неғұрлым қаналған, патшалық Россиядағы аласталғандардың бірі еді, енді, міне, большевиктердің ұлы коммунистік партиясының басшылығы нәтижесінде ұлы орыс халқының қолдауымен өзінің 20 жылдық мерекесіне Ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрамында бірінші орындағылар қатарына қосылған кемелді қалыпта келіп отыр...»

Содан кейін ол өзінің әлі ашылмаған папкасын мінбе үстінде қалдырып, карталардың жанына барды да сол арада тұрып баяндамасын жалғастыра берді.

Қаныш Имантайұлы бір сағаттан астам сөйледі. Байсалды, қарапайым, мәнді әңгімесінен бір де рет тайған жоқ. Баяндама өте қызықты болды. Отырғандардың көбінің геологияға ешқандай қатысы болмаса да оның сөзін бәрі түсінді. Қаныш Имантайұлының баяндамасынан кейін С. Е. Малов, Аманжолов және М. П. Вяткин сөз сөйледі. Бұдан соң қазақ халқының өмірі жайлы, өзінің лабораториясында анализ жасап жүрген О. Оспанов туралы, Жезқазған руднигінде жұмыс істеген Қ. И. Сәтбаев туралы кинофильм көрсетілді.

Жиналыс аяқталғаннан кейін, түнгі сағат 12-ден кейін де ғалымдар Қаныш Имантайұлының баяндамасы жайлы әңгімелеумен болды. Солардың бірі: «Егер орыстардың бәрі әлгі ғалым қазақ сияқты жақсы білген болса, мұндай баяндамаларды тыңдау қашан да қызықтырып тұрар еді» дегені есімде.

Ғылым академиясы мен түсті металлургия Халық комиссариатының келісуімен Қаныш Имантайұлы көп кешікпей Қазақ филиалы Геологиялық институтының директоры болып тағайындалды...

М. Жүсіпов

ҚАНЫШПЕН ҚАТАР ЖҮРГЕНДЕ

Иә, Қанышпен қатар жүргенде өзіңді бір ерекше еркіндік, өзімсіну сезімдері билеп алады. Алғаш көргенде «сыр мінез емес адам ғой, әлде қалай болар екен» деп бүгежектегенмен, бірер минут өтпей-ақ бұл ойдан қалай арылғаныңды білмейсің. Қарым-қатынасы қарапайым, әңгімесі әсерлі, әр сөзінен адамға деген шексіз де шынайы қамқорлық төгіліп тұратын жайсаң жан еді. Әсіресе Қарсақбайды аузына алған адаммен ақтарыла әңгімелесіп, осы жердің керемет келешегі туралы көл-көсір түсінік беретін.

Онымен бір рет қатар отырып дәмдес болдым, 2-3 рет бетпе-бет жүздесіп, әңгімелестім. Соның бәрінде аялы алақанын ұсынған туған ағаның қамқорлығындай шынайы жақындықты сезіндім. Дәмдес болғаным — 1939 жылы Қарсақбай мыс қорыту заводында мастер болып істеп жүрген кезім. «Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Еровский, завод директоры Богатырев және Жүсіпов Мұзафар (мен) тез Алматыға жетсін» деген хабар келді де біз жолға шықтық, Жосалыға жеткен жерде «Жүсіпов июнь айында Москваға барады, сондықтан Алматыға келмей-ақ қойсын» деген хабар беріліп, сол жерден мен кейін қайтып кеттім.

Сол жылдың июнь айында 4 адам Мәскеуге жол тарттық. Біреуі Қаныш Сәтбаев басқаратын кен барлау партиясының жұмыскері Тұңғышбаев Мырзабек, екеуі — сол кездегі Байқоңыр ашық кен көзінен Ералиев Бертен, Үлкенбаев Мұқан, төртінші — мен.

— Қаныш бізді Мәскеуден қарсы алады. Партия жұмысымен сонда жатыр,— деді Мырзабек. Сырт ес-

туім болмаса, бұған дейін Қанышпен жүзбе-жүз көріскен, сөйлескен емеспін.

Мәскеуге де келдік. Кремльдің қарсы бетіндегі қонақ үйіне орналастық. Жуынып-шайынып отырғанымыз сол еді, есік қағып, бойы сымға тартқандай мінсіз, еңселі, аққұба жүзді жігіт жайраңдай күліп келді. Мырзабек «Қан-аға» деп құрақ ұшып қалды. «Дәу де болса осы Қаныш болар» деп, басқа үшеуіміз де жапатармағай қол беріп, амандастық. Қанекең қалай орналасқанымызды, Мәскеуден алған әсерімізді, хал-ахуалымызды түгел сұрады. Мен «Қарсақбай заводынанмын» деген соң оның келешегі туралы да сөйлеп кетті. Қарсақбай туралы Қанекең айтқандарды, оның ішінде істеп жүрген өзімнің де білмейтінімді сонда мойындадым.

— Оқу керек. Заводқа сауатты жұмыскер керек,— деді ол.

Мәскеуде өткізген төрт күнде де Қанекеңмен бірге болып, барлық жерді бірге араладық. Озаттарға награда тапсыру салтанатын М. И. Калинин ашты. Сол жолы Калинин ақсақал Қаныш омырауына Ленин орденін, маған «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалін өз қолымен қадады. Қазақстаннан барғандар атынан Қанекең сөз сөйледі. Ол орыс тілін таза, терең ойлы сөйлеп, басқалардың оған сүйсінгенін көргенде, біздің шоқтығымыз шығып-ақ отырды. Кешкілік награда алғандарға қонақасы берілді. Көңіл көтеру сәтінде Қанекең өлең айтты. Орыс әнін нәшіне келтіріп орындады. Әр жерден келген өзіміз сияқты қонақтар оған ерекше қошемет көрсетті. Қанекең бізді поезға шығарып салды да, өзі тағы да партия жұмысымен біраз бола тұратынын айтты.

Қаныштың қарапайым, кішіпейіл мінездері қанымен жаралған. Бірде Жарық станциясынан Қанекең басқаратын кен барлау партиясының Ахметов деген жүк тасушысын кездестірдім.

— Партияға жеткізетін осы станцияда біраз жүк тұр. Бірақ қалтамдағы ақшам түгесіліп, не істерімді білмей тұрмын,— деді ол. 200 сом ақша бердім. Хабарын Қанекеңе жеткіздім.

Бір күні маған Қанекең «келіп кетсін» депті. Бардым. Өте риза болған кейіппен маған 200 сом ақша берді.

— Есеп қызметкерлерінің кінәсінен біршама кешіктірдік. Ренжімеңіз,— деп үлкен басымен кешірім сұрап жатыр бәйек боп.

Бұдан кейін де бас қосу жиналыстары, концерттерде талай кездесіп жүрдік. Соның бәрінде де ол бір өзгермейтін, ішіне, бауырына жақын тартып, қамқоршы боп тұрушы еді. Сондықтан да біз үшін Қаныш қашан да қадірлі.

З. Ақышев

ДИДАРЛАСУ

Сәтекең ауылымен біздің ауылдың арасы он екі-ақ шақырым. Олардың қыстауы Қаратұмсықта. Бұл арада қазір Баянауыл ауданының Қ. Сәтбаев атындағы совхозының мал базасы бар. Ал, біздің қыстаулар Бестөбе дейтін адырдың бауырында. Мұнда қазір сол ауданның «Октябрьдің 40 жылдығы» совхозының малы бордақыланады.

Жаз жайлауға шыққанда екі ауылдың іргелес қонып қалатын кездері болады. Әсіресе жазғасалым, ел қыстаудан көшіп шыққанда, күзге қарай, жайлаудан қайтқанда, біздің ауылдар Бозшакөлдің шығыс жағын ала қонады да, Сәтекең ауылдары батыс жағында отырады. Сол кездерде мал аралас, қой қоралас дегендей, ығы-жығы боп кетеді. Сәтбай ауылының жастары орысша оқуға басқалардан әлдеқайда бұрын бет бұрды ғой. Олар көбінесе Ақмола, Семей, Омбы қалаларында оқыған. Жаз елге келгенде екі киіз үйді жалғастырып тігіп, соның ішінде спектакль қойғанын көргеніміз бар. Спектакль дегенді алғаш сол жылдары көрдік. Әбдікәрім Сәтбаев скрипка тартады екен, скрипканы да сонда көрдік. Домбыра, гармонь да тартады, өлең айтады. Неше түрлі спорт ойындарын көрсетеді. Көрші отырған ауылдардың кәрі, жасы бір рахаттанып қалады.

Кейін мен Қанекенді үлкен жиналыстарда, көптің арасынан президиумдарда отырғанын көрдім, сөйлеген

сөзін де тыңдадым. Әсіресе Мұхтар Әуезовтің алпыс жасқа толуына арналған Академияның салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөзі күні бүгінге дейін құлағымда. Бір есте қалғаны Қанекең сол мәжілісті ашып, жарты сағат кіріспе сөз сөйлегенде қағазға бір қарағаң жоқ, еркін сөйледі, не қолында, не алдында — стол үстінде — бір парақ қағаз болған жоқ. Ал, бала жасынан бірге өскен досы, өмір бойы үзеңгі қағысып қатар жүріп отырған қызметтес жолдасы Мұқаң туралы сөйлегенде қағазға несіне қарасын Қанекең. Бәрі де өзі көзімен көрген, өз қолынан өткен жайлар, жаңылып қалармын, қателесіп кетермін десін бе. Бірі ұлан-байтақ өлкеде техниканы қолынан тұрғызып, жер астының мол қазынасын елінің игілігіне айналдырған, бірі сол елдің мәдениетін, әдебиетін, тарихын ұзын да кең арнаға түсірген қос қанаты, ұядан бірге ұшқан қос сұңқары, қазақ халқын басқа жұрттарға алыстан көрсеткен, Мұқаңның өз сөзімен айтқанда «атан түйенің екі өркешіндей» қос алыбы еді ғой.

Мұқаңның «Абай» эпопеясын... «бұл XIX ғасырдағы қазақ халқының алуан саладағы тіршілігінің нағыз энциклопедиясы» деген бағаны алғаш айтқан да Қанекең екені белгілі.

1960 жылдың жазында Қанекеңмен кездесуіме бір сәтті жағдай туа қалды. Соның алдында Павлодарға командировкаға барып қайттым. Павлодарда Николай Ермилович Алексеев деген қарт мұғалім болған. 1971 жылы сексен алты жасында қайтыс болды. Ленин орденімен наградталған. Қазақ ССР мектебіне еңбегі сіңген мұғалім атағы бар еді. Мектепте, оқу бөлімдерінде елу төрт жыл қызмет істеп пенсияға шыққан. Ертіс өңірінде халық ағарту ісіне көп еңбек сіңірген адам еді. 1904—1905 жылдары белгілі жазушы, революционер Сабыр Шәріпов екеуі қазақ ауылдарында балаларды орысша оқытатын мектептер ашуға тікелей басшылық еткен. Павлодарда алғаш совдеп құрылғанда соның ағарту бөлімін басқарғандардың бірі. Революциядан бұрын Павлодарда екі кластық орыс-қазақ мектебі болған. 1911—1914 жылдарда Қанекеңнің немере ағасы Әбікей Сәтбаев сол мектепте оқытушы болған. Қанекең ағасының қолында тұрып, осы мектепте оқыған. Сол кезде осы мектепте Н. Е. Алексеев те сабақ берген. Демек, Алексеев — Қанекеңнің ұстазы.

Кейінгі кезде Павлодарға бара қалсам Николай Ермиловичке бір соқпай, үйіне әдейі барып сәлем беріп шықпай, бірер сағат отырып әңгімелеспей кете алмайтынмын. Оның себебі бар. Мен 1938—1939 оқу жылында Павлодардағы педучилищеде оқытушы болдым. Николай Ермилович ол кезде облыстық оқу бөлімінде инспектор, әрі қаладағы қазақ жеті жылдық мектебінде орыс тілінен сабақ береді. Ол керемет методист. Сонымен бірге бойындағы барын басқаға үйретуден жалықпай өткен адам. Біз, жас мұғалімдер, сабақ беру шеберлігін үйрену жағынан Николай Ермиловичті ұстаз тұтамыз. Кейін Павлодар облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болған кезімде Николай Ермиловичпен бірге қызметтес болдық. Мен ол кісіні ұстазым әрі қадірлі аға деп санаймын. Павлодарға бара қалсам жолықпай кетпейтін себебім сол. Олай етпесем қарт ұстаз қатты өкпелеп қалады.

Николай Ермилович қазақ тілін де жақсы білетін адам еді. Мұғалім болмай қалған жағдайда қазақ кластарында қазақ тілінен сабақ та беретін.

Сол жолы барғанымда да шалға сәлем бере кетейін деп үйіне барып едім, құшақтай алып, көтеріп апарып (қартайса да қарулы болатын) отырғызды да, көпке дейін жібермей қойды. Асығыспын дегеніме қарағаң жоқ, есігін ішінен бекітті де, кілтін қалтасына салып алды. Әңгіме арасында:— Қаныш Имантаевичтың халы қалай?— деді қарт.

«Білмеймін» деуге ұялдым. Алматыдан барып отырып, сондай үлкен адамның халынан хабарым жоқ деудің реті келе ме.

— Жақсы,— дей салдым.

— Қарым-қатынасың бар ма. Араласып тұрасың ба?

— Жоқ.

— Неге? Сендер ауылдас емессіңдер ме. Анда-санда барып сәлем беріп жүрмейсің бе?

— Қызмет жағдайына келгенде ол кісіге байланысты ештеме жоқ. Тек аман, саулығына тілектес боп жүре береміз де.

— Оның да жөн. Уақытын алмайын дейсің ғой.

— Әрине.

Біраз отырған соң мен кетуге ыңғайландым. Дәл шығарда Николай Ермилович қолымды қатты қысып тұрып:

— Алматыңа барған соң Қаныш Имантаевичқа әдейі барып жолық. Қолын, міне, осылай қысып, менен көптен көп сәлем айт. Ұмытқан жоқ шығар. Ең зерек шәкірттерімнің бірі еді. Тілектеспін. Осынымды жеткізбесең ендігі келгеніңде есіктен қаратпаймын,— деп қабағын түйіп, қарай қалды да, «ойнап айтам» дегендей қарқ-қарқ күлді.

Алексеевтің сәлемін жеткізіп, аманатын орындау мен үшін Қанекеңе жолығуға көптен іздеп жүрген себебім табылғандай қуанып кеттім.

Бір күні — 1960 жылдың августының жиырмалары шамасында ертерек тұрып, Академияның алдына бардым. Қызметкерлер ағылып келе бастады, кіріп жатыр. Мен шеткерек барып Қанекеңнің келуін аңдып тұрмын.

Жұрт аяғы саябырлады. Сағат тоғызда сұрғылт ЗИМ келіп тоқтай қалды. Мен жүгіріп барып кабинаның есігін ашсам ба деп бір ойлап қалдым. Бірақ оның жеңілтектік болар, жарамсақ біреу ме деп жақтырмай қалар деген тағы бір ой келді де қозғалғам жоқ. Қанекең кабинадан шығып сатымен көтеріліп келеді. Жүрісі баяу, байсалды. Бір қолы қалтасында. Жан-жағына қарап қояды. Ол кісі жақындай бергенде мен алдынан барып есік аштым. Маған көзін бір төңкеріп қарады да, «рақмет» деп үйге кірді. Мен соңынан ере кірдім. Тіпті өкшелеп қалмаймын. Екінші қабаттағы кабинетінің есігіне таянғанда бағанадан бері өзімді қысып келе жатқан ұяттың аузын будым да:— Қанеке, Сізде бір минуттік шаруам бар еді... рұқсат етсеңіз...»— дедім.

Басқалар сияқты қабағын түйіп, иегін көтерген жоқ, «Не шаруаң бар еді, пәленге жолық, түгенге жолық», немесе «тұра тұр, қолым тимейді, кейін кел...» деген жоқ. Мен «рұқсат етсеңіз...» дегенде басын сәл еңкейтіп құлағын тосты да, көзінің қиығымен бір қарай қалып «кір, кір» деді.

Өзі орнына барып отырды. Мен ол кісінің жазу столының алдына ұзыншалай қойған екінші столдың есік жақ басында түрегеп тұрмын.

— Иә. Сөйле, інішек.

— Жақында Керекуге барып қайтып едім.

— Ал.

Мен столға қатарлай қойған орындықтарды айналып өтіп қасына жақындап бардым.

— Николай Ермилович Сізге сәлем айтып еді.

Қанекең маған жалт қарады.

— Николай Ермилович дейсің бе? Алексеев пе?

— Иә. Сол кісі. Сізге әдейі барып, қолын қысып сәлемімді тапсыр деп аманат қып еді.— Екі қолымды бірдей создым.

Қанекең отырған орнынан түрегелді. Қолын берді. Мен қысып алып жібермеймін.

— Е-е-е, ол байғұс бар екен ғой әлі. Қалай екен өзі? Тың ба екен? Денсаулығы, тұрмысы қалай екен? Қартайып қалған шығар. Бізге сабақ берген кезде отыздар шамасында болса керек.

— Биыл жетпіс бестемін дейді. Бірақ әлі тың,— дедім мен.

— Жасында қайратты адам сияқты еді. Бір аяғын сылтып басатын ба еді? Ұмытып қалыппын.

— Дұрыс айтасыз. Сылти басады.

Алексеев жасында елдегі мектептерді аралай жүріп, қыстың аязды, боранды бір күнінде астындағы аты болдырып, далада түнепті. Сонда бір аяғының бақайлары үсіп қалған екен.

— Аяқ, қол, бет-ауыз — бәрі үсіді. Қалай тірі қалғаныма таңым бар,— дейтін еді өзі.

Қанекең Алексеевтің жайын бастырмалатып сұрап тұр. Мен тілім жеткенше айтып тұрмын. Оның Ленин орденін алғанын, Қазақ ССР мектебіне еңбегі сіңген мұғалім атағы барын айтқанда көзі күлімдеп, кеудесін көтергендей, қуанғандай рай білдірді.

— Отыр, қарағым,— отыр,— деді бір кезде.

Мен отырдым.

— Жарайсың, Николай Ермилович. Ол кісінің еңбегі зор. Орден алған, атақ алғаны дұрыс болған екен. Рақмет сәлем айтқаныңа. Сау-сәлемат болсын. Саған да рақмет, інім.

Мен қайткенмен есебін тауып әңгімені ұзарта бергім келіп отыр.

— Осында сол кезде ол кісіден Сізбен бірге оқыған тағы біреулер болу керек,— дедім. Кімдер екенін сол жолы Николай Ермилович айтқан, бірақ мен олардың аттарын әдейі атамадым. Мүмкін өзі айтар деп ойладым.

— Е, бар, бар. Жана мен Нүрке бар, Файзолла Жантеміров бар. (бұл екеуі де кейінгі жылдары қайтыс болды).

— Николай Ермиловичтің үйінде сол кездегі мұғалімдеріңіздің суретін көрдім,— дедім мен.

— Кімдердің суреті бар екен.

— Менің өзім танитыным Әбекеңнің суреті.

— Әбекең дегенің кім?— деді Қанекең. Біліп отырып әдейі сұрады-ау деп ойладым мен кейін.

— Әбекең дегенім Әбікей ағай, Сәтбаев. Ол кісі отызыншы жылдарда Омбы рабфагында бізге орыс тілі мен қазақ тілінен сабақ беріп еді.

— Дұрыс айтасың. Ол кісінің сол жылдарда Омбыда бала оқытқаны рас. Тағы кімдер бар екен.

— Ахметулла Барлыбаев, Кәрім дейтін татар болыпты. Қазақ балаларына сабақ беріп еді дейді. Тағы қара мұртты бір жігіті бар... атын ұмыттым (дәл сол арада әлгінің аты аузыма түспей-ақ қойғаны). 1919 жылы Қолчақ адамдары түрмеде азаптап өлтірді дейді.

— Ерманов екен ғой,— деді Қанекең.

— Е-е-е, дәл сол.

— Жарайды, өзің туралы да әңгімелей отыр.

— Өзім Далба болысыныкімін (Аққелін, Далба — көршілес екі болыс. Қанекеңдер Аққелін болысынан).

— Сонда Малғозысың ба, Қарағозысың ба (бұлар Далба болысындағы екі рудың аты).

— Қарағозымын.

— Қарағозыда кімнің баласысың?

— Ақыш деген кісінің.

— Шөбжанның Ақышы ма?

— Иә.

— Е, ол кісіні білем ғой. Біздің Қайдар жездеймен, Сүлейменмен (бұл Қайдардың ағасы) ауылға талай келген. Е-е-е, шырақ, дұрыс, дұрыс.

Осыдан кейін Қанекең қайда қызмет істейтінімді, не істейтінімді сұрады. Аяғында «келін, бала-шаға бар шығар» деді.

— Бар ғой.

Сол кезде алдыңғы бөлмеде отырған секретарь әйел кіріп:— Жұрт жиналып қалды,— деді.

— Ә, олай болса келсін,— деді де Қанекең бір қағаздарын ыңғайлай бастады.

Сөйтсем сағат онда біраз адамды шақырып қойған екен. Мен әлгі арада бір сағаттай отырып қалыппын.

— Шаруам осы ғана еді, Қанеке, ғапу етіңіз, уақытыңызды алдым,— деп түрегелдім. Қанекең де орнынан тұрды.

— Е, бұдан үлкен шаруа бола ма. Бала кездегі ұстаздың сәлемін жеткізу үлкен шаруа емес пе. Адамға өзінің туған ата-анасынан кейінгі қадірлі адам — ұстазы. Ұстазын құрметтемейтін адам болмайды, болуға тиіс емес. Оны ұмытқан адам өзінің ата-анасына да береке таптырмайды. Рақмет, інім,— деп қолымды қысты.

— Керекуге бара қалсам әдейі барып, сәлем беріп шығайыншы. Жасымызда қолымыздан жетектеп жолға салғандай болған адам еді. Үйінің адресін білмейсің бе?

— Білем. Тургенев көшесі, 62-ші үй.

Қанекең алдындағы календарына жазып қойды,— Жарайды, қарағым, сау бол.

Мен сол кабинеттен амалсыздан шықтым. Әңгімелесе бергім келіп-ақ тұр. Ол кісі де жалығатын емес. Ынтыға, құмарта тыңдайды, кейде кеңкілдей күліп те жібереді.

Шынымды айтайын, мен бұрын ол кісіні қайдағы бір қол жетпейтін аспандағы жұлдыз санаушы едім. Олай емес екен. Қарапайым, кішіпейіл адам екен.

Былай шыққан соң Қанекеңнен ұялып, өзімнен өзім қатты қысылдым. Ұят болды-ау деймін ішімнен. Не ойлады екен мен туралы. Бірдеме сұрайын деп келді де, ретін таба алмай кететін желаяқтардың бірі емес пе екен демесе жарар еді. Бірақ осы күні өзіме өзім ризамын. Бір рет болса да дидарласқаныма, қасында бір сағат болса да отырып әңгімелескеніме қуанамын. Бұл бір сағат менің есімнен мәңгі кетпек емес. Сол жолы дұрыс жасаған екем. Сол бір сағат менің көз алдымда күні бүгінге дейін сайрап тұр.

Қ. Исабаев

ТАУСЫЛМАС ТАҚЫРЫП БЕРГЕН БІР ТӘУЛІК

1959 жылы творчестволық еңбегімнің тұңғышы — «Баян» атты әңгімелер жинағым шықты. Қуанышымда шек жоқ. Бір данасын Қазақ ССР Ғылым академиясының сол кездегі президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа жолдауды құп көрдім де, бір-екі ауыз жылы сөз жазып, Ғылым академиясына қарай бет алдым... Міне, мен президентпен бетпе-бет отырмын. Қанекең кітапшамды тарақтап қарап өтті де, креслосынан сәл тұрып менің қолымды алды...

Мен осы қадамды жасамас бұрын көп толғанғанмын. Әдеби туындыларының көркемдік дәрежесінің биіктігі мен көтерген мәселесінің маңыздылығы Лениндік, Мемлекеттік сыйлықтарымен аталған, өзіме пір тұтатын, небір майталман қалам иелері кітаптарын апарып беретін адам менің көлемі алақандай, қалыңдығы шынашақтай ғана кітапшама көңілі толар ма екен? Осыны ұсына отырып мен ол кісінің дәрежесін төмендетіп алмас па екем?— деген тәрізді неше түрлі ой келіп еді менің басыма. Дегенмен еркін ойымды жеңіп мен кітапты ұсындым. Ол кісі менің шағын еңбегіме мән беріп, ықыласымен алғыс білдіргенде мен біраз көтеріліп-ақ қалдым.

— Енді не туралы жазбақ ойың бар?— деді Қанекен.

Егер жазушы бола қалсам әскер қатарында өткен он екі жыл, оның ішіндегі Ұлы Отан соғысы мен Герман Демократиялық республикасы жеріндегі Совет комендатурасы қызметіне араласуым менің өміріме жететін тақырып болар деп ойлайтынмын.

Менің жүрегім лобылып, аузымнан жуырманда сөз шыға қоймады. Мен ол жерде мұндай жағдайға душар болмай қайтейін, жазушы болар-болмасым өзіме де дүдәмал нәрсе болып көрініп жүрген шақта, Қанекеңдей адам менімен байсалды қалам иесіндей-ақ сөйлесіп, болашақ тақырып, бағыт туралы білгісі келіп отыр. Мен ғалым ағамның сөзіне берер жауапқа дайын емес едім.

Енді ол креслосына арқасын тигізіп, шалқалай отырды. Маған ол кісінің бұлай отырысы құз басына барып қонған ақиық қырандай елес берді.

— Халық нені арман етсе, жазушы қаламына сол тиек болу керек қой деймін.

Мен үнсізбін. Халқымыз нені арман етуші еді? Не жетпейді оның өміріне? Еліміздің өндірістік қуатын арттыру ма? Әлде, ауыл шаруашылығын жетілдіру арқылы халқымыздың әл-ауқатын арттыра түсу ме? Соңғы сөзімен академик ағамыздың маған не айтқысы келеді? Менің ойымды тағы да Қаныш ағай бөлді:

— Ертең осында бір мәжіліс болады. Сен соған кел,— деді.

Қаныш ағайдың қабылдауында мен 1959 жылдың 25 июнь күні болдым. Келесі күні болған мәжіліс қаулысының бір данасы менде бүгінге дейін сақтаулы. Сол қаулы қолыма алғаш тигенде қарасам, Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылыми институтының ғылыми советіне төрт академик, екі корреспондент мүше, сегіз ғылым докторы және он екі ғылым кандидаты қатысқан екен. Әңгіме Ертіс — Қарағанды каналы жайында болды...

Мен академик Сәтбаевтың Қазақ ССР Ғылым академиясы Геология ғылыми институтының 1959 жылғы 26 июньдегі советіне шақыруынан маған оның тақырып ұсынғанын түсіндім. Мен сол күннен бастап Ертіс — Қарағанды каналы мәселесінің соңына, оның құрылысының соңына түсіп алдым. Өз кезегінде бұл құрылыс мені республиканың су мәселесіне, Сібір өзендерін оңтүстікке қарай бұру мәселесін зерттеуге әкеп салды. Сол күннен бастап осы тақырып бойынша ізденіске түстім.

Ізденіс нәтижелері бірнеше кітап болып та жарияланды. Сол ізденістер кезінде су құрылыстарының ғылыми жобалары жасалып, іске асырылу, ұлан-ғайыр ересен жұмыстарда да академик Қ. И. Сәтбаевтың зор еңбегі, мол үлесі айқындалды. Сол туралы тарихи, документальдық деректерді тілге тиек ете отырып, мысал келтірейін.

Қазақ жерінің аттары қызық: Майтөбе, Кенді, Ақтау, Борлытау, Жезқазған, Жезді, Қорғасын, Көмірлі, Мысбұлақ, Алтынбел, Сужанар... Бір ғажабы сол жерлердің бәрінен аттарына сай кен шыққан. Осыған қа-

рап халқымыздың өзінде табиғи геологиялық талант бар ма деп қаласың. Қазақ жерінде кенсіз адыр, байлықсыз баурай жоқ. Оның ішінде Сарыарқа ерекше көзге түседі. Қазақ жерінің осы өлкесінде кен-байлықтың бәрі бар. Жалғыз ғана тапшы нәрсе — су. Талай адам бұл өңірге «бәрібір суы жоқ» деп қол сілтеп кете барған. Талайлар байлықты алуға білек сыбанып кіріскенімен су тапшылығының салдарынан омақаса құлаған... Дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің бұлшық етіне қуат қосу үшін Сарыарқа қойнауындағы байлықтарды халық иелігіне жарату керек болды. «Инженер Сәтбаев толық социалистік қала бейнесін беру үшін қазіргі Қарағанды үйлерін сыпырып тастап, қайта салуды және болашақ өндірісті сумен қамтамасыз етуде Ертіс өзенін де естен шығармауды ұсынады» деген жолдары бар қаулы отызыншы жылдардың бас кезінде болып өткен ірі мәжілісте қабылданған екен [1].

Сәтбаев өзінің геологиялық қызметінің алғашқы жылдарында социалистік индустрияны дамытуға елеулі үлес қосатын су көзін тек ұсынып қана қойған жоқ, сонымен бірге жергілікті су қорын өндірістік мақсатқа пайдалану жөнінде көп күрес жүргізді.

* * *

Журналист жолы мені Ұлытаудың шығыс бөктеріне алып келді. Қеңгір! Оны Қаракеңгір деп те атайды. Мен соның орта тұсында, арнайы бөгеп жасаған айдын жағасында тұрмын. Сыртымда Жезқазған аталынатын әрі әсем, әрі жас қала. Оның теріскей жағында мұржалары көкке бойлаған алып комбинат. Оларды келгеннен бері аралап, құмарымнан шыққанмын. Енді Жезқазған көлінің толқынына қарап, жіпсіз байлаулы тұрмын. Көз алдыма өткен күндердің бір елестері келеді. Шежіре беттерін ашқандай боламын.

...Екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы, ұзын бойлы, бүйра шаш жігіттің сөзіне зал ғана жаңғырығып жауап береді. Төрдегі ұзын стол басында отырған бурыл шаш ғалымдар мен залдағы жұртта үн жоқ.

[1] Қазақ ССР. Орт. Мемл. архив, 1137 фонд, 666 папка, 42-бет. Мәжілісті қандай мекеменің жүргізгені мен ешқандай дата көрсетілмеген.—Автор.

— Осы жылдың бірінші январына дейін жүргізілген барлау қорытындылары Жезқазғанды мыс кенінің байлығынан Совет Одағында бірінші орынға шығарып отыр. Бірақ бұл әлі кемеліне жеткен көлем емес.

Еліміздің бір бұрышында Ұлытау деген жердің барын залдағылардың бәрі естіген. Мінбедегі жігіт баяндамасының бас кезінде Ұлытау деген сөздің орысша мағынасын да айтып өткен еді. Енді оның аузынан жұрт сол аймақтың жерасты байлығының да тау есіміне сәйкес екенін біліп отыр.

— Ұлытау алқабына алғаш естілетін завод гудогының үні қазақ даласының басқа да бұрыштарынан жаңғырып жауап алары сөзсіз. Бұл жаңғырыққа қуат беретін күштің бірі — қазақтың өлең ұйқастырып, ән шығарымпаз, күй шертімпаз табиғи таланты болмақ. Оның өзінде де бұл ән мен күйден өткендегідей қайғы-қасірет, азап-мұңы емес, мүлде басқа сарын, ерлік пен жасампаздық сарыны естілмек. Ол өмір әкелген жаңалықты — Қазақстан ауыр өндірісін мадақтайтын асқақты ән, күмбірлеген күй болмақ!— деді де мінбеден түсе берді.

Бұл жиын — 1934 жылғы ноябрь айының оны мен он бесі аралығында Москвада болып өткен СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының үшінші сессиясы болатын. Қызыл стол басында В. Обручев, А. Архангельский, Б. Веденеев сияқты советтік ғылымның сол кездегі ары мен абыройлылары отырған. Ал баяндама жасаған жігіт — сол кездегі Жезқазған геологиялық барлау бөлімінің бастығы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді.

Осыдан екі жыл бұрын Москваның су жүйелерін жобалайтын институтының («Водоканалпроектның») Суров деген инженері басқарған тобы Ұлытауға келіп, болашақ өндірісті сумен қамтамасыз етудің жолдарын жасаған. Олардың жұмысына ә дегеннен араласқан Қаныш алғашқы күннен-ақ жобаларына қарсы еді. Бірақ оның ойларын Суров елемей келген. Секция мәжілісі басталар алдында Қаныш Суровқа жолығып «әлде болса уақыт бар, менің айтқандарымды ескеріңіз. Әйтпесе...» деп дауысын созып барып тоқтаған. Сол Суров мінбеге шығып, үлгі-жобаларын көрнекті жерге іліп қойды.

— Ұлытау өңіріне қараңыздаршы, алғаш көрген кісіге судан кенделік жоқ сияқты,— деп бастаған Суров

көпшілік назарын картаға аударды.— Бірақ, бұл өзендер суы көктемнің бір-екі айында лақ етіп ағып өтеді де, жылдың қалған уақыттарында танаптары тартылып, кеуіп жатады. Сондықтан да біз көктем суын ұстап қалуды ұйғардық. Сол үшін Қаракеңгір, Сарыторғай, Байқоңыр, Қияқты, Үлкен Жезқазған өзендері бойында үш қойма жасауды жөн көрдік. Бұл қоймалардан секунд сайын екі жарым мың литрден су алуға болады. Аз емес. Сондықтан ол суды ауыл шаруашылық мүддесіне де пайдалануды көздедік.

«Жоқ, менің айтқандарым мүлде елеусіз қалған екен» деп ойлады Қаныш тағы да. Бұл уақытта Веденеев:

—«Водоканалпроектның» жобасы бойынша сөйлейтіндер бар ма?— деп залға қарағаң.

Қаныш та төңірегін шолып өткен. Ағытыла жөнелейін деп отырған жан көрінбейді. Жұрт жаңағы айтылған жобаны құптайтын сияқты. Жә, академиктің өзі де Суров жағында ма қалай? Қаныш енді бөгеле алмады. Қол көтеріп сөз алды да түрегелді.

— Меніңше,— деді ол сөзін қоңырқай дауыспен баяу бастап,— баяндамада біріне-бірінің еш қатысы жоқ екі мәселе мүлде араласып кеткен. Біріншісі — өндіріс. Екіншісі — ауыл шаруашылығы, Қаракеңгірдің Досмырза тұсында, яғни болашақ комбинат жағынан «Водоканалпроектның» есебі бойынша, 135 миллион текше метр су сиятын қойма салынады. Суров жолдас баяндамасында айтқан Ұлытау өңірінде пайда болатын сегіз қойманың ең алғаш бой көрсеткені де осы, болашақ Үлкен Жезқазғанның сенетін су көзі де осы болмақ. 135 миллион текше метрдің үштен бірі ғана пайдаға асады, қалған екі бөлегі қойма жасап мәңгі қала бермек. Салынайын деп тұрған комбинаттың суға деген жылдық мұқтажы қоймадағы судың үштен бірінен асады...

Осы кезде отырғандар ішінен біреу:

— Досмырза қоймасы салынатын жерде жарық бар. Тоспаны басқа жерге көшірген жөн,— деп Қаныштың сөзін бөлді.

— Тоспаны Досмырзадан салуды тұңғыш рет атағы бүкіл Орта Азияға белгілі гидротехник инженер Марунянков көрсеткен. Ол кісі табандатқан жеті жыл ұдайы зерттегеннен кейін ғана барып бұл ойға келген. Ал

мен екі-ақ ай болып қайтқан адамның бұл жөніндегі пікірін құнды деп ойламаймын,— деді Қаныш әлгі сөздің иесіне қарап.

— Әуелі поселке мен комбинат салынса, су қоймасының орны да соған ыңғайлас табылмай ма?— деді тағы біреу.

— Меніңше, бұл Қазақстан жағдайын білмейтін адамның сөзі,— деді бұл жолы Веденеевке қарап сөйлеген Қаныш.— Еліміздің басқа жерінде құрылыстың солай жүруі мүмкін. Ал Қазақстанда олай жүргізуге болмайды. Біздің республикамызда дүниенің бәрі су көзіне бағынышты.

Веденеев:

— Жолдастар, сабыр,— деп мәжіліске қатысушыларды тыныштыққа шақырып алды да Қанышқа қарады.— Сіз алғашқы ойыңыздан бұрылып бара жатырсыз.

— Жолдастардың сұрағына жауап беруге тура келіп тұр.

— Дегенмен сіздің сөзіңіздің сарынынан мен Кеңгір қоймасының суы түгелімен өндіріс пайдасына ғана жаратылу керек дегенді ұққан сияқтымын.

— Иә, егер қойма төңірегіне егін егілсе өндіріс жартылай сусыз қалады.

— Ал сонда картоп, егіс мәселесін қалай шешу керек?

— Меніңше, егіс мәселесін шешудің басқадай үш жолы бар. Ұлытау жерї Франциядан да үлкен. «Водоканалпроект» институты оның тек оңтүстігін ғана алып отыр. Ал өзен, көл оңтүстігінен гөрі солтүстігінде жиі кездеседі. Қолдан суарылатын егінді сол жаққа жобалаған жөн. Бұл — бір. Екінші — жер асты суы... деп келе жатыр еді Қаныш, Суров орнында отырып:

— Ұлытау жерінде жерасты суы жоқ!— деп дауыс берді.

— Бар!— деді Қаныш Суров жаққа мойын бұрып,— мүмкін ол әлі зерттелмей келе жатқан шығар. Бұл мәселенің екінші жағы.

— Ұлытау жеріне жылына түсетін ылғалдан гөрі аспанға бу боп ұшып кететін ылғалдың көлемі он есе артық. Сонда жерастына су қайдан келеді?!— деді Суровтың жанында отырған адам.

— Біріншіден,— деді Қаныш соңғы сұрақтың иесіне

бұрылып.— Он алтыншы ғасырда Москвада шыққан «Большой чертеждің» мәліметі бойынша, Ұлытауға жылында түсетін ылғалдың көлемі, аспанға бу боп көтеріліп кететін ылғалдың көлемінен әлдеқайда артық болған. Бұл көрініс келесі ғасырда сіз айтқан құбылысқа күрт айнала қойған жоқ. Біртіндеп жеткен. Сонан соң Ұлытау жарғышақты, әкті жер. Осының бәрі Ұлытау өңірінде де жер асты суының барлығының дәлелі,— деді де Қаныш Веденеевке бұрылды,— суармалы егінді, екіншіден, жерасты суына ыңғайлаған жөн болар еді.

— Ал үшінші жолыңызды айтыңыз?

— Үшінші жол — темір жол. Астықты аймақтан келетін темір жол!

Осы кезде арт жақта отырған біреудің:

— Астықты аймағыңыз Қызылқұм ба?— деген дауысы саңқ етті.

Иә, бір кезде Жезқазғанға темір жол Жосалы станциясынан тартылмақ болып, оның салынатын жерін зерттеу жұмыстары да аяқталған. Жолдың бұл бағытпен келуіне Сәтбаев әуелден қарсы болатын. Ол темір өзектің Қарағанды жағынан келгенінің тиімді екенін дәлелдеп, газет-журнал беттеріне көп мақала жазған. Бұл ойын ол СССР Ауыр өнеркәсібі Халық комиссары Серго Орджоникидземенкездескенде де айтқан.

— Біріншіден, бұл жол көмір қазынасы мен мыс қазынасын қосатын болады. Екіншіден, Торғай деп аталынатын екі-үш кен көздері мен Атасуды басып өтеді. Үшіншіден, одан жолды Балқашқа қарай тартып әкету де оңай,— деп дәлелдеген.

— Міне, осы темір жолмен астық та келетін болады,— деді Қаныш Веденеевке қайта бұрылып.

Сәтбаевтан кейін Суров тағы сөз алды.

— Біз әлгі айтылған сегіз қойма бір жылда дайын бола қалады, соған байланысты жобалаған егіс көлемін де бір жылда игеру керек демейміз. Біз суармалы егіс көлемін игеруді үш кезекке бөліп отырмыз. Алғашқыда, картоп, овощ егілетін жерлерді, содан кейін жеміс-жидек өсірілетін жер мен бау-бақша отырғызылатын жерді, сонан соң, үшінші кезекте астық. Яғни, бұлар да су қоймаларының бітуіне қарай біртіндеп игерілмек. Үшінші кезекті қолға алу қырқыншы жылдардың орта шенінен басталуы мүмкін.

— Сіз Ұлытау өндірісінің дамуы қырқыншы жылдардың орта шенінде, отызыншы жылдардың орта шеніндегі қалпында қалады деп пе едіңіз?— деді Қаныш қосымша сөз алып.— Ұлытау өңірінің су мәселесін ауызға алғанда алдымен өндірісті ойлау керек. Өйткені, болашақ Жезқазған комбинатының дұшпандары бүгінге дейін «ол жерде үлкен өндіріске жетерлікті су жоқ» деп келді... Міне, осы айтқандарымнан келіп сұрақ туады. Ұлытау өңірінен елімізге мыс керек пе, әлде картоп керек пе?..

Қаныш залды көзімен үнсіз шолып тұрып қарады. Мәжіліске қатысушылар түгелдей төмен қарап отыр екен. Сонсоң ол көзін Веденеевке аударды. Миығынан жымиған академик әлденені құптады ма, болмаса, бірденеге таң қалып отыр ма, өзінен-өзі басын шұлғи береді.

Қаныш сол беті, қайтып лəм-мим деместен орнына келіп отырды.

— Жолдастар!— деді Веденеев әлден уақытта.— Енді осы мәселенің төңірегінде қаулы қабылдасақ та болатын сияқты. Сөз жеткілікті болды. Ал, кімде қандай ұсыныс бар?

Залда қол көтерген адам байқала қоймады.

— Ендеше менің ұсынысым бар,— деді академик.— Алдын ала жасалған жобаға байланысты Досмырза тоспасы арқылы жасалатын қойманың суы болашақ Үлкен Жезқазған комбинаты мен халықтың ішуіне ғана жаратылсын. Ал, бау-бақша мен егістікке керекті су басқа жақтан іздестірілсін. Бұл — бір. Екінші —«Водоканалпроект» институтының Ұлытау өңірін суландыру жөніндегі жобасының дәлелі аз. Сондықтан да қосымша жүргізілген зерттеулерді арқау ете отырып қайта жасалсын. Бұл жұмысқа Ұлытау жерасты суын зерттеу ісі міндетті түрде енгізілетін болсын! Қаулыны осылай деп алуға кім қосылады?

Веденеев самаладай көтерілген қолды шолып өтті. Көптің пікіріне тек Суров қана қосылмай отыр екен. «Қарсы бар ма?» дегенде де ол қолын көтерген жоқ.

Қаныштың оған баяғыдан бері айтып келе жатқаны да осы еді ғой!

...Ұлытау бөктерінің, Кеңгір алқабының, Жезқазған көлінің маған шерткен бір хикаясы осы болатын... Бір кездескенде маған өміріме жететін тақырып берген Қаныш ағайды шығармаларымның әр жолы қағазға түскен сайын есіме алып, алғыс айтып отырамын.

В. М. Понизовский

ТҮБЕГЕЙЛІ АЛТЫН

...Осында, Зодта, бұдан он жеті жыл бұрын геологиялық барлау партиясының сол кездегі бастығы Самвел Минасович Матевосян өз гипотезасы үшін күрес бастады.

Қазір Зод — бағалы металдың ірі кен көзі екенін жұрттың бәрі біледі. Бірақ осыдан сәл уақыт бұрын ғана құштарлық қайнап, сілең қатқанша дәлелдеп, қайта-қайта тәуекелге бел байлауға, жеңіп алған беделіңді де, болашағыңды да бәйгеге тігуге тура келген-ді. Жолында көлденең тұрған кертартпалардың «ақыл-кеңесін» серпіп тастап, өзіңнің өмірлік және кәсіптік тәжірибеңді, өз сеніміңді басшылыққа алып алға ұмтылу керек болды.

Иә, отыз жыл өткеннен кейін бәрі де бұрын ойналып өткен спектакльдегідей тағы қайталанды. Тек кейіпкерлер мен оқиға орны ғана бөлек. Әйтсе де қазіргіміз үшін өткен кезең сабақ екенін Матевосян жақсы түсінді. О кезде оған Самвел Минасовичтің ағасы, кен инженері әрі геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есте қалар сабақ көрсеткен-ді!

Сол бір жылы Иркутскідегі кен-металлургия институтының студенті Самвел Матевосян диплом қорғар алдындағы практикасын Жезқазғанда өткізуді ұйғарған. Осы арадан қол созым жерде, Иркутскінің тап түбінде геологиялық барлау партиялары жұмыс істеп, Лена мен Селенгада алтынды тастар шайылып жатса да, өткен жылы жазда Уссурий тайгасында коллектор болып істесе де қиыр шеттегі қазақ даласын қалайша қалап алды? Әрине, оны көз көрмеген алыс, жаңа жерлер өзіне шақырды. Ал, ең бастысы әріптес жолдастың геологиялық журналда жарық көрген мақаласы толғандырды. Бұрыннан танымайтын Қ. Сәтбаев, сірә, ұлты қазақ болар, беймәлім Жезқазғанды «мысқа аса бай дүние жүзіндегі провинциялардың бірі, Америкадағы мысымен әйгілі провинциялардың көпшілігін ол болашақта артта қалдырады...» деп жазған екен. «Ұлытауда завод гудогының даусы алғаш рет естілгенде-ақ ол Қазақстанның барлық түпкірлерінен өзін қолдаған үн тыңдайды. Ол жаңадан ержетіп келе жатқан индустриялы Қазақстанның әні болмақ»,— деп аяқтаған автор мақаласын.

Жаңа ән! О кезде жаңа әнге кім өз шумағын қосқысы келмеді дейсіз!..

Матевосян Жезқазған конторының бас геологы Қаныш Сәтбаевпен Жезқазған рудниктерінің бірінде танысты. Олар бір-бірімен достасып кетті. Ол кезде Сәтбаевта мамандар жетіспей жатқан, сондықтан Матевосян уақытша келсе де, тағы бір көмекшісі болғанына қуанды. Алғашқы күндерден-ақ бұлар бір-бірінің мінез-құлқына, өмірге көзқарасына көз салысты, екеуіндегінің бәрі ортақ екенін сезді. Шынайы достықтың берік негізі де, міне, осында жатыр еді.

Қанышқа ерген Самвел кең даланы ұзақ шарлады. Сұңғақ бойлы, бұйра шашты, аздап қысық көздеу, жүзі күн қағып қоңырқай тартқан Қаныш, өз халқының бүкіл тарихындағы тұңғыш инженер-геолог Қаныш пен кең иықты, дембелше, қара көзді Самвел екеуара жақсы жарасым тапқан. Әбден тозығы жеткен жүк «фордигін» көк көз, алмас қылыштай өткір москвалық орыс жігіті Николай жүргізеді. Машина қорабында дамылсыз қыза беретін радиаторды салқындатып тұратын су құйылған темір кеспек жүрген сайын даңғырлап, кез келген жағына домалап маза бермейтін.

Аспан ашық күндері, дала төсі гүлге оранып, ерке самал шөптің басын тербеген, сонау көкжиектен жасыл тоғай қарауытып көрінгенде, тұзды көлдер күн сәулесімен шағылысып көз ұялтқан кездерде машина қорабында селкілдеп отырғаныңды ұмытып, жаның жадырап сала берер еді. Сәтбаев шоқы үстіне көтерілген машинаны тоқтатып, студентке:

— Көріп тұрсың ба, ана жасыл-көкшіл жерлерде мыс рудасы жатыр. Ал қызғылт, күрең жерлерде темір бар. Темір-марганецтерді анадай қара-қоңыр жерлерден табасың. Қайланы қолыңа ал да қаза бер! Бұлар жер бетіне шығып қалған кен жыныстарының көріністері,— деді.

— Мүмкін емес,— деді Самвел ұстазына күдіктене қарап.

Сәтбаев оны ертіп жазыққа түсті де, дөңгелек шұңқырдың қасына апарды.

— Бұл көне заманның құлап қалған, тозып біткен шахталары мен штольняларының орны. Осы арада біздің заманымызға дейін де кен өндірілген,— деді.

— Оны қайдан білесіз?

Қаныш абайлап шұңқырға түсіп, шіри бастаған қайла алып шықты.

— Міне, мынау, көне замандағы руда кен қазғыштар құралы. Пайдалы кен іздегенде байырғы өндіріс орындарына көңіл аударған жөн. Халық мақалдарына қалай сенсең, бұған да солай сен. Ана шоқылар біресе мыс тауы, біресе алтынтауы аталып жүргелі қанша ғасыр өтеді дейсің. Геолог сонымен бірге археолог та болуға тиіс. Мұны есіңнен шығарма,— деді Қаныш.

Орталық Қазақстан далалары көне заман кеншілерінің іздерін ғана сақтап қоймаған екен. Самвел Қаныш Сәтбаевтан, бас геолог өз бөлімінде мұқият жинаған документтерден бұл араның одан беріректегі тарихынан да көптеген мағлұмат алды...

...Азамат соғысы. Ашаршылық... Қазақстан далалары бұрынғы сүреңсіз көрінісіне оралды. Жер қойнауында тұнып жатқан байлықтар барын ертеде кен қазылған орындар, жыныстардың жер бетіне шыққан бояуы, бұрынғы кен округі басқармасының архивіндегі заявкалар, ағылшындардың байлармен жасасқан шарттары, Қарсақбайдағы мыс балқыту заводы мен байыту фабрикасының аяқталмай қалған құрылыстары және «Атбасар қоғамының» жүзден астам барлау скважиналары ғана аңғартатындай. Әрине, концессионерлер документацияның барлығын дерлік Лондонға ала кеткен болатын. 1925 жылға дейін-ақ руда бере бастаған шахталар мен мыстың алғашқы тонналарын балқытқан жартылай қолмен жұмыс істейтін завод — бәрі де тұмшаланып тұрып қалды.

«Атбасцветмет» тресіне қызметке жіберілген жас геолог Сәтбаев осындай көңілсіз көрініске тап болды. Ол келгеннен бір жыл бұрын қазақ даласындағы, Жезқазған ауданындағы барлау жұмыстары енді-енді қайта жандана бастаған: жалғыз бұрғылау станогі жұмыс істейтін де, соның өзі тек жаз айларында ғана пайдаланылатын.

Геолог кең көлемді іздестіру-бұрғылау жұмыстарын жүргізуді, бүкіл осы ауданды жоспарлы түрде, комплексті зерттеуді талап ете бастады. Бір жылдан кейін ол қиял-ғажайып болып көрінген жоспар ұсынды.

— Бесжылдықтың алғашқы жылында-ақ Жезқазған рудасы қорының негізінде мыс балқыту комбинатын салу керек,— дегенді айтты ол.

Көп кешікпей Жезқазған геологиялық барлау конторының геологі болып тағайындалған ол Москва түбіндегі көмір бассейнімен бір топ бұрғылау мастерлерін шақырып, жас мамандарды өзінің батыл идеясымен ынтықтырды, жергілікті қазақ жастары арасынан болашақ руда таныстар мен кеншілерді іріктей бастады. Ол күндіз-түні дала кезіп жүріп, бір ғана мақсатты — далаға кең майдан құрып шабуыл жасауды көздеді.

Бірақ Жезқазғаннан алыс қияда жатқан орталықта, Геологиялық комитетте отырған, көпті көрген маман-кеңесшілер оның жазбаларымен, өтініш-талаптарымен таныса келе амалсыз бастарын шайқасты: неткен қиялшыл! Жас қой, арыны қаншаға барар дейсің! Жоспарларында негіз жоқ, ұсынып отырған бұрғылау қарқыны аяқталмайды. Әйтсе де үш станок жіберелік.

Сұраған отыз станок орнына мейлі үшеу-ақ болсын. Бірақ бұл үшеуі жыл бойы тоқтаусыз жұмыс істеуге тиіс. Істеді де. Соның нәтижесінде Геологиялық комитеттегі маман-кеңесшілер сықайта белгілеген қорлар цифрынан Сәтбаев пен оның көмекшілері бір жылдың ішінде асырып түсті.

Келесі көктемде далада он бұрғылау станогі жұмыс істеп тұрды. Содан кейін олардың саны он беске, тағы бір жыл өткенде — жиырмаға жетті. Мыс рудасының көздері үздіксіз көбейе берді. 1931 жылдың аяғына таман Жезқазған кен көзі еліміз бойынша бірінші орынға шықты. Мыспен қатар, темір мен марганец, сұрғылт колчадан, көмір мен алтын, қорғасын мен асбест те табылды.

Кенет барлық жұмыс тоқтатылсын деген бұйрық келіп түсті. Орталықтан жоспарланған қаржының небары мыңнан бір бөлегі ғана жіберілді. Бұл қаржы геологтар мен жұмысшыларға жалақы беріп, есеп айырысуға әзер жетті. Нендей жағдай болып қалды екен? Сөйтсе, Геологиялық комитеттегі кертартпалар үстем шығыпты. Бірақ Сәтбаев өзі бастаған істі тоқтатпады. Бәрінен де үнемдей бастады. Аға қызметкерлер кіші қызметкерлердің жалақысына көшті. Жұмысты жалғастыра беру үшін басқа ұйымдарда бірде көмір барлауға, бірде құ-

рылыс материалдары мен су іздестіруге мәжбүр болды. Сонымен қатар мыс қоры одан әрі зерттеле берді.

Студент Самвел Матевосян Жезқазғанға практикадан өтуге Сәтбаевқа қаржы бөлу мүлдем тоқтатылған кезде келді.

— Қайтсек те жұмысты жалғастыра береміз,— дегенді берік сеніммен айтты Қаныш Имантайұлы.— Бұл арада рудниктер де, комбинат та, қала да болатынына мен күмән келтірмеймін: Көр де тұр: Үлкен Жезқазған орнайды!

Матевосян бұрғылау станоктарында кезекшілік етті, мыс түйіршіктері бар батпан тастарды қопарды, лабораторияларда өзі анализ жасады: бәрі де алдын ала болжағандай. Тамаша руда! Мұны неге көргілері келмейді екен?

Практика мерзімі аяқталуға таялды. Сәтбаев онымен қоштасарда:— Диплом қорғағаннан кейін қай жаққа баратын ойың бар?— деп сұрады.

— Осы жаққа жіберуді сұраймын,— деп жауап берді Матевосян.

— Қойсаңшы?— деген Сәтбаев бұған онша сене қоймайтынын аңғартқан.

Матевосян Иркутскіге аттанып кетті. Келесі жылы өзінің «Үлкен Жезқазған кенін өндіру жобасын» қорғап, қолына кен инженері деген диплом алды.

Жас мамандар Москваға шақырылды. Оларды Ауыр өнеркәсіп халық комиссары Серго Орджоникидзе қабылдады...

...Ол институт бітіргендерді стол басына шақырды. Жас инженерлер — еліміздің үміті мен болашағы екенін, алда қиын да қауырт жұмыстар тосып тұрғанын айтты. Содан кейін әрқайсысына жеке-жеке қарап, жоғары оқу орнын аяқтаған ендігі жерде қандай жұмыс істегісі келетінін сұрастырды.

— Мен институтта қалдым, ғылыми қызметпен айналысатын болдым,— дейді бірі.

— Жақсы ғой, алайда практикасыз, тәжірибесіз қандай ғалым шығушы еді,— деп Серго Орджоникидзе келесі жігітке қарады.

— Әкімшілік қызметпен айналысатын ойым бар,— деді бұл.

Серго қабағын шыта қалды:

— Сіздер есті адамдарсыздар ғой деймін,— деп ол

енді Матевосянға бұрылып, реніштi кейіппен:— Неғып үндемей қалдың? Сіз де ғалым немесе басшы қайраткер болуды көздеп жүрген шығарсыз?— деді.

— Мен Жезқазғанға барамын,— деп жауап берді Матевосян.

— Қашаннан бері? Қазір ғана ма?— деп сене қоймады Орджоникидзе.

— Жоқ, мен сол жақта практикадан өткем және бас геолог Сәтбаевқа түпкілікті жұмыс істеуге келем деп уәде еткем.

— Жарайсың!— деп Серго жас инженердің қолын қысты. Онда мамандарды үлкен істер күтіп тұр.

Өзі практикада болып кеткеннен кейін Қаныш Сәтбаев келіп, халық комиссарының кабинетінде болғанын Матевосян білмейтін-ді. Самвел Орджоникидзеге қазақ кен көзінің маңыздылығын дәлелдеп берді. Сергоның көмегімен Москвада СССР Ғылым академиясы жанынан үлкен Жезқазғанның өндіргіш күштеріне арналған арнаулы комиссия шақырылды. Сәтбаев өз жобасын аса көрнекті ғалым — геологтар Губиннің, Обручевтің, Архангельскийдің, Ферсманның алдында, мамандардың алдында қорғап шықты. Ғылым академиясының сессиясы Үлкен Жезқазғанды дамытудың еліміз үшін бірінші кезекті маңызы бар деген пікір білдірді. Инженердің әділдігіне көзі жеткен Орджоникидзе оны қайта қабылдап:

— Бұл ауданның барлық байлығын анықтау үшін геологиялық барлау жұмыстарының майданын барынша өрістету қажет,— деді.

Сөйтіп, Сәтбаевқа қанша қаржы керек болса, сонша бөлінсін деген нұсқау берді ол. Ал СССР Орталық Атқару Комитетінің кезекті сессиясында мынадай пікір айтты:

— Таяу уақыт ішінде бізге үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастауға тура келеді. Онда мыс рудасының мол қоры бар. Бұл қор Орталық Қазақстанның алыс түпкірінде, темір жолдан шалғай жерде жатыр. Қарағандыдан Жезқазғанға дейін тезірек темір жол тартуымыз қажет.

Матевосян қазақ даласына қайта оралғанда, онда темір жол тартылатын жерлер зерттеліп жатқан, комбинат құрылысын жүргізу жөніндегі әзірлік жұмыстары басталған, барлау және іздестіру партиялары бірі-

нен соң бірі жайлауға кетіп жатқан. Мұнда автомашиналар, жаңа бұрғылау станоктары, тіпті жүк самолеттері — төрт моторлы «АНТ»-тар пайда болыпты.

«Ештеңеден тайынбай өз арманыңа жету, сол үшін жан аямай күресу дегеніміздің мәні осы екен-ау!»— деп түйді іштей жас инженер.

— Қайткенмен де келдің бе!— деп Сәтбаев оны қуана қарсы алды.— Ал мен, шынымды айтсам, келетініңе сене қоймап едім.

— Нағыз жігіт айтпайды, айтса одан қайтпайды, деп өзіңіз айтпаушы ма едіңіз,— деп күлді Самвел.

Матевосянды шахта бастығы етіп тағайындау ұйғарылды. Бірақ ол бұдан бас тартып, жұмысты проходкашы болудан бастады. Содан соң смена бастығы, аға, бас инженер болып, бірте-бірте жоғарылады. Сонда ғана ол басшылық қызмет атқаруға келісті.

Көп кешікпей Сәтбаев Жезқазған кен көзін ашқаны үшін Ленин орденімен наградталды. Бұдан бір жыл өткенде Қаныш Имантайұлы Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті болды, ол СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды.

Сол кезде де және кейін де Матевосянды мынадай бір ой қайта-қайта мазалап жүрді: «Егер Сәтбаев қиындыққа мойып, шегініп кеткенде қалай болатын еді? Басқа бір энтузиаст табылатын ба еді? Әрине. Бірақ қаншама жыл босқа кететін еді. Еліміз Жезқазған мысын кемінде он жыл ерте алып отырған жоқ па. Өнеркәсіптің барлық салалары соншалықты зәру болып отырған металл, әсіресе, қорғанысқа қажет металл емес пе ол... Ал осындай батыл да тапқыр ойлар неліктен кедергіге кездесе береді?»

Матевосянның өзі Жезқазғаннан кейін Арменияда Қафондағы комсомол рудниктерінде бастық болып істеді, содан кейін комсомолдық жолдамамен Қызыл Армия қатарына барды, 1941 жылғы 22 июньде полк комсоргі, саяси жетекшінің орынбасары болып жүріп Брест қорғанында жаудың алғашқы шабуылдарына тойтарыс берді, сөйтіп оны қорғаған өшпес гарнизон басшыларының біріне айналды. Брестен кейін — Волындағы комсомол атындағы партизан отряды, Украинаның Ауцк қаласында астыртын ұйым құру, қайтадан атқыштар взводы, ротасын, батальонын басқарып Украинадан, Польшадан, Германиядан, Чехословакиядан өту сапары. Соғыста алты рет жараланды, омырауын ордендер мен медальдарға толтырды.

Ол соғыстан кейін Арменияның әр түрлі аудандарында геолог болып қызмет атқарды. Ақыры, бұдан он жеті жыл бұрын Зодтағы барлау партиясының бастығы болып тағайындалғанда Самвел Матевосян...

Егер өзінің орнында Қаныш болса, ол жұмысты неден бастайтынын жақсы түсінді...

М. Әлімбаев

ҚАНЫШ — ХАЛЫҚ АУЗЫНДА

1. Біртуар

Сөзден сөз туып, Мұхаң бір орайда Қазақ ССР Ғылым академиясына ойысты:

— Академия президиумының мәжілісін мен әзілдеп, «керендер мәжілісі» деп жүрем. Химик-академик сөз сөйлесе, Қаныштан басқамыз қалғып-шұлғып дегендей қалыпта отырамыз, физик бір қызық жайды баяндап-аяндап жатса да, өзгеміз тағы да селт ете қоймайтындаймыз, әдебиет-мәдениет жайынан мен ой-тілектерімді ортаға салсам да, Қаныштан басқасы тағы да марғаулау қалып танытқандай болады. Президиум мүшелерінің — әр сала мамандарының баяндаған сырына сүңгі бойлап, үңгі барлап, байыбына барып, сан ғылымның саты-саты, қат-қабат жүйесін сараласып, істелген-тынған істер мен келелі-күрделі міндет-парыздар тобын түгел топшыласып, маманмен көбіне терезесі тең, кейде асып түсіп, бағыт-бағдар сілтеп отыратын сол президенттің өзі ғана. Мен өз басым талай ғалымды көріп біле жүре солардың кейбірінің өзі ұстаған ілімі төңірегінен аса бермейтініне ішімізден қабақ шытып қалатынымыз да бар. Ал Қаныш болса, Горький сөзімен айтсақ, «мүтін бір мекеме» (Мұхаң: «бүкіл, бүтін», дегенді осылай «мүтін» дейтін еді). Қазақ «сегіз қырлы» дейді ғой, бә-

лі, бұл сөз дарымайды, кем соғады. Қаныш басының қадір-қасиеті, дарын-таланты орасан мол. Оған Москва оқымыстылары қандай ден қояды? Қаныш дан-дабыра, ду мен шуды суқаны сүймейді...— деді Мұхтар.

Асқардың асқарлығын айтқаннан өзінің аласармайтынын заңғарың сезіп-біліп, ағынан жарылып отыр-ау деген бір ойды ішіме сонда түйген едім. Тегінде, Әуезов секілді алыптардың бойында ұлылық пен кішілік әрқашанда да осылай қоян-қолтық жүрсе керек.

2. Академик Бок айтады...

Академик-геолог Иван Иванович Бок беріректе академик-химик Евней Букетовке бір сырын шертіпті.

— Жезқазған төңірегі қойнауын түрткілеп, кен іздеп жүргенбіз. Айдалада ақ түтек боранда жолдан адастық та кеттік. Әрі сандалып, бері сандалып, түтін иісімен бір ауылға әзер дегенде киліктік. Жатаған бір үйге тап болдық. Үй иесі қасымдағыны бірден тани кетті. Қолымен әріптесімді нұсқап, маған орысша тіл қатты әлгі қазақ ақсақалы. Өзінің әжептәуір орысшасы бар екен.

— С тобой приехал данышпан,— деді.

— Данышпан?— деген не деп үй иесінен қайта сұрап ем, оған білігі жете қоймады.

— По казахский знаешь, а вот по русский не знаешь,— деді ол қолын жайып.

Жолдасымнан бұл не деген сөз деп, баламасын сұрап едім, айтпай қойды. Кейін басқа қазақтардан сұрап білдім.

Сол сөздің мағынасын түсіндірмей қойған да, данышпанның өзі де Қаныш Сәтбаев болатын,— деп академик Бок сөзін тәмамдапты.

3. Жамандап жатқан жоқ қой

Қаныш Сәтбаев алғаш рет СССР Жоғарғы Советі депутаттығына кандидат боп Қарағанды облысынан ұсынылған екен.

Сайлаушылармен кездесулер әуелі Ворошилов ауданынан басталады. Келесісі Осокарев ауданы болса керек.

Халық қалаулысы қайраткеріне үлкен қошемет көрсетіп, қоштасар мезетте дастарқан мәзірін созып алады.

Осокаревтықтар қақаған аязда Қаныштарды ұзақ тосады. Қараңғы түседі. Аудан басшылары «кандидатымыз» тап бүгін келе қоймас», деп халықты бекерге тостырмас үшін үйді-үйіне таратып жібереді. Осыдан кейін уақыт онша ұзамай-ақ шамалы керуен клуб алдына кеп тоқтайды. Осокаровтықтар ұйымдастырғыш екен, ә дегенше радиомен хабарлап, халықты клубқа тез жинап алып, кездесуді бастап кетіпті. Жұрт сенген өкіл осы жердің өз төлі, қазағуар бір орыс азаматы екен. Сол бірінші боп сөйлеп ала жөнелді. Ол кезде қазіргідей электр қуатын мемлекеттік желіден алмайтын кез. Аудан орталығына жарық беретін движок бір жанып, бір күңгірт тартып, кейде тіпті сөнермен боп өлеусірейді.

Жазып алғанын көре алмаған, жұрт сенген әлгі өкіл — МТС директоры алдындағы қағазды былай тастап, оқуды қойып, сөзін жатқа айта бастайды. Қаныштың өмірбаянында Семейде оқығаны айтылатыны аян. Сол жәйт есіне түскен бе, әлде бір ойларды ауыстырып алды ма екен, мінбедегі шешен:

— Қысқарта айтқанда, Қаныш Имантайұлы жұмысшы табының сенер өкілі, бір кезде өзі жұмыс атқарған Семей ет комбинатының директорына көтерілген,— депті, айтар сөзінен ауытқып кетіп.

Сонда Қаныштың қасында отырған совет қызметкері Айтмұхамет Арыстанбеков:

— Қанеке, ондайыңыз да бар ма еді өзі?— деп таңдай қағыпты. Сонда тумысынан сыпайы Қаныш Сәтбаев Әйтекеңе бұрылып:

— Жамандап жатқан жоқ қой, оқасы жоқ, айта берсін,— деп сыбырлапты.

Жаңағы сөз («жамандап жатқан жоқ қой») соңынан қарағандылықтар арасында қанатты сөзге айналып кеткен екен.

4. Сабыр түбі сары алтын

Байғазы Смағұлов — байырғы металлург. Балқаш мыс комбинатында ондаған жылдар (1941—1960 жылға дейін) цех бастығы болып, өнеркәсіпке көп еңбек сіңірген. Партия қызметінде де көзге түскен. Балқаш қалалық партия комитетінің бірінші секретары болып сайланған.

1987 жылдың аяғында астананың іргесіндегі «Алматы» санаторийінде қатар демалдым. Бәкең әңгімекөй аға екен, Ардагердің бір әңгімесін жазып алдым.

— Соғыстан кейінгі өткен СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат боп геолог ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қарағанды селолық сайлау округынан ұсынылды. Сайлаушылармен кездесуге Алматыдан Қанекең келеді деген хабарды естіп, қуанысып қалдық. Сұрапыл соғыс салтанатты ұлы жеңіспен кеше ғана аяқталса да, елдің қай түкпірінде де қарқынды қимыл, үздіксіз жұмыс! Майдан жылдарында жас жігітпін, американдық киімдерден үлесіме тиген былғары пальтом бар еді, басқа да таза бір киерімді иініме іліп дегендей, Сәтбаев тоқтаған мейманханаға тарттым. Келсем, ол кісі оңаша екен. Жұпыны-жайдақ бөлме. Көне тоздау төсек-орын. Ғалымның қасында биолог Өмірбек Оспанов қана бар. Менің тәжірибесіз жас жігіттігіме, бұрын кездесіп таныспағанымызға қарамастан мені жылы қабақпен қарсы алды. Аты-жөнімді, кім болып қызмет атқаратынымды (металлургия цехында смена бастығы болып істейтінімді) білген соң, Қанекең менен комбинаттың жайын, өндірістік процестің техникамен жабдықталуы деңгейі, жоспардың орындалуы, жұмысшылардың тұрмыс-күйі, әл-ауқаты, пәтермен қамтамасыз етілуі — бәр-бәрін тәптіштеп сұрап шықты. Мен қадари-халымша жауап бердім. Сәлден соң:

— Өмеке, ал нең бар?— деп үлкен ағай қасындағы серігіне қарады. Өмірбек екі үлкен былғары шамаданды ашты. Бірінде — қазы-карта, бірінде — сусындар. Оспанов дастарқан жайып, жас жылқының қазы-картасынан турап, ащыдан да стакандарға құйды.

Қанағаң ол жылы қырық жетідегі ғана кезі.

Ежелден дастарқандас адамдай еркін отырыстық. Мен ащы судан іркіліп шегіншектегеніме қарамастан стакандар үш рет сыңғырлады. Қанағаң маған «Бәке!» «Бәке!» деп, бауырындай көріп сөйлеп отырған соң, қимадым. Қайтуға рұқсат сұрадым. Қанағаң рұқсатын білдірді.

Сәтбаевтың сыпайыгершілігі мен кішіпейілділігі, дастарқан басындағы емін-еркіндік, тәндік сезім себепші болды ма, қоштасар алдында:

— Сізге сәлем бергелі келдім. Ешқандай бұйымтайым жоқ. Сіз болсаңыз бүкіл елдің адамысыз, ғылымдағы атақ-даңқыңыз әлемге әйгілі, халық сыйлайды. Рас-өтірігіне көзім жетпейді, естіген құлақта жазық жоқ — мені айыпқа бұйырмаңыз. Жаны ашыған жас тілеуқорыңыздың сөзі деп ұғыңыз... Сонымен қысқарта айтсам — сақ бола көріниз,— дедім.

Сәтбаев сөзімді бөлген жоқ, сұрау қойған жоқ. Саған мұны кім айтты, неге айтты, қайда айтты деген жоқ. Мен ішімнен қалай жауап қайтарар екен деп едім. Түсі де бұзылмады, босағаға дейін шығарып салды да, хош айтыстық. Содан соң талай жиналыстарда кездестік, сол сезімнің сырын сұраған жоқ,— дейді Байғазы Смағұлов.— Сұрауына болатын бір қолайлы жағдай да болып еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту проблемасына арналған сессиясы Қарағандыда 1958 жылы июльде өтті. Содан мені Қарағандыдан телефон соғып, Қаныш Имантайұлының өзі шақырды. Сессияға мен де қатыстым. Балқашқа ораларда:

— Қанағa, қашан қайтасыз? Балқашқа соға кетіңіз, бізге ақыл-кеңесіңіз керек,— деп едім.

— Жезқазғанға соғамын. Содан кейін сіздерге барайын,— деді.

Мен, қалалық партия комитетінің басшысы ретінде, үлкен-үлкен мекеме басшыларын жинап, президенттің келе жатқанын хабарладым.

— Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атағы жер жаратын ғалым. Шет елдер де, ол кісінің еңбегін жақсы біледі,— дедім. Ол кісіні қалай қарсы алуды, қандай өндіріс орындарын көрсетуді, нендей көмек сұрауды кеңестік.

Айтылмыш күні Жезқазғаннан Қаныштың шыққаны хабарланды. Біз әрі күтеміз, бері күтеміз — Қаныш жоқ. Гүлшат руднигінен біреу хабарлайды:

— Бізде!— деп.

Сөйтсек, Қанағаң Ақшатауға соғып, Мойынты-Шуға өтіп кеткен. Содан Гүлшат руднигін көргелі әдейі бұрылған. Сонда Қанағаң жаздың аптабында, бұрқыраған шаң ішінде 1150—1200 километр жол жүргенде, мыңқ етпеген. Қанағаң өндіріс орындарын аралады, кенді неғұрлым мол өндіруге қатысты ақыл-кеңестер берді. Балқаш көлі үстінде біз дайындаған катермен серуендеп дем алды.

Балқаштан Саяққа соққысы келген Сәтбаев машинамен кетпек болып еді. Мен катермен барып, Лепсіден поезға отырыңыз деп мәслихат еттім. Алматыдан телефон соққан Қанағаң:

— Айдын үсті әсем болды. Саяққа дейінгі саяхатта жақсы демалдым, рақмет саған!— деді.

Балқашқа келген сол сапарында талай рет екеуміз оңаша қалдық. Сонау менің сөзім жайында еске алып, ләм-мим демеді...

А. Сейдімбеков

ҚАНЫШ БЕРГЕН ҚАРЫНДАШ

Күн көтеріліп, қымыз қотарылар шақта Рахмет ақсақалдың үйінде ауыл қарияларының басы қосылып қалды. Айтқанша болған жоқ, іргесі түрілген қоңыр салқын киіз үй ішінде сары қымыз құлаштай сапырылып, торыала аяқтардың ернеуін емізе құйылды да, қариялардың алдына қойылды.

Шымға батып салқындаған балдай қымызды асықпай, толғап ішіп, мейір қандырысқан кезде әңгіме шіркіннің де тиегі ағытылып сала берді. Мұндайда бұрынғы ата-бабаның, өнеге-өсиеттері, өткен өмірдің тайғақ кешулері, жақсыдан тиген шарапаттары, бүгінгі тіршілікке білдірер шүкірліктер қарттардың көшелі сөзіне желі болатын әдеті ғой.

Бір мезгілде, бабымен ұсталған қымыздан басталды ма-ау, жоқ әлде, Рақаңның сарыала шақшадан сілкіп атқан көк бұйра насыбайы себепші болды ма, әйтеуір әңгіме желісі халқымыздың аяулы перзенті Қаныш Сәтбаев туралы өрбіп кетті. Қаныш туралы әңгіменің сары қымыз бен көк бұйра насыбайдан басталуының өзіндік себебі де бар. Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Жаңаарқа төңірегінде сонау жиырмасыншы жылдардан бастап Қаныш баспаған жер жоқ қой. Бұл мандардың тау-тасын кекіресінен арылтқан бидайдай

талай рет сүзіп шыққан. Сонда осы отырған ауыл ақсақалдарының үйінен талай рет таңдай жібітіп сусын ішетін, көк бұйра насыбайдан құшырлана атысып, көңіл сергітісетін.

Кейін Жаңаарқа жұрты Қаныш Сәтбаевты екі рет СССР Жоғарғы Советіне депутат етіп сайлады. Екеуінде де ел ішінің құшақ жайған ыстық ықыласына бөленіп, кездесулер өткізіп қайтқан.

«Жақсымен бір күн дәмдес болсаң, қырық жыл сәлем берісерсің» дегендей-ақ, сол кездесулердің әсерін ауыл ақсақалдары күні бүгінге дейін тамсана отырып әңгімелейді. Қазіргі сәтте де, Рақаңның үйіндегі әңгіме бірінен-бірі өрбіп, Қанағаңның әрбір қылық-қимылы, мінез-бітімі, мейір-шафқаты сағыныш сазындай жалықтырмас сөзге айналып еді.

Әлден уақытта Жәркен ақсақал бір әңгіме бастады. Ұзақ жылдар осы Жаңаарқа ауданының «Ақтау» совхозында бөлім меңгерушісі болып, енді құрметті демалысына шыққан Қалқаманов Жәркен көп тыңдап, аз сөйлейтін жан болатын. Енді, міне, Қаныш туралы бұрын ешкім естімеген әңгіменің шетін шығарғанда үйдегілер құлақ түрісіп қалып еді.

— Мен Қанышты өмірімде бір-ақ рет, бала кезімде көрдім,— деп бастады Жәкең. Әжімді өңінде алыста қалған аяулы сәтті көңіл көзімен қайта көріп, толқып отырған сыңай бар. Бірақ, дірілсіз қоңыр дауысымен жүйелі әңгімесін жалғап берді.— Содан бері бір кісінің ғұмырындай уақыт өтсе де күні кешегідей әлі есімде. Тіптен уақыт арасы ұзаған сайын жақсыдан тиген шарапаттың қадір-қасиеті артқан үстіне арта түскендей. Дозақ отына қарлығаштың қанатымен су сепкені сияқты, болмашы ықыластың да бүкіл өміріңе жылу дарытатыны болады екен...

Қәмпеске басталардың алдындағы қыс, қардың әбден бекіген кезі. Ауылымыз Әлменің бидайығы деген жерде — қазіргі «Ақтүбек» совхозының екінші бөлімшесіне қарайды. Ол кезде ауыл дейтін ауыл бар ма, тәйірі. Колхоз түгілі, мойын серіктің өзі енді-енді ұйымдасып жатқан шақ.

Бір ғажабы, ел ішінің жағдайы қаншалықты ауыр болса да, атқа мінгендердің аузынан «оқу керек!», «сауатсыздықты жою керек!» деген сөз жиі естілетін. Қәрі демейді, жас демейді, осы тасқаяқтай қағыстырып «саужойға» қатыстырып жүргені. Сөйтсек, айналып ке-

тейін Совет өкіметі бүгінін ғана емес, ертеңін де ойлайды екен ғой. Сонда он төрт, он бестегі баламын. Әліпті таяқ деп білмеймін. Керек десеңіз қолыма қалам ұстап көрген емеспін. Бірақ, оқысам-ау, анау киіз сөмкелі сияқты сүргектетіп жазсам-ау деген арман көкейімнен кетпейді. Жүдеу елдің шаруасы біте ме, қар күреп жүріп те, су әкеле жатып та, ағаш жарып отырып та, көңіл қиялым оқуды, жазуды елестетумен болады. Мен үшін оқып, жаза білетін адам бұ дүниедегі ең бір білгіш, ғұлама секілді.

Ақыры бір күні пешенеме жазылған шаруаны ертерек тындырып тастап, «саужойды» (сауатсыздықты жою) жүргізіп жатқан үйге тарттым ғой. Ол кезде ауылдың бір шетінде молла ескіше оқытып жатса, келесі шетінде «саужойдың» мұғалімі жаңаша сабақ береді. Молланың шарты — бір қыс, бір жаз оқытқаны үшін ауыл болып төрт қанат үй тұрғызып беру керек, «саужойдың» мұғалімі болса ақы дәметпейді. Әрине, жағдай белгілі, менің таңдағаным «саужой» болды. Бірақ, таңдау ешқайда қашпайды екен, оқу үшін әркімнің қағазы, қарындашы, сиясы болуы керек екен. Ал, қағаз, қарындаш дегенің ұшпайды, емге таба алмайсың. Әлі есімде, Қалмағамбеттің Әбдіғалығы Зияш деген қызын оқыту үшін, сынық қарындашты біреуден отыз қадақ бидайға сатып алып еді. Болса-болмаса, ол кездің сия дегені — сазға біткен қызғалдақтың қызыл-күрең суы. Қыстың көзі қырауда қызғалдақты қайдан табарсың. Айналып келгенде, менің ендігі арманым қағаз бен қарындаш болды. Тап бір, қағаз бен қарындаш табылса, жазып кететін сияқтымын...

Сөйтіп жүргенде, ауылға бір бейтаныс жігіт келе қалды. Жас шамасы жиырма сегіз — жиырма тоғыздарда болу керек. Жүріс-тұрысында өзгеше бір биязылық бар, ақ сары жігіт екен. Киім киісі де бөлек: басында көкшіл тысы бар құлақшын, аяғында қисық табан етік, былғарымен тыстаған галифе шалбары бар, үстінде ішік болуы керек. Әйтеуір киімі жылы.

Ол кезде ел іші қонып-түстеніп аттанатындай ма, белгілі ғой жағдай. Бейтаныс жігіт көп аялдаған жоқ, ауыл ақсақалдарының бірінің үйіне бас сұғып, шай қайнатымдай отырған соң жолға қамданды. Бір мезгілде мені шақырып жатыр деп біреу келді. Барсам, ауылда бір бақырауық сары атан болушы еді, сол шаналға жегілген. Жанында шағын чемодан ұстаған жолаушы жігіт бар.

— Мына кісі Қаныш Сәтбаев деген ағаң болады. Қарасуға дейін жеткізіп саласың,— деді үлкендердің бірі. Онысы қазіргі «Рассвет» совхозының орталығы орналасқан жер. Үлкен айтса болды, ыңқ етеміз бе онда, Қарасу қайдасың деп жүріп кеттік...

Ой, содан заржақ сары атанды боздатып тартып келеміз. Күн шайдай ашық болғанымен жылтыр аяз. Былай шыға қырауытып-ақ қалдық. Артыма қарап қоямын, Қаныштан үн жоқ. Аққұба өңі аяздан болар-болмас қызарып, ой құшағында отыр. Әлден уақытта:

— Жігітім, ныспың кім?— деді. Майда қоңыр дауысты жан екен. Атымды айттым. Сонсоң, іле атымды атап:

— Жәркен інішек, Қарасуға ел орынға отырғанша жеткізе аласың ба?— деді. Мұндай жылы лебізді бұрын естіп көрмегендей, бір түрлі іш тартып, артыма қарасам, Қаныш әлгінде ғана шомған ой құшағынан босанғандай еңсесін көтеріңкіреп отырған екен. Төңірегіне сергек қарап келеді.

— Әлгі шыққан жеріңізден отыз шақырымдай жер ғой, шынтуайтқа келгенде қашан жететініміз маған емес, сары атанға байланысты,— деп едім, Қаныш аппақ тісін көрсете күліп алды.

Осыдан кейін-ақ еш тосырқауы жоқ ашықтықта Қарасуға жеткенше әңгімелестік. Өзінің Баяннан шыққанын, ендігі тізгін тартар жері Жезқазған бұрын да сан келіп, сан кетсе керек, бірақ Жосалы жағымен қатынайды екен. Кейін білдік қой, Жосалымыз Мәскеу-Ташкент темір жолымен жүргенде Бетбақдаланың батысында жататын, Жезқазған, Қарсақбайға ең бір ұрымтал станция екен ғой...

Әлі есімнен кетпейді, бір уақытта Қаныш:

— Хат танисың ба, оқу оқып жүрсің бе?— деп сұрады. Әрі-бері тілге келіп, бойым үйренген соң еркінсіңкіреп кетсем керек.

— Оқимыз ғой, қайда қашар дейсіз,— деппін. Осы сөзімді айтуым мұң екен, Қаныш бір түрлі қынжыла бас шайқап, жар қабағы тұнжырай түсіп кетті. Мен де бір нәрсені бұлдіріп алғандай ыңғайсызданып қалдым. Әлден уақытта мейрімі мол жанарын маған тоқтатып, өзгеше бір қамыққан, қамқор үнмен тіл қатты.

— Шырағым, Жәркен інішек, өлімнен басқаның бәріне де асықпай болмайды, оқу керек... Сенің, қазір де-

ген, оқып қалатын кезің. Осы бір мұңсыз, қамсыз кезіңде оқып қалмасаң, ертеңдер мойын бұра алмай кетесің. Шүкір, қазір сендерге мектептің есігі ашық. Өзің ойлашы, оқимын десең кедергі жоқ қой,— деп еді. Осы бір қысқа ғана жанашыр лебізі жаңа естігендей күні бүгінге дейін құлағымнан кетпейді...

Иә, ұзын сөздің қысқасы, сол әңгіметіміз үзілмеген қалпы Қарасуға да жеттік. Аз сәт жолдас болған жақсымен қош айтысар кез келді. Сонда Қаныш менің қолымды алып, рақметін айтқан соң, ішігінің ішінен асынған былғары сумкасын ашып, ұшталмаған бір сия қарындаш пен қалың сары дәптер бергені. Бұлай болады деп кім ойлаған, екі езуім екі құлағыма жетіп, мәз болдым да қалдым... «Жақсыдан шарапат...» деген ғой, кейін сол Қаныш берген қарындаштың арқасында сауат аштым. Сол сауат ашудың арқасында ел қатарлы қызмет атқарып, тірлік құрып, енді, міне, осы күнге жетіп отырмын. Кім білсін, Қаныш берген қарындаш болмаса тірлігімнің қандай соқпаққа тап боларын...— деп Жәкең де әңгімесін аяқтады.

Ел іші алтын бесік-ау шіркін, аяулы перзенттерін көгіне көтеріп, көңілінің төрінде сақтайды екен ғой деген ой келеді сонда. Уақыт озып, өткен мен бүгінгінің арасы қаншалықты қашық тұрса да, ардақ тұтар азамат есімі жақұттай жарқырап ел есінде қала береді екен. Тіптен, болмашы ғана, елеусіз деген қылық-қасиетінің өзі араға ұзақ-ұзақ уақыт салып барып, ел ішінде сағыныш әніндей айтылады екен.

М. Сембин

АҒА АРМАНЫ

Аса көрнекті совет геологы, атақты ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өмірдің барлық саласындағы жаңжақты білімімен таңдандыратын. Әлемге әйгілі академиктің баспа бетінде жарық көрген алғашқы мақаласы қазақ әні туралы екенін еске алудың өзі оның ғұламалық қасиетін, азаматтық белсенділігін, өз халқының рухани өсуіне деген перзенттік жанашырлығын айқын айғақтай алады. Біз бұл мақалада Қаныш Имантайұлының алуан қырлы тұлғасының тек бір қырын — оның тарихшы-зерттеуші ретіндегі қызметін ғана сөз етпекпіз. Туып-өскен жерін, өз халқын жан жүрегімен беріле сүйген ғалым алғашқы еңбектерінен бастап-ақ зерттейтін өлкесінің өткен кезеңіне, қазақ халқының көне мәдениет ескерткіштеріне көп көңіл бөлген болатын. Бұл орайда К. Сәтбаевтың тарихшы ғалымдар назарын аудару ниетімен жазған еңбектері талай-талай тамаша жаңалықтар ашуға себепші болды.

Пайдалы қазбалардың орнын барлау барысында Қаныш Имантайұлы тек кейінгі кезеңде ғана кең өріс тей бастаған жаңа ғылым — топонимиканың тәсілдерін мол пайдаланды (Топонимика — географиялық атаулардың, жер-су аттарының шығу тегін, мағынасын зерттейтін ғылым). Туа біткен географтар — көшпенділер өздері ғұмыр кешкен өлкедегі жер аттарын таңданарлықтай дәлдікпен және терең мәнділікпен қоя білген. Көшпендінің баласы, ойлы ғалым өзінің Қазақстан жеріндегі аса бай кен орындары туралы болжауларына дәйектемені өлкенің топонимикасынан таба алды. Мысалы, Жезді, Кеңгір, Қорғасынтау, Теміртау, Кенқорытқан, тағы басқа атауларда бұл жерлерде тау-кен ісінің ертеден өріс алғанын көрсететін айқын дәлел бар. Сөйтіп, Қаныш Имантайұлы топонимика ғылым ретінде толық қалыптаспай тұрып-ақ, оны тәжірибе жүзінде табысты пайдаланып үлгерді.

Жезқазғанның ежелгі металлургиялық орталығы — Милықұдықты ашқан да Қ. И. Сәтбаев. Жезқазған ауданындағы ежелгі ескерткіштер туралы мақаласында ол өзіне тән кішіпейілдікпен бұл жұмыстың тарихшыларды, археологтарды Орталық Қазақстандағы әсем де алуан түрлі ескерткіштерді зерттеуге тарту мақсатымен жазылғанын айтады. Алайда, нағыз тарихшыға лайық биік профессионалды деңгейде жазылған бұл мақала аса құнды мәліметтерге өте бай. Қ. И. Сәтбаевтың пікірі бойынша, руда өндеу энеолит дәуірінде басталып, Жезқазғанда кең көлемде өрістеген — мұнда ең бері қойғанның өзінде бір миллион тоннадан астам руда алынған. Көне қорытпаларды зерттей келіп, Қаныш Имантайұлы ежелгі руда қазушылар құрамындағы мысы бес процеттік руда өндірген деген тоқтамға келеді.

Осы арада XX ғасырдың басында Жезқазғанда жұмыс істеген ағылшын ғалымы Сидней Боллдың құрамында 4 процент мысы бар қорытпаларды лақтырып тастап, орта ғасырлық руда қазушылар деңгейінен аса алмаған европалық отаршылардың жырткыштық тәсілімен жұмыс істегенін айта кетуге болады. Кен орнындағы жан-жақты зерттеу жұмыстары Қ. Сәтбаевқа қайламен қазуға келмейтін шақатты жыныстарды өңдеудің тәсілін тапқызды. Әуелі отпен қыздырылып, кейін күрт суыту арқылы жыныстарда жарықшақтар пайда болатын.

Қ. И. Сәтбаевты қазақ даласындағы жартас жазулары да көп қызықтыратын. 1937 жылы ол Бұланты (қазір Байқоңыр) өзенінің терең шатқалынан бұғы мен аю бейнеленген суреттер тапты. Мұндай суреттер кейін Ұлытаудың батыс жағындағы Жетіқыз өзенінің және Талдыеспе өзенінің бойынан да табылды. Қаныш Имантайұлының пікірі бойынша, аюлар мен бұғылар бейнесі жартасқа олар осындай өмір сүрген кезеңде, яғни төрттік дәуірдің алғашқы бөлігінде, біздің эрамызға дейін бірнеше мың жыл бұрын қашалған. Ежелгі түркі тайпаларының Жезқазған ауданында жиі кездесетін сымтастарын да Қаныш Имантайұлы жан-жақты сипаттаған-ды.

Қазіргі Жезқазған облысының жерінде орта ғасырлардан жиырмасыншы ғасырдың басына дейінгі кезеңде тұрғызылған архитектура ескерткіштері көп-ақ. Орта ғасырлық тамаша ғимараттар — Алаша ханның, Жошы ханның, Домбауылдың және басқалардың мавзолейлері, Қ. И. Сәтбаевтың пікірі бойынша, қазақ даласының ежелгі саяси орталығы осы арада болғанын тиянақтай түседі. Мавзолейлердің әбден күйдірілген кірпіштері, олардың түрі мен көлемі Алтын Орда стиліне өте жақын, ал, мұның өзі олардың тұрғызылған уақытын дәл анықтайды. Қаныш Имантайұлы бүгінгі ұрпаққа Жыланшақ өзенінің бойындағы Сырлытам мавзолейі туралы мәліметтер де жазып қалдырады (Ол ғасырымыздың басында қираған болатын). 63 жастағы Рахмет Жаппасбаевтан жазып алынған бұл мәліметтер мавзолейдің өзі тұстас елеулі ескерткіштерден көлемі бойынша да, безендірілуі бойынша да еш қалыспағанын көрсетеді.

Қаныш Имантайұлы қазақ даласының тарихына қатысы бар қандай фактіге де назар аудармай өтпейтін.

Оның өзіне тән көрегендікпен, білгірлікпен дәл танып, бағалауы арқасында көптеген көрнекті ескерткіштер табылып, бүгінгі күні ғылымның, қалың жұртшылықтың игілігіне айналып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ. И. Сәтбаев Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмысына жан-жақты көмек көрсетті. Ұлы Отан соғысынан кейін іле-шала қолға алынған бұл игілікті іс күні бүгін де жемісті жүргізіліп жатыр. Осы қамқорлықтың арқасында бұрын тылсым жатқан өлке ғылымға өте құнды көптеген жаңалықтар сыйлады. Қазір республикамызда арнаулы реставрациялық ұйымдар көптеп құрылған, олардың міндеті — халықтың тамаша сәулеткерлері тұрғызған архитектура ескерткіштерін ғылыми зерттеу және жөндеу. Қазақ ғалымының туған жердің тамаша тарихын тиянақты зерттеу туралы арманы осылайша жүзеге асып келеді.

Қ. И. Сәтбаев пен оның әріптестері тапқан тамаша кен орны — Жезқазған мыс рудасы қоры жөнінен әлемде екінші орын алады. Бұл туралы ғалымның өзі: «...нақты мәліметтер... Жезқазған ауданын жер шарының табиғат-ана айрықша мырзалықпен сан түрлі қазбалы байлықтардың орасан зор көлемін бір орынға жинақтаған бақытты ауданы деп санауға мүмкіндік береді»— деп жазған болатын. Бұл сөздерді осы өлкенің материалдық мәдениетінің алуан түрлі ескерткіштеріне де қатысты қолдана алар едік.

А. Мырзалиев

Қ. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ПЛАНЕТА

Қазақ ССР Ғылым академиясы Астрофизика институтының ғалымдары Күн жүйесінің бір планетасына белгілі совет ғалымы, Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімін беру жөнінде ұсыныс жасаған еді. Бұл ұсы-

нысты АҚШ-тың Кембридж қаласындағы Халықаралық планета орталығы қолдап бекітті.

Бұл планетаны 1979 жылы СССР Ғылым академиясына қарайтын Қырым астрофизикалық обсерваториясының аға ғылыми қызметкері Н. Черных ашқан еді. Планета Марс пен Юпитер аралығындағы «астероид белдеуінде» Күнді айнала қозғалады. Сыртқы түрі бұрышты, ойлы-қырлы келген. Түсі қарасұр, немесе қарақоңырлау. Аспан денесінің көлемі шағын. Диаметрі шамамен он бір шақырымдай болады. Күнді айналып шығу мерзімі 3 жыл 4 ай.

Халықаралық планета орталығы алынған мәліметтерге сүйене отырып, жаңа планетаның орбиталық элементтерін есептеп шығарды. Сөйтіп, оны кіші планеталардың халықаралық каталогына енгізді. Сонымен енді, міне, Жерден жүздеген шақырым қашықтықта, космос төрінде Қ. Сәтбаев атындағы планета ұшып жүр.

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 апрельде (31 мартта) Семей губерниясы Павлодар уезі Аққелін болысының № 4 ауылында (қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Қ. И. Сәтбаев атындағы совхоз) дүниеге келді.

1909—1911 жж. Семей губерниясы Павлодар уезі Аққелін болысының № 4 ауылындағы орыс-қырғыз мектебінде оқыды.

1918 ж. Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітірді.

1918—1919 жж. Семей қаласындағы қазақ мұғалімдеріне арналған екі жылдық педагогикалық курстардың жаратылыс тану пәнінің оқытушысы.

1919—1920 жж. Семей губерниясы Павлодар уезі Аққелін болысының № 4 ауылындағы мектептің мұғалімі.

1920—1921 жж. Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскенің халық соты.

1926 ж. Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітірді.

1926—1929 жж. Бүкілодақтық халық шаруашылығы советі (ВСНХ) жанындағы «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімінің жетекшісі.

1929—1941 жж. СССР ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының түсті металдар басқармасының Қарсақбай комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы және бас геологы.

1931 ж. Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның пайдалы қазба байлықтарының кен орындарын тексеру жөніндегі оңтүстік түсті металдары комиссиясының мүшесі.

Балқаш мыс-металлургия заводы құрылысының орнын таңдау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның мүшесі.

1934—1946 ж.ж. СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы ғылыми советінің мүшесі (1938 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының Қазақстан базасы).

1939—1964 ж.ж. Қазақстанды зерттеудің республикалық қоғамының председателі.

1940 ж. Қазақ ССР-інің 20-жылдығына байланысты Жезқазған — Ұлытау ауданының жер қойнауы байлықтарын ашудағы еңбегі үшін Ленин орденімен наградталды[1].

1941—1946 ж.ж. СССР Ғылым Академиясы Қазақ филиалы Президиумы председателінің орынбасары, 1942 жылдан председатель.

1941—1952 ж.ж. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы ғылыми-техникалық совет председателінің орынбасары және оның ауыр өнеркәсіп жөніндегі тұрақты комиссиясының председателі.

1941—1964 ж.ж. Қазақ ССР Ғылым академиясы геология ғылымдары Институтының директоры.

1942 ж. Жоғары аттестациялық комиссия Қ. И. Сәтбаевқа диссертацияны қорғаусыз-ақ геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін берді.

«Қазақ ССР-інің Жезқазған ауданындағы рудалық кен орындары» ғылыми еңбегі үшін СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді[2].

1942—1945 ж.ж. Совет ғалымдарының фашизмге қарсы күресуші Бүкілодақтық комитетінің мүшесі.

Орал, Батыс Сібір, Қазақстанның табиғи ресурстарын Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан қорғау мүддесіне жұмылдыру жөніндегі СССР Ғылым академиясы комиссиясының мүшесі.

СССР Ғылым академиясының филиалдар мен базалар жөніндегі советінің мүшесі.

1943 ж. СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

1944 ж. Совет Одағы Коммунистік партиясы қатарына қабылданды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен оған Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді.

1944—1946 ж.ж. Қазақ ССР Ғылым академиясын ашуға дайындық жөніндегі Мемлекеттік комиссия председателінің орынбасары.

[1] «Известия», 6 ноябрь, 1940 жыл.
[2] Правда, 11 май, 1942.

1945 ж. Ғылым мен техниканы дамытудағы аса көрнекті еңбегі үшін және СССР Ғылым академиясының 220-жылдығына байланысты Ленин орденімен наградталды[1].

Соғыс жылдарында ресурстарды жұмылдырғаны үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды[2].

«1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен наградталды.

1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының региондағы өндіргіш күштерді анықтау мақсатында Кенді Алтай маңына топтастырылған Комплексті экспедициясының жетекшісі.

1946—1952, 1955—1964 ж.ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті.

1946—1954, 1958—1964 ж.ж. СССР Жоғарғы Советінің депутаты.

1946—1964 ж.ж. СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясының мүшесі.

1947—1956 ж.ж. СССР Министрлер Советі жанындағы ғылым және өнертабу саласындағы СССР Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі Комитет Президиумының мүшесі.

1947—1959 ж.ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

СССР геология және жер қойнауын қорғау министрлігі техникалық советінің мүшесі.

Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі Бүкілодақтық қоғам басқармасының мүшесі.

1948—1964 ж.ж. Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі республикалық қоғам Президиумының председателі.

1949 ж. Қазақстан КП(б) IV съезіне делегат болып қатысып, «Қазақстан КП(б) III және IV съездері аралығындағы Қазақстандағы ғылым» деген тақырыпта сөз сөйледі.

1949—1952, 1956—1964 ж.ж. Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшесі.

1949—1964 ж.ж. Қазақ геология басқармасы жанындағы пайдалы қазба байлықтары жөніндегі территориалдық комиссияның мүшесі.

1950 ж. Жоғарғы аттестациялық комиссия шешімімен «геология мамандығы бойынша профессор» ғылыми атағы бекітілді.

[1] «Правда», 11 июнь, 1945 жыл.
[2] СССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1945, 16 ноябрь, № 255.

Орта Азиядағы рудалық кен орындары геологиясының мәселелеріне арналған СССР Ғылым академиясы геология-география ғылымдары бөлімшесі мен Өзбек ССР Ғылым академиясы геология-химия және техника ғылымдары бөлімшесінің Біріккен сессиясын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру бюросының мүшесі.

1950—1964 жж. Су электростанциялары мен бас Түркмен каналы, жаңа жер суаратын және суландыратын жүйелері құрылысына көмектесудің Мемлекеттік комитетінің мүшесі.

1951 ж. Тәжік ССР Ғылым академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.

1951—1964 жж. СССР Ғылым академиясының біріккен оңтүстік-шығыс экспедициясы ғылыми советінің мүшесі (комплексті Каспий маңы экспедициясы).

Бейбітшілікті қорғаудың қазақ комитетінің мүшесі.

1952—1958 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы геология ғылымдары институтындағы «Орталық Қазақстан пайдалы қазба байлықтарының металлогениялық болжау карталары» проблемасының жетекшісі.

1953—1964 жж. СССР Ғылым академиясының геология-география ғылымдары бөлімшесінің сарап комиссиясының мүшесі.

1956 ж. КПСС XX съезінің делегаты.

Қазақстан КП VIII съезіне делегат болып қатысып, «Қазақстандағы ғылымның нәтижелері және міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы геология ғылымдары институтындағы «Шығыс Қазақстан металлогениясы» проблемасының жетекшісі.

1956—1964 жж. СССР Министрлер Советі жанындағы ғылым мен техника саласындағы Лениндік сыйлықтар жөніндегі Комитет Президиумының мүшесі.

«Советская геология» журналы редколлегиясының мүшесі.

1957 ж. Қазақстан Ғылым академиясын тың және тыңайған жерлерді игеруге жұмылдырғаны үшін Ленин орденімен наградталды.

1957—1964 жж. СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы түсті металдарды өндірудің перспективалық жоспары мәселелерін зерттеу жөніндегі Комитет мүшесі.

Совет Одағы геологтарының Ұлттық комитеті Бюросы председателінің орынбасары.

Дүние жүзінің металлогениялық картасы жөніндегі советтік комиссиясының мүшесі.

1958 ж. Орталық Қазақстанның металлогениялық және болжау комплексті карталарының методикасы мен құрылуын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді[1].

[1] БСЭ. 3-е изд., т. 22, 1975, стр. 611.

СССР Жоғарғы Советі жанындағы Парламенттік топ мүшесі.

Орталық Қазақстанның металлогениялық және болжау карталарына арналған I Бүкілодақтық кеңес жұмысын басқарып, халық шаруашылығы үшін маңызы орасан зор баяндамалар жасады.

1959 ж. КПСС XXI съезінің делегаты, КПСС XXI съезі резолюциясының жобасын жасау жөніндегі комиссия мүшесі.

1960 ж. Қазақстан КП X съезінің делегаты болып қатысып, «Қазақстандағы ғылымның дамуы және міндеттері» деген тақырыпта сөз сөйледі.

1960—1964 жж. СССР Ғылым академиясы президиумының мүшесі.

1961 ж. КПСС XXII съезінің делегаты.

Қазақстан КП XI съезінің делегаты.

Кремльде өткен ғылым қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі жұмысына қатысып, Қазақстан ғылымының дамуы туралы хабарлама жасады.

1961—1964 жж. «Қазақстан территориясында пайдалы қазба байлықтарының орналасу заңдылықтары» мәселесі жөніндегі Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылыми советінің председателі.

СССР Ғылым академиясы геология-география ғылымдары бөлімшесі бюросының мүшесі.

Қазақ ССР Ғылым академиясы геология ғылымдары институтындағы «Успен тектоникалық аймағының геологиясы және металлогениясы» комплексті проблемасының жетекшісі, СССР Министрлер Советі жанындағы ғылым дамуының болашағы жөніндегі Мемлекеттік экономикалық совет комиссиясының мүшесі.

1962—1964 жж. СССР Жоғарғы Советі Одақ советі председателінің орынбасары.

СССР Ғылым академиясы геология-география ғылымдары бөлімшесі жанындағы басты металл және металл емес пайдалы қазба байлықтарының оқытылу және орналасу теориясы жөніндегі ғылыми совет мүшесі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының «Қазақстанның металлогениясы» проблемасы жөніндегі комиссия председателі.

1963 ж. Еліміздегі геология ғылымын дамытудағы және Қазақстандағы пайдалы қазбалы байлықтарын ашу мен зерттеудегі еңбегі үшін Ленин орденімен наградталды[1].

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы жұмысына қатысты.

1963—1964 жж. СССР Министрлер Советі жанындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комитеті ғылыми советінің мүшесі.

[1] СССР Жоғарғы Советінің ведомостері, 1963, 29 апрель, № 1289—VI.

1964 ж. 31 январь. Москва қаласында дүниеден қайтты, Алматы қаласында жерленген.

Қ. И. Сәтбаев құрметіне Жоңғар Алатауы жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сатбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі, «Академик Қ. И. Сәтбаев бейнесі» сиренінің сорты, кіші планеталардың бірі аталған.

Академик Қ. И. Сәтбаев есімі Алматыдағы Қазақ ССР Ғылым академиясы Геология ғылымдары институтына, Жезқазғандағы кенметаллургия комбинатына, Астанадағы бір көшеге, балық мұздатқыш базасына (Іле өзені, Балқаш көлі), Қазақ ССР-інің біраз мектептері мен қала, селолардағы көшелерге берілген.

ТҮСІНІКТЕР

Обручев Владимир Афанасьевич — геолог және географ, СССР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері. «Вестник АН Каз ССР» 1949, № 4, «Семей таңы» 1969, 10 апрель.

Келдыш Мстислав Всеволодович — математик, СССР Ғылым академиясының академигі, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты. Үзінді 1967 жылы шыққан «Академик Сәтбаев» атты ғылыми-көпшілік фильмде сөйлеген сөзінен алынды, алғаш рет жарияланып отыр.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы — жазушы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты. «Вестник АН КазССР», 1949, № 4.

Мельников Николай Васильевич — металлург, СССР Ғылым академиясының академигі, «Горные инженеры» Москва, 1981 жылы үшінші толықтырылған кітабынан алынды.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы — тарихшы, археолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Қазақстан мектебі» 1969, № 4.

Наливкин Дмитрий Васильевич — геолог, СССР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері. Мақала алғаш рет 1965 жылы «Наука» баспасынан орыс тілінде шыққан «Академик К. И. Сәтбаев» жинағында жарияланды*.

Жақаев Ыбырай — күріш өсіруші, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Жұлдыз» 1978, № 11.

Русаков Михаил Петрович — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Вестник АН Каз ССР» 1949, № 4.

Амбарцумян Виктор Амазаспович — астрофизик, СССР Ғылым академиясының академигі, Армян Ғылым академиясының академигі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Жұбанов Ахмет Қуанұлы — музыка зерттеуші, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Жұлдыз», 1964, № 4.

---

* Осы кітаптан алынған материалдар «Академик Қ. И. Сәтбаев» деп көрсетіледі.

Щербаков Дмитрий Иванович — геолог және геохимик, СССР Ғылым академиясының академигі, Лениндік сыйлықтың лауреаты, «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Мұқанов Сәбит — жазушы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Есею жылдары», «Жазушы», 1964.

Жұмалиев Қажым — филолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Жайсаң жандар» «Жазушы», 1969.

Фесенков Василий Григорьевич — астрофизик, СССР Ғылым академиясының академигі. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Бәйішев Сақтаған — экономист, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік алғаш рет жарияланып отыр.

Бектұров Әбікен — химик, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Тәжібаев Әбділда — Қазақ ССР халық жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Жұлдыз», 1977, № 12. «Есімдегілер» атты естеліктен алынды.

Борукаев Рамазан Арсланбекович — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Лениндік сыйлықтың лауреаты. «Социалистік Қазақстан», 1964, 2 февраль.

Букетов Евней Арыстанұлы — металлург, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Мақала алғаш рет жарияланып отыр.

Штифанов Василий Иванович — геолог, Социалистік Еңбек Ері. «Орталық Қазақстан» 1969, 10 апрель.

Асимов Мұхамед Сайфитдинович — философ, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Тәжік ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Шокин Шафик — энергетик, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Жармағанбетов Қайнекей — ақын, сыншы, әдебиет зерттеуші. «Қазақстан мұғалімі», 1964, № 4.

Чухров Федор Васильевич — геохимик, СССР Ғылым академиясының академигі. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Ахунбаев Иса Қонайұлы — хирург, СССР Медицина ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі. Қырғыз ССР Ғылым академиясының академигі. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Горяев Михаил Иванович — химик, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Известия АН ҚазССР» (серия химическая) 1969, № 2.

Галузо Илларион Григорьевич — паразитолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Абдуллин Айтмұхамед Абдоллаұлы — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Мақала жинаққа арнайы жазылды.

Антропов Петр Яковлевич — қоғам қайраткері. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Қаратаев Мұхаметжан Қожасбайұлы — әдебиет зерттеуші, филолог, сыншы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР Халық жазушысы. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Рафиков Сағид Рауфович — химик, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Оңдасынов Нұртас — қоғам қайраткері. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Ерғалиев Хамит — Қазақ ССР халық жазушысы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Тәжібаева Патшайым — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Ерзакович Борис Гиршевич — музыка зерттеуші, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Кеңесбаев Ісмет — филолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Социалистік Қазақстан». 1969, 10 апрель.

Жилинский Герман Борисович — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Лениндік сыйлықтың лауреаты. «Қазақстан коммунисі» 1967, № 10.

Байқоңыров Өмірхан Аймағамбетұлы — инженер, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Базанова Нәйлә Оразғұлқызы — физиолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Жәутіков Орынбек Ахметбекұлы — математик, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Лизунова Евгения Васильевна — филолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Зиманов Салық Зиманұлы — юрист, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Хахлов Винедикт Иванович — геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор. «Академик Қ. И. Сәтбаев».

Мұхаметғалиев Фазыл — генетик, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, ВАСХНИЛ академигі. «Известия АН ҚазССР» (серия биологическая) 1969, № 2.

Омаров Ілияс — қоғам қайраткері. «Қазақ әдебиеті», 1964, 2 февраль.

Павлов Николай Васильевич — ботаник, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. «Вестник АН ҚазССР» 1949, № 4.

Қаюпов Арықтай Қаюпұлы — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Богданчиков Иосиф Николаевич — геолог. «Октябрь туы», 1974, 11 апрель.

Батталова Шәрбану — химик, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Машанов Ақжан Жақсыбекұлы — геолог, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Белоусов Виктор Васильевич — қоғам қайраткері. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Оңаев Ибраһим Әбілғазыұлы — металлург, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондет мүшесі. Естелік жинаққа арнайы жазылды.

Сәрсекеев Медеу — жазушы. «Қазақ әдебиеті» 1971, 5 ноябрь.

Ғабдуллин Мәлік — жазушы, академик, Совет Одағының Батыры. Естелік алғаш рет жарияланып отыр.

Ульяновская В. А.— СССР Ғылым академиясы филиалдар мен базалар Советінің ғылыми секторының қызметкері. «Вестник Академии наук Казахской ССР». 1949 жыл, № 5, (50), 43-бет.

Жүсіпов Мұзафар — металлург. «Октябрь туы», 1974, 11 апрель.

Ақышев Зейтін — жазушы. «Қазақ әдебиеті», 1974, 12 апрель.

Исабаев Қалмұқан — жазушы. «Қазақ әдебиеті», 1969, 22 ноябрь.

Понизовский Владимир Миронович — жазушы. «Новый мир», 1973, № 12.

Әлімбаев Мұзафар — жазушы, Қазақ ССР-нің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, мақала жинаққа арнайы жазылды.

Сейдімбеков Ақселеу — жазушы, журналист, мақала жинаққа арнайы жазылды.

Сембин Марат — тарихшы. Мақала алғаш рет жарияланып отыр.

Мырзалиев Әділ — геология-минерология ғылымдарының кандидаты. «Социалистік Қазақстан», 1986, 17 апрель.

МАЗМҰНЫ

Қ. И. Сәтбаевтың есімін мәңгі есте сақтау туралы . . . 5

Алғысөз орнына 6

В. А. Обручев. Мен үшін ол — зор мақтаныш 9

М. В. Келдыш. Тамаша геолог еді 12

М. Әуезов. Қазақ халқының зор ғалымы 13

Н. В. Мельников. Парасат жемісі 20

Ә. Марғұлан. Халықтың сүйген ұлы 27

Д. В. Наливкин. Қазақ ғылымының басшысы 42

Н. Жақаев. Ақылдың кені 44

М. П. Русаков. Жастайынан бірге өскен 46

В. А. Амбарцумян. Үлгі алуға лайықты бейне 53

А. Жұбанов. Өнер қамқоры 54

Д. И. Щербаков. Ірі геолог, көрнекті ұйымдастырушы . . 65

С. Мұқанов. Дара шыққан дарын еді 71

Қ. Жұмалиев. Өнегелі өмір 73

В. Г. Фесенков. Оның есімі ұрпаққа өнеге 85

С. Бәйішев. Абзал адам, ғұлама ғалым 88

Ә. Бектұров. Жарқын да сүйкімді бейне 103

Ә. Тәжібаев. Есімдегілер 107

Р. А. Борукаев. Қажырлы күрескер 119

Е. Букетов. Сөнбес жұлдыз 122

В. И. Штифанов. Көз алдымда бейнесі 137

М. С. Асимов. Құрметті академигіміз 140

Ш. Шокин. Ғылымның төрағасы 142
К. Жармағамбетов. Соңғы сапар 156
Ф. В. Чухров. Халықтар достығының жаршысы . . . 165
И. Қ. Ахунбаев. Әрқашан құрмет тұтамын 168
М. И. Горяев. Ғұлама 169
И. Г. Галузо. Қамқоршымыз, жанашыр досымыз еді . . 171
А. Абдуллин. Ұстаз 177
П. Я. Антропов. Жалынды патриот, көрнекті тұлға . . . 184
М. Қаратаев. Ғалымның алмас қырлары 188
С. Р. Рафиков. Академик Қ. Сәтбаев туралы сыр . . . 207
Н. Оңдасынов. Тұңғыш президент 214
Х. Ерғалиев. Беделіндей елімнің биік еді 223
П. Тәжібаева. Адамгершілік мұрасы 228
Б. Г. Ерзакович. Қазақ өнертанымының бастауларында . . 239
І. Кеңесбаев. Ғылыми прогрестің ірі қайраткері . . . 247
Г. Б. Жилинский. Өршіл ойлы ғалым 251
Ө. Байқоңыров. Асыл аға 253
Н. Базанова. Жарқын есім 268
О. Жәутіков. Ғылым шыңында 271
Е. В. Лизунова. Ақын жанды адам 275
С. Зиманов. Ірі тұлға еді 284
В. А. Хахлов. Студент Қаныш 290
Ф. Мұхамедғалиев. Азамат 295
І. Омаров. Өмірмен біте қайнасқан 296
Н. В. Павлов. Абзал адам еді 298
А. Қаюпов. Заман елшісі 303
И. Н. Богданчиков. Қарапайымдылығымен қадірлі еді . . 307
Ш. Батталова. Аға мейірімі 308
А. Машанов. Естен кетпес күндер 313
В. В. Белоусов. Ғалымның соңғы күндері 323
Ы. Оңаев. «Қанкеш аға» деуші едік 332
М. Сәрсекеев. Туған жердің тасы да танымал 336

М. Ғабдуллин. Қазақ халқының мақтанышы 344
В. А. Ульяновская. Бел-белесте 346
М. Жүсіпов. Қанышпен қатар жүргенде 349
З. Ақышев. Дидарласу 351
К. Исабаев. Таусылмас тақырып берген бір тәулік . . . 358
В. М. Понизовский. Түбегейлі алтын 366
М. Әлімбаев. Қаныш — халық аузында 373
А. Сейдімбеков. Қаныш берген қарындаш 378
М. Сембин. Аға арманы 382
А. Мырзалиев. Қ. Сәтбаев атындағы планета 385
Академик Қ. И. Сәтбаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері 387
Түсініктер 393

КАНЫШ АҒА

Воспоминания об академике Каныше Имантаевиче Сатпаеве

Сборник

(На казахском языке)

Художник *С. Бахритдинов*

Художественный редактор *Ж. Касымханов*

Технический редактор *Н. Галицкая*

Корректор *З. Тулетаева*

ИБ № 4255

Теруге 23.06.88 жіберілді. Басуға 15.02.89 қол қойылды. УГ 21003. Қалпы 84×108$^{1}/_{32}$. № 1 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығынқы басылыс. Шартты баспа табағы 21,00+0,52 вкл. Шартты бояу көлемі 21,22+0,52 вкл. Есепті баспа табағы 23,04. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 1473. Бағасы 2 сом.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.